ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY

Қоғам қайраткері, аудармашы, ағартушы және түркітанушы, әдебиеттанушы, қазақтың алғашқы әліпбиінің авторы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған **«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІ»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ

международной научно-практической конференции **«ФЕНОМЕН АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА И ГОРИЗОНТЫ СОВРЕМЕННОЙ ГУМАНИТАРНОЙ НАУКИ»,** посвященной 150-летнему юбилею Ахмета Байтурсынова-общественного деятеля, переводчика, просветителя и тюрколога, литературоведа, автора первого казахского алфавита

COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES

of the international scientific and practical conference "THE PHENOMENON OF AKHMET BAITURSYNOV AND THE HORIZONS OF MODERN HUMANITIES" dedicated to the 150th anniversary of Akhmet Baitursynov -public figure, translator, educator and Turkologist, literary critic, author of the first Kazakh alphabet

Шымкент-2022

УДК 001
ББК 72
Қ54

Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна	**- Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректор, т.ғ.к., доцент**

Ұйымдастыру алқасы

Исабек Баршагүл Қашқынқызы	**- Басқарма төрағасының орынбасары, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор м.а., т.ғ.к., доцент**
Уалиханова Баян Сапарбекқызы	**– Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор м.а.,PhD**
Тажекова Ақмарал Джаксыбековна	**- Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы, г.ғ.к., доцент м.а.**

Қоғам қайраткері, аудармашы, ағартушы және түркітанушы, әдебиеттанушы, қазақтың алғашқы әліпбиінің авторы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына **АРНАЛҒАН «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІ»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. Шымкент, 2022. -537 бет

Сборник научных статей международной научно-практической конференции **«ФЕНОМЕН АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА И ГОРИЗОНТЫ СОВРЕМЕННОЙ ГУМАНИТАРНОЙ НАУКИ»**, посвященной 150-летнему юбилею Ахмета Байтурсынова-общественного деятеля, переводчика, просветителя и тюрколога, литературоведа, автора первого казахского алфавита. Шымкент, 2022. -537 стр.

Collection of scientific articles of the international scientific and practical conference **"THE PHENOMENON OF AKHMET BAITURSYNOV AND THE HORIZONS OF MODERN HUMANITIES",** dedicated to the 150th anniversary of Akhmet Baitursynov-a public figure, translator, educator and Turkologist, literary critic, author of the first Kazakh alphabet. Shymkent, 2022. -537 p.

ISBN 978-601-7968-10-6

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2022

АЛҒЫ СӨЗ

Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің
басқарма басшысы – Ректор

Қадірменді қонақтар! Құрметті әріптестер мен студенттер!

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бірлесе ұйымдастыруымен өткізіліп отырған қоғам қайраткері, аудармашы, ағартушы және түркітанушы, әдебиеттанушы, қазақтың алғашқы әліпбиінің авторы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының пленарлық мәжілісіне қош келдіңіздер!

Біз қазіргі таңда еліміз үшін де, ұрпағымыз үшін де аса жауапты кезеңді бастан өткеріп жатырмыз.

Қазақтың дәстүрлі өмірінде елге, халыққа, салт-санаға, дінге, ділге жауапты тұлғалар, тіпті қоғамдық лауазым-қызметтер болған. Елімізді бүгінгі күнге жеткізген, тереземізді өзгелермен теңестіріп, тәуелсіз мемлекет еткен де де солар болатын.

Өкінішке қарай, біз сол жүйеден көз жазып қалдық. Оның себебін бәріміз жақсы білеміз.

Өткен ғасыр басында тәуелсіз мемлекет құруды көздеген алаш зиялылары ұлттық бірегейлікті сақтауды, азаттықты мақсат етті. Сол жолда өздерін құрбан етті.

Мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы А. Байтұрсынұлы елімен қайта қауышқан 1988 жылдан бері 120, 130, 140 жылдық мерейтойлары түрлі деңгейде аталып келеді.

Биылғы 150 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілуі – қазақ елі үшін үлкен мәртебе.

Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының XX ғасырдың басында жазған еңбектерінің XXI ғасырдағы қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттармен, инновациялық парадигмалармен, жаңа педагогикалық технологиялармен сабақтастығының анықталып отырғаны көп жайды аңғартады.

Бұл Ахмет Байтұрсынұлының біздің ғасырдың ғана емес келер ғасырлардың да жасампаз жаршысы, ұлы ұстазы бола береді дегенді білдірсе керек.

Заманымыз үшін аса маңызды мәселе - оқу-ағарту идеясы – А.Байтұрсынұлының қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болды. Белгілі тілші-ғалым Рабиға

Сыздықова апайымыздың сөзімен айтар болсақ, «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық рухымыздың ұлы тіні, қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы, ұлттық ғылымының арқауы».

Халқының келешегі үшін Қазақ әліпбиіне түрен салған, ұлт мүддесіне арымен қызмет еткен, түркі еліне есімі мәшһүр болған Ахмет Байтұрсынұлының ғұмыр жолы – барша қазаққа үлгі, өнеге.

Біз бүгінде Ахмет айшықтары аталып кеткен ғалым негізін қалаған ғылым мен әдістемені ұлттың рухани темірқазығы деп танып, марқаямыз. Жылдар жылжып, ұрпақ алмасқанымен, ұлт ұстазына көрсетер құрмет артып келеді.

Өзі ашып, негізін қалаған, сол тұста ұлт басылымына айналған «Қазақ» газетінің тұңғыш санында Ахмет Байтұрсынұлы: «...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға, ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халіміз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті» деген екен.

Бұл мәселе қазір де өзекті болып отыр.

Бүгінгі конференция Ахмет Байтұрсынұлы армандаған ұлттың ұлылығын, өркениеттілігін танытып, ғылым-білімнің өрісін кеңге жайғанын көрсететін ауқымды іс-шара ретінде тарихта қалары сөзсіз.

Сөзімнің соңында конференция жұмысына сәттілік тілеп, ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының қамауда тергеушілердің сұрақтарына берген жауабын келтіргім келеді: «Менің арманым – мүмкіндігінше қазақ халқының дәулеттілігін, мәдениетін жоғары деңгейге көтеру. Ол ізгі іс енді ғана басын алып тұрғандықтан мен басымды тек қана менің тілегімді қанағаттандыратын билікке иемін».

Ахмет Байтұрсынұлы арман еткен азат елдің аспаны ашық, ұрпағының еңсесі биік, білімі терең болсын!

Назарларыңызға рақмет!

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

ӘӨЖ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ҒАЛЫМ

Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент қаласы. Қазақстан Республикасы.

Резюме

В данной исследовательской работе объектом теоретического анализа становится вклад основоположника казахского литературоведения ученого-теоретика Ахмета Байтурсынова в казахское литературоведение, в том числе и в науку об Абае. Анализируется творчество ведущего ученого-абаеведения.

Summary

In this research paper, the object of theoretical analysis is the contribution of the founder of Kazakh literary studies, theoretical scientist Akhmet Baitursynov to Kazakh literary studies, including the science of Abai. The work of a leading scholar of Abai studies is analyzed.

Ұлы ақын, кемеңгер тұлға, хакім Абай шығармашылығы - адамзат мәдениетінің рухани асыл қазынасына қосылған асыл мұра болып табылады. Дана Абайдың философиялық тереңдігімен, көркемдік, эстетикалық қуатымен, мағыналық салмағымен, ғибраттық, тағлымдық мәнімен ерекшеленетін ойлы сөздері халық жүрегіне жол тапқаны мәлім.

Абайтану - қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы және бір ғасырдан астам тарихы бар кемел ғылым. Қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі атанған ұлы Абайдың шығармашылығын арнайы тереңдетіп оқыту болашақ мамандардың ғылым мен теориялық дайындығын нығайтып, кәсіби шеберлігін Абайтану ілімі рухани негізінде дамыта оқытудың мәні мен маңызы өте зор деп санаймыз.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай мұрасы ғылыми рухани әлем қоймасының кілті. Абай әлемі телегей теңіз, сарқылмас қазына. Абай мұрасын жан-жақты игеру - толассыз мәдени процесс.

Абайтану ғылымына академик Зәки Ахметов былай деп баға береді: «Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды». [1.218.]

Абайдың өмірі мен шығармашылық өнерін зерттеудің алғашқы өнімді кезеңі деп А.Байтұрсынов, К.Ысқақұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов, Ы.Мұстамбайұлы, Ғ.Тоғжанов секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің зерттеу еңбектерін, мақалаларын атауға болады.

Абайтану ғылымының тарихына қатысты қазіргі таңда сөз айтқанда ең алдымен ойымызға М.Дулатовтың «Қазақ» газетінің бас мақаласы ретінде басылған «Абай» деген мақаласындағы «Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ

рухына сонша жақындармыз»,- [2.195.] деген аталы сөзі оралады. Шындығында да уақыт көші қанша алыстағанымен де, Ұлы ақын мұрасына, рухына соншалықты жақындай береріміз анық. Уақыт кеңістігіндегі ғасырлар деңгейі мөлшерімен қарасақ Абай жинағының жарық көргеніне бір ғасырдан астам уақыт болды. Ендеше тұңғыш жинақ оқырман қауым назарына ұсынылғаннан бері ұлы ақын мұрасын, оның дара болмысын, азаматтық келбетін, мол әдеби мұрасын тану, таныту дәрежеміз қандайлық деңгейде, не істелінді, алдағы уақыттардағы міндетіміз қандай деген сұрақтарға жауап іздеуіміз бүгінгі күн талабы деп есептейміз.

Біздің негізінен алғанда арнайы тоқталып, зерттеу нысанына айналдырған абайтану ғылымының бастау бұлағында, алғы сапында тұрған тұлғалардың бірі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың абайтану тарихындағы өзіндік қолтаңбасы жайында қысқаша болса да сөз етуді дұрыс деп таптық.

Ұлт ұстазы, атақты «Әдебиет танытқыш» атты монументальдық зерттеу кітабының авторы А.Байтұрсынов былай деп ой сабақтайды: «Қазақтың бас ақыны - Абай. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облысында Абайды білмейтін адам жоқ,- дей келе Ахмет Байтұрсынов,- Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысына естілмеуші еді»,- дейді. [3.258.] Ал, Міржақып Дулатов болса: «Не шара! Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде алтын әріппен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында 60 жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі Тобықтыдан басқа қазақтың көп жері білмей де қалды. Осы заманда үш ауыз сөздің басын құрай білетіндердің жазулары тасқа басылып, халыққа тарап, сынға түсіп тұрғанда, Абай сөзі өзі өлгеннен бес жыл өткенде басылды»,- [2.173.] деген еді.

Зер сала қарасақ Алаш арыстарының айтқан сөздерінде үлкен мән жатыр. Абай есімінің кең қазақ сахарасына таралуына, ұлы ақын сөздерінің «көкірегі сезімді, тілі орамды» «үлгілі жас» пен сөз танырлық адамына жетуіне басты себеп болған - тұңғыш жинақ екендігі тағы да айқын. Әйтпесе: «Мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім»,- деп сөз басындағы Ахмет Байтұрсынұлы айтқанындай көзі ашық Алаш азаматтары ақынды толық тани алмай қалар ма еді, дәл заманында Абай жинағы жарық көрмесе, ақын өлеңдері өз қолдарына тимесе ақын туралы пікір айту, баға беру де мүмкін болмас еді деп ойлаймыз. «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең»,- дейді Абай өлеңдерімен алғаш танысқан кездері туралы А.Байтұрсынұлы.

«Қазақ» газеті Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай қазақ елінің ұлы ақыны Абайдың өмірі мен ақындық өнерін таныту мақсатында ертерек қамданып, арнайы мақалалар циклін жариялауды қолға алды. Газеттің редакторы Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласының жариялануы абайтану тарихына елеулі рухани құбылыс ретінде қабылданды.

А.Байтұрсынов Абай мұрасын исі қазақтың танып білу керектігін уақыт талабы ретінде бағалады. «Қазақ» газетінде жарияланған М.Дулатовтың, Н.Төреқұловтың мақалалары да Абайды қазақ халқының рухани данасы, жаңа бағыттағы әдебиеттің көш басшысы, шебер аудармашы ретінде танытып бағалауынан авторлардың білім деңгейі биік жатуын көреміз. Семей қаласында 1918 жылы жарық көре бастаған «Абай» журналында ақын шығармаларын танып білу, халықтық таным тұрғысынан бағалау мақсатында зерттеулік мақалалар мен Абай шығармаларынан үзінділер жариялап жатты.

Ә.Бөкейхановтың 1905 жылы «Семипалатинский листокта» жарық көрген қазанамасынан бастау алып, кейіннен Қ.Ысқақұлының, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың парасатты пайымдауларынан кейін Абай қазақ әдебиетіндегі өзіне лайықты орнын ала бастаған болатын. Ақындар Абайды жырға қосты. 1918 жылы ақпан айынан бастап Семей қаласында Ж.Аймауытовтың редакторлығымен «Абай» журналы шыға бастады. Журнал ақын Абайдың атымен аталады. «Абайдың» алғашқы саны «Журнал туралы» деген «Екеудің» беташар мақаласымен ашылды. Онда: «Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды. Береке кетіп, азды, тозды. Сол кезде қалпың надан, қара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды. Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жөн берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өнер тап, оқы, харакет қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда, Абай қазақтан шыққан философ» (данышпан) екендігін айта келіп, «...кемеңгердің атына арнап, журналымыздың атын «Абай» қойдық» - [4.97.] деп жазады. Ол: «Басқа жұрттың атақты білімдісінен Абай кем емес, білімдіні құрмет ете алмасақ – тоғышарлығымыз»- деп, Абайды аса жоғары бағалайды.

Ұлы ақынның классикалық мұрасы жайында өз пікірі мен бағасын айтуға талпынған А.Байтұрсыновтың 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты осы мақаласының ғылыми маңызы ерекше. Автордың айтуына қарағанда Абай өлеңдерімен 1903 жылы Мүрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан. Абайдың ұлылығы мен кемеңгерлігі жайында: «тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттары дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырмандарының алдына тартылды»,-дейді. Мақала Абай поэзиясы табиғатының қыр-сырын түгел ашып бермегенімен, бүгінгі таңда Абайтану аталатын ғылымында сала-сала болып зерттелген басты ерекшеліктерін тап басып танып, нақты пікір білдірген. Біріншіден, Абай өлеңдерінің жаңаша леппен, өзгеше өрнекпен құрылғанына назар аударып, реалистік және жаңашылдық сипатының ерекшелігін айырықша атайды. «Абай сөзі

заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қарамай жазады» деген баға алғаш айтылуымен ғана емес, ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан нақты айтылуымен де құнды. А.Байтұрсынов «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» ұғу үшін «Сөз түзелді, халқым-ау, сенде түзел» деп Абайдың өзі айтқандай түзеліп, түсініп, үлгі ала отырып оқу қажеттігіне ерекше тоқталады. Алғаш оқыған адамға Абай өлеңдерінің ауырлау соғатын себебі ақынның кінәсі емес, «оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» деп көрсетеді. Ұлы ақынның дүниетанымдық және эстетикалық көзқарасының қалыптасуында орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін сөз етеді. Мақаланың ғылыми-зерттеу еңбек ретіндеі мәнін танытатып құнды жері - Абай поэтикасын тереңдеп қарастырған тұсы. Тіл білімі ғылымында алғашқы қазақ тілі оқулықтарың жазған, кейін әдебиет теориясының мәселелерінен «Әдебиет танытқыш» атты еңбек жариялаған А.Байтұрсыновтың білімді әдебиетші ретінде қазақ өлеңінің құрылысы мен жүйесіне жетік екені байқалады. «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін» [3.259.] орыс әдебиетінің әсері арқылы ұққан Абайдың өнерпаздық тұлғасының қалыптасуы өлеңді өнер деп бет бұрған кезеңінен басталғанын дәлелді түсіндіреді.

«Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбеп қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген» Абай өлеңдерін «қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер» деп бағалайды. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» аталатын өлеңін түгелдей тұтас келтіріп, ақынның поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын, өлеңге өнер туындысы ретінде қоятын талабын танытады. Абай поэтикасындағы ой шеберлігі, жаңа үлгі, өзгеше өрнек (яғни мазмұн, түр, ырғақ.) пен бунағы туралы ой-тұжырымдары назар аударарлық. Себебі, бұл пікірлерінде Абай өлеңдеріне теориялық тұрғыдан ғылыми талдау жасау ниетімен қоса, ақынның новаторлық тұлғасын таныту мақсаты да жатыр. Мақаланың «Абайды қазақ баласы түгел танып, тегіс білуі керек! Абайды қолымыздан келгенше қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» [4.148.] деп аяқталуы да сондықтан.

Қорыта айтқанда, К.Ысқақов, Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың қазақ әдебиетінің көрнекті дарындары туралы мақалаларында олардың өмірі мен творчествосын танытуға деген талап тілек те анық көрінді. Сондықтан А.Байтұрсынов өзінің төңкеріске дейінгі азды-көпті ізденістері арқылы әдебиет теориясының келелі мәселелерін меңгеру жолында біршама қадамдар жасады дер едік. Сондай ізденістердің алғы сапында абайтану ілімі тұрғаны да қандай ғанибет.

Әдебиеттер:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырған З.Ахметов, Т.Шаңбаев. - Алматы, Ана тілі. 1998. -384 б.
2. Дулатұлы М. Шығармалары. 2 том. А. 1997.
3. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы, 1991.

4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ғылым», 1997.
5. Ахмет Байтұрсынұлы. Маса. Өлеңдер мен көсемсөздер. А., «Раритет», 2005.-208 б.

ӘӨЖ

М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ЗАТЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЗ ӨРНЕКТЕРІ

Айдарова Амангул Амировна
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр оқытушысы

Резюме

В статье представлены произведения одного из самых ярких представителей религиозной литературы в истории Казахстана - Машхура-Жусупа Копеева на религиозную тематику в гендерном контексте. Религиозные стихи Машхура-Жусупа Копеева с гендерным контекстом по отношению к женщинам, являются ценными произведениями в литературной сфере. Глубокое знание литературного наследия Машхура-Жусупа Копеева является гражданским долгом современного поколения.

Summary

The article presents the works of one of the most prominent representatives of religious literature in the history of Kazakhstan - Mashkhur-Zhusup Kopeev on religious topics in a gender context. The religious poems of Mashkhur-Zhusup Kopeev with a gender context in relation to women are valuable works in the literary sphere. Deep knowledge of the literary heritage of Mashkhur-Zhusup Kopeev is a civic duty of the modern generation.

Гендер тақырыбы – әлемдік тіл білімінде белгілі нысан, қазіргі кезде қазақ тіл білімінде де арнайы зерттеле бастады. Гендерлік фактордың тілге әсері гендрлдік лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық және когнитивтік лингвистикалық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Гендер факторы ежелгі заманнан көрініс береді. Алла тағала адамды жыныстық айырмамен жаратқан. Айталық, Адам Ата мен Хауа Ана екі жыныстың өкілі ретінде белгілі. Еркек пен әйел заты бір-біріне мұқтаж. Олар тегінде бөлек жасау үшін емес, бірге өмір сүру үшін жаратылған. Сондықтан гендер ұғымы еркек пен әйел ұғымдары негізінде пайда болған.

Гендер ұғымы біздің ғылыми қауымға әлеуметтік танымал термин ретінде кең тарамаған. Оның үстіне бұл сөз сөздіктерде аударылмаған. Сондықтан да бұл сөздің алдымен мағынасын түсініп алғанымыз дұрыс болар.

Gender (гендер) сөзі ағылшын тілінде екі мағынада қолданылады:

1) Грамматикалық род категориясы; 2) бұл сөйлеу тіліне тән сөз екен, жыныс (орысша: пол) деген мағынаны білдіреді.

Әр түрлі ғылым саласында қолданылатын Gender (гендер) сөзінің қазақша баламасы «жыныс» екені даусыз. Сырт көзге әр түрлі мәтінде бұл балама «гендер» сөзіне пара-пар бола бермейтін сияқты көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, солайы – солай. Ал, байыбына барсақ, гендер сөзінің әрқилы ғылым саласындағы әлеуметтік жүктемесіне сай, оның қазақша баламасы «жыныс» сөзін де екі мағынада қолдануға болады:

1. **Биологиялық,** яғни **негізгі мағынасы. Жыныс** деген – еркек пен әйел арасындағы анатомиялық айырманы білдіретін термин. Биологиялық жыныс екеу, ол еркек пен ұрғашы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында [1] жыныстың биологиялық мағынасы жиі қолданылған:

Жұрттың көңілі жалғанға сондай ауған,
Еркек пен ұрғашыда тегіс бел жоқ [1,49].

Бұралып бір өзіңді күте алмаса,
Шаруаңды орыны-орынымен тұта алмаса.
Ұрға[шы]сыз шаруаның сәні келмес,
Қайтесің, өзің істе, тіл алмаса [1, 185].

Ұялмай отырады тілін безеп,
Әдеппен сөйлемейді тілін тежеп.
Бүйтіп өткен өмірде не қызық бар
Ұрғашы, еркек жұмысын бір өзі істеп?! [1, 185]. Міне, осындағы еркек және ұрғашы деген сөздер биологиялық жынысты білдіреді.

2. **Әлеуметтік мағына.** Әлеуметтану (социология) ғылымында бұл мағына орнында «социологическое значение» деген сөз тіркесі қолданылады [2, 109]. Б.Хасанұлы жыныс термині социология ғылымына емес, әлеуметке (социумға), әлеуметтік топқа тән құрылым екенін ескеріп, «әлеуметтік жыныс» деп атайды [3, 264-276]. Бұл – анатомиялық жыныс ұғымынан өрбіген, бірақ оған сәйкес келмейтін, әлеуметтік- мәдени құрылым (орысшасы: социально-культурная конструкция) [4, 222]. Әлеуметтік – мәдени жыныс екеу, ол – ер мен әйел. Әйелдер мен ерлердің әр заманда әр түрлі мәдени – лингвистикалық кеңістікте өмір сүре отырып, қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық т.б. өзгерістерді өздерінше қабылдап, сол қабылдағанын тіл арқылы әр түрлі белгіленген реттері анық байқалады.

Шығарманың көркем болуы оның гендерлік сипатына түгел байланысты бола бермейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – шынайы сөз зергері. Оның шығармаларының қыр-сыры мол. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалырының ерекше бір қыры – **гендерлік сипаты.** Сол себепті мәселенің осы жағы Б.Хасанұлының бір мақаласында сөз болды [5, 264-276]. Алайда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының күллі шығармасы бойынша **кең көлемді зерттеу жүргізу аса қажет.** Бұл арқылы гендерлік жіктеудің көркем шығармадағы қолданылу заңдылықтары ашылады. **Біздің мақсат – гендердің әлеуметтік-мәдени түрлерінің көркем шығармадағы өрнегін сипаттау арқылы әлемдік гендерлік лингвистикалық өз үлесімзді қосу.**

М.-Ж. Көпейұлының барлық шығармасында гендерлік белгі бар деп айтсақ, артық болар еді. Мысалы, аңыз өлеңдерінің кейбіреуінде, айталық, «Сүлейман мен Ібіліс», «Ықылас сүресі» атты өлеңдерінде [2, 9-15] гендерлік фактілер кездеспейді. Ал шығарма, әрине, кейіпкерсіз болмайды, ал кейіпкер

жүрген жерде оның жыныстық белгісі азды-көпті көрініс беруі тиіс, бірақ бұл да міндетті емес. Алайда М.-Ж.Көпейұлы – «адам жанының инженері», оның әйел заты мен ер адамға қатысты сөз саптауы – арнайы зерттеуді қажет ететін сөз маржандары.

М.-Ж.Көпейұлының шығармаларының кейбіреуі таза гендерлік тақырыпқа арнайы жазылған. Соның бірі – ақынның 16 жасында сырласу үлгісі ретінде жазған «Ғашық жігіт сөзі» [2, 83-87] деген көлемді өлеңі.

Болғанда қыздар лашын, мен – бидайық,
Ай, дүние-ай, қыз дария, мен – желқайық.
Болғанда сен – гауһартас, мен – асылтас,
Қоспады екеумізді, не қылайық?!

Бастасын жақсылыққа құдай бізді,
Жігітке бір мереке келген кезді.
Әлеумет, алдыңызға кез келген соң,
Сөйлейін қызды мақтап біраз сөзді!

Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп шығармаларында тәрбиелік мәні зор нақылдар, әсіресе, жалқау әйелдің кесапаттығын ашарлық сөз саптары баршылық. Күні бүгінге дейін XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне көз салғанда, көбінесе қазақ қызының өз сүйгеніне бара алмауын, т.б. ауыр халін бейнелеген шығармаларды бөліп қарастырумен шектелу басым болғаны белгілі. Соның салдарынан 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әйелдері арасында кездескен кемшілік атаулы еленбей келді. Мәшһүр Жүсіп өмірдің өткінші екенін, әйелдер арасында да ұшырасатын жалқаулық, салақтық тәрізді кесел әдеттерді түйреуге ден қояды. Мәшһүр Жүсіптің әр түрлі әйел бейнесін **«Жаман әйел туралы»** [1, 184-186], **«Жақсы әйел»** [1,186-189], **«Әйелдер туралы»**[1, 189-192] атты өлеңдерінде сомдаған.

«Жаман әйел туралы» өлеңін **жақсы қатыннан** бастайды:

Жұмағы бұл дүниенің – жақсы қатын,
Шығарса ағайынға жақсы атын.
Гүл жүзді(жүзлі), шырын сөзді(сөзлі), нәзік болса,
Түзетсе үй-мүлкінің салтанатын.

Дүненің ол тозағы – жаман қатын,
Жаман қатын шығармас ердің атын.
Он екіде бір нұқсан келмеген соң,
Дүниенің көре алмайсың аз рахатын, - деп гүл жүзді, шырын сөзді жақсы әйел өмірідің жұмағы екенін, жаман қатын өмірдің тозағы екенін айта келіп, жақсы әйел мен жаман әйелді қарама-қарсы қояды.

Ақын «Жақсы әйел» атты өлеңінде:

Жалғанның жарастығы – жақсы ұрғашы,
Қиылып маңдайында көзбен қасы.
Бір талы нама харамға көрінбес пе,
Астында жаулығының тұрса шашы.

Сүмбіл (сүнбіл) шаш – күнде жуып, талдап өрген,
Еріне шын махаббат (мухаббат) көңіл берген.
Қолында құдай берген ырзық (ризық) мол боп,
Мейманның қошемтін тәуір көрген.
Мысалы халуа, шекер – ұстар майын,
Бұзбайды әр не десе, ердің райын.
Кемеңгер ақылы асқан, жақсы ұрғашы,
Түзейді ықтиярсыз жаман байын.
Сыбанып алжапқышпен сауады мал,
Қаймақ пен ірімшіктен жасайды бал.
«Ата» деп қарияларды құрмет қылып,
Ат қояр «Келінжан» деп көп ақсақал, - деп әйелдің жақсы қасиеттерін бейнелейді.

Ақын «Әйелдер туралы» атты өлеңінде:
Кім мінер көңілдегі тауып атын,
Сыншы жоқ танитұғын жылқы затын.
Дүниенің тұрақтайтын тұрағы екен,
Гүл жүзді, шырын сөзді жақсы қатын.
Белгілі ұрғашының бізге жайы,
Жылқы екен, ойлап тұрсам, қыздың байы.
Кәне, құлан қарауыл түссе қолға,
Қатынның барып тұрған хақ маңдайы.
Бұлттан шыққан күндей көрсең жүзін,
Келтірер неше түрлі күймен сөзін.
Толғанып оқ жыландай толықсыса,
Білдірмей еш адамға басқан ізін, - деп жалпы әйелдер арасында кездесетін жағымды да жағымсыз белгілерін сынай отырып көрсетеді. Ол сындардың сол кезеңде ғана емес, кейінгілер үшінде ғибрат береРлік мәні бар туындылар екені даусыз.

Күнәһәр болған, сол үшін «Ғазабы неше түрлі» қатынның қайталанбас бейнелерін Мәшһүр Жүсіп жақсы сомдаған. Мысалы, «Аң хазіретінің Миғражы дүр» атты өлеңінде мынадай жолдар кездеседі:
Мен қарап, және көрдім бүртүрліні,
Тілінен асып қойған сол көруһыны.
Мәліктен және тағы сұрап едім:
-Бұлардың жазасы не, айт – деп, - мұны!
Көп қатын және көрдім таңулы тұр,
Жиылып бар етін жеп, жылан, шаян.
Қылмысын бұлардыңда сұрап едім,
Шала таһарат алған екен, шала ғұсыл.
Бір қатын: аяқ – көкте, басы – жерде,
Астынан от жанады неше түрде.
Қылмысын бұлардыңда сұрап білдім,
Намахраммен жүрген екен елден елге.

Бір қатын және ит боп үрген
Аузынан от шығарар, бүйірінен.
Күнәсін бұлардыңда сұрап білдім,
Ойнастан бала туып, сол өлтірген.
Ақырында ақын былай дейді:
Үшбу сөз – пайғамбарым насихаты,
«Тыңда!» деп баршамызға айтқан қатты.
Миғражға иланбаған кәпір болар,
Құранда мазкур болған көр атты! [1, 275-281].

Міне, көріп отырмыз, тозақ қияметінің жазасын Миғражда алған күнаһар әйелдерді бейнелейді: қатын – балаларын биұжһа ұрып-соққаны үшін от табына жанғанын, еріне тіл тигізгені үшін тұлымынан асып қойған. Енді бір әйелін шала таһарат алғаны үшін, таңулы тұрған етін жылан, шаян жеген. Бір әйелдің аяғы – көкте, басы – жерде, астында от жанып тұр. Бұлардың күнәсі елден елге намахраммен жүрген, зиналықпен бала тапқан әйелдер.

Мәшһүр-Жүсіп тарапынан қызды ұлығлаудың бір тәсілі қыз атынан жұмбақ айту, оны шешу түрінде болады. «Қыз жұмбағының шешуі» атты шығарма өлеңмен емес, қара сөзбен жазылған. Әйтсе де астарлау, сөз қолдану ерекшелігі оны проза ауқымында ғана қалдырмай, поэзияға тән ерекшеліктермен әсер қалдырады. Бұл туынды Мәшһүр-Жүсіптің өз қолжазбасы бойынша әзірленді. Мұнда жұмбақ берушінің кім екені, қайда тұратыны, ақынның шешуге қалай кіріскені – бәрі нақты көрсетілген (Батпа Байбесенқызы жұмбағы, Мәшһүр-Жүсіптің шешуі)[1, 371-373].

Мәшһүр-Жүсіп келінді де қошеметтеген. Соның бір дәлелі – «Мәшһүр-Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы»[1, 43-68]. Көлемді шығарма келін атынан неше алуан гендерлік сөдер айтылады. Мысалы: жан атам[1, 43], Қайран менің жан атам[1, 47], атажан[1, 50] т.б.

Мәшһүр-Жүсіп қолданған гендерлік сөздер мен сөз тіркестері мейлінше көп.

Қорыта келгенде, әлемдік тіл білімімен қатар қазақ тіл білімінің өрісі үздіксіз даму үстінде. Гендер тақырыбы – XXI ғасырда тіл ғылымында әлеуметтік тұрғыда қалыптасуда. Мәшһүртану ғылымы – гендерлік лингвистикалық тұрғыдан қарыштамақ керек. Біз М.-Ж. Көпейұлы шығармаларының гендерлік қырын толық ашып көрсете алмадық, оның әйел затына қатысты сөз өрнектері – ұшан-теңіз, демек, осы бір тақырыбтың өзінен әлде де көлемді зерттеу жүргізу қажет. Ол үшін біз жүргізер жұмыс жоспарлы да көлемді сипат алатын болады.

Әдебиеттер:

1. Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. 1-т. –Алматы: Алаш, 2003;2-т. –Алматы. Алаш, 2003; 3-т. –Алматы: Алаш, 2003; 4-т. Алматы: Алаш, 2003.
2. Большой толковый социологический словарь. Дэвид Джери, Джулия Джери. Том 1. Перевод Н.Н.Марчук. М. 1999. 109-бет.
3. Хасанұлы Б. Гендерлік лингвистика және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының гендерлі сыны // Сборник материалов Международного научно-практической конференции, посвященной 170-летию Г.Н.Потанина. Павлодар; ПГУ им. С.Торайгырова. 2005. 264-276 беттер.

4. Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С. Социологический словарь. Пер.с.аиг.под. Ред.С.А. Ерофеева. Казан: Изд. Казан. Ун-та. 1997. 222-бет.
5. Хасанұлы Б. Гендерлік лингвистика және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының гендерлі сыны // Сборник материалов Международного научно-практической конференции, посвященной 170-летию Г.Н.Потанина. Павлодар; ПГУ им. С.Торайгырова. 2005. 264-276 беттер.

ӘОЖ 821.512.122

Д.ДОСЖАН ПРОЗАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ДАРАЛАЛЫҒЫ

Халикова Н.С. ф.ғ.к., аға оқытушы, Әбдіғаппар А. Т., магистр-оқытушы
Шайманова Д.Қ. 117-18 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Данная работа посвящена литературному творчеству талантливого писателя Д. Досжана. В статье анализируются национальные образы в творчестве Д. Досжана на примере рассказов писателя «Көкпар», «Кумыс». Писатель в своих произведениях описывает традиции, обычаи, национальный характер казахского народа. В творчестве писателя Д. Досжана находят отражение качества, присущие менталитету казахов. Художественные поиски писателя в словообразовании и построении предложений отличаются особым своеобразием. Д. Досжан – один из писателей, известный своим уникальным стилем в отражении трагического состояния человеческой судьбы, смятения во внутреннем мире главного героя.

Summary

This work is dedicated to the literary work of the talented writer D. Doszhan. The article analyzes the national images in the work of D. Doszhan on the example of the writer's stories "Kokpar", "Kumiss". The writer in his works describes the traditions, customs, national character of the Kazakh people. The works of the writer D. Doszhan reflect the qualities inherent in the mentality of the Kazakhs. The artistic searches of the writer in word formation and construction of sentences are distinguished by a special originality. D. Doszhan is one of the writers known for his unique style in reflecting the tragic state of human destiny, confusion in the inner world of the protagonist.

Адам тағдырының трагедиялық жай-күйін, кейіпкерінің ішкі әлеміндегі күйзелісін танытуда ерекше қолтаңбасымен танылған қаламгерлеріміздің бірі – Д.Досжан. Д.Досжанның [1], [2], [3], [4] шығармалары әдебиет әдемінде өзіндік орны бар.

Д.Досжановтың «Көкпар», «Қымыз» әңгімелеріндегі ұлттық салт-дәстүр көріністері, «Ергежейлі» әңгімесінде автор кемтар адамның үлкендердің қолбала ойыншығына айналуы, «Кісі ақысы» әңгімесінде адам наласы жібермейді деген ұжданның сабағы суреттелсе, «Арыстанды-Қарабастың желі» әңгімесінде адамның адамгершілігі өзгеге керектігімен өлшенеді деген пәлсапалық ой, «Көкпар» туындысында қазақ бойында тек момындық емес, беттесіп, белдесіп өтер кайсарлық мол деген ой айтылады.

Қазақ халқының дәстүрлі ойыны – көкпар. Д.Досжанов «Көкпар» атты әңгімесінде қазақ халқының дәстүрлі ойыны көкпардың шынайы көрінісін

шебер суреттеген. Көкпар кезіндегі тартысты қаламгер көз алдымызға келтіре әңгімелейді. Көкпар тартқан Сердалының күш-қайраты, көкпар алудағы әдіс-тәсілдері, көкпар атының көңіл-күйі, иесінің ойын тануы, жалпы көкпар өнерінің қыр-сырын қысқа әңгімеде қаламгер шебер таныта алған. Әңгімедегі автордың негізгі ойы адам тағдырына келіп саяды. Көкпар үстінде, дода кезінде мерттіккен Сердалының әкесі де, атасы да көкпар тартқан, сол көкпардан қайтыс болған. Әңгімеде Сердалы өткен өмірін, әке қазасын еске түсіреді. Қарақызға қосылуды арман еткен Сердалы додаға түскен кезде жарық күнді қайта көрмеспін деп ойлаған жоқ. Бірақ алдында күтіп тұрған жаманшылықты сезгендей күй кешті. Ес білгелі ешнәрседен қорықпай өскен «бірбет, қызба» Сердалы қос қыранның молаға келіп қонуынан секем алып қалады. Әкесінің өлімі көз алдына елестеп, жүрегі жай таппайды. Автор алда күтіп тұрған қатерді осындай детальдар арқылы білдіреді.

Сердалының тағдырын суреттеуде автор қаһарманының жалғыздықтан жапа шеккен жанына үңіледі. «Бұл далада жалғыз өзі қалды. Әкесінің даласын жалғыз өзі мекен етті. Қу жетім атанды. Қара жылқышы атанды. Әкесінің көзін көріп, қайырымын алған жандар да сирей берді. Тіпті Сералының дүниеде бар екенін де ешкім білмейді. Ұмытып кетті. Кең дүниенің бір бұрышындағы бір үйір жылқыдан басқаны білмейтін қара баланы кім ескерсін. Опасыз дүниеде жалғыз жұбанышы қалды. Ол әкесіне ұқсау еді» Әңгімеде көкпар суреті тұтас бір картинаға айналған. Әңгіме кейіпкері Сердалы тартыс атаулының өзі білетін барлық түрін қолданады. Астындағы жүйрігі де иесінің ойын түсінгендей аянбастын алға тарта береді. Бірақ Сердалы тартқан көкпар оның өмірін үзіп алып кетеді.

Қаламгердің сөз саптау, сөйлем құрауындағы көркемдік ізденістері ерекше. Қарапайым қайырылған сөйлемдер автордың айтайын деген ойын дәл көркем жеткізеді, ал етістіктердің бір-бірімен үндесіп жатуы Сердалы трагедиясының шынайы көрінісін бейнелеудегі атқарар қызметі зор

Жазушы Д.Досжан шығармаларынан қазақ халқына тән қасиеттерді жиі кездестіреміз. Қазақ халқы жылқы малын қасиетті деп білген. Жылқыға күтім жасап, оның сүті мен қымызын мың бір дертке ем деп түсінген. Оны жасаудың өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Қаламгердің «Қымыз» атты әңгімесінен қымыз жасау, оны күту сияқты ұлттық ұғымдарды байқаймыз. Ағасының соңғы тілегін орындай алмаған кейіпкер ойымен астасып жатқан қысқа ғана әңгімеден қымыз жасаудың сырына қанық боламыз. Бар өмірін еңбек жолына арнаған, Сыр бойының көп бейнетін басынан кешірген ел ағасы айықпас дертке шалдығады. Ауыр халде жатқан ол інісіне Құланшының басында отырған жылқышы аулына барып қымыз әкелуді сұранады. Күншілік жерге жылқышы ауылына аттанып кеткен Далабай ауыл қымызының қасиетін Ақтәте әңгімесінен біледі.

Әңгіме бірінші жақтан баяндалады. Әңгімеде кейіпкердің өткен күндерді еске алуы оның ойымен астасып жатады. Әңгімеде бойындағы дертін білдірмеуге тырысқан аға жағдайын суреттеуде автор қызық параллелизмнің үлгісін байқатады. Бойын жайлаған дертке көп уақытқа дейін сыр бермеген

ағасын кейіпкер жүз жасаған қара ағашқа ұқсатады. Қара ағаш өзегіне құрт түссе да, ондаған жылдар өңін бермей, өмір үшін күреседі екен. Көктем сайын шыбығына нәр жіберіп, көктейді екен. Ағасының дәл қазіргі жағдайын кейіпкер осы ағашқа ұқсатты.

Қысқа ғана әңгімеден қымыз, оны жасау, сақтау туралы көптеген деректерді кездестіреміз. Қазақ халқы қымызды арнайы ыдыстарда сақтаған. Ол ыдыстарды жасаудың өзіндік тәсілі бар. Әңгімеде саба, торсықтарды жасау туралы деректерді кейіпкер бағдарлауы арқылы көреміз. «...Жылқының терісін іреп сойып алып, көлеңкеге кептіреді. Сосын қымыздың бетіне шыққан іркіттен и жасап, сол иге салады. Құнан терісі бықырған и ішінде апта жарым жатады. Сосын исінді болған теріні кермеге іліп, қырғышпен қырады, шелиді, шелін алады. Көгеріп таза терінің өзі қалады. Енді мұны саба қылып тігеді...» [5, 127 б.].

Ақтәтенің қымыз жасаудағы өнерінің әңгімедегі көрінісі кейіпкер бейнесі толықтыра түседі. « - Саумалы несі, қарағым-ау. Көзім тірі тұрғанда сендерге саумал ішкізбеспін. Қымыздың сертін білмейді екенсің ғой. Саумал қымызды жақтырмаған адамына береді. Оны ішкен кісі түзге шыққыш келеді де, байыз тауып отыра алмай, жөніне жоғалады. Құнан қымызды сырласар қонағына құйады. Оны әуезді маслихаттың кеңіші деседі. Ғашықтар мен ақындарға дөнен қымызды құйған. Көңілге желік бітіп, көкейге құрт түсіретін қасиеті бар ғой. Сусынның сосынғы төресі – бесті қымыз! Қу қымызды жауға шабар батырлар мен бәтуаға жүрер елшілер ішеді. У қымызды қазақ кезбе, бақсы, бәдік, саудагер жандарға беретін болған. Әр қымыздың атына смай мінезі болады: соған орай жол-жаралғы жасалады. Оны білмесе сүткіл ірітіп, қымыз ашыттық деп жарықтықтың аруағын қорлап неміз бар» [5, 128 б.]. Әңгімеде қымыз ішетін ыдыстың өз қасиеті бар екендігін де Ақтәте аузынан естиміз. «Қымыз күткен қазақ ыдысын да сыйлап ұстаған. Әр ыдыстың иесі болады. Қымызды кесемен жай кісіге ұсынатын. Келім-кетім көпшілік ішеді. Мешкейлер мен саудагерлер тостақпен сусындаған. Олардың жұтары мол болса болғаны. Дәмін алып тұшынып жатпайды. Зеренмен асыл достар ішкен. Көремісің, жарықтықтың өзі де арудың көзіндей ойнап тұр-ау. Соққан зергеріне, шапқан ұстасына сай зереннің да әрқилысы болады. Ғашық жандарға қымызды алтын жалатқан көзеге құйып берген. Қақ күмістен соғылған көземен ақын, сері, сыпа, сал ішкен... Батыр мен палуанға қыпша бел құмырамен қымыз ұсынады екен» Әңгімеде Далабай Ақтәтенің биелерді теріп сауғанын байқайды. Ақтәте кәрі тіс биелерді тастап кетіп, жас биелерді сауууға беттейді. «Басын ұстап көмектесейін » деген Далабайды бие қасына жолатпайды. Оның мәнісін Ақтәте былай түсіндіреді. «Қарағым-ай, онда жылқы дірдектеп қорқып тұрады да сүттің маңызы тамырда қалып қояды. Жақсы қымызға биенің өз еркімен иіп берген сүті бап келеді.

– Жуас, кексе биелерді қалдырып кеткеніңіз қалай?

– Егде жылқының сүті желінінде тұрады. Ал жас биенікі тамырдан жиылады. Әлгі қақсалдың сүті тез ашиды да, күші бірден бетіне шығады. Жас биенікі бабына екі түнеміледен соң ғана келеді, әл-қуаты түбінде жатады.

Иә, қымыз да жылқының мінезіне байланысты. Жас биенікі кісіні жасартады, дәрі боп сіңеді» [5, 129 б.].

Кейіпкер сырын ашатын, характер табиғатын даралайтын, кейіпкер бойындағы моральдық-эстетикалық сапаларды ашуға мүмкіндік беретін көркемдік құралдардың бірі – диолог. Әңгімедегі Ақтәте мен Далабай, Далабай мен Жарбима диологтары арқылы олардың түйсік-түсінігі мен өмірге деген көзқарастары, мінезі жан-жақты ашылып жатады. Әңгімедегі Ақтәте мен Далабай арасындағы әңгімеден Ақтәтенің қымыз жасаудағы өнеріне, өмірлік тәжірбиесіне куә боламыз. Ал әңгімедегі Жарбима сөзінен оның өзіндік болмыс-бітімін, дөрекі мінезін, ойы мен санасын байқай аламыз.

Шеберліктің шыңына шығып, көркемдік көкжиегіне қол жеткізген қаламгерлер ғана шынайы көркем туынды тудырады. 60-80 жылдар аралығындағы қазақ қаламгерлері шеберліктің сыр сандығын ашудың құпиясын игере отырып, көркемдік деңгейі жоғары туындыларды дүниеге әкелді.

Әдебиетте әр қаламгердің өзіне ғана тән жеке стильдік өрнегі, қолтаңбасы қалыптасқан. Суреткерді ерекшелеп тұратын стильдік өрнек өздігінен пайда болмайтыны белгілі, оған бір орта, әдеби мектеп әсер етеді. Халықтың тіл мәйегін, шешендік өнер үлгілерін өз туындыларында кең пайдаланған қаламгердің суреткерлік қолтаңбасының қалыптастасуына ұлттық өнердің әсері зор.

Әдебиеттер

1 Досжан. Д. Хикаяттар. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Білім, 2002, – 392 б.

2 Досжан Дүкенбай. Алаң. Роман. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 272 б.

3 Досжан Д. Құм кітабы: Хикаяттар, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1995. – 384 б.

4 Досжанов Д. Жібек жолы. Алматы: Жазушы, 1973. – 345 б.

5 Досжан. Д. Балалықпен тілдесу: Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2005. – 472 б.

ӘОЖ 821.512.122

ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ Е.ТҰРЫСОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Халикова Н.С. ф.ғ.к., аға оқытушы,
Ташова Т.Ж. 121-18 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается проблема понятия эссе и методы его написания. В настоящее время в школьную учебную программу и в программу высших учебных заведений включены написать эссе. Это объясняется тем, что путем написания эссе можно открыть дорогу, тое есть дать возможность формированию личности.

Сегодня эссе приобрел новое значение и признано как литературный процесс. Эссе проявляется как один из основных проблем литературного процесса

Эссе играет большую роль в развитии творческой способности обучающегося. Путем написания эссе обучающиеся смогут передать свои мысли, высказывать

субъективное мнение. Эссе с положительной стороны повлияет для формирования обучающегося как личность. Жанр эссе наряду своей жизнеспособностью, проявляет себя как необходимость в выполнении новых требований образования. Поэтому, познание жанра эссе, выявление ее основных значении и характера обязывает решений ряда задач.

В статье произведен комплексный анализ специфики написания эссе и развития жанра эссе в казахской литературе. В статье рассматривается творчество писателя Е.Турусова и его повесть-эссе «Кеменгердің керуені».

Summary

The article addresses the problem of essay concepts and methods of its writing. Currently, an essay is included in the school curriculum and in the higher education curriculum. Today, the essay has taken on new significance and it is recognized as a literary process. Essay manifests itself as one of the main problems of the literary process. Essays plays a big role in the development of the creative ability of the learner. By writing essays, students will be able to convey their thoughts, express a subjective opinion. The essays influence positively to the learners formation as an individual. The genre of essays, along with its vitality, manifests itself as a necessity to meet the new requirements of education.

An essay is an artistic expression of the author's personal opinion. The essay freely describes the author's own opinion, based on his own practice. The article provides a comprehensive analysis of the specifics of writing essays and the development of the genre of essays in Kazakh literature. Article describes the work of the writer and his essays.

Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеші интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойларын, өмір саяхатындағы көрген-білетін, сезінген-түйгенін, тәжірбиелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипаттауында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозгау саларлық байламдар тән» [1, 92 б.].

Теледидар мен радионың өзінде де эссе жанрындағы материалдар жиі дайындалынады. Әйтсе де, бүгінгі таңда эссені көркем әдеби жанр ретінде танып, түрлі ой толғаулар жазып жатқан жазушылар аз емес. Бүгінде эссе жанр ретінде қалыптасып, дамып келеді. Белгілі әдебиеттанушы ғалым З. Қабдолов: «Жанр – даму үстіндегі ұғым. Жанрлық дамудың өзі – тірі процесс. Жанрлар туады, өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады» - дейді [2. 294 б.] «Сөз өнері» кітабында.

Қазақ әдебиетіндегі эссе дамыған, толысқан жанр. Қазақ қаламгерлерінің көпшілігі эссе жанрында ой толғап, естелік жазып осы жанрдың дамуына өз үлестерін қосуда. Қазақ әдебиетінде эссе кенжелеу дамығаны белгілі. Әйтсе де, эссенің бүгінгі таңда өзге жанрлар арасында өз орны бар. Эссе қалыптасқан өнімді жанрлардың біріне айналып келеді.

Эссе шағын көлемді, кішкентай ғана шығарма болып көрінгенімен, толғар ойы терең, эстетикалық мәні зор. Эсседе сөз бен ой ықшам болғанымен, автор терең толғанады, жан-жақты талдаулар жасайды. Сондықтан да, эссе – оқырманды жалықтырмайтын өміршең жанр. Қазақ әдебиетінде эссе жанрында қалам тіреп жүрген жазушыларымыз аз емес. С.Шаймерденов, М.Әлімбаев, М.Байғұт, Ә.Ысқақ, Ә.Тарази сынды қаламгерлер, С.Әшімбаев, Қ.Ергөбек,

Р.Нұрғали сынды әдебиеттанушы ғалымдар әр кезде эссе жанрына қалам тіреген. С.Шаймерденовтың «Ағалардың алақаны» атты жинағындағы естелік-эсселер, М.Әлімбаевтың «Жазушының қаламынан шыққан», «Абайды қайталап оқығанда», «Қыршын классик», «Мағжанды оқығанда» т.б. эсселері, М.Байғұттың «Ақтолағай» эсселерден есілген естелікнамасы, Ә.Ысқақтың «Әкеге хат» эсселері, өмір туралы тоғаныстары, Ә. Таразидың «Көк аспанда қырағы көз бар» атты кітабында жинақталған эсселері, Қ.Ергөбековтың «Алыс көкжиектерді аңсаймын», «Құбылыс», «Парасат поэзиясы» секілді эсселері, Р.Нұрғалидың «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты кітабында жинақталған эсселері осы жанрдың қазақ әдебиетінде белең алғандығын байқатады. Белгілі ғалым С.Әшімбаевтың да көптеген мақалаларынан эссе жанрының ерекше қасиеттерін кездестіреміз.

Бүгінгі таңда эссе жанры әдеби жанр ретінде қалыптасып өзінің өміршеңдігін байқатып отыр. «Эссенің өміршеңдік танытуы оның көркем әдебиет пен ғылымның жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп, оқырман ойын қозғай білуіне байланысты болуы керек» [3, 230 б.].

Эссе жанры туралы зерттеулер аз емес. Сыншы Қ. Ергөбек қазақ әдебиетіндегі эссені талдай-таразылай келе өзіндік тұжырым жасайды. Сол пікірге жүгінсек, «Эссе – әр әдебиетте бар қай-қай жанрмен де еншілес будан жанр. Эссе – тәжірибе жиынтығы мен ой сығындысы. Эссе – көңілдің лирикалық бір сәтін пернелеуден ғаламдық ойлар, толғантқан проблемалар хақында ой маздатуға ерік береді» [4, 70 б.]. Эссенің негізгі принципі оның бойында бірнеше жанрлардың араласып келуінде болып табылады.

Шағын ғана эссенің өне бойынан терең пәлсафалық ойларды, көркемдік пен әдеби шығармаға тән қасиеттерді, «сын сымбаты» мен публицистикалық танымды байқай аламыз. Эссеші тек қана өзінің атынан сөйлейді. Эсседе автор қозғалып отырған мәселе төңірегінде өз пікірін білдіреді, жаңа идеялар ұсынады.

Эссенің философиялық, әдеби-сыншылық, публицистикалық сипаттары бар. Эссенің негізгі сипаттарының бірі көркемдігі, сонымен қатар сыншылық сипатын да атап өткен жөн. «Негізінде, эссе – көркем жанр.Солай бола тұра, оның сыншылық сипаты айқын» Лиризм – эссенің сипаттық қасиеттерінің бірі. Лиризм «айтайын дегенің сырлы суретке айналдыру». Эссенің лирикалық сарыны басым болғанда ғана ол оқырманының жүрегіне тез жетеді, әсерлі болады. Эсседе адам жанының нәзік иірімдері мен толқындары, психологиялық мөлдірлік пен романтикалық рух көрініс тауып жатса автордың стильдік ерекшелігі айқындалады.

Эссе – нақты бір тақырып бойынша жазылатын айшықты сөз оралымдары. Онда философиялық ой, тарихи таным көркем түрде көрініс табады. Сондай-ақ эссе публицистикалық, әдеби-сыни сипатқа ие.

Эссенің басқа жанрлардан басты ерекшелігі – оның еркін жазылуы. Эссе жазуда автор белгілі бір композициялық құрылымға тәуелді болмайды. «Эссенің негізгі жанрлық ерекшелігі – оның композициялық құрылымының еркіндік танытуы. Мұнда басқа жанрлар сияқты қалыпты стандарт

байқалмайды. Автор өз ойларын жүйелі, жүйесіз еркін баяндайды. Пікір білдіру бір кітап, жазушы, тақырып, әдеби өмір жайлы нақтылы болуы да, не жалп әдебиеттің кейбір мәселелері хақындағы үзік-үзік ойлардан тұруы да мүмкін. Кейде естелік түрінде жазылып, жазушының шығармашылығы жайлы пікірлер оның іс-әрекетін көрсету, айтқан сөздерін келтіру арқылы де білдіріледі» [3, 230 б.].

Қазақ әдебиетінде кенжелеу дамыған эссе жанрының табиғатын терең тани білген жазушыларымыздың бірі – Еркінбек Тұрысов. Қаламгердің «Қош көгілдір керуен», «Қайран Сәкен», «Кемеңгердің Керуені», «Нұржаудың нұрлы түндері», «Алыста қалған», «Досовтың соңғы күндері», «Темірқазық», «Бұлантыдағы ұлы күн», «Талдының тұнық сулары», «Тағдырдың сыйлығы» т.б. эссе, хикаяттары оқырманын әдебиеттің сырлы әлеміне алып барады. Жазушы өз эсселеріде адам, өмір, тағдыр, заман мен замандастар жайында көркем баяндайды. Е.Тұрысов эсселерін өткен өмірінен бір үздік сыр, көз көрген замандастары жайлы әдемі естелік десе болады. Жазушының «Кеменгердің керуені» атты повесть-эссесі М.Әуезовтің Оңтүстікке сапары жайлы естеліктермен өрбіп отырады. Повесть-эсседе автордың ұлы жазушыға жолсерік болып, Қаратау өңірін аралауға шыққан бірнеше күнгі оқиғасы әңгіме болған. Ұлы тұлға М.Әуезовтің кескін-келбетін, мінез-құлқын, ел мен жердің тарихына деген сүйіспеншілігін жазушы эсседе суреткерлік шеберлікпен аша алған.

Жазушының ой тебіренісі мен ішкі сезімі өзара үйлесім тауып жататын эссе жанрының көлемі шағын болғанымен, онда толғар ой терең, айтар сөз сыршыл болып келеді. Сондықтан да, сөз бен ойдың ықшамдылығы, толғау мен талдаудың түйінділігі жағынан эссе оқырманды жалықтырмайтын өміршең жанр.

Эссенің басқа жанрлардан басты ерекшелігі – оның еркін жазылуы. Эссе жазуда автор белгілі бір композициялық құрылымға тәуелді болмайды. «Эссенің негізгі жанрлық ерекшелігі – оның композициялық құрылымының еркіндік танытуы. Мұнда басқа жанрлар сияқты қалыпты стандарт байқалмайды. Автор өз ойларын жүйелі, жүйесіз еркін баяндайды. Пікір білдіру бір кітап, жазушы, тақырып, әдеби өмір жайлы нақтылы болуы да, не жалпы әдебиеттің кейбір мәселелері хақындағы үзік-үзік ойлардан тұруы да мүмкін. Кейде естелік түрінде жазылып, жазушының шығармашылығы жайлы пікірлер оның іс-әрекетін көрсету, айтқан сөздерін келтіру арқылы да білдіріледі» [5,230 б.]. Эссенің көлемі шағын болады десек те, жазушы Е.Тұрысов өзінің «Кеменгердің керуені» атты эссесін повесть деңгейіне көтере алған.

Бүгінде әдебиет айдынында туындап жатқан эсселер әртүрлі сипатта жазылып жүр. Қазіргі көркем әдеби сипатта жазылған эсселерде әдеби суреттеулер мен талдаулар, ішкі толғаныстар басым болып келеді. Е.Тұрысов «Кеменгердің керуені» атты эссесінде талдаудан гөрі ішкі толғаныстар, әдеби суреттеулер басым болып келеді.

Е.Тұрысов эсселерінде замандас бейнесі жиі көрініс тапқан. Жазушы эсселері өз заманының белді тұлғаларын, еңбек адамдарын көркем бейнелеумен

ерекшеленеді. Автор адам, өмір, тағдыр, заман мен көз көрген замандастары жайында көп сыр шертеді. Жазушының эсселері естеліктерден жинақталған сырлы сандық сияқты. Сандықтың аузы ашылған сайын әртүрлі тағдырлар жайлы өмірлік шындық ақтарылып жатады.

«Кеменгердің керуені» атты повесть-эссесінде аты аңызға айналған заман тұлғасы Ә.Жангелдиннің бейнесін жазушының онымен кездескен бір сәті арқылы көреміз. Автордың «...сексенге келген жасында тұрымтайдай қалжасы, басында кестелі тақия, ақ күмістей жарқыраған сұлу мұрт, кішкене торғай құйрық шоқша сақалы...» [6, 7 б.]. деп суреттеуінен тарихи тұлға Ә.Жангелдиннің көркем бейнесі көз алдымызға келеді. Жалпы Е.Тұрысов кейіпкерінің келбет-кескінін жасауға шебер. «Кеменгердің керуені» атты повесть-эссесінде қазақ әдебиетінің классик жазушысы М.Әуезовтің бейнесін оқырманына оның кескін-келбетін суреттеу арқылы ашады. М.Әуезовті алғаш көрген Е.Тұрысов жазушының сырт-келбетін: «сәл шалқақтау біткен кең кеуде, мол тұлғасына үйлескен баяу, байсалды, мінсіз де маңғаз қозғалыс» деп суреттейді. М.Әуезовтің бірнеше жылдан кейінгі кескін-келбеті повесть-эсседе былай суреттеледі: «Бұдан бұрын да көп айтылып, көп жазылған, көп бейнеленген жылы жүз. Өр жағы дөңестеу келген айқара қасқа маңдай. Сөз мәнері, әңгіме ағысына қарай тынымсыз түйісіп-жазылып тұратын қас-қабағының астында, ұясы кең, сырт қияғы қысыңқы, мейір мен мархабат жылуына толы ойлы да мұңды сияқтаған, жанары жарық қоңырқай көздер» [6, 22 б.].

Е.Тұрысов «Кеменгердің керуені» атты повесть-эссесінде М.Әуезовтің кескін-келбеті, іс-әрекеті, сөйлеген сөзі арқылы оның табиғи болмыс-бітімін бейнелеуге көбірек көңіл бөлген.

Көркем шығарманың эстетикалық нысанын, идеясы мен тақырыбын ашуда, жазушының шығарма арқылы көрсеткісі келген өмірлік шындығын бейнелеуде, кейіпкер бейнесін сомдауда, жалпы шығарманың мұрат бағдарын айқындауда ең басты құрал тіл болып табылады. Әр жазушының өзіне тән жазу стилін, жазушының ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасын танытатын басты белгі де шығарма тілде жататындығын анық. Қаламгер Еркінбек Тұрысов туындыларының ерекшелігі тіл өрнегімен сабақтасады. Е.Тұрысов шығармаларын оқи отырып, жазушының сұлу сөз, бейнелі образ тудыруға шебер екендіктерін байқаймыз. Қаламгерлер өз ойларын өрнекті сөздермен, бейнелі тіркестермен жеткізуге шебер.

Жазушылық шеберлік әрбір қаламгердің қолтаңбасын анықтайды. Ол ең алдымен шығарманың көркемдік болмыс-бітімінен басталады. Көркемдікке апарар шеберліктің негізгі аясы тіл өрнегінде жатқаны белгілі. Өмірлік жағдайларды суреттеуде қаламгер Е.Тұрысов тіл өрнектерін дәл тауып қолдана білген. Жазушы тіл өрнегіне терең ой, мәнді мазмұн сыйдыра алды. Жазушы қолаңбасынан шыққан «үделі үміттің бір нәзік сәулесіне нұрланған әжімді-аядай жүз», «жаңа туған ай сәулесіне шомылған тау жотасы», «қашқан қоянға мылтық көздегелі аптыққан аңшы», «алаулаған жүрек, астан-кестең ой», «қаншама ұрпақ жанын жібек желдей тербетіп, тәтті нұрға бөлеген құдіреті

Абай әні», «түлкі бұлаңға салған шаң» сияқты бейнелі сөз тіркестері мен сөйлемдер шығарманың ішкі мазмұнын көркемдікпен жеткізуде жазушының суреткерлік шеберлігін байқатады.

Жазушы Еркінбек Тұрысовтың Әуезовтен тыңдаған тоқсан минуттық лекциясы автор үшін өмірлік мәні бар оқиға болады. Тоқсан минуттық Әуезов университетін тамамдағандай сезімде болған Еркінбек Тұрысов «ұлы кемеңгерден бір өмірге жетерлік жолдамады алып келе жатқандаймын. Рухани дипломым, тозбайтын, сарқылмайтын өмір дипломым қойнымда емес, жүрегімде» деп ой толғайды. «...ай маңдайы жарқырап, сәл езу тарта жымиып, ғибрат-ізетпен сәлем бере» кіріп келген Әуезовпен жазушының Оңтүстікке жасаған сапарында қайта қауышуы «көңіл құсы биікке, тым алысқа шырқыраған» Тұрсынбек аға үшін өмір мектебі болады.

Е.Тұрысовтың «Кеменгердің керуені» атты естелік эссесі арқылы М.Әуезовтің ел мен жер тарихына терең мән беріп, Қаратау өңірінің шежіреге толы елді мекендеріне үлкен құрметпен, зор сүйіспеншілікпен қарағанын байқаймыз. М.Әуезов әрбір кездескен ел қоныстарының аттарын сұрап, онда өткен елеулі оқиғаларға қызығушылық танытып отырған. Келіншектау туралы аңыз, Бабаатадағы Үміт қыз оқиғасы, көне Құмкент пен оған іргелес орналасқан ежелгі Бабаата мешіт-медресесі сияқты ел тарихы ұлы жазушының назарынан тыс қалмаған.

Жазушы эсседе өткен күндерге көз жүгірте отырып, әдемі естеліктен сыр шертеді. Жазушы эсселерінде автордың көңіл-күйі, ішкі сезім иірімдері мен ой толғаныстары өзара үйлесім тауып жатады. Сондықтан да «жүрекке жылы тиетін лиризм» жазушы Е.Тұрысовтың эсселеріне тән қасиет.

«Кеменгендің керуені» атты повесть-эсседе жазушының туған жерге деген құштар көңілі көрініс тапқан. Аңызға айналған Келіншектау, Қаратудың ең биік шоқысы Мыңжылқы, Майбұлақ тау өлкесі, Мұзбелдің биігі, көгілдір Боралай, Бөген сулары, салқын самалды Сарыарқаға ұласқан елді мекен, қастерлі Қаратаудың биігі мен сай-саласына сағымдай ұласып жатқан ұлан ғайыр дала жазушы үшін ең қымбат, ең аяулы өлкелер. Арыстанды-Қарабастың қара дауылын «Қаратаудың майда жібек самалы» деп қабылдайтын жазушы үшін туған жердің әрбір тасы қастерлі. Ел мен жердің қадірін білетін жазушы үшін тарихы терең көне Құмкент, қасиетті Қаратау қойнауы, шежірелі Созақ – ата-бабадан мұра болып қалған баға жетпес ең асыл қазына.

Повесть-эсседе жазушы әртүрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кейіпкер бейнесін ашуда шеберлік танытқан. Қаламгер кейіпкерінің кескін-келбетін жасауда ерекше қолтаңбасымен ерекшеленеді. М.Әуезов сынды ұлы тұлғаның бейнесін оның портретін жасау арқылы да ашып көрсетеді. «Өр жағы дөңестек келген айқара қасқа маңдай. Сөз мәнері, әңгіме ағысына қарай тынымсыз түйісіп-жазылып тұратын қас-қабағының астында, ұясы кең, сырт қияғы қысыңқы, мейір мен мархабат жылуына толы қолы да мұңды сияқтанған, жанары жарық қоңырқай көздер», «Бұрынғы өз келбетіне жарасқан маңдайды айнала көмкеріп, қос самайды өрлеп асау толқындай өрге тулап жатқан көкбұйда шашы селдіреп, қиялай құлап жатыр» [6, 22-23 бб].

Шығарманың эстетикалық мәні, оқырманға әсері оның көркемдік деңгейіне, көркемдік құнарлығына байланысты. Кейіпкер бейнесін жинақтауға ықпал ететін көркемдік әдістер, бейнелеуші-көркемдеуші құралдар жүйесі, кейіпкер мінезін жасаудағы бейнелеу құралдарының қолданылу аясы, шығарманың жалпы көркемдік болмыс-бітімі жазушы Е.Тұрысов шығармашылығында үлкен жетістігімен көзге түседі. Қазақ әдебиетінде Е.Тұрысов өзіндік үрдісімен, өзіндік қолтаңбасымен танылған қаламгер.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/ Бас. ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 704 б.]
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 352 б.
3. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1999. – 321 б.
4. Ергөбеков Қ. Баянғұмыр. – Алматы: Жазушы ,1991. – 232 бет.
5. Д.Ысқақұлы Сын жанрлары (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1999, - 321 б.
6. Е.Тұрысов. Мәңгілік сарын. Шығармалары. – Алматы: «Айғаным» баспа үйі. 2016, - 342 б.

ӘОЖ 821.512.122

ЖАЗУШЫ ЗЛИХА ЖАНТАСОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Халикова Н.С. ф.ғ.к., аға оқытушы, Әбдіғаппар А. Т., магистр-оқытушы
Далабаева Д.Х. 117-38 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье в качестве предмета анализа представлены рассказы писателя З. Жантаса, вошедшие в сборники «Жанымның жаз ғұмыры» («Лето моей души», «Тағдыр биі» («Танец судьбы»). В рассказах писателя авторская идея всегда связана с человеческой моралью, добродетельностью, нравственностью. Автор учит благородству, призывает к духовной гармонии в противовес прожигания жизни впустую. Рассказы З. Жантас заставляют задуматься о ценностях человеческой жизни. В статье рассматриваются идеи и темы рассказов, особенности стиля писателя, художественные особенности, самобытность творчества автора.

Summary

The article presents as a subject of analysis the stories of the writer Z. Zhantas, included in the collections "Zhanymnyn zhaz ұmyry" ("Summer of my soul", "Tagdyr bii" ("Dance of fate"). In the writer's stories, the author's idea is always associated with human morality, virtue, morality.The author teaches nobility, calls for spiritual harmony as opposed to wasting life in vain.The stories of Z. Zhantas make you think about the values of human life.The article discusses the ideas and themes of the stories, the features of the writer's style, artistic features, the originality of the author's work.

Өңірімізден шыққын жазушы Злиха Жантасованың әңгімелерін оқи отырып, адам өмірінің нәзік иірімдерін көз алдымызға келтіреміз. Жазушының әрбір кейіпкерінің ішкі әлемінен ақтарылған сыр сандық адами

құндылықтардың құпиясын ашып жатады. Жазушы қысқа жазады, терең ой толғайды, сезім толқындарына ерік береді.

Жалпы әңгіме жанры ең қиын жанрлырдың бірі екендігі бәрімізге аян. Оның себебі, көлемі қысқа әңгіме өз бойына сөз өнерінің ауыр жүгіні артып, үлкен мәселелердің күрмеуін шешіп жатады. Қысқа жазылады, бірақ алыс армандарға жетелейді. Оқиға қысқа қайырылады, бірақ адам тағдырының ең бір маңызды мәселелерін сөз етеді. Әңгіме жанрының қыр-сырын меңгерген Злиха қаламы қарымды. Сөз өнерінің қыр-сырын терең зерттеген ғалымдар А.Байтұрсынов [1], Қабдолов З.[2] әңгіме жанрының жанрлық ерекшелігін атап көрсеткен.

Әңгіме жазуға өз өрнегімен келген жазушы Злиханың туындылары өмірмен өзектес болып келеді. Шығармаларында кейіпкер тағдырын шебер суреттей отырып, жазушы адам өмірінің маңыздылығын алға тартады. Адамның күрделі ішкі табиғатын, дүниетанымын, өмірге деген өз көзқарасын көркем әңгімелейді. Автор адам жанының алуан түрлі сырын ашуға ұмтылады. Жазушының «Жанымның жаз ғұмыры» [3], «Тағдыр биі» [4] атты кітапраты жарық көрді.

Злиха әңгімелерінен психологизмнің әдемі үлгісін көреміз. Жазушы «Баспана» атты әңгімесінде кейіпкерінің ішкі көңіл-күйін терең бере алған. Әңгімеде Гүлжанатың әке-шешесінен қалған қасиетті қара шаңырағы опырылып құлаған сәттегі ішкі күйзелісі шынайы суреттелген. Сонымен қатар, Зылиха әңгімелері сағынышқа толы. Әңгімелерін оқи отырып, кейіпкерлерінің сезіміне, көңіл-күйіне барлау жасайсыз. Кейіпкерінің сезімге толы нәзік көңіл-күйін, кейде жазушының қиялынан туған таным айшығын да байқайсыз. Жазушының сезімге құрылған әңгімелері оқырманды бірде ойға жетелесе, бірде қиялға алып кетеді. Тау әні, тау әнін іздеген қыз. Тау әнін таптым деп, тауда ән шырқаған кейіпкер. Қыздың мұңлы әнін қабылдамаған қара тас. «Сырға толып сылдырап аққан бұлаққа айналып кеткен» арманшыл қыз. Міне, Зылиханың бізді қиялға алып баратын сәттері осылар.

Зылиха әңгімелері өмірдің өзінен дайын болып келгендей әсер береді. Кейіпкерлері оқырманмен сырласып, мұңдасып жатады. Олар тағдыр тауқіметін көп көрген, бірақ тағдырының тәлкегіне мойынсұнбайтын қасиеттерімен ерекшеленеді. «Мейірім» атты әңгімесіндегі кішкентай Сағыныштың өзі жастайынан анасынан айрылып, тағдырының қиын кезеңдерін басынан кешсе де, оның өмірге деген үлкен үміті өшпейді. Бала көңілімен құдайға хат жазып, анасының сауығып кетуін тілеген Сағыныштың әңгіме бойындағы іс-әрекеті шынайы, көңіл-күйі мен ішкі толқыныстары әсерлі берілген.

Зылиха кейіпкерлерімен бірге сағынышқа толы мұңға беріліп кеткеніңді де байқамай қаласың. Өйткені жазушы кейіпкерлері сезімтал, арманшыл, мұңшыл. Мынау мүлгіген мылқау тірліктен, «бірыңғай мазмұнсыз тіршіліктен» мезі болған олар бұл өмірден түңіле қашып, жалғыздықпен табысады. Жан дауасын бірі өнерден тапқандай болса, бірі алданыш сезімнің шырмауынан шыға алмай қиналады. Суретші Гүлжанат өмірінің бар мән-мағынасы бейнелеу өнерімен байланысты. Көңілінің күңгірт көріністері оның салған суреттерінің

бояуларынан, таңдаған түстерінен де байқалып жатады. Оның суреттері «мұңлы, қара бояуы қоюлау». Автор «жарқыраған ашық суреттер мұның табиғатымен үйлеспей, бояулары күреңітіп тұратын» деп баяндайды. Өміріне жарық сәуле түсіргісі келген Гүлжанат «Тіршілік», «Баспана» атты суреттер салады. Бұл екі сурет мағыналық жағынан өзара ұқсас әрі Гүлжанат тағдырының куәгеріндей, кейіпкердің өткен күндерінің елесіндей. Ал «Сағым арман» атты әңгімедегі Саға болса, үйдің қабырғасына арманға айналған сәби бейнесін салып, оны «Балпанақ» деп атайды. Өзінің көңілін өзі жұбатқандай болып сағым сезімдерге бой алдырады. Осылайша Зылиха әңгімелеріндегі кейіпкерлер өздерінің бұл өмірдегі жалғыздығын сезінеді. Адам мен сыртқы әлемнің сәйкессіздігін түйсіне келе, кейіпкер рухани дағдарысқа түседі. Автор адам жанының күйзелуі, уайымға түсуі сияқты мәселелерге терең мән беріп, одан шығу себептерін іздеді. Жазушы сезім тазалығын, адам бойындағы асыл қасиеттерді шыншылдықпен бейнелеуге ұмтылады.

Зылиха өмір шындықтарының шынайы көркем бейнесін жасай алған. Әрқилы тағдырларды әңгімесіне өзек еткен ол бүгінгі күннің негізгі мәселелерін көтереді.

Жазушы әңгімелерінде авторлық идея үнемі адами мораль, имани іс-әрекеттерге бастайды. Адамдарды ізгілікке үйретіп, күйкі тіршіліктен гөрі рухани үндесуге шақырады. Сондай-ақ Зылиха әңгімелері адам өмірінің құндылықтары туралы ойларға жетелейді. Шығармалары – қарапайымдылық пен қатыгездіктің бітпес күресінің көркем суретері іспетті әсерде қалдырады. «Ол әлі іздеп жүр» әңгімесіндегі жарық дүние бұйырмаған баласын іздеген Айжамалдың халі аянышты. Әңгімеден өмір шындығын қабылдағысы келмеген ана бойындағы аналық махаббатының үлкен сезімдерге алып баратынын байқаймыз.

Әңгімелерінде көрініс тапқан тау бейнесі арқылы да жазушы айтар ойын түйіндеп, адам өмірінің жалғыздығын жалғыз таудың тағдырымен сабақтастыра суреттейді. Ал «түн еркесі Айды» Саға қыздың жалғыздығымен қатар қоя бейнелеген жазушы кейіпкерінің ішкі дүниесінде, жан әлемінде болып жатқан психологиялық иірімдерді сырлы сөздермен суреттеп жазады. Бейне бір адам тағдырын суретті сөзбен салып жатқандай.

Жазушы кейіпкерлерінің жан дүниелерінен сағынышқа толы сезім толқындары толқып тұрады. Оның кейіпкерлерінің тағдыры жұмбаққа толы болып келеді.

Злиха әңгімелері әдеби процеске еніп жатқан оқшау құбылыс. Оның алғашқы шығармашылық қаз-қадамы әңгімеден бастау алды. Шығармалышық жолы әңгіме жазумен жалғасуда. Әңгіме – күрделі жанр. Көлемі жағынан мүмкіндігі шамалы қысқа әңгіменің бойына тұтастай авторлық идеяны сыйғызу, тақырыпты жан-жақты ашу, оқиға желісін өмір шындықтарымен сабақтастыра жазу үлкен шеберлікті қажет етеді.

Адам жанының сезім-толқындарын шертетін лирикалық нәзіктік, психологиялық мөлдірлік, сыршылдық әуен – қаламгер Зылиха Жантасова қаламына тән қасиет.

Шығарманың эстетикалық мәні, оқырманға әсері оның көркемдік деңгейіне, көркемдік құнарлығына байланысты. Кейіпкер бейнесін жинақтауға ықпал ететін көркемдік әдістер, кейіпкер мінезін жасаудағы бейнелеу құралдарының қолданылуы, шығарманың жалпы көркемдік болмыс-бітімі Злиха прозасында үлкен жетістіктерімен көзге түсуде. Зылиха көркем ойлайды, өрнекті жазады. «Сұлбасыз ой», «жалқы мұң», «мұнарлы мұң», «күміс тамшылар ботадай жанарынан сырғып барады», «қара түннің қара шашы», «ащы мұң аралас күлкі» т.б. осындай ой оралымдары Злиха қаламының қарымды екенін тағы да бір дәлелдей түсетіні анық.

Злиха қаламынан туындаған «Перзентхана» атты әңгімесінде дүниеге келген перзентіне аналық махаббатпен қамқорлық жасаған Аягөздің ең бір бақытты сәттері әңгіме болады. Зиханы бүгінгі туылған күнімен құттықтап, оған кішкентай перзенті Ерасылдың қызықшылығын көре бер деген тілек білдіремін. Злиха шығармашылығың шарықтай берсін. Саған өмірдегі бар жақсылықты тілеймін.

Жалпы Злиха қазіргі әдеби процесте өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан жазушы. Злиха әңгіме жанрының коп қалам тірейді. Ең бірінші әңгіме жанырының қыр-сырына тоқталып өтейін. Әдебиетте өзге жанрларға қарағанда, әңгіме ең қиын жанрлырдың бірі. Оның басты себебі көлемі қысқа әңгіме өз бойына сөз өнерінің ауыр жүгіні артып, үлкен мәселелердің күрмеуін шешіп жатады. Қысқа жазылады, бірақ оқырманын алыс армандарға жетелейді. Оқиға қысқа қайырылады, бірақ адам тағдырының ең бір маңызды мәселелерін сөз етеді. Осы тараптан Злиха қаламы қарымды деп айта аламын. Әңгіме жазу жазушыға үлкен шеберлікті қажет етеді. Роман, повестердің көлемі үлкен болғандықтан олардың образ ашудағы, авторлық идеяны жеткізудегі, көркемдік әдіс-тәсілдерді толық қандық қолдануға мүмкіндігі үлкен. Ал әңгіме қысқа жазылғаннан кейін авторлық идеяны жеткізуде, кейіпкерлердің бейнесін ашуда, көркемдік тәсілдерді шебер пайдалануда жазушының шеберлігі қажет.

Жалпы Злиха қазіргі әдеби процесте өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан жазушы. Злиха әңгіме жанрының коп қалам тірейді. Ең бірінші әңгіме жанырының қыр-сырына тоқталып өтейін. Әдебиетте өзге жанрларға қарағанда, әңгіме ең қиын жанрлырдың бірі. Оның басты себебі көлемі қысқа әңгіме өз бойына сөз өнерінің ауыр жүгіні артып, үлкен мәселелердің күрмеуін шешіп жатады. Қысқа жазылады, бірақ оқырманын алыс армандарға жетелейді. Оқиға қысқа қайырылады, бірақ адам тағдырының ең бір маңызды мәселелерін сөз етеді. Осы тараптан Злиха қаламы қарымды деп айта аламын.

Әңгіме жазу жазушыға үлкен шеберлікті қажет етеді. Роман, повестердің көлемі үлкен болғандықтан олардың образ ашудағы, авторлық идеяны жеткізудегі, көркемдік әдіс-тәсілдерді толық қандық қолдануға мүмкіндігі үлкен. Ал әңгіме қысқа жазылғаннан кейін авторлық идеяны жеткізуде, кейіпкерлердің бейнесін ашуда, көркемдік тәсілдерді шебер пайдалануда жазушының шеберлігі қажет.

Злиха өз әңгімелері арқылы оқырманымен терең сыр шертіседі. Жазушы шығармаларындағы әрбір кейіпкердің ішкі әлемінен ақтарылған сыр сандық

адами құндылықтардың құпиясын ашып жатады. Жазушы қысқа жазады, терең ой толғайды, сезім толқындарына ерік береді. Осылайша, Злиха өмірлік шындықтарды көркемдікпен әңгімелейді.

Злиха әңгімелерінен терең психологизм мен нәзік лиризмнің әдемі үлгісін көреміз. Зылиха әңгімелері өмірдің өзінен дайын болып келгендей әсер береді. Кейіпкерлері оқырманмен сырласып, мұңдасып жатады. Олар тағдыр тауқіметін көп көрген, бірақ тағдырының тәлкегіне мойынсұнбайтын қасиеттерімен ерекшеленеді.

Злиханың «Тағдыр биі» атты әңгімесі ұлкен өмірлік шындықты сөз еткен әңгіме. Бүгінгі таңда қазақ қоғамының жан жарасына айналып бара жатқан, қанына сіңіп қалыпты жағдайға айналып жатқан бұл мәселе кімді болса да бей жай қалдырмайды. Қарттар уйіндегі бір сәттік уақиға оқырманын сан қилы сұрақтарға жетелейд. Асқар тауәкелелерін, асыл аяулы аналарын қарттар үйіне өз қолдарымен апарып тастап жатқан қаншама азаматтарымыз бар. Қартайған шағында қара шаңырағының тқрінен орын алу керек ата апаларымыз қарттар үйінің босағасын аттап, төріне жайғасуда. Бұл жағдай бүгінгі таңда қалырты жағдайға айналып барады. Қарттар үйінің терезесіне телміріп, есігінің ашылып-жабылғанын қаяу көңілімен бағып отырған қаншама қарттарымыз бар. Көңілдеріне қаяу түскен қарттар тағдырына сабырлықпен қарап, жалғыздықты өздеріне серік етіп жүр. Әрине бұл өте аянышты. Қартайған шақта өз үйі оларға тарылып, орын таппайтын жағдайға жетіп жатыр. Немерелерін еркелетіп, иіскеу бақытынан айырылған қарттардың ішкі сыры бір өздеріне ғана аян. Олардың бойындағы өкпе-реніш үмітпен жалғасын тауып жатады. Жақсылықтың боларына, балаларының әлі де алып кететініне сенеді. Бірақ өкінішке орай олай емес. Безбүйрек бала, мейірімсіз қыз қарттар үйіне қарай мойын да бұрмайды. Қартайған шағында бақытқа қол жеткізген кезде қараусыз қалады. Дүниені, байлықты, атақ пен мансапты әке-шесесінен артық қойған мейірімсіз ұрпақ өсіп келеді. Қарттарға не керек? Оларға байлық та дүние де қажет емес. Тек жылулық пен мейірім керек. Әңгімеде кездесетін «Ақ шашты аналар, салмақты, қайғыны көтеруге үйренген байсалды кескіндер», «Иман дүниелері кемелденер кез келер», «Айналайын, ақсақалым. Батаны өз қарашаңырағында беріп, кеңес беріп отырса ғой» деген сөйлемдер арқылы жазушы жаны жай таппай, жүрегінің түбінде бір мұң бар апалап мен қариялардың жай күйін суреттейді.

Жалпы әңгіме жанры ең қиын жанрлырдың бірі екендігі бәрімізге аян. Оның себебі көлемі қысқа әңгіме өз бойына сөз өнерінің ауыр жүгіні артып, үлкен мәселелердің күрмеуін шешіп жатады. Қысқа жазылады, бірақ алыс армандарға жетелейді. Оқиға қысқа қайырылады, бірақ адам тағдырының ең бір маңызды мәселелерін сөз етеді.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.– 208 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы; Қазақ Университеті, 2002. – 352 б.
3. Жантасова З. Жанымның жаз ғұмыры. – Шымкент, Ордабасы баспасы, 2011. – 208 б.
4. Жантасова З. Тағдыр биі. – Шымкент, «Әлем» баспасы, 2019. – 104 б.

ӘОЖ 821.512.122

Р.ТҰРДАЛИЕВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ ОЙ МЕН КӨРКЕМДІК ТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ

Халикова Н.С. ф.ғ.к., аға оқытушы,
Турабекова Б.М. 117-28 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается творческие поиски поэта Турдалиевой Р. Анализируя особенности создания приемов национальной поэзии, дана оценка художественно-эстетическому изысканию поэзии Р. Турдалиевой. Определена роль и место поэта в литературном процессе, особенности художественного мастерства и художественных приемов поэта. В статье рассматривается поэтическая мысль и проблема художественного познания в произведениях Р. Турдалиевой.

Summary

This articleexamines thecreative search for the poet R.Turdalieva. Analyzing the features of creating techniques of national poetry, an assessment was given to the artistic and aesthetic research of R. Turdalieva's poetry. The role and place of the poet in the literary process, the features of artistic skill and artistic techniques of the poet are defined. In the article poetic thought and the problem of artistic knowledge in works by R. Turdaliyeva.

Роза Тұрдалиеваның ерекше талғам иесі екенін осы кітаптарының тақырыбынан-ақ аңғаруға болатын тәрізді. Алғашқы жыр жинағы туралы: «Көзотаға. Бұл атау тілімізде көнерген сөздерге жатады. «Көзотаға» деп патшалар мен ханзада, ханшалардың бас киімінің маңдайына тағылатын гауһар тасты айтады. Бұл гауһар тас яғни көзотаға патшалықтың белгісін білдірсе керек. Менің кітап атауынан ұққаным, Роза поэзия өлкесінің ханшасы. Розаның «Көзотағасы» - оның жырлары»,-дейді ақын Әбілда Аймақ.

Екінші жыр жинағының тақырыбы туралы сыршыл ақынның өзі: «Сәуір самалы» жинағының атауын мен сәуір айында туғандықтан емес, жалпы өзім өмірді осындай сәуір самалындай қабылдағым келді. Тағдырдың қатты аязынан соң міндетті түрде сәуірдің саялы самалы соғарын естен шығармаған жөн»-дейді.

Тұңғыш жыр кітабы «Жан самалы» және «Таң самалы» деген екі бөлімнен тұрады. Аттары айтып тұрғандай, әр бөлімнің айтар ойы, өзіндік идеясы бар. Алғашқы тарауын ақын «Көңіл қоңырауы» деген өлеңімен бастап, «Жас жесірдің монологы», «Күнделік», «Сол бір сәт», «Жалғыздық», «Сағыныш», «Бір есім», «Махаббат құдіреті» т.с.с өлеңдерімен жалғайды. Бұл жырлардан сезімге ерік берген қыз махаббатын, әйел тағдырын, жесір қалып жатқандардың жан жарасын ақын лирикалық кейіпкер арқылы суреттейді. Дәл өзін айтылған кейіпкердің орнына қойып кейіптеп, өлеңмен тағдырын өмірдегідей етіп жеткізе білген. Ақынның қай өлеңін қарасаңыз да бір еркіндікті, тұнып тұрған сезімді аңғарасыз. Мысалы «Жанымның мөлдір бұлағы» атты өлеңінде:

Сен арқылы ертеңіме құмартып,

Асығамын, қайтем босқа кінә артып.
Атақ, мансап қуып ғұмыр кешкенше,
Махаббаттан азап шеккен күн артық, [1, 36 б.] - деп келтіреді.Махаббаттың құдіретін қызыметінен жоғары қойып, мансаптан жанына медет таппайтынын біліп, жүрек қалауына ерік беріп «махаббаттың мұңын» көркем түрде келтіре білген.

Қазақ поэзиясынан терең сусындаған Роза Тұрдалиева қандай тақырыпта болмасын еркін сөйлеп, оны барынша аша білді. Екінші бөлімінде ақын туған жер табиғаты мен қоғамда орын алып жатқан оқиғалар, кейбір адамдардың тағдырын өз өмірімен қатар қойып тебірене жырлайды. Мысалы, «Тіршілік», «Түнгі жаңбыр», «Сахнадағы толғаныс», «Туған жер – Алтын тұғырым», «Ұқсасық», «Көгілдір бәрі» секілді жырлары тым күрделі тіршілікті, азапты жолды таңдаған аруды, тағдырға бағынған жанның бейнесін өз өлеңдерінде бейнелей білді.

Өзі таңдаған жолды ешкім түсінбесе де, қолдау білдіріп қолпаштамаса да ақын өзінің таңдауына өкінген емес. Керсінше «Өлең... Өмір», «Өкінбеймін», «Шабыт» сынды өлеңдері ақынның жан жарасын жазып, дертіне дауа болды. «Азапты жолды таңдадым» деген өлеңінде ақын:

Шабыт толғап қысқанда қиналамын,
Шамамды өлшеп өлеңге иланамын.
Көп көргендей бұл күнді, ұға алмадым,
Ақындықты несіне сыйлағанын.

Көрмейсің бе, сол үшін кінәлі боп,
Дос-жаранның жайымды ұғары жоқ.
Өлең болып өрілген өмір маған [2, 5 б.].

«Өлең жазбай, бәрібір тынарым жоқ» деп өлеңсіз өзіне өмір жоқ екенін, қаншама қиын, азапты жол болса да ақын жанының қалауы өлең екенін, поэзияның жолының ауыр, киелі екенін біле тұра поэзия аруы осы ауыр жолда әлі күнге дейін шабытпен шайқасып, талай ұйқас үшін түнін ұрлатып келеді.

Тірлігі қауырт қаланың,
Тарылып тыныс барамын.
Ауылға кеткім келеді,
Сағындым сәуір самалын. [2, 10 б.].

Өлең жолдарынан байқағандарыңыздай ақынның екінші жыр жинағы «Сәуір самалы» талай тағдырлардың тоғысқан жері, қыз мұңы мен жауапсыз қалған махаббаттың мекені, сағыныштың уайымға айналып, айналаның өзгерісін бейнелеген жырлардың жазылуының әр қайсысының өзіндік тарихы болса керек. Бұл кітап туралы ақын М. Байғұт «Махаббат кітабы, мұң кітабы»-деп баға берген болатын. Расында ақынның мұңы көп: қыз мұңы, әйел мұңы, ана мұңы, ақын мұңы... бәлкім осы мұңның арқасында махаббатпен талай жырлар жазылған да шығар... «Дәрменсіз қыз монологы» -деген өлеңінде ақын қыз мұңын:

Жылай бер, жүрек, мейлі егіл,

Қатқан шер жібіп, ерісін.
Жетпеген арман кегі үшін,
Жанардан жасым төгілсін, [2, 11 б.] - деп қыз арманының тазалығын, орындалар күн келерін, оған өзі сенерін көрсетіп, ызаға булыққан жүрегіне ерік беріп көз жасын көмекке шақырған секілді көрінеді.

Өзі «әйел тілінің ерекшеліктері»-деген тақырыпта ғылыми жоба жазып, әйелдер лексиконына тән ерекшеліктерді ашып, ым-ишарасының мәнін талдап түсіндіре білген ақынның өзінің де тіл ерекшелігінде ешкім қолданбағанын тіркестер мен тауып айтқан теңеулері жырларын өзге ақын өлеңдерінен өзгешелеп тұрғандай.

«Сәуір самалы» жыр жинағы «Өмір нұры», «Тағдыр жыры» атты екі бөлімнен тұрады. Тақырыптар аясына тоқталсақ ақынның нәзік қаламыннан туған туынды артында үлкен күштің барын аңғаруға болады. Өмірдің қиынын, қайғысы мен мұңын сәулелі нұрға айналдыра білген ақын жаны өмірдің ғажайыбына сенгендей. Тағдыр-талас, мойынсыну мен ақталудың орнына тағдырды жыр арқылы өз жанына жақын қабылдай білді. Жүрегіндегі жырды жеңішке қаламмен қағаз бетіне өрнектеді.

Ақын өлеңдерін түрлі тақырыпта түрлендіре білді. Әр өлеін әсерлеп, жүректен жүрекке жеткізе білді. Ақынның жүрегін жарып шыққан жыр жолдары көбіне махаббат тақырыбына арналды. Туған жер, Отан, Отбасы, Тағдыр арнасынан да алыс қалмады.

Махаббат – мәңгілік жұмбақ. Сол жұмбақ күйімен қала бермек. Махаббат дейтін сезім кез келгеннің еншісіне бұйыра бермес. Оның екінің біріне қона салар бақ емес. Ақынның ақыны, ақынжандының ақынжандысы, «мың оқырманға татитын бәр оқырман» ғана сезінуі мүмкін.

Саусақ ұшын саусағыма тигіз де,
Енді маған мұң көйлегін кигізбе.
Алып кетші иемденген қалпында,
Мені, тіпті самалға да сүйгізбе. [2, 47 б.].

Ұлттық поэзия әлеміне өзіндік өрнегімен келген ақын апайларымыздың бірі – Тұрдалиева Роза Сапарбекқызы. Түрдалиева Роза туылған. Жастайынан қара өлеңнің қасиетін терең түсініп, поэзияның нәзік иірімдерін тебіреніспен еркін жырлай білген ақын өлеңдерінен лиризмнің әдемі үлгісін байқаймыз.

Әдебиет әдемінде поэзия – өте нәзік жанрдың бірі. Поэзия адамның жүрегіне жылы тиіп, көңілін толқытады, жан-дүниесін тербейді.

Қашанда ой мен сезім, өмірлік шындық пен жазушы қиялында қорытылған көркемдік таным әдебиетте ажырамас бірлікте көрінетіні белгілі. Роза ақынның өлеңдері де өмірмен өзектес туындаған. Ақын жыр жолдары арқылы өзінің көңіл-күйі мен сезімін ақтара отырып, өмір белестерінен сыр шертеді.

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» Тұрдалиева Розаның поэзиясы ақынның өз өмірімен тамырлас туындаған. Ақын өлеңдерінен оқырман өз тағдырын көреді, өз көңіл-күйі мен сезім иірімдерін байқайды. Өлең өнеріндегі өзіндік қолтаңбасы Роза ақынның ешкімге ұқсамайтын даралығын байқатады. Ақынның өлең жолдары адам тағдырының небір иірімдерін көркемдік нәрмен,

сыр-сезімге толы шындық сипаттарымен жырлауы арқылы даралана түседі

Ақынның алғашқы жыр жинағы «Көзотаға», оқырман назарына ұсынылған екінші жыр кітабы «Сәуір самалы» деп аталады. «Сәуір самалы» деп аталатын жыр жинағы – «Өмір нұры», «Тағдыр жыры» деген екі бөлімнен тұрады. Ақынның балалық шағына деген сағынышы, туып өскен туған жеріне деген ыстық ықыласы, көңіл-күйі мен сезім толқындары және махаббат жырлары осы жинақта өлең иірімдері арқылы өрілген.

Роза Тұрдалиеваның «Жыр бұлаққа айналдым» атты өлеңінен ақынның шынайы болмысын танимыз. Табиғаты ерен, ерек лирикалық кейіпкер гүл жырдан жаратылған. Ақын үшін атақ-даңқ маңызды емес, ақын жүрегінің қалауы ақындық өнер, жыр жазбалар. Осылайша ақын өз өлеңінде «жүрегіме жыр тұндырып, жыр бұлаққа айналдым» дейді.

Ақын өлеңдеріндегі лирикалық қаһарман ішкі ойын ақтарып салады. Авторлық монолог арқылы өзінің жан дүниесіндегі сезім-толғаныстарын, ішкі ой-тұжырымдарын көркем суретке айналдырады. Яғни ақын өз атынан жыр толғайды. Ақын өз өмірінен көп сыр шертеді, олай болса, ақын өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер ақынның өзі. Роза әпкеміздің өлеңдері көңіл күнделігі болып ақ қағаз бетіне түсіп отырады.

Әдебиеттер

1. Тұрдалиева Р. Көзотаға. – Шымкент: Жібек жолы, 2000. – 195 б.
2. Тұрдалиева Р. Сәуір самалы. – Шымкент: Кітап, 2009. – 120 б.

ӘӨЖ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Абилдаева А.Д. магистр – оқытушы
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік
педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Ерубай А.Б. 1701-49 оқу-тобының студенті

Резюме

В статье рассказывается о вкладе Ахмета Байтурсынова в литературоведение как основателя казахской литературоведческой науки. Наряду с поэтичностью А. Байтурсынов обладает высокими учебными способностями. Также в статье рассказывается о месте исследовательских работ ученого в современной литературоведческой науке.

Summary

The article describes the contribution of Akhmet Baitursynov to literary studies as the founder of the Kazakh literary science. Along with poetry, A. Baitursynov has high educational abilities. The article also tells about the place of the scientist's research works in modern literary science.

Халық тарихынан ойып тұрып орын алып, «ұлттың ұстазы» болып есептелген Ахмет Байтұрсынұлы халқымыздың маңдайына біткен жарық жұлдыз, ақын, көрнекті ғалым, белгілі түркітанушы, сондай-ақ аудармашы,

педагог, әдебиет зерттеушісі, қоғам қайраткері. Тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы да - Ахаң. Ұлттық жазуымыздың реформаторы да - сол. Қазақтың кәсіби журналистикасын қалыптастырған да - Ахаң. Ұйықтап жатқан халқын сөзбен шақпақ болып азаттық пен бостандыққа ұмтылған да - Ахаң. «Оқ тиіп он үшінде, ой түсірген» Ахмет Байтұрсынұлының бүгінде туғанына 150 жыл, яки бір жарым ғасыр толып отыр. Ахаңның жыл өткен сайын шоқтығы биіктей беретін, қасиеті арта беретін құнды еңбектері бүгінгі әдебиеттану ғылымының түп тамырына айналып, бастау алар қайнар бұлағы болып отыр. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлын біз қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы бірегей тұлға деп қарастырамыз. Қазақтың кәсіби журналистика саласын қалыптастырған қайраткердің «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» деп өзі редакторы болып, «Қазақ» газетіне жариялаған «Қазақтың бас ақыны» атты ұлы Абай туралы мақаласы әдебиеттану ғылымындғы алғашқы зерттеген еңбектерінің бірі болып табылады. Онда «Ақындардың ақыны» Хакім Абайдың рухани жан әлемі, өмірлік мақсаты, өлеңдерінің құндылығы мен маңыздылығы баяндалған. Абайдың шығармаларының аз ғана сөзге көптеп мағына үстейтінін, ойының тереңде жатқанын, сыншылдығы мен сыршылдығын танытады.

Ахаңның әдебиеттанудағы ең негізгі еңбегі - «Әдебиеттанытқыш». «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да Ахаң: Көріктеу, меңзеу, ауыстыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу ... – осылардың бәрінің түп тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдиінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы».[1]

«Әдебиет танытқыш» - қазақ әдебиеттануындағы әдебиет теориясы бойынша қазақ тілінде жарық көрген алғашқы еңбек. Әдебиет – сөз өнері. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып жалғасы тауып келе жатқан асыл мұрасы. Ғалымның бұл еңбегі әдебиетіміздің даму кезеңдерін нақты ғылыми тұрғыда саралап берді.

«Әдебиет танытқыштың» негізгі құрылымдық ерекшеліктері:

1) Әрбір тараулардың, тақырыптардың, тұжырымдардың қасиетін анықтамасына сай баяндап отырған. Мәселен, романды ұлы әңгіме деп атаса, повесті ұзақ әңгіме, ал әңгімелерді ұсақ әңгіме деп атау берген.
2) Кез келген тақырыпқа, тарауға келгенде ғалым ең алдымен тақырыптың өзінің мағынасын ашып алады. Әдебиет – асыл сөз өнері туралы баяндамас бұрын өнер деген ұғымның өзіне тоқталып өтеді, одан соң, сөз өнерінің негізгі ерекшелігі арқылы тақырыпты айқындайды. «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ мал баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан».[2]
3) Оқушы бойына көркемдік-эстетикалық талғам қалыптастыруды күрделі тақырыптарды ұғындырудан бастайды. Ғалым сөз өнерінің үш негізге сүйенетінін атап көрсетеді. Біріншісі – ақыл, екіншісі – қиял, үшіншісі –

көңіл. Ақыл аңдаса, қиял меңзейді, ал көңіл осыларды санаға түйеді. Тілдің атқаратын міндеті туралы «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдығанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау»[2] деп келтіреді.

4) Оқушының ойлау қабілеті мен дағдыларын қалыптастырады. «Асыл сөздің» қайдан шыққаны, оның қалай құрылғандығын да аталған еңбекте нақты көрсетілген. «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – шығарма сөз, ол аты қысқартылып, көбінесе шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын – бәрі шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр. Оның бәрін шумақтап бір-ақ атағанда, арабша – әдебиет, қазақша – асыл сөз дейміз».[2]
5) Тақырып, идея, мазмұн мен пішін, яғни қандай да бір тақырып төңірегінде қозғалатын мәселелердің ішкі тұтастық бірлігін қалыптастырады. Бөлек-бөлек етіп емес, тұтастай мазмұнын байланыстырып, бір ойдың желісі арқылы түсіндіріледі.
6) Әдеби терминдер қазақша қалыптасып, оған түсінікті түрде анықтама берілген.

Әдебиеттің негізгі салалары әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны екені белгілі. Ал Ахаң бұл еңбегінде әдебиет тарихына, әдебиет теориясына, әдебиет сынына тұңғыш анықтама беріп, оларды жүйелей білді. Әдебиеттану ғылымына әдеби теориялық терминдердің қазақша баламасын сәтті әрі түсінікті түрде енгізді. Тіл көрнекі болу үшін қолданылатын әдістер деп көріктеу, меңзеу, әсерлеуді көрсетеді. Көрнекілеудің өзін теңеу, ауыстыру деп түрлерге бөледі де, сөз мағынасын ауыстыруды бейнелеу, алмастыру деп қарастырады. Сондай-ақ, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, мезгеуге анықтама келтіріп, мысалдар береді. Әсерлеудің (лептеу) өзін арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу деп бірнеше түрге бөледі. Сонымен қатар, бір ғана дәлел, дүниежүзінде бір ғана арнау деген әдебиет теориясының түрі болса, ал бізде Ахмет Байтұрсынұлы арнаудың сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау атты үш түрін қосып кеткен. З.Қабдолов: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал, басы жоқ дене бола ма?»[4] Әрине, жоқ. Бассыз дене болмайды. Сол секілді Ахаңның бұл еңбегі біздің бүгінгі әдебиеттану ғылымының ең негізгі бастау алар қайнары. Зерттеу еңбектің алғашқы бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» жөнінде болса, келесі екінші бөлім «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» хақында. Алғашқы бөлім бойынша Ахаң тіл әуезділігі, өлең айшықтары мен шумақ түрлері, тармақ пен бунақ, ұйқастық туралы зерттеп баяндаған. Ал келесі екінші бөлім бойынша қара сөздің әуезе, әліптеме, байымдама атты үш саласын көрсетсе, дарынды сөзді әуезе, толғау, айтыс деп үш топқа бөлген. Сын жөнінде «Сын деп адам ісінен шыққан нәрсені тексеріп, баға беруді айтамыз. Сынға салуға болады – ғылымнан шыққан нәрсені де, өнерден шыққан нәрсені де, кәсіптен өнген нәрсені де, қоғамшылықпен құралған нәрсені де»» дей келе, «Әдебиет адам ісінің бір түрінен шыққан нәрсе болғандықтан, бұ да сынға түспек. Мұның түрлісі түріне қарай сынға түседі. Бірақ қайсысы сынға түссе, шығармалардың түсетін

сынының жалпы аты – әдебиет сыны деп айтылады»[2] деп әдебиеттану ғылымының бір саласы болып табылатын әдебиет сынына тоқталып өткен.
Сонымен бірге, бұл еңбекте ауыз әдебиетінің жұмсалу орнына қарай екі саласын – «Сауықтама», «Сарындама» деп атап көрсетеді. «Сауықтаманы» ермектеме, зауықтама деп бөліп қарастырып, ермектемеге ертегі, ертегісімек, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғышты жатқызса, зауықтамаға ертегі жыр, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, термені жатқызады. Ал «Сарындаманы» салт сөзі, ғұрып сөзі, қалып сөзі деп үш тарауға бөледі.
Академик З.Ахметов: «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. ...Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады» [3]
«Әдебиет танытқышта» қазақ жазба әдебиеті туралы зерттеу де берілген. Жазба әдебиетті Ахаң екі дәуірге бөледі: діндәр дәуір, ділмәр дәуір. Діндәр дәуірде діни тақырыпқа байланысты туған өлең-жырларды саралап, жүйелес, ділмәр немесе сындар дәуірінде әуезе яки әңгіме түрлі сөздер, толғау табына қарайтын сөздер, айтыс-тартыс табына қарайтын сөздер деп бөліп қарастырып, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өткен. «Егер Лессинг өзінің «Гамбург» драматургиясында» Аристотель «Поэтикасын» мінсіздік тұрғысынан «Евклид элементтерімен» қатар қойған болса, біз бүгін Ахаңның «Әдебиет танытқышын» Аристотель «Поэтикасымен» салыстырар едік» [4] - бұл З.Қабдоловтың «Әдебиет танытқышқа» берген бағасы. Ахаңның әдебиеттанудағы ғалымдығынан бөлек, тағы бір қыры мысал жанрының қызықты формасын қалыптастырды. Уытты тілмен халықтың әлеуметтік санасын оятуды мақсат тұтқан Ахаңның қалың жұртты оқу-білімге, еңбекке, өнерге шақырып, надандық пен қараңғылықтан, жалқаулық пен енжарлықтан арылтуды көздегенін «Қырық мысал» және «Маса» жинақтарынан байқауға болады. Абайдың ағартушылық-сыншылдық бағыттағы дәстүрін жаңартқан Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жаңа бір дәрежеге, яғни төңкерісшіл-демократтық деңгейге көтерген болатын. Ахаң орыс ақындарының мысал өлеңдеріне сәтті аударма жасағаны сол, олар өзінің төл туындысына айналып кеткендей-ақ.
Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оны жазып қалдырған ғалым. «Ер Сайын» жырын және халқымыздың тарихи төрт жүзге жуық жылын қамтыған «23 жоқтау» атты жинағын құрастыруы әдебиет тарихының мұрасына сіңірген еңбегі болып табылады. Ахаң өзі де заманын, өзінің қоғамын, халықтың жай-күйін ойлап сол жөнінде көптеген өлеңдер де шығарған. «Жауға түскен жан сөзі», «Анама хат», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген», «Қазақ салты» т.б өлеңдері ақынның поэзиядағы қолтаңбалары болып табылады. М.Дулатұлы: «А.Байтұрсынұлының өлеңдері өзінің сыртқы

қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады» деп ақын өлеңдерін жоғары бағалаған.

«Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп халқының ертеңін ойлап, жанымен де қанымен де, қаламымен де, ақыл-ойы, санасымен де, үнімен де, тілімен де, жүрегімен де шын беріліп, аянбай күш жұмсап, барын салған Ахаң қазақ үшін әрдайым «Ұлы Ұстаз» болып қала бермек. Оның қазақ әдебиеттану ғылымын қалаушы ретіндегі сіңірген еңбектері мен зерттеу жұмыстары қанша дәуір өтсе де құндылығы арта беретіні сөзсіз. «Тән көмілер, көмілмес еткен ісі!»

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003.
3. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген. //Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001.
4. Қабдолов З. Ахаңның әдеби қисындары // Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996.

ӘӨЖ

ТӨЛЕН ӘБДІК ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ САРЫНЫ

Сапарбаева Қ.Ж., Журсінбек Ж.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается жизнь и творчество Толена Абдыка.

Summary

This article examines the life and work of Tolen Abdyk.

Адам жанын толық түсінген кезең болмады. Жалғыздықтың басты негізі тақырып болуының да себебі сол. Сондықтан, адам жалғыздығы туралы шығармалар өзекті. Адам жалғыздығын жазу тек қазақ әдебиетінде ғана емес, әлем әдебиетінде өзіндік мәнді рөлін ойнады. Жалғыз болмасаң ғана бақыттысың деген түсінік те қате. Неге дейсіз бе? Себебі, адам топтың арасында да, бақытты отбасының ішінде де өзін жалғыз сезінуі мүмкін. Мүмкін емес, дәл солай. Жалғыздық әлемде қаншама уақыттан бері өзекті екенін білеміз. Ал, сол жалғыздықтың әдебиетке қандай үлесі бар екенін ескеріп жүрміз бе? Адам өзге адамның алдында өтірік айта алуы мүмкін. Ал, өз өзіне өтірік айтса, кімге пайдасы тимек? Қанша уақыт оны жасырады? Мүмкін, мәңгілік. Мәңгілік өмірі өтірікке өрілген болса, өмірінің мәні болды ма екен? Жер бетінде осы сияқты қаншама сұрақ бар. Ал, сол сұрақтарға жауапты нақты дәлелмен шығармашылық әлемінде көрсететін әлем танитын да, әлі кім екенін танымайтын да жазушы да бар. Олардың өзіндік шеберлігіне байланысты жалғыздық түрлі пішінде кездеседі. Адамдардың ойында оның пішіні қандай рөл ойнайтынын елестетіп көру қажет. Жалғыздың адам ойына бірден орнайтыны да, айтпай үнсіз ұғатын да махаббаттағы жалғыздық болса керек. Сүйе тұра, бақытсыз болу қиын. Мұнан өзге жалғыздың түрлі пішінде жазуға үлесін қосып жүргендер кімдер екенін сіздерге ашып айтайын. Қазақ

әдебиетінде бүгінгі күні жалғыздық сарынындағы шығармашылығы ұнатын қаламгерлер саны шектеулі. Тіпті, әдебиетіміздегі жазушылар күн өткен сайын сиреп бара жатқандай көрінеді. Сіздерге қатары азайып бара жатқан жалғыздықтың жаны жарасын жазғысы келетін Төлен Әбдік шығармашылығындағы жалғыздықты көрсеткім келеді. Төлен Әбдік шығармашылығындағы жалғыздықты мен айтпасам да, білетін оқырмандар саны көп екенін білсем де, жалғыздықтың қайталанбайтын пішінімен сіздерді таныстырайын. Төлен Әбдік шығармашылықпен айналысатын жылдары көп болғанымен, ешқашан сан үшін жұмыс жасамады. Ол тек сапалы бір шығарма жазу үшін жеті жыл уақытымды арнадым десе, сенер ме едіңіз? Ол шындық. Төлен Әбдік Парасат майданын жазу үшін жеті жыл уақытын жұмсады. Онда өмірдің күрес екенін айтады. Мүмкін, жалғыздықпен де күресу қажет болар.. Әлемге танымал «Оң қол» әңгімесі, «Парасат майданы» повесі, «Тозақ оттары жымыңдайды» повесті, «Қайырсыз Жұма» әңгімесімен ғана жазушының шығармашылығын шектеуге болмайды. Төлен Әбдіктің жалғыздық сарынына арнап жазған «Әке» повесі, «Ақиқат» повесі, «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» повесі, «Бассүйек» әңгімесі, «Жат перзент» әңгімесі бар. Мұнан өзге де жалғыздық туралы сөз болар шығармалары да бар. «Оң қол» әңгімесінде жалғыз Алманың бұл ауруға шалдығуы. Ол кезде елімізде бұл ауруға не істеу керек екенін де білмейтін. Алманың отбасы болса да, ол өмірмен жалғыз өзі қалғанда арпалысты. Оның жаны бойына біткен ауру арқылы жалғыздықты жек көрді. Жалғыз қалудан қорықты. Себебі, ол жалғыз болса, өмірмен қош айтысуы да жеңілірек, ешкім оған көмек бере алмайтын еді. Дәрігер оның ауруын ғана емес, жалғыздығын да емдегісі келді. Дегенмен, дәрігер бір күнге үйіне кеткенде, Алма өлімді жалғыз өзі жеңе алмай қалды. «Парасат майданында» жалғыз адамның екіге бөлінуі қызық, әрі қиын. Жалғыз адамның ойының күресі. Кімнің дұрыс екенін де айтуға құқығымыз жоқ сияқты. Себебі, ой иесі жалғыз бір адам. Бұл шығармада жалғыздық туралы: Адам төзе алмайтын жалғыз нәрсе жалғыздық деп қорытындылайды. Себебі, жанында ең болмаса, сенің қайғыңды бөлісетін адам болмайды. Жалғыздық сенің бойыңдағы күшті жігеріңді де жасатынатын қара тесік ретінде қарастырады. Онда бәрі жұтылып кетеді екен. «Тозақ оттары жымыңдады» шығармасында араку тайпасынан жалғыз адам қалғанын мәлімдейді. Онда басты кейіпкер атақты дәрігер. Ешқашан өз тайпасы туралы қызушылығы болмаған, ол тек өзін үшін ғана күрескер секілді баяндалады. Оның бүкіл өмірі араку тайпасынан ауырып жатқан соңғы адамды емдеу керек болғанда, өз тайпасын қаншама ғұмырында ойламағаны есіне түседі. Жалғыз адамның да өлім аузында жатқаны өзін жегідей жейді. Ертерек келгенде секілді өкініштері айтыла бастайды. Ол соңғы науқас та көз жұмғанда, өзін кешіре алмастай күйде болады. Ол сол кезде араку тайпасынан тірі қалған жалғыз адам бар екенін де ескермейді. Ол жалғыз өзі екенін жазушы жасырмай айтады. Ал, кейіпкер оны түсінді ме екен? Ол сол тайпадан қалған жалғыз адам болса, «Әке», «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт», «Қонақтар» әңгімесінде жалғыз ұлдары болады. Бір заманның қалаға балалары оқу іздеп кетіп, ата ананы қадірлеу деген мейірімнен айрылып, қайта оралмауы.

«Қонақтарда» Ерғабылдың жалғыз ұлы Сапабектің де жалғыз баласы болуымен өрбиді. Оның жалғыз баласын қазақ тілінде оқытқысы келмеуі жағдайды ушықтырады. «Әке» повесінде атадан жалғыз әкесі жалғыз ұлын өмірінің соңы жақындағанда, күтіп жатады. Тіпті, көңілденіп шыға келеді. Жалғыз ұлға көп нәрсені ұғындырып, дүниеден өтеді. «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» әңгімесінде жалғыз ұлынан айрылған қария оның некесін немересі бар екенін естіп, ұзақ сапарға шығады. Сол жолда жалғызының ел білмейтін түздегі құйтырқы істерін көреді. Бұл жайлы «Өтелмеген парыз» атты кино да түсірілген. «Ақиқат» повесінде адам жанының өзінің жалғыздығы сөз болады. Ол өзі сана биігінде өзін жалғыз сезінеді. Оның айтқан ойларын ешкім қабылдай алмайды. «Қайырсыз Жұма» әңгімесінде ол адамда жалғыз биліктен басқа ештеңе жоқ екенін түсіну. Ол атаққа жету үшін жағыз өзі күресті. Ол биігінен құласа, отбасында бұрынғыдай болмайтынын, қоғамдағы рөлі де өзгеретінін сезіп, жалғыздыққа шыдай алмай мерт болады. «Бассүйек» әңгімесінде мүсінші – антропологтың қоғамдағы жалғыздығы мен бас кейіпкер Жаубөрі батырдың жалғыздығы үндесетін секілді. Елі үшін туған ердің мазары қараусыз, ізденген адамның өзі азапты жолмен жететіндігі адам жанын қинайды. «Жат перзент» әңгімесінде Рүстем мен Зәурештің бір отбасы бола тұра, бір бірін сүймейтіндігі, яки махаббаттағы жалғыздық сөз болады. Рүстем мекемеде жауапты қызметте істесе де, Зәуреш оны тек балаларының әкесі деп қана қарайды. Біз оны Керім мен Зәурештің бір көргеннен ғашық болуынан. Ол байланысты үзгісі келмеуінен, Рүстем мен Зәурештің Керімнен аумайтын ұлы болуынан анық байқаймыз. Керімнің қаншама уақыттан бері күткен ұлы жат біреуді әке деп жүр. Зәуреш өз отбасындағы өз жалғыздығын сыртқа шығарып, махаббат үшін ерлік жасаса, бұл Керімнің оны алатындай ерлік істей алады деген сөз емес. Сондықтан, өз жалғыздықтарымен мәңгілік өмір сүрмек.

Міне, Төлен Әбдік шығармашылығындағы жалғыздық осылай өрбиді. Олардың әлем әдебиетіне танылуында жалғыздық үлесі бар. Адам жалғыз қалғанда, ешкімді алдаудың қажеті жоқ. Бұл шығармалар шынайылығымен құнды. Шынайылығымен мәңгі өлмес рухани байлыққа айналмақ.

Әдебиеттер:

1. Төлен Әбдік Парасат майданы: Таңдамалы. – Алматы: «Раритет», 2012
2. Дәулетбаева Б Құпия есіктің құлпын ашқан қаламгер. – Қазақ әдебиеті, 2002
3. Төлен Әбдік Әке. - Алматы: «Қайнар», 2005
4. Төлен Әбдікұлы Оң қол. - Алматы: «Атамұра», 2002

ӘӨЖ 82-1/-9

ҚАЖЫҒАЛИ МҰҚАНБЕТҚАЛИҰЛЫНЫҢ «ТАР КЕЗЕҢ» РОМАНЫНЫҢ АВТОРЛЫҚ ИДЕЯСЫ

Қуанбаева Б.С., докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ

Резюме

Основной вопрос, рассматриваемый в данной статье, касается героических подвигов Сырыма Датулы, эпического богатыря, ставшего благодаря своему великому героизму ханом из рядов простых казахов.

Summary

The main issue considered in this article concerns the heroic deeds of Syrym Datula, an epic hero who, thanks to his great heroism, became a khan from the ranks of ordinary Kazakhs.

«Тар кезең» романы – қазақ халқының тайғақты-тағдыр талапайына ұшырап, сайқал саясаттан теперіш көріп, шындық шыңырауында қалған кезеңін сипаттайтын құнды туынды. Бұл туындының сюжеті мен негізгі идеясы, авторлық көзқарас, көркемдік шешімі, композициялық рет-жүлгесін талдау оңай дүние емес. Өйткені тарих қашанда ой еркіндігі мен шынайылықты талап етеді.

Шығарма Тәуелсіздік алғаннан кейін көпшілік қауымға ұсынылады. Оған дейін жазылып жатқандығы жөнінде ешқандай ақпарат таратылмайды. Тіпті Қажығали Мұқанбетқалидің есімі де аталмайды. Демек, романда айтылмауға тиісті ащы ақиқат, күстаналанған қазақ тағдыры, болашағы һәм өткеніне сұрау салынады. Туынды 20 жыл бойы жазылады. Автор романды ұзақ уақыт толғатып, қара түнек торуылдаған кезеңді жазу мақсатында ұлы ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Және шығарманың әр жолына үлкен жүрек пен толайын білімін салады. Қаламгерлік шеберлігін үйіп төгеді. Осылайша «Тар кезең» дүниеге келеді.

Әуелі, роман неге «Тар кезең» деп аталды деген шартты сұрақтың жауабын қарастырып көрелік. Неге «қилы кезең» немесе «қанды кезең» һәм «қиын кезең», тіпті болмаса неге «Сырым» деп аталмады? Неге қарапайым ғана қос сөз құралған атау 20 жылдық шығармаға қойылды? Филологиялық тұрғыдан кезеңді «тар» деу қаншалықты дұрыс? Осы орайда тар шапан, тар қалпақ, тар шалбар болуы мүмкін, ал кезең қашан тар болып еді деген түрлі сұрақтар тууы даусыз.

Заман сондай, заң сондай демекші, 1783 жылдардың күзінен басталған Сырым Датұлы күресімен тұспа-тұс келетін кезең қазақтың Еділ мен Жайығына қауіп төніп, жері мен көлінен, қала берді елдігінен айырылуы мүмкін зобалаң, уытты, қызыл қанға боялған кезең еді. Бұл кезеңде адамдардың жанын үрей билейді. Қорқыныш қара қапасқа тықты. Аштық аяқтан шалды. Жас та, жасамыс та, қария да қиян-кескі соғыстан азап шекті. Сондай шақта қазақ даласының ұлан-ғайыр атырабы, ұлы даласы тұрмақ, 6 қабатты киіз үйіне дейін тар көрінді. Күндіз күнкіден, түнде ұйқыдан айырылған бұқара киген киімнен, ішкен астан,

тұрған жерден, жұтқан ауадан таршылық көрді. Қайда қараса да таршылық балақтан тартып барады. Осындай кезеңді автор дөп сипаттап, шығарманың тақырыбын «Тар кезең» деп атаған деседі. Бұл туралы әдебиеттанушы, оқытушы, филолог Т.Тебеген «Романның атауында да сіз бен біз біле бермейтін үлкен мән жатыр»[1, б. 27], - деген. Демек, автордың тақырыбы мүлтіксіз қойылған. Енді романның басында жазылған эпиграфқа тереңінен үңілейік.
Белгілі автор Қ.Мырза Әлидің қазақ жеріне қатысты өлеңі арнайы эпиграф ретінде таңдап алынған.: “Бұл жерде ел ұрандасқан, айқайласқан, Бұл жерге жау аяғын байқай басқан! Ерліктің етегінен ұстап тұрып, Еркіндік сонда алғаш тәй-тәй басқан” [2, б. 5] – дейді ақын. Ақынның «бұл жер» дегені Еділ мен Жайық өлеңдерінің маңайында орналасқан шұрайлы да, құнарлы жайылымды астарлап жеткізгендігін автор мысал ретінде қолданған. Бұл жыр жолдары жау біткенді сескендіретін, еркіндіктің тәтті дәмін татуға деген ұмтылысты аңғартатын эпиграф. Романның алғашқы тарауында Ресейді: «Айбары мен атағы күллі әлемге әйгілі, бүгінгі құдірет күші қайдан келгені белгісіз ұлы Ресей империясы туралы айтар сөз көп. Оның жері жаһанның тең жартысын алып жатыр»[3,б.8], - деп сипаттайды. Яғни, автордың бойында да Ресей империясының құдіреттілігін мойындау және қорқыныш сезімінің бар екені оқтын-оқтын аңғарылады. Сондықтан да, шығарманың негізгі идеясы Ресей империясына қарсыласуға бағытталады. Автор тұтастай шығармада алпауыт әрі менмен, тәкәппар империя және оның басшыларын көркемдік тұрғыдан суреттей алды. Ресей империясының отарлау саясатында қазақ халқын құрдымға түсіріп, атақоныстар мен жайылымдардан айыру, барымталау, адамдарды өлтіру, ауылдарды отқа орау, халықтың өз-өзін басқаруына үзілді-кесілді тыйым салу, нақтырақ айтсақ, еркінен айыру жөнінде шешімдер қабылдап, әрекет жасағаны автордың эмоционалды деңгейге түсіп, ашуға берілгенін шығарма мәтінінен аңғаруға болады. Сондай-ақ, қазақ халқын да намысшыл, өжет бірақ қауқарсыз ретінде көрсетеді. Осы намысшылдығының арқасында қазақ көнбейді. Яғни болмашыға бас шұлғып, айдағанның алдында, тістегеннің аузында кете бермеуге барынша тыраштанады. Осылайша, қамкөңіл қазақ халқының бойында күрескерлік рух пайда болып, «мың өліп, мың тіріледі». Ата-бабадан аман-есен келе жатқан жерімізге қол сұғуға ешкімнің хақы жоқ деген дүр мақсатты алдына қояды. Және осы мақсатпен Сырым Датұлының соңына еріп, 7 мың қазақ әскері жиналады.

Сондықтан романның психологиялық деталдары өте нәзік берілген. Себебі, адам басынан өтетін қуаныш пен өкініш, махаббат пен жұбаныш, ашыну мен қаймығу, көндігу мен төзбеу деген секілді түрлі психоэмоционалдық күй негізгі кейіпкер басынан да, халық басынан да өтеді. Тіпті автор да шығарманы 20 жыл бойы жазу үстінде болғандықтан бір сөйлеміне екінші сөйлеміндегі мінез бен күй тез ауысқанын байқауға болады. Түсіндіре кетсек, аштықтан, жоқшылықтан, барынды тартып алып, еркіндігіңе тұсау салғанда адамның титықтайтыны ақиқат. Ал бұндай азапқа шыдай алмағанда адам соңғы сәтінде өлімге ұмтылады. Шығарманың тұтастай мазмұны да кекке, өлімге ұмтылған адамның соңғы сәтте көрсетер ашу-

ызасына толы. Халықтың жүйкесі тозған. Осының барлығын өз көзімен көріп-біліп жүрген Сырым батыр жағдайды өз қолына алуға бек шешім қабылдайды. Және де автор Сырымның образын ең әуелі кекті адам ретінде суреттейді. Өйткені, елі мен жерінен, қала берді қара халқынан айырылған кез-келген адамның бойын кектің билейтіні ақиқат. Ал кеудесі кекке толған адам мақсатына тез жетері белгілі. Өйткені адамның бойын сол сәтте эмоция билейді.

Дегенмен, Сырым Датұлының ішкі жан-дүниесіне тоқталсақ, кілең інжу-маржандарды теріп алу қиын емес. Қысқасын айтқанда, батырдың іші қазынаға толы. Сондықтан да, автор Сырым Датұлы бастаған көтерілісті сипаттау арқылы адам бойындағы ізгі қасиеттерді, адамгершілікті де шептің алдына шығарады. Яғни, шығарманың идеалды тұлғасы Сырым Датұлы. Оның күрескерлігі мен айбынды батырлығы үшін емес, адами қасиетіне тереңінен үңілді. Соның нәтижесінде қазақ әдебиеті мен тарихи романдарында аса ескеріле бермейтін есімді романға арқау етеді. Расымен, Сырымның есімі тек қана мектеп оқулықтарынан ары аспайтын тұста, үлкен көлемдегі роман етіп дүниеге әкелу тапқырлық әрі тарихқа бас иію екені даусыз.

Сондықтан, автор батыр Сырым Датұлының образын айрықша суреттейді. Десе де, шығарманың шарықтау шегіне жеткенге дейін негізгі кейіпкерді табу мүмкін болмайды. Өйткені шығармадағы әр кейіпкердің өзіндік рөлі мен орны болады. Бәрі теңдей әрекет етіп, теңдей сөз алады. Шығарманың кім туралы жазылғанын алдын-ала білмесеңіз, кейіпкерді таба алмай саңдалатыныңыз ақиқат. Бірақ шығарманың шегіне жеткенде назар Сырым Датұлына ойысады. Ары қарай батырдың жеке-басынан бастап, қаһармандық ерліктеріне дейін тамаша суреттеу орын алады.

Одан бөлек, тарихи нақты деректерге үңілсек, орыстарға қарсы шапқан алғашқы батыр осы Сырым Датұлы. Тіпті орыстың ең атақты әрі ең қаскөй қолбасшысымен күрескен де осы Сырым Датұлы. Сондай-ақ, Есім ханды да өлтірген осы Сырым Датұлы. Сондықтан, автордың Сырым Датұлының ерлігіне қалам тербеуі ұтымды шешім. Автордың Сырым Датұлының образын суреттегенде оның батырлығынан бұрын, ұйымдастырушылық қабілетіне назар аударған. Автор осы тұрғыдан образды өте сүйсініп жазған. Сөйте тұрып, қазақты түгел орысқа аударамыз деген мақсатқа қарай әрекет еткен Игельстромды да аса жек көрінішті, жауыз кейіпкер ретінде көрсетпеген. Дала заңына бағынбай, орыс заңын ұстанған Игельстромды да автор сойып салуға болар еді, бірақ Сырымның көзімен қарап, адамгершілік позициясын бек ұстанды. Яғни, оның да бойынан ауық-ауық жақсы қасиеттердің табылып қалатындығын да жазды. Оған қарадай сын айтушылар да көбейгенімен соңында автордың нейтральды шешімі құптарлық деген ойға келді. Сырымның тұлғалануын романның шырқау шыңына жеткенде көз жеткіземіз. Поэтикалық көркемдік шешім нақты әрі анық беріледі. Сырымның батырлық және қолбасшылық қасиеттерін даралап көрсетеді. Тіпті Сырымның сыртқы типажын да суреттейді. Батырдың ұйымдастырушылық қабілетінің мықтылығының арқасында қазақ қолы бірнеше шайқаста жеңіс туын

желбіреткенін де автор шебер жеткізеді. Отаршылдарға қарсы шешуші сайыста Сырым Датұлының ашуға берілген психологиялық күйін дөп суреттейді. Романның басталуы, оқиғаның дамуы, шиеленісіп, шарықтау шегіне жетуі және түйіні реалистік сипатта жүреді. Сондықтан шығарманың өң бойында көркемдік тәсілдер шебер қолданылған. Әсіресе уақыт пен кеңістік категорияларына автор назар аударған. Өткенді еске алу, бүгіннен қорқу, ертеңнен үміттену концептілері шығарманың өң бойында өріледі. Сондай-ақ, «ал, осыдан он бес жылдай бұрын, Үбәші бастаған қыл жалаулы қалмақтың ұлы сүргіні үстімізден өтті. – Неге өткіздік?! – «Босап қалған Жайықтың оң бетіне шығуға енді болатын шығар!» – деп үміт еттік. Хан бұл үмітімізді ақтай алды ма?! – Жоқ!» [4, б. 562] деген секілді романда риторикалық сұрақ та жиі кездеседі. Бұл шығармада автордың риторикалық сұрақты жиі пайдалануы шығарманы көлемді ету үшін емес, керісінше жауабы айқын дүниеге сауал тастап, қызықтыру мақсатында қолданылғанын байқау қиын емес.

Бұл романның өзге шығармалардан айырмашылығы шығарма тілінің тілге жеңіл, жүрекке жұмыр тиюімен оқ бойы озық тұр. Өйткені, алғашқы жолдарын оқи бастағаннан-ақ судыратып ала жөнелетінің жасырын емес. Осы орайда әдебиеттанушы Темірхан Тебеген Романның тілінің өзгеше екендігін тілге тиек етеді. «Романның алғашқы төрт тарауы әдеби сөзбен кестеленіп, түсініктi әрі қиыннан қиыстырылып жазылған»[5, б. 25], - дейді. Яғни, романның алғашқы тарауынан-ақ драматургиялық сипатта пьесса секілді басталып, ары қарай баяндауға қарай ойысады. Ал ақын Сайын Назарбек: «Жазушының тілі өте қызық, қойын дәптеріме мүлде естіп көрмеген 126 сөз қосылды»[6,б.25], - дейді. Жазушы Мәди Айымбетов болса, тілінің түсініктілігі сонша, 3 күнде оқып бітіргенін жасырмайды. Қаламгер Қуандық Жиенбай: «Әдетте тарихи романдарда қан, адам өлімі секілді жантүршігерлік эпизодтар жиі орын алушы еді. Бұл шығармада бірде-бір ондай дүниелер кездеспеді. Сонысымен шығарма сіңімді»[7, б. 26], - деп романға деген ыстық ықыласы ерекше екенін жеткізеді.

Романның негізгі идеясы халықтың күрескерлік қасиетін арттыру, патриоттылыққа баулу, халық үніне үн қосу екені белгілі. Олай болса автор өмірінің төрттен бір бөлігін арнаған туындысында діттеген мақсатына жете алды. Себебі, шығарманың толықтай бітім-болмысы тарихи шындықты ашып көрсетуден тұрады. Осы орайда автор неге отаршылдық сарынды негізгі назарға алып, дара кейіпте көрсетіп отыр деген шартты сұрақ тууы мүмкін.

Өйткені, шығармада авторлық концепция басымдау болып тұр. Көп жағдайда жазушылар өз «менінен» гөрі қоғам «менін» биік қоятыны белгілі. Себебі, өз «менімді» жұрт қабылдамауы мүмкін, немесе «менім» тым тәкәппар болуы мүмкін деп қорқақтайды. Ал бұл туындыда ақиқатқа жол сілтер автор «менін» дұрыс бере алған. Десе де, «автор мені» романда сүйкімдірек берілген.

Ал романның кульминациясы жаратушыға деген құлшылық, сенім және болашаққа деген үміттен тұрады. Бұл дегеніміз автордың қазақ халқы батыр бабамыз Сырым Датұлының жолымен жаратушыға деген сенімімізге селкеу келтірмей, Тәңірге мінәжәт етіп, бір Құдайдан тілеп, имандылық, ар-ұят

жолына түсу керектігіне үндейді. Яғни, Жаратушыға деген шексіз құлшылық пен сенім бар жерде адамгершіліктің бар екенін тілге тиек етеді. Қазақ өзінің қазақилығын жоғалтпай, ұлт болу үшін әрекет ететін болса, болшақты да гипотезалауға әбден болады. Шығарманың шешімі де Сырымның өлең түрінде берілген жауабымен өріледі.

«Қарадан хан болсам,
Халқым қалаған шығар!
Айырдан нар болсам,
Атам қазақ үлектей жараған шығар!
Жоқтан бар болсам,
Құдайым қараған шығар»[8, б. 571] дейді Сырым Датұлы. Олай болса, асқан ерлігінің арқасында қарапайым қазақ ортасынан шығып хан атана алғаны, көптің көкейінен шыққаны, өліммен бетпе-бет келіп, елі мен жерін қаймықпай қорғағаны мақтарлық, мақтан тұтарлық іс. Қысқасын айтсақ, Сырым Датұлы секілді эпикалық тұлғаларды жазушылар шығармашылығына арқау ету қазақтың кім екенін еске түсіру үшін қашан да керек.

Әдебиеттер

1.«Қазақ тілі мен әдебиет » журналы, 2015 ж., № 4,5
2,3,4,8. Мұханбетқалиұлы Қ,: «Тар кезең», «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2012, б. 5
5. Ә. Қисымова. Увалиева Т.Ж. Шығармашылық көзқарас» // Іздеу. - 2013 ж., № 1. - б. 127.
6. Р.Сейсенбаев: «Шығармашылық көзқарас» // Іздеу. - 2013 ж., № 1. - б. 125.
7. Аксенов М.С. Тарих туралы жаңа ілім. - Изяславл, З.А.Трахтенбергтің баспаханасы, 2015 ж.

ӘОЖ 821.512.122

ЖАЗУШЫ ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ТАҚЫРЫБЫ

Халикова Н.С. ф.ғ.к., аға оқытушы,
Мухамаджанова Н.М., 117-48 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается художественно-эстетические поиски и особенности языкового стиля Т.Алимкулова. Проблема художественного образа, принципы изображения действительности и особенности создания характера – основная проблема литературоведческой науки. Историческое изменение бытия изменяет и самого человека, его мировоззрение, идеи. Художественное осмысление жизни приводит к осмыслению внутреннего мира личности. Таким образом, возникают уникальные характеры, оригинальные образы, литературные типы.

В данной статье рассматривается создания специфики образа и уникальность природы персонажа, отдельные аспекты проблем художественного воссоздания типа, характера, образа, проанализировать художественно-изобразительную и образно-стилистическую систему, систему средств и приемов, определяющих художественный уровень литературного национального произведения и способы реализации в нем авторской идеи.

Summary

The article deals with artistic and aesthetic searches and peculiarities of the language style of T. Alimkulov. The problem of the artistic image, the principles of depicting reality and the features of character creation are the main problem of literary science. The historical change in being alters both the person himself, his worldview, his ideas. The artistic comprehension of life leads to a comprehension of the inner world of the individual. Thus, unique characters, original images, literary types arise.

The main goal of the article is the scientific systematization of structural elements and principles of creating a literary image in the prose of Alimkulov. The article considers the originality of the artistic skill of writers, who differed in their special handwriting in the creation of the national image and with a deep depiction of the national Kazakh character. This article deals with the creation of a specific character and the uniqueness of the nature of the character, certain aspects of the problems of artistic recreation of the type, character, image, analyze the artistic and figurative and figurative-stylistic system, the system of means and techniques that determine the artistic level of the literary national work and the ways in which the author's ideas.

Жазушы – ең алдымен өз халқының перзенті. Сондықтан да ол алдымен өз халқының тағдырына көз жіберіп, сол туралы туындылар тудырады. Халықтың өткен тарихынан сыр шертіп көркем дүние жазып шығу үлкен қаламгерлік ізденістерді қажет етеді. Кезең шындығының, халық тарихының қат-қабат қалтарыстағы барша құпиясы мен сырларын айтып жеткізуде қаламгерге ой мен сезімнің ұшқырлығы қажет, сондай-ақ мол өмір тәжірбиесі, терең білімдарлық пен талмас ізденімпаздық керек. Бұл жолда жазушы алдына көптеген мақсат қояды. Тәкен Әлімқұловтың шығармашылығын зерттеген ғалымдар Т.Тоқбергенов [1,2], Қ.Әбдезұлы [3] жан-жақты талдаулар жасап, жазушының шығармашылығына баға берген.

Жазушы әңгімелері мен повестерінің басым көпшілігін қазақ тарихындағы айтулы өнер тұлғаларына арнағаны белгілі. Махамбет, Ақан сері, Тәттімбет, Сүгір, Сәйтек, Ықылас, Абай, Сәкен сияқты әр ғасырда өмір кешіп, туған халқының рухани игілігіне мол мұра қалдырған өнер иелерінің өмір тарихынан бір үздік сыр шерткен, олардың әдебиеттегі бейнесін шебер сомдаған Тәкен бұл жолға үлкен дайындықпен келген. Тәкен шығармашылығындағы сондай тарихи тұлға, өнер адамының бірі Сүгір образы. Атақты күйші Сүгір «Сейтек сарыны» повесінде Саруар шал болып бейнеленсе, «Жиендік» новелласында Тәпсір болып бой тастайды. «Тәкеннің күйші Тәпсірі тағы да сол Қаратау теріскейінің аты-шулы Сүгірі сияқты. Бірақ өзі сүйген Сүгірін қызғаншақ, тар кісі еді деп айтуға аузы бармай, оны Тәпсір деп атағанға ұқсайды. Әңгіме-новелла үшін бұл заңды» [4, 32 б.]. «Сейтек сарыны» повесінде күйші тағдырының Сейтек күйлерімен сабақтасқан тұсы әңгіме болса, ал «Жиендік» новелласындағы Тәпсір көкейінде сайрап жатқан жаңа бір күйді тыңдаушы назарына ұсынады.

Тәкен өнер адамы жайындағы қайсібір шығармасында болмасын бас кейіпкердің рухани дүниесін жан-жақты, әлеуметтік ортамен тұтастыра терең ашып көрсетуге бейім. Тәттімбетті, Сүгірді, Ақанды, Ықыласты өнер иесі ретінде қалыптастарған тарихи оқиғаларды бейнелеуде жазушы адамның жан дүниесіндегі құбылыстарды сол кезеңнің әлеуметтік тарихи, қоғамдық саяси шындығымен сабақтастыра береді. Тарихи оқиға кейіпкердің жан-дүниесін

ашып көрсетуге жол ашатын көркемдік орын ретінде көрінеді. Тәкенің өмір шындығын көркем шежірелейтін өнер тақырыбындағы туындылары оқырманға тағлым беретін мол рухани байлық.

Әсіресе, Тәкен Әлімқұловтың өнер адамы, тарихи тұлға өмірінің бір сәтін суреттей отырып әр кезеңдегі әлеуметтік ортаның шынайы кескінін бейнелеген. Сол арқылы қаламгер Махамбеттің, Тәттімбеттің, Ақанның, Сәкеннің азаматтық тұлғаларын тануға жаңа қырынан келген. Сонымен қатар, жазушы өз шығармаларында замандас бейнесін сомдай отырып, бүгінгі күннің өмір тіршілігін шынайылықпен көркемдей алған.

Тәкен кейіпкері болған өнер адамдарының барлығы халық қамын жеген, ел мұңын жоқтаған азаматтық келбеттерімен бой көтереді. Сондықтан да жазушы шығармаларындағы заман шындығының көркем бейнесін кейіпкер образымен табиғи үндестік тапқан.

Тәкен шығармашылығындағы тарихи тұлға, өнер адамының бірі – Сүгір образы. Атақты күйші Сүгір «Сейтек сарыны» повесінде Саруар шал болып бейнеленсе, «Жиендік» новелласында Тәпсір болып бой тастайды. «Тәкеннің күйші Тәпсірі тағы да сол Қаратау теріскейінің аты-шулы Сүгірі сияқты. Бірақ өзі сүйетін Сүгірін қызғаншақ, тар кісі еді деп айтуға аузы бармай, оны Тәпсір деп атағанға ұқсайды [4, 32 б.]. Тәкеннің «Ел мен жер» романында да Сүгір бейнесі көрініс табады. Мұндағы Сүгір жаңа заман адамы боп бой көрсетеді. Қазақстанның оңтүстігіндегі совет өкіметінің алғашқы орнау кезеңі, сол кездегі ел мен жер тағдыры, ел психологиясы терең суреттелген Тәкенің бұл романында Сүгір халық жағдайын ойлаған тұлға ретінде көрінеді.

Тарихи деректерге сүйенсек Сүгір мен Тәкен арасында байланыс болған. 1950 жылдардың бас кезінде Тәкеннің Сүгір шалға бірнеше рет барып, оның өмір-тарихынан деректер жинағанын Т.Тоқбергеновтың «Тоғыз тарауында» айтылған. Олай болса, жазушының «Сейтек сарыны» повесіндегі Сәруар шалмен кездескен Дәрмен Нұсқабаев Тәкенің өзі деп айтуымызға болады. Сәрсеннің тұңғыш перзентінің шілдеханасының үстінен түскен Дәрмен Сәруар шалмен сұхбат құруына мүмкіндік туғанына іштей қуаныш білдіреді. Сыртқа сыр шашпайтын жұмбақ шалдың қара шаңырағына бірнеше рет келген Дәрмен күйшіні еш әңгімеге тарта алмаған. Сәруар шал боп бейнеленген Сүгір өмірде шынында да қызғаншақ кісі болған деседі. Сүгірдің осы мінезін повесте жазушы дәл бейнелеген. «Совхоз партия ұйымының хатшысы:

- Ата, бүгінгі қызықтың бәрі қара шаңырақтың қуанышы үшін боп жатыр ғой. Кәрі жолдасыңызды бір толғап жібермейсіз бе, - деп еді. Шал жауабын қысқа қайырды:
- Пернені басуға қолым жарамайды. Көкірегім де көміліп қалғандай...
- Жаны шықсын, өтірік айтады, - деп Дәрменге күбір етті жантайып жатқан Құлжан. – Көкірегі сайрап-ақ тұр. Қолының қалтылдайтыны бар. Бірақ бүйірі қызса, оған қарамайды.
- Ендеше неге бұлданады ? – деп Дәрмен де күбірледі.
- Іші тар. Көңілі жүйрік, құлағы сергек жастар қағып алады деп

қызғанады» [4, 184 б.]. Повесте Сәруар шалдың көңілін толқытқан «Заман-ай» күйі еді. Дәрмен тартқан күй Сәруар шалды терең ойға батырды. «Заман-ай» күйі қазақ халқының күй мәдениетінің дамуына өз үлесін қосқан күйші Сейтек Оразалиевтің туындысы. Өз өмірінде көп қуғын-сүргін көрген күйші 1904 жылы Сахалинде өзінің белгілі «Замана» күйін шығарады. Дәрмен тартқан күйге жүрегі жібіген Сәруар шал өзінің Сейтекті он алты жасында көргенін, оның күй тартқандағы ерекше құбылысты ақтарыла әңгіме етеді. Осы оқиға кейіннен Сүгірдің сұңғыла күйші болуына әсер еткені анық.

Тәкен творчествосына көз салсақ, жазушының өнер тақырыбындағы шығармалар тоттамасына куә боламыз. Тәкеннің әдеби образ жасаған тұлғасының бірі – Тәттімбет.

Тәттімбет қазақ күй өнерін, күйшілік дәстүрді жаңа сатыға көтеріп, оны әрі қарай дамытқан. Оның «Сарыжайлау», «Көкейкесті», «Қосбасар», «Сылқылдақ», «Былқылдақ», «Терісқақпай» т.б. күйлері қазақ күйлерінің композициялық құрылымын, әуен-саз ырғағын байытып, мазмұнын кеңейтті.Тәкен әңгімесінде күйшінің осы күйлерінен де біраз мағлұмат береді.

Дәстүрлі мәдениеттің бір үлгісі күй өнері жайлы сөз қозғаған жазушының бірі – Тәкен Әлімқұлов «Сарыжайлау» күйінің шығуын заман, уақыт шындығымен байланыстырады. Жазушы мұнда да Тәттімбет өмірінен деректерді пайдалана отырып, жазушылық қиялына ерік береді. «Сарыжайлау» күйінің шығу тарихына байланысты әңгімеге негіз болған оқиға сюжетін ойдан құрап, Тәттімбет образын қалыптастыруда шеберлік танытады.

Тәттімбеттің күйді қай мезгілде, қандай жағдайда шығарғаны белгісіз, деректер жоқ. Халық аузындағы аңыз-әңгімелердің өзі де бұл мәселелерге соқпай өтеді. Әйтсе де музыкатанушы ғалымдар Тәттімбеттің өнерінін жан-жақты зерттеп, бірқатар жорамалдар жасауда. Тәкен өз әңгімесінде Тәттімбеттің «Былқылдақ» күйін күйшінің жүрегін жаулаған Сарықызбен байланыстырады. Әңгімеде Тәттімбеттің Сарықызға деген нәзік көңілі, махаббат сезімдері әсерлі де нанымды баяндалады. Сарыжайлаудың шырайындай Сарықызға деген күйші көңілін автор **«күл астында көмулі жатқан қызыл шоқтай»** деп теңеулі сөзбен береді. Жазушы шығармада Тәттімбеттің «Былқылдақ» күйінің шығуына байланысты оқиғаны былай баяндайды: « Сарықыздың сыңғырлаған күміс күлкісін естігенде, Тәттімбет ертектегі әлемнің есігін ашып, Саф тауының алтын сарайын аралағандай әсерленуші еді. Тәттімбет «Былқылдақ» күйін Былқылдақ өзенінің жағасында шығарса да, күй ырғағымен Сарықыздың бұралаң қаққан бір сәтін, сылқылдаған күлкісі бейнеленген-ді» [4,23 б.].

Тәкен тудырған өнер, өнерпаз тағдыры туралы жазған шығармалар топтамасын жалпы өнерпаз тағдырлары туралы толғау десек те болады. Тәкен қаламынан Абай, Ақан сері, Махамбет, Сәкен, Сейтек, Тәттімбет, Ықылас, Сүгір, Әбікен, Төлеген сынды өнер саңлақтары бейнелері сомдалды.

Қараойдағы қаралы оқиғаны суреттеген жазушы шағын әңгімесінде Махамбет өмірінің аяқталар тұсындағы сәттің шындығын психологиялық тұрғыдан өте шынайы жинақтаған. Жазушының бұл әңгімесіндегі суреткерлік фантазия, творчестволық қиял әңгімеге негіз болған өмір шындығымен шебер үйлесім тапқан. Адам тағдырын қоғамда болып жатқан құбылыстармен ұштастыра суреттеу арқылы қаһарманның ішкі диалектикасына тереңдеп бару шығарма құндылығын арттыра түседі. Қазақ әдебиетінде Махамбет Өтемісұлына жасалған опасыздықты баяндайтын шығарма Қ. Мұханбетқалиевтің «Бас жұтқан бас» атты туындысы. Оқиға желісі Қараойда жалғыз тұрған Махамбеттің үйіне досша кірген Ықылас бастаған топ ақынның басын алып аттанады. Махамбеттің басын алдырған Сұлтан өз ойынан шошынатын халге түседі. Көзін жұмса болды өз басын жұтып жатқан әлдебір белгісіз бастан шошынып, мазасы кетеді. Жазушы кейіпкерінің ішкі сезімін жеткізуде, психологиясын беруде айтарлықтай табыстарға жеткен.

Махамбет тарихи тұлға. Қазақ тарихындағы Махамбеттің орны ерекше. Махамбет тағдырының тарихи негізі бізге мәлім. Ақын өмірінің соңғы кезеңі туралы мәліметтерді тарихи зерттеулерден кездестіре аламыз. А.Сейдімбек «Күй шежіре» атты еңбегінде Махамбеттің өлімі туралы мынандай дерек келтіреді: «1846 жылы Баймағамбет сұлтанның жұмсауымен Төлеудің Ықыласы, Боздақтың Жаңабергені, Нұралының Мұсасы, Өтеулінің Жүсібі, Тұрымның Төрежаны сияқты сатқындар Махамбетті өз үйінде, бала-шағасының көз алдында қылыштап өлтіреді.» (14. 213 б.) Тәкен «Қараой» әңгімесінде суреткерлік фантазияға, қиялға кең орын береді, әйтсе де тарихи деректерден, тарих шындығынан аутқымай сөз өнерінің көркемдік бейнелеу құралдарымен ақын өлімінің шынайы көрінісін бейнелейді. Яғни шығармаға негіз болған өмір шындықтары мен жазушының көркемдік қиялының арақатынасын Тәкеннің «Қараой» әңгімесінен байқаймыз. Махамбеттің өмірі мен ол өмір сүрген кезең шындығынан сыр шертетін көркемдік әлемі ерекше туындыларының бірі – Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы. Қаламгер Махамбет өмір сүрген заман шындығын тарихилық талабына сәйкес көркем тәсілдермен шынайы бейнелеген. Жазушы өмір шындығын авторлық баяндау бірде кейіпкер сөзі арқылы да беріп отырған. Жазушы өмірдің мол оқиғаларын мейлінше жинақтап суреттейді. Роман Махамбеттің тағдырына, ақын өмір сүрген заманына қатысты оқиғалардың мол тобын қамтиды.

Қазақ халқы тарихында өшпес із қалдырған, елінің ертеңін ойлап, еркіндігін аңсаған, халқына жайлы жайлау, құтты қоныс тілеген, сол үшін егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалған Махамбет тұлғасын жасау үлкен шеберлікті қажет етеді. Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Н. Әбуталиевтің «Қайран Нарыны», М. Мәжитовтың «Барлыбай түбіндегі әні», Ә. Сарайдың «Исатай-Махамбеті», Б. Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры», Қ. Мұханбетқалиевтің «Бас жұтқан бас» шығармалары, И. Кенжалиевтің «Махамбет Өтемісұлы» атты тарихи очеркі тарихи тұлға Махамбеттің өмір-тағдырынан сыр шертеді.

Қазақ халқының рухани өмірінде күйдің атқарған ролі ерекше.Қасиетті домбыраның үні – халықтың үні болды. Халық айта алмаған шындықты домбыра сазы жеткізді. Домбыра халық тарихынан сыр шертіп, әлеуметтік қайшылықтарды да музыка тілімен баян етіп отырды. Яғни халықтың барлық болмысы мен арман – мақсаты күй айдынынан көрініс тауып отырды. Сондықтан ән мен күйді, әуен мен сазды өте нәзік сезінген халық күйшілерін пір тұтып, оларға көп үміт артқан, арқа сүйеген болатын.

Әдебиеттер

1 Тоқбергенов Т. Тәкен Әлімқұлов. – Алматы: Рауан, 1992. – 118 б.

2 Тоқбергенов Т. Тоғыз тарау. – Алматы: Жазушы, 1974. – 222 б.

3 Әбдезұлы Қ. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80-жылдардағы қазақ прозасы (дәстүр және жалғастық): Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 576 б.

4 Әлімқұлов Т. Сырлы наз: Таңдамалы әңгімелер, повестер. – Алматы: Жазушы, 1977. – 360 б.

ӘӨЖ

ҚАРАҒАНДЫДА ҚАНАТТАНҒАН ҚОС АРЫС

Әлібек С.Н. т.ғ.д.
М.Әуезов атындағы Оңтүсітік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
Уристенбекова Г.Қ. п.ғ.к.
Оңтүсітік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Усипов А.А. аға оқытушы
М.Әуезов атындағы Оңтүсітік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Қаламгер - руханият шырақшысы. Ғабит Мүсіреповтен қалған «Әдебиет ұлы болмайынша, ұлт ұлы болмайды» деген тамаша сөз бар. Шындығында, ұлттың ұлылығы оның рухани қазығының мықтылығында. Ал Алаш зиялылары қаламын да, қабілет-қарымын да осы қазығымызды бекемдеуге жұмсады, бостан болуды аңсады. Мұндай ұлттың рухани діңгегіне айналған дарабоздардың қатарында оңтүстіктің қос оғланы Сейілбек Үсенов пен Саттар Ерубаев та бар еді. Олардың қазақ журналистикасында жарқырай көрінген тұсы да негізінен «Қарағанды пролетариатымен» байланысты десек, қателесе қоймаспыз. Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті редакциясының 5-қабатына қойылған газет редакторларының фотогалереясында Сейілбек Үсеновтің де жарқын жүзі бейнеленгенМұны соңғы жылдары Сейілбек жайлы біршама ізденіп, талаптана зерттеп жүрген белгілі журналист Аман Жанғожин «Осы жұрт Сейілбекті біле ме екен?» атты мақаласында атап көрсете де кетіпті[1].

Қаламгердің қазақша-орысшаға бірдей жетіктігі де оның журналистикада табысты болуына септігін тигізгені анық. Яғни С.Үсенов осы «Қарағанды пролетариаты» басылымын басқара жүріп, осы қалада орыс тілінде жарық көретін «Большевистская кочегарка» (Қазіргі облыстық «Индустриальная Караганда») газетіне де 1935 жылдың 18 қаңтарынан 16 сәуіріне дейін редакторлық етеді. Орыс тіліндегі «Большевистская кочегарка» (қазіргі

«Индустриальная Караганда») газетінің алғашқы нөмірі 1931 жылдың 11 қыркүйегінде шықса, латын әрпінде қазақ тілінде «Қарағанды пролетариаты» деген атпен оқырмандар қолына тиген қазіргі «Орталық Қазақстан» газетінің тұңғыш саны араға жиырма күннен астам уақыт салып 4 қазанда жарық көрген.

Дегенмен оның қолы қойылған мақалалар кемде-кем. Өйткені «Қарағай басын шортан шалған» аумалы-төкпелі заманда Сейілбек сынды ұлт маңдайына біткен марғасқалардың дені өзекті мәселелерді арқау еткен өткір мақалаларын бүркеншік атпен жариялап отырған.

Жалпы «Қарағанды пролетариатының» алғашқы редакторы 1931 жылы Хамит Садықов деген қаламгер болса, 1932 жылы газетті Өскеменнің тумасы Бәри Мәзитов басқарған. Қос тілді жете меңгерген бұл журналист Қарағандыға келмес алдын Шығыс Қазақстанда, Семейде, Павлодарда, Баянауылда комсомол қызметтерінде болған, Алматы қаласындағы радио орталығының бастығы және өлкелік радиогазет редакторы болып та жұмыс істеген.

Ал Үсеновтен бұрын Жұмабай Орманбаев 1934 жылға дейін «Қарағанды пролетариатының» редакторы болды. Мұны Қарағандының байырғы тұрғыны, өлкетанушы, тарихшы, профессор Дүйсетай Шаймұханов та растайды. Ол кісі ертеректе Қарағанды баспасөзінде еңбек еткен Сейілбек Үсенов деген журналист болғанын еске алып, оның «Социалды Қазақстан» газетінде де істегенін жазыпты[2].

1934 жылдың сәуірінен 1936 жылдың тамызына дейін «Қарағанды пролетариаты» газетінде редактор болған С. Үсенов жас та талантты жазушы Саттар Ерубаевпен етене араласты, ағалық ақыл-кеңесін де аямай, жауапты қызметке қойды. Яғни Саттар Сейілбек «Қарағанды пролетариатын» басқарып отырған жылдарда осы газетке келген. Нақтырақ айтсақ, Саттар Ерубаев алдымен 1934 жылы ВК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті «Қарағанды пролетариаты» газетінің комсомол бетінің редакторы қызметіне тағайындалады да, іскерлігі мен шығармашылығы С.Үсеновтің назарына ілігіп, 1934-1935 жылдары басылым редакторының орынбасары қызметіне көтеріледі.

Осы қалада жүріп Саттар өндіріс тақырыбына ден қойды, Қарағанды көмір бассейні сынды индустрия алыбындағы жұмысшы жастар образын шынайы жеткізіп, шебер суреттеп, «Менің құрдастарым» романын өз оқырманымен қауыштырды. Ал романның прототиптері болған жандарды көзімен көрген әрі оны өз естелігінде ерекше тебіреніспен әңгімелеген мектеп мұғалімі Рузима Садыққызы Байжұмина былай деген екен: «...1934-1935 жылдары Қарағандыда, оның Ескі қала деген бөлігінде тұрғанбыз. Үйге тақау екі қабатты почта, одан әрірек шахтерлер клубы болатын. Ал редакция көшенің қарсы бетінде еді...

Үйіміз үлкен, көп бөлмелі-тін. Соның бір кең бөлмесінен жастар үзілмейтін. Бәрі бірігіп әлдебір сызулар сызатын, бірдеңелерді даурыға талқылайтын, ән айтып, тамаша кештер де өткізетін. Менің бес-алтылардағы кезім, аяқтарына оратылып, ылғи араларында жүруші едім. Бәрі де еркелететін, дегенмен Саттар ерекше жақсы көрді» [3]. Расында да балажан, бала көңілді Саттар Қарағандыда зор шығармашылық табысқа кенелді. Қарағанды

тұрмысымен журналист ретінде таныса жүріп, өз замандастарының арасынан, инженерлер мен шахтерлер ішінен айнымас сырлас достар тапты, болашақ үлкен туындысының іргетасын қалады. Оны автордың өзі де мойындап, «Қарағанды мені жазушы ететін болды» деп айтқаны бар екен. Соған қарағанда Сейілбек Үсенов шығармашылық адамдарына ыңғайлы басшы болғанға ұқсайды.

Ілгеріде педтехникумда дәріс беретін ұстазы Тәңірберген Отарбаевтың сабақты домбырамен ән салып өткізуіне де кеңшілік жасап, емеурінмен ғана ескерту беріп, басшылық базынасын жұқалата жеткізген Үсенов Шымкентте Аймауытовтың «Ақбілекті», Қарағандыда Саттардың «Менің құрдастарымды» жазуына да қолайлы жағдай тудырған болуы керек. Өйткені өзі де киелі қалам иесі болғандықтан, қағазға түспеген ойдың жоғалған қазынадан кем болмайтындығын бар болмысымен түйсінген сынды. Сол себепті де шын талантқа тұсау салмаған, еркіндігінен айырмаған. Олай дейтініміз, журналистикаға ден қойғандардың көбінің шығармашылығы екінші орында қалып қоятыны бар. Бұл жағынан да оның бәзбір бас редакторлардан артықшылығы анық байқалады десек, ол артық айтқандық емес.

Жалпы Саттар мен Сейілбектің арасында рухани байланыстың үзілмегенін, тіпті аға дос-іні дос ретінде де, көзқарасы, ұстанымы бір, әріптес ретінде де жақын қарым-қатынаста болғанын білеміз. Мұны асылдың тұяғы, 1933 жылы туған Сәлім Сейілбекұлы Үсеновтың шығармашылығынан да кездестірдік. Өзінің «Менің өмірім» атты 6 бөлімді өлеңінде ол:

«...Әкемнің қызметінен көшіп келдік,
Кеншілер қаласына Алматыдан.
Әкеммен көп жігіттер үйге келді,
Ішінде Саттар деген ақын еді.
Жан анам дастархан жайып,
Оларды қымыз-шаймен қарсы алды.
Ағай мен жеңгей біздің арамызда,
Бабамыздай сыйлаймыз оларды да.
Сәтті қадам, құтты қоныс болсын,
Осы кеншілер қаласында
Отбасы аман болсын әрбір үйде,
Аштық жойылсын біздің елде.
Алла бізге пана болсын,
Саттар бата берді кетер кезде» [4],-дейді.

Олай болса Үсеновтер отбасының құтты қонағы болған Саттардың Сейілбек ағасымен рухани достығы, қаламгерлік жақындығы да зерттеу нысанына айналып жатса нұр үстіне нұр. Өйткені олардың Қарағандыдағы қызметіне жете үңілу арқылы ғана қос арыстың шығармашылық ғұмырбаянының бізге беймәлім беттерін ашуға болады.

Шындығында Саттар әдебиетіміздің көркем очерк, публицистика және сын, сатира саласын дамытуда да елеулі еңбек сіңіріп, «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан», «Қарағанды пролетариаты», «Ленинская смена»

газеттерінде өз қолтаңбасын қалдырды. Осы аталған газеттердің 1932-1937 жылдар арасындағы сандарынан түрлі тақырыптарға жазылған көркем очерктер мен публицистикалық мақалаларын және әдеби-сын мақалалары мен келелі тақырыпқа ұйымдастырылған әдебиет беттерін жиі кездестіріп отырамыз.

Кезінде Саттар сынына зор ризашылықпен қараған ақын-жазушылар оған баспасөз бетінде алғыс жариялап жатты. Бұған, әсіресе, Сәбит пен Бейімбеттің 1934 жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1-2 июльдегі номерінде жарияланған «Екі оқушыға жауап» деген хаттары дәлел. Мұнда Сәбит: «Маған хат жазған, сіздердің оны басқан «СҚ»-ның бет алысы бір әдемі бет алыс – жіксіз большевикке келген бет алыс. Пролетариат әдебиетін, оның жазушыларын өсіруге көмектесуге айналған бет алыс»[5] деп жазған болатын.

Анығы сол, Саттар Ерубаев жаңа заман жастары жайында жиі толғанып, жиі қалам тартып, қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырында әдебиетімізді айтарлықтай байытып кетті, артында өлмес дүниелер қалдырды. Сондықтан да бүгінгі оқырман қауым, әсіресе, жастарымыз Саттарды сүйіп, оқиды. Бір ғана «Менің құрдастарым» атты романының өзі шоқтығы бөлек дүние. Рахмет пен Лизаның бейнелерінде отандас қыз-жігіттердің жақсы қасиеттерін жинақтауға тырысқан жазушыны әлбетте жастар жазушысы деуге болады. Демек жерлес жазушыны көркем сөздің құдыретіне тереңдей бойлаған, от тынысты, өршіл идеялы ардақты азаматтар қатарына қоссақ та әбестік болмайды. Тіпті ол турасында кешелі-бүгінді баспасөзде де аз айтылып, аз жазылған жоқ. Мысалы Р.Қожабеков «Оңтүстік Қазақстанда» жарық көрген «Қарағандыда қанаттанған қыран» мақаласында:

«Саттарды «Қарағандыда қанаттанған қыран» дейміз. Өйткені жазушы творчествосының шыңы, Саттарға қазақ совет әдебиетінің қасиетті төрінен орын алып берген романы «Менің құрдастарым» Қарағандыға арналған. Қарағандыда жазыла бастаған. Ол осы туындысы арқылы өзінің екінші өлмес өмірін бастады, Сол арқылы Қазақстан комсомолы сыйлығының тұңғыш лауреаты атанды»[6],-деп ағынан ақтарыла отырып былай дейді:

«1934 жылы 5 июльде Қазақстан өлкелік партия комитеті «Қарағанды пролетариаты» газетінің жай-күйі туралы қаулы шығарған-ды. Дүрілдеп өсіп келе жатқан қаладағы жас газеттің халі мүшкіл болатын. Ол кездегі газетте жұмыс істеу өте қиын болатын, аяқ астында күйіп кетіп жоқ болу, болмашы кемшілік үшін «халық жауы» атанып, түрмеге қамалу оңай шаруа еді ғой. Соған орай, қалалық газет журналист кадрларына тым жұтаң болатын [7]. Ия, осындай қысылтаяң шақта қожырап кеткен газеттін ісін жолға қою, оны білікті кадрлармен толықтыру қазақтың музыкалық театрының директоры болып істеп жүрген жерінен арнайы шақыртылып алынған Саттар Ерубаевқа да, «Социалды Қазақстанда» әбден ысылған Сейілбекке де оңайға соқпағаны айқын. Белгілісі, Сейілбектей сара ұстаздан журналистиканың қыр-сырын бір кісідей меңгеріп, басшылық қызметте де жас та болса жауапкершілік танытқан, әжептеуір төселген Саттар бұл құтты редакцияда қашан Алматыға кетіп, Ленинград университетінің аспирантурасына оқуға түскенге дейін, яғни 1935 жылдың мамыр айының ортасына дейін табан аудармай қызмет атқарды.

Өзін аямастан, жан-тәнімен беріле жұмыс істейтін, жеке шығармашылығына да уақыт тауып, еңбекке қызу араласып, болашақ романына қайнаған өмірдің ортасынан материал жинауды да ұмытпайтын Саттарды Сейілбектің де жақын тартып, жақсы көретін жөні бар. Өйткені екеуін шығармашылық адамы ретінде жақындастыратын ұлы күш – адалдық, жауапкершілік, жанкештілік һәм өзгелерден оқ бойы озық тұруға мүмкіндік берген өзгеше өре-деңгей, шалқар білім ортақ мақсат, ортақ мүддеге жұмыла жұмыс істеуге мүмкіндік беріп еді. Яғни газеттің «қара жұмысына» қажымай, талмай белсене қатыса жүріп Саттар «Қарағанды пролетариатының» белді басылым атануына мол үлес қосты. «Саттар», «С. Көркем», «Жетім», «Қаракөз», «Көз». «С», тағы басқа бүркеншік есімдермен танымал болған ақын көркем очерк, өлең, баллада, фельетон, скетчтерді жиі жазып, жұрт іздеп жүріп оқитын авторға айналды. Оның кезінде қоғам талқысына салынған, жұртшылықты дүр сілкіндірген еңбектері қатарында «Өмір туралы рапорт», «Үш шахтер туралы баллада», «Көмір жырынан», «Көктем туралы» атты поэзиялық туындыларын, ««Құрғақ сөзге мәз, нақтылы ісі аз», «Қазақ тілін жек көретін шахтком», «Жолдағы жолсыздықтар», «Тышқан ауылындағы уақиға», «Адасқан бөтелке», «Біздің темпі», «Абай 6 - 9 - шахтаның қысқа дайындығы туралы» деген сатиралық суреттемелері мен пародияларын, т.б. атап көрсетсек болады.

Ал «Орталық Қазақстанда» басылған «Саттар қанаттанған қала» атты мақалада журналист біз білетін, жоғарыда тілге тиек еткен жәйттерді тізбектей келіп, Саттардың көзін көргендерді де сөйлете кетіпті. Өз тағдырын Қарағандымен сабақтастырып, соңында өлместей мұра қалдырған, жасындай жарқ етіп, қазақ әдебиетіне әлемдік тың үрдісті енгізген қаламгердің бір қырын ашуға септігі тиер деген мақсатпен бұл мақалаға да аз-кем үңіліңкірегенбіз. Өйткені «Өмір деген өксігімді баса алмаған жан едім, өнерімнің барлық гүлін аша алмаған жан едім» деп өз жайын өзі жырға қосқандай, Саттар саналы 23 жылдық ғұмырында әдебиетте құбылыс болған қаламгер.

Олай болса, 1914 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданындағы 21-ші ауылда өмірге келіп, Түркістан жеті жылдық мектебінде білім алған, 1930 жылы Ленинградтың Герцен атындағы тарих-философия-лингвистика институтына түсіп, жалындаған 20 жасында оны бітіріп шыққан.

Дара суреткерді жете тану, зерттеп-зерделеу үдерісі тоқтамақ емес. Ақиқаты сол-сара талант Саттарды жазықсыз күтәналаушылардың кесірінен Орталық комсомол комитетінің бюросы оны 1934 жылғы маусымда жастар мен балалар газеттеріндегі жауапты қызметінен шеттетті.

Ал бізді айрықша қызықтыратыны - «Қарағанды пролетариатындағы» жылдары. Яғни газет жұмысымен айналысқан 10 ай. Шын дарынға тұсау жоқ. Өзін таныту үшін Саттарға осы қысқа мерзімнің өзі жеткілікті болды.

Өміршең дүниелері еш толастамай, бірінен соң бірі «Қарағанды пролетариатының» бетінен орын алып жатты. Тіпті, бір таңқаларлығы, 70 жыл бұрын Саттар көтерген кейбір мәселелер әлі күнге дейін өзекті.

Профессор Д.Шаймұханов 1934 жылы Қарағандыда жалғыз ғана қазақ инженері Әлменов деген азамат болғанын, кейіннен бұл топқа ағайынды Серғазиндердің, академик Сағынов бастаған ұлттық кадрлардың қосылғанын жазыпты. Яғни Рахметтің ізбасарлары жыл санап көбейіп отырды. Біздің пайымдауымызша, бәлкім, романға жіті үңіле отырып, Сейілбектің де прототипін табуға болар.

Ал Саттардың өзі 1935 жылы басылымның өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі етіп бекіткен ұзақ жыл осы газетте тілшілік қызмет атқарған Садықов Қали «Саттардан үйренген едік», «Біздің Саттар» мақалаларында өзін газеттің редакторы Сейілбек (Үсенов) пен оның орынбасары Саттардың бір дегеннен өнеркәсіп бөліміне меңгеруші етіп отырғызғанын мақтан етіп, Саттарды бір көргенде қатал адам ба деп қабылдағанын қысыла мойындап: «Саттар мен ойлап қалғандай қатал, тәкаппар емес, қайта ақжарқын, мейірбан, терең ойлы, терең білімді, турашыл, мейілінше талантты жан екен. Сарылып көп оқиды, жинайтын дүниесі - көбінесе кітап»[8],- дейді. Біздіңше Қали Садықов, Құдыш Сүлейменов сияқты асылдың көзін көрген ағаларымыздың да Сейілбек турасында айтары аз болмауы керек. Демек Саттартану мен Сейілбектануға үлес қосқысы келетін жас ғалымдарға Қарағандыда қанаттанған қос қыранның рухани байланысын ашып көрсету үшін болашақта байырғы журналистердің естелік, эсселеріне де назар аударғаны, көңіл бөлгені жөн болады деген ойдамыз.

\

Әдебиеттер

1. Жанғожин А. Осы жұрт Сейілбекті біле ме екен?// Орталық Қазақстан. 6 қазан, 2015ж

2.Жанғожин А., Лұқпан Е. Алғашқы редакторларымыз // Орталық Қазақстан. 4 қазан, 2001 жыл.

3.Тағы да Саттар Ерубаев жөнінде // Саттар Ерубаев. Шығармалары. А.-2014, 399 б.

4.Үсенов С. Менің өмірім // Айқап, №3, 15 шілде жыл // Әлібек С. Туған өлке тарихынан /Ғылыми мақалалар жинағы/. – Алматы. «Таңбалы» баспасы, 2011. – 240 бет.

5. Алтынбекова М. Үлкен талант иесі // Оңтүстік Қазақстан. 30 январь, 1974 жыл.

6.Қожабеков Р. Қарағандыда қанаттанған қыран // Оңтүстік Қазақстан. 1989 жыл, 30 шілде.

7.Сонда.

8.Лұқпан Е. Саттар қанаттанған қала // Орталық Қазақстан.- 2004 жыл, 19 ақпан.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР

ӘӨЖ

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ САУАТ АШУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Акилбаеваа Гулнар Исламовна – ОҚМПУ метепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Резюме

В статье рассматривается вклад казахского языковеда А.Байтурсынова в методику грамотности.

Summary

The article discusses the contribution of the Kazakh linguist A. Baitursynov to the methodology of literacy.

Қазақстанның білім беру жүйесі бүгінгі күні әлемдік білім беру кеңістігіне қарай бағыт алып жатыр. Еліміздің білім беру үрдісінің қайта өркендеу жағдайында жас ұрпақты ұлттық дәстүрлерде оқыту мен тәрбиелеудің маңыздылығы айқындалды. Әрбір халықтың болашақ ұрпағына сіңіретін ұлттық тәлім-тәрбиесіғ үлгі-өнегесі болатындығы белгілі. Тәуелсіз еліміздің болашақ ұрпақтарының ұлттық болмысын, дүниетанымын, мінез-құлқын оның ерте заманнан бері желісі үзілмей келе жатқан салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең негізгі мәселесі екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген [1]. Қазіргі жалпы білім беретін орта мектептердегі білім берудің ұлттық үлгісіне оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдері мен инновациялық технологияларын игерген, психологиялық, педагогикалық тұрғыда қалыптасқан, ескі бірсарынды білім беру әдістемесін тезарада өзгертіп, жаңа әдістерді үренуге икемді, қабілетті және нақты тәжірибе жағдайында өзіндік жолын, педагогикалық шеберлігін қалыптастыра алатын, шығармашылық, педагогикалық тұрғыдан озық болуды талап етеді. Қазіргі елімізде болып жатқан әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгерістер білім беру жүйесіне де айтарлықтай әсер етті. Бұл өзгерістер метептерде, мектепке дейінгі мекемелерде білім беру жүйесінде жаңартулар ғана емес, жаңа пәндер ендіруге де қажеттіліктер тудырды деуге болады.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі ерекшелігі - білім беру үрдісі белгілі бір нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Яғни, оқушы білімді 100% дайын күйінде мұғалімнен алмай, өзінің жеке

мүмкіншілігіне сүйену арқылы танымдық өзгеріс енгізуі шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Соның нәтижесінде балалардың өзіндік ой-пікірі қалыптасады, көзқарасы өзгеріп, дүниетанымы кеңейеді.

Білім беру жүйесін ізгілендіру аясына гуманитарлық бағыттағы сабақтарды оқытудың маңызы өте жоғары. Гуманитарлық пәндер - адамзат баласын рухани жағынан тәрбиелеп, дүниетанымын кеңейтіп, сөйлеу тілі мен ойлау жүйесін кең көлемде дамыта алатын, күнделікті тұрмыста өзіндік мәні мен мазмұнын жүйелі жүргізе білетін маңызды пәндердің бірі. Түп тамырымызды, салт-дәстүріміз мен мәдениетімізді ертеңгі жас ұрпаққа мирас етіп қалдыру, оны дамыту, жетілдіру мәселелері де осы гуманитарлық білімнің міндеті. Сондықтан да осы мәселені заман талабына сай оқыту үрдісінде инновациялық әдістердің көмегімен жас балалардың бойына сіңіру – басты борышымыз. Гуманитарлық бағыттағы пәндер қатарына тілдер мен әдебиетті, тарих пен қоғамтануды жатқызатын болсақ, бұл пәндердің әрқайсысының астарында ұлттық құндылықтар мен терең мұралар жатқаны анық. Ал бұл дүниелерді оқушылардың бойына сіңдірудің ең бір тиімді жолы – ыңғайлы әрі заман талабына сай технологияларды пайдалану.

Оқыту технологиялары қоғамның дамуымен біргелікте дамып келе жатқаны да бәрімізгі аян. Ал сондай оқыту технологияларының негізі сонау XIX ғасырда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алады. Ахаңның «Тіл жұмсар», «Сауат ашқыш», «Қай әдіс жақсы», «Жалқылау /айырыңқы/ әдіс», «Жалқылауды жалпылау әдісі» атты еңбектері қазіргі оқыту, сауат ашу әдістемелеріне жол ашқан негізгі дереккөздер болып табылады.

Қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы, XX ғасырдың басындағы ағартушылық бағыттағы қазақ оқымыстыларының ең бірінші көшбасшысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы араб таңбаларын қазақ тілінің заңдылықтарына ыңғайлай отырып, қазақтың алғашқы әліпбиін жасады. Өз елінің сауатын ашуда өте маңызды еңбек сіңірді. Араб әліпбиіне бейімделіп, бас-аяғы 28 әріптен тұратын жаңа әліпби 1912 жылы оқып үйретуші оқулығымен бірге елдің қолына тиді. Ауыл балаларының сауатын ашу үшін сол оқулық пен әліпби тоқтаусыз қолданыла бастады. Әдістемелік оқулықта оқуға үйретететін әдістер берілгендіктен мұғалімдергеде оқыту ісінде өте ыңғайлы болды, екінші жағынан оқуға келген балалар да тезарада сауат ашу мүмкіндігіне ие болды. 1912-1925 жылдар аралығында аталмыш оқулық жеті рет қайта-қайта басылып шықты. Бұл оқулық сауат ашу жұмыстарында, оқу-ағартушылық салада осы уақыт аралығында үздіксіз қолданылады. «Әліпби» оқулығында дыбыс пен әріпті оқыту әдісі дидактиканың «жеңілден қиынға қарай» қағидасы бойынша жеке сөздерді оқытудан басталып, одан кейін шағын мәтіндер оқуға беріледі. Жеке сөздерді бергенде, өте қысқа, бір-екі дыбыстардан тұратын жеңіл сөздерден бастайды да, бірте-бірте күрделене түседі. Мысалы, Ал, ала, алар, бал, бала т.б.» [2]. Бұл әдіс бойынша балалардың оқуды, әріп жазуды, дұрыс сөйлеуді тез үйренеді, мұғалімдерге де әріпті танытуға, оқуға үйретуге, жазуға дағдыландыруға өте жеңіл болады. Сонымен қатар мұнда күнделікті тақырып

бойынша оқушыларды тұрмыста қолданатын, жиі кездесетін сөздермен таныстырып отыру ұстанымы сақталған. Одан әрмен қарай балаларды қызықтыратын ауыз әдебиетінің үлгілері: жаңылтпаштар, тақпақтар, жұмбақтар және мақал-мәтелдер жаттауға беріледі. Содан кейін ғана жас ерекшелігіне қарай қысқа мәтіндер және өлең шумақтары беріледі.

«Әліпби» атты оқулығында жеңілден қиынға қарай рет-ретімен мәтін түрлерін ұсынып, оқушыларды шаршатпау үшін түрлі ойындар беріледі. Мұндай ойындар дыбыстық әдіс тәсілі арқылы сөздерді түрлендіріп сөз тіркестерін, одан сөйлемдер жасауға арналады. Әрі қарай қолды жаттықтыру үшін жаттығулар келтіріп, оларды өзгерте отырып, жаңылтпашқа айналдыру тапсырмалары бірте-бірте күрделендіріліп отырады. Осының өзінен-ақ ғалымның еңбектерінде күрделендіру тәсілі ерекше орын алатынын байқауға болады. Сондай-ақ балалардың сауатын ашуда, тілін дамытуда, оқығанды есте сақтауда қайталау жұмыстарының маңызы ерекше екендігі ескеріледі. Мұндай қайталау әдісі осы күнге дейін «Қайталау – сабақтың анасы» деп жиі қолданылып келе жатыр. Сонымен қатар Ахаң қолданған жеңілден қиынға қарай, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту қағидалары, сабақта балаларды жалықтырып алмау үшін ойын түрлерін пайдалана отырып оқыту әдістері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ, керісінше одан әрі дамып, ең тиімді әдіс түрлеріне айналды.

Ғалым өз еңбектерінде балаларға жылдам әріп таныту үшін дыбыстарды ажыратуға жаттықтыратын әдіс-тәсілдерін жіті қарастырды. Сауаттылықтың негізі – жазуға үйрету деп түсіндіреді. Сауаттылықты оқу мұқтаждығы емес, жазу мұқтаждығы тудырған, - деген пікір айтады [2]. Жазуға үйрету әдісі ол оқи білуге үйрету әдісі де бола алады. Жазу дегеніміз - әріптердің таңбасын салу, ал оқу дегеніміз - таңбасы салынған әріптердің дыбысын айту. Балалар әрбір дыбысты ажыратып оқуға үйренген соң, сол дыбыстарддың таңбасы ретінде әріптерді көрсете алады. Балалардың әріп тануы - оқу мен жазу жұмыстарының бәрінің бастамасы болады. Жазу жұмысы да, оқу жұмысы да бір рет қана орындалып қоймайды, мектепте күнде керек болады, күнде іске асырылып отырады. Сондықтан балалар мектепті бітіргенше жазу мен оқуға әбден төселеді, барған сайын оны өнерге айналдырып, көркем жазуға, мәнерлеп оқуға машықтанады. Көркем жазу мен мәнерлеп оқуды ғалым жазу ісі мен оқу ісінің жетілдірілген түрі деген тұжырым жасайды. 1927 жылы Ахмет Байтұрсынұлы әдістеме саласында «Жаңа мектеп» журналының №11,12 сандарында «Жалқылау және жалпылау әдістері» деген ғылыми мақала жариялады. Содан соң өзінің «Баяншы» деген атпен тілді оқытудың әдістемесіне арналған оқу құралында, мұғалімдерге «Әліппені» оқытудың, сауат ашудың әдістерін ғылыми тұрғыда баяндап берді. Мұның бәрі де ғалымның әдістеме саласына қосқан өлшеусіз еңбектері болатын.

Ғалым оқытудың білімдік-танымдық жағымен қоса, тәлімгерлік жағына да қатты көңіл бөлді. Әдебиет саласындағы «Әдебиеттанытқыш» атты оқулығында көркемсөз өнері - әдебиет теориясының негізін қалап, қазақ тіліндегі көптеген әдеби терминдердің тізбегін берді. Мысалы: көрнекөнері, сөз

өнері, сымбат өнері, айтыс өнері, кескін өнері, саз өнері т.б. Бұл еңбек қазақ әдебиеті ғылымының дамуына үлес қосқан өте құнды ғылыми еңбек болды. XX ғасырдың басында қазақ ауылында мектеп ашу, мектептегі оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, мұғалімдерді даярлау мәселелері аса қиын, әрі күрделі мәселелердің бірі болатын. Ахмет Байтұрсынұлы осындай шешуін таппаған күрделі мәселелерге көңіл аударып, оны шешудің жолдарын көрсетуге тырысты. «Дамыған өркениетті елдер секілді қазақ бай-бағландары ұлттың намысын қорғап, оқулық шығарушыларға бәйге жарияласын, ал бәйге берілетін кітаптарды иесі бір-екі рет баспадан шығарып, ақшасын өздері алатын болсын», [3] - деген ұсыныс жасады.

Ахмет мұғалімдерге арналған педагогикалық оқу орындарын ашып, арнаулы оқу орындары арқылы мұғалім даярлаудың тиімділігін түсіндіреді. Алайда мұндай оқу орындары қазақ даласында әзірге жоқ екендігін ескеріп, қазақ медреселерін немесе орыс мектептерін тәмамдаған жастардың талаптарын іріктеп алып, мектептерге мұғалімдікке қоса пайдаланайық деген пікірін айтады. Ол мамандардың білімдерін жетілдіру үшін жаз айларында қысқа мерзімді курстар ашып, қосымша оқыту керек деп ұсынысын да айтады.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының беделді көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ғылымы мен мәдениетінің дамуына сіңірген еңбегі мол. Ұлттық педагогика мен оқу ағарту саласындағы еңбегін Мұхтар Әуезовше айтатын болсақ, көптеген көз майын тауысқан ғылыми-әдістемелік еңбектері, оқу-ағарту саласындағы аса құнды ой-пікірлері, саясат жолындағы қажымас қайраты тарих ұмытпас істер болмақ.

Байтұрсынұлы жас ұрпақтың ана тілінде сауатын ашып, білім алуына бар күшін салды. Осы мақсатта «Оқу құралы», «Тіл құралы» атты оқуықтарын, ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби», «Жаңа әліпби» атты әдістемелік еңбектерін жарыққа шығарды. Қазақ грамматикасына көптеген тың терминдер енгізді. Грамматикалық категориялардың әрбіріне қазақша ғылыми термин тауып, морфологиялық тұлғаларды өзінше талдап, жаңаша анықтамалар берді. Қазақ фонетикасы мен грамматикасын талдау барысында да тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму жолын ескеру қағидаларын ұстады.

Сонымен қорыта айтқанда, қандай әдісті алсақ та, ол әдіс оқыту ісінің алдындағы тұрған дидактикалық міндетті шешуі тиіс. Оқу үрдісінің тиімді болуы үшін, мұғалім белгілі бір жетістікке қол жеткізу үшін өзі тиімді әдістерді білуі қажет. Осындай бір әдісті бірнеше мақсатқа пайдалануға болады. Сол арқылы білімді де меңгертеміз, дағдыны да қалыптастыра аламыз. Дегенмен, бір әдісті білу жұмыстың нәтижелігін көрсетпейді. Мұғалім қай әдісті таңдаса да, баланың түсінуіне жеңіл, нәтижелі, тиімді, ең бастысы дидактикалық мақсатқа сәйкес болып, жүктелген міндеттерді шеше алатындай болуы шарт. Осы мәселенің бәрі де Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде толық қарастырылған. Ғалымның «Қай әдіс жақсы», «Жалқылау /айырыңқы/ әдісі», «Жалқылауды жалпылау әдісі», «Тіл жұмсар» атты еңбектері осы күнге дейін

білім беру ісінде басшылыққа алатын ең негізгі дереккөздер болып саналады және бір жарым ғасырдан бері өз маңызын жоймай келе жатыр.

Әдебиеттер

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы
2. Ахмет Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі //Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 жыл.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: «Ана тілі», 2003ж.

ӘОЖ: 94:323.33:351.858

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Құлшарова Х.Қ. магистр-оқытушы
«Мирас» университеті, Шымкент қ., Қазақстан

Резюме.

В статье расскрывается труды выдающегося казахского поэта, публициста, литературоведа, тюрколога, великого педагога, переводчика, общественного и государственного деятеля, одного из лидеров национально-освободительного движения, ученого-основателя казахского языкознания и литературоведения, национального реформатора, просветителя, члена правительства Алаш Орды Ахмета Байтурсынова перед казахским народом. В частности, в ходе кампании по ликвидации массовой неграмотности в крае в начале XX века рассматриваются работы А. Байтурсынова внутри страны, о крупномасштабной Каркаралинской петиции от имени колониальной власти, о значимости газеты «Қазақ», ставшей рупором казахской общественности, редактором которой был А. Байтурсынов. Автор статьи анализирует несколько работ, написанных Ахметом Байтурсыновым в качестве проводника на пути образования, отмечая, что он поднимал вопрос финансов и языка для качественного образования детей.

Summary.

This article reveals the works of the outstanding Kazakh poet, publicist, literary critic, Turkologist, great teacher, translator, public and statesman, one of the leaders of the national liberation movement, the scientist-founder of Kazakh linguistics and literary studies, national reformer, educator, member of the government of Alash Orda Akhmet Baitursynov to the Kazakh people. In particular, during the campaign to eliminate mass illiteracy in the province at the beginning of the XX century, the works of A. Baitursynov inside the country, about the large-scale Karkarala petition on behalf of the colonial government, about the importance of the newspaper "Kazakh", which became the mouthpiece of the Kazakh public, the editor of which was A. Baitursynov. The author of the article analyzes several works written by Akhmet Baitursynov as a guide on the path of education, noting that he raised the issue of finance and language for the quality education of children.

Кіріспе. XX ғасыр қазақ халқының тарихында айрықша орын алатын кезең болып табылады. Осынау жүз жылдықта Орталық Азиядағы көп халықтардың бірі болып есептелетін қазақтар большевиктік әлеуметтік-экономикалық және саяси эксперименттер барысында алапат аштыққа, қуғын-сүргінге ұшырап, демографиялық дағдарысты бастан кешіріп, этнос ретінде жойылып кетуге шақ

қалды. Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстан бірінші кезекте экономикалық, саяси және рухани отарлаудан азап шексе, большевиктік билік жылдарында бұған идеологиялық және демографиялық зорлық-зомбылық қосылып, тұрғылықты халық кешегісін, бүгінгісін, ертеңін ажырата алмайтын күйге түсейін деді, кемеңгер ойшыл Ш.Айтматов бейнелеп айтқандай, оны «мәңгүртке» айналу болашағы күтіп тұрды.

Әрине, XX ғасыр Қазақстанға тек азап пен тозақ, құлдырау мен жоғалу процестерін әкелді десек, ақиқаттан аттағандық болар еді. Ғасырдың негізгі бөлігін алып жатқан социалистік құрылыс жылдарында республиканың экономикалық, рухани, интеллектуалдық потенциалын байытқан өзгерістер аз болған жоқ. Жаңа қалалар бой көтерді, байланыс құралдары, қатынас жолдары салынды, көптеген жоғары оқу орындары ашылды, дәрігерлік көмек, әлеуметтік қорғау реттелді, мамандар саны өсті. Осылардың қатарында халықтың сауатсыздығын жою, үлкенді де, кішіні де оқи, жаза алатын дәрежеге жеткізу тұрғаны ақиқат.

Осы тұрғыдан Қазақстандағы сауатсыздықты жою саласында белсене ат салысып, ерен еңбек еткен ұлы тұлғаларымыздың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол қазақ тілінде жарық көрген, қазақ жұртшылығының рупорына айналған «Қазақ» газетінің редакторы болған, тек қазақ халқы арасында ғана емес, ұлттық интеллигенция арасында да үлкен танымалдылыққа және ықпалға ие болған.

Айта кету керек, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ халқына қатысты барлық мәселелер бойынша азаматтық ұстанымы берік болды. Белгілі Қарқаралы петициясын мысал ретінде келтіруге болады, онда ол көптеген ғылым және мәдениет қоғам қайраткерлері сияқты қазақ халқының өзекті мәселелерін сипаттайды, ол қазақ балаларының гимназияға сапалы білім алу үшін түсу, стипендия бөлу, гимназиялар жанындағы пансиондар білім алу қажеттілігі туралы атап көрсетеді, ол сондай-ақ «... қырғыз халқының білімге деген сұранысы орасан зор, бұны қырғыз мал шаруашылығының ауырлығына қарамастан, қалалық мектептерде өз қаражатына оқитын қырғыз балаларының массасы дәлелдейді» деп жазады [1, 116].

Зерттеу әдістері. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен қатар, Алаш тарихын зерттеудің жаңа кезеңі басталды. М.Қойгелдиев, К.Нұрпейісов, Т.Омарбеков, М.Құл-Мұхаммед, Т.Кәкішев, С.Аққұлыұлы, В.Григорьев, А.Сармұрзиннің және басқа авторлардың еңбектерінде Алаш тарихының елеулі оқиғалары көрініс тапты. Ү.Субханбердинаның «Алаш», «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері туралы түсіндірме еңбегінің, Ө.Әбдімановтың «Қазақ газеті» кітабының жарық көруі аталған мәселенің деректемелік негізінің қалыптасуына қосқан үлкен жетістік болды. «Алаш» партиясы мен қозғалысының тарихын, оған қазақ ұлттық зиялы қауым өкілдерінің қатысуын талдап түсіндіруде М.Құл-Мұхаммедтің зерттеулері маңызды орын алады.

1929-1931 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстың мәселелері алғаш рет Т.Омарбековтың «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы» ғылыми еңбегінде жарық көрді. Д.А.Аманжоловтың «Казахский автономизм и

России: История движения Алаш», К.Н.Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда», М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» және тағы басқа еңбектерде алаш зиялыларының қоғамдағы рөлі туралы зерттелген.

Қ.Сақтың «Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлының білім беру саласына қосқан үлесі, оның ішінде қазақ тілі мәселесін дамтыуда атқарған еңбегі жан-жақты қарастырылады.

А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты тақырыптарды зерттеген ғалымдардың, зерттеушілердің еңбектерін қарастыру барысында және оларды сараптай отырып, талдау жасау кезінде, автор тарихи-салыстырмалық, тарихи объективтілік, жинақтау, жүйелеу, хронологиялық бірізділік және т.б. әдістерді пайдаланды. Мақалада пайдаланылған деректер сыни тұрғыда қарастырылып, сараланды.

Негізгі бөлім. Сауатсыз халықтар санының өсуіне мектеп жүйесінің кеш дамуы бірден бір әсер еткен фактор болды. XX ғасырдың алғашқы жылдарында Қазақстанда мектептердің төрт түрі болды. Олар: жаңа әдістемелік мектептер, діни оқу орындары, орыс мектептер және орыс-татар мектептері. Діни оқу орындарының құрылымы мен саны туралы мағлұматтар сақталмаған. Себебі оларды ашу үшін патша әкімшілігінің арнайы рұқсаты қажет болатын. Сәйкесінше, әкімшілік аумақтарда рұқсат қағазды алу үшін жүргісі келмеген старшындар, болыстар және молдалар көп жағдайда оқу орнын өз қалауларымен ашып, оны арнайы есеп-қисапқа, санаққа енгізбей отырған. Ал, оқушылардың ата-аналары молданың ай сайынғы жалақысын төлеуге міндетті болды. Ақмола облысында 1907 жылы 15 мектеп пен медресе есепке алынып, оларда 970 оқушы білім алып жатқандығы белгілі болған еді [2, 257].

Діни мектепте баланың сауатын ашу емес, Құранның қағидаларын жаттатуға баса назар аударылды. Алғашқы жылы араб әріптерін үйретуге арналатын еді. Одан кейінгі жылдарда «хафтьяк» - құраннан үзінділер, «чаркитаб» - шариғаттан үзінділер жатталатын. Бірен-саран мектептерде болмаса, жазу, арифметиканың төрт амалы, география, т.б. пәндер мүлде оқытылмайтын. Шәкірттер партаға емес, тізерлеп жерге отырып оқыды. Мектеп үйлерінде санитарлық-гигиеналық нормалар қадағаланбады. Қысқасы мектептер уақыт талабына жауап бермейтін, сауатты ұрпақ тәрбиелеуге қабілетсіз оқу орны күйін кешкен болатын. Бұған ғасыр басында діни мектептерде шәкірт болған қазақ зиялыларының естеліктері мен шығармалары толық дәлел. Мәселен, А.Байтұрсынов «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында 1913 жылы былай деп жазған екен: «Қазақ балаларының бір тобы орысша білім алып жүрсе, бір тобы ескі молдалардан оқып жүр, бір тобы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқи бастады... Ескі жолдың оқуын сөз етіп қозғамаймын. Бүгін бар, ертең жоқ болатын дүние. Дүние тегершігі кері қарай айналмайды. Ескі мен жаңаның шыдамдылығы бірдей емес. Ескі әлі-ақ ескіріп, пара-пара болып, жыртылып, тұтынудан шығады» [3, 252-253].

XX ғасырдың алғашқы жылдарында жаңаша ойлап, жаңаша қызмет атқарған мұғалімдер қатары өсе берді. Қазақстанның батысында – С.Меңдешев, Ш.Сарыбаев, И.Меңдіханов, солтүстігінде – С.Торайғыров, С.Дөнентаев,

Ж.Аймауытов, орталығында – С.Сейфуллин, Б.Серікбаев, шығысында – ұлы Абайдың бір топ шәкірттері ұстаздық қызмет атқарды. Бұлардың ішінде шоқтығы биігі де, өлкеде оқу-білімнің тарауына зор үлес қосқаны да Ахмет Байтұрсынов еді. Алғашқыда ауыл молдасынан хат таныған А.Байтұрсынов 1891 жылы Торғайдағы екі класты орыс-қазақ училищесін, 1895 жылы Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер семинариясын бітірген соң ауылда, қалада ұзақ жылдар мұғалімдік қызмет атқарады. Кәсіби қызметін ғылыми жұмыспен ұштастырған ол «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының беттерінде ұлттық тіл мен әдебиет жайлы зерттеулерін жариялайды. Өз қолымен жазған өмірбаянында: «1901 жылдан бастап, оқушыларға білім берген кезден басқа бос уақытымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен айналыстым. Ал, Орынборға келгеннен соң ең бірінші қазақ тілінің грамматикалық құрылысы мен дыбыстық жүйесін зерттеуге ден қойдым, содан кейін қазақ емлесін және альфавитін ретке келтіріп, жеңілдету жолына жұмыс атқардым, сонымен қатар, қазақтың жазба тілін өзге тілдік керексіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын бөгде тілдердің ықпалынан тазартуға жұмыстандым. Қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін ғылыми терминдерді жасауға кірістім және шұғылдандым. Стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен айналыстым»,-деп жазған [4, 57]. 1912 жылы А.Байтұрсыновтың «Оқу құралы» атты қазақша сауат ашатын әліппесі Орынборда жарық көреді. 1915 жылы қазақ тілінің оқытуға арнаған «Тіл-құрал» оқулығын жариялайды. Байтұрсыновтануға зор үлес қосып келе жатқан зерттеуші Р.Сыздықова былай дейді: «Ахмет Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ халқы, мұғалімдер қауымы ешбір талқысыз қабылдады, себебі А.Байтұрсынұлының реформасы қазақ тілінің құрылымына, дыбыс үндестігінің заңдылығына негізделіп, ғылымға сүйеніп жасалған еді. Осылайша, қазақ дыбыстарының құрылымын айқындап тануы ғалымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік берді. Оның 1912 жылдардан бастап жарық көрген, осы алфавитке негізделген жаңа жазуы іс жүзінде қолданыла бастады. Баспа беттерінде жарияланған ақпараттарға сүйенсек, 1915 жылдың бір өзінде бұл емлемен 15-тей кітап басылып шығыпты. Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы жасаған «Жаңа емле» 1913 жылдардан бастап қазақ-орыс мектептерінде де, мұсылман медреселерінде де қолданысқа ене бастады» [4, 58].

Мектеп қажетіне мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының мардымсыздығын және алдағы уақытта да мардымсыз күйде қала беретінін түсінген қазақ зиялылары ғасыр басында тығырықтан шығатын жол іздей бастады. Ұлы ағартушы А.Байтұрсыновтың пайымдауынша, оқу-ағарту ісіне қаржыны бұқара халықтың өзі көтеруі қажет болды. 1913 жылы жарық көрген «Оқыту жайынан» деген мақаласында А.Байтұрсынов өз ойын былайша тұжырымдады; «Әуелгі тіреу - ақша, ол жұрттан шықпақ. Қазақ оқу керек екенін біле бастады, баласын оқытпайын деген қазақ жоқ». Ал оқу-ағарту ісіне жұрттан ақша жинау науқаны Ы.Алтынсарин заманында да орын алған еді [5, 172].

А.Байтұрсынов өз мақаласын реніште көңіл-күйде жалғастырады: «Бірақ қазақ жұрт баласын оқытатындай деңгейге әлі жеткен жоқ. Әркім өз баласының ғана білім алғанын қалайды. Әр баланың басын біріктірсе, бәрі жұрт баласы болатындағын, сол жұрт баласына білім беру халық міндеті екендігін аңғаратын ақыл қазаққа әлі кірген жоқ. Мұны білерлік қазаққа ес кіргенше оқудың қаржы мәселесі орнықты болмайды». Мемлекет қаржысынан мүлде үмітін үзген А.Байтұрсынов оқу-ағарту ісіне ақша жинауды қалың көпшілік қолға алса, кімнің ақшасына оқығанын шәкірт те ұмытпайды деген тезисті алға тартады. «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын». Балам деп оқытып, бағып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, сонда ғана өкпелеген жөн»,-дейді А.Байтұрсынов 1913 жылы жазған «Орысша оқушылар» мақаласында [5, 172].

1920 жылғы 26 тамызда Бүкілроссиялық Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі Қазақ Автономиялы кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы декрет қабылдаған еді. Декрет осы жылғы 4 қазанда Бүкілқазақстандық Құрылтай съезінің шақырылуымен толық орындалды. Қазақ мемлекеттігі пайда болды. Бұл да сауатсыздық жою ісіндегілерге жаңа серпін бергені сөзсіз. Съезде Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті сайланып, төрағалығына ағарту құрылысын ұйымдастырушылардың бірі, Казань мұғалімдер семинариясының түлегі С.Меңдешев бекітілді. Ал жаңадан құрылған халық ағарту комиссариатына бірінші басшылық А.Байтұрсыновқа тапсырылды. «...Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» - деп, сол үшін аянбай қызмет еткен А.Байтұрсынов ағарту комиссары міндетін мойынына алған соң құлшына іске кірісті. 1923 жылы ұлы ағартушының 50 жылдық мерейтойына арнап жазған мақаласында М.Әуезовтің; «Ақаң соңғы жылдардағы уақытының барлығын қазақтың мектебіне арнап, жазған жазуы да, істеген ісі де тек соған бағытталған»,- дегені бекер болмаса керек.

Тіл білімі мен әдебиеттанудың қалыптасуына А. Байтұрсынұлы өте көп үлес қосты. 1926 және 1928 жылы шыққан «Тіл жұмсар», «Жаңа әліпби», «Әдебиет танытқыш» атты еңбектерінде қазақ тілі морфологиясы мен грамматикасының, фонетикасының, қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихының аса өзекті мәселелері көтеріледі [6, 75].

Сауатсыздықты жою шарасы қоғам өміріндегі барлық іс-әрекетті мемлекет қарамағына көшіру, мәдениет пен жеке адамның үстінен қатаң саяси-идеологиялық бақылау жағдайларында жүргізілді. Мысалы, қазақ жазу әліппесі араб графикасынан латын, он жылдан кейін латын графикасынан қазіргі кириллицаға ауыстыру салдарынан бір адам бастауыш білімді үш рет оқуға мәжбүр болды. Әрине, мұндай қиындықты игеруге екінің бірінің шамасы келе бермеді. Латын әліпбиіне ауысудың керек еместігін сол уақытта А.Байтұрсынұлы дәлелдеп берген.

Қорытынды. Ахмет Байтұрсынов – балалар мен ересектердің ұлы ұстазы болған. Саяси салада қызмет еткені үшін А.Байтұрсынов ұлттық мәдениеттің қалыптасуына және Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің дамуына баға жетпес үлес

қосқан «Алаш» қозғалысының үгітші-насихаттаушысы, идеялық шабыттандырушысы, теоретигі, ұйымдастырушысы ретінде өзін көрсетті. А.Байтұрсыновтың Кеңес Одағы құрамындағы Қазақ АССР-і жерлерін сақтаудағы берік ұстанымы үшін «қазақ жерінің жинаушысы» деп аталуының өзі орынды. Ахмет Байтұрсынов өз шығармаларымен қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалады. Өзінің қуғынға ұшыраған қиын-қыстау күндерінде де ұлы тұлға тоқтамай жемісті еңбек етті. Бүгінгі таңда Қазақстаннның бірқатар қалаларында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мұражайлар бар. Мектептер, жоғары оқу орындары, алаңдар, көшелер оның есімімен аталады. Байтұрсынов оқулары, тарихи кештер, білім сайыстары, фестивальдар жыл сайын өткізіліп тұрады. Ол қазақ ғылымы мен мәдениетінің жарқын сәулесі ретінде халықтың жадында мәңгі қалады.

Әдебиеттер

1. Ахметов Л.С. и др. Алихан Букейханов – поиск ориентиров. Ахмет Байтурсынов – главное – обретение государственности. Турар Рыскулов – яркий политик советского Востока. Учебное пособие. Астана, 2008, 204 с.
2. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 4-том. Алматы: «Атамұра», 2010, 752 б.
3. Біткенбаева Ш.К. Қазақстанда сауатсыздықты жою туралы лениндік декреттің жүзеге асуы. Алматы, 1982. 54-бет.
4. Колдыбаев С.А. К вопросу об общественно-мировоззренческих взглядах Ахмета Байтурсынова /С.А. Колдыбаев, А.А. Баймагамбетова // Казахская цивилизация. - 2010. - №4.- С.57 - 58.
5. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. Алматы: «Елшежіре», 2013, Т. V: 384 б.
6. Сақ Қ. АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ: ТІЛ МӘСЕЛЕСІ. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т. 2, 400 бет.

ӘОЖ 811.512.122' 3737611

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Омар Базаркүл Қалтайқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В статье анализируется роль основоположника казахского языкознания А. Байтурсынова.

Summary

The article analyzes the role of the founder of Kazakh linguistics A. Baitursynov.

Халқымыз ежелден тілге айрықша көңіл бөлген. Тіл - халқымыздың ғасырлар бойы қаймағын бұзбай, кейінгі ұрпаққа қалдырған байлығы, асыл қазынасы. Сондықтан да халықтың рухани байлығының ең биік шыңында туған тіліміздің тұратыны ақиқат. Қазақ тіл білімінің негізін салып, оны ғылыми негізде жүйелеген тұлға - А.Байтұрсынұлы болатын. Ұлы ағартушы

Ы.Алтынсариннің ізін басып, болашақ ұрпақты таза қазақ тілінде оқытуға үндеген, қазақ тілі мен әдебиетіне, оның әдістемесіне байланысты оқу құралдарын жазып қалдырған ағартушы-ғалымның еңбегі өлшеусіз.

Тіліміздің қадір-қасиеті туралы 1914 жылы Орынборда жарық көрген «Тіл -құралында» автор: Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі, - дей отырып, адам баласының өміріндегі тілдің, сол тіл арқылы сөйлей білудің және жаза білудің қаншалықты керектігін түсіндіреді: Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Біздің заманымыз - жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Адамға сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек, - дей келіп, баланы әуелі өз ана тілінде оқытып, өз ана тілінде жазу-сызу үйретіп, өз ана тілінің жүйесін таныту керектігін, одан кейін барып басқа тілдерді үйрету қажеттілігін айтады. Сондықтан да ол қазақтың үш жылдық бастауыш мектебіндегі оқуға шамалап, басқа білімдермен қатар, қазақ тілінің наху, сарфын оқыту үшін «Тіл – құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз, - дейді [1,141-142].

А.Байтұрсынұлының тіл біліміне байланысты еңбектері XX ғасырдың оныншы жылдары «Айқап» журналында жарық көре бастаған. Ол жоғары дәрежелі оқу орнын бітірмесе де, табиғат берген дарыны мен еңбекқорлығының арқасында бүкіл түркі әлемі мойындаған, ой-өрісі, дүниетанымы мол дарын иесі екендігін танытты [2, 231-248]. Оның күллі түркі әлеміне атақ-абыройын асырған, қазақ тілін жеке пән ретінде жүйелі оқытуды мақсат тұтқан «Тіл - құрал» атты еңбегі қазақ тілінің дыбыстар жүйесі мен грамматикалық құрылысын талдап, жүйелеген бірден-бір оқулық болды және қазақ тіл білімінің алғашқы дұрыс жүйеленген бастауы еді. Осы орайда Р.Сыздықованың мына бір сөзі ойға оралады: «Көзіміз жеткен бір ақиқат ол - ана тіліміздегі ғылымның тіл білімі саласы үстіміздегі ғасырдың оныншы жылдарынан басталғандығы және оның ірге тасын қалаушы Ахмет Байтұрсынов екендігі», - деп жазды [3, №2].

Диссертациялық жұмысыма материал іздеу мақсатымен өткен ғасырдың 90 жылдары Алматыдағы ұлттық кітапхананың «Кітап мұрасы мен қолжазбалар» бөлімінде болғаным бар. Осы бөлімде А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» атты еңбегінің 1918-1927 жылдар аралығында шыққан алты кітабы сақталған екен. Кітаптар араб алфавитімен (төте жазумен) жазылғандықтан оқи қиын болды. Осы бөлімнің қызметкері Аббахан Ибрайымова деген апайдың көмегімен сол кітаптармен танысып, сөзжасамға, терминжасамға қатысты қажет жерлерін қазақшаға аударып жазып алған едім. Кейінірек, екі-үш жылдан соң «Тіл тағылымы» деген атпен А.Байтұрсынұлының үлкен еңбегі қолымызға тиді. Аталған еңбекте әліппеге, жазу, емле, терминология және оқу-ағартуға байланысты еңбектері, оқулықтары енгізілген. Оқулықтар бөлімінде «Тіл – құралдың» 1914 және 1915 жылы Орынборда, 1925 жылы Қызылордада жарық көрген екі кітабы берілген.

«Тіл-құрал» оқулығы 3 кітаптан тұрады. Бірінші кітабы дыбыс жүйесі мен оның түрлеріне, яғни фонетикаға, екінші кітабы сөз жүйесі мен оның түрлеріне, яғни морфологияға, үшінші кітабы сөйлем жүйесі мен оның түрлеріне, демек, синтаксиске арналған.1927 жылға дейін жыл сайын баспадан шығарылып отырған бұл үш кітап қазақ тілінің негізгі үш деңгейін, бүкіл грамматикалық жүйесін қамтиды. «Тіл-құралда» қазақ тілінің дыбыс жүйесін, сөздердің буынға бөлінуін, буын мен дыбыс, буын мен сөз дегендердің ара жігін ашып, жазу қағидаларын ереже түрінде де, мысалдармен де түсіндіреді. Мысалдарының дені, негізінен, мақал-мәтелдер болып келеді. Сондай-ақ сөз тұлғасының түрлері (түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз (шылау) және қосымшалар) туралы мағлұматтар беріп, сөз таптарын *атауыш сөздер* (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік), *шылау сөздер* (үстеу, демеу, жалғаулық, одағай) деп екіге бөліп қарастырады. Теориялық материалдардан соң дағдыландыру жаттығулары арқылы жаңа материалды меңгерту мақсат етілген.

Сөйлем жүйесі мен түрлеріне арналған бөлімде сөйлем мүшелері туралы толық мағлұмат алуға болады. Мәселен, сөйлем мүшелерінің *тұрлаулы, тұрлаусыз* болып екіге бөлінетінін, тұрлаулы мүшенің өзі бастауыш, баяндауыш, тұрлаусыз мүшенің анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш деген түрлерінің бар екендігін дұрыс көрсеткен, әр сөйлем мүшесінің қай сөз табынан жасалатынын айтқан. Сөйлем түрлері (жалаң, жайылма, толымды, толымсыз, болымды, болымсыз), құрылуына қарай түрлері (салалас, сабақтас), сондай - ақ бұратана (қыстырма, қаратпа) сөздер, тыныс белгілерінің қойылатын орындары т.б. заңдылықтар мысалдармен дәйектелген.

«Тіл-құралды» оқу барысында қазіргі қазақ тілі грамматикасының негізі сол кезде қаланғанын байқау қиын емес. Әсіресе қазіргі бізге таныс лингвистикалық терминдерді ғұлама-ғалым сол кезден бастап қалыптастыруға күш салғандығын атап көрсетуіміз керек. 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылардың 1- сьезінде қазақ тіліне қатысты көптеген мәселелерді ортаға салады. Соның бірі - терминология мәселесі. А.Байтұрсынұлы терминжасам теориясы мен оның қалыптасуы туралы айта келіп, басқа тілден сөз алу және сөздік қордағы төл сөздеріміздің ішінен термин ретінде пайдалануға жарайтындарын алу терминжасамның тиімді әдісі екенін айтады [1,417-425]. Мысалы, қазақ тіл білімінің терминдері: *сөз таптары, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай, сөйлем мүшелері, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш, дыбыс, әріп, дауысты, дауыссыз дыбыстар* т.б. өз атауларына үндесіп, ұлт табиғатына сай сіңісіп, өз орнымен қалыптасқан терминдер екендігін өмір көрсетіп отыр.

Әрине, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қолданылған терминдердің барлығы бірдей өміршең болды дей алмаймыз. Ғылыми танымның өзгеріп, уақыт өтуімен байланысты қолданудан шығып қалғандары да болды. Мәселен, дыбыс жүйесіне байланысты *жарты дауысты, ымыралы,*

ымырасыз әріптер т.б. [1, 147,149]; сөз жүйесіне қатысты, *қосалқы сөз, тысқарғы, ішкергі жалғаулар, ереуіл рай, мұң рай, көніс рай, теріс рай т.б.* [1,154, 241, 243, 244]; сөйлем жүйесіне қатысты *бұратана сөздер, іргелес сөйлем, сыйысулы құрмалас, қиысулы құрмалас, ереуіл бағыныңқы, қыстырынды, келтірінді сөйлем т.б* [1, 286, 300, 307, 308]; терминдер қазір қолданылмайды немесе басқаша аталады.

Аталған еңбектерінде лингвист-ғалым А.Байтұрсынұлы қазақ тілі түркі тілінің бірі екендігін айта келіп, дүниежүзі тілдерінің типологиялық ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлінетіндігін көрсеткен.

1. Түбіршік тіл. Бұл тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай, жапон тілдері.
2. Жалғамалы тіл. Бұл сөздің аяғына қосымшалар қосылып, өзгеріп отыратын тіл, мәселен, түркі және фин тілдері.
3. Қопармалы тіл. Сөз түбірімен қопарыла өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі мен араб тілі дей келіп, қазақ тілінің жалғамалы тілдерге жататындығын нақты мысалдармен түсіндіреді [1,143]. Ғалымның бұл классификациясынан оның тіл тарихын көп зерттеп, терең білетіндігін байқауға болады.

Қазақ тілі грамматикасының ең бір өзекті мәселесі - сөздерді таптастыру. «Тіл-құралдың» 1914 жылы 1-жылдыққа арналған бөлімінде сөздерді *атауыш сөздер* мен *шылау* сөздер деп екі топқа бөліп, қалған сөз таптарын осы екі топтың аясында шолу ретінде түсіндіреді. Ал 1915 жылы жарық көрген «Тіл құралдың» 2-жылдығына арналған оқулығында сөз таптары кеңірек баяндалып, әр сөз табының өзіне тән лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктері толық түсіндіріледі.

Зат есімді түсіндіру барысында оның деректі, дерексіз болып бөлінетінін, көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанатынын айта келіп, тәуелдіктің ортақ, оңаша тәуелденуі, анайы, сыпайы түрі, септік жалғауларының ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс септіктерінде қолданылатынын, ал қазақ тілінде алты септіктің бар екендігін түсіндіреді. Бірақ көмектес септігі айтылмайды. А.Байтұрсынұлы заманында қазіргі көмектес септіктің қызметін көбінесе *менен, бенен* жалғаулықтары атқарған деуге негіз бар. Сондай-ақ зат есімнің сөзжасамы да назардан тыс қалмаған. Мысалы, -шы,-ші *жылқышы, егінш*і, -лық,-лік, *терлік, оттық*.

Сын есімді тек сыны (ағаш аяқ, күміс қасық), сыр сыны (биік, аласа) деп екіге бөледі. Шырайдың: жай, талғаулы, таңдаулы деген үш түрін көрсетеді. Қазіргі оқулықтарда талғаулының орнына салыстырмалы, таңдаулының орнына асырмалы шырай қолданылады. Сын есімнің зат есім орнына жүретінін *зат-сын* ал жалғыз сынды көрсететінін *жай-сын* деп, олардың септелуін, септелгенде зат есім мәніне көшетінін дұрыс көрсеткен. *Сан есімді* есептік, реттік, темілдік деп үшке бөлсе, қазіргі грамматикаларда алты тобы бар [4,93]. *Есімдікті* зат есім, сын есім, сан есімнің орына жүретін сөздер екендігін айта келіп, жіктеу, сілтеу, сұрау, жіктеу (шектеу) танықтық есімдігі деп беске бөледі де әрқайсысын мысалдармен түсіндіреді. Мұндағы жіктеу (шектеу)

есімдігі қазіргі жалпылау, танықтық есімдігі қазіргі белгісіздік есімдігі. Есімдіктің қазіргі грамматикаларда жеті тобы бар [4,107].

Сөз таптарының ішіндегі ең көлемдісі де күрделісі де етістік екендігі белгілі. Автор *етістікті* болған, болмаған істі көрсетуіне қарай болымды, болымсыз деп бөледі де етістіктің өзгеше екі түріне (есімше, көсемше) тоқталады. Етістікте он түрлі етіс: (сабақты, салт, ортақ, өздік, өзгелік, беделді, ырықсыз, шығыс, дүркінді, өсіңкі етіс) барын көрсетеді. Қазіргі грамматикаларда етістіктің есім сөздермен, соның ішінде табыс септікті сөзді керек етуі, керек етпеуіне байланысты салт,сабақты болып бөлінетіні, ал етістің төрт түрі өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ етіс сол А.Байтұрсынұлы айтқан етіс түрлерінен ықшамдалып іріктелген. Мысалы, дүркінді (атқыла), өсіңкі (жүріңкі, айтыңқыра) етістер қазір амалдың өту сипатын білдіретін категорияға жатқызылса, беделді, шығыс етістер өзгелік етіске жинақталған[4,168-176].

«Тіл-құралда» райдың он төрт түрі (тұйық, билік, ашық, шартты, ереуіл, реніш, қалау, сенімді, сенімсіз, мұң, көніс, қайрау, азалы, теріс рай) берілген болса, қазіргі оқулықтарда төрт түрі қалыптасқан. Расында, етістік лексика-грамматикалық мағыналарға бай категория. Мұнда автор амал-әрекеттің орындалу сәтіндегі мағыналық реңктерінің түрліше болуына қарай жіктеп көрсеткен болуы керек. Қазіргі грамматикаларда тұйық рай жоқ, ол тұйық етістік немесе қимыл есімі (қимыл атауы) деп аталады. Ол етістіктің ерекше түрі. Себебі ол жаққа да, шаққа да бейтарап, сондай-ақ есім сөздер сияқты түрленеді [4,189,194-197].

«Тіл - құралда» *үстеуді* бес топқа бөліп қарастырады (нықтаулық, сынаулық, өлшеулік, мезгілдік, мекендік) Нықтаулық - қазіргі күшейткіш, сынаулық - қазіргі сын қимыл, өлшеулік – қазіргі мөлшер үстеуіне келеді. Мезгіл, мекен үстеулері қазіргі түрлерімен бірдей болса, мақсат, себеп-салдар үстеулері айтылмаған. *Шылаудың* түрлері демеу мен жалғау жеке-жеке беріледі. Қазіргі грамматикада шылаудың үшінші түрі септеулік болса, ол «Тіл құралда» жалғаулықтың ішінде қаралған. *Одағайдың* оқшауланып тұратынын дұрыс көрсеткен де, оның үш түрін а) ілездік одағайы: лап,жалт,дік; ә) еліктеу одағайы: шыр-шыр,пыс-пыс,дүңк-дүңк; б) шақырыс одағайы: әй, аттан! Шөре-шөре т.б. мысалдармен түсіндірілген. Сөз таптары қатарына кейіннен қосылған *еліктеу сөздер* «Тіл-құралда» одағайдың құрамында берілген. Еліктеу сөздер мектеп грамматикасына тек 1970 жылдары ғана енгені мәлім.

Сонымен А.Байтұрсынұлы сөз таптарына классификация жасағанда сөздерді топтастырудың үш өлшемін басшылыққа алғаны байқалады. Қазіргі қазақ тілінің грамматикаларындағы сөздердің морфологиялық түрленуі «Тіл-құралда» көрсетілгеннен айырмашылығы жоқ деуге болады.

Бір басында сан-салалы өнер тоғысқан, телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі қайшылығы мол тартысты ғұмыр кешті. Оның еңбектері жазықсыз жапа шегіп, ұсталып кеткеннен кейін көп қудалауға ұшыраған. Соның бірі - «Тіл-құралдың» 1924 жылы Орынборда жарық көрген үшінші кітабы. 1989 жылы «Қазақ әдебиетіне» шыққан бір мақалада: «Бұл кітапты ғалым ағамыз

Ш.Шаяхметов АҚШ-та Нью-Йорк университетінің кітапханасынан көріп, көшірмесін алып келген. Кітаптың 42-бетінде Ахмет Вели Менгер (Вейоглу Р.К.356)» Истамбул-Тюркие деген мөрдің болуына қарап бұл кітапты түрік зиялыларының бірі АҚШ-қа алып барған деген ойға қалдық», - деп жазады автор [5,12].

Ойымызды түйіндесек, өткен ғасырдың басында өмір сүріп, халқымыздың әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде өлшеусіз еңбегімен танылған Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» қазіргі қазақ тіл білімінің негізі, алғашқы бастау көзі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. -Алматы, 1992.
2. Қордабаев Т. Қазақтың тұңғыш лингвист-ғалымы // Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 1991.
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов // Қазақ әдебиеті. 1989, №2. 6 январь.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. 1.Морфология. –Алматы, 1967.
5. Сманов Б. Асылдың сынығы // Қазақ әдебиеті. 1989, 26 май.

ӘӨЖ 811.512.65

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ КЕМЕҢГЕРЛІК ТҰЛҒАСЫ

Байғұтова Д.Н. ф.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается личность основоположника казахского языкознания Ахмета Байтурсынова.

Summary

This article discusses the personality of the founder of Kazakh linguistics Akhmet Baitursynov.

Қазақ – ұлыларын ұмытпаған, тұлғаларын ұлықтаған, құрметтісіне төр ұсынып, іздеттісіне ілтипат білдіретін, қиын шақтарда сәулелі болашақтан үмітін үзбеген қайсар да ұлы ұлт. Тарихтың тарау-тарау жолдарында басына төнген небір нәубет пен зауалға өзінің биік намысымен, берік сенімімен қасқайып қарсы тұрып бүгінгі күнге жеткен батыр халық. Ұлтымыздың түркілерден бастау алған қай қасиеті де ұлылырдың ұрпағы екенімізді айғақтайтындай.

Осындай ғажап ұлттың бағына жаралған біртуар азаматтардың алдымен солақай саясаттың, сосын бір шоғыр алауыздардың құрбанына айналғаны өкініште. Ақан серінің Құлагерін мерт еткен Батыраштардың «мұрагерлері» заманның қай дәуірінен де табылатынын уақыт көрсетіп келеді...

Өткен жүзжылдықтың басында болған саяси жағдайлар қазақ даласына да өз ықпалын тигізбей қоймады. Рымғали Нұрғалиев қазақ әдебиетінің алтын дәуірі атаған XX ғасырдың алғашқы кезінде Ресей жерінде болған «қанды жексенбі» оқиғасынан басталған дүмпулер қазақ топырағын да сілкінтті. Тіпті

Батыс Еуропа елдеріндегі империализмге ұласқан капитализм, елдің еңсесін езген отаршылдық, оған көрсетілген қарсылық – барлығы төңкеріске алып келді. Еуропа зиялыларының оянуы Ресейлік оқыған азаматтарға ой салса, ал орыс оқымыстыларының бас көтеруі жергілікті халықтың көтерілуіне әсер етті. Мұның барлығы сол тұстағы бағынышты елдер аумағында да ауық-ауық дүмпулердің болуына алып келді.

Ұлтының еркін, тәуелсіз ел болуын көздеген Әлихан Бөкейханов бастаған азаттықты ту етіп, бабалар аманатына адалдық танытқан Алаш көсемдері бұл төңкерістерден көп үмітті болды. Жанын аямай ел болашағына жұмыс істеді. Бүгінде әрқайсысын бір-бір институт атқаратын тірлікті жеке дара өздері жасады. Онысына ақы сұрамады, еңбектерін бұлдамады. Ал өкімет бағаламақ тұрмақ, «халық жауы» деп ат қойып, айдар тағып, итжеккенге айдады немесе ату жазасына кесті. Осылай қазақтың бас көтерер қаймақтары қолдан сылынып тасталып отырды. Олардың есімдерін атап, еңбегін елегеннің өзі «жау» болды. Түп-тұқиянынан бастап үрім-бұтағына дейін үні шықпастай етуді ойластырған биліктің құрығы ұзын еді. Бірінен соң бірі атылып, келместің кемесіне кезексіз отырғызылғандардың санында есеп болмады. Қолына қалам ұстап, «қазағым», «елім», «жұртым», «түркінің ұрпағымыз» деп жырлағандарды да, қазақтың ғылымы дамысын деп ұйқысыз түндерде май шамның жарығымен оқулық жазғандарды да, оларға ас-су тасып, арбасын айдағандарды да аямады. Бұл жауыздықтың тасасында биліктен бөлек ұлтын сатқан, есім-сойын орысшалап, өзге дінді қабылдағандар да, өз ішінде жүріп, мүдделес кейіп танытқандар да, сыртынан тас атып, ашық жауыққандар да болды. Оның барлығына тарих – таразы, уақыт – төреші.

Ұлт мүддесіне елдік деңгейден де жоғары қараған биік ойлы азаматтар бертінде ғана ақталып, жұртына оралды. Алдымен «Үш бәйтерек» аталып кеткен Сәкен, Ілияс, Бейімбеттермен қауышқан қазақ руханияты 1988 жылы «Бес арыс» - Мағжан, Міржақып, Ахмет, Жүсіпбек, Шәкәрімдермен толықты.

Ауыр күндердің күрсінісі артта қалғанымен, жазықсыз құрбан болған Алаш арыстарының артында қалған әдеби мұраларын жинақтап, зерттеу ісі бүгінгі күннің еншісінде еді. Олардың мерейтойларын атап өту ас берумен шектелмей, жазған-сызғандарын жинап, кітап етіп бастыру ісі алдыңғы орында болды. Ғалымдар жекелеген еңбектермен қатар ұжымдық жинақтар шығару арқылы оларды ғылыми айналымға енгізді, зерттеу еңбектерін шығарды, мақалалар жариялады.

Осындай алып тұлғаларымыздың бірі де бірегейі, қазақ тіл білімінің атасы атанған лингвист ғалым, қазақ жазуын қалыптастырған, бірнеше еңбек жазып қазақ оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған, қазақ әдебиеттану ғылымының тұңғыш оқулығын жазған Ахмет Байтұрсынұлы болатын.

Халқымызда «өлгенім тіріліп, өшкенім жанды» деген мағынасы терең, ғибратты сөз бар. Ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойына орай биылғы жылдың А.Байтұрсынұлына арналуы және әлемнің бірнеше елінде ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетіні – осы сөздің нақты мысалы болмақ. Бұл шешім тек

Ахмет атамызға ғана емес, ұлтымызға, қазақ халқына көрсетілген құрмет деп білемін.

Бір өзі тұтас университет атқаратын тірлікті тындырған ұстаз-ғалым қалай ұлықталса да жарасады. Тар қапаста отырса да қолынан қаламы түспеген, қайтсем халқымның санасын сілкінтсем екен деп тер төккен ер еңбегі елі барда ұмытылмақ емес. Бойына жиған білімін елімен бөлісіп, қазақ тілінің ең алғашқы әліппесін, оқулығын жазып, оқыту ісімен айналысқан оның сан қырлы қызметін қалай дәріптесек те орынды.

Үш жүз жыл бодандықта көзін ұйқы басқан жұртының көкірек көзін «Маса» боп ызыңдап оятуды мақсат еткен ол ақындық жолда Абай дәстүрін жалғады. Төл туындыларын жазып қана қоймай, орыс әдебиетінің озық үлгілерін еркін аударып, қазақ оқырмандарымен таныстырды. Әсіресе, мысал жанрында жазылған уытты шығармалар сол дәуірдің өзекті мәселелерін дәл көрсете білді. Отаршылдықтың қамытын шешіп, бостандық туын биіктетуді борыш санаған Ахметтер ел болып бірігуге, көкірек көзі ояу, саналы ұлт болуға үндеді. Ойлары қалың бұқараға жетуі үшін Міржақып екеуі бірлесіп «Қазақ» газетін ашты, онда өткір де өзекті мақалалар жариялады. Ахмет Байтұрсынұлының өз сөзімен айтар болсақ «Адамдықтың егінін шаштым, ектім, Көңілін көтеруге құл халықтың…»[1].

Бұл, әрине, билікке ұнамасы белгілі еді. Ұлтын сүйген азаматқа ешнәрсе бөгет бола алмасын білген соң өлтіру – ең дұрыс шешім деп қабылдаған сол кездегі жүйе қаншама ұлттың қойнауы қазынаға толы асылдарын ажал құштырғаны тарихтан белгілі.

Ортамызға оралған 1988 жылдан бері және ертеректе Ахметтану ғылымының негізін салуға атсалысқан қайсыбір қазақ зиялысының болмасын еңбектерінде аталатын Ахмет Байтұрсынұлы есімі айрықша аяулы, құнды да қымбат. Көзі тірісінде-ақ Сәкен Сейфуллин бастап, Міржақып Дулатов қоштап, кейінірек Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қайым Мұхамедхановтар толықтырған пікірлер көшін Серік Қирабаев, Рымғали Нұрғалиев, Сырбай Мәуленов, Зейнолла Қабдоловтар жалғады.

Қазақ әліпбиі, Байтұрсынұлы емлесі туралы жазып, «Оқу құралы. Қазақша алифба», «Тіл – құрал» оқу құралы мен «Байаншы» әдістемелік құралы, «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін» кітабы, «Әліп-би. Жаңа құрал» оқулығы сынды еңбектеріне қатысты ғылыми пікір айтып, қазақ тіл білімі ғылымының қоржынын жаңа зерттеулермен толықтырған тілші ғалымдар Рәбиға Сыздықова, Ө.Айтбаев, Т.Қордабаев, А.Әбсадықов, Ш.Құрманбайұлының еңбектері ерен.

Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлының әдеби мұрасының жоғын жоқтап, барын түгелдеп жүрген жас алашшыл азаматтар жетерлік. Ахметтану ғылымына тәуелсіздік дәуірінде түрен салған әдебиеттанушы ғалымдар - Ұ.Еркінбаев, А.Ойсылбайлардың зерттеулерін атауға болады.

Аты аталған-аталмаған ғалымдардың қай-қайсының болсын Ахметтануға қосқан үлесі мол. Десе де, ұлт ұстазы тұрған үйдің шырақшысына айналып, әдеби мұрасын, ұстанған заттарын көзінің қарашығындай қорғап, сақтап

отырған Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты Райхан Имаханбет апайдың еңбегі ерекше.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қатысуымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті ұйымдастырып, өткізіп отырған бүгінгі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы феномені және қазіргі гуманитарлық ғылым көкжиегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысы да сол Ахметтануға қосылған үлес болмақ. Елімізге ғана емес алыс-жақын шет мемлекеттерге белгілі білікті де білімді, айтары бар озық ойлы ғалымдардың, әдіскер ұстаздардың шақырылуы конференция мазмұнының тереңдігін байқатса керек.

Елін сүйер әрбір азаматтың бойтұмарына айналған Ахмет Байтұрсынұлының артына қалдырған мол мұрасы ұлтын ұлықтайтын ұрпақпен дәуірден дәуірлерге жетіп, қазақ халқымен бірге жасай берері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары [Текст]: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989. – 318 бет.

2. Ұлттың ұлы ұстазы. Құрастырған В.Қ.Күзембаева. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. -267 бет.

3. Имаханбет Р. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын заманауи оқыту жүйесіне енгізу (Ғалым-реформатордың қазақ тіл білімі мен әдебиеттану еңбектері негізінде). «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы, 26 ақпан 2016 жыл.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ: ТЕХНИКАЛЫҚ, ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫ

ӘОЖ 551.5

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА АГРОКЛИМАТТЫҚ РЕСУРСТАРЫН ШАРУАШЫЛЫҚТА ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕСІ

Батырханова М. А. – 128-29 тобының студенті
Қожабекова З.Е. – г.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье дается краткий обзор текст научной работы на тему «Вопрос хозяйственного использования агроклиматических ресурсов Туркестанской области»

Summary

The article provides a brief overview of the text of the scientific work on the topic "The issue of economic use of agro-climatic resources of the Turkestan region"

Адамдар емдік факторлар ретінде ең маңызды климаттық ресурстарды пайдалана алады. Жалпы емдік-курорттық климатология мәселелерімен айналысатын ғалымдар климаттық факторлардың тірі организмдерге әсерін зерттейді. Бұл факторларға мыналар жатады: күн радиациясы, температура, ылғалдылық, жел және т.б. «Комфорт аймағы» деген ұғым бар, яғни климаттық элементтер адамдардың денсаулығы мен көңіл-күйіне жақсы әсер ететін аймақ. Қазақстанның климаты көп жерде шипалы.

Медициналық бақылауларға сәйкес, шөлдер мен таулар тұрғындарының қан қысымы нормадан төмен, ал гипертония сирек кездеседі. Өзендер мен көлдердің жағасындағы қарағайлы ормандарда, таулы аңғарларда көптеген климаттық санаторийлер бар. Күн сәулесінің ұзақтығы мен жазда радиацияның қарқындылығы күн энергиясын техникалық мақсатта пайдалануды қолайлы етеді. Шөлді жерлерде күн станцияларын салу жоспарлануда. Республиканың оңтүстігінің едәуір бөлігіндегі қар жамылғысының қалыңдығының аздығы малды жылы қыста жайылымда ұстауға мүмкіндік береді. Дегенмен, климаттық жағдайлар барлық жерде қолайлы емес. Жылыудың аязға ауысуы, күтпеген қар жаууы, қатты жел қысқы мал жайылымдарында мал азығын сақтандыру қорын жасауды қажет етеді. Агроклиматтық ресурстар яғни соның ішінде жылу, жарық және ылғал ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тіршілік процестеріне әсер ететін аумақтың өнімсіз мүмкіндіктерін анықтайды. Ауылшаруашылық климатын бағалау агроклиматтық жағдайларды және әртүрлі экологиялық мәдени өсімдіктердің жылу, жарық және ылғалға қойылатын талаптарын салыстыруға негізделген. Табиғи ортаның барлық компоненттері организмдердің тіршілігіне тең және бірдей қажет. [1]

Тірі ағзалардың дамуы мен өнімділігін анықтайтын қоршаған орта жағдайларын тіршілік факторлары немесе олардың тіршілік ету жағдайлары

деп атайды. Бұл жағдайларға жылу, жарық, ылғал және қоректік заттар жатады. Осы жағдайлардың кем дегенде біреуінің болмауы өсімдіктер мен жануарлардың өсуі мен өлуінің тоқтатылуына әкеледі. Аумақтың агроклиматтық әлеуетін бағалау оның көлемі мен масштабына қарамастан, ең алдымен, көпшілігі климаттық болып табылатын тіршілік факторларын ескере отырып жүргізіледі. Өсімдіктердің өсу энергиясына әсер ететін жетекші белсенді климаттық фактор – өсімдіктердің өсіп-өну кезеңінде пайдалана алатын аумақтың жылу ресурстарының көлемі мен сипатын анықтайтын жылу қоры. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы мен бастапқы өсу температурасы кең ауқымда өзгереді, сондықтан агроклиматологияда жылу қорлары өсімдіктердің мүмкін болатын вегетациялық кезеңіндегі орташа тәуліктік температуралардың қосындысы ретінде есептеледі.

Суыққа төзімді өсімдіктер үшін +5°С жоғары ауа температурасы белсенді, қоңыржай белдеудегі ауыл шаруашылығы дақылдары үшін +10°С, тропиктік дақылдар үшін +15°С. Жылумен қамтамасыз ету дәрежесі бойынша әртүрлі аумақтарды салыстыру кезінде олар әдетте +10 ° С жоғары белсенді температура қосындыларының көрсеткіштеріне сүйенеді. Өсімдіктер вегетациялық кезеңнің белгілі бір ұзақтығын, жылуды, бастапқы өсу температурасын қажет етеді және олар төтеп бере алатын өте төмен температураға сезімтал. Аумақтың агроклиматтық ресурстарының маңызды параметрі субтропиктік және қоңыржай белдеулердегі ауылшаруашылық дақылдарының қыстау жағдайлары болып табылады, өйткені мұнда қыста 0 ° С-тан төмен температура байқалады, ал жылудың болмауы вегетация процесінің тоқтап қалуына әкеледі.

Бұл кезеңдердегі өсімдіктердің тіршілігі аяздың ұзақтығына, тұрақты қар жамылғысы бар кезеңнің ұзақтығына және оның қалыңдығына байланысты. Қыстың ауырлық дәрежесі абсолютті минималды ауа температурасының орташа мәнімен, жылдың ең суық айының температурасымен және қар жамылғысы бар күндер санымен бағаланады. Күн радиациясы өсімдіктер тіршілігінің ең маңызды шарты болып табылады және органикалық заттардың түзілуі үшін фотосинтездің энергия көзі болып табылады және өсімдік мүшелерінің түзілуіне, өніміне, өнім көлеміне, өсімдік жамылғысының ұзақтығына әсер етеді, қасиеттеріне жауапты процестерді жанама түрде анықтайды. өсімдіктердің - құрғақшылыққа төзімділігі, қысқы төзімділігі, жатуға төзімділігі және т.б. [2]

Климаттық ресурстар мен жағдайлар экономиканың әртүрлі салаларына айтарлықтай әсер етеді - өнеркәсіп, құрылыс, көлік, медицина, туризм және т.б. Сыртта жұмыс істеуге арналған машиналар мен құралдарды жобалау кезінде олардың қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін климаттық ерекшеліктерді ескереді. Мысалы, -20 °С-тан төмен тұрақты аязда көлік құралдарының бөлшектері, магистральдық мұнай және газ құбырларының металл конструкциялары, стандартты болаттан жасалған электр беру желісінің тіректері аз жүктемелерде де беріктігін жоғалтады және үзіледі. Төтенше климаттық жағдайларда арнайы технологияларды қолдану қажет, бірақ бұл

өнімнің өзіндік құнын және олардың жұмысын арттырады. Медициналық мекемелердің, әсіресе курорттардың, санаторийлердің және демалыс үйлерінің жүйесін ұйымдастыру және орналастыру кезінде климаттық факторлар ескеріледі. Климатотерапия ауамен яғни аэротерапия, күнмен яғни гелиотерапия, теңіз ауасымен, күнмен және шомылумен яғни талассотерапия емдеуді қамтиды, сондықтан көптеген курорттардың негізгі емдеу профилі климаттық ерекшеліктерге сәйкес анықталады. Ландшафттық және климаттық жағдайлардың үйлесімі бойынша курорттар теңіз жағалауларына бөлінеді Көптеген курорттар бірнеше табиғи ресурстарды сәтті біріктіреді. Табиғи әртүрлі климаттық ресурстарға ауыл шаруашылығы дақылдарының тіршілігінің шарты болып табылатын агроклиматтық ресурстар – жарық, ауа, жылу, ылғал және қоректік заттар жатады.

Вегетациялық кезең – өсімдіктердің өсіп-жетілуі және мүмкін болатын жыл мезгілі. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы негізінен географиялық ендік пен климатқа байланысты. Сонымен ылғалдың жетіспеушілігі жағдайында, мысалы, шөлде, сондай-ақ басқа экстремалды жағдайларда вегетациялық кезең қолайлы температура кезеңімен салыстырғанда уақыт бойынша айтарлықтай шектеледі. Негізі қоңыржай белдеудегі өсімдіктердің көптеген түрлері үшін вегетациялық кезеңнің басындағы шекті орташа тәуліктік температура 5°С, мәдени өсімдіктер – 10°С, жылу сүйгіш – 15°С, жануарлардың көпшілігінің дернәсілдері – 0 деп есептеледі. °С. Адамдардың өміріне әсер ететін климаттық факторларға мыналар жатады: күн радиациясы, температура, ылғалдылық, жел және т.б. [3]

Сонымен климаттық жағдайлардың жайлылығы немесе ыңғайсыздығы адамдардың өмірі мен шаруашылық әрекетіне қолайлы не қолайсыз жағдайлардың жиынтығы ретінде анықталады. Оңтүстік қоңыржай белдеудегі континенттік жартылай шөлдер мен шөлдер бар, біздің мұхиттардан, ең алдымен Атлант мұхитынан алыстығымыз шөлді аумақтардың континенттік әрекетімен үйлеседі. мемлекет аумағының ылғал жеткіліксіз жағдайда болуына әкеледі және адамдардың шаруашылық өмірі, табиғи жағдайлардың қолайлылық, жайлылық дәрежесін бағалау маңызды Климаттың ыңғайлылық дәрежесі 30-ға жуық параметрді қамтитын кешенді көрсеткіш: континенттік климат, әртүрлі ауа температурасы бар кезеңдердің ұзақтығы, жылдық, айлық, тәуліктік ауа температурасының амплитудасы, қауіпті табиғи құбылыстардың болуы. Таулы климат тыныс алу жүйесінің резервтік қабілетіне, қан айналымына жақсы әсер етіп, ағзадағы зат алмасу процестерін жақсартады. Мұндай факт таулы аймақтардың тұрғындарының жүректің ишемиялық ауруы, гипертония және атеросклерозбен өте сирек ауыратынын растайды. Ультракүлгін және күн радиациясының қарқындылығының артуы таулы климаттың оң факторларына да жатқызылады. Жазда және күзде бұл көрсеткіштер жазықта қол жеткізілгеннен төрт есе жоғары. Қазіргі заманғы медициналық зерттеулер көл суының емдік қасиеттерін растайды.

Әдебиеттер:

1 Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005 - 560 б

2 Турсункулов Э.Т. Природные объекты как рекреационный потенциал Южно-Казахстанской области / Э.Т. Турсункулов, Л.А. Турсункулова // Научный мир Казахстана- Алматы, 2006. - № 3. - С. 122-128
3 Оңтүстік Қазақстан облысының статистикалық жылнамасы. - Шымкент. 2004,11,13 бб

ӘОЖ 913(574.51):004

ІЛЕ АЛАТАУЫНДАҒЫ АПАТТЫ БЕТКЕЙЛІК ҮДЕРІСТЕР

Төрехан М. А. - – 128-29 тобының студенті.
Қожабекова З.Е. – г.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье дается краткий обзор рассмотрены пути возникновения катастрофических поверхностных процессов в Заилийском Алатау и проблемы борьбы с ними.

Summary

The article gives a brief overview of the ways of occurrence of catastrophic surface processes in the Zailiysky Alatau and the problems of dealing with them.

(3)-гі x-тің орнына бірді қойып,

$$u(1) = u(0)(1 - q) + \int_0^1 f(t)dt \tag{4}$$

аламыз.

Енді (2) және (4)-тен анықтауышты есептейміз.

$$\Delta = \begin{vmatrix} q-1 & 1 \\ 1 & -\alpha \end{vmatrix} = -\alpha(q-1) - 1 \neq 0$$

Бізге белгілі болғандай, егерде анықтауыштың мәні нөлден өзгеше болса, онда (1) теңдеу нөлдік емес шешімдерге ие болады.

(2) және (4) теңдеулерден теңдеулер жүйесін шешеміз.

$$\begin{cases} u(0) - \alpha u(1) = 0 \\ (q-1)u(0) + u(1) = \int_0^1 f(t)dt \end{cases} \Rightarrow \alpha(q-1)u(0) + u(1) = \int_0^1 f(t)dt \Rightarrow$$

$$u(1)(\alpha(q-1) + 1) = \int_0^1 f(t)dt \Rightarrow u(1) = \frac{1}{\alpha(q-1)+1} \int_0^1 f(t)dt,$$

Енді бірінші теңдеуге қойып,

$$u(0) = \frac{\alpha}{\alpha(q-1)+1} \int_0^1 f(t)dt.$$

табамыз. Сонда жалпы теңдеу келесі түрде болады:

$$u(x) = (1-qx)\frac{\alpha}{\alpha(q-1)+1}\int_0^1 f(t)dt + \int_0^x f(t)dt = \int_0^x f(t)dt\left[\frac{\alpha(1-qx)}{\alpha(q-1)+1}\right]$$

$$+\int_x^1 f(t)dt \Rightarrow u(x) = \int_0^x G(x,t,\alpha,q)f(t)dt + \int_x^1 f(t)dt,$$

мұнда $G(x,t,\alpha,q) = \frac{\alpha(1-qx)}{\alpha(q-1)+1} + 1$ – Грин функциясы деп аталатын үзіліссіз ядро.

Енді $W_2^1[0,1]$ кеңістігінде $u = L^{-1}f$ -интегралдық көрініске ие болатын кері оператор. $L^{-1} - W_2^1[0,1]$ кеңістігіндегі толықтай үзіліссіз оператор болып табылады. Барлық шеттік шарттары бар (2)-де [1] монографиясында жазылған.

Демек (1), (2) есептер $\forall f \in W_2^1[0,1]$ бірмәнді корректілі болып табылады.

Бұдан әрі L^{-1} операторы шектелген операторы болып табылады. Ол үшін L^{-1} -операторы $L_2(0,1)$ кеңістігінде толықтай үзіліссіз екендігін дәлелдеу керек. Сондықтан $G(x,t,\alpha,q)$ ядросы $L_2(0,1)$ кеңістігінде шектелген екендігін дәлелдеу жеткілікті.

$$\int_0^1\int_0^1 |G(x,t,\alpha,q)|^2 dxdt = \frac{1}{6\Delta^2}[\alpha^2(5q^2+4q-6) - 4q\alpha + 6],$$

мұнда $\Delta = -\alpha(q-1) - 1 \neq 0$ [2] жұмыстағыдай. Мұнда интеграл *const*-таға дейін есептелінеді, яғни *G(x,t)* ядросы шектелген. Енді L^* түйіндес оператор түрінде іздейміз, яғни $(Lu,v) = (u,L^*v)$.

$$(Lu,v) = \int_0^1 \big(u' + qu(0)\big)\bar{v}(x)dx =$$

$$= \left[v(1)u(1) + qu(0)) - v(0)u(0) - qu(0)v(1) + qu(0)\int_0^1 v(x)dx\right]$$

$$= \int_0^1 u(x)v'(x)dx = (u,L^*v).$$

Тік квадрат жақша ішіндегі өрнекті нөлге теңестіріп,

$$L^*v = -v'(x)$$

болады.

(2) шеттік шартты қолданып,

$$v(1)\big(u(1) + \alpha qu(1)\big) - \alpha u(1)v(0) - \alpha qu(1)v(1) + \alpha qu(1)\int_0^1 v(x)dx = 0$$

Бұдан

$$u(1)\left[v(1)-\alpha v(0)+\alpha q\int_0^1 v(\xi)\,d\xi=0\right].$$

Демеек $u(1)\neq 0$ сонда

$$v(1)-\alpha v(0)+\alpha q\int_0^1 v(\xi)\,d\xi=0.$$

Сонымен түйіндес оператор құрамыз.

$$L'v=\begin{cases}-v'(x)=g(x)\\ v(1)-\alpha v(0)+\alpha q\int_0^1 v(\xi)\,d\xi=0\end{cases} \quad (5)$$

Қорытынды

Жүктелген дифференциалдық операторлардың түбірлік функцияларының базистік қасиеттеріне байланысты көптеген сұрақтар И.С.Ломовтың [3], [4] жұмыстарында талқыланған. Ол И.В.Ильиннің [5] спектралды жіктеу әдісін жүктелген дифференциалдық операторлар үшін қолдана білген.

Әдебиеттер

1. Нахушев А.М. Задачи со смещением для уравнений в частных производных. М.: “Наука”, 2006. 287 с.
2. Иманбаев Н.С. Об одной задаче на собственные значение нагруженного дифференциального оператора второго порядка на отрезке // Поиск. Научный журнал МОН РК. Серия естественных и технических наук. 2010. №1 (1). С. 151-156.
3. Ломов И.С. Свойство базисности корневых векторов нагруженных дифференциальных операторов второго порядка на интервале // Дифференциальные уравнения. 1991. Т. 27, №1. С. 80-94.
4. Ломов И.С. Теорема о безусловной базисности корневых векторов нагруженных дифференциальных операторов второго порядка // Дифференциальные уравнения. 1991. Т. 27, №9. С. 1550-1563.
5. Ильин В.А. О связи между видам краевых условий и свойствами базисности и равносходимости с тригонометрическим рядом разложений по корневым функциям несамосопряженного дифференциального оператора // Дифференциальные уравнения. 1994. Т. 30, №9. С. 1516-1529.

ӘОЖ 582.734.3

ДОЛАНА ТУЫСЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫН ЗЕРТТЕУ

[1]Джумабекова А.Д., магистрант, [1]Алшынбаев О.А., а/ш.ғ.к., доцент, [1]Карагойшиева Р.К., магистрант. [2]Қалжігіт К.Р. Ғылым, ақпароат және мониторинг бөлімінің бастығы

[1]М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]Сайрам-Өгем мемелекеттік ұлттық табиғи паркі, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Статья посвящена изучению роста и развития вегетативных органов растений, принадлежащих к семейству боярышниковых. Таким образом, рост и развитие

вегетативных органов боярышника изучаемого в условиях ботанического сада соответствуют росту и развитию вегетативных органов боярышника в естественном состоянии. Поэтому данные литературных источников показывают, что боярышник можно выращивать в ботанических садах Шымкента.

Summary

The article is devoted to the study of the growth and development of the vegetative organs of plants belonging to the hawthorn family. Thus, the growth and development of the vegetative organs of the hawthorn studied in the conditions of the botanical garden correspond to the growth and development of the vegetative organs of the hawthorn in its natural state. Therefore, the data of literary sources show that hawthorn can be grown in the botanical gardens of Shymkent.

Долана Crataegus Раушан тәрізділер (Rosidae) класс тармағына, Раушан гүлділер (Rosales) қатарына, Раушангулдер (Rosaceae) тұқымдасына, Алмалар (Maloideae, немесе Pomoidae) тұқымдас тармағына және Долана туысына жататыды. Палеоботаникалық деректерге сәйкес, долана жер бетінде мезозой дәуірінің бор кезеңінде табылған. Тұқымы өте полиморфты және солтүстік жарты шардың қоңыржай, сирек субтропикалық аймақтарында -Еуропада, Азияда және Солтүстік Африкада таралған 1000-нан астам түрді қамтиды. Түрлердің көпшілігінің отаны Солтүстік Америка болып табылады, негізінен оның Ньюфаундлендтен Солтүстік Мексика тауларына дейінгі шығыс бөлігіне таралып жатыр [1].

Кеңес одағында долананың 80-нен астам жабайы өсетін түрі болса, 90-ға жуық отандық және интродукциялық түрі егістікке енгізілген. КСРО-ның еуропалық бөлігінде долана орманды, орманды дала және дала аймақтарында таралған. Днестр, Днепр, Кубань, Молдова және Карпат бассейндерінде одан басқа бұталармен бірге жеңіл емен ормандарында, сондай-ақ альпінің қылқан жапырақты ормандарының жиектері мен ашық жерлерінде өседі.

Долана Орталық Ресейдің таулы аймағында сирек жалпақ жапырақты ормандардың арасында, Дон мен төменгі Еділ бассейндерінде - тау беткейлеріндегі бұталардың арасында, биік өзен жағаларында және жота беткейлеріндегі сайлардың бойында кездеседі.

Балтық елдерінде доланаы Балтық теңізінің жағасында, аралдарда, көлдердің маңында бұталар арасында, орман жиектерінде көруге болады, ол жерде алма, емен, жөкемен бірге жақсы құрғатылған, әктасқа бай топырақта өседі.

Орта Азияда долана алма-үйеңкі-жаңғақ ормандарында үйінді тасты беткейлерде, тау етегінде және таулы орманды далада - бұталы немесе субальпі белдеуіндегі ашық жерлерде - 2600 м биіктікте топ болып өседі. Сібір мен Қиыр Шығыста – сирек жапырақты ормандарда, құрғақ тау беткейлерінде, өзен жағаларында және өзен аңғарларында кездеседі.

Қырымда долана әртүрлі өсімдік аймақтарында жиі кездеседі. Орманды далада – теңіз деңгейінен 200-250 м биіктікте, тоғайлар мен басқа да жеміс ағаштары бар ормандарының арасында өседі.

Сонымен, долана ылғалдылығы әртүрлі, жеткілікті жарықтандырылған жерлерде, әртүрлі, бірақ жақсы құрғатылған топырақтарда жеке және топпен

өседі. Оның түрлерінің ішінде құрғақшылыққа төзімді – ксерофиттер (Шығыс долана, Понтика, Түркістан), және айтарлықтай топырақ ылғалдылығын қажет ететін (Даурский, Корольков, Максимович, қызыл долана) бар. Доланалардың көпшілігі кальцифилді, сондықтан әкті топырақта өседі, тұзға айтарлықтай төзімділігімен ерекшеленетін түрлері бар. Солтүстік Американың интродукцияланған түрлері (Арнольд доланасы, жұмсақ долана, вееровидты долана) салыстырмалы түрде көлеңкеге төзімді және құрғақшылыққа айтарлықтай төзімді болып шықты [2].

Долана негізінен жапырақты ағаштар, көбінесе көп сабақты, биіктігі 5-7 м, Солтүстік Американың кейбір түрлері 12-15 м биіктікке жетеді. Бірақ биіктігі 1,5-4 м бұталы өсетін түрлері де бар. Дің қабығы қоңыр немесе сұр түсті, жарылған сұлбасы шар немесе жұмыртқа тәрізді, көбінесе асимметриялы. Бұтақтары түзу немесе ирек тәрізді. Жас өскіндері жалаңаш немесе түкті. Бүршігі сопақша домалақ, конустық немесе ұзынша, үшкір немесе доғал, ұзындығы 2-10 мм, 4-6 қабыршақты, ашық немесе қою қоңыр, жалаңаш, жылтыр, жиегі бойынша сирек кірпікшелі болады.

Жаңа экологиялық жағдайларда интродукцияланған түрлердің өсу және даму заңдылықтарын зерттеу экзотикалық түрлердің болашағын бағалау үшін үлкен маңызға ие және белгілі бір түрді интродукциялау нәтижесі туралы қорытынды жасау мүмкіндігінің негізі болып табылады. Ex situ мәдениетіне көшкен кезде өсімдіктер жаңа орта жағдайларына бейімделеді, сонымен бірге бірқатар өмірлік маңызды функцияларды азды-көпті дәрежеде өзгертеді [3].

Әдеби деректерден 22-58 жас аралығындағы ботаникалық баққа интродукцияланған және табиғаттағы долана өсімдіктері діңінің биіктігі мен енінің мәндері 1-кестеде келтірілген.

Маусымдық даму ырғағының ерекшеліктерін білу интродукцияланған түрлердің жаңа тіршілік жағдайларына қатынасы туралы негізгі түсініктер береді және олардың өсу және даму фазаларының жергілікті климаттық, ауа-райы және эдапикалық жағдайларға қаншалықты толық сәйкес келетінін түсінуге мүмкіндік береді.

Фенологиялық бақылаулар 2020–2021жж аралығында жүргізілді. Өсімдіктердің вегетативті өркендерін фенологиялық бақылау нәтижелері 2-кестеде көрсетілген. Crataegus Altaica фенофазаларының уақыты Crataegus Almaatensis сияқты.

Кесте 1 – Ботаникалық бақ жағдайындағы долана өсімдіктерінің биіктігі О.М. Полетико (1954)

Түрдің атауы	Жасы, жылдар	Биіктігі, м		Діңнің ені 1,3 м, см
		табиғаттағы	ботаникалық бақтағы	
C. Almaatensis Pojark.	37	4–5	9,4 ± 0,90	5,0 ± 0,35
C. Altaica	58	5–6	5,8 ± 1,20	6,2 ± 0,17
C. Turkestanica Pojark.	56	7	7,6 ± 0,56	7,0 ± 0,58

C. Sanguinea	22	1–4(6)	4,1 ± 0,33	4,4 ± 0,18

1-кестеде көрсетілгендей, ботаникалық бақ жағдайындағыдан биіктігі сәл жоғары C. Turkestanica Pojark. және C. Altaica қоспағанда, табиғаттағы доланалардың биіктігімен сәйкес келеді. Бұл көлеңкелі өсу жағдайлары мен тығыз отырғызудан туындағаны анық.

Кесте 2 –Долана өркенінің өсу кезеңі

Түрдің атауы	Бүршіктің ашыла бастауы	Өркенің өсе бастауы	Өркен бойының өсу кезеңі
C. almaatensis Pojark.	22.04±3,0	28.04±3,8	25±3,1
	28±5,6	49±6,4	
C. Altaica	09.05±1,0	17.05±1,2	26±2,0
	119±15,9	190±13,6	
C. Turkestanica Pojark.	23.04±3,3	28.04±3,8	29±3,5
	33±5,7	53±4,6	
C. Sanguinea	26.04±4,1	04.05±1,8	29±4,1
	44±7,7	78±12,4	
Орташа мәні	27.04±0,8	04.05±0,9	26±0,7
	50±4,0	82±6,6	

Өсімдіктердің вегетациясының басталуы, олар үшін бүршіктің ашыла бастауының фенофазасы алынған, долананың зерттелген түрлерінің сәуір айының соңы – мамыр айының басында, орта есеппен 27 күн болды. Долананың вегетациялық кезеңінің ең ерте басталуы 22 сәуір Crataegus Almaatensis, ал ең кеші 9 мамыр Crataegus Altaica тән болды.

Долана түрлерінің вегетациялық кезеңінің аралығы 17 күн болды. Бүршіктерінің ерте ашыла бастайтын түрлеріне C. Almaatensis Pojark жатады, олардың бүршіктері 18-23 градус күндік тиімді температураның орташа ұзақ мерзімді қосындысында ашыла бастады.

Түркістан облысы жағдайында бүршіктерінің кеш ашыла бастайтын түрлер тобына C. Altaica кірді, оның талданған фенофазасы 25-33 градус күндік тиімді температуралар қосындысының жинақталуынан басталды.

Қалған зерттелген түрлер бүршік ашудың орташа мерзімдерімен сипатталды. Бұл фенофаза түрлерінің өту тізбегі, бірнеше ерекшеліктерді қоспағанда, жылдан жылға сақталды. Вегетациялық кезеңнің басталуының ең ерте күнтізбелік күндері көктемнің қалыптан тыс ерте басталуымен байланысты 2020жылы, ең соңғысы - 2021 жылы белгіленді.

Өркеннің өсуінің басталуы жапырақтың шыға бастауымен бүршік ашылғаннан кейін көп ұзамай, орташа есеппен 4,5 күннен кейін (әртүрлі түрлер үшін 4-9 күн) бір мезгілде тіркелді. Өркеннің өсу және жапырақтардың ашылу мерзіміне сәйкес ерте, ортаңғы және кеш фенотоптардың түрлік құрамы бүршіктердің ашылу мерзіміне сәйкес топтармен бірдей келеді. Осы фенофазалардың басталуының орташа ұзақ мерзімді күндері арасындағы

корреляция коэффициентінің мәні 0,96 құрайды. Өркеннің өсу ұзақтығы орташа есеппен 26 ± 0,7 күн болды.

Долана түрлерінің вегетациялық кезеңінің басында фенофазалардың басталу мерзімдеріне метеорологиялық жағдайлар факторы (жыл факторы) ең көп әсер етеді. Осылайша, уақыттың бүршіктің жарылуы фенодатына әсер ету үлесі 74,2%, ал түр ерекшелігі факторының әсер ету үлесі 17,4% құрайды. Өсімдіктердегі вегетативті мүшелердің дамуындағы фенологиялық фазалардың бірінен соң бірі өткен сайын ауа-райы әсерінің үлесі төмендейді, ал түр ерекшелігі ықпалының үлесі артады, жапырақ түсінің фазасы үшін олардың мәндері сәйкесінше 7,7 және 71,3%-ға тең болып қалады. Жапырақтың түсу кезеңінде жыл факторының әсер ету үлесі қайтадан артып, 17,8% көрсетеді, осы кезде түр ерекшелігі факторының әсер ету үлесі 60,4% құрайды.

Осылайша, қыс пен көктемгі метеорологиялық жағдайлар долана туысы өкілдерінің маусымдық дамуының бастапқы кезеңдері үшін шешуші жағдай болып табылады деп болжауға болады, бұл долана түрлерінің әртүрлі шығу орталығынан шыққандығына байланысты.

Маусымдық дамудың соңғы кезеңдері түрге тән, бұл туыстың дивергенциясы мен түрлердің ауа-райының қолайсыздығына генотиптік бейімделуін көрсетуі мүмкін. Мұны белгілі бір фенодаттың тиімді температураларының қосындысына фенофазалардың басталу әсерінің уақытын дисперсиялық талдау деректері де дәлелдейді.

Зерттелетін факторлардың жинақталуына тиімді температуралардың әсер ету үлесінің өзгеруі әр түрлі сипатта болды. Вегетациялық кезеңді бастау үшін қажетті тиімді температура мөлшері жылдың ауа райы жағдайына (36,0%) қарағанда телімділік түр ерекшелігіне көбірек байланысты (әсер үлесі 50,4%). Болашақта түр ерекшеліктерінің маңызы артады, өркеннің өсуінің басталуы мен аяқталуы, олардың сүректенуі және жапырақтың пісу фазалары үшін шамамен 60-70% жетеді. Бұл ретте жыл факторының әсері төмендейді. Вегетациялық кезеңнің аяқталуына ауа-райы жағдайларының әсер ету үлесі күрт артады, жапырақтың сарғаюы фенофазалары және олардың түсуі бойынша сәйкесінше 76,9 және 90,9% құрайды. Долана түрлерінің вегетациялық өсуінің аяқталуына түр ерекшелігі факторының әсері аз. Бұл вегетациялық кезеңнің тоқтауына +5°С жоғары тиімді температураның төмендеуі болып табылдады.

Қорыта айтқанда доланалар Қазақстандағы таулардың беткейлерімен аумақтарынан жиі кездестіруге болады. Қазақстанда 7 түрі Алтай, Тарбағатай, Іле және Жетісу (Жоңғар) Алатауында кедеседі. Көбірек тарағаны – алқызыл долана (Crataegus Sangvinea). Тіршілік формалары – тікенекті бұта немес шағын ағаштар, кейде тікенексіз түрлері кездеседі, биіктігі 1-4 м, кейде 8 м жетеді. Долана түрлерінде өркеннің ең қысқа өсуінің ұзақтығы 2020 жылдары, ал ең ұзақ өсуі 2021 жылы тіркелді.

Долана түрлерінің вегетациялық кезеңінің орташа ұзақтық мерзімі 141-ден 169 күнге дейін созылды. C. sanguinea бұл кезеңнің қысқа ұзақтығымен сипатталады. Ең ұзақ вегетациялық кезең C. Altaica сипатталды. Барлық

зерттелген түрлердің вегетация ұзақтығының орташа мәні 159 ± 1,5 күнді құрады. Бақылау жылдарында көптеген түрлерде ең қысқа вегетация кезеңдері 2020 жылы, ең ұзақ - 2021 жылы вегетацияның қалыптан тыс ерте басталуына байланысты байқалды.

Әдебиеттер

1 Әлімқұлова Р. Ә., Тәртенова М. А. Өсімдік — табиғат қазынасы.— Алматы: Қайнар, 1984,— 152 бет.
2 Вафин, Р.В. Путенихин В.П. Боярышники: Интродукция и биологические особенности,– М.: Наука, 2003. – 224 с
3 Аббасова, Т.Ю. Антоцианы плодов некоторых видов Crataegus L. / Т.Ю. Аббасова, Э.Н. Новрузов, Э.И. Мамедов // Химия растительного сырья. - 2012. - № 3. - С. 177-180.

МРНТИ 14.35.09, 31.01.45, 16.41.21

ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ ПӘНІНЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН КІТАПТЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, "ЖАЙ ЭФИРЛЕР" ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША САБАҚ ӨТУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН БАҚЫЛАУ

ҚОҢЫРБАЙҰЛЫ А., ШАҒРАЕВА Б.Б.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассматривается вопрос о особенности использования обновленных учебников по органической химии. Применение новых инновационных технологий, при преподавании органической химии является особенно актуальным в настоящее время.

Показано, что инновационные процессы реализуются в следующих направлениях: формирование нового содержания образования, разработка и внедрение новых педагогических технологий и создание новых учебников по предметам. Формирование функциональной грамотности – сложный, многосторонний, длительный процесс. Достичь нужных результатов можно лишь умело, грамотно сочетая в своей работе различные современные образовательные педагогические технологии.

В статье выделено несколько видов дидактических игр («Kahoot», проведение виторины в четырех вариантах: треугольник, круг, ромб и квадрат). Отмечается, что все виды дидактических игр взаимодополняют друг друга, а также игры развивают внимание, наблюдательность, смекалку ученика.

При этом в статье определены требования к организации урока в игровой форме, даны условия использования игровых технологий на уроке химии. Предусмотрено, что игровой процесс облегчает интерпретацию материала, активизирует учащихся на уроке, вызывает интерес к решению заданных задач по каждой теме и получению ее результатов, способствует развитию логического мышления обучающихся. Классифицированы и указаны требования к организации занятия в игровой форме. Установлено, что соревновательные занятия, играют большую роль в общении обучающихся, ответственности между одноклассниками, в формировании основ предметных знаний.

Summary

The article deals with the issue of the specifics of using updated textbooks on organic chemistry. The use of new innovative technologies in teaching organic chemistry is especially relevant at the present time.

It is shown that innovative processes are implemented in the following directions: the formation of a new content of education, the development and introduction of new pedagogical technologies and the creation of new textbooks on subjects. The formation of functional literacy is a complex, multifaceted, long-term process. It is possible to achieve the desired results only by skillfully, competently combining various modern educational pedagogical technologies in their work. The article highlights several types of didactic games ("Kahoot", conducting a quiz in four variants: triangle, circle, rhombus and square). It is noted that all types of didactic games complement each other, as well as games develop the attention, observation, and ingenuity of the student.

At the same time, the article defines the requirements for the organization of the lesson in a playful way, and provides conditions for the use of gaming technologies in a chemistry lesson. It is provided that the gameplay facilitates the interpretation of the material, activates students in the lesson, arouses interest in solving the given tasks on each topic and obtaining its results, promotes the development of logical thinking of students. The requirements for organizing classes in a playful way are classified and specified. It is established that competitive classes play an important role in the communication of students, responsibility between classmates, in the formation of the foundations of subject knowledge.

Кіріспе

Қазіргі таңда стандартталған білім беруде оқушылардың жеке қасиеттері танымдық қабілеттері мен шығармашылық өсу қажеттілігі ескерілмейді. Қолданылған әдіс тәсілдер жаңа буын оқушылармен тиімді жұмыс істемейді. Ескі әдіс тәсілдермен шешілмейтін мәселелерге қарамастан, инновациялық әдістерді енгізуде біршама қиындықтар бар. Мұғалім инновациялық әдістерді енгізу арқылы оқушылардың материалдарды тиімді игеруіне көмектесіп қана қоймай, олардың танымдық қасиетінің дамытатынын түсіну керек. Бірақ бұл мұғалімнің өзіндік интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көмектеседі [1]. Жаңа инновациялық әдіс тәсілдер арқылы білім алған жас ұрпақ белсенді, сана-сезімі дамыған, өзіндік шығармашылық қабілеті бар жеке жұлға ретінде қалыптасады. Мектептегі білім беруде оқу орнының бейіндік бағыты, сондай-ақ оның дәстүрлері мен стандарттары үлкен рөл атқарады. Оқыту үдерісінде қоршаған ортада әртүрлі құбылыстар мен үдерістерді түсіндіретін химия ғылымдарының негізін оқытатын химия пәнін игеру қалыптастырылады. Білім беру мекемелерінде оқушыларды химия пәніне қызықтыру мақсатында химия пәнін информатикамен интеграциялауды, сонымен қатар жалпы бағалау мен коммуникацияны компьютерлендіруді көздейді Компьютерді оқу процесінің кез келген кезеңінде пайдалануға болады. Мектеп оқушылары электронды оқулықтар мен оқу құралдарының арқасында негізгі бағдарламалармен жұмыс істеуге, материалды оқуға дағдыланады. Мұғалім компьютер мен проектордың көмегімен материалды көрсетеді. Презентациялар, аудио және бейне файлдар өздерінің түсініктілігінің арқасында тақырыпты жақсы түсінуге ықпал етеді. Оқушылардың білім-білік

дағдыларын жетілдіру үшін даралап оқыту технологиясын қолдануға болады. Даралап оқыту технологиясы қазіргі уақытта жаңа технологиялардың бірі болып келеді. Даралап оқытудың негізін Ян Амос Каменский «Ұлы дидактикасында» талдап айтып берген. [2]

Мен өз тәжірибемде оқушылардың өзіндік білімділігін қалыптастыру үшін «Даралап оқыту технологиясын» және мультимедиялық технологияны қолданып жәй эфирлер тақырыбына сабақ өтуді жөн деп санадым. Осы технология арқылы оқушылардың қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі басқаруын қалыптастыруға, ынтымақтастық, ұйымшылдық қабілеттерін оятуға тәрбилейді. Оқушыларды даралап оқыту – оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері оқыту әдісі барысында өз мүмкіндіктеріне сай мәселелерді дұрыс шешуге, дұрыс қондырғылар жасауға мүмкіндік туады. Егер даралау технологиясын химия сабағында тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, шығармашылық қабілеті, танымдық белсенділігі артады. Әрбір оқушы оқу процесінің субьектісіне айналуы нәтижесінде оқу жүйесінің қарқыны мен білім сапасы артады. Сонымен қатар бұл технологияның тиімділігі жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен ізденуі тиіс. Сондықтан сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру үшін оларға деңгейлік тапсырмалар мен мәселелік сұрақтар қойылып отырады [3].

Мультимедиялық оқыту технологиясы – бұл заманауи техникалық және бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, интерактивті бағдарламалық жасақтамамен басқарылатын визуалды және аудио эффектілердің өзара әрекеттесуі. Олар мәтінді, дыбысты, графиканы, фотосуреттерді, бейнелерді, бір сандық көріністе біріктіреді. Оқушыларға сабақты тек түсіндірумен ғана өткізетін болса олардың көбі сабақты меңгере алмайды, ал жаңа технологиялық әдіс тәсілдерді қолдану арқылы өткізетін болса барлығы дерлік сабақты меңгере алады.[4]

Эксперименттік бөлім

Қазіргі таңда педагогика саласында сабақ жүргізу түрлері әр қилы болып өткізілуде. Соның бірі даралап оқыту әдісін пайдалана отырып эксперименттік жұмыстарды жүргізу. Даралап оқыту технологиясының әдіс тәсілдерін пайдалана отырып оқушыларға бағыт – бағдар беріп әр оқушымен жеке жұмыс істеп, барлық оқушыларға тең мүмкіндік жасай аламыз. Даралап оқыту технологиялары оқу процесінің барлық буындарын: мақсаттарын, мазмұнын, әдістері мен құралдарын қамтитын динамикалық жүйелерді білдіреді. Отандық педагогикалық практика кезінде жоғарғы оқу орны қабырғасында алған теориялық білімімді №15Д.И.Менделеев атындағы мектеп іс тәжірибесінде қолданып, оны іс жүзіне асырдым. Педагогикалық практика кезінде мамандыққа деген бейімділігімді қалыптастырып, психология педагогика және информатиканы оқыту әдістемесі пәнінен алған теориялық білімімді шыңдадым.

Педагогикалық қызметті қолдана отырып мектеп оқушыларымен оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда білік дағдыларын қалыптастырып, оқушылармен оқу – тәрбие жұмысын өткізіп, тәрбие мен білім беруде өзекті

мәселелерді шешуге шығармашылықпен қарауға үйреттім. Оқушыларды жан – жақты дамыту мен олардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында, информатиканы және педагогиканы оқыту әдістемесі пәнінен алған теориялық білімімді қолдану арқылы «Органикалық химия» тарауындағы жай эфирлер тақырыбында ашық сабақ жүргіздім. Сонымен қатар даралап оқыту технологияларының ерекшеліктерін пайдана отырып эксперименттік жұмыс жүргіздім. Даралап оқыту технологиясы бойынша әр оқушы жеке-жеке зертханалық жұмыс жасады. Эксперименттік тәжірибе алдында оқушылар зертханалық жұмыстың жоспарын, мақсатын талқылап, қажетті реактивтерді дайындайды. Жұмыспен танысып болғаннан кейін тәжірибе орнын дайындап, эксперименттік жұмысты жасауға кіріседі.

Жұмыстың мақсаты: Жай эфирлерді алу және олардың қасиеттерін зерттеу.

1- тәжірибе. Диэтил эфирін алу

Жұмыс барысы: Құрғақ пробиркаға 0,5мл-ден этанол және концентрлі күкірт қышқылдарын құйып, қоспаны абайлап қоңыр ерітінді түзілгенге дейін қыздырады да ыстық қоспа үстіне абайлап тағы 0,5мл этил спиртін қосады.

2 – тәжірибе. Жай эфирлердің айрылуы

1-ші тәжірибе нәтижесінде алынған жай эфирді пробиркаға құйып, үстеріне 2 мл-дей натрий гидроксидінің ерітіндісін қосу керек. Не байқалады?

Сурет 1. Ерітіндінің қоңыр түске айналуы.

Сурет 2 Жай эфирдің натрий гидроксидімен әрекеттесуі

Эксперименттік жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылар реакция теңдеулерін жазу керек.

C_2H_5—O—C_2H_5 + H_2SO_4(конц.) → C_2H_5O-SO_2-OC_2H_5+H_2O (диэтилсульфат)

C_2H_5—O—C_2H_5+ 2Na → C_2H_5ONa + C_2H_5Na

INSERT (Ақпаратты таңдау) СТРАТЕГИЯСЫ

Бұл кезеңде оқушылар Жай эфирлер жайлы білгендерін өз беттерінше жеке-жеке толтырады. Берілген мәтінді түсініп, негізгі ойын жазады. Алғашқы қатарға оқушылар бұрыннан білгендерін, жаңа ақпаратқа өз түсінгендерін жазады. Білгім келеді қатарын толтырғанда оқушылар бір – бірінен білмегендерін сұрайды, кейін ол қатарды мұғаліммен толықтырады.

«V» білемін	«+» жаңа мәлімет	«-» білмеймін	«?» сұрақ туды
Бұрыннан білемін Мұнда оқушылар сабақта кездескен бұрыннан білетін мәліметтерді келтіреді	Жаңа ақпарат Бұл жерде оқушылар осы сабақта жаңадан білетінін жазады	Менің ойлағаныма қайшы Мұнда оқушылар бұрынғы білімдеріне қарама-қайшы сабақта келтірілген мәліметтерді келтіреді	Білгім келеді Бұл бағанда оқушылар өздері келіспейтен немене түсініксіз болған, тағы да білгісі келетін мәліметтің тұстарын жазады.

Қорытынды

Даралап оқыту технологиясы мен психология, педагогика және информатиканы оқыту әдістемесін қолданып, оқшыларға «Жай эфирлерді алу

және олардың қасиеттерін зерттеу» тақырыбында зертханалық жұмыс жүргізілді.

Жаңартылған әдіс – тәсілдерді қолданып өтілген сабақтың тиімділігі:

- оқушыларға бағыт – бағдар беру арқылы әр оқушымен жеке жұмыс істеліпіп, барлығына тең мүмкіндік жасалынды;
- даралап оқыту технологиясы бойынша әр оқушы жеке-жеке зертханалық жұмыс жасады;
- оқушыларды жан – жақты дамыту мен олардың танымдық қызығушылығы арттырылды;
- INSERT СТРАТЕГИЯСЫ арқылы: білемін, білмеймін, жаңа мәлімет және сұрақ туындады бағандарын толтырды;

Әдебиеттер:

1. Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жумысты үйымдастыру жолдары. //Ғылыми-практикалық жинак. -Алматы, 2008.
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008
3. Химия: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Ә. Темірболатова, Н. Нұрахметов, Р. Жұмаділова, С. Әлімжанова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 352 бет. ISBN 9965-36-092-8
4. Искакова Р., Ерназарова 3. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004.

ӘӨЖ

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ФАКУЛЬТАТИВНЫЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ КУРС ПО РОБОТОТЕХНИКЕ

Кокшетауский государственный университет им.Ш.Уалиханова
Магистрант 2 курса факультета физики,математики и информатики
Беисов Раульхан Хамитович
raulkhanbeissov@gmail.com

Түйін

Білім беру робототехникасы екі ғылыми салаға қызмет ету және үлес қосу үшін педагогика ғылымы мен информатика қиылысында пайда болды, дамыды және өркендеді. Құрылыс теориясы жасаған іс-шаралар арқылы жүзеге асырылатын білім беру робототехникасы аясында көтерілген зерттеу мәселелері оқушы мен робот қарым-қатынасының әлеуметтік сипатын ескере отырып, есептеу ойлау, бірлесіп оқыту және жобалық оқыту дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламалау дағдылары, жүйелілік, сценарий құру және алгоритмдік ойлау білім берудегі робототехниканың негізгі мақсаттары болып табылады. Сонымен қатар, білім беру технологиясының маңызды саласы ретінде оқыту саласы Дәстүрлі оқыту әдістерінің сапасы мен тиімділігін арттырады, сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту үшін педагогикалық өзгерістер енгізеді.

Summary

Educational robotics originated, developed and flourished at the intersection of pedagogical science and computer science to serve and contribute to both scientific fields. The research questions raised within the framework of educational robotics, implemented through actions

developed by the theory of constructionism, focus on the creation of computational thinking skills, collaborative learning and project learning, taking into account the social nature of the student-robot relationship. Programming skills, consistency, scripting and algorithmic thinking are the main goals of robotics in education. In addition, as an important branch of educational technologies, the field of education improves the quality and effectiveness of traditional teaching methods, as well as makes pedagogical changes to improve the quality of education.

Сегодняшний мир сталкивается с более быстрым технологическим прогрессом, чем когда-либо, и это изменение продолжает ускоряться. В этом быстро меняющемся мире адаптация и развитие новых компетенций и навыков очень важны. Развитие цифровых технологий и цифровизации затрагивает всех граждан разного возраста.

Мобильные телефоны, компьютеры, планшеты и другие технологии, обеспечивающие как общение в социальных сетях, так и развлекательные функции являются неотъемлемой частью повседневной жизни. Каждый должен адаптироваться к меняющемуся миру, учиться и развивать свои цифровые и функциональные компетенции, чтобы суметь заинтересовать следующее поколение в образовательном процессе.[1]

В последние десятилетия образование было преобразовано и вышло за рамки традиционных методов учебного процесса и теперь обогащено процедурами, в которых используются технологические, в основном информационно-коммуникационные технологии (ИКТ), связанные с ними инструменты. На протяжении многих лет сообщалось о быстром росте робототехники, улучшающем многие разработки во многих областях, таких как навигация и планирование пути , поисково-спасательные приложения , промышленные приложения и развлечения. Учитывая влияние данного поля, роботы неизбежно будут адаптированы и для образовательных целей. [2]

Робототехника — результат эволюции, любопытства,усилия и творческий потенциал человеческой мысли о том, как создавать инструменты и машины, способные решать проблемы и выполнять конкретные задачи самостоятельно.
Клепсидра с водяными часами, введенная вавилонянами в 1400 г. до н. э., была одним из первым известным автоматизированным механическим артефактом. В следующие века человеческое творчество породило ряд новых механических устройств, таких как автоматический театр Герой Александрии (ок. 10 г. до н. э. – ок. 70 г. до н. э.), гидроэлектрические машины для сбора воды, гуманоид машины Аль-Джазари (13 век),также машущий орнитоптер и машина со спиральным ротором. Дошло до того что, сегодня мы имеем колосальное количество роботов в разных отраслях нашей жизни. По мере того, как все больше и больше роботов разрабатываются для конкретных задач, метод классификации роботов становится все более актуальным. Например, многие роботы предназначены для сборочных работ, которые нельзя легко адаптировать для других применений. Их называют «сборочными роботами».[3] Для шовной сварки некоторые поставщики предоставляют полные сварочные системы с роботом, т.е. сварочное оборудование вместе с другими средствами обработки материалов, такими как поворотные столы и

т.д., в качестве интегрированного блока. Такая интегрированная роботизированная система называется «сварочным роботом», несмотря на то, что ее дискретный блок манипулятора может быть адаптирован для решения множества задач. Некоторые роботы специально разработаны для манипулирования тяжелыми грузами и помечены как «роботы для тяжелых условий эксплуатации».

На данный момент существует несколько возможных способов классификации роботов в зависимости от сектора применения:

1) Военные роботы
2) Промышленные роботы
3) Строительные роботы
4) Сельскохозяйственные роботы
5) Медицинские роботы
6) Спортивные роботы
7) Домашние роботы
8) Роботы для образования[4]

Промышленных роботов все чаще используют в производстве (с 1960-х годов). По данным Ассоциации робототехники США, в 2016 году автомобильная промышленность была основным покупателем промышленных роботов с долей 52% от общего объема продаж. В автопроме они могут составлять более половины «труда». Есть даже «выключенные» фабрики, такие как фабрика IBM по производству клавиатур в Техасе, которая была полностью автоматизирована еще в 2003 году.

Строительных роботов можно разделить на три типа: традиционные роботы, роботизированная рука и роботизированный экзоскелет.

Использование **роботов в сельском хозяйстве** тесно связано с концепцией точного земледелия с помощью искуственного интелекта и использованием дронов.Исследования 1996–1998 годов также доказали, что роботы могут выполнять пастушьи задачи.

Хирургическая система Да Винчи — это роботизированная хирургическая система, использующая минимально инвазивный хирургический подход. Система производится компанией Intuitive Surgical. Система используется для простатэктомии и все чаще для восстановления сердечного клапана и гинекологических хирургических процедур.

Бои роботов для спорта - хобби или спортивное мероприятие, когда два или более робота сражаются на арене, чтобы вывести из строя друг друга. Это превратилось из хобби в 1990-х годах в несколько сериалов по всему миру.

Также существуют роботы для очистки загрязненных территорий, таких как токсичные отходы или ядерные объекты.[5]

Образовательная робототехника - это область исследований, целью которой является улучшение опыта обучения путем создания, внедрения, улучшения и проверки педагогической деятельности. Принципы теории обучения, конструктивизм и конструкционизм, имеют особое значение для области образовательного использования робототехники. Важность науки,

инженерных технологий и математики (STEM) и, следовательно, образовательной робототехники как ее основной части была определена как ключевой инструмент для оцифровки образования, вовлечения учащихся в учебную деятельность и развития их навыков на основе проектов. через робототехнику. В связи с этим в последние годы появилось много исследовательских программ, связанных с образовательной робототехникой концепции которых состоят из трех важных столпов конструкционизма:

1) привлечение учащихся мощными идеями
2) построение на личных интересах
3) обучение через создание (или представление идей с помощью материальных артефактов).[6]

Робототехника в Казахстане играет ключевую роль в формировании компетенций как младшего так и старшего звена населения республики. Процесс начинается еще в школе. С внедрением робототехники в образовательный процесс школы, появилась потребность открыть соответсвующие специальности в высший учебных заведениях. На сегодняшний день во всех школах Казахстана преподаются уроки робототехники в младших, средних и старших классах разного уровня сложности. Задача педагога — знакомить ребенка с основами механики и развивать его навыки. Дети вовлекаются в процесс, им интересно самостоятельно создать робота и увидеть результат. Занятие сочетает развлечение и образование. Занимаясь конструированием роботов, ребенок развивает ответственность, дисциплину, умение работать в команде, воображение и внимательность. Поэтапная работа от простого к сложному учит терпению и целеустремленности.[7] Конструктор также способствует развитию:

1)творческого мышления
2)ориентации в пространстве
3)мелкой моторики рук
4)речи и умственных способностей
5)памяти
6)представлений об окружающем мире
7)уважения чужого труда
8)навыков общения
9)самостоятельности

Младшее звено изучает элементарных,простых роботов с ограниченным функционалом. В основном это роботы-игрушки JJRC R1,Syma K3, Keywish Hummerbot,Silverlit. Что касается среднего и старшего звена, то здесь ученики предпочитают Lego Mindstorm EV3. Некоторые , особо заинтересованные, одаренные дети занимаются на роботах производства Arduino и VEX robotics.

Студенты университетов а так же выпускники разработали не малое количество проектов в данной отрасли, которые помогают населению по сей день. Так например, существует робот хирург. Референс-центр по роботоассистированной хирургии создан на базе больницы при Управлении

делами Президента РК и включает в себя все возможности для внедрения нового направления медицины в Казахстане – роботоассистированной хирургии. Это первый подобный проект на постсоветском пространстве, созданный не только для проведения клинических исследований и операций, но и для обучения врачей и повышения их квалификации. [8]

Бионический протез — это искусственный аналог, имитирующий работу утраченного органа. Сегодня современные технологии позволяют создавать устройства, максимально приближенные по функциям к человеческим конечностям. Ряд биологических протезов, существующих на рынке, позволяют владельцам выполнять широкий спектр действий, таких как хранение предметов и столовых приборов, письмо, ходьба и даже занятия спортом. Роботы-протезы производятся в Казахстане. Один из проектов реализовал Маулен Бектурганов, основатель компании MBionics. Маулен разработал и создал первый в Казахстане бионический протез руки. Протез предназначен для инвалидов 3 группы и улучшает их образ жизни. Протез максимально имитирует функциональную человеческую руку. Маулен совершил прорыв в казахстанской науке, которая помогает гражданам вернуться к полноценной жизни, не выезжая за пределы страны. Он планирует продолжить аналогичную разработку для локтевого механизма, плеч и так далее, чтобы разработать как можно больше изделий для людей с ограниченными возможностями.[9]

Робот-почтальон в АО «Казпочта» с искусственным интеллектом доставляет посылки чем облегчает и ускоряет рабочий процесс. Сотрудник почтовой компании кладет посылку в один из восьми отсеков робота и отправляет по соответствующим адресам. Акбота(робот-почтальон) передвигается в автономном режиме и может идентифицировать дорожные объекты, людей, а также объезжать ямы и тротуары. Когда робот приходит по нужному адресу, он отправляет SMS-уведомление. Покупатель забирает посылку, указав пароль, отправленный на его мобильный телефон.

Робот Куаныш консультирует клиентов в офисе ЭКСПО Центра, умеет распознавать и запоминать лица и развлекать клиентов. Куаныш не единственный робот-консультант в АО «КасПочта». В цифровом офисе клиентам также помогают роботы Пеппер и Сауле. Благодаря HD-камерам и датчикам расстояния Pepper может определять окружение и реагировать на человеческие эмоции.[10]

Таким образом, в эпоху глобальной цифровизации мы должны обеспечить детям актуальные знания. Если ребенок по-настоящему увлечется робототехникой, будет иметь успехи и станет развиваться дальше по этому направлению, в будущем он вполне сможет освоить одни из самых востребованных и высокотехнологичных профессий. Среди таких специальностей, например, инженер домашних роботов, разработчик нанороботов или медицинских роботов, создатель боевых роботов и даже юрист в сфере робототехники. Качественное обучение образовательной робототехнике должно проходить под руководством преподавателя с профессиональной подготовкой и в достаточно оснащенном помещении.

Литературы

1. Мониторинг образовательной робототехники и IT-образования города Москвы. Автор: Бельчусов А.А., Кальченко Е.А., Мельяновская Н.В., Салахова А.А., Сахаров С.К., Сергеев Н.Ю., Ступина И.Е., редактор Роман Ступин. Издательство: Издательский центр АНО АИР. Год: 2017.
2. Образовательная робототехника Lego Mindstorm. Сборник методических рекомендаций и практикумов. Автор: Андрей Корягин. Издательство: ДМК Пресс. Год: 2016
3. Использование LEGO-роботов в инженерных проектов школьников. Отраслевой подход. Автор: Лидия Белиовская, Николай Белиовский. Издательство: ДМК-Пресс. Год: 2016.
4. Курс программирования робота Lego Mindstorms EV3 в среде EV3: основные подходы, практические примеры, секреты мастерства. Автор: А. Д. Овсяницкий, Д. Н. Овсяницкий, Л. Ю. Овсяницкая. Год: 2014.
5. Робототехника в школе. Методика, программы, проекты. Автор: Виктор Тарапата, Надежда Самылкина. Издательство: Лаборатория знаний. Год: 2017.
6. Сборник материалов ученической конференции «Наука. Техника. Культура». Автор: ТФТЛ. Издательство: Департамент Общего образования Томской области. Областное государственное бюджетное общеобразовательное учреждение «Томский физико-технический лицей». Год: 2018.
7. The Future Computed: Artificial Intelligence and its role in society. Автор: Brad Smith, Harry Shum.Издательство: Microsoft.Год: 2010.
8. https://www.idtech.com
9. https://online.purdue.edu
10. https://www.robogenius.com

ӘОЖ 372.8:57/59

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Матай А.Н. магистрант, Утегенова PhD, аға оқытушы, Жигитеков Т.А. а.ш.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Мирас Университеті, Шымкент

Резюме

В современном мире образование занимает особое место. Образованная страна - экономика, условия жизни страны, высокая конкурентоспособность. В связи с этим перед педагогами стоит задача постоянно обновлять методы и приемы обучения и уметь их эффективно использовать. Развитие страны зависит от уровня ее национальной системы образования, направления ее развития.

Summary

Education take a special place in the modern world. Educated country - economy, living conditions of the country, high competitiveness. In this regard, teachers are faced with the task of constantly updating teaching methods and techniques and being able to use them effectively. The development of a country depends on the level of its national education system, the direction of its development.

Жаһандану заманында білімге деген көзқарас ерекше.Білімді де білікті мемлекет қана экономикалық жағынанда жетіліп,ел іргесін кеңге созып ұлы мемлекет құра алады.Іргелі мемлекет болашақ жас ұрпақтан бастау алады,оның білім деңгейі,ой-өрісі,көкірек көзі ашық болу деңгейіне жеткізуде ұстаздың алар орны ерек.Ұстаздың өз алдындағы білім алушыны,яғни оқушыны өз пәніне қызықтыра білуі,алған білімді күнделікті өмірде қолдана білуіне жағдай жасауы,тұлғалық қасиеттерді бойына сіңіртіп,ұлы тұлға қалыптастыру деген ұғымдарға өзінің құзіреттілігіне,басқарушылығына тікелей байланысты.Қазіргі таңда баланы оқытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануда.Ол үшін ұстаздарымыз түрлі оқу курстарына барып білім жетілдіріп,білім алмасып келіп жатыр. Әдіс-тәсілдердерге қысқаша тоқталып өтейін:

Проблемалық оқыту. Оқушыларға мұғалім проблемалық сауалдар қою арқылы алған білімін тереңдетіп,өмірмен ғылымды байланыстырып,ішкі жағына кіре алатындай тәуелсіз іздеу қызметін ұйымдастырып береді.Оқушының қызығушылығын арттыруда осы әдістің маңызы зор.Көбіне не үшін? Неге? деген сауалдар қойып баланы ойландырып,білімге кең ауқымда қарауға баулиды [1].

Зертханалық сабақтар. Білім алушыларға теориялық білімнен қарағанда оны іс жүзінде микроскоппен немесе препаратпен жұмыс жасау,гербарий құрастыру,өсімдіктің құрылысы мен адамның физиологиясын,анатомиясын көру қызықты әрі тиімді болып келеді.Оның себептерінің бірі адам баласы көзбен көрген затты есте сақтауы,оны теориямен байланыстыруыда жеңіл әрі ұтымды болады.Биология сабағының өзі көбінше зертханалық сабақтан тұрады.Зертханалық сабақты бастамас алдында міндетті түрде қауіпсіздік ережесімен танысып,біліп нұсқаулық бойынша жұмыс жасалынып керекті құрал-жабдықтар алынып,тапсырманы орындап,биологиялық нысан бойынша жұмыс жасалынады.

Кейс - технологиялар. Білім алушыларды топтарға бөліп,әртүрлі нақты немесе ойдан жасалған фактілерге негізделген мәлімет ұсынылады.Бөлінген топтар оны тереңдете отырып талдап,шешімін табуы керек.Соларға мысал бере өтейін:

Іс-тапсырма. 8-сынып.Үш француз ғарышкері әуешарымен ұшты.Олар 8000 м биіктікке көтерілді.Сонда олардың тек біреуі ғана тірі қалды,бірақ ол өте ауыр жағдайда жерге қонды.Астронавтар не білуі керек еді? Неге бұлай болды? Бұл нәрсенің алдын-ала қалай сақтану керек? Бұдан кейінгі ғарышкерлерге қандай білім көмектеседі? Барлық ғарышкерлер ұстанауы керек қауіпсіздік ережесін ұсыныңыз [2].

Іс-тапсырма. 8-сынып.Жоғары сыныпта оқитын Асқар математика дайындық курстарына қатысып жүрді.Ал бұл сабақтары Асқарға өзімен бірге алып жүретін қосымша кітаптардың санын көбейтті,онымен жұмыс жасауды да көбейтті,көбінесе оң қолымен ол кітаптарды алып жүретін.Анасы:Мұндай ауырлықтағы сөмкені қалай көтеріп жүрсің?-деп таң қалды.Бірде дене шынықтыру сабағында Асқар арқасының ауырғанын айтып шағымданды. Оқушыны бірсыпыра қарап шыққан соң мұғалім оның оң иығы мен сол иығы

теңдей қатар тұрған жоқ екенін айтты,дереу түрде дәрігерге қаралуды ұсынды.Не үшін дәрігерге көрінуді ұсынды? Дәрігер қандай анықтама берді? Мұндай аурудың себебі неде?

Жобалық оқыту әдісі.Білім алушылардың ой-өрісін,дүниетанымын кеңейтуге,ақпараттық заманда замауи техника құралдарн меңгертуге,шығармашылық,сын жағынан ойлану қабілеттерін дамытуға бағытталған.Жобада ең маңыздысы – оқушының ақпарат көздерінен дұрыс мәліметті талдап талғап көруі,зерттеу жүргізу,кесте,муляж,букеттер,ақпараттық мәліметтер дайындау. Бұл тақырыптары барлығына түсінікті әрі нақты мәлімет жазылуы тиіс.Қазіргі таңда көптеген жалған ақпараттар өте көп солардың арасынан іріктеп дұрыс мәліметті беруде жобаны жазудың алғашқы қадамдары.

Миға шабуыл әдісі. Бұл мәселені шешудің барынша көп иделар алынуына негізделген шығармашылық пікірталас.Мысалы, «жердегі өмірдің пайда болуы жөніндегі қазіргі пікір мен бұрынғы пікірлер»тақырыбын зерттеу кезінде осы әдіс арқылы кішігірім пікірталас өткізуге болады [3].

- Біз тақырыпты қарауға кіріспес бұрын, сізден "Өмір"деген не деген сұраққа жауап алғым келеді? Оқушылар нұсқаларды ұсынады, талқылау жүреді, оның соңында тұжырым ұсынылады. "Өмір-бұл ақуыз денелерінің өмір сүру тәсілі, оның маңызды мәні-олардың айналасындағы сыртқы табиғатпен тұрақты метаболизм және осы метаболизмнің тоқтауымен өмір тоқтайды, бұл ақуыздың ыдырауына әкеледі" - Фридрих Энгельс деген деп, ортасында осы тәрізді ғалым кісілердің пікірлері ортаға салынады.Бұл жерде әркім өз пікірін анық және ашық түрде еркін жеткізе алады.Соңында барып нақты бір түйін сөзбен қортындыланады.

Проблемалық дәріс. Бұл білім алушылардың өздері ойлануына және сабақтың пассивті түрде емес қызықты өтуіне септігін тигізеді. Мұғалім бұл жолда білім алушыларға әртүрлі сабақты өмірде пайдалану жағымен ұштастырып сауалдар қою арқылы, оны студенттер шешіп, пікірлерін ортаға салып,сабақ тек теориялқ жүзінде ғана емес практика жүзінде қолданылатынын түсінеді. Бұл әдіс білім алушылардан белгілі бір логикалық ойлау тәжірибесін қажет етеді.

Дидактикалық ойын түрлері. Бұл ойындардың басқалардан айырмашылығы қатаңдықты талап етпейді, көбіне студенттердің логикалық дағдысын,шығармашылық қабілеттерін дамытады. Ойын әдістерін интерактивті оқыту әдістеріне жатқызуға болады. Бұлардың барлығы ойын таңдауға байланысты. Сонымен, танымал ойын түрлері -саяхаттау, спектакльдер, викториналар, КВН - интерактивті әдістер арсеналының әдістері, өйткені олар студенттердің бір-бірімен өзара әрекеттесуін қамтиды [4].

Қорытынды. Оқу тиімділігінің нәтижесін талдай отырып, биология сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін қолдану оң нәтиже береді. Сабақта барлық сынып оқушылары қызығушылықпен және ынтамен жұмыс істейді, бұл сабақтың тиімділігін едәуір арттырады.

Әдебиеттер

1.Активные методы обучения. Электронный курс. Международный Институт Развития «ЭкоПро», Образовательный портал «Мой университет»,\http://www.moi-universitet.ru.

2. Букатов В.М. «Я иду на урок: хрестоматия игровых приёмов обучения», 2002 г.

3.Высоцская М.В. Нетрадиционные уроки по биологии в 5-11 классах - Изд. Учитель: Волгоград, 2004.

4.Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения, М., 2004.Муртазин Г.М. Активные формы и методы обучения биологии.- Москва, Просвещение.- 1989.

5.Пустохина О.А. Урок в современной школе - Изд. Учитель: Волгоград, 2009.

ӘОЖ 547.52/.68

LAMIACEAE ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ЭФИР МАЙЛЫ ӨСІМДІКТЕРІ

Тәжібай Г. 5101-10 тобының магистранты, Утегенова Г.А. PhD, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье приведен краткий литературный обзор эфирномасличных растений семейства Lamiaceae, а также области их применения.

Summary

In this article a brief literature review of essential oil plants of the family Lamiaceae, as well as their areas of application was described.

Lamiaceae немесе *Labiatae* құрамында көптеген дәрілік маңызы бар құнды өсімдіктер тұқымдасы. Тұқымдас 236 туысты қамтиды және олардың 6900-ден 7200-ге дейін өсімдіктер түрі кездеседі. Ең кең таралған туыстары *Salvia* (900 түр), *Scutellaria* (360), *Stachys* (300), *Plectranthus* (300), *Hyptis* (280), *Teucrium* (250), *Vitex* (250), *Thymus* (220 түр), *Nepeta* (200). Бұл тұқымдастың өсімдіктері эфир майларына өте бай. Эфир майы өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, тамыры, жемісі сияқты әр түрлі бөліктерінде жинақталады. Ең көп жинақталатын негізгі бөлігі жапырағы болып табылады. Өсімдіктер халықтық медицина, фармакология, косметология және ароматерапия секілді салаларда кеңінен қолданылады. *Thymus vulgaris, Origanum vulgare, Rosmarinus officinalis,Calamintha officinallis, Salvia officinalis, Lavandula officinalis* табиғи консерванттар ретінде косметологиялық препараттарда қолданылады. Әдетте *Lavandula angustifolia* эфир майы кометикада, сабында, парфюмерияда және фармацевтикалық өнімдерде хош иістендіргіш ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар оларды бас ауырғанда, тыныштандыруда және қабынуға қарсы қолдануға болады. *Mentha piperita* эфир майы да хош иістендіргіш ретінде қолданылады [1].

Thymus туысы Lamiaceae тұқымдасын құрайтын, көпжылдық шөптесін өсімдіктер тобы. Бұл тұқымдасқа 250-ге жуық туыс және 7850-дей түр кіреді. Ал *Thymus* туысының 400-ге жуық түрі бар.

Thymus туысының негізгі таралу аймақтары Еуразия мен Солтүстік Африканың қоңыржай белдеулі аймақтары болып табылады. Аталған аймақта туыстардың шамамен 150-дей түрі кездесуі мүмкін. Ал біздің елімізде бұл туыс дала және жазық жерлерде, сонымен бірге таулы аймақтарда кездесетін 27 түрі белгілі. Жебір өсімдігі аса маңызды құндылыққа ие. *Thymus* туысына кіретін өсімдік түрлерінің басым көпшілігінің биологиялық белсенділіктері өте жоғары. Жебірді тамақ өнеркәсібінде, косметика мен медицина салаларында кеңінен қолданады және омарталық декоративтік мақсатта пайдаланылады. Фармацевтика саласында да айтарлықтай қолданысқа ие. Қазіргі таңда жебірді және оның эфир майын ұлттық немесе еуропалық фармацевтикалық талаптарға сай келетін дәрілік препараттарды жасап шығаруда қолданады. Жебірдің химиялық құрамына монотерпендер, монотерпенді спирттер, фенолды қосылыстар, кетондар, альдегиидтер, қарапайым және күрделі эфирлер кіреді[2-4].

Біздің елімізде жебір суық тию, тіс пен асқазан ауруларын емдеу үшін өте тиімді болып саналады.

Thymus туысы 336 түрі бар хош иісті шөптесін өсімдіктер тобы. Бұл туыстың өсімдіктері бағалы дәрілік маңызы бар. Басым көпшілігі Жерорта теңізі жағалауында өседі. Кейбір түрлері кулинария саласында және сәндік мақсатта пайдаланады [5].

Salvia бұл Lamiaceae тұқымдасының ең үлкен және маңызды туысы. Туыстың 900-дей түрі кездеседі. Биіктігі шамамен 20-50см, біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдік, десе де жартылай бұталы түрлері де баршылық. Хош иісті және дәрілік маңызы өте жоғары. Орталық және Оңтүстік Еуропа, сондай-ақ Батыс және Орталық Азияда кеңінен таралған. Косметика, парфюмерия мен фармацевтика өндірісінде қолданылады. Сонымен қатар *Salvia* медицина мен кулинарияда аса маңызды өсімдік болып табылады. Бұл туыстың өсімдіктері микробқа, бактерияға, қабынуға және т.б. белсенділіктерімен ерекшеленеді [6].

Satureja Жерорта теңізі мен Азияда кеңінен таралған хош иісті бір жылдық шөптесін өсімдіктер тобы. Бұл өсімдіктер Lamiaceae тұқымдасының туысы. Туыста шамамен 200-ге жуық түрі бар. Эфир майы халықтық медицинада антисептик ретінде қолданылады. Сонымен қатар, жер асты мүшелері халықтық және дәстүрлі медицина салаларында бұлшықет, асқазан, диарея, құрысу мен инфекциялық сек ауруларды емдеуде қолданылады. Сондай-ақ оны суық тию мен бронхитке қарсы антибактериальды препарат ретінде пайдаланады [7].

Origanum Lamiaceae тұқымдасының туысы. Туыста шамамен 20-дан астам түр болады. Негізгі таралу аймақтары Еуропаның Жерорта теңізі мен Батыс Азия болып саналады. Бізде бұл туыстың 2 түрі ғана кездеседі.

Түркия елінде *Origanum* өсімдігін хош иістендіргіш ретінде және түрлі ауруларды емдеу барысында пайдаланады. Ауырсынуды басуда, жөтелге және микробқа қарсы пайдалы болады. Сондай-ақ ол ауыз қуысын шаю үшін антисептикалық препарат ретінде кеңінен қолданылады [8].

Lavandula Lamiaceae тұқымдасының жер бетінде кең таралған туысы. Бұл 30-дан астам түрді қамтитын өсімдіктер тобы. Солтүстік және Шығыс Африкада, Аустралияда, Үндістанда, Еуропаның оңтүстік бөлігінде және Жеорта теңізі жағалауында кеңінен таралған [9]. Ал мәдени түрі барлық жерде кездеседі. Лаванда гүлінен эфир майын алуға болады. Лаванда түрлі ауруларды емдеуде өте пайдалы.

R. officinalis Lamiaceae тұқымдасының кең таралған туысының бірі. Басым бөлігі Жерорта теңізі аймақтарында таралған. Алайда ол барлық жерде кездесуі мүмкін. *R. officinalis* көпжылдық және хош иісті өсімдік. Биіктігі 2 метрге дейін жетеді, жапырақтары жасыл, бұта тәрізді өсімдік. Негізгі қолданылатын салалары кулинария, медицина. Сонымен қатар сәндік мақсатта да пайдаланылады [10].

Әдебиеттер

1. Karpinski T.M. Essential oils of lamiaceae family plants as antifungals // Biomolecules. 2020. V. 10(1). – P. 103.
2. Boruga O.. Jianu C., MiscaC., Golt I., Gruia A.T., Horhat F.G. Thymus vulgaris essential oil: chemical composition and antimicrobial activity // J Med Life. 2014. V. 7(3). – P. 56-60.
3. Kowalczuk A., Przychodna M., Sopata S., Bodalska A., Feska I. Essential oil new insights into selected the rapeutic applications // Molecules. 2020. V. 25(18). – P. 125.
4. Galovicova L., Borotova P., Valkova V., Vukovic N.L. Vukic M., Stefanicova J., Duranova H., Kowalczewski P.L. Cmikova N., Kacaniova M. Thymus vulgaris essential oil and its biological activity // Plants (Basel). 2021. V. 10(9). –P. 195.
5. Soorni A., Borna T., Alemardan A., Chakrabarti M., Hunt A.G., Bombarely A. Transcriptome landscape variation in the genus Thymus // Genes (Basel). 2019. V. 10(8). – P. 620.
6. Caputo L., Nazzaro F., Souza L.F., Aliberti L., De Martino L., Fratianni F., Coppola R., De Feo V. Laurus nobilis: Composition of essential oil and its biological activities // Molecules. 2017. V. 22(6). –P. 93.
7. Giweli A., Dzamic A.M., Sokovic M., Ristic M.S., Marin D.P. Antimicrobial and antioxidant activities of essential oils of Satureja thymbra growing wila in Libya // Molecules. 2012. V. 17(5). –P. 50.
8. Huang J., Qian C., Xu H., Huang Y. Antibacterial activity of Artemisia asiatica essential oil against some common respiratory infection causing bacterial strains and its mechanism of action in Haemophilus influenza // Microb Pathog. 2018. V. 11(4). –P. 470-475.
9. Miastkowska M., Kantyka T., Bielecka E., Kalucka U., Kaminska M., Kucharska M., Kilanowicz A., Cudzik D., Cuzdik K. Enchanced biological activity of a Novel preparation of Lavandula angustifolia essential oil // Molecules. 2021. V. 26(9). –P. 245.
10. Oliveira J.R., Camargo E. A., Oliveira L.D. Rosmarinus officinalis L. (rosemary) as therapeutic and prophylactic agent // Biomedical Science. 2019. V. 26(1). –P. 5.

ӘОЖ: 372.8:57/59

HIPPOPHAE RHAMNOIDES L. ЖЕМІСІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Қарабаева Д.Ә. магистрант
Утегенова Г.А. PhD аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Hippophae rhamnoides L. өсімдігінің жемісі – қышқылтым-тәтті немесе қышқыл, кейде ащы, ананас немесе цитрустың иісіне ұқсас өзіндік ерекше жағымды иісті болып келеді. Итшомырт шырғанақ өсімдігінің тағамдық құндылығы оның жемісінде болатын жеңіл сіңімді көмірсу, органикалық қышқылдар, дәрумендер, пектиндер, минералды заттардың болуымен сипатталады. Шырғанақ жемісі – биологиялық белсенді заттардың табиғи кешені болып табылады. Оның құрамында барлық дерлік суда және майда еритін дәрумендер кездеседі. Бұл мақалада Hippophae rhamnoides L. жемісінің химиялық құрамы жайлы ақпараттар берілді.

Summary

Hippophae rhamnoides L. fruits have a sweet and sour taste or sour, sometimes with bitterness, with a peculiar pleasant aroma reminiscent of the smell of pineapple or citrus fruits. The nutritional value of sea buckthorn is determined by the presence of easily digestible carbohydrates, organic acids, vitamins, pectins and minerals in its fruits. Sea buckthorn berries are a natural concentrate of biologically active substances. They contain almost all water- and fat-soluble vitamins. This article describes the chemical composition of sea buckthorn fruits.

Итшомырт шырғанақ (*Hippophae rhamnoides* L.) – жиде *(Hippophae* L.*)* тұқымдасына тікенжиде *(Elaeagnaceae* L.*)* туысына жататын бұта немесе ағаш түрінде кездесетін екі үйлі өсімдік. Өзен бойларында, тоғайда, тау бөктерінде (2000 м-ге дейін) өседі.

Шырғанақ толықтай, әсіресе, оның жемісі өте көп мөлшердегі әртүрлі биологиялық белсенді қосылыстардың қайнар көзі болып табылады. Құрамындағы витаминдерге, минералдарға, табиғи антиоксиданттарға, n-3 және n-6 май қышқылдарына және нәруыздарға аса қатты назар аударылуда. Шырғанақ – антиоксидантты, кардиопротекторлы, антиатерогенді, антидиабетикалық, гепатопротекторлы, антиканцерогенді, иммуномодульдеуші, антивирусты, антибактериальды, қабынуға қарсы және вазорелаксантты эффектілері үшін де өте құнды өсімдік. Осындай маңызы үшін қазір әлемнің түкпір-түкпірінен ғалымдар шырғанақтың құрамындағы компоненттерді бөліп алып, оның әсерлерін зерттеп медицинада оңтайлы қолданудың амалдарын қарастыруда.

Медицинада шырғанақ өсімдігін маңызы көп, пайдалы, құнды, бағалы шырғанақтың жемісінен алынатын шырғанақ майы үшін пайдаланады. Шырғанақ майының құрамында каротин және каротиноидтар, токоферолдар және глицеридтер, әр түрлі май қышқылдары кездеседі.

Hippophae rhamnoides L. жемісі, негізінен, α, β және γ-каротин, гликоген және зеаксантиннен тұрады. Жидек құрамында аскорбиноза болмайды, сондықтан кептірілген жемістерде С витамині жақсы сақталады. Өсімдіктің

сыртқы қабығы өсімдіктерде сирек кездесетін 5-гидрокситриптомин болады, ол адамдарда болатын депрессияны емдеуде қолданылады [1].

Жапырақтарында өте көп мөлшерде қоректік заттар және биоактивті заттар, әсіресе, фенолды қосылыстар болады. Жапырағының құрамында орта есеппен алғанда 3,8% - сахарид; 0,2% - протопектин; 1% - органикалық қышқылдар, 170 мг/100 г катехин, полифенолдар, ликопин каротиноидтары, биофлавоноидтар және кумариндер болады. Сонымен қатар, айтарлықтай мөлшерде С витаминінің концентрациясынан (370 мг/100 г) және дубильді заттардан (8%) тұрады [2].

Жемістерінің тағамдық және химиялық композициясы және биоактивті байланыстардың құрамы әртүрлі факторларға тәуелді. Негізгі факторларға мыналар жатады: түрі, шығу тегі, климаттық жағдайлар, өнімді жинау уақыты мен әдісі [3].

Жемістерінде каротиноидтар, негізінен, β-каротин, ликопин, лютеин және зеаксантин көп мөлшерде болады. Көп мөлшерде кездесетін көмірсулар – глюкоза, фруктоза және ксилоза. Өсімдіктің барлық бөліктері көптеген әртүрлі нәруыздардан тұрады, негізгілері – альбумин және глобулин [4].

Hippophaea Rhamnoides L. жидектерінің құрамында пальмитол қышқылына, каротиноидтарға, токолдарға және стеролдарға бай липидтер бар, бірақ олардың құрамы сорты мен өсіру аймағына байланысты айтарлықтай өзгереді. *Hippophaea Rhamnoides* L. жемісінің целлюлоза майының химиялық құрамын ұсынады және оларды бүкіл әлемде өсетін өсімдіктермен салыстырады. Тексерілген сорттардың ішінде пальмитол қышқылының ең жоғары үлесі «Алтын жаңбыр» және «Радиант» сорттарында табылды. Шырғанақ майының он граммында кем дегенде 28% А дәрумені, 50% Е дәрумені және ересектерге ұсынылатын тұтыну мөлшерінің (RDA) 5% стеролдары бар.

Басқа майға бай жемістер сияқты (зәйтүн, авокадо, пальма және т.б.) теңіз шырғанақ жидектері құрамы бойынша мүлдем басқа екі түрлі майларды жинақтай алады. Майлардың бірі тұқымнан алынады, ал екіншісі жемістің целлюлозасында болады. Целлюлоза майы жасуша шырынында ілінген жеміс хромопластарында жиналатын шағын дискретті жасушаішілік көпіршіктерге түседі [4]. Пісіп-жетілу кезінде хромопластар табиғи түрде пайда болатын мұнайға бай микрокапсулаларды (мұнай денелері, липидті денелер, олеосомалар, липидті тамшылар, адипосомалар және сферосомалар деп аталады) жинақтайды [5]. Құрылымдық жағынан триацилглицериндердің өзегі аралас ақуыз-фосфолипидті моноқабатпен қоршалған [5].

Теңіз шырғанақ майының денсаулыққа пайдалы кейбір қасиеттеріне табиғатта сирек кездесетін ω-7 пальмитол қышқылы мен каротиноидтардың өте жоғары мөлшері жатады. Пальмитолеин қышқылын енгізу май тіндерінде пайдалы иммунометаболиттік әсерлерге ықпал ететіні бұрын анықталған [4]. Сонымен қатар, пальмитат-индукцияланған макрофагтардың активтенуі және қаңқа бұлшықетінің инсулинге төзімділігі пальмитолеин қышқылының болуымен азайтылуы мүмкін [6]. Пальмитолеин қышқылының өзі көптеген

пайдалы биологиялық функцияларға ие екендігі хабарланған [6]. Инсулинге сезімталдықты жоғарылату және қант диабеті қаупін азайту мүмкіндігінен басқа, пальмитолеин май жасушаларынан алынған пайдалы липидті гормон (липокин) болып табылады, ол семіздіктің және артық эфирленбеген майлардың зиянды әсері, қышқылдар глюкозаның жүйелі метаболизміне әсер етеді [7]. Бұл май қышқылының тері және шырышты қабық ауруларында клиникалық қолданылуы бар, сонымен қатар семіздіктің патогенезіне, бауыр денсаулығына және жүрек-қан тамырлары денсаулығына әсер етеді деп саналады, бірақ бұл нәтижелер әлі де белгісіз және одан әрі зерттеу ұсынылады. Шырғанақ майының құрамындағы каротиноидтардың құрамы мен құрылымы табиғатта ерекше. Олардың ішінде ең құндылары А дәруменінің прекурсорлары (ретиноидтар тобы, соның ішінде ретинол, ретиналды және ретинил эфирлері). Бұл А витаминінің прекурсорларында кем дегенде бір алмастырылмаған β-ионының сақинасы және кем дегенде 11 көміртегі атомы бар полиен бүйірлік тізбегі бар. Теңіз шырғанақ целлюлозасы/жеміс майы осындай прекурсорлар ретінде β-каротин мен β-криптоксантиннің көп мөлшерін қамтиды [7]. Басқа каротиноидтар да оттегінің реактивті түрлерін сөндіргіштер ретінде құнды.

ω-7-пальмитол қышқылының және каротиноидтардың жоғары мазмұнынан басқа, шырғанақ целлюлозасы майы стеролдар мен токоферолдарға салыстырмалы түрде бай [8]. Бұл бірегей композиция шырғанақ целлюлоза майының сақтау кезінде және қабылдағаннан кейінгі ерекше белсенділігін/мінез-құлқын анықтайды [7]. Өкінішке орай, шырғанақ майларының химиялық құрамы географиялық шығу тегіне, пайдаланылатын жидектердің генотипіне және целлюлозадан май алу әдісіне байланысты айтарлықтай өзгереді. Мысалы, пальмитол қышқылының үлесі 13,4% [7] 51,8% [8], токоферолдар 285 мг/кг [9] 3063 мг/кг дейін ауытқиды [8], каротиноидтар 526 мг/кг, 6300 мг/кг және стеролдар 2952 мг/кг 9750 мг/кг дейін [8]. Төтенше жағдайларда 10 еседен астам анықталатын вариация (мысалы, каротиноидтар). Шамасы, Еуропада (Швеция, Румыния, Словакия) өсірілген генотиптер ет майында пальмитол қышқылы мен токоферолдардың аз бөлігін бөледі. Сондықтан жергілікті генотиптердің химиялық құрамын анықтау қажеттілігі әлі де бар.

Көптеген қажеттіліктер мен қосымшалардың арасында (алдын ала эмульсияланған эмульсиялар, сүтті модельдеу, олеосома негізіндегі тағам пленкалары және табиғи эмульгаторлар) [9]. Өсімдік олеосомалары вегетарианшылар мен вегетандарға арналған классикалық майонезге еліктейді. Шырғанақ жеміс шырынынан олеосомаларды алудың ең жақсы тәжірибесі жұмсақ центрифугалауды қолдану болып табылады [10]. Майлы дақылдардан бүлінбеген олеосомаларды алу жағдайында бірнеше балама экстракция әдістерін қолдануға болады (мысалы, қос бұрандалы прес, ферментативті экстракция және ультрадыбысты. Келтірілген авторлар pH, иондық күш және температура сияқты тұрақтылық сипаттамаларын мұқият бақылай отырып, экстракцияланған тұқым олеосомалары липидтердің тотығуын тежеуге, биоактивті қосылыстарды (мысалы, ұшқыш дәмдер мен гидрофобты

нәрлендіргіштер) инкапсуляциялауға және дайындауға уәде береді деген қорытындыға келді. имитациялық сүт өнімдерін (мысалы, сүт, ірімшік, йогурт және майонез) және функционалдық тағамдарды өндіру [9]. Рапс тұқымынан олеосомаларды дайындауға арналған зерттеуде [11] экстракция pH және тазарту кезеңдерінің саны май денелерінің тамшыларының мөлшеріне және олардың тазалығына әсер ететіні анықталды. Осы жағдайлардың үйлесімі алынған табиғи эмульсияның реологиялық қасиеттерін анықтамалық «майонезге» жақын диапазонға ауыстыруға мүмкіндік береді. Авторлар рапс тұқымынан майлылығы 61,7 г/100 г-ден 72,0 г/100 г дейін өсімдік тектес майонез алуға болады деген қорытындыға келді.

Әдебиеттер

1. Abdullah, Weiss J., Zhang H. Recent advances in the composition, extraction and food applications of plant-derived oleosomes // Trends in Food Science and Technology. 2020. V. 106. – P. 322-332.
2. Azzi A. Tocopherols, tocotrienols and tocomonoenols: Many similar molecules but only one vitamin E // Redox Biology. 2019. V. 26. – P. 101259.
3. Barre A., Simplicien M., Cassan G., Benoist H., Rouge P. Oil bodies (oleosomes): Occurrence, structure, allergenicity // Revue Française d'Allergologie. 2018. V. 58 (8). – P. 574580.
4. Beveridge T., Harrison J.E. Microscopic structural components of sea buckthorn (*Hippophae rhamnoides* L.) juice prepared by centrifugation // LWT – Food Science and Technology. 2001. V. 34 (7). – P. 458-461.
5. Z. Burčová, F. Kreps, Š. Schmidt. Biologically active compounds of sea buckthorn (Hippophae rhamnoides) 6th International Scientific Conference Renewable Energy Sources (2016)
6. Cenkowski S., Yakimishen R., Przybylski R., Muir W.E. Quality of extracted sea buckthorn seed and pulp oil // Canadian Biosystems Engineering / Le Genie Des Biosystems Au Canada. 2006. V. 48 (3). – P. 9-16.
7. S. Czaplicki, D. Ogrodowska, R. Zadernowski, I. KonopkaEffect of sea-buckthorn (*Hippophaë rhamnoides* L.) pulp oil consumption on fatty acids and vitamin A and E accumulation in adipose tissue and liver of rats // Plant Foods for Human Nutrition, 72 (2) (2017). – P. 198-204.
8. S. Czaplicki, M. Tańska, I. Konopka. Sea-buckthorn oil in vegetable oils stabilization // Italian Journal of Food Science, 28 (3) (2016). – P. 412-425.
9. Dietary Supplement Ingredient Database. (2021). Unit Conversions. https://dsid.od.nih.gov/Conversions.php.
10.J. Dwyer, L. Saldanha, C. Haggans, N. Potischman, J. Gahche, P. Thomas, R. Bailen, R. Costell o, J.M. Betz, K. Andrews, P. Gusev, P. Pehrsson, S. Savarala, P. Tey, J. Harnly. Conversions of β-carotene as vitamin A in IU to vitamin A in RAE // The Journal of Nutrition, 150 (5) (2020). – P. 1337.
11. S. Franke, K. Fröhlich, S. Werner, V. Böhm, F. Schöne. Analysis of carotenoids and vitamin E in selected oilseeds, press cakes and oils // European Journal of Lipid Science and Technology, 112 (10) (2010). – P. 1122-1129.

ӘОЖ 372.8:57/59

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ӘСЕРІ

Нышанбай Б.Қ. магистрант, Утегенова Г.А. PhD, аға оқытушы,
Ешимбетова Г.С. магистр-оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Образование - основа становления любого цивилизованного общества. Важно использовать различные средства и методы обучения биологии. На сегодняшний день методы преподавания биологии являются плодами ученых, учителей, обучающихся , многих поколений.

Summary

Education is the basis for the formation of any civilized society. It is important to use various means and methods of teaching biology. Today methods of teaching biology are the results of work of scientists, teachers, students and many generations.

Білім-кез келген өркениетті қоғамның қалыптасуының негізі. Сондықтан білім беру мазмұны ғылым мен практиканы сақтай отырып, үнемі жаңарып отыруы керек, білім беру процесінің әдістері мен технологиялары үнемі жетілдіріліп, адамның практикалық іс-әрекетінде қолдау тауып, мемлекеттің қажеттіліктері мен әлеуметтік сұранысты қанағаттандыруы керек.

Қазіргі таңда биологияны оқытудағы әдістер ғалымдардың,мұғалімдердің, студенттердің көптеген ұрпақтардың жемісі болып саналады. Әдістің пайда болуы мен дамуы еліміздің әлеуметтік –экономикалық және саяси тарихы мен биология - педагогикалық ғылымдардың,орта және жоғары білімнің дамуымен тығыз байланысты «Методология» сөзі грек тілінен «methods» білу, зерттеу деген мағынаны білдіреді. Биологияны оқыту әдістерінің қалыптасуы ерте заманнан бастау алады, ботаника және зоология ғылымдарының дамуымен практикалық білімдер мен табиғатпен бақылауларға байланысты [1, 2].

Қазіргі биология сабағы әртүрлі әдістемелік әдістерді, әдістерді және жаңа технологияларды қолдана отырып құрылуы керек. Бірақ сабақта білім алушының белсенділігін арттыру мәселесі оқу процесі үшін өзекті болып қала береді. Әр оқушы сабақта өз қабілеттерін көрсете алуы, материалды талқылауға қатысуы, сұрақтарға жауап беруі үшін белсенді оқыту әдістеріне назар аудару керек.

Әдістермен оқу барысында студенттердің кәсіби білімі қалыптасады, студенттер оқыту біліктілігінің тиімділігін игереді.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білімнің негізгі қызметінде реформалар жүргізілуде. Сондықтан жоғары оқу орындарында білімді қандай мақсатта, не үшін, қалай оқыту және бағалау керектігін анықтап қызметін өзгерту керек.

Әрбір жоғары оқу орны оқытылатын пәннің мазмұнын жоспарлау, оқу және оқыту әдістемесін, бағалау және оқу сапасын қамтамасыздандыруы

сияқты мәселелерді жан-жақты анықтау керек. Себебі білімнің нәтижелері оқу және оқыту, бағалаумен тығыз байланысты және осы ұғымдардың мазмұны және мағынасы өзгертілуі керек. Оқу жоспарлары, бағдарламалары оқу нәтижесінің терминдеріне сай құрастырылуы керек. Оқу жоспарында білім алушының нені білуі керектігін немесе не жасай алатындығын көрсетуі керек. Сол үшін жоспарлар және бағдарламалар білім алушылармен бірге орындалуы керек [3, 4].

Оқу үрдісінің басты мақсаты жоғары оқу орнындағы оқу нәтижесін айналдыру үшін келесі міндеттер жоғары оқу орындарында нәтижені оқу үрдісінің басты мақсатына айналдыру келесі міндеттер арқылы орындалады: білім студентке бағытталған парадигманы қабылдау; кәсіби дайындықтың «біліктілік» ұғымынан «құзырлық» ұғымына ауысу; білімді игеру үздіксіз үрдіс деген қағиданы ұстану; оқу үрдісіне іс-әрекеттерді өлшеу және бағалау жүйесін енгізу.

Қазіргі биология сабағы әртүрлі әдістемелік әдістерді, әдістерді және жаңа технологияларды қолдана отырып құрылуы керек. Бірақ сабақта білім алушының белсенділігін арттыру мәселесі оқу процесі үшін өзекті болып қала береді. Әр студент сабақта өз қабілеттерін көрсете алуы, материалды талқылауға қатысуы, сұрақтарға жауап беруі үшін белсенді оқыту әдістеріне назар аудару керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, студенттердің танымдық белсенділігінің деңгейі сабақта белсенді әдістерді, оларға сәйкес оқу әдістері мен құралдарын қолдануға байланысты болатындығын атап өтеміз. Әрбір оқытушы – технологияны жасаушы. Қазіргі таңда мұғалімдер біліктілігінің нәтижесінде білім жүйесінде түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылуда. Әдістер білім алушының қызығушылығын оятып, сапалы білімге жол ашуда. Биологияны оқыту әдістерінде әдіс-тәсілдерді қолдану оқу жетістіктеріне оң әсер беруде [5, 6].

Әдебиеттер

1. Общая методика обучения биологии И.Н.Пономарева, В.П.Соломин, Г.Д.Сидельникова.
2. Андреева Н.Д Методика обучения биологии в современной школе:учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры.
3. Андрианова Е.И Подготовка и проведение педагогического иследования;учебное пособие вузов:Министерство образования и науки РК
4. Ляшенко Н. В.- «Биология. 6-11 классы: секреты эффективности современного урока», изд. 2-ое.- Волгоград : Учитель. - 2012 г.
5. Сухова Т.С. Урок биологии. Технология развивающего обучения. “Библиотека учителя”. – М.: Вентана-Граф, 2001.
6. Чуприкова Н.И. Умственное развитие и обучение. Психологические основы развивающего обучения. – М.: АО “Столетие”, 1995.

ӘОЖ 547.52/.68

ЭФИР МАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФИТОХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Сейілқанова А.Б. магистрант
Утегенова Г.А. PhD, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье рассматриваются эфирные масла и их особенности, фитохимический состав, а также биологические роли в растениях.

Summary

This article provides essential oils and their features, phytochemical composition, as well as biological roles in plants.

Эфир майлары - ұшпа, майлы сұйықтық, хош иісті органикалық заттардың қоспасы, негізінен терпеноидты немесе хош иісті болып келеді. Эфир майларының майлы майлардан ерекшелігі сүзгі қағазында майлы дақтарды қалдырмайды. Эфир майларының құрамына қарапайым фенолдармен ұсынылған монотерпендер, сесквитерпендер, көмірсутектер, фенилпропаноидтар кіреді.

Эфир майлары түссіз немесе түрлі түске боялған сұйықтық ретінде кездеседі. Олардың өзіндік иісі мен дәмі болады. Көптеген эфир майлары судан жеңіл болып келеді, кейбіреулері ғана тығыз болады.

Ауадағы оттегі мен жарықтың әсерінен эфир майлары өзгеріске ұшырайды, біртіндеп қышқылданып, түсін және иісін өзгертуі мүмкін. Кейбір эфир майлары бөлініп алынғаннан кейін немесе сақтау кезінде қоюлануы мүмкін.

Эфир майлары суда аз немесе мүлде ерімейді, бірақ араластырғанда суға ерекше дәм мен иіс береді. Олар тек майлы және минералды майларда, спиртте, диэтил эфирде, хлороформда, гександа және т.б органикалық еріткіштерде ғана ериді [1-3].

Эфир майларының қайнау температурасы 140-260℃ арасы; олар оптикалық тұрғыда белсенді, суитын арнайы температурасы және рефракция коэфициенті бар. Майлардың реакциясы құрамына байланысты бейтарап немесе қышқыл болып келеді.

Эфир майлары көлемі жағынан әртүрлі әрі қайтымды айналуға қабілетті оптикалық белсенді заттардың қосындысынан тұратындықтан анықталатын константа осы қосындының алгебралық суммасы болып табылады.

Эфир майларын суытқанда кейде бөлме температурасында да кейбір компоненттері қайта кристалданады. Эфир майларының қатты бөлігін - *стеароптен*, сұйық бөлігін- *элеоптен* деп атайды [2].

Эфир майының мұндай ерекшелігі өсімдіктің вегетация фазасына байланысты болып келеді. Май гүлдеу кезінде жапырақтар мен шөпте көп болады, ал жемістерде-олардың пісуіне қарай көбейеді.

Эфир майлы өсімдіктерді зерттеу және пайдалану қазіргі кезге дейін өз құндылығын жоғалтпайды. Оның басты себебі эфир майлы өсімдік түрлері парфюмерия мен тамақ өнеркәсібінде ғана емес, сонымен қатар фармацевтикалық өнеркәсіп үшін құнды дәрілік шикізат көзі ретінде де кеңінен қолданылады.

Өсімдіктердің тірі тіндерінде эфир майлары барлық жасушаларында диффузиялық түрде еріген күйде немесе қоймалжың күйінде цитоплазмада кездесуі ықтимал, дегенмен олар микроскоппен ғана зерттелетін арнайы түзінділерде жинақталады.

Бөліп шығарушы түзінділердің екі түрін ажыратып көрсетуге болады: эндогенді және экзогенді.

Экзогенді түзінді – эпидермальды ұлпада түзіледі. Құрамында безді «дақтар», безді түктер және эфирмайлы бездер кездеседі.

Безді «дақтар» - ең қарапайым бөліп шығарушы түзінді. Ол эпидермис кутикуласының қабыршақтануына немесе ісінуіне алып келетін майда тамшылар арқылы бірден эпидермис кутикуласының астына жиналады. Эфир майлары эпидермальды ұлпада шашыраңқы түрде орналасқан осы безді «дақтардың» жеке торшалары арқылы жинақталады. Эфир майларының бұлай орналасуы раушангүлінің жапырақтарында, лалагүлде, кейбір өсімдіктерде сонымен қатар терек бүршіктерінің қабыршағындағы эпидермисте кездеседі.

Безді түктер бір немесе бірнеше бөліп шығарушы жасушалардан түзілген біржасушалы немесе көпжасушалы шар тәріздес және сопақша пішінде кездесетін «аяқтар» мен «бастардан» тұрады.

Эфирмайлы бездер әртүрлі болуы мүмкін. Олардың барлығында құрамындағы безді жасушалардың орналасуына байланысты өте қысқа аяқтары мен көпжасушалы бастары болады. Мысалы, ерінгүлділер тұқымдасының кейбір түрлерінде 6-8 жасушадан құралған эфирмайлы түктердің бастары желі тәріздес орналасқан. Эфир майларының түзілуіне қарай барлық кутикула күмбез тәріздес болып ісініп, эфир майын сақтайтын орын қалдырады [4].

Эндогенді түзінділер паренхималық ұлпаларда түзіледі. Оған секреторлы жасушалар, эфир майларының жинақталу орыны және эфир майларының каналдары.

Секреторлы жасушалар жеке дара кездесуі мүмкін немесе паренхимада қабаттар түзуі мүмкін. Секреторлы жеке дара жасуша, мысалы, аңдыз тамырсабағының паренхимасындағы бірнеше жасушалар жанасқан жерінде орналасқан.

Егер де эфир майлары клетка сөлінде немесе цитоплазмасында еріген күйде кездесетін болса, жасушаның құрамында эфир майы бар екені тек Судан III деп аталатын гистохимиялық реакция арқылы анықталады.

Жинақталу орыны – өсімдіктің әртүрлі мүшелерінде орналасқан эфир майларын жинақтайтын арнайы түзінді.

Жинақталу орыны көбінесе домалақ немесе сопақша кеңістікті құрайды. Олар жапырақ мезофилласында, цитрусты өсімдіктердің қабығында, кейбір өсімдіктердің қабығында немесе ағаштарында орналасады. Жинақталу орыны

екі түрлі жолмен қалыптасады – схизогенді және схизолизогенді. Схизогенді қалыптасу кезінде жасуша аралықтарына продуцентті клеткалардың сөлі «төгіліп» эфирмайларының жинақталатын орыны пайда болады. Жасушааралық кеңістік ары қарай жасушалардың «жылжуы» арқылы кеңейе түседі. Схизолизогенді қалыптасудың бастапқы кезеңі схизогенді қалыптасуға ұқсайды, бірақ жасушааралық кеңістік шекаралары бұзылып одан да үлкен кеңістік түзіледі. Бұл жердегі секреторлы жасушалардың қызметін жинақталатын орынға жанасып тұрған жасушалар атқарады.

Эфирмайлы каналдар – созылыңқы формадағы жинақталатын орын. Бұл секреторлық түзнділер кейде систематикалық белгі ретінде қызмет атқаруы мүмкін. Көптеген қылқанжапырақты өсімдіктердің барлық мүшелерінде орналасқан эфирмайлы каналдар эфир майларының және смоланың шығарылатын жолы болып табылады.

Эфир майларының өсімдіктердегі биологиялық рөлі

– Эфир майлары өсімдіктер дүниесінде кеңінен таралған және оны маңызы орасан зор.

– Эфир майлары өсімдік клеткасында жүретін зат алмасу процесінің активті метоболиттері болып табылады.

– Эфир майлары булану кезінде өсімдіктерді өзіндік «жастықшамен» орап, ауадағы жылу өткізгішті қалыпты ұстайды, яғни күндіз қатты қызудан, түнде қатты суықтан қорғайды. Сонымен қатар транспирация процесінің қалыпты өтуіне де септігін тигізеді.

– Өсімдіктердің иісі тозаңдану үшін жәндіктердің назарын аударуға көмектеседі.

– Эфир майлары өсімдікті патогенді саңырауқұлақтармен және бактериялармен уланудан қорғайды және жануарлардың жеп кетуінен қорғайды [5].

Әдебиетттер

1. Егеубаева Р.А. Дикорастущие эфирномасличные растения юго-востока Казахстана. - Алматы. 2002. - 241 с.
2. Айменова Ж.Е. Антимикробное действие эфирных масел тысячелистника обыкновенного и чабреца. Наука и образование Южного Казахстана. - 2012.- №2(93). - С.63.
3. Кушнаренко С.В., Утегенова Г.А., Озек Г., Озек Т., Котухов Ю.А., Данилова А.Н., Сатеков Е.Я. Каталог эфирных масел растений Восточного Казахстана.- Алматы. 2015. – 72 с.
4. И. А. Самылина, Г. П. Яковлев. Фармакогнозия: учебник [Электронный ресурс] / - М.:ГЭОТАР-Медиа, 2016. - 976 с.
5. Пронченко Г.Е., Вандышев В.В. Растения - источники лекарств и БАД [Электронный ресурс] / - М.: ГЭОТАР-Медиа. 2016. – 224 с.

ӘОЖ 547.52/.68

ARTEMISIA ТУЫСЫ ТҮРЛЕРІНІҢ ЭФИР МАЙЛАРЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Сыздықова А.С. магистрант
Утегенова Г.А. PhD, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются факторы влияющие на выход и химический состав эфирных масел видов рода Artemisia L.

Summary

In this article the factors affecting the yield and chemical composition of essential oils of species of the genus Artemisia L. were given.

Дәрілік өсімдіктер – адамдардың көптеген ауруларына емдік қасиеті бар табиғаттың сыйы, адам денсаулығын қалыпты ұстауға көмектесетін және маңызды қызмет атқаратын өсімдіктер түрлері. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті, атап айтқанда, өсімдікте түзілетін екінші реттік қосылыстардың белсенділігімен түсіндіріледі. Сондай қосылыстардың бірі эфир майлары болып табылады. Эфир майлары, негізінен, изопреноидты құрылымды әртүрлі органикалық қосылыстардың қоспасы. Өсімдік түріне, эфир майы бөліп алынатын мүшесіне және басқа көптеген факторларға, мысалы, өсімдік өсетін ортаның климаттық ортасына (сәулелі немесе көлеңкелі жер, ылғалдылық, температура) байланысты өсімдік бойында эфир майының жинақталуы және оның химиялық құрамы ерекшеленеді. Сонымен қатар, әртүрлі климаттық жағдайда өсетін өсімдіктің бір түрінің эфир майының компоненттік құрамын әртүрлі болуы мүмкін, немесе құрамындағы қосылыстардың мөлшері әртүрлі болады. Әдебиет мәліметтері бойынша эфир майлары жоғары биологиялық белсенділікке ие. Сондықтан болар эфир майлары медицинада және фармакологияда кеңінен пайдаланылады. Эфир майының құрамында кездесетін қосылыстардың сандық және сапалық көрсеткіштеріне байланысты эфир майының биологиялық белсенділігінде де айырмашылықтар байқалады [1, 2]. Эфир майлары әдетте құрамындағы бір немесе бірнеше белсенді компоненттердің, немесе екіншілік метаболиттердің болуына байланысты кең спектрлі биологиялық белсенділікке ие болады. Ал ол қосылыстар әртүрлі механизмдер арқылы өзінің белсенділігін көрсетеді. Екіншілік метаболиттер өсімдік үшін де маңызды қызметтер атқарады, мысалы, зиянкестер мен аурулардан қорғайды. Эфир майын бөліп алу әдісі де эфир майының құрамына айтарлықтай әсер етеді. Эфир майларының құрамында әртүрлі ұшқыш молекулалар болады. Олар: терпендер, фенолдық табиғаты бар ароматты және алифатты компоненттер.

Artemisia L. туысы Күрделігүлділер (Asteraceae) тұқымдасына жататын маңызды туыс болып есептеледі. Күрделігүлділер тұқымдасы шамамен 1000-нан астам туыстан және 20000-нан астам түрден тұрады. Ал осы тұқымдастың

дәрілік қасиетке ие өсімдіктердің көптегені *Artemisia* L. туысының өкілдері болып табылады. *Artemisia* L. *Artemisia* L. туысы морфологиялық және фитохимиялық белгілердің кең спектрімен сипатталады. Ал өзгергіштігі түрлердің географиялық шығу тегімен байланысты. Жусан туысы теңіз деңгейінен жоғары таулы аймақтардан, шөлді аймақтардан батпақты жерлерге дейін кездеседі. Жусанның 500-ден астам түрі негізінен Азия, Еуропа және Солтүстік Америка территориясында кездеседі. Бұл өсімдіктердің басым көпшілігі жайылымдық жерлердің үлкен аумағын алып жатады. Азияда жусанның 150-дей түрі Қытайда, ал 174-тен астамы Қазақстан, Қырғыстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан және тағы басқа Орталық азия елдерінде, шамамен 50 түрі Жапонияда және жусан туысының 35 түрі Иранда кездеседі.

Жусан өсімдігі безгек, гепатит, ісік, қабыну, бактерия, вирус және саңырауқұлақтық инфекциялық ауруларды емдеу мақсатында жиі қолданылады [3]. Жусанның кейбір түрлері эфир майының көзі ретінде қарастырылады. *Artemisia* L. туысының кейбір түрлерінің өткір иісі және хош иісі эфир майының құрамындағы ұшқыш терпенді компоненттерінің жоғары концентрацияда болуымен негізделеді. Әсіресе терпенді қосылыстар өсімдіктің жапырақтарында және гүлдерінен бөліп алынатын эфир майының құрамында көбірек болатындығы анықталған. Сонымен қатар сесквитерпенді лактондар жусан түрлерінде айтарлықтай кездеседі. *Artemisia* L. туысының эфир майларының химиялық құрамы әлемнің әр жерінде өсетін бірнеше түрлерінде зерттелген. Бірқатар зерттеулер нәтижесі бойынша *Artemisia* түрлері эфир майларының құрамындағы ұшқыш қосылыстары түрішілік вариацияны көрсететіндігін дәлелдеді. Кейбір жағдайларда жусан өсімдіктерінің мұндай вариациялары онтогенез немесе өсімдіктің бойына әртүрлі ұзындықта өсуіне байланысты болуы мүмкін. Жусанның эфир майларының сапасына және мөлшеріне шикізатты жинау уақыты, топырақтың құнарлылығы және pH, шикізатты таңдау және кептіру жағдайлары, географиялық жағдайлар, өсу ортасы, хемотип немесе түрасты, эфир майы бөліп алынатын мүшесі немесе генотипі, экстракция әдісі әсер етеді. Эфир майларын бөліп алудың бірнеше жолдары бар. Әдетте эфир майларын бумен немесе гидродистилляция әдістерімен алады. Сонымен қатар сұйық көміртегі диоксидін және микротолқындарды пайдаланып бөліп алуға да болады.

Әртүрлі аймақтарда өсетін *Artemisia* туысы түрлерінің эфир майларының химиялық құрамын көптеген ғалымдар зерттеген. Химиялық тұрғыдан эфир майлары 10-нан 100-ге дейінгі компоненттерден тұратын күрделі табиғи қоспалар. Құрамындағы компоненттері әртүрлі концентрацияда кездеседі. Негізінен эфир майының құрамында басқа қалдық мөлшерде кездесетін компоненттеріне қарағанда жоғары концентрацияда (20-70%) анықталған 3-4 негізгі компоненттер болады. Дәл осы жоғары мөлшерде кездесетін компоненттері эфир майының биологиялық белсенділігін анықтауы мүмкін. Эфир майларының химиялық құрамын газды-хроматография және газды хроматография/масс-спектрометрия әдістерімен талдау жасау арқылы анықтайды. Талдау нәтижесінде жусан түрлерінің көпшілігінде 1,8-цинеол, β-

пинен, туйон, камфор, кариофиллен, камфен, артемизия кетоны, гермакрен Д мажорлы компоненттер екендігі белгілі болған. Жоғарыда атап өткендей эфир майларының химиялық құрамының әртүрлілігі көптеген факторларға байланысты. Түрлік ерекшеліктеріне байланысты, мысалы метилхавикол қосылысы жоғары мөлшерде *Artemisia dracunculus* өсімдігінде, пиперитон қосылысы *Artemisia judaica*, капиллен *Artemisia stricta*, хамазулен *Artemisia arborescens*, артедугзалин оксиді *Artemisia stelleriana* жусан түрлерінің эфир майларының құрамында көбірек кездесетіндігі белгілі болған [4].

Әдебиеттер

1. Николаевский В.В., Еременко А.Е., Иванов И.К. Биологическая активность эфирных масел // - М.: Медицина. 1987. – 144 с.
2. Макарчук Н.М., Лещинская Я.С., Акимов Ю.А. Фитонциды в медицине // Киев: Наук. думка. 1990. – 216 с.
3. Bora K.S., Sharma A. The genus *Artemisia*. A comprehensive review. // Pharm. Biol. 2011. Vol. 49. – P. 101-109.
4. Pandey A.K., Singh P. The genus Artemisia: A 2012-2017 literature review on chemical composition, antimicrobial, insecticidal and antioxidant activities of essential oils // Medicines. 2017. Vol. 4(68).

ӘОЖ 547.52/.68

ЖУСАН ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ЭФИР МАЙЛАРЫНЫҢ АНТИКОСИДАНТТЫ БЕЛСЕНДІЛІГІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ

Сыздықова А.С. магистрант
Утегенова Г.А. PhD, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье приведены примеры биологической активности, а также методы определения антимикробной и антиоксидантной активности эфирных масел Artemisia L.

Summary

This article describes examples of biological activity, as well as methods for determining the antimicrobial and antioxidant activity of Artemisia L. essential oils..

Эфир майлары – өсімдіктерден бөліп алынатын құрамында ұшқыш қосылыстары бар концентрленген гидрофобты сұйықтық. Эфир майлары – өткір иіске иісімен сипатталатын күрделі қосылыстар, өсімдіктердің әртүрлі метаболиттерінен түзіледі. Эфир майларының түсі бөліп алған өсімдік түріне, өсімдік мүшесіне байланысты түссіз, сарғыш, жасыл, көкшіл болуы мүмкін, липидті/органикалық еріткіштерде ериді, тығыздығы судан төмен. Эфир майларын гидро- немесе бу дистилляциясы арқы бөліп алады. Эфир майларын пайдалану туралы деректер шамамен біздің заманымызға дейінгі 3000-2500 жылдарға тура келеді. Мысыр елінің тұрғындары хош иісті экстракттарды түрлі мақсаттарға: хош ииіс беріп тұрушы, сұлылық үшін, кулинарияда және рухани мақсатта пайдаланған алғашқы мәдениет деп есептеледі. Негізгі коммерциялық

эфир майлары әдетте газды хроматография және масс-спектрометриялық талдау әдістері арқылы хемотипирленеді.

Қазіргі уақытта белгілі 3000 эфир майларының 300-і ғана агрономиялық, фармацевтикалық, тағамдық, косметикалық, парфюмерлік қолданысқа ие коммерциялық маңызды эфир майлары болып есептеледі. Мысалы, құрамында д-лимонен, д-карвон және геранил қосылыстары бар эфир майлары парфюмерияда кеңінен пайдаланылады. Дегенмен соңғы жылдары табиғи өнімдерге және эфир майларына деген қызығушылық артуда, эфир майларының биологиялық белсенділігін түсініп медицинада, ауылшаруашылығында пайдалану мүмкіншіліктеріне көбірек көңіл бөлінуде. Көптеген эфир майлары адам денсаулығын жақсарту мақсатында альтернативті және қосымша табиғи қосылыстар ретінде пайдалану потенциалына ие [1, 2].

Жусан эфир майларының микробқа қарсы белсенділігі. Эфир майларға микробқа қарсы құрал ретінде қызығушылық негізінен олардың табиғи және қауіпсіз деп танылуымен байланыстырылады. Жусан эфир майлары көбінесе адамның патогендеріне қарсы әсер етеді. Сонымен бірқатар жұмыстарда жусанның эфир майының өсімдіктің бактериальды және саңырауқұлақтық патогендеріне қарсы белсенділігі дисктік диффузия әдісі, агарды сұйылту әдісі, улы тағам әдісі және Петри табақшаларын төңкеріп зерттеу әдістері көмегімен анықталған [74].

Жусан эфир майларының антиоксидантты белсенділігі. Жусанның бірнеше түрінің эфир майлары және жеке компоненттері бос радикалдардың және оттегінің реактивті түрлерін ингибирлеу арқылы оттектік тотығудан сақтайтындығы зертханалық жағдайда көрсетілген. Мұндай эфир майлары жасанды антиоксиданттарға альтернатива ретінде қолданылуы мүмкін. Эфир майларының антиоксидантты белсенділіктері бірнеше әдістер көмегімен анықталады: β-каротиннің түссізденуіне негізделген әдіс (BCB), 2,20-дифенил-1-пикрилгидразил (DPPH), реактивті тиобарбитур қышқылы түрлерін (TBARS) пайдаланып анықтау әдісі, Trolox (TEAC талдауы) эквиваленті әдісі, жалпы радикал-жинағыш антиоксидант параметрі TRAP әдісі, N,N-диметил-п-фенилендиамин (DMPD талдауы) талдауы, 2,20-Азинобис 3-этилбензотиазолин-6-сульфонат (ABTS), 2,2-дифенил-L-пикрилгидразил (DPPH талдауы), фотохемилюминесценция талдауы (PCL талдау) және плазманың темірді қалпына келтіруші қабілетіне негізделген талдау әдісі (FRAP талдау) әдісі [3]. Дегенмен антиоксидантты белсенділікті анықтайтын әрбір әдісті пайдаланып, немесе кемінде екі әдіспен эфир майының антиоксидантты белсенділігін тексеру арқылы тиімді әдісті анықтап алуға болады. Мысалы, *Artemisia deserti* эфир майы бос радикалдарды жоюдың DPPH әдісінде (57,2%) β-каротинді (50%) пайдаланып анықтағанға қарағанда жоғары нәтиже көрсетті [4, 5]. Ал, *Artemisia absinthium, A. biennis, A. cana, A. dracunculus, A. frigida, A. longifolia* және *A. ludoviciana* өсімдіктерінің эфир майларының антиоксидантты белсендігін жоғарыда аталған екі әдіспен де тексеру кезінде әлсіз антиоксидантты белсенділікті көрсетті [5]. Жусанның эфир майының

компоненттері болып табылатын камфора және 1,8-цинеолдың антиоксидантты белсенділігін *in vitro* DPPH әдісімен анықтау жұмыстары да жүргізілген.

Эфир майларының антиоксидантты белсенділігінің жоғары көрсеткіш көрсетуі оның құрамындағы фенолды компоненттерге байланысты болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Bakkali F., Averbeck S., Averbeck D., Idaomar M. Biological effects of essential oils // Food. Chem. Toxicol. 2008. Vol. 46. – P. 446-475.
2. Carson C.F., Riley T.V. Non-antibiotic therapies for infectious diseases. Commun. Dis. Intell. Q. Rep. 2003. Vol. 27. – P. 143-146.
3. Singh P., Sonker N., Pandey A.K. Chemival composition and antioxidant activity of essential oil of Artemisia nilagirica from Eastern Uttar Pradesh, India. // J. Essent. Oil Bear. Plants. 2015. Vol. 18. – P. 734-738.
4. Schlesier K., Harwat M., Bohm V., Bitsch R. Assessment of antioxidant activity by using different in vitro methods // Free Red Res. 2002. Vol. 36. – P. 177-187.
5. Kazemi M., Dakhili M., Dadkhah A., Fadaeian M., Shafizadeh S. Composition, antimicrobial and antioxidant activities of *Artemisia deserti* Kracsh essential oil from Iran // Asian J. Chem. 2013. Vol. 25. – P. 47–51.
6. Rafiq R., Hayek S.A., Anyanwu U., Hardy B.I., Giddings V.L., Ibrahim S.A., Tahergorabi R., Kang H.W. Antibacterial and antioxidant activities of essential oils from Artemisia herra-alba Asso., Pelargonium capitatumxradens and Laurus nobilis L. // Foods. 216. Vol. 5(28).

ӘОЖ 94 (574)

ШЫМКЕНТ ҚАЛА АТАУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Арынбек Н.А. 4-курс, 129-28 тобының студенті
Қожабекова З.Е. г.ғ.к., доцент м.а. **Турданова М.С.** магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье описывается история происхождения названия города Шымкент, история образования Шымкента и научно-исследовательская работа ученых, внесших свой вклад в его изучение. Содержит информацию о площади древнего города Шымкент и площади и административном делении современного города.

Summary

The article describes the history of the origin of the name of the city of Shymkent, the history of the formation of Shymkent and the research work of scientists who contributed to its study. Contains information about the area of the ancient city of Shymkent and the area and administrative division of the modern city

Шымкент қаласының атауы мен іргетасы қашан қаланды? Бұл сұраққа жауап беру үшін ғалымдардың бірнеше жылдар бойы мазалап келген сұрақтарының бірі. Шымкент қаласының аумағындағы халық қоныстанған мекендер XI-XII ғасырларда пайда болған деген дәлелді зерттеулер бар. Бірақ ғалымдардың пікірінше Шымкент қаласының бұл ғасырлардан бұрын пайда

болды деген болжамын жоққа шығармау мүмкін емес. Бұған археологиялық қазба және құрылысшылардың барлау және құрылыс жұмыстары барысындағы жұмыстарының нәтижесі дәлел. Осы саланың мамандарының болжамы бойынша, Шымкент қаласының пайда болуы б.э.д. V-VI ғасырларға тән.

Тарихшы-археологтардың зерттеулерінің нәтижесінде табылған өткен ғасырдағы қала қамалы аумағында бір әйел мен еркектің мәйіті табылған болатын. Бұл табылған жәдігердің зооастрлық салтпен жерленгендігі анықталып, олай болса ғалымдардың болжамы бойынша бұл мәйітке 1500 жыл болған деп деген тұжырым бар. Осы тұрғыдан бірқатар археолог ғалымдардың пікірлері бойынша Шымкент қаласы аумағында үлкен қорым болған, егерде бұл болжам расталса қаланың пайда болу уақыты қайта қаралуы мүмкін, нақтылап айтқанда қаланың пайда болуы V-VI ғасырлар шамасы деп дәлелденген.

Біздің заманымызға дейінгі жазба деректерге сүйенсек Шымкент қаласы туралы деректер 1425 жылы алғаш рет парсы тарихшысы Шараф ад-дин Али Йе (а) Аздидің және біздің жыл санауымыз бойынша 1365-1366 жылдардағы Әмір Темірдің әскери жорықтары туралы жазылған «Зафар Наме» атты еңбегінде яғни (Жеңіс кітабы) Шымкент қаласы елді мекен деп бейнеленіп жазылған [1].

Шымкент қаласының қалыптасу тарихы туралы ғалымдардың тарихи деректерінде қала атауының шығу тарихы былай сипатталған Шымкент атауының мағынасы «бау бақшалы қала», «Жасыл қала», «Шыммен қоршалған қала» делінген. Оған дәлел ретінде шымға қатысты қала атауы былай сипатталады: Шымкент түркінің «Шым» және иранның «Кент» - қала, мекен деген сөздерінен құралған. Сонымен қатар кейбір тарихшылардың еңбектерде қала атауының шығу тарихы былай бейнеленген: соғдының (иранның) «чимень-чемень» яғни гулденген, көгалдандырылған, аймақ, алқап, аудан ал бұған «Кент» сөзінің жалғануымен, жасыл (гүлденген) қала деген мағынаны береді.

Ал нақты деректерге сүйенсек атақты шығыстанушы В.В.Бартольдтың зерттеу жұмысында Шымкент қаласының атауы көне соғды тіліндегі «шим», «шимин», «шемен», (орысша нұсада «чим», «чиминь», «чемень»), яғни «жасыл алқап», «көк жайлау» деп парсының «кент» сөзі жалғану арқылы пайда болған делінген. Орыстың зерттеушілері Л.И.Розов пен В.И.Савин «шимин» атауы «жердің беткі қабатын білдіретін шығыс сөзі» дейді де оның шығыстың қай халқының төл сөзі екені айтылмаған, жай ғана парсының «кент сөзі» қосылған деп сипаттайды [2].

Кейінгі зерттеулерде ғалымдардың барлығының пікірі де осы түсіндірме төңірегінде өрбіп келеді. Тек кейбір ғалымдар «шым» сөзін «жердің беткі қабатындағы қыртыс» десе, енді біреулері шығыстанушы В.В.Бартольдтың тұжырымдамасын ұстанған және тағы бір болжам бар Шымкент – «Шымнан тұрғызылған қала» деген ұғымнан шыққан дейді. Ал қазіргі таңда бұл тақырыпқа қалам тартқан кейнгі қазақ ғалымдары мен тарихшылары осы зерттеушілердің пікірлерін қуаттап, солардың ізімен сипаттап отыр. Ал өз

зерттеу жұмысын жазу барысында мен Әбдіәкімұлы Момбектің Шымкент қаласының тарихы деген еңбегінде Шымкент атауының шығу тегін былай сипаттаған пікірін қолдаймын «Шымкент атауының шығу тегі жайында бір тоқтамға келгеніміз дұрыс бұл «Шым дегеніміз – кәдімгі өзен жағасындағы саздан ойылып алынатын бетінде көгалы немесе майда өскін шөбі бар сазды топырақ кесіндісі. Кез келген қазақ түгілі, оны басқа ұлттарға да түсіндіріп жатудың өзі артық. Ертеректе осы жердің жағасындағы ылғалды саздан шым ойып алып, үй тұрғызған. Уақыт өте келе, осындай шымнан тұрғызылған үйлер көбейіп, бұл жер үлкен елді мекенге айналғанда, «қала» деген сөз жалғанған, қоныс атауы Шымкент (Шымды қала, яғни үйлері шымнан тұрғызылған қала) болған» деп жазған [2].

Шымкент атауының алғашқы түбірі осы көгалды мекеннен, яғни өзен жағасындағы көгалды тегістен, оның тереңінен ойып алынған шымға қатысты шыққан. Ешқандай да сырлы астары жоқ, көзге көрініп, қолға ұсталып тұрған кәдімгі өз тіліміздегі атау деп сипаттайды.

Осындай деректердің нәтижесінде Шымкент қаласы ескі заманнан-ақ адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы аймақ. Бұған археологиялық қазба жұмыстарында табылған ежелгі қаланың мәдениет мұралары дәлел. Тау етегінде орналасқан өзен бойындағы алқаптардағы егіншілік пен жүзімдіктер, көгалды таулы жайылымдарда мал шаруашылығымен айналысуға өте ыңғайлы аймақ, мұнда егіншілік пен мал шаруашылығы жақсы дамыған.

1864 жылы қала орыс әскерлерінің тіке шабуылымен алынады. Қазақстан мен Орта АзияныңРесейге қосылуы аяқталған соң, Шымкент Жаңақоқан бағытының құрамында болып, соңынан Түркістан облысының, ал 1867 жылдан Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария облысының уездік қаласы болды. Осы кездең бастап, Шымкент Еуропалық Ресей мен Батыс Сібірді Орта Азиямен жалғайтын маңызды транзиттік мекенге айналды.

Ежелгі Қытай мен Еуропаны, Сібір мен Орта Азияны жалғастырған ұлы Жібек Жолының бойынан орын тепкен шұғылалы Шымкент қаласының даму тарихы таңғажайып. Шығыс пен батысты жалғастырған әйгілі көне Жібек жолының күре тамыры өткен жер деп көптеген еңбектерден көруге болады. Көне жазбаларда оңтүстік аймағы туралы деректеріне сүйенсек қала іргесіндегі Қаратау мен Алатаудың, Бадам мен Арыстың, Сайрамсу мен Сайрамның тарихи мәні бар Орта Азия мен жарты әлемге жайылған, сонымен қатар шаһардың даңқын көтерген таулар мен өзен-суларды да айтпай кету мүмкін емес. Бұған дәлел Қазығұрт тауының талай жұмбақ сырларды сыйдырған мекен даңқының өзін айтуымызға болады.

Шымкент қаласы туралы мына дерекке сүйенсек.... «Бүгінгі Шымкент Ордабасы алаңы басталатын әсем биіктен отты айдындай болып адамның көзін тартады». Күндізгі көркін сан бояулы, әсем архитектуралық зәулім ғимараттар, түрлі жылдамдықтағы көліктер легі аша түссе, түнгі келбетін самала шамдар ұйқыда жатқан алқалы арудай ажарландырып жыбереді. Осы аталған тұсқа, Ордабасы алаңына халық бірлігінің тірегі, ғұлама ойлы үш би - Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бәдібек бидің алып ескерткіш – мүсіндері және т.б.

тарихи тұлғалардың ескерткіштерін көру арқылы өлкеміздің қаншама тарихы бар және зерттеу еңбектерден, ақиқат анықтамалардан сырт қалған сырлы дүниелерді білуге болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес 2002 жылғы 29 желтоқсанда №1445 бұйрыққа сәйкес республикамызда туризм саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы жарыққа шықты. Мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында ел экономикасына пайда келтіретін XXI ғасырдың жаңа бір саласының бірі туризм. Экономикалық өсімге пайдасы бар сала аясында бірнеше жұмыстар атқарылды. Осыған орай 2003 жылы «Нұрын Шашқан Оңтүстік» таныстыру альбомы 3 тілдегі еңбек жарық көрген, осы еңбекте сипатталғандай Оңтүстік Қазақстан аймағы «Динозаврлар корек еткен өсімдіктерді көргіңіз келсе, немесе ежелгі адамдардың найзасын қолыңызбен сипағыныз келсе, мархабат, Шымкентке келіңіз!» делінген [1].

Шымкент қаласы - Қазақстандағы инфрақұрылымы жақсы дамыған ірі өнеркәсіптік және мәдени орталықтардың бірі. Ұлы Жібек жолы бойындағы керуен жолдарының қиылысында пайда болған бұл шahap - Орта Азиядағы көне қалалардың бірі болып саналды.

Қала солтүстік кеңістіктің 42-ші градусы мен шығыс бойлығының 69-шы градусындағы Сырдария алқабына қарасты, Бадам және Сайрам өзендерінің аралығындағы табиғаты тамаша, тау бөктеріндегі жазық жерде, теңіз деңгейінен 506 метр биіктікте орналасқан.

Нақты деректерге сүйенсек Шымкент ауданының құрылуы тәркілеумен қатар аймақтарда барлық аудандарда колхоздандыру жұмысы қарқынды түрде жүргізілген. Аған дәлел мына дерек 1928 жылдың аяғында Сырдария округінде 75 колхоз пайда болса 1929 жылы олардың саны 150 жеткен [2].

1932 жылы Бадам ауданы қайта құрылып Шымкент ауданы таратылып, оған қарасты колхоздар Бадам мен Сайрам аудандарына бөлініп беріледі.

1938 жылы 14 қантар күні шыққан облыстық атқару комитетінің №32 қаулысына сәйкес 1938 жылы 15 ақпанында Шымкент ауданы қайта ашылады. Оның аумағына «Қаратөбе», «Қатынкөпір», «Қызылжар», «Қызылсай», «Тассай», Қайнар бұлақ ауылдық кеңестері мен олардың құзырындағы Ворошилов, Мирзоян, Сталин, Крупская, Ерназаров, «Ақсай», «Алтынтөбе», «Крестьянин», «Көкбұлақ», «Кемерарық», Сталин-Қызылсу, Куйбышев, Ленин, «Калинин-Алтынтөбе», «Кемерарық», Сталин-Қызылсу, Куйбышев, Ленин, «Янгишахар», «Калинин-Тассай», «Жасасын», «Лапшин», «Қайтпас», «Қызыл Қазақстан», «Бірлік», Киров, «Теспе», «Ошақты» сияқты 29 колхоз кіреді.

Осы 29 колхозда 1939 жылы 1123 жылқы, 1653 ірі қара, 1517 қой, 126 ешкі, 20 түйе болды. Колхоздардың барлығы осы аймақтың климатына қолайлы болған, сонымен қатар егін шаруашылығымен: бидай, арпа, жүгері, жонышқа, мақсары, тары, мақта егумен айналысқан.

Түркістан облысының архивінде сақталған деректерге сүйенсек Шымкент ауданының географиялық орналасуын, аймақтардың ауданының шекарасын, табиғат ерекшеліктерін, шаруашылық типтерінің дамуын, аумақтық әлеуметтік

– экономикалық ахуалын 1947 жылы Н.Н.Морозов., И.В.Никольский., Т.А.Соловцованың еңбектерінен көруге болады.

Соның бірі «Траспорттық – экономикалық анықтамалық» деген Н.Н.Соловцованың еңбегінде Шымкент қаласы туралы мәліметтердің қызық түстары өте көп, тарихи деректер жазылған. Осы еңбектің «Жалпы мәліметтер» деген тарауында «аудан Шымкент қаласының солтүстік-шығысында және солтүстік-батысы мен батыс маңында орналасқан. Аудан көлемі 876 шаршы шақырым. 1939 жылғы санақ бойынша халқының саны 22 мың адам. Тұрғындардың сйымдылығы 1 шаршы шақырымға 25,2 адамнан келеді. Бұл Шымкент қаласынан тыс санақ деп жазған. Шымкент ауданы Шымкенттің іргесіне жапсарлас болғандықта, Шымкент ауылдық ауданының мекемелері қала ішінде орналасқан деп баяндаған [2].

Қала экономикасының дамуы үлес қосақан XIX ғасырдан бастап іске қосылған кәсіпорындармен өнеркәсіп зауыттарының маңызды рөл атқарғандығы туралы кейінгі тарауларда қарастырып отырмын. 1914 жылы Ресей империясының өкімімен қалаға орыс генералы Черняевтің есімі берілді, бірақ 1921 жылы қала Шымкент атауына қайта ие болады.

Бүгінгі Шымкент көлемі жөнінен Республикалық дәрежедегі қала. 2018 жылдың 19 маусымында жарияланды. Қазіргі Түркістан облысының орталығы болған қала. Шымкент қаласы Орынбор-Ташкент және Түркістан-Сібір халықаралық көлік магистральдарының түйіскен торабында орналасқан, Ташкент-Шымкент-Тараз-Алматы және Ташкент-Шымкент-Түркістан-Самара автомагистральдары, Батыс Еуропа-Батыс Қытай атты атақты жол арқылы ыңғайлы байланыс орнатылған.

Халқының саны 1 106 637 мың адамды құрайды. Тығыздығы бойынша 1 км кв жерге 26-28 адамнан келеді. Халқының саны бойынша Қазақстанда үшінші орындағы қала. Шымкент қаласы Қазақстанның өнеркәсібі, сауда саттығы дамыған мәдени орталықтардың бірі. Мегаполис әрі ТМД ның мәдени астанасы мәртебесіне ие болған қала. Шымкент қаласы 4 бөлінген: Абай ауданы, Қаратас ауданы, Әль Фараби ауданы, Еңбекші ауданы. Қазіргі таңда жер көлемі 39800 га құрайды.

Археологиялық дереккөздерге сүйенсек Шымкент қаласына ең кемі 2200 жыл толғанын жанжақты дәлелденген.

Шымкент қаласының тарихи жасын анықтау жөнінде Әлкей Марғұлан атындағы Археология институты да, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті де әжептеуір, елеулі жұмыстар жүргізгені мәлім. 2005 жылы республикалық баспасөз беттерінде Шымкенттің жасы ең кемі 2200 жылға толып отырғаны едәуір жазылды. 2008 жылы облыс орталығында «Еуразияның ежелгі және ортағасырлық урбануы және Шымкент қаласының жасы туралы» деген тақыр шта арнайы басқосу өткізілді.

Шымкент қаласының көрікті жерлерін, атап айтқанда, жаңа әкімшілік-іскерлік орталығын, Тәуелсіздік саябағын, Рәміздер алаңын, Ордабасы алаңын, «Жеңіс» саябағын, «Даңқ» мемориалын, саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайын, «Наурыз» алаңын, «Бәйдібек би» кешенін, облыстық тарихи-

өлкетану мұражайын, әдет-ғұрып және салт-дәстүрлер орталығын, опера және балет, драма, әзіл-сықақ театрлары Шымкент қаласының көркін ашып, әлеуметтік жағдайының дамуына үлесін қосып отыр.

Халықтың демалуына да туризм саласының дамуыда қалада жақсы қолға алынған, жергілікті тұрғындардың тағы бір сүйікті орны - Абай атындағы саябақ, Әсем саябақта отбасымен, достарыңмен серуендеуге барлық мүмкіндіктер жасалған. Соңғы жеті-сегіз жылдың ішінде көпшілікке ыңғайлы түрлі нысандар бой көтерді. Абай саябағының бір бөлігінен осыдан үш жыл бұрын «Оңтүстік Цирк» салынып, пайдалануға берілді. Республика бойынша ең мықты, мәністі тойханалар мен салтанат сарайлары да, мейрамханалар мен дәмханалар да Шымкентте. Демалыс аймақтарға бай қала, балалар демалысына арналған орталықтар да Шымкенттек көптеп табылады.

Кейінгі жылдары Шымкент қаласының келбеті көріктеніп, қай жағынан алғанда да көркейе түсті. Жаңа құрылыстар, ғажайып ғимараттар салынуымен қатар, шаһарда тарихи дәстүр мен архитектуралық келбеті негізінен жалғасын тауып, сабақтастықтың сақталуына мән берілуде. Қала кеңейю үстінде бірнеше жаңа мөлтек аудандар қосылып жер көлемі жылдан жылға халықтың өсіміне қарай өзгеруде.

Әдебиеттер

1. «Нұрын Шашқан Оңтүстік» таныстыру альбомы (жобаның басшысы Ж.М.Нұрбеков)-Алматы: «Эффект» ЖШС, 2003 – 288б.
2. Ә.Момбек. Шымкент қаласының тарихы. Тарихи танымдық баян. Алматы; «Қаламгер» баспасы, 2021 – 306 бет, 32 бет жапсырма.
3. Тәуелсіздік кезеңіндегі Шымкент: отыз жылдағы онды істер. Әйтенов М. Шымкент келбеті.-2021-15 желтоқсан. – 4-5б.
4. Келбеті көркейген Шымкент. Бөрібек Б. /Рейтинг.-2021.- 7 қазан.-10б.
5. Оңтүстік Қазақстан 60 жылда (1932-1992). Қысқаша тарихи шолу, методикалық құрал. Шымкент. 1992.

ӘОЖ 908 (574)

ШАРДАРА АУДАНЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Серік Е.Қ. 4-курс, 129-18 тобының студенті

Тасқараева Қ.А. аға оқытушы., **Турданова М.С.** магистр, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается происхождение и становление Шардаринского района, история и значение названия района. Изучены письменные данные русских ученных и востоковедов о происхождении и развитии района. Рассмотрены труды ученных, внесших свой вклад в изучение региона. Также описаны данные о новой истории Чагалалы Шардары.

Summary

The article discusses the origin and formation of the Shardara region, the history and meaning of the name of the region. The writer data of Russians and orientalists about the origin and development of the region are studied. The works of scientists who contributed to the study of the region are considered. Data on the new history of Chagalala are also described.

Сылаң қаққан Сырдың бойы мен Қызыр аралаған Қызылдың құмында орналасқан Шардара өңірі тарихы мен мәдениеті, өркениеті мен дамуы қатар ұштасқан киелі де шежірелі мекен болып табылады. Аудан орталығы - Шардара қаласы.

Шардара ауданы облыстың оңтүстік батыс бөлігіндегі әкімшілік-аумақтық бірлік. Жерінің аумағы - 13 мың шаршы шақырым. «Шардара» сөзі көне парсы тілінен аударғанда «Төрт қақпа» («чор» -төрт, «дора» -қақпа) деген мағынаны білдіреді [1,4б.]. Ғалымдар жазбаларынан қазіргі Шардара қаласының үш тұсында егіншілігі, қолөнері, мәдениеті дамыған, отырықшы тұрғындары бар үш қала өмір сүргенін көруге болады. Жүргізілген археологиялық қазба зерттеулерінің мерзімі мен ретіне қарай, шартты түрде «Екінші Ақтөбе» деп аталатын қалашық қазіргі аудан орталығынан 15 шақырымдай жоғарыда, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан.

Зерттеушілердің пайымдауынша, I-V ғасырлар аралығында өмір сүрген қалашық үш бөліктен: орталығы, қорғаны және шағын сарайдан тұрған. Қазба жұмыстары кезінде табылған қыш құмыралар, құтылар, тостақтар, ыдыс аяқтар дән, шарап, су сақтауға пайдаланылған. Сондай-ақ алтын сырға мен мыс сақиналар, алебастрдан жасалған әйел құдайын бейнелейтін мүсіндер қалашықтың өмір сүрген кезеңін дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Шардара ауданына 1 қала Шардара қаласы, 10 ауылдық округ, 25 елді мекен көп ұлттан құралған, 78 132 мыңға жуық халқы бар аймақ. Ұлттық құрамы қазақтар 96,45%, орыстар 2,12%, татарлар 0,34%, өзбектер 0,21%, тәжіктер 0,18%, корейлер 0,13%, басқа ұлт өкілдері 0,56% құрайды [3, 2б].

Көне тарих іздеріне бет бұрар болсақ Шардара туралы «Дүние жүзінің бірде бір елінде Сырдария сияқты көл-көсір өзен жоқ. Дарияның екі жағында қалың өскен оты мен жыртылып-айрылатын аңы мен құстарына ешнәрсе тең келе алмайды. Гүлге оранып жататын жағалаулар аңға да, малға да таптырмайтын қоныс. Орман, тоғайлардың қалыңдығы соншалықты, өзге түгілі жел де өте алмайды...» деп сипаттаған Фазалаха ибн Рузбихана ал-Исафахани («Михман-Наме-ии Бұхара», XVI ғасыр) деп өз зерттеулерінде жазған [2, 14б.].

Адамзат жаратылғалы бері қаншама дүние жаңарып, қаншама су ақты десеңізші... Ежелден малға да, жанға да, аң, құс атауларының баршасына құтты қоныс болып, сарқылмас несібе сыйлап келе жаткан сыршыл Сейхұндарияның орта ағысы... Еңсесі биік таулардан екпіндеп құлап, етекке жетіп, жазық даланы бауырына қысып балбырап ағып... Бұйрат-бұйрат шағыл төбелерге сұғына бергенде су аяғы құрдымға кететін шексіз-шетсіз шөлейтті, құмды өлкеден секем алғандай дүр сілкініп, жарқырап ағып, теріскейге қарай жалт бұрылатын тұсы ескі замандардан Шардара деп аталады, төрт жолдың торабында жатыр.

Олай дейтініміз, Орта Азия өркениетінің тарих-тамырлары тым тереңдерден сыр шертетін - оңтүстігінде Самарқанд пен теріскейінде Түркістан, шығысында Шаш (Ташкент) пен батысында Бұқара шаһарлары төрт бұрыш болып орналасқан Шардара керуен жолдарының түйіскен орта тұсында орналасқан аймақ. Тағы бір деректерге сүйенсек ертеде бұл жер тоғыз жолдың торабы, керуен жолдарының түйіскен жері болған.

Төрт қақпалы өлкенің ежелгі тарихынан мағлұмат беретін еңбектер сирек те болса баршылық. Олардың арасынан 1959-1963 жылдары Шардара су қоймасы аймағындағы ескі қамал-қорғандар мен үйінділері ғана қалған қалашықтардың орнында археологиялық, зерттеулер жүргізген ғалымдардың «Ежелгі Шардара» деп аталатын ұжымдық жинағының («Ғылым» баспасы, 1968 жыл) мәні мен маңызы да, орны да тым бөлек. Қазақ КСР Ғылым Академиясының Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты ұйымдастырған Шардара экспедициясының (құрамында ғалымдар В.И.Вайнберг, Л.М.Левина, М.С.Мершиев және А.Г.Максимова бар) Сырдарияның орта ағысында - Шыназдан қазіргі Шардара ауылына дейінгі аймақты қамтитын зерттеу нәтижелері біздің дәуіріміздің I-XII ғасырлары аралығында Шардара аймағын мекендеген тайпалар мәдениеті туралы тың мағлұматтарды баға жеткісіз мұра деп бағалауға болады [2, 15б.].

Аймақты зерттеуге көп үлес қосқан ғалымдар В.В.Бартольд «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы», А.Н.Бернштам «Оңтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы мен этногенез проблемалары», еңбектерінде біздің дәуірімізге дейінгі екінші ғасырдан бастап бұл жерлерде Хангөй деп аталатын аса ірі тайпалық одақ өмір сүргенін жазады. Ғалымдар Шардара қаласы маңайындағы Жамантоғай шатқалындағы бейіттер мен обаларға ұқсас екінші Ақтөбе қаласындағы зираттар ғұндардан қалған ескерткіштер деп пайымдайды.

XIII ғасырдың басында монғол шапқыншылығына байланысты Сырдария бойындағы бірқатар қалалар қирап, күлге айналған. Олардың қатарында қазіргі Шардара қаласының іргесінде өмір сүрген 2-ші Ақтөбе қаласы да бар еді.

Шардара аймағының ежелгі тұрғындары қазіргі екінші Ақтөбе қамал-қалашығының әбден жермен жексен болған үйінділері мен қирандыларын, шөгіп қалған қорғандарын көздерімен көрді. Су қоймасы жасалынғанша ол Шардара мен Асық Ата ауылдарын жалғастыратын арба жолының бойында жатты. «Арбақалды» ауылы қазіргі су қоймасының астында қалған.

Бірқатар қазақ ғалымдары, оның ішінде дара дарын, зерек ғалым Шоқан Уәлихановтан кейінгі Ресей географиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланған тұңғыш қазақ қызы, ғылым докторы профессор Әлия Сәрсенқызы Бейсенова да бар, біздің ұлтты көшпенділер қатарына қосатындарға ғылыми дәлелдерімен қарсы пікір айтады. Қазақтар көшпенді тұрмысқа кейіннен, сырттан келген шапқыншылықтың әсерінен көшкен. Олардың айтуынша орта ғасырлардағы қазақ жерінің арабтар жасаған картасында 27 отырықшы қала болған. Оның барлығы қиратылып, тіршілік тұрмысын тоқтатқан. Осы тізімде, әрине, біздің қазіргі Шардара қаласының маңайындағы Жаушықұм, Ақтөбе қалалары да болған деген деректер бар [2, 20б.].

Сырдария биік таулардың қарлы шыңдарынан басталады. Мұз астынан сызаттап, бұлақ тәрізді шым-шымдап шыққан аз су келе-келе адуынды, толқыны қатты дарияға айналады. Кезінде дарияны бөгемек болғандардың, тіпті жырындап су бұруға ниеттенгендердің үміті ақталмаған. Таудан құлай ағып, жолындағысын тас-талқан етіп өзімен бірге ағызып әкететін асау өзен заманында Жойқын атанған. Жойқын өзенінен су ала алмаса да, соған құятын кішкене өзендер мен бұлақтарды Сыр бойын жайлағандар талшық етті. Көктемде жайылып кететін тарауларына егін екті, бау-бақша салды. Демек, бұл өзен қанша асау болса да жағасын жайлаған қалың елдің ежелгі рызығы, қашаннан бергі несібесі еді. Суы, содан тараған ыза, қашқын су, қызыл су елдің сусыны, тамағы болса, оның жағасына шыққан қамыс пен ағашты дүлей тоғай елдің жайласа жайлауы, қыстаса қыстауы еді.

Жер-ана деп келеміз. Жердің құнары өзен, дария, жалпы, су - елдің нағыз анасы. Өзінің бойын мекендеген елге куат берген - Сырдария. Ерте кезде, айталық Отырар заманында Сыр бойында көптеген қала болғаны белгілі. Сырдария, оған құятын Арыс, Байылдыр, Келес, Ақсу, Бөген, Шаян, Қарашық, Боралдай, тағы басқа сулы жерлерде Сайрам, Шымкент, Қараспан, Кеңестөбе, Бұзық, Шавғар, Ясса, Ақтөбе, Шымқорған, Шардара, Ақсарай, Көксарай, Сығанақ, Сауран, Қарнақ, Сунақ, Майдамтал, Аққорған, Жүйнек, Шалтөбе, Варас, Аталық, Түйнек, Түймекент тәрізді тарихи қалалар осы күнгі Шымкент жерінде орналасыпты. Ал біздің Отырар деп жүргеніміз бір қала емес, оның төңірегін қоршаған кемінде жиырмаға тарта қалашықтардың қалдығы бүгінде бар. Әсіресе ұшақпен ұшқанда, ескі қала қалдықтары ап-анық көрінеді.

Қаланы өзен жағасынан, оның өткел берместей жарлы, қатты ағынды, немесе терең сағасынан салу ерте заманнан келе жатқан дәстүр. Ең кемінде қаланың бір қабырғасы табиғи қорған, бекініс болуға тиіс. Міне, осы әдіспен салынған Сыр бойының қалалары бір жақ қабырғасын өзенге тіреп тұрады. Өйткені, ол заманда қала тек халық тұру үшін жасалмаған. Әрбір кент, шаһар халықтың тұрағы ғана емес, тосын келген жаудан бәрі жаппай бірігіп қорғанатың бекініс болған.

Сырдария мен Қаратау койнында аты мәлім көне шаһарлармең қатар ұмыт болған қалалар қаншама? Олар қазір «төбе» деген жалпы атпен аталады. Кеңестөбе, Құлтөбе, Ақылтөбе, Ақыртөбе болып кете береді. Бұлар атын ғана емес, барлық құпиясын жасырып қалған ескі ғимараттар.

Шардарадан екі-үш шақырымдай жерде Ақтөбе дейтін қала орны бар. Қаланың аппақ қабырғасы қып-қызыл шағыл құмнаң шығып жатады. Кім білген, қаланың шын аты Ақтөбе де емес шығар, бұл атты ол қирап қалғаннан кейін алуы да кәдік. Үлкен қаланың Сырдария жаққа қараған қабырғасы аппақ боп, сонадайдан көрінетін және өзі екі шақырымдай ұзын-тын. Ал бұл қаланың құм басқан жағы қаншалық, оны ешкім білмейтін.

Қаланың тұрған жері Сырдың әдемі, тоғайлы жері еді. Келес қыраты мен Мырзашөл жазығын қақ жарып өткен дария осы маңға жеткенде алдын көсе-көлденең бөгеп тұрған қызыл сеңгірге тіреледі де, оңтүстік-батысқа қарай тік бұрылады. Бұрылыстан шыққан бойда төңірекке жайыла түсіп, қайтадан өз

арнасына түседі. Міне, дарияның бұрылыстағы шығанағына кезінде аса үлкен қала орнаған екен.

Актөбе - Сырдың ағысына қарай тұрғанда өзеннің сол жақ бетінде, Қызылқұм мен дария ортасында. Ал Ақтөбеге қарама-қарсы тұрған биік қызыл сеңгірдің басында тағы бір бекініс болған. Оның да тас қамалды орны қалған. Жалпы Актөбеден бастап, Сырдың төменгі ағысында көптеген аты белгісіз қалалардың орыны көп. Көбі-ақ құмның астынан, не судың жағасынан жарқабақтанып, көрініп тұратын, немесе төбе-төбе үйінді боп жататын.

Жергілікті халықтың ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға жетіп келе жатқан аңызында Ақтөбе кезінде Сыр бойында аппақ шағаладай сонау алыстан көрінетін Аққент деген үлкен қала екен [2, 61б.]. Ең алдымен құм астында, кейіннен су астында қалған Аққаланың есесі тәрізді, Шардара атты жаңа қала өсіп жетілген. Сол заманда Шардара атты қаланың да болғанын айтпай кету қиянат. Ол ғана емес, Аққент пен Шардара арасында ортақ қорған бар. Бұл да қала аты.

Кезінде Аққала бұл өңірде жалғыз болмаған. Шымқорған, ескі Шардара, Көксарай, Орта қорған тәрізді қалалар Сырды бойлап Отырарға жетіп, одан асып Аралға дейін барған. Бұл қалаларды кезінде не құм басып, не су астында қалып қойған. Күлге, жерменжексен боп құмға, топыраққа айналғаны қанша?

Қазіргі таңда Шардара өңірі деп аталғаны туралы нақты деректер жоқ. XIX ғасырдың ортасында бірқатар жазбаларда Шыназдың төменгі жағында жетпіс шақырымдай жерде Сырдарияның оң жағалауында Шардара деп аталатын қамал болған деген дәлелдемелер бар.

Шағалалы Шардараның жаңа тарихына зер қояр болсақ Қызылқұм алқабын игеруден басталады. Өткен ғасырдың орта шенінде СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі арнайы қаулы қабылдап, соның негізінде Шардара су қоймасының іргесі қалана бастады. Алып құрылысты "Главриссовхозстрой" бас басқармасының құрамынан құрылған "Шардара құрылыс" басқармасы жүргізді. Жаушықұм алқабына 1958 жылы алғашқы қада қаққан құрылысшылар тұрағы әуелі Сырдария поселкесі атанса, арада 10 жыл өткенде ауқымы ұлғайған елді мекенге қала мәртебесі беріліп, Шардара қаласы болып аталды. Қазақстанның оңтүстігінде мақта мен күріш өндірісін ұлғайтуға байланысты жасалған қадам құтты болып, кеше ғана бұйығып жатқан маң дала үйрек ұшып, шағала қонған айдын шалқарға айналды [5, 10б.].

Киелі топырағына түрен түспеген Қызылқұм мен Жаушықұм арасындағы жазық дала құрыш білекті құрылысшылар мен алтын қолды дикандардың, таяғы құтты малшы қауымның ерен еңбектерінің арқасында көз тартатын ғажайып мекенге айналып шыға келді.

Еліміздің түкпір-түкпірінен Бүкілодақтық екпінді құрылысқа келген, тілі басқа - тілегі бір, жүзі басқа жүрегі бір алуан түрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері өздерінің қасиетті парыздарын абыроймен орындап шықты. Гүлденіп-көркейген Шардараның әрбір нысанында жанкешті еңбектерінің жарқын қолтаңбаларын қалдырды. Осылайша Қызылқұм алқабын игерудің арқасында сыйымдылығы 5,7 млрд текшеметр су қоймасы, қуаттылығы 100 мегаватт су

электр стансасы, 60 мың гектардан астам суармалы, 1 млн гектар жайылым жері бар Шардара ауданы өмірге келді.

Шардара аудынының құрылу тарихы мен аймақтың дамуы, әлеуметтік жағдайы туралы бірнеше ғалымдар еңбектер жазған соның бірі «Шағалалы Шардара» Ж.Мұқановтың еңбегінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 13 қаңтар 1969 жылгы Жарлығы басылыпты.

Мұрағаттық деректерге сүйенсек Шардара тарихына қатысты құжаттар алып, Шардара тарихы жазылған кітаптарды жинастыру барысында және ауыл ақсақалдары мен сол уақытта қызмет еткен азаматтардың жазбаларында былай делінген «1964 жылдың соңғы айының 31 желтоқсанында Шардара ауданын құру жайлы қаулы шықты.

1969 жылы 13 қаңтардағы №1452 II Қаулыға сәйкес Келес ауданы құрылып, Шардара ауданының орталығы Абайдан Шардара қаласына көшірілді.

Шардара қаласына тоқталар болсақ 1958 жылы негізі қаланган Сырдария поселкесі 1968 жылы 9 тамыздағы Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының VII Указына сәйкес Шардара қаласы аталып, 1969 жылдың қаңтарынан Шардараның орталығы болып белгіленді.

Сырдария поселкесін Шардара қаласы деп атау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1968 жылғы 9 тамыздағы Указының көшірмесінен алынған мәлімет [7, 10б.].

Бүгінде 80 мыңға жуық тұрғындар ғұмыр кешетін Шардара ауданы өзінің ынтымағы жарасқан, еңбек сүйгіш халқымен танымал.

Әдебиеттер

1. Оңтүстік Қазақстан облысы/М.Серікбайұлы. Ана тілі.-2017. 2-9 наурыз. 4б.
2. Шағалалы Шардара. Құрастырған Ж.Мұханов. Алматы: «ARNA-B», 2009.-520б.
3. Шардарада ертенгі ерен істерге бүгін негіз қалануда. Қ.Нышанбайұлы. Уақыт. 2017 жыл 23 қараша, 2б.
4. Тарихи жер-су аттарының түп төркіні. Т.Жанұзақ. Алматы: «Сөздік словарь» ЖШС, 2010.-356б.
5. Бейсенбиев Е. Шардара ауданы қашан құрылды?/Бейсенбиев Е. Айғақ.-2016. 6 шілде. 10б.
6. Биыл Оңтүстіктің ауыл шаруашылығы қарқынды даму жолына түсті. Н.Әубәкір. Қала мен дала. 2017. 30 қараша. 24б.
7. Өмір белестері: ғұмырнамалық сұхбат. Қуаныш Айтаханов.-Астана? Фолиант, 2017.-448б.

ӘОЖ 372.8:91

Ш. УАЛИХАНОВТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗБАЛАРЫ МЕН КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Нұсқабай А.М. 4-курс, 129-28 тобының студенті
Қожабекова З.Е. г.ғ.к., доцент м.а., **Турданова М.С.** магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Труды и исследования Ш.Ш.Уалиханова сделали его научную известность всемирной. В свое время Валиханов побывал в неизвестных миру местах, таких как Семиречье, Киргизия, Восточный Туркестан, и внес свой вклад в изучение ряда областей истории, этнографии, географии в том числе как картография, геология, топонимика. Следует обратить внимание на названия географических объектов в районах, где побывал Шохан. Статья посвящена картографическим исследованиям Ш.Ш.Уалиханова. Картографические рисунки каждой поездки доказывают это.

Summary

Works and researches of Sh.Sh.Ualikhanov made his scientific fame worldwide. At one time, Valikhanov visited places unknown to the world, such as Semirechye, Kyrgyzstan, East Turkestan, and contributed to the study of a number of areas of history, ethnography, geography, including cartography, geology, toponymy. Attention should be paid to the names of geographical objects in the areas where Shokhan visited. The article is devoted to the cartographic researches of Sh.Sh.Ualikhanov. The cartographic drawings of each trip prove this.

Дарынды ғалым, ержүрек саяхатшы атанған Шоханның түрлі ғылым салалары бойынша іс әрекеті мен ғылыми зерттеулері көп жағдайда оның туып өскен ортасынан бастау алады. Шығыс Түркістан және Шыңжан халқының тарихы туралы Ш.Ш.Уалихановтың еңбектері мен зерттеулері оның ғалымдық даңқын дүниежүзіне әйгілі етті. Уалиханов өз заманында әлемге бейтаныс аймақтарға Жетісу, Қырғызстан, Шығыс Түркістан сияқты жерлерде болып, тарих, этнография, география, әдебиет ғылымдарына үлес қосқан, оның ішінде топонимика ғылымында ұмыт қалдырмаған. Шоханның сапар еткен аймақтарындағы географиялық нысандарының аталуына мән беруіміз қажет. Сондай-ақ шығысты зерттеуші қазақ ғалымы Азияның түрік халықтары - қазақтар, қырғыздар, ұйғырлар және басқа халықтар тарихының этногенез, әлеуметтік құрылым, саяси жағдайы, шетелдік басқыншыларға қарсы ұлт-азаттық қозғалысы сияқты бірсыпыра түйінді проблемаларын, Орта Азия, Шығыс Түркістан және Қазақстан халықтарының өміріндегі ислам дінінің рөлі туралы мәселені бірінші болып байқап, зерттеген ғалым. Ерекше көңіл аударарлық жағдай бұл XIX ғ. Азияның ішкі бөлігін географиялық зерттеу жұмыстары Ресей мен Англияның жаңа жерлерді отарлау бәсекелестігіне сәйкес жүріп отырды. Ағылшындар Үшкі Азияға Үндістан арқылы өту жолын қарастырса, Ресейліктер Қазақстан арқылы зерттеуге зейіндерін қойды. Осындай қарқынды экспедициялардың жүргізілуінің нәтижесінде зерттеу жұмыстары нәтижесін беріп отырды.

ІШ. Уәлихановтың географиялық еңбектерінің арасында картографиялық жұмыстары ерекше тұрады. Ғалымның артында қалдырған ғылыми мұралары оның жер бетін картаға түсіру жұмысымен өте ерте шұғылдана бастағанын аңғартады. Оған дәлел - Шоқанның Омбыдағы кадет корпуғынан елге демалысқа барған кездерінде сызып түсірген Торғай даласының, Құсмұрын маңының, Сырымбет төңірегінің сызбалары мен сызбалық карталары. Кейіннен ол саяхат жолдарын көз мөлшерімен картаға түсіруді дағдыға айналдырған. Оның күнделік қолжазбаларынан жүріп өткен жерлерінің орографиялық сызбаларын жиі кездестіреміз. Саяхатшының бір ғана Қашқар күнделігінен Зауқы өзенінің бастауларының сызбасын, Іленің Іле Алатауынан басталатын салаларының нобайын, Орталық Тянь-Шань асуларының сұлбасын, Тянь-Шань сыртының сызбасын көреміз. Алты шаһардың географиялық-статистикалық сипаттамасына мәтінге қосымша Қашқар, Яркенд, Ақсу қалаларының пландары, елдегі жол қатынасының нобайы берілген. Қашқарияның көрші елдермен сауда-саттық қарым-қатынасы, елдің ірі сауда орталықтарынан шығатын жолдар белгіленген. Өзге топографиялық түсірулермен қамтылмаған аумақтарға қатысты мұндай сызбалық карталардың тек ғылыми-танымдық қана емес, сонымен бірге практикалық маңызы бар болған.

Карта Шоқанның тарихи еңбектерінде де қосымша ретінде айтарлықтай орын алады. Мұхаммед Хайдардың «Тарихи-Рашиди» атты еңбегі бойынша жасалған Моғолстанның нобай карталары және Бабурдың жазбалары бойынша жасалған Орта Азияның картасы бұл еңбектердің мазмұнын айқындай түсуге көмектеседі.

Айрықша ескеретін бір жағдай - Шоқан Азияның ежелгі карталарын талдау арқылы орта ғасырдың бас кезінде қытайлардың Орта Азия туралы түсініктері ежелгі гректер мен римдіктерге қарағанда жоғары болғандығы туралы маңызды қорытындыға келген.

Шоқанның ғылыми еңбектерінен оның географиялық картаның мәліметтерін тарихи деректерді анықтау үшін пайдаланғаны байқалады. Атай айтқанда, орта ғасырларда Батыс пен Шығыс елдерінің арасында құрлық керуен жолдары арқылы сауда және елшілік қарым-қатынастары қызу жүргені белгілі. Кезінде саудагерлер мен елшілердің мәліметтері Батыс Еуропада дүниежүзі карталарын жасауға пайдаланылған. Олардың ішінде мазмұнының толықтығы және шынайылығы жөнінен Италияда жасалған Каталония картасы (1875) мен Фра Мауроның картасы (1459) оқшау тұрады. Ш. Уәлиханов бұл карталарға орыс тіліне аударылып, Ресей ғылымына кеңінен танымал болмай тұрған кездің өзінде-ақ назар аударған. Ғалым бұл карталармен XVIIғ. француз тілінде басылып шыққан нұсқаларынан танысқан болуы керек. Ол бұл карталардан орта ғасырларда (Жоңғария мен Ыстықкөл төңірегінде елді мекендер мен христиан діні қоғамдарының айналасқандығы туралы мәліметтер алған.

Ш. Уәлихановтың карта жасау саласындағы жұмыстары, әсіресе Қашқар саяхатынан кейін Петербургке барып тұрған кезінде нәтижелі жүреді. Оның редакциясымен «Балқаш көлі мен Алатау жотасының аралығының картасы», «Іле өлкесінің батыс бөлігінің рекогносцировкасы «Ыстықкөл

экспедициясының есебіне қосымша карта», «Орталық Азияның қартасы» т.б. жасалынған. Осымен қатар ол Орта Азия мен Қазақстанның бұрын басылған карталарына бірқатар түзетулер енгізеді.

Ғалымның Қазақстан, Қырғызстан, Орталық Азия, Батыс Қытай жөніндегі еңбектері ғылым қазынасына қосылған үлес болды. Ш. Уәлиханов өзінің тарихи зерттеулерінде қазақ халқының тарихын көрші Орталық Азия халықтарының тарихымен байланыстыра отыра қарастырды. Ол Орталық Азия халықтарының тарихын бүкіл дүниежүзілік тарихи дамумен байланыста қарауды мақсат етті. Адамзат қауымындағы ең алғашқы топонимдердің пайда болуы кеңістікті игеру барысында, маршруттық моделдердің арқасында іске асырылды деп жорамалдауға болады. Шоқанның еңбектерінде топонимикалық атаулардың пайда болу тарихы қоса қарастырылады. 1857 жылғы «Қазақтардың қонысы хақында» атты еңбегінде Баянауыл тауының атауына тоқталады. Демек таулардың бұл тізбесіне Баян-аула деген ат тегін берілмеген. Осы жерді мекендейтін Азынабайдың он жеті мың жылқысы қиын қыстардан аман шығады. Бұл қалмақша «қолайлы тау» (Баян - ола) деген сөз [3, 61б].

Шоқан Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделігі» еңбегінде бірнеше жер атауының шығу тарихына тоқталған. Мына бір жайтты байқасақ бақалы деген бақасы көп жер деген сөз. Қырғыздардың сарбағыш руынан шыққан бір азамат мені өз манабы Үмбетәлі қыстаған кезде сол өңірде қыс бойы бақа бақылдап шықты деп сендірді. Оның айтуынша, бұл жердің бақасы ақ келеді, үлкендігі алақандай [3, 145б]. Торайғырдың аты «торы айғыр» деген сөзден алынған. Қазақтардың аңызына қарағанда, жоңғар қалмақтарын осы өңірден қуған кезде бір торы айғыр тауда қалып қойыпты [3,139б], Санташ - санама тас. Асу өз атын бір жерге қорған қып үйілген таутөбе тастан алынған. Қорғанның биіктігі - 3, айналасы 35 аршын. Аңыз әңгімеге қарағанда, әмір Темір - Құрқан (Ақсақ Темірді Шығыста осылай атаған) император Канн-Чиннің (түрікше хақан) қызын гареміне алғалы Қытайға аттанғанда өз жауынгерлеріне әрқайсысы белгілі бір жерге бір-бір тастан жинасын деп әмір беріпті. Қайтар жолда ол сарбаздарын тағы да әлгіден бір-бір тас алып, басқа жерге үюге бұйрық етеді. Қалған тастың көлеміне қарап, өз жауынгерлерінің қаншасы шығын болғанын айырады. Бұрынғы қорғанның орны да әлі бар.

Келесі бір аңыз бұл Қарқара өзенінің атауына келіп ойысады. Қазақтар қалмақтарға қарсы бір жорығында осы өзеннің бойында Зайсанның екі жас қызын қолға түсіреді. Олардың ауылы жаңағана көшсе керек. Қыздар жуынып-шайынып, кешке әсем киініп барғалы кідіріп қалған көрінеді. Бұлардың бөркінің төбесінде үкісі болады. Қазақтар мұны қарқара деп атайды [3, 93б].

Қарқара деген атау, міне осы қыздардың үкісінен шыққан дейді. Шеңгелді арқылы өтіп, су құбырын көріп, оның бір тұрбасын алдым. Түнде Қарашоқы бекетіне тарттық. Оған бес шақырым жерде бұл өңірде Қалыптас деген атпен әйгілі тас кеніші бар. Кеніштің айнала шеңбері бірнеше аршын. Қазір одан қызыл және қоңыр қалыптас ашты. Қоянкөзден өтіп, ертеңгілік Алтын - Емелге келдік. Алтын - Емел монғол атауы. Бұл өңірде күні бүгінге

дейін қалмақ атауымен жүрген жерлер өте көп. Мысалы Сағанбұғы, Шөлтөпе, Лабасы және т.б.

Ел аузында жүрген аңыз әңгіме «Оқжетпес» туралы Шоқан Уәлиханов ел аузынан жинаған. Аңыз бойынша, бұл да тасқа айналған батыр түрінде суреттеледі. Шыңдағы үш шынар ағаш - Оқжетпестің үш ару әпкесі екен ейді. Бірінен-бірі өткен сұлу үш қыз дұшпандардың көз құрты болады. Олардың жалғыз бауыры Оқжетпес қайтпас қайсар батыр болған. Ол әпкелерін қызғыштай қорғап, қамқоршы болған. Бір күні елге жау келеді, төртеуән қоршауға алады, Оқжетпес үш әпкесімен бірге шегіне атысып келе жатып, ту сырттарына қараса, Бурабайдың әсем табиғаты көздеріне шалынды. Мынадай көркем туған жерімізді дұшпан табанына таптатпаймыз деп, Оқжетпес шапса қылыш өтпейтін, найза салса сүңгісі майрылатын шыңға, әпкелері - атса оқ жетпейтін биіктегі шынарларға айналған екен дейді [4, 98 б].

Сонымен Шоқан жазбаларындағы тарихи дерек ретіндегі қазақтың түп тамырын, мекенін, тұрмыс-тіршілігін айғақтайтын шежірелік шығармаларының орны ерекше. Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері көптеген ғылым салаларын зерттеуде ғылыми құнды еңбектер болып табылатыны сөзсіз, оның мұрасы - тотықпайтын, тозбайтын тарихтың қымбат асылы болып табылады.

Шоқан Уәлихановтың бізге аса бағалы ғылыми мұра қалдырғаны мәлім, ол Қазақстан, Орталық Азия халықтары тарихының, этнографиясының, топонимиясының күрделі ғылыми проблемаларын шешуге көмектескен бай мұра деп айтуға болады.

Біз жоғарыда ІП. Уәлиханов Азия топонимикасына байланысты мәселелерді көтерген тұңғыш ғалым дедік. Шоқанның жер-су аттарына байланысты терең білімін кезінде замандастары да мойындаған. Бұл туралы тікелей деректер болмағанымен, XIX ғасырдағы Қазақстан мен Орта Азияны зерттеушілердің жазбаларынан байқап, қорытынды жасауға болады. Әскери топографиялық депо басып шығарған Батыс Сібір картасында Алтай шыңдарының бірі «Қоңқай басы» деп аталған. Бірақ зерттеушілердің ешқайсысы да бұл шыңды картада белгіленген орнынан таба алмаған. Ал Зайсан экспедициясының басшылары Ш. Уәлихановтың «бұл географиялық атау емес, жотаның басталатын жерінің жалпылама белгісі», - деп түсіндіргенін айтады.

Әдебиеттер

1. Шохан Уалиханов – географ және саяхатшы. Көпшілік -танымдық басылым. Бірмағамбетов Ә.-Алматы: Алматы кітап баспасы, 2015- 104б.

2. Ч.Ч.Валиханов. собрание сочиганий в пяти томах. Главная редакция Казахской Советской энциклопедии. Алма – Ата6 1984-1985.

3. Шохан Уалиханов. Шығармалары.- Ана тілі, 2010

4. Әбіласан Ә. Қазақстанның тарихи – танымдық географиясы. Алматы. Глобус. 2007.

ӘОЖ 372.854

БИХРОМАТОМЕТРИЯЛЫҚ ТИТРЛЕУ ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҒЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жарылқасын Ә.С.-112-18а тобының студенті
Ғылыми жетекші: х.ғ.к., профессор м.а. Мәдібекова Ғ.М.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассмотрены оптимальные методы организации лабораторной работы и планы уроков, сочетающие теоретические и практические занятия при обучении химии. Актуальность исследования направлена на проведение экспериментального лаборатории в старшей школе по обобщению уроков окислительно-восстановительных реакций. План урока осуществлялась на основе обновленной программы, с использованием методов разбора и анализа. Были также групповые, индивидуальные и парные задания с использованием многих новых педагогических активных методов. Индивидуальные задания выполнялись в соответствии с уровнем способностей каждого ученика. Программа «Kahoot» использовалась для оценки результатов экспериментальной работы с помощью предустановленных дескрипторов для заданий учеников. В конце занятия было установлено, что формируются теоретические знания и практические, творческие, научно-исследовательские навыки.

Summary

The article discusses the optimal methods of organizing laboratory work and lesson plans that combine theoretical and practical lessons in teaching chemistry. The relevance of the study is aimed at conducting an experimental laboratory in high school to summarize the lessons of redox reactions. The lesson plan was implemented on the basis of the updated program, using the methods of analysis and analysis. There were also group, individual and paired tasks using many new pedagogical active methods. Individual tasks were performed according to the level of abilities of each student. The program "Kahoot" was used to evaluate the results of experimental work using pre-installed descriptors for students' assignments. At the end of the lesson, it was found that theoretical knowledge and practical, creative, research skills are being formed.

Елімізде соңғы жылдары білім беру жүйесінің сапасын арттыру мақсатында көптеген өзгертулер мен жаңалықтар енгізілуде. Осыған орай химия пәнінен зертханалық сабақты өткізуде, оқытудың белсенді әдістерін қолдану тиімді болып саналады. Себебі дәстүрлі әдісті қолданып, сабақ бойы мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруі бойынша оқулықпен және тақтамен ғана жұмыс істегенше, химияны оқытпаған дұрыс деп белгілі педагог және ғалым И.А.Каблуков айтқан болатын. Зерттеулік жұмыстар мен практикалық тәжірибелер жүргізіп, жаңа технологияларды қолдану арқылы ғана толық деңгейде оқушыларға сапалы білім беруге мүмкіндік болады [1-2]. Инновациялық әдістерді де қолдану ерекшелігі оқушының өздігінен ізденіп, танымдық іс-әрекетінің дамуына, тақырып бойынша талқылауға дағдыландырады.

Сабақ барысында білімалушылардың белсенділігін арттыру мақсатында топтық, жұптық, жеке, зертханалық тәжірибелер, ойындар қолданылды. Сабақ

өткізу кезінде зертханалық жұмыстар жасау дағдысын қалыптастыруға бағытталған көптеген оқыту тәсілдері ескерілді.

Мектеп бағдарламасына сәйкес бихроматометриялық титрлеу зертханалық жұмысын өткізу жоспарланып, ҚМЖ дайындалды. Сабақ үй жұмысының орындалуын саралап талдаудан басталып, жұптық оқыту тәсілімен жалғасты.

Сабақ барысында «Кім тапқыр» әдісі бойынша үй жұмысы тексеріліп, топтық жұмыс жасалды. Әр топ қалаған ұяшықты таңдау арқылы сұрақтарға жауап берді.

Сұрақтар:

1.Тотығу-тотықсыздану реакциялары дегеніміз не?

2.Стандартты электродтық потенциал ұғымының сипаттамасы.

3.Гальваникалық элементтерге жатады (1 сурет).

Сурет 1.

Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында мұғалімнің өзі дайындаған бейнежазба көрсетілді (2-3 сурет).

Сурет 2.

Сурет 3. Оқушылардың бейнеролик көру сәті.

Бейнежазбадан соң оқушылар «Миға шабуыл» әдісі арқылы жаңа тақырыпты жұптық жұмыс жасап, бір-бірінің пікірін тыңдап, толықтырып, ойларын жетілдіріп отырды. Осы кезде туындаған сұрақтар:

1.Титриметриялық әдіс маңызы және оның әдістері.

2.Бихроматометрия титрлеу әдістемесінің эксперименталды этаптары.

3.Зертханалық жұмыста қолданылатын ерітінділер және оны дайындау тәсілдері.

Білімалушылар бейнероликтен көрген зертханалық жұмыстың жасалу жолын және алдын ала берілген жұмысты жүргізудің әдістемесі көмегімен теориялық білімдерін практика жүзінде қолданып, жұмысты жүргізуге кірісті. Әр топтан 3 оқушыдан шығып, зертханалық тәжірибе жасады (4-5-6 суреттер).

Жұмыстың негізгі этаптарын жүргізу реті:

1.Калий дихроматының ($K_2Cr_2O_7$) стандартты ерітіндісін дайындау.

2.Темір купоросындағы темірді Fe(II) анықтау.

Қажетті реактивтер мен ыдыстар: $K_2Cr_2O_7$ ерітіндісі, дифениламин индикатор, H_2SO_4 конц., H_2SO_4*H_3PO_4, $FeSO_4$*$7H_2O$; титрлеу қондырғысына: штатив, бюретка, пипетка(Мор), өлшеуіш колба (100 мл, 250

мл),титрлеу колбалары 250 мл немесе 300 мл (3 дана), стакандар (2 дана кіші және үлкен), құйғыш, груша.

Жұмыс барысы:

1.Бюреткаға белгіге дейін $K_2Cr_2O_7$ ерітіндісін құяды, осы кезде бюретканың ұшындағы шыны трубкасында ауа қалып қалмауы қажет.

2. Титрлеу колбасына зерттелетін ерітіндінің аликвотты мөлшері 10,00 мл және көлемі 10 мл H_2SO_4*H_3PO_4 қосылады.

3. 2-3 тамшы дифениламин индекаторын қосады

4.Титрлеуді ерітінді көкшіл-жасыл түске өзгергенге дейін титрлейді.

5. Титрлеуді 3 рет қайталап, алынған нәтижелерді кестеге толтырып, есептейді [2].

Сурет 4-5 Зертханалық жұмыс орындау сәттері.

Сурет 6. Темір купоросындағы темірдің Fe (II) анықталуы.

Алынған нәтижелерді кестеге толтырып, анықталатын заттың массасын есептеу үшін арнайы формула қолданды (1 кесте).

Кесте 1.

№	V(Fe), мл (ө.к.)	V($K_2Cr_2O_7$), мл	C($K_2Cr_2O_7$), моль/л	$T_{K2Cr2O7/Fe}$, г/мл	m(Fe), г
1	100,00				
2	100,00				
3	100,00				
орта	100,00				

$T_{K2Cr2O7/Fe}$,= C($K_2Cr_2O_7$) • M(Fe) / 1000

m(Fe) = C($K_2Cr_2O_7$) • V($K_2Cr_2O_7$) • M($K_2Cr_2O_7$) • $V_{ө.к}$ /$V(Fe)_{пип}$•1000.

Дескриптор: жалпы -10 балл.

- Жұмыстың орындау әдістемесін біледі.
- Зертханалық жұмысты жасай алады.
-Нәтижелерді кестеге толтырып, қорытынды шығарады.

«Ойлан тап бөліс» әдісі арқылы оқушылардың деңгейіне қарай жеке тапсырмалар беріліп, тақтаға дұрыс жауаптары жазылды. Берілген тапсырмалар:

Барлық оқушылар: 1. Берілген реакция теңдеулеріндегі тотықтырғыш пен тотықсыздандырғышты анықтап, реакцияны теңестір:

A)$H_2O_2+K_2Cr_2O_7+HCl=CrCl_3+KCl+O_2+H_2O$
B)$H_2O_2=H_2O+O_2$
C)$H_2O_2+KNO_2=KNO_3+H_2O$
Оқушылардың көпшілігі: 2. Көлемі 500 мл массасы 5 г NaOH ерітінісінің молярлы концентрациясын есептеңіз.
Оқушылардың кейбіреуі: 3. 2 л ерітіндідегі темір сульфаты ерітіндісінің $C(FeSO_4*7H_2O)$=1 моль/л болса, массасын есептеңіз.
Берілген тапсырмалар бойынша оқушылар жеке жұмыс жасады.

Сабақты қорытындылау мақсатында «Kahoot» ойыны арқылы тест алынды (7 сурет).

Сурет 7. Тест нәтижесінің қорытындысы.

Кері байланыс ретінде «Алма ағашы», «Синквейн» әдістері қолданылып, оқушыларды бағалау үшін 1-15 балл арасында қойылды.

Алғаш рет орта мектепте бихроматометриялық титрлеу эксперименттік жұмысын орындап зертханалық сабақ өтудің ҚМЖ дайындалды. Сабақта оқытудың педагогикалық белсенді әдістерін пайдаланылды.

Зертханалық сабақтың қорытындысы:

-оқушыларда топтық, жұптық, жеке жұмыс жасау қабілеттері қалыптасты;

-арнайы педагогтың өзі әзірлеген бейнероликті көру және оқушылардың өздігінен ізденіп келуі арқылы зертханалық тәжірибені орындау жеңіл түрде іске асты;

-эксперимент нәтижелеріне оқушылар есептеулер жүргізіп, қорытындылап, кестеге толтырды;

-сабақ барысында диалогтік, сұрақ-жауап әдістер қолданылып, зертханалық жұмысты меңгеру сапасына назар аударылды;

-сабақты ұйымдастыру барысы тек зертханалық жұмыс жасату ғана емес, сонымен қатар практикалық, теориялық білімдерді ұштастырумен өткізілді;

-сабақтың соңында тақырыпты меңгеру сапасын анықтау мақсатында ойын түріндегі тест қолданылды;

-оқушылардың зертханалық сабақ орындау дағдысы қалыптасуы, сабақты талдай алуы дескрипторлар арқылы бағаланды.

Сабақта зертханалық тәжірибелерді қолдану арқылы теориялық білім мен практикалық іскерлік, шығармашылық, ғылыми ізденушілік қабілеттері қалыптасқаны байқалды.

Әдебиеттер:

1.Ч.М.Абилова. Химиялық эксперимент және салауаттылық. «Химия в Казахстанской школе». Республикалық әдістемелік журнал. № 4, 2006. 48 б.

2.Ғ.М. Мәдібекова. Сандық анализ. Лабораториялық практикум. ОҚМПИ.2018. 80 бет.

3. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11 сыныптары үшін «Химия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы https://bilimger.kz/.

4. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – Астана, 2015

УДК 543.31

ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИЕ ТРЕБОВАНИЯ, ОБЕСПЕЧИВАЮЩИЕ ОХРАНУ ВОДНЫХ ОБЪЕКТОВ РК

Казбекова К. А. магистрант
Хамитова А.С. к.х.н., профессор
Костанайский региональный университет
им. А. Байтурсынова, г. Костанай

Summary.

Changes in the physicochemical parameters of water affect their properties - the aggressiveness and electrical conductivity of the medium. This article discusses the impact of wastewater on the corrosive activity of natural waters, as well as the physical and chemical requirements of the Environmental Code of the Republic of Kazakhstan, which ensure the protection of water.

Түйін.

Су объектілерінің физика-химиялық көрсеткіштерінің өзгеруі олардың агрессивтілігі мен ортаның электр өткізгіштігі сияқты қасиеттеріне әсер етеді. Бұл мақалада сарқынды сулардың табиғи сулардың коррозиялық белсенділігіне әсері, сондай-ақ су объектілерін қорғауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің физикалық-химиялық талаптары қарастырылады.

Исследование процессов коррозии и разработка методов защиты металлов относится к актуальным научно-техническим задачам. Одним из распространенных методов защиты является применение ингибиторов, позволяющих снизить скорость коррозии металлов и сплавов, которые контактируют с агрессивной средой в производственных условиях. В настоящее время изучено огромное количество органических и неорганических веществ, которые оказывают влияние на скорость корродирования металлов в кислой среде. Преимущественно находят применение органические ингибиторы, поскольку они способны образовывать защитные пленки на поверхности металлов. К эффективным органическим ингибиторам относятся вещества, содержащие в своем составе атомы азота, серы и кислорода. Однако поиск новых эффективных ингибиторов является актуальной задачей, не теряющей своей значимости в настоящее время.

На скорость и интенсивность коррозии влияет состав и условия воздействия внешней среды. Основными определяющими факторами коррозии в водной среде являются:

1. углекислое равновесие и концентрация растворенного кислорода;
2. концентрация солей в воде.

Различные соединения углекислоты в воде находятся в состоянии динамического равновесия. Практическое значение имеет карбонатно-кальциевая система равновесий, обуславливающая такие свойства воды, как стабильность и агрессивность:

$$Ca(HCO_3)_2 = CaCO_3 + CO_2 + H_2O$$

В условиях равновесия концентрация свободной углекислоты в воде точно соответствует тому ее количеству, которое необходимо для поддержания в растворе определенной концентрации гидрокарбоната кальция. Это равновесная углекислота. Если количество CO_2 в точности соответствует равновесной концентрации, вода называется стабильной, в ней не происходит ни растворения, ни выпадения карбонатов. Если концентрация CO_2 меньше равновесной, реакция происходит слева направо, в результате чего карбонат кальция – соединение малорастворимое – выделяется на поверхности металла, образуя пленку с выраженными защитными свойствами. Избыток CO_2 сверхравновесной концентрации называется агрессивной углекислотой. Углекислотная агрессивность воды по отношению к металлам обусловлена понижением pH воды. Кроме того, защитная пленка карбоната кальция при контакте с агрессивной водой растворяется, что способствует развитию коррозии[1].

Увеличение общего солесодержания повышает электропроводность воды и таким образом приводит к ускорению коррозионных процессов. Однако значительное повышение концентрации солей может привести к снижению скорости коррозии вследствие уменьшения растворимости кислорода. Некоторые катионы и анионы, присутствующие в воде, играют роль стимуляторов коррозии. К примеру, хлорид-ионы могут замещать кислород в защитной оксидной пленке, что приводит к образованию в ней пор и упрощает начало коррозии. Сульфаты ускоряют коррозию, непосредственно увеличивая электропроводность и косвенно способствуя развитию биологической коррозии. К числу стимуляторов коррозии относятся также ионы металлов с переменной степенью окисления. Например $Cu^{2+} > Cu^{+}$, $Fe^{3+} > Fe^{2+}$[1].

Изменение химического состава и количественного содержания веществ в природных водах влияют на проявление данных факторов. Такие изменения могут спровоцировать выброс сточных вод в водоемы, так как содержание различных солей играет большую роль в усилении коррозионной активности воды.

Для их предотвращения необходимо создание требований, которые регулируют эмиссий в окружающую среду. Таким документом стал Экологический кодекс РК. Согласно Статье 1 Кодекс регулирует общественные отношения в сфере взаимодействия человека и природы (экологические отношения), возникающие в связи с осуществлением деятельности, оказывающей или способной оказать воздействие на окружающую среду.

Первая версия Кодекса вышла 9 января 2007 года. 2 января 2021 года был принят новый Экологический кодекс, который был разработан на основе наилучшего международного опыта стран ОЭСР (Организация экономического сотрудничества и развития).

Проанализируем последние нововведения, в частности экологические требования при использовании природных вод [2][3].

Год выпуска	2007	2021
Содержание (раздел/глава)	Раздел 8 Экологические требования при осуществлении хозяйственной и иной деятельности. Глава 33 Экологические требования при использовании вод.	Раздел 15 Охрана водных объектов.
Итог	В новом Экологическом кодексе статьи о каждом природном объекте составляют отдельный раздел.	
Экологические требования	Порядок водопользования регулируют водное законодательство РК, правила установленные местными представительными органами областей/городов, санитарно-эпидемиологические требования.	Устанавливаются экологические нормативы качества вод: ➢ Для химических показателей - предельно допустимая концентрация; ➢ Для физических показателей - предельно допустимый уровень воздействия; ➢ Для биологических показателей - показатели состояния наиболее уязвимой группы биологических объектов.
Итог	Были введены универсальные показатели для всех регионов страны.	
Требования для сточных вод	1. Природопользователь не может превышать установленные нормативы концентрации загрязняющих веществ в сточных водах или вводить в состав сточных вод новые вещества, не предусмотренные в экологическом разрешении. При нарушении указанных требований сброс сточных вод должен быть прекращен. 2. Сбрасываемая в поверхностные водоемы вода должна быть прозрачной, без окраски, запаха, не содержать болезнетворные бактерии и вредные для здоровья человека и животных вещества в концентрациях, превышающих гигиенические нормативы. Температура сбрасываемой воды не должна превышать 30 градусов по Цельсию. 3. В сбрасываемой воде не должны находиться вещества, агрессивно действующие на бетон и металл. 4. Не допускается сброс сточных вод независимо от степени их очистки в поверхностные водоемы в зонах санитарной охраны источников централизованного питьевого водоснабжения, курортов, в местах, отведенных для купания. 5. Природопользователи, осуществляющие сброс сточных вод в водные объекты, недра, в накопители сточных вод, на рельеф местности или имеющие замкнутый цикл водоотведения, должны использовать приборы учета объемов воды и вести журналы учета водопотребления и водоотведения в соответствии с водным законодательством Республики Казахстан.	

	6. Запрещается сброс сточных вод без предварительной очистки в водные объекты, на рельеф местности и в накопители сточных вод, за исключением сбросов шахтных и карьерных вод горно-металлургических предприятий в пруды-накопители и (или) пруды-испарители, а также вод, используемых для водяного охлаждения, в накопители, расположенные в системе замкнутого (оборотного) водоснабжения.	
элементінің де едәуір артқандығы анықталды. Ал калий мөлшері бақылаумен салыстырғанда бірдей мөлшерде болды.

Әдебиеттер

1. Кураченко, Н.Л. Воспроизводство плодородия почв: учеб. пособие / Н.Л. Кураченко : Краснояр. гос. аграр. у-т. – Красноярск, 2011. -142 с.
2. Лавров, В.В. Вермикультивирование в США и Канаде / В.В. Лавров // Дождевые черви и плодородие почв: мат–лы 1- й междунар. конф.– Владимир, 2002. – С.73-76.

ӘОЖ 581.3

ТҰҚЫМДАРЫН БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТТАРМЕН ӨҢДЕУДІҢ ЖОҢЫШҚА ДАҚЫЛЫНЫҢ ӨСІП ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Жұмаханова Р.К[1] т.ғ.к.,доцент, Жантасова М.А[1] магистрант, Умирзакова А.Т[2] ғылыми қызметкер

[1]М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]Сайрам – Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Шымкент, Қазақстан

Резюме. *Люцерну во многих странах называют королевой кормовых культур, ее выращивают более чем в 80 странах мира на площади, превышающей 35 млн га, в различных природно-климатических и экологических условиях. Люцерна обладает ценными биологическими особенностями и хозяйственно-полезными признаками, имеющая большие потенциальные возможности и перспективы использования . Во многих районах нашей страны она главная кормовая культура*

Расширение посевов люцерны требует значительного увеличения производства семян, однако производство их в области остается на низком уровне. С переходом на ресурсосберегающие технологии остро стоит вопрос питания растений с внедрением не дорогих и экономически выгодных регуляторов роста. Современным направлением в области агрономии является поиск и разработка таких приемов, которые могли бы повысить урожайность культурных растений без увеличения норм внесения удобрений. Одно из таких направлений - широкое применение методов «биологической коррекции» продуктивности сельскохозяйственных культур, из которых к весьма эффективных на сегодняшний день относится корневая обработка растений или замачивание семян различными микроэлементами и другими биологически активными веществами.

Abstraet. *Alfalfa is called the queen of fodder crops in many countries, it is grown in more than 80 countries of the world on an area exceeding 35 million hectares, in various climatic and environmental conditions. Alfalfa has valuable biological features and economically useful features, which has great potential and prospects for use. In many areas of our country, it is the main fodder crop*

The expansion of alfalfa crops requires a significant increase in seed production, but their production in the region remains at a low level. With the transition to resource-saving technologies, the issue of plant nutrition with the introduction of inexpensive and cost-effective growth regulators is acute. A modern trend in the field of agronomy is the search and development of such techniques that could increase the yield of cultivated plants without increasing the rates of fertilization.

One of these areas is the widespread use of methods of "biological correction" of crop productivity, of which root treatment of plants or soaking seeds with various trace elements and other biologically active substances are very effective today.

Жоңышқа дақылы құрғақшылыққа төзімділігімен ерекшеленеді. Оның тамыр жүйесі топырақты терең бойлап, төменгі қабаттардағы суды сіңіре

алады. Жоңышқаның түтікшелі жүйесі жақсы жетілген, сондықтан тамырымен сіңірілген су сабақтары мен жапырақтарына оңай жеткізіледі. Ұзаққа созылған қуаңшылық пен құрғақшылыққа кейбір өсімдіктер тіршілігін жояды, ал жоңышқа өсуін тоқтатып жапырағы қурап түседі, бірақ тіршілігі жойылмайды, жаңбырдан кейін қайта көгереді.

Жоңышқа жапырақ тақтасының көлемді болуынан көп су буланады. Бұл астық дақылдарына қарағанда құрғақ зат түзуге суды көп жұмсайтынын білдіреді. Жоңышқаның транспирациялық коэффиценті 700-800 өлшемге тең. Екпе дақылдың өніп-өсуіне қолайлы температура 10^0С жоғары болуы тиіс. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша жасыл балауса алу үшін (көктеуден гүлдеуге дейін) 10^0С жоғары - 800-850^{0}С, ал тұқым алуға – 1200-1300^{0}С жылу жиынтығы қажет. Тұқым түзілуіне қажетті температура +25- 32^{0}С. Активті температура жиынтығы басқа факторлардың бірлестігімен ерекше маңызға ие: уақытқа байланысты; жылу және ылғалды бөлу; жарық күндердің ұзақтығы; қоректік заттармен қамтамасыз етілуі; агротехникалық жағдайы. Жоңышқа тұқымының өнімділігіне күн сәулесінің түсуі ерекше әсер етеді. Жауын – шашынды жылдары немесе бұлтты күндері көп тамыз айларында жеткілікті мөлшерде жарық түспегендіктен гүлдеу кезеңі созылады немесе дән түзілмейді. Сондықтан да біздің жағдайымызда жоңышқаның екінші жылғы, екінші орымын тұқымдыққа қалдыру тиімді.

Экологиялық әсері – жоңышқалықтағы ауа температурасы басқа дақылдардан 7-12^{0}С-қа төмен болса, ал ауа ылғалдығы 18-24%-ға дейін жоғары болады. Осындай дақылдың қазіргі таңда егіншілік жүйесіндегі орыны онша мәз емес, егілу аумағы өте азайып, өнімділігі төмендеп кетті. Бұл жағдайдың объективті-субъективті салдары бар. Бірден-бір себеп оның маңыздылығын түсінбеушіліктен болып тұр.

Жоңышқа Medicago L., түріне, бұршақ тұқымдасына - Leguminoseae жататын көпжылдық өсімдік. Біздің аймақта жоңышқаның азиялық (M. Asiatica Sinsk) сорттық типі өсіріледі, яғни көк гүлді жоңышқа сорттары егіледі. Біздер зерттеу жұмысымызға жоңышқаның «Красноводопадская поливная» сортын таңдап алдық. Себебі бұл сорт отандық жергілікті жерге бейімделген.

«Красноводопадская поливная» - Қызылсарқырама селекциялық тәжірибе станциясы 1997 жылы шығарған. Сорт көптеген будандарды күрделі синтездеу негізінде алынған.

Ботаникалық сипаттамасы. Азиялық жоңышқа сорттық типіне, Түркістандық түр тармағына жатады. Сабағы жартылай жатып өсуге бейім, түптену аймағы топырақтың 4-5 см тереңдігінде орналасқан. Сабағы жіңішке, домалақ пішінді, жуандығы 1,5-2,0 мм. Түптену деңгейі басқа сорттарға қарағанда 2-5 сабаққа жоғары. Бірінші орымдағы орташа сабақ биіктігі 75 -85 см, басқа түрлерінен 15-20 см кіші, сондықтан сабақтары тік қалпында тұрады. Өсімдік ұзын, көп бұталы. Жапырақшалары жіңішке, эллипс пішінді, жапырақтануы 49-52%. Гүл сабағы қысқа - цилиндр пішінді, тығыз. Күлте жапырақшаларының түсі қара, сия көк.

Бұршаққындары 2,5-3,0 бөлікті орташа ірі, қара түсті, тұқымы бүйрек пішінді, сары түсті, қоңыр жолақты.

Шаруашылықтық бағалы белгілері. Ерте пісетін сорт. Бірінші орымындағы гүлдеу кезеңі басқа сорттарға қарағанда 15-20 күн ерте пісетіні байқалады. Зиянкестерге төзімділігімен ерекшеленеді, кейде фитономус зақымдағанымен шыдамдылық танытады. Төменгі температура бұршақтарын байлайтынымен ерекшеленеді. Жоғары температурада бұршаққындары жарылмайды. Бұл сорттың тұқым шаруашылығын дамытуда жоңышқа өсірілетін барлық аймақта жүргізуге болады. Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес сорттық танабында жасыл балауса өнімділігі 600-800 ц/га, тәлімі жерде тұқым өнімділігі 2 ц/га, ал суармалы егіншілікте 4 ц/га. Суармалы жағдайда 4-5 және 6 орым алынады.

Жоңышқа өсімдігі жарық сүйгіш, қуаңшылыққа төзімді болғанымен, топырақ ылғалдығы артқан сайын өнімділігі арта түседі. Оңтүстік өңірінде жоңышқа тұқымы ыстық-суыққа ұрынған емес. Жоңышқа топырақ талғамайтын өсімдік. Топырақты өңдеу жұмыстары сапалы жүргізіліп, ылғалы жеткілікті танапта тұрақты мол жоңышқа тұқымын алуға болады.

Зерттеу мақсаты: Тұқымдарын биологиялық белсенді заттармен өңдеудің жоңышқа дақылының өсіп дамуына әсерін анықтау міндетттері:

- биологиялық белсенді заттармен өңдеудің жоңышқа сорты мен тұқымы сапасына, өсімдіктің өнгіштігіне әсері әсерін анықтау;
- тұқымы биологиялық белсенді заттармен өңделген жоңышқаның даму кезеңдеріндегі өсімдік биіктігіне әсер ету заңдылықтарын дәлелдеу;
- нұсқаларға байланысты жоңышқаның жинау мезімінде тамыр жүйесінің топыраққа ену тереңдігін анықтау;

Тұқым шаруашылығын дұрыс ұйымдастыру жоғарғы көрсеткішке жетудің негізгі факторы болып табылады. Тұқымды себу, танапты мұқият баптау және күту, сонымен қатар уақтылы жинау жұмыстарын тиімді жүргізу қажет. Тұқымдыққа қалдырылған танап арамшөптерден таза болуы тиіс. Жер асты суы жақын аймақта жоңышқаның өсуі қарқындап, нәтижесінде тұқым сапасы төмендейді (кесте-1) . Егілетін тұқым сапасы мемлекеттік стандартқа сәйкес келуі тиіс, себілетін тұқым арасында карантинді арамшөптердің (у кекіре, арамсояу және т.б.) ұрығы болса, мұндай тұқымды себуге тыйым салынады. Себу алдында тұқымды биологиялық белсенді заттармен иногуляция жасап өнгіштігін арттыруға болады. Жаңадан жиналған жоңышқа тұқымының 20 тәуліктен кейінгі өнгіштігі 36 % аспайтыны дәлелденген, алайда қолайлы жағдайдағы қоймада 6 ай сақталған тұқымның өнгіштігі едәуір артып 75-80 пайызға дейін артады. Жазда жаңадан жиналған жоңышқа тұқымының өнгіштігін арттыру үшін скарификациядан өткізу қажет. Скарификация – дегеніміз себілетін тұқымның сыртқы қабығын бұзу, яғни арнайы жоңышқа қабығын тырнаудан өткізетін аппарат көмегімен жүргізіледі. Бұл жұмыстан кейін себілген тұқымның ісінуі мен өнгіштігі артады. Себілген тұқымның тазалағы 96 пайыз болып, барлық нұсқаларда біргелкі болуы заңдылық себебі бір сорт бір мезгілде егілді. Тек қана биологиялық белсенді заттардың

өзгешелігі зерттелді. Тұқым құрамындағы өзге де шөптер мен арамшөптердің қоспасы бірдей мөлшерде, алайда тұқымның өнгіштігіне тоқталар болсақ, бақылау нұсқасымен салыстырғанда ең жоғары өнгіштік көрсеткіші «Сизам» белсенді затын қолданған нұсқада 85 % , болып бақылаумен салыстырғанда 15 % жоғары, ал сәйкесінше «МЭРС» белсенді затын қолданған нұсқада 80 пайыз, Гумат нұсқасында жоңышқа тұқымының өнгіштігі 75 % болғаны анықталды.

Жоңышқаны шөпке және тұқымдыққа кезектеп қалдыру тиімді тәсіл. Мұндай жүйеде танаптың фитосанитарлық жағдайы жақсарады, яғни аурулармен залалдануы және зиянкестермен зақымдалуы төмендейді, сонымен қатар карантиндік арамшөптермен күрес жүргізуге мүмкіндік туындайды.

Кесте 1 - Биологиялық белсенді заттармен өңдеудің жоңышқа сорты мен тұқымның өнгіштігіне әсері

р/с	Тәжірибе нұсқалары	Тұқым тазалағы, %	Тұқым құрамында			Өнгіштігі,% көп емес	Ылғалдылығы, % көп емес
			Басқа шөптердің тұқымы, %	Арам шөп,% көп емес	Оның ішінде қауіпті, кг/дана		
1	Бақылау	96	0.5	0.4	15	70	13
2	«МЭРС»	96	0.4	0.5	20	80	13
3	«Сизам»	96	0.5	0.4	22	85	13
4	«Гумат»	96	0.6	0.3	21	75	13

Жоңышқа гүлдеу, тұқымның пісу кезеңдерінде ылғалды көп қажет етеді. Бұл жазғы аптап ыстыққа тура келеді. Сондықтан да суармалы жағдайда жоғары сапалы мол тұқым алу үшін уақтылы суару тиімді шара. Жоңышқа тұқымының пісіп-жетілу мезгілі біркелкі емес, бұл көбінесе климат жағдайына байланысты өзгереді. Ауа райы қолайлы жылдары гүлдерінің тозаңдануынан бұршақтарындағы тұқымның толық пісуі 26-34 күн, ал ауа райы салқын жауын-шашынды жағдайда пісу мерзімі созылады.

Кесте 2 - Егілетін тұқымы биологиялық белсенді заттармен өңделген жоңышқаның даму кезеңдеріндегі өсімдік биіктігі, (2018-2021жж.) см есебімен

р/с	Тәжірибе нұсқалары	Алғашқы өскіндері	Көктеу	Сабақ түзу	Бітеугүл	Гүлдеу	Бұршақ түзілу
1	Бақылау	3,2	4,5	75,7	78,2	78,4	79,3
2	«МЭРС»	5,1	7,4	83,4	84,4	85,7	87,2
3	«Сизам»	4,3	6,2	82,8	83,7	84,4	85,6
4	«Гумат»	4,2	6,1	80,6	82,8	83,3	84,1

Жоңышқаның әр бір сабағы бір жыл өмір сүреді, даму кезеңіндегі бірнеше рет орудың ерекшелігі өсімдіктің өміршеңдігі мен тамыр мойынындағы бүршіктерінің тез арада ояну қабілеттілігіне байланысты болып келеді. Біздің зерттеу жағдайымызда алғашқы жылы егу мерзіміне бастап толық пісу мерзіміне дейінгі аралық 125-135 күнге созылды. Ал келесі жылы 115- 120 күнді құрады(кесте -2). Алғашқы көктері егілген күннен бастап 10-12 күнде

пайда болып, бақылау нұсқасында өскіндердің биіктігі 3,2 см, ең жоғары көрсеткіш «МЭРС» белсенді затын қолданған нұсқада бұл көрсеткіш 5,1 см болды. Ал басқа нұсқаларда бақылаудан 1 см жоғары деңгейлес болды. Бұл көрсеткіштер өсімдіктің басқа кезеңдерінде жалғасып, бұтеу гүл кезеңінде «МЭРС» белсенді затын қолданған нұсқада 84,4 см болып, бақылаудан биіктігі 6,2 см жоғары түзілді.

Жоңышқа ұзақ күндік өсімдік. Жарық сүгіш көктері -6 ^{0}С суыққа төзімді келеді. Даму кезеңдеріне қарай ылғалды талап етеді. Екінші жылғы жоңышқаның даму кезеңдерінде өсімдік биіктігіне зерттеу жұмыстары жүргізіліп, (кесте-3) көктемгі өсу қарқындылығы бақылау нұсқасында 5 см болса, «МЭРС» белсенді затын қолданған нұсқада 7 см, бақылаудан 2 см биік, ал үшінші және төртінші нұсқаларда 6 см құрады. Жоңышқа дақылының барлық даму кезеңдерінде осы заңдылықтар сақталып, бұл көрсеткіштер өзгермегені байқалды.

Кесте 3 - Екінші жылғы жоңышқаның даму кезеңдеріндегі өсімдік биіктігі, (2019-2021жж.) см есебімен

р/с	Тәжірибе нұсқалары	Өсуі	Сабақ түзу	Бітеу гүл	Гүлдеу	Бұршақ түзілу
1	Бақылау	5	71,7	73,2	78,4	81,3
2	«МЭРС»	7	77,4	79,4	82,7	85,2
3	«Сизам»	6	76,8	78,7	81,4	84,6
4	«Гумат»	6	75,6	76,8	80,3	83,1

Үшінші жылғы жоңышқаның даму кезеңдеріндегі өсімдіктің өсіп даму ерекшелігі топырақтағы ең төменгі ылғал қорына байланысты өзгеретіні ғылыми тұрғыда дәлелденген. Дегенменде өсімдік тамырының өсу тереңдігі топыраққа ену ерекшелігін анықтау үшін нұсқаларға қарай өсімдік тамырының өсуі бақылауға алынып, (кесте-4) жоңышқаны жинау мезімінде тамыр жүйесінің топыраққа ену тереңдігі анықталды. Нұсқаларға байланысты тамыр жүйесінің топыраққа енуі бақылау нұсқасында 138 см болса, «МЭРС» белсенді затын қолданған нұсқада ең жорағы 142 см, бақылаудан 4 см ұзын, ал үшінші және төртінші нұсқаларда 2-3 см –ге бақылаудан тамыр ұзындығын құрады. Өсімдік сабағының биіктігі деңгейлес болып, бақылау нұсқасына 5-7 см аралығында байқалды.

Кесте 4 - Жоңышқаны жинау мезімінде тамыр жүйесінің топыраққа ену тереңдігі, (2019-2021жж.орташа) см есебімен

р/с	Тәжірибе нұсқалары	Тамыр жүйесінің топыраққа енуі	Өсімдік биіктігі	Тамырдың өсімдік биіктігіне қатынасы	Бір тәуліктегі өсуі, мм/тәулік	
					Сабақ биіктігі	Тамырының енуі
1	Бақылау	138	78	1,76	5,4	9,7
2	«МЭРС»	142	85	1,67	6,7	11,2
3	«Сизам»	141	83	1,69	6,4	10,4
4	«Гумат»	140	84	1,66	6,3	10,6

Үш жылдық жоңышқа тамырдың өсімдік биіктігіне қатынасы бақылау нұсқасында 1,76 см құраса, басқа нұсқаларда 1,67 – 1,69 см аралығында болды. Ал бір тәуліктегі өсу қарқындылығы нұсқаларға қарай бірдей дейгейде екені анықталды.

Әдебиеттер

1. Карбозова Р.Д.,Туленгутова К.Н./Фитопотология:Оқулық. Алматы ЖШС РПБК «Дәуір» 2014. 159б.
2. Түменбаева Н.Т., Бектұрғанов Б.Б., Момбаева Б.Қ. Ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері және аурулары.Оқу құралы. - Тараз: 2018.

ӘОЖ 57.084.2

ЖЫЛЫЖАЙДА БИОГУМУСТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ КӨКӨНІС ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ӨСІП ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Жұмаханова Р.К. т.ғ.к., доцент, Кенжегалиева Ж.З. магистрант,
Абилдаева Р.А. б.ғ.к., доцент
[1]М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Бурное развитие науки и техники определило новые пути получения стабильного и обильного урожая сельскохозяйственных культур. Перспективным приемом повышения плодородия почв, оптимизации почвенно-биотического комплекса агроэкосистем и получения экологически чистой продукции служит применение биоудобрений нового поколения – биогумуса, получаемого путем экологической биотехнологии в процессе вермикомпостирования разнообразных органических отходов.

Технология вермикомпостирования рассматривает практически любые органические отходы в качестве субстрата для получения вермикомпоста. Разными авторами рекомендуются растительные остатки – лузга гречихи и подсолнечника, отходы животного происхождения – навоз КРС, птичий помёт, конский навоз, хозяйственно-бытовые стоки и др.

Одним из путей решения этой проблемы при выращивании овощных культур в теплице может стать применение нового вида органических удобрений — биогумуса, то есть продукта жизнедеятельности красных калифорнейских червей. Поиск оптимальных решений по утилизации органических отходов привел к правильному решению, предложенному самой природой-разложению органических веществ с использованием красных калифорнейских червей.

Summary

The rapid development of science and technology has determined new ways to obtain a stable and abundant crop yield. A promising technique for increasing soil fertility, optimizing the soil-biotic complex of agroecosystems and obtaining environmentally friendly products is the use of bio-fertilizers of a new generation - biohumus, obtained by ecological biotechnology in the process of vermicomposting a variety of organic waste.

The technology of vermicomposting considers almost any organic waste as a substrate for obtaining vermicompost. Different authors recommend plant residues – buckwheat and sunflower husks, animal waste - cattle manure, bird droppings, horse manure, household effluents, etc.

One of the ways to solve this problem when growing vegetable crops in a greenhouse can be the use of a new type of organic fertilizers - biohumus, that is, the product of the vital activity of red California worms. The search for optimal solutions for the disposal of organic waste led to the

correct solution proposed by nature itself-the decomposition of organic substances using red California worms.

Органикалық заттар топырақтың беткі қабаттарының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар топырақтың физикалық қасиеттерін жақсартады: үлкен кеуекті агрегаттық күйді қалыптастыру және тұрақтандыру, нәтижесінде су, ауа және жылу режимдерін жақсы өткізеді. Органикалық тыңайтқыштарды қолдану арқылы қоректік заттарды жұмылдыру, иондардың түзілуі мен алмасуы, РН өзгеруі, микроорганизмдердің биологиялық белсенділігі артуын жылдамдатып, топырақтағы пестицидтердің ыдырауы тездетіледі, фитопатогендердің дамуы басылады.

Шымтезек - жылыжай топырағының құрамдас бөліктерінің бірі ретінде ең көп таралған. Шымтезек құрамында азоттың көп мөлшері бар (1-ден 4% - ға дейін), бірақ ол органикалық қосылыстар түрінде болады, өсімдіктер нашар сіңіреді. Көптеген шымтезек Р, К және микроэлементтерге бай. Барлық шымтезектердің сіңіру қабілеті жоғары және буферлік қабілеті бар, сондықтан олар қоректік заттармен қамтамасыз етілген топырақтың беткі қабаттарын дайындауда қолданылады. Топырақтың ең қолайлы физикалық және химиялық қасиеттерін жасау үшін басқа органикалық компоненттер қосылады.

Көң - жылыжайда көкөніс өсіруде кеңінен қолданылады. Көң өсімдіктердің қоректену көзі ретінде қызмет етеді, әртүрлі микроорганизмдердің белсенділігін арттырады және топырақтың физикалық қасиеттерін жақсартады. Жылы жай топырағында көң негізінен шымтезек компосты немесе үгінділер, ағаш қабығы және шымтезек топырағы бар компост түрінде қолданылады.

Ағаш үгінділер жылыжай топырағының негізі немесе қопсытатын материал ретінде қолданылады. Үгінділердің әр текше метрімен топыраққа 20 г азот, 20-30 г фосфор, 150-200 г калий, 50-90 г магний, 240 г кальций еритін түрінде енеді.

Биогумус-әртүрлі органикалық субстанциялардың жауынқұрттарымен өңдеу өнімі: олар жануарлардың қиы, құстардың саңғырығы, орман, ауыл шаруашылығы, азық-түлік, микробиологиялық өнеркәсіп қалдықтары, адамның тіршілік әрекеті өнімдері. Органикалық қалдықтар жауынқұрттардың ішектерінен өтіп биохимиялық өзгерістерге ұшырайды, олар кальций, магний, фосфор қосылыстарымен, микроэлементтермен байытылған қарапайым заттарға айналады. Биогумус судың жоғары төзімділігіне ие, ол топырақтың құрылымын анықтайды, топырақ ерітіндісінің оңтайлы реакциясын жасайды, бактерицидтік қасиетке ие, бірқатар биостимуляторларды, ферменттерді қамтиды, сыртқа иісі жоқ.

Жылыжай топырағының құрамдас бөлігі ретінде көңді бигумусқа алмастыру қажеттілігі бірқатар себептерге байланысты туындады: көң патогендік принциптерді — патогендік микрофлораны, арамшөптердің тұқымдарын, зиянды заттарды тасымалдайды. Оны қолданудың жоғары дозаларында қоректік заттардың теңгерімсіздігі байқалады-азот мөлшері төмендейді, фосфор мен калий өседі. Биогумусты органикалық тыңайтқыш ретінде пайдалану көң немесе қарашірікке қарағанда және қарағанда 2-3 есе көп болатын топырақтың қарашірігін толтыру тұрғысынан жақсы.

Біздің тәжірибемізде біз екі компонентті вермикомпосты қолдандық — ең аз таралған, бірақ үлкен келешегі бар. Оның құрамдас бөліктерінің бірі - құм-арзан органикалық өнім. Биогумустың макро - және микро элементтермен қанығуы негізінен ірі қара малдың көңіне байланысты болды.

Тәжірибелер жылы жай топырағында жүргізілді, онда биогумустың қолданылуы аз зерттелген. Қияр-асқабақ тұқымдасының жылдық шөптесін өсімдіктері. Оның тамыр жүйесі ұзындығы 1 м - ге дейін негізгі тамырдан тұрады, таяз және топырақтың егістік горизонтында 10-30 см тереңдікте орналасқан бүйір тамырлардан тұрады. Қияр сабағы сойылып, түссіз түктермен жасарады, ұзындығы 1,5 - 2 м жетеді. Әр жемістің құрамында орта есеппен 300-ге жуық тұқым бар.

Биогумус пайдаланудың көкөніс дақылдарының көшеттерінің өсуі мен дамуына әсері, оны қолдану мөлшері мен енгізу әдістерінің қияр дақылына зерттелді.

Тәжірибе 1. Биогумустың қиярдың өсуі мен дамуына әсері.

Тәжірибе нұсқалары:

1. Бақылау субстраты: топырақ
2. Жылыжайдан топырақ: шымтезек: үгінділер
3. Биогумус 100%

Көшеттер 500 мл контейнерде өсірілді.

Тәжірибе 2. Биогумустың қысқы-көктемгі айналымдағы қияр өнімділігіне әсері.

Тәжірибе нұсқалары:

1. Бақылау субстраты: топырақ
2. Жылыжайдан топырақ: шымтезек: үгінділер
3. Биогумус 100%

Тәжірибенің барлық нұсқаларында субстраттарға азот, фосфор, калий, субстраттардың қышқылдығына, Тассай агрохимиялық зертханасында топырақ ерітіндісінің концентрациясына агрохимиялық талдау жүргізілді.

Жұмыс барысында есепке алу және бақылау жүргізілді:

1. Фенологиялық: қияр дақылдарының көшеттерін отырғызу, алғашқы және жаппай гүлденуі, алғашқы және жаппай жеміс беру күндері белгіленді.

2. Биометриялық өлшемдерден: өсімдіктердің биіктігі мен ұзындығын, жапырақтардың санын, жапырақ бетінің ауданын, өсімдіктің жер асты бөлігінің ұзындығын, көлемін, тамыр массасын өлшедік.

3. Метеорологиялық көрсеткіштер күндізгі және түнгі уақытта жылыжайлардағы ауа температурасын өлшеу үшін термометрді қолдандық.

Биогумустың қияр дақылының өсуі мен дамуына әсері

Жұмыстың бірінші кезеңінде дайын топырақ қоспасына минералды тыңайтқыштарды қолданбай қияр өсіру мүмкіндігін анықтау.

Бақылау нұсқасы үшін әртүрлі учаскеден топырақ алынды.

Тәжірибе нұсқалары:

1. Бақылау субстраты: топырақ
2. шымтезек: үгінділер
2. Биогумус

Тәжірибе жасамас бұрын бастапқы топырақ қоспасы мен вермикомпостқа негізгі қоректік заттардың құрамына агрохимиялық талдау жүргізілді (кесте. 1).

Кесте -1. Бастапқы қоспа мен биогумустың агрохимиялық сипаттамасы

Тәжірибе нұсқалары	pH	Элементтер құрамы, мг/кг					Тұздар концентрациясы, %
		азот	фосфор	калий	магний, мг.экв/100	кальций мг.экв/100	
Топырақ(бақылау)	5.9	210	980	1665	2,8	26,4	0.54
шымтезек: үгінділер	6,4	137	684	650	3,5	21,5	0.58
Биогумус	6,7	281	1810	3000	3,4	31,4	0.58

Бастапқы қоспаны агрохимиялық талдау нәтижелері қоректік заттардың аздығын көрсетеді, керісінше, биогумуста - барлық элементтер түрінің құрамы қияр дақылы үшін оңтайлы нормадан асып кетті. Тәжірибенің барлық нұсқалары бойынша өсімдік көгі 2-3 күнде пайда болды. тәжірибе Тәжірибе нұсқалары бойынша фенологиялық бақылаулардың айырмашылықтары айтарлықтай байқалдмады (кесте. 2).

Кесте-2. Қияр көшеттерінің өсуі мен дамуы кезіндегі фенологиялық бақылаулар

Тәжірибе нұсқалары	Егуден кейінгі күндер саны			
	Алғашқы көктің пайда болуы	Көктерінің жаппай шығуы	тұқым жарнағының шығару кезеңі	Негізгі жапырақтардың түзілуі
Топырақ(бақылау)	3	4	7	9
шымтезек: үгінділер	3	4	8	9
Биогумус	3	4	7	9

Көшет кезеңінің соңында жүргізілген биометриялық бақылаулардың нәтижелері бойынша биогумус қосылған нұсқада өсімдіктердің биіктігіне, жапырақтардың санына, жапырақтардың ауданына, өсімдіктердің массасына оң әсері бары анықталды. Ал орталық тамырдың ұзындығына, тамырдың массасына биогумус қосылған нұсқа теріс әсер берді (кесте. 3).

Кесте-3. Қияр көшеттерінің биометриялық сипаттамасы

Тәжірибе нұсқалары	Өсімдік биіктігі, см	Жапырақ саны, шт	Жапырақ алаңы, $см^2$	Тамыр ұзындығы, см	Өсімдік салмағы, гр	Тамыр салмағы , гр.
Топырақ(бақылау)	38, 4	5	495,7	33,7	22,6	3,9
шымтезек: үгінділер	38,1	7	484,2	36,3	25,1	5,6
Биогумус	66,2	8	926,8	24,8	36,7	2,4

Вегетативті бөлік пен тамыр жүйесінің өсу қарқынын талдау таза биогумуста көшет өсіру кезінде жапырақ бетінің өсуінің ең жоғары қарқындылығы байқалғанын көрсетті. Биогумус қосылған нұсқада вегетативті массаның қарқынды өсуіне ықпал етті, бірақ тамыр жүйесінің салыстырмалы

түрде әлсіз өсуімен ерекшелінді. Бұл жағдай азоттың көп болуына байланысты, ол өсімдіктің жер үсті бөлігінің қарқынды өсу процестерін анықтайды.

Субстратқа байланысты қияр көшеттерінің өсуі мен дамуы.

Қияр көшеттерінің өсуінің бастапқы кезеңінде калий және фосформен салыстырғанда азотты шығару басым болатыны белгілі. Алайда, оның артық мөлшері тез өсуге әкеледі.

Өсімдіктердің қарқынды өсуі дамуына зиян келтіреді. Өсімдіктердің биіктігі мен жапырақтарының ауданы кері пропорционалды болды - өсімдіктердің өсу қарқыны неғұрлым жоғары болса, ассимиляция беті мен оңтайлы қатынасы соғұрлым аз болды. Екі нұсқада бүршіктердің пайда болуы үшінші жапырақтан кейін, бақылау нұсқасында - төртіншіден кейін байқалады. Бұл жағдайда біз биогумустың - гумин қышқылдарының ынталандыруының басталуына байланысты генеративті органдардың ерте қалыптасуын атаймыз.

Кесте-4. Субстратқа байланысты қияр көшеттерінің биометриялық сипаттамасы

Тәжірибе нұсқалары	Өсімдік биіктігі, см	Жапырақ саны, шт	Жапырақ ауданы, $см^2$	Салмағы, г		Тамыр ауданы, $см^3$
				жер үсті бөлігі	тамыры	
Топырақ(бақылау)	27,7	3,1	331,0	14,5	7,4	4,4
шымтезек: үгінділер	30,1	3,7	254,1	12,1	5,7	3,0
Биогумус	37,4	3,1	193,7	10,0	5,5	3,2

Сондықтан қияр өсіру кезінде биогумусты қолдану белсенді өсу процестерін ғана емес, сонымен қатар өсімдіктердің дамуына да қарқындылығы анықталды. Негізінде зерттеулер бойынша анықталғаны: биогумус өсімдіктердің биіктігін және жапырақтардың санын аздап азайтады, бірақ сонымен бірге жапырақ бетінің ауданын, өсімдіктердің жер асты бөлігінің массасын, тамыр массасын арттырады. Қияр көшеттеріне арналған субстраттағы биогумус мөлшері көшеттердің сапасын жақсартады.

Зерттеулер көрсеткендей, биогумусты пайдалану топырақтың биологиялық және химиялық қасиеттеріне оң әсер етеді, нәтижесінде агрохимиялық сипаттамаларға жоғары көрсеткішке ие болады. Биогумуста өсімдіктер қысқа мерзімде сіңіретін көптеген макро-және микроэлементтер, дәрумендер мен антибиотиктер бар, сонымен қатар 15-тен 20-ға дейін түрлі аминқышқылдары да кездеседі. Биогумусты кез-келген дақылды өсіру үшін қолдануға болады және өте құнарсыз топырақтарға қоса отырып кез-келген өсімдіктерді, көкөністерді, жемістерді өсіру үшін сапалы орта жасай аласыз, сонымен қатар экологиялық таза ауылшаруашылық өнімдерін алуға болады.

Биогумус 60-70% ылғалды сақтайды, органикалық тыңайтқыштарға қарағанда шамамен 15 есе тиімді. Құрамында ауксин бар - жемістердің, өсімдік өсінділерінің өсуін стимуляторы, жоғары физиологиялық белсенділікке ие, сонымен қатар гетероауксин (β-индолилацет қышқылы) - өсу процестеріне әсер етеді, фульво қышқылдары - жоғары көмірсулармен сипатталатын топырақ гумусының ерекше органикалық қышқылдары.Биогумустың РН қышқылдығы

6.7-7.3 аралығында болады, ол бейтарап (pH-7), осылайша аурулардың дамуын қиындатады.

Әдебиеттер

3. Кураченко, Н.Л. Воспроизводство плодородия почв: учеб. пособие / Н.Л. Кураченко : Краснояр. гос. аграр. у-т. – Красноярск, 2011. -142 с.
4. Лавров, В.В. Вермикультивирование в США и Канаде / В.В. Лавров // Дождевые черви и плодородие почв: мат–лы 1- й междунар. конф.– Владимир, 2002. – С.73-76.

ӘОЖ 632.5

МАҚСАРЫ ЕГІСТІГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН У КЕКІРЕНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫ

Жұмаханова Р.К. т.ғ.к., доцент, Қаржауова Н.С. магистрант,
Муминова К.Ш. б.ғ.к., аға оқытушы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Сорняк-дикорастущие растения, произрастающие в полях общего посева. Сорняк использует много влаги, питательных веществ из-за хорошего развития корневой системы. Он также затеняет посеянную культуру, ухудшает протекание процесса фотосинтеза, в результате чего ухудшается образование органического вещества на протяжении посеянной культуры, снижается получаемый урожай. В данной статье представлена область распространения и фенология развития горчака – вида сорняков, встречающегося в Туркестанской области.

Горчак розовый - (Acroptilon repens) - многолетний сорняк, принадлежащий к семейству сложноцветковых, с пышными корнями. Корневая система хорошо развита. Стебель прямой, сетчатый, волосистый высотой 20-25 см. Размножается из семян растения и из горба корневой почки. Горчак розовый-любитель как тепла, так и света, очень засухоустойчивый сорняк. Хорошо растет на рыхлых и плотных почвах. Плохо переносит высокую влажность в почве, а ростки холодостойки на 2-30С. Семена хранятся в почве пять лет. Сорняк отличается накоплением углеводородов (инулина) в корнях.

В этой статье исследовалась биологические особенности и эффективность химических, биологических способов борьбы с карантино-сорного ядовитого растения горчака розового Южного региона.

Summary

Weed-wild plants growing in the fields of general sowing. The weed uses a lot of moisture, nutrients due to the good development of the root system. It also obscures the sown crop, worsens the course of the photosynthesis process, as a result of which the formation of organic matter worsens throughout the sown crop, the resulting yield decreases. This article presents the area of distribution and the phenology of the development of mustard, a type of weed found in the Turkestan region.

Pink mustard (Acroptilon repens) is a perennial weed belonging to the family of compound flowers, with lush roots. The root system is well developed. The stem is straight, reticulated, hairy with a height of 20-25 cm. Propagated from the seeds of the plant and from the hump of the root bud. Pink mustard is a lover of both heat and light, a very drought-resistant weed. It grows well on loose and dense soils. It does not tolerate high humidity in the soil, and the sprouts are cold-resistant for 2-30C. Seeds are stored in the soil for five years. The weed is characterized by the accumulation of hydrocarbons (inulin) in the roots.

In this article, the biological features and effectiveness of chemical, biological methods of combating the quarantine-weed poisonous plant of the pink mustard of the Southern region were investigated.

Ауыл шаруашылығы егістік танаптарында өсетін арамшөптер екпе дақылдардың өнімі мен сапасын төмендетіп, шағын және орта шаруашылығы өндірісіне орасан зор зиян келтіреді. Биологиялық ерекшеліктеріне қарай олардың көпшілігінің тамыр жүйесі жақсы дамыған, сол себепті топырақтың терең қабаттарындағы ылғалды және қоректік заттар қорын мәдени өсімдіктерден бұрын сіңіреді де, қоршаған ортада құрғақшылық әсерін күшейте түседі. Сол тәрізді олар қоректік заттарды пайдалануда да айтарлықтай бәсекелестікке түсіп, мәдени өсімдіктер аурулары мен зиянкестері үшін жайлы мекенге, не болмаса кейде уақытша коректік орынға айналады.

Біз зерттеуге алған жатаған у кекіренің биологиясына келер болсақ, жарық қалайды, көлеңкеде өскенде тұқым бермейді, өсу нашарлайды, бірақ тамырдағы қоректік заттар, таралу бүршіктері арқылы, жарық болған жағдайда тіпті бірнеше жылдан кейін де жаңадан өскіндер өсіп шығып, таралып көбейе береді. Сонымен қатар кекіренің зияндылығы олардың дақылға аллепатиялық әсері, тамыр жүйесі мен кекіренің тұқымы бөліп шығарған зиянды заттары бидай, мақсары, бұршақ тұқымдарының өсу энергиясын төмендетіп, дақылдың өсіп жетілуін бәсеңдетеді.

Жатаған у кекіренің вегативтік ағзаларының биологиялық ерекшелігін анықтауда оның қоршаған ортаға бейімделуіне бақылау жүргізе отырып, дамуы мен көбеюі қадағаланды. Көптеген арамшөптерде вегетативтік көбеюі мен қайта жаңаруы немесе өскін беруі жақсы дамыған. Оңтүстік Қазақстанның құрғақшылық, қуаңшылық жағдайында атпа тамырлы арамшөптер – жатаған у кекіре, сарықұрай сасыр, жатаған бидайық, егістік шырмауық және т. б. кең көлемде таралған алайда карантинді арамшөп жатаған у кекіре аз зерттелген.

Қазақстанның оңтүстік аймағында атпа тамырлы арамшөптер жатаған у кекіре, егістік шырмауық және егістік сарықаулендердің тамыр құрылысы және көбеюі мен дамуының биологиялық ерекшелігінде жалпы ұқсастықтар көп кездеседі. Олардың жер асты ағзалары қоректенуші тік өсетін негізгі тамырлардан және көлденең өсетін жанама көбеюге бағытталған тамырлардан, тік тамырлар мен жас өсінділерден тұрады (1 және 2 суреттер).



1- жалпы түрі;2-тік тамырдағы бүршік-тер; 3- тік жер асты тамырлардағы бүршіктер; 4-тамыр аузындағы бүршік; 5-жер асты тамырдың тік кесіндісі; 6- тамырдың тік кесіндісі.

Сурет 1 - Жатаған у кекіре тамыр жүйесі



1-көктеп шығуы; 2- Өсімдік бірінші жылдық күзінде; 3- Ескі өсімдік; 4- тамырдың бөлігі; 5-жапырақ шығарар өсімдік тамырының бөлігі; 6- тамырлық жүйе.

Сурет 2 - Жатаған у кекіренің оралмалы көктеп шығуы

Жатаған у кекіре, егістік шырмауық және егістік сарықаулендердің тік және көлденең тамырларында бірнеше жақсы жетілген қоректенуші жіңішке тамырлары бар. Бүршіктің көп бөлігі кескен жерде немесе тік тамырдың табиғи қураған жерінде және көлденең тамырдың бүгілген жерінде жинақталған. Тамырдың бүгілген, майысқан бөлігінде көктемде тамыр атпалылары құралып түзіледі. Бұл былай түсіндіріледі, бүгілген жерде өсетін өсінділер тік еншілес (жанама) тамырлар арқылы топырақтан келетін негізгі қоректік заттармен қоректенеді. Көлденең тамырдан өсетін басқа да өсінділер үлесіне еншілес (жанама) көлденең тамырлар арқылы топырақтан келетін қоректік заттар мен су аз қалады. Нәтижесінде олар өсу жағынан кешеуілдеп қалыпты немесе аз дамыған күйінде қалады, кейде құрап кетеді.

Көлденең тамырлардың қатты әлсізденуі уақыт өте келе көбіне күзде құрап қалады. Нәтижесінде өсімдітердің аналық және еншілестерінің, яғни (жанама) арасындағы байланыс жойылады, яғни атпалы тамырлы арамшөптерде вегетативтік табиғи көбею үрдісі жүреді (сурет 3).



г- көлденең күре тамыры;
кр-таралу тамырлары;
п- бүршік;
о- тамырдың құрап бара жатқан бөлігі.

Сурет 3 - Жатаған у кекіренің табиғи вегетативті көбеюі.

Мақсары алқаптарында у кекіренің саны өнімге нұқсан келтіретін деңгейге жетіп, олар жаппай тарала бастағанда, күрестің биологиялық әдісі

қолданылады. Өсімдіктерді қорғаудың биологиялық әдісі – ауыл шаруашылығындағы карантинді арамшөп у кекіренің еңсесін көтертпеу және таралу санын шаруашылықтың егістігіне елеулі зиян келтірмейтіндей мөлшерде азайту үшін тірі организмдерді пайдалану болып табылады.

Күрестің биологиялық әдіс дегеніміз – пайдалы жәндіктерді қолдан өсіру арқылы көбейтіп, оларды табиғат аясына – көкөніс егістігіне жіберу.

Жапырақта ісік түзетін бізтұмсық – алғаш рет Балқаш көлі маңынан табылған. Кейіннен бұл насеком Шымкент қаласы мен Қырғыз Алатауының алқаптарында, Батыс Қазақстанда көптеп таралғаны мәлім болды.

Бізтұмсықтың личинкалары у кекіренің жапырағында ұзындығы 7-18 мм, ал ені 5 мм жуық ісіктер түзеді. Мұны жаз айларында көптеп кездестіруге болады. Бұл томпайған ісіктерге личинкалар орналасады. Бізтұмсық қоңыздар, ерте көктемде қыстап шығысымен, у кекіренің алғашқы жапырағына жұмыртқаларын сала бастайды. Жұмыртқаларын жапырақтың ұшына - паренхима бөліміне салуға бейімделген. Міне, осы паренхима бөлігінде личинкалардың өсіп-даму процестері жүріп, жапырақ сырт қарағанда ісінген сияқты болып көрінеді. Личинка өзінің өсіп-дамуы үшін жапырақтың тканьдарымен қоректене отырып, бүлдіріп, жарамсыз етіп, өзінің личинкалық даму кезеңін аяқтап, қуыршаққа айналады да, май айының алғашқы онкүндігінде қоңыздар шыға бастайды. Зақымдалған жапырақтар қурап, өсімдіктің жалпы даму процесіне кедергі жасайды. Бұл қоңыздар тек қана у кекіренің зиянкесі екені дәлелденіп отыр.

Сүген қоңызы – қоңыз личинкалары у кекіренің сабақтарының ішінде өсіп дамуға бейімделген. Зақымдалған кекіренің сабақ, жапырақ бөлімдері сарғайып кетеді. Кейде мұндай сарғайған жерлерді өсімдіктің генеративті органдарынан да көруге болады. Көбіне бұл қоңыздар жұмыртқаларын сабақтың ұшына салады. Бұл олардың сабақ дәніне оңай өтіп, төмен қарай дайын заттармен қоректене отырып, жылжуына мүмкіндік береді. Личинкалар осылайша кекіре сабақтарын бүлдіре отырып, тіршілігін аяқтап, сонда қыстап шығады. Қыстап шыққан личинкалар көктемде қуыршаққа айналып, одан қоңыздар ұшып шығады. Личинкалардың осындай қоректенуі у кекіренің сабағын мүлдем құртып, қуратып жібереді. Міне, сондықтан да сүген қоңызының кекірені құртуда маңызы зор. Жапырақта ісік түзетін бізтұмсық және сүген қоңызын өсіріп шығарып, у кекіренің алғашқы 3-5 жапырақ түзу кезеңін тұстас келтіріп, егістікке таңертеңгі немесе кешкі мезгілде жіберген дұрыс. Олар егістікке біркелкі тарау үшін бір гектарға кемінде 50 мың дана жіберілді. Жапырақта ісік түзетін бізтұмсық және сүген қоңызын биологиялық зертханаларда, арнайы дайындалған күнбағыс дәнін ашытып, сол жерде көбейтілді.

Кесте 1- Мақсары егістігіндегі у кекіремен күресуде жапырақта ісік түзетін бізтұмсық және сүген қоңызының биологиялық тиімділігі, дана /га

Тәжірибе нұсқалары	Бір шаршы алаңдағы у кекіре саны, дана		у кекіре зақымдалуы, %		Зақымдалудың өзгеруі %, есептеу күні		
	өңдеуге	Есептеу күндері	Ф Н	Есептеу күні			

	дейін		3		7		14								
	барлығы	жіберілу саны /м.д	барлығы	зақымдалғаны	барлығы	зақымдалғаны	барлығы	зақымдалғаны		3	7	14	3	7	14
Бақылау	5,0	-	6,0	-	6,5	-	6,8	-	5,0	120	130	136	-	-	-
Жапырақта ісік түзетін бізтұмсық	6,0	50	6,0	2,7	6,0	1,2	6,0	0,8	6,0	45,0	20,0	13,3	62,5	84,6	90,2
Сүген қоңызы	5,5	50	6,0	2,5	6,0	1,8	6,0	1,2	6,0	1,6	30,0	20,0	65,3	76,9	85,2

Гербицидтер ауыл шаруашылығы дақылдарын, жеміс-жидек алқаптарын, жайылымдар мен шабындықтарды арам шөптерден тазартып қана қоймай, сонымен қатар олардын, өнімділігін де арттырады.

Бақылау нұсқасымен салыстырғанда у кекіре санының аз болу себебі у кекіре тұқымдары мен өскіндеріне қолданылған гербицидтің әсері байқалды. У кекіреге есеп жүргізуде шаршы алаң бірлігіндегі саны 5,4-1,0 данаға дейін қысқарған, яғни бастапқыдан 66,7% төмендеген. РАУНДАП, 36% с.е. – 1,5л/га мөлшерінде қолданған нұсқада бастапқы арамшөптер саны 1,4-1,2 дана болып, ТОРДАН, с.е. -2,5 л/га гербицидін қолданған нұсқаларда бұл көрсеткіш 66,7-70,3 % құрады (кесте-2).

Кесте 2 - Пайдаланған гербицидтердің карантинді арамшөп у кекіреге әсері

Тәжірибе варианты		У кекіре	
		дана/м^2	жойылуы, %
Бақылау	1 есеп	4,5	-
	2 есеп	5,2	-
	3 есеп	5,4	-
РАУНДАП, 36% с.е. – 1,5л/га	1 есеп	1,4	68,8
	2 есеп	1,0	80,7
	3 есеп	1,2	77,8
ТОРДАН, с.е. -2,5 л/га	1 есеп	1,5	66,7
	2 есеп	1,3	75,0
	3 есеп	1,6	70,3

Әдебиеттер

1. Жарасов Ш. «Карантинді арамшөптер және олармен күрес» Алматы: 2010 қазан № 35.
2. Сулейменова З.Ш. Методические указания по учету и выявлению карантинных объектов. - Астана: 2009.

ӘОЖ 372.8:91

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА МОТИВАЦИЯ

Шығанбай А.Ж. – ОҚМПУ, 1-курс магистранты
Жетекші: Қожабекова З.Е. – ОҚМПУ, г.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

Мақалада географияны оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану бойынша жалпы түсінік берілген

Summary

The article gives a general idea of the application of new information technologies in teaching geography

Заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологиялары(АКТ) географияны оқытудағы мазмұны және пәнаралық байланыстағы қиынға соққан сұрақтарды шешудің тетігі. Географияны оқытуда компьютерді пайдалану білім алушыларды ынталандырып, бойындағы қабілеттің дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

Қазіргі білім беру процесінде орта мектептердегі географияның «Литосфера», «Гидросфера», «Атмосфера» және «Биосфера» тарауларын түсіндіруде айтарлықтай қиындықтар бар. Сол қиындықтарды еңсеру үшін АКТ-ның компьютерлік бағдарламаларын көбірек пайдаланған жөн.



1-схемалық-сызба. Ақпараттық технологияда қолданылатын компьютерлік бағдарлама түрлері.

Бүгінде, кейбір тақырып бойынша сабақ түсіндіру барысында карталар мен глобусты пайдалану жеткіліксіз. Себебі, жер бедері тұрақсыз, бір арал жойылып жатса, екінші бір пайда болып, карталардың өзгерісіне әкеліп соғады. Сондықтан, білім алушыға визуалды көрнекі – макеттер мен приборлар, онлайн форматтағы 3D фото-суреттер мен шағын мультипликациялық роликтер көру аркылы тез ұғынады, оңай есте сақтайды және әлдеқайда тиімді. Күнделікті оқыту процесінде қолданып жүрген интербелсенді тақта арқылы “Macromedia fFlesh”, “3ds MAX” компьютерлік бағдарламаларын пайдаланып, тақырыптық электронды онлайн карталар мен жер бедерін бақылай алады.

Білім алудағы визуалды қабылдау(елестету) – сөйлеуді және тәуелсіз түсінуді дамытудың маңызды шарттарының бірі, ол білім алушыларға ойлаудың барлық түрлерін сәтті қалыптастыруды үйретеді және оларға

қоршаған шындық туралы объективті ғылыми білім көзі болады. Қазіргі уақытта визуалды қабылдау дәрежесі адамның жеке ерекшеліктеріне, оның тану қабілетінің даму деңгейіне, бастапқы кескіндерді визуалды қабылдау деңгейіне байланысты өзгереді.

2-схемалық-сызба. Интербелсенді карталар мен мультимедиалық оқыту құралдарының атқаратын қызметтеріне қарай жіктеу

География пәнін оқыту бізге көрнекі құралдардың көмегімен күрделі оқу материалдарын түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді. Пәннің материалын зерттеу барысында оларды мазмұннан бөліп алу керек. Бұл жағдайда оқытушыға әр түрлі критерийлерге жауап беретін көрнекі құралдар, соның ішінде: суреттер, географиялық карталар және атластар көмектеседі. Негізгі көрнекі құралдар – кестелер, диаграммалар, индивидуалды пайдалануға арналған есептік, приборлар және кейбір үлестірме материалдар, сабақ айту барысында видеодәрістер мен электронды құжаттар және т.б. білім алушылар өздері де жасай алады. Осындай көрнекі құралдарды жасау білім алушылардың осы материалға деген қызығушылығын, оны география пәнінде қолдануға деген ынтасын оятады. Бұл бізге оқу материалын жақсы түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді. География пәнінде қоршаған орта объектілері визуалдық құралы ретінде қолданылады. Визуалды құралдардың ішінде: қағаздан жасалған суреттер, заттардың суреттері, олардың сыртқы түрі, заттардың суреттері бар карталар, атластар, арнайы макеттер мен өлшеуіш құрылғылар жатады.

Осылайша, заманауи талаптарға сәйкес оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз етуде көрнекі құралдарды тиімді пайдалану білім берудің жаңа ақпараттық технологиясы ретінде пайдаланылады. Ақпараттық технологияларды сабақ өту барысында пайдалану үшін бүгінде озық стратегиялық жоспарлар жан-жақты әзірленіп жатыр. Стратегиялық жоспар – өз кезегінде қазіргі ғылыми-техникалық процестің қарқынды дамуына сәйкес. Бүгінде ғылыми-техникалық процестер мен техникалық инновациялар үнемі даму үстінде болғандықтан, тереңдетіліп жасалынған стратегиялық жоспарлардың маңызы зор. Еліміздің ертеңгі болашағы – білім беру жүйелері мен фундаменталды орта мектептерге байланысты. Қазіргі заманғы білім беру

мекемелерінде білім беру мазмұнын, оны оқыту жүйесінің жүйелі жасалған жоспары заманауи талаптарға сәйкес жаңарту - білім беру реформасын іске асырудың басты шарты.

Заманауи білім беру саласындағы соңғы үлгідегі технологияларды меңгермей білікті жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияларды игеру мұғалімнің кәсіби, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да адами қасиеттерін қалыптастыруға жағымды әсер етеді, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және өзін-өзі дамытуға ықпал жасайды. Ақпараттық технологиялар іс жүзінде қоғамдағы барлық мамандандыру салаларына қатысты пәндерді оқытуға байланысты.

Әр география мұғалімінің міндеті – білім беру жүйесінің заманауи талаптарына жауап беретін спутниктік арна арқылы электронды оқулықтар мен қашықтықтан оқыту арқылы географияға деген қызығушылықты арттыру.

География басқа пәндермен салыстырғанда картамен тығыз байланысты екенін ескере отырып, студенттерге оқулық мәтінінде келтірілген карталарды, схемалық сызбаларды немесе диаграммаларды ғана емес, сонымен қатар бейнелерді де қолдана отырып, әлемнің континенттері мен бөліктері, аралдағы елдер мен халықтар туралы қызықты деректерді пайдалану тиімдірек екенін ескерту керек.

Әдебиеттер:

1. Финаров Д.П. «Методика обучение географии в школе.М. 2003.
2. Колеченко А.К. «Педагогикалық технология энциклопедиясы.» –М. КАРО.- 2008.
3. Махмутов М.И. «Проблемалық оқыту». М. 1975
4. Фомин Н.Г. «Методика преподования географии в средней общеобразвательной школе». Тамбов, 2003
5. Даркин Р.М. «Теория и методика обучения географии». Пензенский ГУ, 2003.
6. Е.А. Тоқпанов, О.Б. Мазбаев, Т.О. Увалиев «Географияны оқыту әдістемесі», Алматы, 2016 ж.

ӘӨЖ

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ ОРЫНДАЛАТЫН ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ РӨЛІ

Турсынбаева Зульфия Патаевна
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушы
Дуйсенова Роза Убайданкызы
№50 мектеп гимназиясының география пәні мұғалімі

Резюме
В статье рассматриваются значение практических работ на уроках географии
Summary
The article discusses the importance of practical work in geography classes

Бүгінгі таңда Қазақстан бүкіл дүние танитын және құрметпен қарайтын мемлекетке айланды. Міне осы жетістіктерге жетуге не себеп болды деген сұраққа біз осы жұмыс арқылы жауап беруге талпындық.

Қазақстан өзге ТМД елдері сияқты Кеңестік кезеңнің салқын саясатын басынан кешірді, ұлттық мүдде, ұлтық мәдениет пен тіл барынша шет қақпай көрді. Егемендіктің таңын қарсы алған соң экономикалық саясатын нарықтық ашық экономикаға негіздеп, әлемдік экономикалық интеграция мен ықпалдасыққа бұра білді. Соның нәтижесінде инвестицияны көптеп тартып отандық өнеркәсіптің дамуына негіз қалай білді.

Қазіргі кезде география пәні мұғалімдерінің өз жұмысында көпте тен оқытудың техникалық құралдарын және оқушылардың өмірін (теледидар, радио, газет-журнал арқылы күнделікті келіп отыратын мәліметтерді қолдануына мүмкіншіліктері көп. Сонымен қатар, басқа да көрнекілік құралдары мен формалары ығыстырылып қалады. Ал географиялық білімді меңгеру барлық көрнекілік құралдар мен мүмкіндіктер үйлесімді қолданылған жағдайда ғана сәтті болады.

Осы орайда оқытудың тиімді құралы ретінде сандық көрсеткіштерді айтуға болады.

Географияға байланысты нақты деректер келтіруде кез келген аймақтың халық санының орташа тығыздығын, қаңтар мен шілде айларының орташа температураларын анықтауда, биіктік бойынша қысым ылғалдылықты анықтауда, түрлі елдердің шаруашылық салаларының дамуына салыстырмалы сипаттама беруде, т. б. көптеген мәселелерге байланысты нақты көрсеткіштер келтіруде сандық көрсеткіштердің алатын орны зор.

Көп жағдайда сандық көрсеткіштер оқушылардың өз бетімен географиялық ұғымдарды түсінуіне мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар түрлі қима, диаграмма, графикгерге талдау жасай отырып, әр түрл мәселелерге қорытынды бере алады.

Мектепте оқытылатын физикалық және экономикалық география пәндері бойынша қолданылатын сандық көрсеткіштерді жалпы тері топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Жекеше кездесетін сандар — тонна, шақырым, киловатт-сағат пайыз сияқты, т. б.

2. Шығарылатын кейбір қарапайым есептер.

3. Диаграмма, график, қима, картограмма, картодиаграммаларды сызу арқылы берілген сандық көрсеткіштер мөлшері.

4. Әр түрлі мәселені топтастырып көрсететін статистикалақ кестелер.

Сандық көрсеткішпен жасалатын жұмыстың бірінші тобына мысал келтірейік. Қазақстан табиғат ресурстарына өте бай ел. Оның жер қойнауында Менделеев кестесіндегі 110 элементтің 99 бар екендігі анықталған. ТМД-дағы хромның - 94,2 %, бариттің - 81,7 %, фосфориттің-64,7 %, молибденнің - 29,3 %, мыстың - 28,4 %, бокситтің - 22,1%. асбестің- 20,1 %, марганецтің - 13,0 %, көмірдің - 11,9 % қоры республика үлесіне кіреді.

Индонезия жылына 4,5 мың тонна шай жинаса, Үндістан 375 мың тонна, Цейлон 220 мың тонна, Қытай 150 мың тонна шамасында шай жинайды екен.

Сандық көрсеткішпен жұмыстың екінші тобы география курстары бойынша шығарылатын қарапайым есептерге тоқталамыз. Мысалы. жер шары жалпы 360°-қа бөлінген болып есептеледі. Егер жер шары өз бөлігінен 24 сағатта бір айналатын болса, бір сағатта 15°-қа жылжиды.

Сарамандық жұмыс

Мен өз әріптестеріме 9-сыныптағы "Қазақстанның халқы және еңбек ресурстары" деген тақырыптағы сарамандық жұмысты өткізудегі өз тәжірибемді ұсынып отырмын.

Сарамандық жұмыста белгілі бір аумақтың халқының тығыздығын анықтау және Қазақстанның ұлттық құрамының кестесін пайдаланып, диаграмма құрастыру жұмыстары жүргізілді. Сабақта оқушылардың теориялық білімін одан әрі кеңейту, Қазақстан халқының саны, ұлттық құрамы, көп ұлтты мемлекет екендігі және орналасу тығыздығы туралы білімдерін толықтыру мақсат етіп қойылды.

Сонымен катар, статистикалық материалдарға талдау жасау, қорытынды шығара білу, графиктер мен диаграмма құрастыру, демографиялық мәселелерді шешудің жолдарын қарастыру тәсілдері сабақтың дамытушылық әрекеттеріне орайластырылып отырды.

Сабақ тарих, математика, әдебиет пәндерімен өзара байланыста етті.

I. Ұйымдастыру. Сыныпты топқа бөлу.

II. Қызығушылығын ояту. "Миға шабуыл".

1. Оқушылар, Қазақстан туралы не білесіндер?

2. "Демография" деген сөзді қалай түсінесіңдер?

Осы сұрақтар жайлы бір-біріңмен ой бөлісіп талқылandар, пікірлесіндер. Әр топ өздерінше талдап болған соң, көшбасшыға сөз береді.

Әлемдік экономиканың ғаламдануы барысында көрші елдер арасындағы экономикалық және әлеуметттік интеграцияның қалыптасып дамуы заңды үрдіске айланып отыр. Бұл байланыс елдер үшін тиімді болып саналмақ. Осы тұрғыдан алып айтқанда Қазақстан Орталық Азия елдері және жалпы ТМД мемлекеттері тіпті дүниежүзі елдерімен байланыс орнату маңызды болып табылады

Әдебиеттер:

1. Жаңа кезең – жаңа экономика // Официальный сайт Президента Р.К.: Казахстан

2. Мұханбетова С.М., Нұрзақова А.Н., «Ұлттық шоттар жүйесі», Алматы, Экономика, 2007ж.

ӘӨЖ

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР МЕН ТӘСІЛДЕР

Егенова Назгул Атаевна
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушысы
Маманова Мавжуда Акрамовна
№51 жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме

В статье рассматриваются применение интерактивных методов обучения на уроках географии

Қазіргі заманымыздың ағымындағы мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуы жылдам өзгеріп жатқаны әлемнің талабы деп білемін. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ендеше, білім беру мазмұнын жаңарту – заман талабы. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты екені анық. Білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне оқушы белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мәдениетті тұлға.

Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген –әр жеке тұлғаның кез – келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжербиенің бірлігі.

Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

· Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады.

· Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қаблеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

· Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады.Жалпы адамзат баласы тумысынан

білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Мұғалім қолданатын стратегиялардың бірі - сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Технология бойынша әр сабақ үш кезеңнен тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны ашу;
- ой толғаныс.

Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі.

Сондықтан тілдік пәндер бойынша сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған.

Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны ашу (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында

V – «білемін», — «мен үшін түсініксіз»,

+ - «мен үшін жаңа ақпарат»,

? – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйретететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған

ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге
қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.
Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.
Сабақтың мақсаты:
а) қызығушылықты ояту – сұрақ қою;
ә) мағынаны ажырату – жауаптар іздеу, мәселені зерттеу;
б) ой толғаныс – ойлау процесінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау, яғни үш фазада сабақты бөліп өту, оқыту мен оқу процесін осындай үш сатыда ұйымдастыру.
Сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін – өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан дүниесін өзгертеді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, қызығушылықты артырады, кез – келген сабақты меңгертеді, оқушы өзін – өзі тәрбиелейді.
7-сыныптың «Табиғи аумақтық кешендер» тарауындағы, географиялық қабық, мұхиттар және материктер, зоналар және белдеулер деп аталатын оқу мақсаты берілген. Осы оқу мақсатын ашу үшін, оқушының қызығушылығын арттыра отырып тиімді белсенді әдіс тәсілдерді қолданып, тапсырмалардың оңайдан қиынға қарай жылжуын қарастырып, ойлануына мүмкіндік беріп көрейік.

Сабақ барысында ең алдымен сыныптың психологиялық атмосферасын жақсартып, көңіл-күйінің дұрыс болуы мен қызығушылығының артуына жағдай жасау. Мысалы: оқушыларды шеңберге тұрғызып, бір-бірлеріне жылы лебіз білдірту. Белсенді әдісті пайдаланып оқушыларды топқа бөліп отырғызу, оқушылардың өздеріне топтың ережесін құрғызу.
Әр тапсырма барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер, топтық, жұптық, жеке жұмыстар және қалыптастырушы бағалау мен ынталандыру қоса жүретініне түсінік беру.

Сабақтың білу кезеңінде «Жигсо» әдісін қолданып мәтінді оқыту арқылы оқылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға ықпал ету. Мұнда оқушылар өз білетіндерін ортаға салып толықтырады, ойын жинақтап айтуды

үйренеді және сыни тұғыдан ойланып, жауаптарын дәлелдермен келтіріп, өмірмен байланыстыра алады.

Тағыда бір белсенді әдістердің бірі «Мені анықта»деп аталады. Осы тапсырмада мұхиттар мен теңіздерді айтып картадан көрсету арқылы оқушыларды қызықтыру және есте сақтау қабілеттерін дамытуға бағыттап, өз бетінше ізденуіне көмектесу.

Келесі қолданатын «Сұрақ-жауап» әдісі оқушыларға сұрақ қою және олардың жауабына қарай әрекет ету, алған білімдерін тексеру үшін сұрақтар қойып, жауап беруге ынталандыру қажет.

Сабақ соңында «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы кері байланыс жүргізіп, келесі сабақта жоспарланатын жұмыстарыма не өзгертуім қажет, қандай тиімді әдістерді қолдануға болады, сабақ барысында неге назар аудару қажет деген сұрақтарға жауап аламын.

Қазіргі кездегі білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылық пен қызығушылығын қалыптастыруға бағыттап оқыту болып табылады.

География пәні көбіне ауызша жауаптары талап ететін болғандықтан жұптық, топтық, жеке жұмыстар арқылы табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын сабақ барысында зерделеуге, зерттеуге жұмысын жүргізуге, болжамдар жасауға, өз пікірін дәлелдеуге, гипотеза ұсынуына, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына мүмкіндіктер береі. География ғылымы-өте қызықты да күрделі ғылым. Жаңартылған білім мазмұнын география пәнінде жүзеге асыру үшін мұғалімнен үлкен шеберлікті, оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді. География пәні үшін басқа пәндермен салыстырғанда, картамен жұмысты талап етеді, сондықтан оқушылардың материктер мен дүние бөліктеріндегі және аралдардағы елдер мен халықтар жайында деректерді жинау, оларды сараптау, салыстыру, маңыздылығын бағалау басқа пәндермен байланыстыру оқушы үшін ерекше қызық. Мысалы: материктің қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат жағдайындағы ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерін бейне материалдан көрсету оушының білімін кеңейтеді және пән туралы ұғымын қалыптастырады. Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер, интернет ақпараттарын пайдалану арқылы бір-бірімен білім алмасып бір-бірінің оқуының ілгерлеуіне ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. НИШ, Астана, 2013 ж.
2. А.Әлімов. Оқытудағы интербелсенді әдіс –тәсілдер. Астана, 2014.
3. А.Әлімов., Интербелсенді әдістерді ЖОО қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013.
4. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды, 2011.
5. Ш.Бағиева., Интерактивті әдістер – өмірлік дағдыны қалыптастыру тетігі, Білім, 2007, № 6.

6. Г.Абдуллина., Интерактивті оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты. Ұлт тағылымы, 2009, № 2.
7. Д.Картбаева., Ф.Каракушекова., Жаратылыстану пәндерін оқытудағы интербелсенді әдістер.

ӘӨЖ

«БИОСФЕРА» ЖӘНЕ «ГЕОЭКОЛОГИЯ» ТАРАУЛАРЫН ОҚЫТУДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУҒА, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Төкеев Бертай
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушысы
Иманбердиева Асел Керимовна
Шымкент қаласы, №233.Космодемьянская атындағы мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі

Резюме
В статье рассматривается воспитание нравственных качеств у школьников по охране окружающей среды
Summary
The article discusses the education of moral qualities in schoolchildren on environmental protection

Геоэкология пәнінің көкейкесті міндеті–адамзат қоғамы, тірі организмдер және табиғи орта арасындағы кеңістік-уақыттық заңдылықтарды зерттеу. Сондықтан ғылыми нысан ретінде адам мен басқа да тіршілік иелерін қоршаған табиғи орта (табиғи геожүйелер) және сонымен бірге, адамның өз қолымен, шаруашылық әрекеттері барысында өзгерткен ортасыда алынады. Табиғи-антропогендік ландшафтардағы экологиялық жағдай көптеген факторларға бағынышты. Оларға табиғат жағдайы мен геожүйлердің техногензге тұрақтылығының дәрежесі, қоршаған ортаға антропогендік әсердің сипатымен қарқындылығы, халықтың (оның ішінде халық тығыздығы да бар) техногенез әсеріне деген арақатынасы және т.б жатады. Геожүйе мазмұнын анықтайтын осы аталған факторлардың барлығы географиялық қабық кеңістігінде тіршілік ортасына біркелкі әсеретпейді. Екінші жағынан, ландшафттардың жоғалтыпалған экологиялық қасиеттерін қалпына келтіруге бағытталған шаралар экологиялық тұрақсыздыққа ұшыраған өңірлердің табиғат жағдайларына байланысты жүзеге асырылады. Осы жағдайлардың барлығы экологиялық проблемаларды кеңістіктік–аумақтық аспектте, яғни геоэкологиялық аудандастыру тұрғысынан қарастыруды қажететеді. Геосфераның қазіргі антропосферамен (техносфера) өзара байланысы негізінде экосфера деп аталатын орта түзіледі, оның өзі іс жүзінде литосфера, тропосфера, гидросфера, литоосфера және қазіргі антропосфера мен өзара қарым-қатынасты болатын биосферамен өзара байланыста болады. Географиялық қабық (эпигеосфера) жердің құрамына кіретін табиғи гео

жүйелердің ішіндегі ең жоғарғы деңгейі. Эпигеосфераға Жердің жекелеген географиялық сфералары толығымен немесе жеке түрлері ретінде кіреді. Геоэкологиялың зерттеу нысанына жататын экосфера өз кезегінде төменгі таксономиялық деңгейдегі көптеге нтабиғи-антропогендік геожүйелерден тұрады. Геоэкология физикалық-географиялықөңір, белдем, белдемше, обылыстар, провинциялар, аудандар арасындағы табиғи-антропогендік жүйелердің экологиялық жағдайларын зерттейтін болғандықтан, геоэкологиялық аудандастыруды жүзеге асыруда физикалық-географиялық аудандастыру негізінде алынады. Физикалық-географиялық аудандастырудың жалпы қабылданған міндеті–жер бетін табиғи жағдайлары ортақ кешендердің айырмашылықтарымен ұқсастықтары негізінде бір-біріне ұқсамайтын табиғи өңірлерге бөлу. А.В. Чигаркин әріптестерімен геоэкологиялық мақсаттарға қажетті физикалық-географиялық аудандастырудың объективті ұстанымы ретінде, генетикалық ұстанымды басшылыққа алған. Бұл ұстаным аумақтарды әртүрлі таксономиялық деңдейдегі табиғи өңірлік бірліктерге жіктеудің сипатын және себебін дәл ашып бере алады.

Биосфера (гр. *биос*—тіршілік, өмір, гр. *Сфера* - шар) — бұл ұғым биология ғылымына XIX ғасыр да ене бастады. Ол кездерде бұл сөзбен тек жер жүзіндегі жануарлар дүниесі ғана аталатын. Кейінгі кездерде **биосфера** геологиялық мағынада да қолданылады.

Биосфера - жердің тіршілік қабаты. Географиялық қабық - литосфера, гидросфера, атмосфера, биосфераның өзара әрекеттесуі. Биосфераны ғылымға 1875ж Зюсс енгізді. Биогеография - организмнің географиялық таралу заңдылықтарын зерттейді. Биоценоз-өсімдіктер мен жануарлардың майда ағзалардың бірлестігі. Географиялық қабық- жекелеген табиғат кешенінен тұрады. Табиғат кешені-табиғат компоненттерінің ұштасуы. Табиғат компоненттеріне топырақ, өсімдік, жануар т.б жатады. Ең ірі табиғат кешені-географиялық қабық немесе материктер мен мұхиттар. Табиғат зонасы-температурасы, жауын-шашыны, өсімдігі, жануары, топырағы өзара ұқсас ірі табиғат кешені. Табиғат зонасы 2 бағытта өзгереді:

1. Ендік зоналылық-табиғат зонасының ендік бағытта экватордан полюстерге қарай алмасып келуі.

2. Биіктік белдеулік-табиғат зоналарының тауларда биіктікке байланысты ауысып келуі. Биіктік белдеулерінің саны таулардың географиялық орнына және биіктігіне байланысты. Бір ендікте жатқан табиғат зонасының әр түрлі болуы мұхиттың алыс-қашықтығына жер бедеріне байланысты.

Биосфера — тірі азғалар өмір сүретін жер қабаты. Жер бетінен 10—15 км биікке көтерілгенге дейінгі және 2— 3 км құрғақтан немесе мұхиттардың 10 км түбіне дейінгі жерде азғалар тіршілік етеді. Бұл терминді 1875 жылы бірінші рет Аустрияның атақты геологы Э. Зюсс ғылымға енгізді. Бірақ биосфера және оның жер бетінде жүріп жатқан процестері туралы ілімнің негізін салған академик В.И. Вернадский болды.

Биосфера негізінен үш қабаттан құрылады. Олар: атмосфера (газ күйіндегі), гидросфера (су), литосфера (қатты) қабаттар.

Биосфераның бөлімдері: тропосфера, гидросфера, литосфера, атмосфера, ноосфера.

«Биосфера» және «Геоэкология» бөлімдерін оқытудың оқушыларға экологиялық құндылықтарды сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеудегі алатын орынын, экологиялық тәрбе берудің тиімді жолдарын табиғаттағы тепе-теңдіктің сақталу заңдылықтарын терең біледі және оқу тәрбие үрдісінде іс жүзінде қолданады.

«Биосфера» және «Геоэкология» бөлімдерін оқыту барысында Қазақстан аумағындағы адамдардың шаруашылық әрекетінің нәтижесінде туындаға экологиялық шиеліс деңгейі мен қоршаған ортаның бұзылу дәрежелерінің апатты және шиелісті аймақтарының туындау сабептерін оларды болашақта қалпына келтірудің тиімді жолдарын біледі және оқушыларға экологиялық, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиелерін беру барысында іс жүзінде жүзеге асыру әдістерін меңгереді.

Әдебиеттер:

1. Ұ.Ә.Есназарова. Қазақстанның физикалық географиясын оқыту. Әдістемелік құрал. Алматы – 2004.
2. Ә.Бейсенова, Қ.Карпеков. Қазақстанның физикалық географиясы. Оқулық 8 – сынып. Алматы «Атамұра» 2004.
3.Т.М.Бенькович, Д.Л Бенькович. Опорные Конспекты в обучении географии России. Москва. «Просвещение» 1997.

ӘӨЖ

«КАРТА МАСШТАБЫН АНЫҚТАУ», «КАРТА БОЙЫНША АУДАНДАРДЫ АНЫҚТАУ»

Эсанбоева Умида Корабековна
Шымкент қаласы, №82 К.Касымұлы атындағы ЖОББМ
география пәні мұғалімі
Тажибаева Улбосын Жарылкасыновна
№103 жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме

В статье рассматривается воспитание нравственных качеств у школьников по охране окружающей среды

Summary

The article discusses the education of moral qualities in schoolchildren on environmental protection

География ғылымының екінші тілі – карта. Карта мен планмен жұмыс жасағанда міндетті түрде масштаб қолданылады.

Масштаб - жер бетінде өлшенген қашықтықты қағазға түсіргенде қанша рет кішірейтілгендігін көрсететін бөлшек сан масштаб (немісше мас – өлшеу, штаб – таяқ) деп аталады.

Масштабтың алымы әрқашанда 1-ге тең бөлімі кішірейту мөлшеріне сәйкес келеді. Яғни 1:10 000 масштабын алсақ, бұл жер бетіндегі қашықтық 10 000 есе кішірейтіліп алынды деген сөз.



Атаулы масштаб – сөзбен берілген масштаб, мысалы, 1 см – 75 км. Бұл картаның, планның немесе сызбаның 1 сантиметріне нақты 75 км жер аумағы орналастырылғанын білдіреді.

Сандық масштаб –бөлшек түрінде бейнеленеді, оның алымы бірлікке тең, ал бөлімі – жердегі сызыққа қатысты картадағы (пландағы) сызық неше есе кішірейтілгенін көрсететін сан.

Сызықтық масштаб –бірдей бөліктерге бөлінген түзу сызықтан тұрады. Бұл бөліктер бейнеленген жердегі белгілі бір қашықтыққа сәйкес келеді; бөліктер цифрлармен белгіленеді.

Карта (немісше Karte – түпнұсқа; грекше chartes – жазуға пайдаланылатын папирус парағы) – Жер бетінің, жұлдызды аспанның немесе оның бөліктерінің картографиялық проекцияларды пайдалана отырып, шартты белгілер арқылы жасалған кішірейтілген бейнесі (үлгісі). Картадан өзен арнасының, топырақ жамылғысының, жыралардың өзгеруін,батпақтанудың, елді мекендер мен жолдардың сипатын, т.б. анықтауға болады. Масштаб бойынша нысандардың өзара орналасуы мен байланысын, саралық және сандық сипаттарын анықтайды. Картаныңөндіріс пен шаруашылықта, ғылым мен елдің қорғанысында маңызы зор. Сонымен бірге іздестіру жүргізуде, жоспарлауда, әр түрлі құрылыс ғимараттарын жобалауда кеңінен қолданылады Карта — Жер шарының бетін немесе оның бөліктерін белгілі бір картографиялық проекцияда жазықтыққа кішірейтіп және жинақтап бейнелеу. Қолданылу мақсатына қарай керекті мәліметтер көрсетіледі.Карта масштабы. (Масштаб карты). Карталардың масштабы 1:10000, 1:25000, 1:50000 1:100000, 1:200000, 1:500000 және 1:1000000 болып шығарылады. Кіші бөлімдердің командирлері өз міндеттерін орындау үшін ұрыста көбінесе 1:50000 және 1:100000 масштабы карталарды қолданады. Ал масштабы 1:200000, 1:500000 және 1:1000000 карталар ірі штабтардын жұмысында, сонымен қатар арнаулы міндеттерді орындау үшін қолданылады.Топографиялық карталар 1: 100 000, 1:50 000, 1: 25000, 1: 10 000 масштабтарда жасалады.Жер бетінің одан ірі масштабта жасалатын

сызбасы план деп аталады. Пландардың масштабы 1:5000, 1: 2000, 1:1000 одан да ірі болып келеді.

Тапсырма:

1.1 : 2 500 000 масштабымен берілген картада екі қаланың арақашықтығы

6 см. Екі қаланың жер бетіндегі арақашықтығын табу.

Шешуі: X – екі қаланың жер бетіндегі арақашықтығы. Масштаб анықтамасын пайдаланып, пропорция құрамыз.

X = 6 · 2 500 000 =15 000 000(см) =150 000 (м) = 150(км)

Жауабы: 150км.

2.Жер бетіндегі 2 нүктенің ара қашықтығы 420 км, карта бетіндегіұзындық 7

см.

Картаның масштабын анықтау.

L – жербетіндегі қашықтық

J- картадағы қашықтық

Шешуі: M = 420 км : 7см = 60 (км) = 60000 (м) =6000000 (см)

M -? **Жауабы:** 1:6000000

3.1:50 масштабы мен 50:1 масштабының айырмашылығы неде?

Масштабы 1:25000 картада жер бетіндегі 1 км қашықтық неше сантиметрге кескінделеді?

Екі елді мекеннің арақашықтығы 300 км. Осы елді мекеннің арақашықтығы

масштабы 1:7 500 000 картада неше см болады?

Шешу: х-екі елді мекеннің картадағы арақашықтығы 300км = 300 000 м = 30 000 000 см

x : 30 000 000 = 1: 7 500 000

x = 30 000 000 : 7 500 000 = 4 см

4.Сематикалық карта:

	Ұсақ масштабты	Топографиялық карта	Ірі масштабты	Орта масштабты
1: 100 000			+	
1:1000 000	+			
1:200 000 1:1000 000				+
1: 100 000 1:50 000 1: 25000 1: 10 000		+		

5.Атыраумен Нұр-Сұлтан қаласының арақашықтығы (түзу бойымен алғанда) 1500 км. Картаның масштабын анықтаңыз.

6.1:62000 масштабымен берілген картада «Бәйтерек» монументі мен «Бейбітшілік пен келісім» сарайына дейінгі жер бетіндегі арқашықтығын табыңдар.



Тапсырма:1.Картаны қолдана отырып Қазақстан халық тығыздығы ең жоғарғы, ең төмен аудандарды анықта.

2.Қазақстанның физикалық картасын қолданып, географиялық нысандардың ауданын анықтап жаз.

Жазықтар мен ойпаттар	Таулар	Өзендер	Көлдер	Құмдар
Тұран ойпаты	Тянь -Шань	Ертіс	Байкал	Қызылқұм

3.Дүние жүзінің кескін картасына ТМД елдерінің территориясының ауданын анықтап сызып көрсетіңіз

Әдебиеттер:

1. Оқыту ізденіс ретінде және Ізденіс оқыту ретінде (оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері) С.Мирсеитова
2. «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары», Н. Қошқарбаев, 2010 жыл.
3. Т.Қалыбеков Геодезия мен топография негіздері: Ана тілі, 1993
4. Топографиялықкарталарбойыншаесепшығару. - Павлодар: С. Торайғыроватындағы ПМУ, 2006. – 21 б.
5. Жалпы білім беретін мектептің 6 – сыныбына арналған оқулық.3 - басылымы. – Алматы: Атамұра,2018

ӘӨЖ

SWOT - ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Ибраева Карлыгаш Сейтгаппаровна
Шымкент қаласы, №95 ЖОББМ география пәні мұғалімі

Резюме

В статье рассматривается SWOT – анализ экологической состояние природных ресурсов

Summary

The article discusses SWOT - analysis of the ecological state of natural resources

Жер ресурстарының ластану деңгейі. Жер ресурстарының негізгі сапалық сипаттамасы құнарлылық болып табылады және ұтымды жер пайдалану кезінде топырақтың табиғи құнарлылығын арттыруға, жер ресурстарының жай-күйін жақсартуға болады. Алайда, шаруашылықта жерді дұрыс пайдаланбағандықтан, ысырап жер қоры зардап шегеді. Сонымен қатар, адамның литосфераға антропогендік әсері екі бағытта жүреді: ландшафттың өзгеруі мен жойылуы, топырақтың ластануы мен тозуы.

Табиғи және антропогендік себептердің әсерінен топырақ жамылғысының тозуы орын алады. Жер ресурстарының тозуының негізгі себептерінің бірі топырақ эрозиясы және дефляциясы болыптабылады. Топырақтың тозуынан басқа, жер ресурстарының сапасының нашарлауының негізгі себебі- жердің химиялық заттармен ластануы . Жер ресурстарының антропогендік ластануының негізгі көздері:

- өндіруші, өңдеуші және химия өнеркәсібінің, жылу энергетикасы мен көлігінің қаттыжәне сұйық қалдықтары;
- тұтыну қалдықтары, әсіресе қатты тұрмыстық қалдықтар;
- ауыл шаруашылығы қалдықтары және агротехникада қолданылатын улы химикаттар;
- улы заттардың атмосфералық түсуі және т. б.

Топырақтың ластану деңгейінің көрсеткіші ретінде топырақтың ластану концентрациясының коэффициенті (ЛКК) қолданылады. Топырақтың негізгі ластаушылары:пестицидтер (улы химикаттар), минералдық тыңайтқыштар, өндіріс қалдықтары, ластанған заттардың ауадағы газды түтінді ұшқындары, мұнай және мұнай өнімдері болып табылады.

Топырақтың/жердің қатты қабығының экологиялық жағдайын бағалау кезінде табиғи элементтер мен қосылыстардың, сондай-ақ ксенобиотикалық қосылыстардың құрамын бағалау өте маңызды болып табылады. Топырақ пен жердің қатты қабығының ластануын бағалау зерттелетін топырақтағы ластаушы элементтер мен заттардың құрамын бір жағынан олардың фондық құрамымен, екінші жағынан олардың рұқсат етілген шекті

құрамымен (ШРК) салыстыру арқылы жүргізіледі. Топырақтағы кез-келген заттың ШРК - бұл биологиялық процестер кезінде топыраққа және өсімдіктерге ұзақ уақыт әсер еткенде патологиялық өзгерістер (ауытқулар) тудырмайтын, өсімдіктерде улы элементтердің жиналуына әкелмейтін және адам денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін концентрация. ШРК мәндері эксперименталды түрде, әдетте, құмды топырақтарда, зияндылықтың бірнеше көрсеткіштері бойынша, негізінен жалпы нысандар үшін анықталады. Бұл өсімдіктерді ластаушы заттардың ағымы мен қол жетімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндікбермейді.

Су ресурстарының ластану деңгейі. Су қоймалары құрамындағы органикалық және химиялық заттардың мөлшері бойынша зерттеледі. Жер үсті суларын жүйелі түрде зерттеу ауылшаруашылық жұмыстары аймағында, зауыттар мен қалаларға жақын жерде жүргізілуі керек. Су көзінің ластануының тікелей және жанама көрсеткіштер болып бөлінеді. Су қоймаларынан ішек таяқшасының шығу судың нәжіс және зәр араласқан қалдықтармен ластанғанын көрсетеді. Су көзінің жай-күйін кешенді зерттеу үшін судың ластануының меншікті комбинаторлық индексіне (СЛМКИ) зерттеулер жүргізіледі, ол су қоймаларының сапасының өзгеру динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Су қоймаларының ластану көрсеткіштері ластану табиғатын анықтауға және суды тазарту мәселесін шешудің жолдарын табуға көмектеседі. Көрсеткіштердің түрлері:

1. Бактериологиялық (нәжіспен ластануды анықтайды);
2. Химиялық (ОБТ - оттегінің биохимиялық тұтынуы, ОХТ - оттегінің химиялықтұтынуы, тотығу жылдамдығы);
3. Физикалық (РН, иіс, түс).

Судағы заттардың деңгейі су көзінің түріне, маусымға және уақытына байланысты болады. Ластанудың дәрежесі мен себебін анықтау үшін рН, ерітілген оттегінің мөлшері, өлшенген заттардың болуы, тотығуы зерттеледі. Химиялық және органикалық қосылыстардың мөлшері шекті рұқсат етілген нормалардан асатын су қоймасы ластанған болып саналады

Су объектілерінің ластануы қауіптілік деңгейі бойынша жіктеледі. Қауіптілік деңгейін анықтау үшін судың ластануының меншікті комбинаторлық индексін (СЛМКИ) есептеу жүргізіледі. Таза су көзінің индексі-0. 16 деңгейі бар, олар судың ластануының шекті көрсеткіштерінен асып кету деңгейімен анықталады. Жоғары деңгей су көзінің ластануының едәуір дәрежесін көрсетеді. СЛМКИ (судың ластануының меншікті комбинаторлық индексі) ластаушы заттардың жалпы санын, олардың арақатынасын және әр жылдардағы көрсеткіштердің өзгеру динамикасын көрсетеді. Бұл әдіс су қоймаларының сапалық жағдайын бағалаудың ең тиімді, нақтыжолы болып есептеледі.

Табиғи сулардың ластану ШРК. ШРК-судағы улы химикаттардың шекті рұқсат етілгенконцентрациясы. Табиғи нысандардың әр түрі үшін әр түрлі ШРК нормалары белгіленген.

Физикалық көрсеткіштер (иісі, түсі, дәмі) балдық шкала бойынша бағаланады. Су айдындарының ластану индексі (СЛИ) су құрамының динамикасын бақылау үшін қолданылады. СЛИ су ресурстарының жағдайын әртүрлі уақыт аралықтарында салыстыруға, объект орналасқан аумаққа байланысты химиялық құрамның динамикасын талдауға көмектеседі.

Оттегіні биохимиялық тұтыну (ОБТ). Су қоймаларының органикалық заттармен ластану деңгейі қосылыстардың микроорганизмдермен тотығуы үшін қажет оттегінің биохимиялық тұтыну деңгейімен анықталады.

Сутектік көрсеткіш. Су көздеріндегі сутегі (РН) мөлшері көмір қышқылы мен оның иондарының арақатынасымен анықталады. РН-ға су асты өсімдіктерінің тіршілігі, металдардың түсуі, гумус қышқылдары әсер етеді. Бұл көрсеткіш су көзінің сапасын анықтауда маңызды болып табылады. Қалыпты рН шегінде орналасқан 6,5 - 8,5. Балықтардың, балдырлардың тіршілігі сутегі концентрациясына байланысты, РН органикалық заттардың ыдырау жылдамдығына әсер етеді. Суқоймаларын зерттеу тұрақты

негізде жүзеге асырылады. Су көзін талдау қала тұрғындарын сапасыз суды пайдаланудан қорғауға мүмкіндік береді және инфекциялардың таралуын болдырмауға көмектеседі. Су айдындарының ластану индексі (СЛИ) су құрамының динамикасын бақылау үшін қолданылады. СЛИ су ресурстарының жай-күйін әртүрлі уақыт аралықтарында салыстыруға, объект орналасқан аумаққа байланысты химиялық құрамның динамикасын талдауға көмектеседі *Атмосфераның ластану деңгейі.* Ауаның ластану деңгейін анықтау үшін ауаның ластануының келесі сипаттамалары қолданылады:

- ауадағы қоспаның орташа концентрациясы, мг / м3 немесе мкг / м3;
- қоспаның максималды бір реттік концентрациясы, мг/м3 немесе мкг / м3;
- ауадағы қоспаның бір реттік концентрациясының қайталануы осы қоспаның шектірұқсат етілген концентрациясынан (ШРК) жоғары, %;
- қаладағы кез келген затпен ШРК артуының ең көп қайталануы(НП); ауадағы қоспаныңбір реттік концентрациясының қайталануы 5 ШЖК жоғары, %;
- ауадағы 10 ШК-ден асатын қоспалардың шоғырлану жағдайларының саны;
- ШРК - ға бөлінген кез келген заттың қаладағы ең үлкен өлшенген ең жоғары бір реттікконцентрациясы-стандартты индекс (СИ));
- атмосфераның ластану индексі (АЛИ).

Атмосфераның жиынтық ластану дәрежесін бағалау үшін бірқатар заттар кешенді көрсеткішті - атмосфераның ластану индексін (АЛИ) пайдаланады. Атмосфераның ластануының кешенді индексі / (т), ластаушы заттардың *m* есепке алынады.

ШРК-атмосфералық ауадағы ластаушы заттың шекті рұқсат етілген концентрациясы-өмір бойы қазіргі немесе болашақ ұрпаққа тікелей немесе жанама қолайсыз әсер етпейтін, адамның жұмыс қабілеттілігін төмендетпейтін, оның әл-ауқаты мен өмір сүру жағдайларын нашарлатпайтынконцентрация. ШРК шамасы мг / м3 келтірілген.

ШРКмр-елді мекендер ауасындағы химиялық заттардың шекті рұқсат етілген ең жоғары бір реттік концентрациясы, мг / м3. Бұл концентрация 20-30 минут ішінде деммен жұту кезінде адам ағзасында рефлекторлық реакциялар тудырмауы керек.

ШРКсс-елді мекендер ауасындағы химиялық заттардың рұқсат етілген шекті орташа тәуліктік концентрациясы, мг / м3. Бұл концентрация белгісіз ұзақ (жылдар) тыныс алу кезінде адамға тікелей немесе жанама зиянды әсер етпеуі керек.

Атмосфераның ластану әлеуеті (АЛӘ) ауадағы қоспалардың таралуы үшін қолайсыз метеорологиялық жағдайлардың кешенді сипаттамасы болып табылады.

SWOT талдауы білім беру ортасына бизнестен келді, бірақ бұл әдісті оқу орнының даму стратегиясын қалыптастырудан бастап сабақтарға дейін тиімді қолдануға болады.

SWOT талдау әдісі басқарушылық қызметті жүзеге асыру процесінде де, оқу процесін, яғни сабақты ұйымдастыруда да белсенді түрде енгізілуде.

SWOT талдау-бұл ұйымның немесе кәсіби қызметтің ішкі және сыртқы ортасының факторларын анықтаудан тұратын стратегиялық жоспарлау әдісі. Бұл факторлар төрт санатқа бөлінеді:

Strengths-күшті
жақтары; Weakness-
әлсіз жақтары;
Мүмкіндіктер-
мүмкіндіктер;
Threats-қауіптер.

SWOT талдауының мақсаты ұйымның немесе қызметтің әлсіз жақтарын азайту және күшті жақтарын дамыту болып табылады. Қызметті жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар қолданылады.

SWOT талдауын сабақта жұмыс әдісі ретінде де қолдануға болады. Бұл әдіс сыни ойлауды дамытуға бағытталған, ақпаратты құрылымдауға, салыстыруға, тұжырымдар мен

болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Оқушылар жағдайды модельдеуге, бірнеше шешім ұсынуға, ең жақсы нұсқаны табуға үйренеді.

1. Сабақтың бірінші кезеңінде оқушылар оқу және қосымша материалдармен танысады,жаңа ақпарат алмасады.
2. Сабақтың екінші кезеңінде SWOT талдау матрицасы толтырылып, стратегияжасалады.
3. Сабақтың үшінші кезеңінде әр топ жұмыс нәтижелерімен таныстырады.
4. Төртінші кезең-қорытындылау.

SWOT талдау әдісін қолдану ақпаратты жинақтау, күрделі идеяларды, сезімдер мен идеяларды жинақтау қабілетін дамытады. Осыған байланысты оқушылардың тұжырымдамалық ойлауын қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыс ерекше өзекті болып табылады. Негізгі ұғымдарды ашу, құбылыстар/процестер арасындағы логикалық байланыстарды бақылау, алынған білім негізінде өз пайымдаулары мен дәлелдерін тұжырымдау, ақпаратпен жұмыс істей білу.

Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет дереккөздер тізімі:

1. География. 8 класс. Экономическая и экологическая оценка природных ресурсов

/26.02.2021/(География. 8 сынып. Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық бағалау)https://www.youtube.com/watch?v=MMV0DFHMBLM

3. Гигиеническая оценка качества почвы населенных местностей (Елді мекендер топырағының сапасын гигиеналық бағалау) https://www.23expert.ru/storage/app/uploads/public/5ea/c95/09d/5eac9509d6fa0327540516.pdf
4. Загрязнение земельных ресурсов. (Жер ресурстарының ластануы) http://referatwork.ru/lectionbase/ekologiya/view/362987_zagryaznenie_zemel_nyh_resursov

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ АУМАҒЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР. ҚАЗАҚ ЭТНОГЕНЕЗІ

Егенова Назипа Атаевна
Алматы қаласы, №149 жалпы орта білім беретін мектебінің
тарих пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается этногенез и этнические процессы на территории Казахстана

Summary

In this article is given information about ethnogenesis and ethnic processes in Kazakhstan

Қазақстанның этникалық тарихы да Орталық Азияның барлық аймақтарындағыдай өте күрделі. Ғасырлар бойы бұл аймақта да көптеген халықтар мен тайпалар тағдыры тоғысып, небір тарихи оқиғалар өтті. Олар туралы шығыс және европа халықтарының тілдерінде жазылған деректер де баршылық. Шығыстанушылардың бірнеше ұрпақтары да этникалық тарихшы зерттеумен айналысып, көп еңбек сіңірді.

Ғылыми әдебиеттерде *"**этнос**"* деген түсінікті (яғни халық, тайпа, ұлт т.б.) тарихи қалыптасқан, адамдардың тұрақты тобы. Олардың тек сыртқы физикалық белгілері ғана ұқсас емес, тұрақты мәдениеті (тілі), психикасы және өзге де ерекшеліктері ортақ болып келеді. Этностың қалыптасуы мен сақталуын қаптамасыз ететін оның өзіне тән мекендейтін территориясы болады.

XV—XVI ғғ. Қазақ халқының және оның этникалық территориясының қалыптасуының ұзаққа созылған процессі негізінен аяқталды. Қазақ халқының этникалық құрамын Орта Азияның басқа да түркі тілдес халықтарындағыдай әр тілді тайпалар мен халықтар құраған. Олар: *сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, түрік, түргеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, қыпшақ, найман, арғын, керей, қоңырат, жалайыр, дулат* және т.б. Қазақстан территориясын мекендеген тайпалар. Бұлардың көпшілігінде өз уақытында мемлекеттері болған. Ертедегі түріктердің көптеген ру-тайпа аттары қазақтарда күні бүгінге дейін сақталған.

Қазақ халқының шығу тегіне жағдай жасаған этногенетикалық процесстердің негізі алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Бастапқы кезде бұл процесстер автохтонды тұрғындармен байланысты болды. Бірақ та келесі даму барысында олар Орталық Азияның этникалық процестеріне тікелей тәуелді болды. Қазақстан территориясындағы этникалық тарихтың қозғалысы, ірі этникалық және Этносаяси қауымдастықтардың құралуы, түптеп келгенде қазақ халқының қалыптасуы шаруашылықтың, көшпелі мал шаруашылығының, жер шаруашылығы мен қала мәдениетінің өзара байланысты дамуына тікелей байланысты болды.

Қазақ этногенезі. Қазақ түрік сөзі. Оның бастапқы түрі екі **к** дыбысы. Левшиннің қазақтар туралы (1932) белгілі кітабы шыққан уақыттан бері кейбір ғалымдардың еңбектерінде Фирдаусидің "Шах-наме" Рустам тарауында ***қазақ*** халқымен ***қазақ хандары*** туралы айтылады мыс деген пайымдаулар тарады. Алайда бұл шындыққа негізделмеген. Данышпан Фирдаусидің өлмес шығармасының мазмұны ориенталистерге жеткілікті мәлім, онда қазақ сөзі туралы еш нәрсе жоқ.

Қазақ сөзі жөніндегі ерте естеліктерді мұсылман жазба ескерткіштерінде ол мүмкін мысырда құрастырылып 1245 қолжазба бойынша белгілі және 1894 Лейденде басып шығарылған, осы анонимдік түрік араб сөздігінде кездестіреміз, оның мәні "үйсіз", "панасыз", "кезбе", "құылған" дегенді білдіреді.

Тарихи әдебиетте қазақ сөзінің шығу туралы әртүрлі түсіндірмелері бар. Олардың бірін түрік етістігі *"**қаз**", "**қазу**"* деген сөздермен байланыстырады. Ал енді бірі бұл сөзді *"**қаз**",* қазу және *"**ақ**"* деген сөздердің этнимологиясынан құрайды. Енді бір зерттеулер қазақ деген сөзді манғолдың **көсек-терген** деген арбаның түрін білдіретін сөзден шығарады.

Қазақ сөзінің пайда болуы қандай болмасын оның бастапқы мағынасы "еркін" "үйсіз", "кезбе", "қашқын" деген болымсыз мәні болған сөзбен байланысты.

Сонымен не саяси мәні, не этникалық мазмұны жоқ "қазақ" сөзі өз халқынан не руынан немесе өз иесінен бөлініп шыққан және көп жағдайды

бастан кешіруге мәжбүр, еркін адам дегенді білдірген. Орыс тіліндегі “казак” деген сөзі де осыдан шыққан. Русьте “казактар” деп белгілі бір қызметі және тұрақты тұрғын жері жоқ адамдарды, еркін адамдарды, сондаяқ еркін жалданушы батрактарды айтқан. “Казак” сөзі XIVғ. аяғ. Русьтің солтүстігінде тіркелген болса да алайда орыс казактарының бастапқы отанын тарихшылар қыпшақ даласымен араласып жатқан, осы еркіндікке әскери қоғамдық сипат беретін Русьтің оңтүстік жағын айтады.

Басқаша айтсақ “қазақ” терминінің бастапқы мәні-әлеуметтік бұл жағдай жәй күйі бір тұлғаның мәртебесі. Сонымен өзінің қылышыменен өзін асырап жүріп, әр жерде кезіп жүрген. Ол “қазақ”. Алыс жолға жалғыз қиындыққа қарсы жүретін адам. Ол – қазақ. Бабырдың айтуынша “жаудың үйір жылқысын ерлікпен әкетуші жігіт. Ол да – қазақ. Белгілі бір уақыт қазақтың өмір салтын ұстаушы адамдар – ол мейлі қажеттілік немесе өз еркімен болса да. Ондай адамдар аз болған жоқ. Бұған сол кездегі күнделікті тіршілік жағдайы себеп болады. Былайша айтқанда “Тарихи Рашидидің” авторы Бабырдың айтуынша сол уақыттың түсінігі бойынша әрбір ер адам өзінің жастық кезін бір қатар уақытта жалғыздықта, шөлейтте, тауда, немесе тоғайда, өзінің тұрғылықты жерден бір немесе екі айлық ара қашықтықта құстың етін жеп, аңның терісін киіп өткізуі мақтаныш болып есептелетін.

Мейлі түрік, не парсы, қатардағы көшпелі малшы, немесе он атадан хан-ханзада да кез келген адам қазақ бола алатын. Мыс: Тоқтамыс ханның үлкен ұлы Жалел-ад-Дин “көшпелі” өзбектер мемлекетінің негізін қалаушы”, Шайбанит Абул-хайыр оның немересі Мұхамед Шайбани, Шағатай Уайс пен Саид бірқатар уақыт қазақтар болған. Темір ұрпақтары, ішінде қылышты еркін меңгерген Сұлтан Хусаин де көп айлар казактықта өткізген. Өзінің атақты “жазбаларында” Бабыр өзінің қазақтық кезінде Масча таулы елінен сұлтан Махмұд ханға сапар шегуі жөнінде еске түсіреді. Бұл жерде мынаны айтқан жөн қазақ болған адам бұл ниетінен қайтып, өзінің бұрынғы жағдайына, өзінің қоғамына қайтып келуі мүмкін, бұны осы жоғарыда аталған, сол кездегі жоғарғы дәрежедегі қазақтар да істеді. Сұлтан Хусаин мен Сұлтан Саид кейін өз елінің билеушілері болды: Мухамед Шаибанимен Захир-ад-Дин Бабыр әр қайсысы жаңа мемлекет құрды.

Сонымен сол ежелгі уақытта қазақ болып қалыптасты. Қазақтардың өмір тіршілігін белгілеу үшін мұсылмандардың сөздерінде қазақылық деген зат есім құрылды. Қазақтық кезіндегі түсінік әдетте: қазақылы қатарда (түркі тілдерінде) дар-аями и казак, мудатти казак иран тілдес сөздерде деп белгіледі.

Әдебиеттер

1. Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. "Атамура-Казахстан". Алматы, 1994.
2. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. Алматы. Т. 3. 1999; Т. 2. - 2002.
3. Рысбеков Т. "Өскен өлке тарихы". Орал, 1997.
4. Швецов С.П. Ежелгі қазақ жері. Ақиқат, 1992, №2.
5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. Алматы, "Жазушы", 1985.

ӘӨЖ

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІҢ ОҚЫТУДА ЖОБА ӘДІСІ

Сарсенов Марс Тазабаевич
Түлкібас ауданы, Б.Момышұлы атындағы атындағы жалпы орта мектептің география пәні мұғалімі

Резюме

В статье рассматриваются применение методов проетов на уроке географии

Summary

The article discusses the use of project methods in a geography lesson

Жоба әдісі әрқашан *белгілі бір білім беру проблемасын шешуді қарастырады,* ал оны шешу, бір жағынан, *оқытудың әртүрлі әдістері мен құралдарының жиынтығын қолдануды,* екінші жағынан, *білім мен дағдыларды ғылымның, техниканың, технологияның, шығармашылық салалардың әр түрлі салаларынан біріктіру қажеттілігін қарастырады.*
Жобалық оқытудың мақсаты оқушылар үшін келесі жағдайларды жасау болып табылады:

- олар әр түрлі көздерден жетіспейтін білімді өз бетінше және ықыласпен алады;
- олар алған білімдерін танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшінпайдалануды үйренеді;
- әр түрлі топтарда жұмыс істей отырып коммуникациялық іскерліктерді иемденеді;
- өздерінде зерттеу дағдыларын дамытады (проблемаларды анықтау, ақпарат жинау,бақылау, эксперимент жүргізу, талдау, гипотезаларды құру, жалпылау дағдылары);
- жүйелік ойлауды дамыту.

И.С. Сергеевтің пікірінше, жоба - «Бес ұғымнан» тұрады:
Проблема - Жобалау (жоспарлау) - Ақпарат іздеу – Өнім-– Презентация.
Маңызды ереже: *жобамен жұмыс істеудің әр кезеңінде өзінің нақты өнімі болуы керек.*Оқу жобасы *ұйымдастырылған мақсатқа бағытталған қызмет ретінде анықталады*. Мұғалімнің басшылығымен оқушылардың жобалық іс-әрекетінің *нәтижесі жаңа білім болыптабылады.*
Е. С. Полат жоба әдісін қолдануға қойылатын *негізгі талаптарды* анықтайды:

1. Зерттеу жоспарында интеграцияланған білімді қажет ететін проблема/тапсырманың, оны шешу үшін зерттеудің болуы (мысалы, әлемнің әртүрлі аймақтарында демографиялық проблеманы зерттеу, қышқыл жаңбырдың қоршаған ортаға әсері және т.б.).
2. Ұсынылған нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы.
3. Оқушылардың өзіндік (жеке, жұптық, топтық) қызметі.
4. Жобаның мазмұндық бөлімін құрылымдау (кезеңдік нәтижелерді көрсете отырып).Белгілі бір әрекеттер тізбегін қарастыратын зерттеу әдістерін қолдану:

- проблеманы және одан туындайтын зерттеу міндеттерін анықтау: бірлескен зерттеубарысында «ой талқы», «дөңгелек үстел» әдістерін қолдану;
- оларды шешу гипотезасын ұсыну;
- соңғы нәтижелерді рәсімдеу тәсілдерін талқылау (презентациялар, қорғаулар,шығармашылық есептер, көріністер және т. б);
- алынған мәліметтерді жинау, жүйелеу және талдау;
- қорытындылау, нәтижелерді рәсімдеу, оларды презентациялау;
- қорытындылар, жаңа зерттеу мәселелерін ұсыну;

Жоба типологиясы.
Жоба типологиясы үшін келесі нышандар ұсынылады:

1. Жобада басымдылыққа ие *қызмет:* зерттеу, іздестіру, шығармашылық, рөлдік,

қолданбалы (практикаға бағытталған), таныстыру-бағдарлы;

2. Пәндік-мазмұндық сала: моножоба (білімнің бір саласы шеңберінде); пәнаралықжоба.

3. Жобаға қатысушылар саны (топтық немесе жеке).

• Жобаның ұзақтығы

• мини-жобалар - бір сабақ немесе тіпті оның бір бөлігі түрінде (мысалы, елдің визиткасы);

• қысқамерзімдік - 4-6 сабаққа;

• апталық, 30-40 сағатты қажет ететіндер;

• жұмыстың сыныптық және сыныптан тыс түрлерінің үйлесімі болуы мүмкін;

• жеке және топтық ұзақ мерзімді (жылдық) жобалар;

• сабақтан тыс уақытта да өткізілуі мүмкін.

Мини жобалар: 5 және 6-сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне байланысты жобамен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінде мұғалімнің оқыту және ынталандыру секілді қолдауын қажет етеді, себебі олар ұзақ уақыт бойы бірге жұмыстар жасағанда қиындықтарға тап болады. Жетінші сынып оқушылары проблеманы және жобаның мақсатын өз бетінше тұжырымдай алады, оларда жеткілікті білім мен тәжірибе бар. *Осы жастағы оқушылар үшін проблема бұл іс-әрекет мотиві - бұл жасөспірімдердің әлсіз жері.* 5-7 сынып оқушыларының осы жас ерекшеліктеріне байланысты *қысқа мерзімді шығармашылық топтық жобаларды* ұзақтығы 1-2 сабақ болатын, яғни мини жобаларды қолданған жөн.

Мини жобалардың міндеттері:

• жоспарлауды оқыту;

• ақпаратты, материалдарды жинау және өңдеу дағдыларын қалыптастыру;

• талдай білу;

• оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

• пәнге оң көзқарас қалыптастыру;

• өз жұмысын бағалай білу;

Жобаны құрылымдаудың жалпы тәсілдері:

1. Жоба тақырыбын таңдауды, оның түрін, қатысушылар санын анықтаңыз.

2. Жоспарланған тақырып аясында зерттеу маңызды проблемалардың мүмкін нұсқаларын қарастырыңыз.

3. Проблемаларды оқушылар мұғалімге жетекші сұрақтар, проблемаларды анықтауға ықпал ететін жағдайлар, сол мақсаттағы бейнетізбекті ұсыну және т. б. арқылы «ой талқы» стратегиясын қолдана отырып, топтық талқылаумен ұсынады.

4. Тапсырмаларды топтарға бөлу, мүмкін зерттеу әдістерін талқылау, ақпаратты іздеу, шығармашылық шешімдер.

5. Жоба қатысушыларының жеке немесе топтық зерттеу, шығармашылық міндеттері бойынша өзіндік жұмыстары.

6. Топтарда алынған деректерді аралық талқылау

7. Жобаларды қорғау, оппонент болу.

8. Ұжымдық талқылау, сараптама, сыртқы бағалау нәтижелері, қорытындылар.

Команданың жоба бойынша жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін ынтымақтастықта *оқытудың келесі негізгі принциптерін* ұстану қажет:

• позитивті өзара тәуелділік;

• әрбір оқушының өз жетістігі үшін жеке жауапкершілігі;

• әрбір оқушының табысқа жетудегі тең мүмкіндіктері.

Позитивті өзара тәуелділік - топтың әр мүшесі бүкіл топтың жетістігі оның әр мүшесінің жеке сәттілігіне байланысты екенін, оның топтың жұмысына қосқан үлесі оның нақты тапсырмасының ерекшелігіне байланысты маңызды екенін түсінетін өзара тәуелділік. Өзара тәуелділік ынтымақтастықта оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Жеке жауапкершілік - әр оқушының жеке жауапкершілігі әр оқушы оған жеке ұсынылуы

мүмкін кез-келген бағалау түріне дайын болатындай материалды игеруге және түсінуге көмектесетіндей топтың барлық мүшелерін бір-бірінің және бүкіл топтың іс-әрекеттерін бақылауға ынталандырады.

Үшінші принцип - әр оқушының жетістікке жетудегі тең мүмкіндіктері, бұл топтың әр мүшесі *өзінің алдыңғы нәтижелерін* жақсарту арқылы алған «ұпайларын» әкелуді білдіреді. Осылайша, салыстыру осы немесе басқа топтағы басқа оқушылардың нәтижелерімен емес, оқушының өзінің бұрын қол жеткізген нәтижелерімен жасалады.

Зерттеу жобасы. Бұл жобадағы басымдық проблеманы зерттеуге және фактіні анықтауға, кейбір параметрлерді, заңдылықтарды зерттеу-дәлелдеуге бағытталған зерттеуқызметі болып табылады.

Оқу процесіне зерттеу жобаларын енгізудегі ең қиын сәт бұл қызметті ұйымдастыру, *әсіресе дайындық кезеңін*. Мұндай жобалар жақсы ойластырылған құрылымды, айқындалған мақсаттарды, барлық қатысушылар үшін зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеуді, ақпараткөздерін, ойластырылған әдістерді, нәтижелерді белгілеуді талап етеді.

Зерттеу шынайы ғылыми зерттеуге жақын немесе оған толық сәйкес келетін құрылымға ие болуы керек. Бүкіл жобаның жетістігі көбінесе *жеке кезеңдерде дұрыс ұйымдастырылған жұмысқа байланысты.* Сондықтан, оқушылар қызметін кезең-кезеңмен бағалай отырып қолдап отырған дұрыс.

Жоба жұмыстары басында әрдайым *мотивация проблемасы* туындайды, яғни оқушылар оқылатын материалдан «сабақ алу» процесіне қызығушылықпен қатысуы үшін оқу тапсырмалары қандай болуы керек. Ол үшін келесі тәсілдер ұсынылады:

1. Жауаптары оқушылардың пән мазмұнын нақты түсінуін және оның басқа психологиялық әдістердің бірін қолдана отырып тұжырымдайды. Мысалы, негізгі сұрақтар: Қарағанды облысының шағын өзендерінде бөгеттер қажет пе?
2. Проблеманы анықтағаннан кейін оны жақсы түсіну және оны шешу мүмкіндіктері үшін фактілерді іздестіру жүргізіледі. Оқушылар Интернет желісінің түрлі басылымдары менақпараттық ресурстарын талқылайды және пайдаланады. Бұл кезеңде зерттеу әдісін таңдау/саралау жүреді.

Ескертпе: мұғалім әртүрлі ресурстарды алдын-ала дайындай алады, оқушылар ұсынылған ресурстардан таңдай алады.

3. Келесі кезеңде оқушылар көрсетілген мәселелерді шешудің мүмкін нұсқалары ретінде пайда болатын гипотезаларды тұжырымдайды. Содан кейін олар зерттеу барысында тексеріледі.
4. Жоба бойынша жұмыстың негізгі бөлігі бұл оқушылардың топтардағы өзіндік жұмысы, топтағы әр адамның тапсырмасын талқылау: талқылаудың нәтижесі кім не үшін жауап беретінін және орындау мерзімін нақты көрсетілген жоспар болуы керек. Мұғалім топтарды аралап кеңес береді, талқылау барысын мұқият қадағалайды
5. 7 сынып оқушылары үшін мұғалім топтағы рөлдерді алдын-ала жоспарлай болады. Әр қатысушының тапсырмалары проблемалық сұрақтың жауабына әкелуі керек.
6. Орындалған жұмыс туралы есепті оқушылар мультимедиялық презентациялар, буклеттер, постерлер, сайттар түрінде ұсынады. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты алынған деректерді жүйелеу және зерттеу логикасын ескерңп оларды көрнекі және қол жетімді түрде ұсыну. Зерттеу нәтижелерін ұсыну тақырыпты зерттеуде соңғы оқу сабағында немесе жобаның ұзақтығына байланысты сабақтың соңында жүргізіледі.
7. Мектеп оқушылары мен мұғалімнің жоба нәтижелерін бағалауы − жұмыстың өте маңызды кезеңі (рефлексия). Топтар әр қатысушының жұмысын бағалайды (өзін өзі бағалау және өзара бағалау). Мұғалім топтардың жұмысын тұтастай бағалайды. Мұнда әрқайсысыңтиімділігі жоба тақырыптары бойынша жаңа зерттеулердің тұғыры болып табылады. Оқушылардың шығармашылық, эвристикалық іс-әрекетін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету өте маңызды.

Жобалық қызметтің оң факторларына мыналарды жатқызуға болады:

• оқушылардың ынтасын арттыру;
• белсенді практикалық іс-әрекет қабілетін дамыту;
• мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастыққа, оқу-тәрбие процесін демократияландыруға ықпал ететін мұғалім мен оқушылардың бірлескен шығармашылық қызметіне жағдай жасау.

Жоба әдісі мен зерттеу әдісін практикада қолдану *мұғалімнің ұстанымының өзгеруіне* әкеледі. Дайын білім тасымалдаушысынан ол өз оқушыларының *танымдық, зерттеу қызметін ұйымдастырушысына* айналады. Сыныптағы психологиялық климат өзгереді, себебі мұғалім өзінің оқу жұмысы мен оқушылардың жұмысын оқушылардың өзіндік іс-әрекетінің түрлеріне, зерттеу, іздеу, шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттің басымдығына бағыттауға мәжбүр болады.

Шығармашылық жоба - бұл оқушылардың сабақтарда алған білімдері, дағдылары мен дағдыларының қаншалықты берік екенін көрсететін өзіндік шығармашылық жұмыс. Оны жүзеге асыру мен нәтижелерді көрсетудің ең еркін және дәстүрлі емес тәсілі ұсынылады. Бұл альманахтар, театрландырылған көріністер, бейнефильмдер, бейне-теле-репортаждар, газет мақалалары болуы мүмкін.

Әдебиет

1. Метод проектов в образовании https://urok.1sept.ru/articles/648795
2. Метод проектов в преподавании географии (из опыта работы)»https://multiurok.ru/files/tiema-mietod-proiektov-v-priepodavanii-ghieoghrafii-iz-opyta- raboty.html
3. Мини-проекты на уроках географии https://urok.1sept.ru/articles/675245
4. Модель организации проектной деятельности в школе https://infourok.ru/model-organizacii-proektnoy-deyatelnosti-v-shkole-3908973.html

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

ӘОЖ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сапарбаева Қ.Ж. ф.ғ.к., аға оқытушы, Ибрагимов Г.Г. магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается вопросы преподавания современной казахской поэзии.

Summary

This article deals with issues of teaching modern Kazakh poetry.

Байбота Қошым-Ноғай айтады: «Қазір, бұл менің жеке пікірім болуы мүмкін, қазақ әдебиетінің көш-керуенін поэзия бастап келеді» [1]. Әрине, прозалық шығармалар да көптеп жазылып жатыр. Бірақ, сонда да поэзияның мектепте, жалпы, адам өмірінде орны ерекше. Ыбырай Алтынсарин де оқулығын өлеңмен бастаған. Тәуелсіздіктің жемісі болған өлең сөздерді мектеп қабырғасында қалай оқытпақпыз? Осы мақалада сол мәселелерді қозғауды жөн санадық.

Алдымен, негізгі білім беру мен жалпы орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша бағдарламаға сәйкес қандай поэзиялық шығармалар оқытылатынын көріп шығайық:

– 5-сыныпта Д.Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі, А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы мен «Адамдық диқаншысы» өлеңі;

– 6-сыныпта «Алып Ер Тұңға» жыры, әл-Фараби «Қашықтасың, туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері, Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» толғаулары, А.Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері, Е.Жүніс «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңі;

– 7-сыныпта «Күлтегін» жыры, «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы», Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім» толғауы, Ш.Қанайұлы «Зар заман» толғауы, Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық», М.Шаханов «Нарынқұм зауалы», Т.Медетбек «Тәуелсізбін» өлеңі;

– 8-сыныпта А.Йассауи хикметтері, Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары, Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы» М.Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа» өлеңдері, Ш.Құдайбердіұлы «Жастарға» өлеңі, М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы;

– 9-сыныпта Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені» толғаулары, Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Мен, мен, мен едім», «Бағаналы терек» толғаулары, Т.Айбергенов «Сағыныш», Ф.Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем», Н.Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы [2];

10-сыныпта (қоғамдық-гуманитарлық бағытта) А.Құнанбаев «Сегіз аяқ», «Көңілім қайтты достан да, дүшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері, «Ескендір» поэмасы, Ұ.Есдәулетов «Біз түркілерміз» өлеңі;

11-сыныпта (қоғамдық-гуманитарлық бағытта) С.Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі, Қ.Аманжолов «Өзім туралы» өлеңі, Т.Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі, М.Райымбекұлы «Көшбасшы» поэмасы [3].

Байқап тұрғанымыздай, 5-11-сыныптар бойынша тәуелсіздік жылдарында жазылған өлең сөздерден Е.Жүністің, М.Шахановтың, Т.Медетбектің, Н.Айтұлының, Ұ.Есдәулетовтің, М.Райымбекұлының шығармалары берілген.

«Қазақ әдебиетін» оқытуға неше сағат берілген? Енді соны көріп шығайық. 5-7-сыныптарда аптасына екі сағат болса, 8-11-сыныптарда аптасына үш сағат екен. Үш сағатты 8-сыныпты алатын болсақ, жалпы, 13 автордың шығармалары оқытылады. Оқу жылы бойы сағат саны – 102 сағат. Демек, 13 емес, 20-дай авторды қосуға мүмкіндік бар.

Жоғарыдағы мағлұматты келтіріп, тағы бес-жеті автор қосқымыз келгені – хронологиялық тәртіппен оқытылып жатқан пәннің бағдарламасын тағы бір тұрғыдан, яғни дәстүр мен жаңашылдық бойынша да құрастыруды ұсыну. Даналардан жеткен мынадай мақалдар бар: «Замана айнасы – замандас», «Түрлі-түрлі заман бар, заманға қарай амал бар», «Әр адам – өз заманының баласы»; «Ғасырына қарай асылы» [4, 145-147]. Әрекет те, қарекет те өз дәуіріне қарай ерекшеленетіні сөзсіз. Жыраулар мен ақындар көтерген тақырыптар, жеткізбек болған идеялары бүгінгі күнде де маңызды. Әдебиетіміздің іргесі болмыш әдебиетті бүгінгі ұрпаққа жеткізудің бір жолы сол шығармаларды оқыту болса, екіншісі – қазіргі ақындардың шығармаларын қатар ұсыну арқылы көзқарас үндестігін, ой бірлігін, дәстүр жалғастығын аңғарта оқытпақ.

Қазіргі кезде «Қазақ тілі» пәнінде мәтінтану барынша жан-жақты меңгеріліп жатыр. Мақсат – мәтінді тану арқылы, автордың ойын анықтамақ, автор көзқарасына өз көзқарасын білдірмек. 8-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығында Абай Құнанбайұлының «Сағат шықылдағы емес ермек» өлеңі мен Алмас Темірбайдың «Уақыттың қадірі» өлеңі салыстыра талдауға берілген [5, 170-171]. Ғасырлары басқа-басқа болса да, айтпақ ойы бір жерден шыққан авторлардың шығармаларын салыстыра оқу оқушы үшін өте пайдалы. Не үшін?

Әуелде айтылған тақырыптың қазірде де қозғалғаны сол тақырыптың бұл күнде әлі де маңызды екенін көрсетеді, бұл – бір.

Екіншіден, аға буын қандай идеяны, бүгінгі ұрпақ нендей ойды жеткізбек – салыстырылады, талданады, түйін жасалады.

Үшіншіден, ғасырдан ғасырға, көнеден жаңаға, кешеден бүгінге жеткен құнды мотивтің ұлттық әрі адамдық мүддесі қандай – аңғарылады.

Төртіншіден, аға көзқарас пен іні көзқарастың ұштасары неде, айырылысары неде – айқындалады.

Және де, бесіншіден, оқушы бір автордың түрлі тақырыпта жазған шығармаларымен ғана емес, екі автордың бір тақырыпта жазған шығармаларымен танысады. Соның салдарында, мейлі ұштассын, мейлі ерекшеленсін, түрлі көзқарасты ой елегінен өткізген оқырманда бүгіннің талабына айналған «сыни ойлау» қалыптасады.

Келесі мәселе – дәстүр мен жаңашылдықты көрсететін көркем шығармаларды «Қазақ әдебиеті» пәніне енгізу. Біз білетін үш түрлі жол бар: бір жолы үлгілік бағдарламада ұсыну болса, басқа бір жолы – бағдарламаға қосып, оқулыққа енгізу, тағы бір жолы – «Қазақ әдебиеті» оқулығының хрестоматиясында беру. Үшеуін жеке-жеке қарастырайық.

Әуелдегідей хрестоматияға қосылса ше? Мұны дұрыс шешім дей алмаймыз, өйткені «Қазақ әдебиетінің» қосымша кітабына барлық оқушының қол жеткізу мүмкіндігі жоқ.

Үлгілік бағдарламада ұсыну да мәселенің толық шешімі бола алмайды, өйткені ұсынылған шығарманы іздеп, тауып, тиісті үзіндісін беру мұғалімнен көп уақыт әрі біраз күш-қуат талап етеді.

Ең дұрыс әрі нақты шешімі –бағдарламада беріп, оқулыққа енгізу. Сонда ғана әдеби шығарма оқытылады, оған талдау жасалады да.

Дәстүр жалғастығы тұрғысынан енгізуге мысал келтіруді көнетүркілік сарында жазылған шығармалардан бастайық. Темірғали Көпбаевтың көк бөрі ұрпағы қасқыр жайында жазған «Кие» поэмасынан тиісті үзінділерді 7-сыныпта оқытылатын М.Әуезовтің «Көксерек» поэмасымен бірге не 8-сыныпта оқытылатын Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасымен қатар берілмегі жөн. Өйткені «Көксерек» поэмасымен тақырыптас болса, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасымен идеялас. Бірақ бір жайтты ескеру қажет: «Көк бөрі» аңызының бүгінгі поэзияға арқау болу себебін аңыз әңгімелер арқылы болсын, ежелгі дәуір әдебиетінің туындылары арқылы болсын, оқушыларға жеткізу қажет. Іргетас болмай, шатыр болмағанындай, мотивті келтірмей, себебін түсіндіре алмаймыз.

Махмұт Қашқаридың сөздігінде мысал ретінде келтірілген «Қыс пен жаздың айтысы» да 7-8-сыныптарда оқытылса, өлеңмен қатар оқушыларға жаттауға оңайырақ әрі ұғынықты болған қазіргі қазақ поэзиясының туындыларын беруге болады. Мысалы, Т.Көпбаевтың «Ақ пен қара» өлеңі. Ақ пен қараны айыруға талпынып жатқан жас баланың қайшылықты түсінбегі үшін құнды көркем дүние болатыны сөзсіз.

«Күлтегін» жыры 7-сыныпта оқытылады. 7-сыныпқа арналған үш түрлі оқулық бар. С.Тұрсынғалиева мен Р.Зайкенова жазған оқулықта үзінділер өте ұтымды таңдалған [6, 39]. М.Жолдасбеков аудармасына қосымша ретінде Қ.Мырза Әлінің бүгінгі нұсқадағы жырлауы да берілген. Жырдың көтерген тақырыбы елдік, ерлік, бейбітшілік һәм тәуелсіздік болғандықтан, осы жырмен

қатар қазіргі ақындардың тәуелсіздік тақырыбын қозғаған көптеген жырларын ұсынуға болады. Мысалы, Г.Салықбайдың, Ә.Шегебайдың өлеңдері. Ал, Күлтегін жырындай бітілген шығармалардан С.Ақсұңқардың өлеңдерін алуға болады.

Әл-Фараби «Қашықтасың, туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері бағдарламаға сәйкес 6-сыныпта оқытылады. Оқулықтарда «Қашықтасың, туған жер» өлеңінің үзіндісі берілген. Қытайдағы, Өзбекстандағы қазақ ақындарының идеялас өлеңдерін әл-Фараби шығармаларымен бірге оқытуға болады, мысалы, Мұрат Шаймаранның «Қыран тағдыры», «Көкжал дауысы» өлеңдері, Бәйтік Дүйсебаевтың «Көне жұрт» өлеңі, Мекембай Омарұлының «Туған жер», «Ана тілім» өлеңдері. Ал, әл-Фарабидың «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңімен қатар М.Шахановтың «Жігерлендіру» өлеңін, Д.Жігітбектің «Қорықпаймын жеңілуден!», «Соңғы жапырақ» өлеңдерін оқушылардың жас ерекшелігіне ыңғайластыра үзінді етіп алып ұсынған жөн.

Ахмет Йассауи хикметтері 8-сыныпта оқытылады. Гүлнар Салықбайдың «Түркістанға қалай барам?» деп әр шумағы аяқталатын өлеңі немесе Данияр Жігітбектің «Өзгергім кеп жүр менің», «Өзгелерді өзгертсем деп тырыстым» өлеңдері бірге берілсе, хикметтердің заманауи тұрғыдан құндылығы артатыны сөзсіз.

Ал, енді жыраулар поэзиясына ауысайық. Жыраудың өзіндік болсын, ұлттық-адамдық болсын, «Мені» – жыраулар поэзиясының басты ерекшелігі. «Менін» жырау теңеумен айқындап, метафорамен бейнелеп жеткізбек. Ақтамбердінің «Жапанға біткен терегі, қарағайға қарсы біткен бұтағы», Махамбеттің «Қарт маралы» сықылды бейнелеулер Нұрлан Мәукен, Рафаэль Ниязбек, Ерболат Баят, т.б. ақындардың шығармаларында да (мысалы, Рафаэль Ниязбектің «Махамбет майданы» кітабындағы өлеңдер) көрініс тапқан. Сондықтан дәстүрді көрсетпек үшін жыраулардың толғауларымен қазіргі ақындардың өлеңдері оқулықта қатар берілгені жөн. Бірақ бағдарламаларда Асан қайғының толғаулары берілмеген. (5-сыныпқа арналған оқулықтардың бірінде тапсырма ретінде ғана «Әділдіктің белгісі – // Біле тұра бұрмаса // Ақылдының белгісі – // Өткен істі қумаса», «Артық үшін айтысып, // Достарыңмен санаспа», «Жеңемін деп біреуді // Өтірік сөзбен қостама» үзінділері келтірілген.) Егер бағдарламаға «Еділ бол да, Жайық бол» толғауы енгізіліп жатса, толғауға тақырыптас, идеялас, мазмұндас шығармаларды қатар беруге болады, мысалы, Н.Мәукеннің «Ертіс бол да, Есіл бол» өлеңі.

Ақтамберді жыраудың «Балаларыма өсиет» өлеңі 8-сыныпта оқытылады. Өлеңінде жырау ұрпақты бірлік пен татулыққа және ел үшін еңбек еткен адамның қадіріне жетуге шақырады [6, 57]. Дәл осындай өсиет ретінде айтылған ақындардың өлеңдерін толғаумен қатар беруге болады. Мысалы, Әлібек Шегебайдың «Кешірім» өлеңінен үзінді, Данияр Жігітбектің «Сұлу сөз бар «сіз» деген», «Судан таза, сүттен ақ» өлеңдері, Н.Мәукен «Бізден кейінгі ұрпақ» өлеңінен үзінді.

Келесі тілге тиек етілетін тақырып – Шортанбай Қанайұлының «Зар заманы». Аталмыш толғауда бүгінгі күнде де көкейкесті саналатын көптеген мәселелер көтерілген: жер мәселесі, ақша деген сүтсіз мал, парақорлық, ұл-қыз тәрбиесі, күншілдік, т.б. [7, 63]. «Зар заман» толғауымен қатар беруге болатын шығармалар: С.Ақсұңқардың «Цивилизация», «Есіл ағып барады» өлеңдері, М.Шаханов «Компьютербасты жарты адамдар» өлеңі, Т.Әбдікәкімұлы «Экология» өлеңі, Г.Ерахмет «Шайтан бар» өлеңі, т.б.

Орайы келгенде, парақорлық мәселесі жөнінде де айта кетейік. Парақорлық бүгіннің ғана мәселесі емес. Ыбырай Алтынсарин хаттарының бірінде: «Олардың (оқушылардың) адамгершілігіне де ықпал жасау үшін, келешекте олардың парақор болып кетпеуі үшін бар күшімді салып, әрекет етудемін», – деп біткен екен [8, 267]. Нұрлан Қалқаның «Жаза» балладасы дәл осы мәселенің көкейкесті екенін көрсетеді [9, 114-117].

Абай Құнанбайұлы мен Шәкерім Құдайбердіұлы шығармаларының мектептің әдеби әлемінде орны ерекше екендігі сөзсіз. Бірақ, Абай Құнанбайұлының 5-сынып пен 10-сыныпта бірнеше поэзиялық шығармалары оқытылса да, Шәкерім Құдайбердіұлының бір ғана өлеңі – «Жастарға» өлеңі – оқытылады. «Абайтану», «Шәкерімтану» қосымша сабақтары болғанмен, негізгі бағдарламада «Адамдық борышың» сықылды өлеңдердің қалып қоюына болмайды. Тағы айта кететін бір жайт, Абай Құнанбайұлы да, Шәкерім Құдайбердіұлы да өзін сынап өлең жазған. Мұндай өлеңдер 10-11-сыныптарда оқытылса жөн болар еді, себебі «әлемтану» сабақтарын оқып, ақ пен қараны ажыратудың маңызды екенін түсіне бастаған оқушы есейген соң өзін танығысы келеді. Ахмет Байтұрсынұлы «Айтыс-тартыс» туралы баяндай келе, тысқы ғалам мен ішкі ғаламды түйісуін түсіндіру үшін айтады: «Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Есі әбден кіргенше өзгеден өзін айырмайды... Ер жеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйініп, өзінше күйініп, өзінше жол тұтып, өзінше өміріне жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады» [10, 176-177]. Демек, адам бала шағында әлемді танумен айналысса, енді есейе келе өзін тануға бар ықыласын жұмсамақ. Сондықтан 10-11-сыныптарда өзін тануға, өзін сынауға бағытталған поэзиялық шығармалардың оқытылғаны оқушы үшін өте тиімді болатыны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, кеше мен бүгіннің шығармаларын бірге оқыту арқылы оқушыға дәстүр жалғастығы мен рухани үндестікті, ұлттық әрі адамдық мүддені аңғартып, рухани құндылықтарды игерту тиімді болмақ.

Әдебиеттер:

1. https://adebiportal.kz/kz/news/view/22404

2. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

3. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

4. Қазақ мақал-мәтелдерінің АЛТЫН КІТАБЫ. – Алматы: «Аруана», 2016. – 632 б.

5. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Арман-ПВ», 2018. – 256 б.
6. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Р.Зайкенова, С.Ч.Тұрсынғалиева. – Астана: «Арман-ПВ», 2018. – 256 б.
7. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Тұрсынғалиева С., Зайкенова Р. – Астана: «Арман-ПВ», 2017. – 192 б.
8. Алтынсарин Ы. Өмірі мен шығармалары. – Алматы: «Рауан», 2013. – 384 б.
9. Қалқа Н. Мизам шуақ. – Алматы: «Жазушы», 2013. – 192 б.
10. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 208 б.

ӘОЖ 81’373:622.276

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАЙЫ

Қалиева К.Б., магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

Резюме

В статье речь пойдет о формировании терминов нефтегазовой отрасли на казахском языке, о работах, опубликованных в данном направлении. Дается краткая характеристика заимствованных терминов в нефтегазовой отрасли.

Summary

The article will focus on the formation of terms of the oil and gas industry in the Kazakh language, on the works published in this direction. A brief description of borrowed terms in the oil and gas industry is given.

Тіліміздегі тіл білімінің терминология саласының дамуы қоғамның ғылыми-техникалық тұрғыдан дамуымен тығыз байланысты болып келеді. Қазақстан Республикасы әлем бойынша ірі мұнай өндіруші елдердің қатарына жатады, мұнай қоры жағынан алғашқы ондыққа кіреді, әрине, бұл қазақ терминологиясының осы салада белсенді дамуына өз әсерін тигізбей қоймады, мұнай-газ өндіру саласы отандық өндірістің негізгілерінің бірі саналады.

Қазақ терминологиясының дамуына үлкен үлес қосқан ғалым – А.Байтұрсынов. Ғалымның фонетика, лексикография, терминология салаларына қатысты жазылған еңбектері күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай келеді [1]. А.Байтұрсынұлы төл терминдер мен кірме терминдерді ұлт ілінің фонетикалық, орфографиялық заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазудың, өзге тілдерден термин қабылдау мен термин алмасудың жолдарын, тәртібін атап көрсеткен ғалым. Сол кезеңнің өзінде-ақ ғалым термин комиссиясының төрағасы қызметін атқара отырып, көптеген жаңа терминдерді салалық мамандармен қосыла талқылап, оларды бекітіп, қолданысқа енгізді.

Қазақ тіліндегі терминдерді өңдеуде және бірыңғайландыруда сол кезеңнің көрнекті өкілдері – Н.Төреқұлұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы сынды алаш зиялылары да өз үлестерін қосқандығын атап кетуге

болады [2, 24]. Мәселен, Елдес Омарұлы 1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде «Қазақша пән сөздер» деген тақырыпта баяндама жасаса, Нәзір Тұрекұлұлы 1926 жылы «Жат сөздер туралы» деген еңбегінде кірме терминдерді қабылдау, оларды ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп жазуға қатысты мәселелерді көтереді. Бұл кезеңде қазақ зиялылары бірнеше ғылым салаларының негізгі ұғымдарының атауларын өз тілімізде жасап, қолданысқа енгізді.

Қазақ терминологиясының дамуы туралы сөз еткенде белгілі ғалым Құдайберген Жұбановты атамай кете алмаймыз. Ол бірнеше жылдар мемтерминком жұмысына басшылық етті және мемлекеттік терминология комиссиясы Бюллетінің төрт санын баспадан шығарды. Сонымен қатар, әлеуметтік экономика, математика, физика, ботаника сияқты ғылым салаларының терминдеріне қатысты мақалалар жариялады [3]. Ғалым Қ.Жұбанов ұсынған терминология қағидаттары 1935 жылы Мәдениет қызметкерлерінің сиезінде қабылданды. Қазақ тіл білімінде ғалым Қ.Жұбанов термин сөзінің тұңғыш рет ғылыми анықтамасын жасап, олардың лексиканың өзге қатпарларынан өзіндік ерекшелігін қолға таяқ ұстатқандай етіп көрсетіп береді.

30-90 жылдары Қазақстанда терминтануға қатысты практикалық жұмыстардың жүргізілгенін, терминологиялық сөздіктер жасалғанын, терминдерді қолдану мен біріздендіруге қатысты мақалалардың жарық көргенін айта кетуге болады. Осы кезеңде Ә.Қайдаров, К.Мұсаев, Ө.Айтбаев, Т.Жанұзақов, А.Әбдірахманов, Ж.Молдажаров сынды ғалымдар мен Ә.Сатыбалдиев, Е.Аққошқаров сияқты сала мамандарының термин мәселесіне арнап жазған өзге де авторлардың жекелеген ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалары жарық көрді.

Қазақстандағы терминология саласы Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда қарқынды түрде дами бастады, күрделі зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл салада өнімді еңбек еткен ғалымдар қатарына І.Кеңесбаевты, Ғ.Мұсаевты, М.Балақаевты, Ә.Қайдаровты, К.Ахановты, Т.Қордабаевты айта аламыз. 1925-1972 жылдар аралығында ҚазССР-нің ҒА Тіл білімі институтында 14 орысша-қазақша терминологиялық сөздік жарық көрген болатын, осылардың ішінде Н.Тұяқбаев пен А.Абдрахмановтың 1972 жылы жарық көрген «Мұнай ұңғымаларын бұрғылау бойынша сөздігі» де бар.

Қазақ тіл білімінде терминтану мәселесін арнайы зерттеп, «Терминтану» атты оқу құралын жазып шыққан ғалым – Шерубай Құрманбайұлы. Ғалым бұл еңбегіне дейін «Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты» атты еңбегін жариялайды. Ғалым аталған еңбектерінде қазақ терминтану ғылымының барлық мәселесін кеңінен сөз етеді [4].

2000 жылы Ә.Нұржанова «Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады [5]. Ғалым өз жұмысында мұнай терминдеріне қатысты бірнеше мәселелердің жауабын табуға ұмтылады.

Қазақ тіліндегі мұнай-газ терминдерінің қалыптасу жайын ғылыми

тұрғыдан негіздеп, түбегейлі қарастырған ғалым – Әбділманов Алтынбек Әбутәліұлы деп айта аламыз. Ғалым осы тақырыпқа қатысты «Арнаулы сала тілін қалыптастырудың ғылыми-практикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысында мұнай-газ саласы терминдерінің қалыптасуын негізгі үш кезеңге бөліп қарастырады [6, 13]. Атап айтсақ,

Бірінші кезең – XX ғасырдың 30-60 жылдарының аралығы.

Екінші кезең – XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап, 1990 жылдарға дейінгі аралық.

Үшінші кезең – XX ғасырдың 90 жылдарынан кейінгі мерзім.

Ғалым терминдердің қалыптасу жайын мұндай түрдегі топтастыруға басты себеп – «арнаулы лексикалық бірліктердің тілімізде пайда болуына, дамуына және тілдегі қызметіне байланысты» деп түсіндіреді.

Ғалым еңбегіне сүйене келсек, 1930-1960 жылдар аралығында мұнай-газ саласына қатысты жарық көрген еңбектердің қатарына төмендегіше жұмыстарды атай аламыз. Алғашқысы – С.Шариповтың «Нефть» оқулығы (1929 ж.), «Ембі-нефть» қарамағындағы өндіріс орындарында және мекемелерде жұмыс ететіндер үшін ішкі тәртіп және айып табелі жобасы» (1930 ж.), А.И.Жуковтың «Мұнайшылардың жаңа кадрларына көмек» атты жұмысының Р.Бөкейхановтың редакторлығымен қазақшаға аударылған «Жер астылық ремонт бригадасының слесарі мен жұмысшысы» атты нұсқасы (1943 ж.), Н.И.Калмыков, А.И.Дроздов, В.В.Сергеевтердің авторлығымен шыққан «Мұнай скважинасының бұрғышысы және оның көмекшісі» атты ғылыми еңбектерінің ҚМБ баспасында жарияланған аудармасы (1954 ж.), Ж.Нұрмағамбетовтың «Мұнай, газ шығаратын өнеркәсіптегі қауіпсіздік сақтау ережелері» атты аударма-еңбегі (1957 ж.) [6, 13].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан осы салаға қатысты мемлекеттік тілде жарық көрген еңбектерді де атап кеткенді жөн көрдік. Атап айтсақ, С.Бәкіров «Геология негіздері» (1995), Б.Нариман «Кенді жер астында қазу және жобалау» (1996), Ш.Әбдіраманов «Кәсіби-техникалық бағыттылықты қалыптастыру» (1998), К.С.Нұрбекова «Газконденсатты кен орындарын игеру мен пайдалану» (2003), Х.Суербаевтың «Мұнай-газ ісінің негіздері» (2008).

Қазақ тіліндегі мұнай-газ терминдерінің қалыптасу жайын зерттеуші ғалым А.Әбділмановтың пікірінше, жоғарыда аталған еңбектердің ішінде Х.А.Суербаевтың оқулығын ерекше атауға болады. Себебі оқулықтың тілі түсінікті, арнаулы сала бойынша теориялық матералды нақты әрі дәлелді баяндайды. Оқулықта қолданылған терминдердің негізгі бөлігі Терминологиялық комиссия тарапынан бекітілген терминдер. Мәселен: *бұрқақ, зауыт, кенорны, қат, ұңғыма, шоғыр.*

Қазіргі қазақ тіліндегі мұнай-газ саласына қатысты терминдері төмендегідей сипатта болып келді.

1. Кірме терминдерді еш өзгеріссіз қолдану: *битум — битум — bitumen, датчик — датчик — probe, transmitter, грейфер — грейфер — grab bucket, забой — забой — bottomhole, кадастр — кадастр — inventory, каротаж —*

каротаж — logging, log, карьер — карьер — quarry, borrow pit, pit, каскад — каскад — isometric spool.

2. Кірме терминдерді ана тілінің заңдылықтарына сай сәл өзгертіп қолдану: *азотсыздандыру — деазотирование — denitrogenation, айданды — дистиллят — distillate, айырғыш — сепаратор — separator, ауытқы — аномалия — anomaly, әрекеттер — реагент — reagen;*

3. Қазақ тілінің негізінде жасалған төл терминдерін қолдану: *саз — глина — clay, күкірт — сера — sulfur, тіреуіш — якорь — anchor, ұңғыма — скважина — well, hole, сүзгі — фильтр — filter.*

Келтірілген терминдер белгілері мұнай-газ терминологиясының төмендегіше ерекшеліктерімен тығыз байланыста болды:

а) терминжүйенің дамуының бастапқы кезеңінде орыс тілінен қажетті тілімізде баламасы бар төмендегіше терминдер қабылданды: *глубина скважины, закрепление керна, инструмент буровой;*

ә) кірме сөздердің шамадан тыс алынуы терминдердің синонимдік қатарлары мен вариантты лығын тудырды: *головка буровая — бұрғының басы, головка забивная — қағылмының қалмақшасы.*

Кірме терминдер туралы сөз еткенде басқа тілден енген сөздерді ғана емес, бір жүйеден екінші жүйеге ауысқан сөздерді де атап кеткен дұрыс. Соңғысына терминдердің лексика-семантикалық жолмен жасалғандарын келтіруге болады, яғни тілде бұрыннан бар сөздер қажет тұста басқа мағынаны қабылдау арқылы жаңа терминдік мәнге ие болады.

Терминологияны әдеби тілдің лексика саласының бір тармағы ретінде қарастырар болсақ, терминологияның фонетика, морфология, синтаксис сияқты тілдің басқа да салаларымен үнемі байланыста болатындығы белгілі. Терминдердің, терминтіркестердің сөзжасамы тілдің сөзжасам заңдылықтарына бағынады: *геозерттеу, газжұтқышы, деңгей көрсеткіші, техникалық күту*; *ұңғылар өнімінің сулану мөлшері (обводненность скважин), мұнай кең орындарын игеруді жобалау (проектирование разработки нефтяных месторождений)*; *тиімділік шамасы (оценка применения), технологиялық режімін тағайындау (выбор технологического режима), мұнай шығарымын талдау (анализ выработки нефти)*.

Терминология – бұл тіл білімінің лексика саласының бір тармағы. Ол арнайы кәсіби салада ғана қолданылуымен ерекшеленеді.

Мұнай-газ саласының терминдері семантикалық табиғаты жағынан көнерген терминдер және кірме терминдер болып бөлінеді. Көнерген терминдердің өздері бір кездері басқа тілдерден енген кірме терминдер болып табылады. Мысалы, *желі – (жила); сұйық отын - (жидкое топливо); қақпақ – (клапан).* Көнерген терминдер дара *anhydrous – сулы – (водный)* және күрделі *anhydrous ammonia – сусыз аммиак – (безводный аммиак*) болып екіге бөлінеді.

Мұнай туралы ғылым саласының терминдері қазақ тілінің сөздерінен (*бағыттауыш, жылжымайтын, құбыр*), кірме терминдерден (*баррель, дроссель, дюйм, проекция*), ауызекі тілден алынып, сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған сөздерден (*бурение, буримость, бұзу, бұзылу, діріл,*

дірілдеткіш, load, loading, coke, coking). Бұл салада ауызекі тілден алынған термин-сөздер де молынан кездеседі: *дірілдек елеуіш (вибрационное сито), қайыстық беріліс (ременная передача), тісті рейка (рейка зубчатая), газдық тақия — gas cap — шапка газовая, бас — head — головка, жел — strand — жила, қақпақ — hat — колпак.* Бұлардан көріп отырғанымыздай, ағылшын және қазақ тілдерінде мұнай-газ саласы терминдері ауызекі сөйлеу тілінен де алынады.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында терминология бойынша алғашқы ой-пікірлер айтылып, осы саланың негізін салуға ұмтылыс жасалды; 30 жылдардан бастап техника саласы бойынша алғашқы сөздіктер баспадан шыға бастады; 40 жылдары соғыстан кейін ғылымды дамытуға негізгі назар аударылуына байланысты бұл сала да зерттеу нысанына айналды; 50-60 жылдары мұнай-газ саласының терминологиясы түсіндірме, аударма сөздіктермен толыға бастады. XX ғасырдың 90 жылдарында қазақ тіл білімінде ел экономикасының күрт өзгеруіне байланысты лексика саласында үлкен «жарылыс» болды. Бұл терминқорға да тікелей әсер етті. Мұнай-газ саласының терминологиясында жаңа атаулар пайда болды. Осы сала бойынша дамыған мемлекеттерден қажетті құрылғылардың алынуына байланысты терминология да жаңа термин-сөздермен толыға бастады.

Қазақ тілінде интенационалдық терминдер мен олардың аудармаларының қатар қолданылу жағдайлары да кездесіп отырады. Мәселен: *жіктеу — классификация, сарқылу — дренаж, кернжарғыш — керновзрыватель, әрекеттер — реагент, көрсеткіш — индикатор.*

Мұнай-газ саласында жаңа терминдердің қалыптасуы көп жағдайда сыртқы экономикалық жағдайларға да байланысты болып келеді. Бұл біздің еліміздің нарықтық экономикаға көшуіне байланысты қалыптасқан экономикалық іс-әрекеттің жаңа түрлерінің пайда болуымен де түсіндіріледі.

Қарастырылып отырған терминдер құрамында шет тілінен енген атаулар да кездеседі. Біздің зерттеуіміздің барысында бұл сөздер иран, араб, монғол, қытай, ағылшын және орыс тілдерінен алынғандығы мәлім болды. Десек те, қазақ тіліндегі шет тілінен енген терминдердің негізгі бөлігін иран және араб сөздері құрайды: *айна — (зеркало, металлическая, пика, штык) найзалы бұрғылау-, шарайна — (броня), шөміш — (ковш-пластинка с гладкой полированной поверхностью), астар-(подкладочный материал), болат — (сталь), кілт —(ключ), найза —(копье), черпак, тоға — (пряжка), тор — (сеть, сетка), аспап — (прибор, инструмент), алқа — (замкнутый круг), қынап — (чехол, сандал — опора наковальни), шынжыр — (цепь), табақ — (большая чаша)*.

Сонымен қатар бірқатар терминдер тобы ағылшын тілінен алынған: *абсорбент — absorbent, абсорбция — absorption, агломерат — agglomerate, баррель — barrel, берма — berm, вакуум — vacuum, ингибитор — inhibitor, индикатор — indicator, инфильтрация — infiltration, кокс — coke, конденсат — condensate, коррозия — corrosion.* Ағылшын тілі бүгінгі күні көптеген тілдер үшін негізгі «терминологиялық донор» болып табылады. Соңғы он жылдың

ішінде ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі деңгейіне көтерілді, әлемдік тіл мәртебесіне көтеріліп келеді.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992. - 304 с.
2. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. Оқу құралы. - Алматы: Атлас, 2001.
3. Жубанов Х.К. Исследования по казахскому языку. - Алматы, 1966.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. - Астана, 2002.
5. Нұржанова Ә. Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Ф.ғ.к. ... дисс.авторефераты. А., 2000.
6. Әбділманов А.Ә. Арнаулы сала тілін қалыптастырудың ғылыми-практикалық негіздері (мұнай және газ кенорындарын игеру мен пайдалану саласы терминдері бойынша). Ф.ғ.к. ... дисс.авторефераты. А., 2010.

ӘОЖ 371.134

ГЕЙМИФИКАЦИЯ: САБАҚҚА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ЕНГІЗУ КЕРЕК

Қалданов Б.Б. магистрант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Геймификация - это использование элементов игры в процессе обучения. Его не следует путать с игрой: геймификация - это прежде всего метод, направленный на достижение результата. Кроме того, это динамично развивающийся современный метод, который может раскрыть суть каждой темы в полной мере и интересно. Оценка, рейтинг, успеваемость-это скрытая геймификация, которая настолько усиливается в системе образования, что воспринимается как нечто естественное. Преподавателю не нужно долго и равномерно пережевывать материал урока, гораздо удобнее и проще передать его в игровой форме. Но, чтобы правильно вписать элементы игры в ход урока, прежде всего, преподаватель или преподаватель должен понять, какие элементы добавить, поставив себя на место ученика. Элементы геймификации используются не только в школе, но и в университете и на протяжении всего обучения. Поэтому можно с уверенностью сказать, что применение такого подхода даст быстрые результаты.

Summary

Gamification is the use of game elements in the learning process. It should not be confused with the game: gamification is primarily a method aimed at achieving results. In addition, it is a dynamically developing modern method that can reveal the essence of each topic in full and interesting. Assessment, rating, academic performance is a hidden gamification that is so amplified in the education system that it is perceived as something natural. The teacher does not need to chew the lesson material for a long time and evenly, it is much more convenient and easier to convey it in a playful way. But in order to correctly fit the elements of the game into the course of the lesson, first of all, the teacher or teacher must understand which elements to add, putting himself in the student's place. Gamification elements are used not only at school, but also at university and throughout the entire training. Therefore, it is safe to say that the application of this approach will give quick results.

Кіріспе

Білім берудегі Геймификация - бұл ойынды оқыту мен тәрбиелеу әдісі ретінде де, тәрбие жұмысының нысаны ретінде де, тұтас білім беру процесін ұйымдастырудың құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін ойынның әртүрлі білім беру салаларына таралу процесі. Неліктен оқытуды геймификациялау керек? Оқытуды функционалды, жағымды және ынталандыратын ету. Адамдар іс жүзінде немесе өз тәжірибесінен үйренсе, гамификация оларды көп ойланбастан әрекет етуге көмектеседі. Ойын механикасы оқытуды ойын психологиясымен біріктіреді. Ойында бар күшін арттыру деңгейі, зейінділік, қайтарымды және сноровки. Бәсекеге қабілетті ойындар ойыншыларды жеңіске жетуге итермелейді. Оқытуды жаңашыл ету үшін гамификация оқыту формасын классикалық және болжанғаннан жеңіл және түсінікті етіп өзгертеді. Осылайша, ол интерактивтілікті арттырады және оқу процесін автономды етеді. Бұл артықшылықтар сенімді, бірақ егер олар сіздің қажеттіліктеріңізді көрсетпесе, онда білім беру бағдарламасында қажетсіз оқытуды геймификациялаудың қажеті жоқ.

Негізгі бөлім

Геймификация - бұл ойын ережелері нақты мақсаттарға жету үшін қолданылатын оқыту әдісі. Басқаша айтқанда, ойынның арқасында сіз жалықтыратын тапсырмаларды қызықты, ал қиынды — қарапайым етесіз. Оқу - бұл еңбек. Ойын - тәтті дәм. Бұл балалардың сабаққа бар ынтасымен оралуы үшін оқуды қызықты әрі жағымды етеді. Адам эмоцияны тудыратын нәрсені жақсы есте сақтайды. Оң немесе теріс болсын - кез-келген күшті әсер жадта терең із қалдырады. Ойын барысында балалар күтпеген жерден ашылады. Олардың шынайы тілектері мен мүмкіндіктері айқын болады. Мысалы, қабілеттерімен жарқырамайтын тыныш, үні шықпайтын баланың ойын барысында жақсы стратег болып шығады. Нәтижесінде ол тануға ие болады, өзін — өзі бағалауды арттырады, нәтижесінде білімге ұмтылады. Мектептегі геймификацияның мақсаты - барлық басқа салалар сияқты, интуитивті түрде айқын және ол - жағымды және нәтижелі болатын әлем құру. Бұл дүниеде адамдар не істеу керек және не істегісі келетіні арасында ешқандай айырмашылық болмайды - біз жасаған барлық нәрселерден ләззат алуға уақыт бөлген кезде біздің өміріміз жақсарады[1].

Неліктен ойындар кез-келген жаста маңызды болып келеді? Әрбір оқушының арманы: сабақты қиналмай әрі тақтада жауап бермей өткізу. Олег Федоровтың айтуынша, көптеген адамдар әлі де геймификацияға сескене қарайды, осыған байланысты оның айналасында кейбір стереотиптер қалыптасқан.

- *Стереотип 1*. Геймификация қолдануға болмайтын пәндер бар. Алгебра, геометрия ... олар өте маңызды. "Ойындарды кез-келген сабақта қолдануға болатынына сенімдімін. Сіз рахаттана және көңіл күймен үйренуіңіз керек(бірақ бұл жұмыс екенін де ұмытпау қажет). Алгебра, геометрия - мұның бәрі біздің шындықты математикалық

тілмен сипаттау туралы, яғни ойын компоненті оларға өте жақсы енеді. Өйткені, ойын - модельденген шынайы өмір".

- *Стереотип 2*. Жоғары сынып оқушылары үшін геймификация кішкентай балаға қолданылатын әдіс тәрізді. Ал ҰБТ ретінде дайындалатын боламыз? "ҰБТ, әрине, жоғары деңгейлі тест, бірақ бұл білім беру жүйесінің мақсаты емес. Өкінішке орай, тестке дайындық тек жаттығу, қайталанатын және монотонды болып қала береді. Ойындар барлық жастағы адамдар үшін қол жетімді. Олар өзгереді, баланың жасына байланысты қиындайды, бірақ әлі де ойын болып қала береді. Кез-келген жаста адам ойын арқылы оқи алатынына сенімдімін. Ең бастысы - тиісті таңдау".
- *Стереотип 3*. Әр сабақ геймификациялануы керек. "Оқудағы басты заң - бәрі орынды болуы керек. Педагогикалық тапсырманы ойын жақсы шешетін жерде ойын болуы керек. Жақсырақ, пайдалы жабдықтар мен құралдар бар жерде - бұл құралдарды пайдалану керек"[2].

Мектептегі бағалар геймификацияның бір бөлігі болып табылады, өйткені онда бәсекелестік элемент, сынып арасындағы рейтинг, яғни білім берудегі ойын қабығы бұрыннан қалыптасқан. Қазіргі геймификация мұғалімнің "ойынға" дайындық кезіндегі шығындарына қарамастан оқытуды жеңілдетеді. Егер, мұғалім геймплейдің энергиясын, мотивациясын және әлеуетін қолдана алса және оқушыны оқуға бағыттаса, ол студенттерге нақты өмірде жеңіске жету үшін өте маңызды құралдарды бере алады, көптеген сәттілік жағдайларын жасайды, шамадан тыс стрессті жеңілдетеді және оқу мен тәрбие процесінен шаршауды жояды[3].

Сабақта қандай ойын элементтерін қолдануға болады

Төменгі жол - қиындықтарды көңілді ойын миссияларына айналдыру. Мұндай тәсілмен құбыжықтар үй тапсырмасы, бастық шайқастары — тесттер мен тестілер. Әр" жеңіс " үшін ойыншы тәжірибе алады, мысалы, бағалауға әсер етеді. Мақсаты - балалардың мотивациясы мен қызығушылығын арттыру, олар келесі үй тапсырмасынан мыжылып қалмауы және "диктант" сөзінде қатты күрсінбеуі үшін.

Жалпы оқыту құралдарының арасында жиі ерекшеленетін келесі элементтер:

- интерактивті тақталар;
- интерактивті консольдер, проекторлар, дисплейлер бар;
- робототехника және LEGO конструкторлары;
- интерактивті үстелдер;
- сымсыз планшеттер;
- құжат-камера-оқулық орналастырылған және оның бейнесі компьютерге және интерактивті тақтаға жобаланған құрылғы;
- интерактивті құмсалғыш, онда құмнан басқа проектор және қосымша шындық тудыратын бағдарламалық жасақтама бар;

- ішінде проекторы бар мобильді планетарий күмбезі;
- компьютерлер мен оргтехника[4].

Геймификация білім беруде жиі қолданылады және бұл біздің мектептер мен жоғары оқу орындарына де әсер ететініні сөзсіз. Егер, біз ғылыми-зерттеу позициясынан геймификацияны жүргізсек, онда оның әсері оң болуы үшін жұмыс жасауымыз керек. Егер біз геймплейдің энергиясын, мотивациясын және әлеуетін пайдаланып, оны оқуға бағыттай алсақ, онда біз оқушыларға және студенттерге шынайы өмірде жеңіске жету үшін өте маңызды құралдарды бере аламыз.

Ойын сабағын құрудағы 4 қате. Сіз жарқын әңгіме, тапсырмалар, ертегі әлемін ойлап таптыңыз, оқушыларға ойын көрсеттіңіз, "play" - ді символдық түрде бастыңыз, бірақ сондада балаларда қызығушылық жоқ. Өзіңізді сәтсіздіктен сақтандыру үшін ойын құру кезінде жиі кездесетін қателіктерді зерттеңіз.

Жарыстарға көп мән бөлу керек. Бәсекелестік - геймификация палубасындағы трамплиндердің бірі. Алайда, тек осы картадан "жүруге" болмайды. Егер балаларға тек рейтингтің шыңына көтерілу керек болса, бұл білім беру ойыны емес, спорт. Электронды оқыту ортасында танымал блогер және кітап авторы Карл Капп: "егер сіз қызығушылық танытқыңыз келсе, жарысты қолданыңыз. Ол балалар ойынға еніп, сақтандырғышты жинайтындай уақытқа созылуы керек".

- Марапаттарға ие болу. Егер сіз студенттерге бейджде мен медальдарды лақтырсаңыз, олар көп ұзамай құнсызданады. Айырмашылық белгілері ешкімге қажет емес қоқысқа айналады. Идеал опция-бұл "ойыншыларға" марапаттар беру, олардың жетістіктерін тіпті бәсекелестер де мойындайды.
- Құмарлық. Геймификацияны тым қолдану, үлкен тәуекелге және сабақ мәнін ұмытуға әкеледі. Сабақ пайдасыз көңілді болады. Сіз күш пен уақытты босқа өткізесіз. Оқушылар, әрине, риза болады - олар 40 минут көңілді өтті, бірақ ештеңе білмеді.
- Ойын механикасындағы сәтсіздік. Егер кейбір студенттер деңгейден жоғары деңгейге ие болса, ал басқалары барлық күш-жігерге қарамастан, сабақ барысынан тыс қалып қалса, сіз ойын әлемінің ережелерін нашар ойластырған боларсыз. Кемшіліктерді түзетіңіз. Әйтпесе, балалар сізді пайдасыз оқытушы ретінде бағалайтын болады.

Неліктен білім беру жүйесі ойындарға мұқтаж. Білім берудегі ойындар әрқашан мына объектілерді қамтыды: үстел, бизнес, рөлдік ойындар. Алайда, қазір цифрлық мүмкіндіктер - бұл ойындар білім беру әсері тұрғысынан қызықты, нәтижелі бола бастайды. Оларды модельдеу және болжау үшін тренажер ретінде пайдалануға болады. Және одан да қызықты, сіз қашықтан ойнай аласыз. Осылайша, геймификация оқу процесін интерактивті етеді. Ол барлық процесті қамтиды, өйткені ол келесі элементтерді пайдаланады.

- Динамика, аңыз жасау.

- Мотивация
- Пайдаланушылардың өзара әрекеттесуі.

Алынған нәтижелерді талқылау барысында, біз сабақты дұрыс геймификациялаудың 1-суреттегідей моделіне қол жеткіздік:



1-сурет. Сабақтың маңызды геймификациялау элементтері

Суретте көрсетілген модельдің әр элементі балаларға сабақ тақырыбын қызықтырып ғана қоймай, оның үстіне тым көп ойынға беріліп кетпей, сабақтың мәнін түсінуге итермелейтінін дәлелденді. Демек, осы моделді қолдану арқылы, біз балалардың білім алуға деген талпынысын арттырып, сабаққа деген қызығушылығын бәсекелестік, ұпайлар жинау, деңгейлерге өту арқылы арттырамыз. Бұл қазіргі заманның білім алу жүйесінің қарқынды дамып келе жатқан әдістерінің бірі болып табылады. Осы әдіс арқылы, біз болашақ ұрпақтарымыздың заманға сай және білімді болуына үлкен жол ашып беруіміз абзал.

Қорытынды

Геймификация - бұл жай ғана жалығудан арылудың құралы емес, оның көптеген артықшылықтары бар, бірақ бәрі қалыпты жағдайда жақсы болады. Кейде қатаңдық қажет, сондықтан оқуды абайсыз құмарлыққа айналдырудың қажеті жоқ. Сабақтың ауырлығын сұйылту керек немесе қиын тақырыпты түсіндіргіңіз келгенде ойынды қолдану өте жақсы ой. Таңқаларлығы, әдеттегі білім жүйесінде бір қарапайым, шексіз қажет зат туралы ұмытады – ол біздің жасап жатқан затымыз бізге қуаныш пен көңіл әкелу керек. Бұл ойындарды өте қызықты етеді. Бұл оқу процесінде жеткіліксіз бөлігі деп есептеймін. Геймификацияның маңызды факторларының бірі – топтық жұмыс жасау болып табылады. Мектеп сыныбында көбінесе оқушы өзі үшін ғана оқып білу керек сияқты болады.

Сондай-ақ, ол үйде үй тапсырмасын өз бетінше орындауы керек. Бірақ, оның жасамауына қарапайым себебі – оған ол қызықсыз және жалықтырушы іс болып келеді. Компьютерлік ойындар бізге командалық өзара әрекеттесуді үйретететіндіктен, мектепте оқу және білім алу бірігіп жұмыс жасауы болуы керек, содан кейін оқушылар материалды үйренуге көбірек қатысады және мүдделі процесс болады. Сонда оқушылар сабақты үлкен ықыласпен және соған деген қызығушылығымен келеді. Сабаққа дұрыс геймификация

элементтерін қолдану, қателіктерді ескеріп және балаларға ойын көмегімен қызықты ғана қылып қоймай, миға қонымды қылу – нағыз заманауи оқытушының біліктілігі деп білуге болады[5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ю-Кай-Чоу" геймификация " ISBN: 978-5-7755-2854-6 2013 жыл. 114 бет.
2. Яковлева А., Геймификация: как превратить игру в урок https://mel.fm/ucheba/shkola/6783041-gamification
3. Вопросы педагогики ISSN: 2518-1793 Назырова А.А. / Актуальные проблемы геймификации образовательного процесса в школе. Түрі: ғылыми мақала. № 7-2 жылы: 2020 Беттер: 103- 105. 3. Барри Д
4. Барри Дж. Нейлбафф, Авинаш Диксит “Теория игр” ISBN: 978-5-00100-503-2 / 2008 жыл. 750 бет
5. А.А.Куприн, Геймификация http://uchitel.uss.dvfu.ru/wp-content/uploads/2016/10/Геймофикация.pdf

ӘОЖ 317.134

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЕСЕПТЕРДІҢ ӘРТҮРЛІ ТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Келесова Г.А. – М1501-11 тобының магистранты, Джаманкараева М.А – ф.-м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассмотрены различные типы исследовательских задач по планиметрии, направленные на формирование исследовательской компетентности учащихся. Наряду с этим, изложены дидактические условия и требования, которым должны удовлетворять планиметричесие исследовательские задачи.

Summary

The article considers various types of research tasks in planimetry aimed at developing the research competence of students. Along with this, the didactic conditions and requirements that planimetric research tasks must satisfy are outlined.

Бүгінгі таңда жан-жақты үйлесімді, өркениетті елдің ұрпағын тәрбиелеу, сапалы білім беру мемлекеттің әлеуметтік-рухани дәрежесінің бірден-бір көрсеткіші. Осыған орай сапалы да тұрақты білім беру – мемлекет алдына қойылған мақсат-міндеттерінің бірі. Бұл мақсат-міндеттер әрбір оқу ордасының мұғалімдерімен қазіргі заман талабына сай оқыту әдістемесін күннен күнге жетілдіре түсуін талап етеді. Осы талаптың орындалуы білім беру бағдарламасындағы әрбір пәннің әр тарауының тақырыбын оқушы санасына жететіндей етіп оқытқанда ғана орындалады. Олай болса, ұрпақтың жеке тұлға ретінде дамып,өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, өркендеуіне математика пәнінің де алатын орны зор. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген ынтасын ашатын, логикалық ойлауын дамытатын математиканың ажырамас бөлігі – геометрия (планиметрия).

Жеке тұлғаның зерттеу құзыреттіліктерінің компоненттеріне сәйкес құзыреттілікті қалыптастыру үшін пайдаланылатын әртүрлі типтегі планиметрия бойынша зерттеу міндеттері кешенінің сипаттамасын ұсынамыз.

Планиметриялық есептерді зерттеуге бағытталатын бірқатар міндеттер:

- ұғымдардың маңызды қасиеттерін және олардың арасындағы қатынастарды анықтау;
- осы ұғымның басқалармен байланысын орнату;
- теоремалардың тұжырымдарында көрсетілген фактілермен және олардың дәлелдемелерімен танысу;
- теореманы жалпылау;
- кері теоремаларды құрастыру және олардың ақиқаттығын анықтау;
- математикада белгілі фактілердің нақты жағдайларын бөліп көрсету;
- математикалық объектілер мен олардың арасындағы қатынасты зерделеу;
- мәселелерді әртүрлі тәсілдермен шешу;
- кері мысалдар келтіру;

Зерттеуге берілген планиметриялық есептерге қойылатын негізгі талаптар:

- есептің шарты әр түрлі мәселелерді қарастыруы тиіс;
- есепті шығару барысында геометриялық конфигурациялар, түрлі әдістер мен шешімдердің қолданылуы;
- есептің берілген шартында теоремалар мен формулаларды қолдануға тікелей нұсқаулар болмауы керек;
- есеп оқушылардың мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік және жеке зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етуі керек;
- міндеттер планиметрия бойынша оқушылардың оқу ақпаратын қабылдау түрін ескере отырып, олардың толыққанды оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға арналған зерттеу есептерінің дидактикалық шарттарын қарастырайық. Планиметрияда берілген есеп міндетті түрде қандай-да бір геометриялық қатынас, қасиет, анықтама, теорема, салдармен байланысты болады [1]. Зерттеуге берілген есепте геометриялық обьектілердің арасындағы қатынастарды табу қажет болса, келесі дидактикалық шарттарды назарға алған жөн:

1) берілген есептің объектілері арасындағы байланысты, ұқсастықты табу;
2) есеп шартына сәйкес сұлба берілмесе, шарт мәтініне қарай сұлба салу;
3) қиындық деңгейі әртүрлі есептерді шешуде теориялық білімді дұрыс пайдалана білу;

Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға арналған планиметрия есептерінің *типтеріне* тоқталайық [2].

1-тип. *«Есеп шартына байланысты зерттелетін есептер»*. Бұл типтегі есептердің құрылымы:

- . . . екендігі белгілі, осыдан шешім шығарыңыз;
- есептің шартына сәйкес салдарын жазыңыз;
- есептің шартынан кем дегенде n нәтиже алыңыз;
- . . . екендігі белгілі, демек . . . жалғастырыңыз;

Есептің шартында берілген геометриялық фигуралардың сұлбасын дұрыс салу айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Келесі есепті қарастырайық:

Есеп 1. Шеңберге сырттай сызылған ABC теңқабырғалы үшбұрышы берілген. Шеңбердің ішінде $A_1B_1C_1$ үшбұрышы жатыр. ABC теңқабырғалы үшбұрышының периметрі – h-қа тең, ал шеңбердің ішіне сызылған $A_1B_1C_1$ үшбұрышының периметрі – b-ға тең. Қойылған шартқа сәйкес ABC теңқабырғалы үшбұрышының периметрінің шеңбердің ішіне сызылған $A_1B_1C_1$ үшбұрышының периметріне қатынасын табыңыз.

Егер оқушы есептің шартына сәйкес 1-суретте көрсетілгендей сұлба салса, онда келесідей шешім алады: CO кесіндісі – 2r-ге (r-шеңбер радиусы), C_1A_1 – COA үшбұрышың орта сызығы болады. Сонымен, ABC теңқабырғалы үшбұрышының периметрі $A_1B_1C_1$ үшбұрышының периметрінен 2 есе үлкен. Егер оқушы есептің шартына сәйкес 2-суретте көрсетілгендей сұлба салса, онда периметрлер арасындағы қатынасты табу әлдеқайда оңай болар еді. Өйткені теңқабырғалы үшбұрыштар өзара ұқсас болғандықтан, үшбұрыштар периметрінің қатынасы - кез-келген сәйкес сызықтық элементтердің қатынасына тең. Біздің жағдайда екі үшбұрышқа да ортақ, біріншісіне іштей, екіншісіне сырттай сызылған шеңбердің радиусы. Берілген екі үшбұрыштың үлкеніне іштей сызылған шеңбер, кіші үшбұрышқа сырттай сызылғандықтан, тең қабырғалы үшбұрыштардың қасиетіне сәйкес екі үшбұрыштың қатынасы 2-ге тең деген шешім аламыз. Бұл типтегі есептерден оқушылар үшбұрыштардың өзара ұқсастық қасиеттеріне жүгіну арқылы зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырады.



1-Сурет



2-Сурет

2-тип. «Геометриялық обьектілердің (фигуралардың) өзара орналасуына берілген есептер». Бұл типтегі есепті шығару барысында «Есептің шартында берілген фигуралардың өзара орналасуы қандай?» деген сұраққа жауап іздейміз. Келесі есепті қарастырайық:

Есеп 2. 3-Суретте көрсетілген екі шеңбер ортақ 1 түзумен жанасады. Жанаманың бойынан MN диаметрі арқылы 3-шеңбер сызылған. Берілген жанама мен шеңберлердің өзара орналасуы қандай? Бұл есепте оқушы өз зерттеуін (анализ) есеп шартында берілген сұлбаға қарап жүргу арқылы мынадай шешімдерді алады:



3-Сурет

1. LM = LK = LN (К нүктесі арқылы екінші жанаманы жүргіземіз. Сонда, KL түзуі L нүктесі арқылы MN жанамасын кесіп өтеді.
2. К нүктесі диаметрі MN болатын шеңберге тиесілі.
3. $KL \perp OO_1$.
4. Салынған шеңбер OO_1 түзуіне жанасады.

Бұл типтегі есептер салдарды есептің берілген шартынан шығарумен тығыз байланысты болып табылады. Алдыңғы типтегі есептерден айырмашылығы, есептің сұлбасында берілген геометриялық фигуралардың өзара орналасуын анықтау арқылы шешімдері табылады.

3-тип. «Геометриялық заңдылықтарды табуға берілетін есептер**»**. Бұл типтегі есептерді шығару үшін есептің шартында берілген сұлбадан заңдылықтарды таба білу қажет. Келесі есепті қарастырайық:

Есеп 3. 100 түзу белгілі-бір заңдылықпен жазықтықты бөліп орналасқан. Түзулердің ешқайсысы бір-біріне параллель емес және 3 түзу бір нүктеде қиылыспайды. Түзулердің өзара орналасу заңдылығын табыңыз. Есептің шешімін 1-кестеде көрсетейік. Түзілер санын – n, түзулер арқылы бөлінген жазықтық санын – m деп белгілейік.

Кесте-1

Оқушылардың іс-әрекеті	*Есептің шығарылу барысы*	*Ескерту*
Эксперимент. Есеп топтық жұмыс жасау арқылы шығарылады.	4-Сурет 5-Сурет 6-Сурет	Жалпы жағдайды қарастырайық. Жазықтықта 3,4,5 түзу орналасқан делік. (4-6 Сурет) Олай болса, $n=3, m=7$ (4-Сурет) $n=4, m=11$ (5-Сурет) $n=5, m=16$ (6-Сурет)

<table>
<tr>
<td>Гипотезаны ұсыну.
Оқушылар эксперимент нәтижелерін тақтада сызылған кестеге түсіріп отырады. Олар жұмыс барысында қандай да бір заңдылықтың орындалып жатқанын байқайды. Ол заңдылық: неғұрлым n саны көбейген сайын, соғұрлым m саны көбейеді.</td>
<td>
<table>
<tr><td>N</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td></tr>
<tr><td>m</td><td>7</td><td>11</td><td>16</td><td>22</td></tr>
</table>
$11-7=4$
$16-11=5$
$22-16=6$
</td>
<td>n және m сандарын жазатын кесте түзейік. «Неғұрлым n саны көбейген сайын, соғұрлым m саны көбейеді» деген тұжырымнан n = 100 болса, сәйкесінше m одан көп болады.</td>
</tr>
<tr>
<td>Гипотеза дәлелі.
Оқушылар есептің шартына сәйкес сұлбасын салып, түзулер қиылысатын нүктелер санының түзулерге тәуелділігін көреді.</td>
<td> 
7-Сурет

8-Сурет

9-Сурет</td>
<td>Гипотезаны ақиқаттыққа тексеру:
а) 4-Суретте көрсетілгендей, түзулердің белгілі бір (n-1) саны m – ге тең болсын.
б) егер тағы бір түзуді қоссақ, әр (n-1) түзуінде неше нүкте пайда болады? Мысалы: p-нүктелер саны, q-түзулердегі бөлік саны.
p = 3, q = 4 (5-Сурет)
p = 4, q = 5 (6-Сурет)
. . . . . .
p = n-1, q = n
Түзу (n-1) түзумен қиылысқанда, (n-1) нүкте пайда болады. Сондықтан n-ші түзу n бөлікке (n-1) нүкте арқылы бөлінеді.</td>
</tr>
<tr>
<td>Нәтиженің анализы.</td>
<td>
<table>
<tr><th>n</th><th>m</th></tr>
<tr><td>1</td><td>2</td></tr>
<tr><td>2</td><td>2 + 2 = 4</td></tr>
<tr><td>3</td><td>4 + 3 = 7</td></tr>
<tr><td>4</td><td>7 + 4 = 11</td></tr>
<tr><td>5</td><td>11 + 5 = 16</td></tr>
<tr><td>6</td><td>16 + 6 = 22</td></tr>
<tr><td>7</td><td>22 + 7 = 29</td></tr>
<tr><td>8</td><td>29 + 8 = 37</td></tr>
</table>
2=1+1
1+1+2+3+4+5+ . . . + 99+100 =
1+100·49+50+100=1+100·50+...+50=5051
</td>
<td>Осылайша, мына заңдылыққа көз жеткіземіз:
$n=7, m=22+7=29;$
$n=8, m=29+8=37;$
$n=9, m=37+9=46;$
$n=10, m=46+10=56$ т.с.с.
$m_{100}=m_{99}+100=(m_{98}+99)+100=$
m_1+2...+99+100=2+2+...+100.
$n=100$ үшін табу керек: 2+2+3+4+5+6+7+...+99+100.
$2=1+1$ болса, демек 1+1+2+3+4+5+...+99+100 аламыз.
(1+1+2+3+4+5+...+99+100 қосындысы арифметикалық прогрессия.) Бұдан,
1 + 99=100
2 + 98=100
3 + 97=100
. . . . . .
49 + 51 =100</td>
</tr>
<tr>
<td>Нәтиже</td>
<td colspan="2">Осылайша, жазықтық 100 түзу арқылы 5051 бөлікке бөлінеді.
Анықталған заңдылық: $m_0=1+\frac{n(n+1)}{2}$</td>
</tr>
</table>

Сонымен, планиметрия бойынша оқушылардың ғылыми-зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру үшін зерттеуге бағытталған есептер келесі ерекшеліктерге ие:

- мұғалім сабақта оқушылардың мақсаты мен жұмыс формасына байланысты әр түрлі зерттеу тапсырмаларын таңдайды;

- жеке жұмысқа арналған тапсырмалардың тақырыптары бірнеше тақырыптар арасынан таңдау үшін ұсынылады;
- сабақта мұғалім зерттеуге бағытталған есептерді шешу процесін ұйымдастырушы рөлін атқарады, бұл процесс сабақтан тыс оқу іс-әрекеттерінде әр түрлі формада жалғасын табады.

Әдебиеттер:
1. Меньшикова Н.А. Учебно-исследовательская математическая деятельность в средней школе как фактор приобщения к будущей научной работе: дис. ...канд. пед.наук. – Ярославль, 2003. – 176 б.
2. Лоповок Л.М. Задачи исследовательского характера в VI классе // Вопросы обучения и воспитания.-Томск, 2015.-Б. 86-94.

ӘОЖ 372.8:37

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНЫҢ ОҚЫТУ САЛАСЫНДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Абилова Ф.К.- №132 ЖОББМ, Шымкент қ., Қазақстан
Одаманова Г.П.- магистр оқытушы
Сейсенбек М.Ә. - докторант
ОңтүстікҚазақстанмемлекеттікпедагогикалықуниверситеті,
Шымкент қ., Қазақстан

Резюме

В результате эпидемии коронавируса (COVID-19) подавляющее большинство школьников и студентов во всем мире перешли на дистанционное обучение. Это в корне изменило способ и содержание работы. В статье описаны преимущества и недостатки дистанционного обучения, формы организации дистанционного обучения.

Summary

As a result of the coronavirus (COVID-19) epidemic, the vast majority of schoolchildren and students around the world have switched to distance learning. This radically changed the way and content of work. The article describes the advantages and disadvantages of distance learning, forms of organization of distance learning.

Коронавирус тарап, пандемия жарияланғаннан кейін мемлекеттегі барлық оқушылар қашықтан білім алуға көшірілді. Оқытудың жаңа түріне ауысқан кезде көптеген қиындықтар пайда болды. Соның ішінде техникалық проблемалардың жиі кездескенін атап өту керек. Бірақ онлайн-форматқа методикалық жағына ауысудың қандай қиындықтары болды?

Мұғалімдер видеобайланыс пен дайын видеосабақтарды пайдаланып, жауаптарды автоматты түрде тексеруге болатын платформалар арқылы балаларға тапсырмалар бере бастады. Бұған қоса педагогтар қашықтан оқыту аясында оқушыларға тестері мен тапсырмалары бар PDF-файлдар жібере бастады.

Қашықтан оқыту жүйесі тәжірибелі ұстаздар мен жас педагогтарды бірдей, ортақ қиындықтармен бетпе бет келуге мәжбүр етті.

Жалпы алғанда мұғалімдерге түсетін салмақ арта түсті және оқушыларға берілетін тапсырмалардың көлемі азая түсті немесе бұрынғы көлемінен артпаӥ сол күйӥ қалды. Не өзгерді?

Мектепте оқытудың негізгі мақсаттарына қол жеткізу дәрежесі де өзгерді: жаңа материалды зерттеу, оны игеру, қаӥталау және жалпылау, сонымен қатар диагностика және бақылау. Диагностикаға байланысты жұмыс көлемі аӥтарлықтаӥ азаӥды, яғни қашықтан білім деңгейін тексеруді ұйымдастыру қиын болып шықты.

Төменгі сыныптарда диагностика жүргізу ісі ең көп зардап шеккен бағыт болды: бұл жөнінде сұрақ-жауап алынған мұғалімдердің жартысы аӥтты. Бұл төменгі сыныптарда ата-аналар мен мұғалімдерге түсетін жүктеменің көп болуына байланысты көптеген мұғалімдер үшін қашықтан бақылау шараларын ұйымдастыру оңаӥ болмаӥ шықты.

Мұғалімдер балаларға жаңа материалды түсіндіру үшін ең жиі пайдаланатын әдіс ол – өздерінің видеосабақтары. Олар өз оқушыларымен видеобайланысқа жиі шыға берген сайын олардың келесі сабақтарда балаларға беретін жаңа материалдарының көлемі мейілінше аз кемиді екен. Яғни, сабақ сапасы арта береді.

Оқушыларға бейнеконференциялық байланыс арқылы оқуға мүмкіндік жасалды. Онлайн нақты уақыт режимінде жаттығуларды орындауды, сабақ және жаттығулар бойынша сынып үлгерімінің мониторингін, нақты уақыт режимінде сыныбымен онлайн-чат, жеке онлайн-чат, нақты уақыт режимінде онлайн бағалауды жүргізу үшін БЖБ және ТЖБ конструкторы, bilimbonus есептеу жүйесі, мобильді қосымша және тағы басқаларды қамтыды.

Онлайн білім беру платформасы- қашықтықтан білім алуға мүмкіндік беретін, әдістемелік материалдар мен ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ететін, сондай-ақ білім алушылардың білім деңгейін бақылау үшін тестілеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу процесіне қатысушыларды біріктіретін ақпараттық кеңістік.

Интерактивті оқыту мүмкіндіктері бар онлайн білім беру платформаларының танымалдығы, әсіресе қазіргі шындық туындаған жағдайларда артып келеді. Онлайн оқытуға көшу тек компьютерлерді ғана емес, сонымен қатар басқа да заманауи технологияларды қолдана отырып, қазіргі заманғы оқыту әдістерін енгізуді талап етуде.

Білім беру онлайн платформасының міндеттері.

Сандық онлайн оқыту платформаларын шешуге көмектесетін үш негізгі тапсырманы бөліп көрсетуге болады:

- оқу орны үшін қашықтықтан оқыту және білімді бақылау;
- компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оқыту процесін автоматтандыру;
- бизнестің түрлі салаларында оқыту курстарын ұйымдастыру.

Оқытуға арналған білім беру платформасының құрылымы.

Білім беру платформасы блоктық құрылымға ие, оның негізінде әртүрлі мәселелерді шешу үшін оқыту курстарының жүйесін құруға болады.

Интернеттегі жүктеу үшін сандық платформа құрылымындағы қажетті блоктар:

- дербес компьютерді, ҚКП-ны, ұялы телефонды, DVD-ойнатқышты, теледидарды және басқа құрылғыларды пайдалана отырып, оқу материалдарымен өз бетінше жұмыс істеуге арналған кешен;
- қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін беретін қашықтықтан (аумақтық) сарапшыдан (оқытушыдан) консультациялар, кеңестер, бағалар алуға арналған онлайн-чат немесе телеконференция;
- ортақ виртуалды оқу қызметін жүргізетін пайдаланушылардың бөлінген қауымдастығын (әлеуметтік желілердің аналогы) құруға арналған блок;
- электрондық оқу материалдарын уақтылы тәулік бойы жеткізу үшін электрондық тарату сервисі; электрондық Оқу материалдары мен технологияларына әдістемелер, стандарттар мен ерекшеліктер;
- оқу курстарын жоспарлау және қалыптастыру мүмкіндігі;
- алынған білімді тестілеу және бақылау блогы;
- бейне және аудио файлдарды жүктеу және мазмұнға кіруді басқару мүмкіндігі бар бейне сабақтар мен онлайн дәрістер құруға арналған қызмет.
- қол жеткізу деңгейлерін басқара отырып, материалдарды жүктеу және түсіру мүмкіндігі бар білім базасы;
- қоғамдастықты құру, чаттар мен телеконференцияларды ұйымдастыру, білімді бақылау блогына қол жеткізу және оқытуға арналған жаңа курстарды қалыптастыру сервисі мүмкіндігі бар оқытушыларға арналған блок;
- бүкіл жүйені әкімшілендіруге арналған сервис;
- статистикалық деректерді жинау және талдау блогы.

Білім беру платформаларының артықшылықтары мен кемшіліктері.

Оқытудың ең танымал платформалары негізінен біліктілікті арттыруға немесе жаңа мамандық алуға бағытталған, қазір балалар мен жасөспірімдерді қашықтықтан оқыту үшін қолдануға болатын платформалар пайда бола бастады. Осындай платформаларда құрылған оқу курстарының негізгі бағыттары: бағдарламалау, маркетинг, дизайн, бағдарламалық жасақтаманы тестілеу, шет тілдері бойынша барлық онлайн курстар кең таралған: ағылшын, француз, испан және т. б.

Онлайн платформаны оқыту курстары оқу процесін қаншалықты жеңілдететінін ұзақ уақыт айтуға болады, бірақ негізгі артықшылықтарға тоқталайық:

- білім алушы ақпаратты орналасқан жеріне қарамастан ыңғайлы уақытта ала алады;
- заманауи технологиялар мен мультимедиялық құралдарды пайдалану;
- оқу материалы көрнекі, қызықты және түсінуге және игеруге қол жетімді болуы мүмкін;
- барлық қажетті оқу материалдары оқудан өтушілерге қолжетімді;
- өзіндік жұмыс өзін-өзі ұйымдастыруды, тәртіпті, бастаманы дамытады;

- мүмкіндігі шектеулі жандарды қашықтықтан оқыту мүмкіндігі;
- оқытудың жаңа әдістерін қолдана отырып курстар құруға болады;
- оқытудың барлық кезеңдерінде әдістеменің тиімділігі және оқытудың сапасы мен материалдың қолжетімділігі бойынша оқушылардан кері байланыс бойынша статистика алу, бұл платформаны түрлендіруге және оқу процесін жақсартуға бірегей мүмкіндік береді.

Кемшіліктері:

- байланыстың болмауы және оқытудың әлеуметтік аспектілері-ақпарат алмасу және процеске эмоционалды қатысу;
- тәртіп тұрғысынан бақылаудың жеткіліксіз деңгейі, бірақ бұл аспект балалар мен жасөспірімдерді оқыту процесінде ғана маңызды.

Сандық білім беру платформасының негізгі элементтері:

1. Оқытушының немесе оқушының жеке кабинеті;
2. Білім базасы;
3. Бақылау және аттестаттау модулі;
4. Интерактивті өзара әрекеттесу модулі;
5. Жоспарлау және ескерту модулі;
6. Статистика жинау модулі;
7. Жүйені басқару модулі.

Интерактивті цифрлық онлайнплатформа базасында білім беру порталын құру тиісті модульдерді қосу мен күйге келтіруге және оларды ақпараттық және әдістемелік материалдармен, бейне - және аудио контентпен толтыруға келіп тіреледі.

Сонымен қатар, пайдаланушылардың барлық түрлері үшін қол жетімділік деңгейлерін орнату және жүйеде тіркелген барлық қатысушыларға ескертулер мен материалдарды таратуды ұйымдастыру маңызды.

Білім беру платформалары әрдайым деректерді көшіруден қорғау модульдерін ұсынады, бірақ мұндай қорғаныс деңгейі әрдайым жоғары бола бермейді.

Статистиканы жинау және талдау жүйелері көптеген білім беру платформаларында да бар, бірақ есеп беру интерфейсі жеткілікті икемді емес.

Онлайн оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай отырып қазіргі қашықтықтан білім берудің артықшылығы көп. Қашықтықтан білім берудің ерекшеліктері мен артықшылықтарына сүйене отырып, өзінің кемшіліктеріне қарамастан, қашықтықтан оқытудың да өзіндік ілгерілеуі бар. Оқу қоғамы жүйесін құрудың маңызды бөлігі ретінде заманауи онлайн білім беру үнемі жетілдіріліп, алға жылжып отыруы керек. Біріншіден, ресурстарды құруды стандарттау үшін онлайн-қашықтықтан білім берудің кейбір кемшіліктері шешіліп, күшейтілуі керек, екінші жағынан, қашықтықтан білім берудің онлайн мектептерінде білікті мұғалімдер болуы керек, осылайша оқыту қызметі жүйесін жетілдіруге көмектеседі. Үздіксіз жетілдіру мен прогрессте ғана қазіргі заманғы онлайн білім беру дамиды.

Әдебиеттер:

1. Абрамова И. А. Мир будущих профессий [Текст] / И. А. Абрамова. – Курган: КГУ, 2014. – 51 с.
2. В России составлен перечень новых профессий в сфере образования, которые появятся к 2030 году [Электронный ресурс] // Сидоров, С.В. Сайт педагога-исследователя. – Режим доступа: http://si-sv.com/news/2014-02-19-200. – 10.02.2015.
3. Гурьева, О. Г. Онлайн-обучение как важная составляющая процесса образования [Текст] / О. Г. Гурьева. – ЧГПУ, 2012. – 37 с.

ӘОЖ 37.1174

ТИІМДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Абдикаюмова Нодира Абдирахимовна магистр, педагог- шебер, химия пәнінің мұғалімі, №13 А. Навои атындағы жалпы орта мектеп, Сайрам ауданы, Қазақстан, nodira.086@mail.ru

Битемирова Алия Еркегуловна, доцент, химия ғылымдарының кандидаты Оңтүстік Қазақтан мемлекеттік педагогикалық универитеті, Шымкент қаласы

Резюме

В статье представлена эффективная методика обучения химии по обновленной образовательной программе с использованием интерактивных инновационных технологий. Кроме того, были представлены новые эффективные методы, которые сделали химию интересной для студентов, примененные в нашей практике и помогли добиться положительных результатов. Здесь учащиеся получают, анализируют и производят информацию посредством конструктивного мышления при работе с текстом.

Summary

The article presents an effective methodology for teaching chemistry according to an updated educational program using interactive innovative technologies. In addition, new effective methods were presented that made chemistry interesting for students, applied in our practice and helped to achieve positive results. Here, students receive, analyze and produce information through constructive thinking when working with text.

Казіргі таңда еліміздегі білім беру саласы және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтары деңгейіне көтеріліп, негізгі стратегиялық міндеттер белгіленіп, білім сапасын арттыруға ерекше назар аударылуда.

Химияны оқыту әдістемесінде нені, қалай оқыту керек деген сұрақ ежелден келе жатқан өзекті мәселе. Даму әдістемеге тығыз байланысты, заман өз талабын қояды, әдістеме осы тапсырысты орындайды. Демек, нені және қалай оқыту керек деген сұрақ үнемі өзекті болып қала береді. Қарқынды стратегиялық дамуды мақсат еткен кез келген ел, білімге сүйенетіні сөзсіз. Заманауи білім беру жүйесі - интеллектуалдық, экономикалық, рухани дамуға қол жеткізудің негізі. Заманауи білім неден тұрады? Нақты пән аясында айтатын болсақ, пән бойынша меңгерілуі керек білім, білік және дағдыларды қалыптастыратын жаңа, шығармашылық мазмұнды түсінеміз. Пән өздігінен

дамуы мүмкін емес, әдістеме оның қарқынын қамтамасыз етеді [4, б. 3]. . Осы күнге дейін химияны оқыту әдістемесін жетілдіруге біршама күш-жігер жұмсалынды. Дегенмен, білім алушы сабақ арқылы нені меңгеруі керек, қандай оқу материалын есте сақтауы қажет, қандай оқу материалын есте сақтау қажет етілмейді, қандай бөлімдерді оқып түсіну жеткілікті, қандай жаттығулармен көбірек жұмыс жасау керек, аналитикалық талдауға қандай мәтіндер алу қажет екендігі туралы критерийлер бойынша жетілдіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Зерттеу әдістемесі. Заманауи сабақтарда интербелсенді жұмыс жасауға арналған тапсырмалар оқушыларға тақырып бойынша мақсатты әрі нәтижелі жұмыс істеуге, сонымен қатар сабақта алған білімдері мен дағдыларын бағалауға және тексеруге мүмкіншілік береді.

Интербелсенді оқыту- білім берудің тиімділігін арттырудың оңтайлы жолы ретінде танылып келе жатқан оқыту мен білім берудің инновациялық түрі болып саналады, яғни интербелсенді оқыту- оқушылардың білім, білік, дағды, белгілі бір этикалық қасиеттерді меңгеру жолындағы бірлескен әрекетті ұйымдастыруға негізделген оқыту болып, артықша күш жұмсамай, аз уақыт ішінде жоғары нәтижеге жетуді мақсат етеді [3, б. 117].

Интербелсенді оқыту технологиясы әр мұғалімнің барлық білім алушылар меңгеретін сабақты өткізуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар әр оқушының өзіндік қызығушылығы, интеллектуалдық даму деңгейі бойынша сабақты алдын ала белгіленген деңгейде түсінеді. Химия сабақтарында білім берудің мазмұнына қарай дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдерді пайдалану қызықты және оң нәтижелі оқу үдерісін ұйымдастыруға ықпал етеді, білім алушылардың жүйке кернеуін жояды, іс-әрекеттің құрылымын түрлендіру арқылы сабақ тақырыбын негізгі мәселеге айналдыруға болады.

Талдау және нәтижелер. Білім беру мекемелерінде сабақ барысында білім алушыға белгілі бір теориялық мәліметті, нақты бір іс-әрекетте іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, рухани қасиеттерін дамыту, оның білімін бақылау, бағалау оқытушынан жоғары шеберлік пен еңбекті талап етеді. Интербелсенді оқыту білім беру үдерісінің негізгі қатысушылары – білім берушы, білім алушы және оқушылар тобының ынтымақтастықта жұмыс жасауына, қызу пікірталасқа, еркін ойлауға, өзіндік көзқарасын жеткізе алуға, мәселенің шешу жолдарын іздеуге негізделгені белгілі. Оқу бағдарламасында берілген білім мазмұнын игеруде білім алушылардың өзара жақындықты жүзеге асыру, «мұғалім – оқушы – оқушылар тобы»ның бір- бірлерін түсінуі, сыйластығын көрсетуі, қолдауы, шынайы қарым-қатынаста болуы, рухани бірлікке қол жеткізуімен сипатталады. Оқытушы интербелсенді оқыту арқылы білім алушылардың дербестік, өзін-өзі бақылау және басқару, сыныптастарымен жұмыс жасау барысында тиімді қарым-қатынаста болу, олардың пікірін тыңдау және құрметтеу, өздігінен шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау, балама идеяларды насихаттау, кері байланыс беру, ойын еркін жеткізу, өз көзқарасын қорғау, мәселенің оңтайлы шешімін табуға ұмтылу, күрделі жағдайлардан шыға білу сияқты дағдыларын дамытуға қол жеткізеді. Мұндай білім беру келесі критерийлерге негізделеді:

•Белгіленген мақсаттардың міндеттерді шешуге сайлығы;

•Әдістің пайдалануға ыңғайлы әрі қарапайымдылығы;

•Ең тиімді нәтижеге бағытталуы және оған кепілдік беруі.

Оқу үдерісінде оқытушы оқушының қызығушылығын арттыратын тартымды, жетелеуші сұрақтар арқылы сыныптағы белсенділік, шығармашылық, ізденімпаздық дағдыларын қалыптастырып , салыстыру, ұқсастық пен айырмашылықты анықтау сияқты қасиеттерді дамытатын орта құрады. Химия сабағын оқыту барысында түрлі интербелсенді әдіс- тәсілдерді пайдалану – ой қозғау, миға шабуыл, ассоцация, Венн диаграммасы, ТТТ кестесі, екі жолды күнделіктер, дискуссия, кейс тапсырмалары, жоба жұмысы, пікірталас т.б. оқушылардың өзін-өзі көрсете алуға, сенімділікке, білімділікке үйретеді. , қызығушылық артады және кең ойлауға бағттайды. Дегенмен, интербелсенді оқыту сабақ алдында үлкен дайындықты, сонымен қатар мыналарды талап етеді:

➢ Қандай тақырыптар бойынша интербелсенді сабақтар ұйымдастыру мақсатқа сай екенін қарастыру керек.

➢ Интербелсенді сабақтың оң нәтижелі болуы үшін жаңа сабақтан алдын білім алушылардың тақырып бойынша негізгі ұғымдар және негізгі ақпаратты білуін қамтамасыз еткен жөн.

➢ Оқушылардың дербес жұмыс жасауына қанша уақыт жұмсайтынын ескеру қажет.

Әдетте интербелсенді оқыту технологиясына негізделген білім беру іс-әрекеттері жеке, жұппен және топпен ұйымдастырылады [2, б. 18]. . Сондықтан білім берушілер оқытуды ұйымдастырудың интербелсенді тәсілін шешу үшін бірқатар маңызды шарттарын орындай алуы керек. Атап айтқанда:

•Сыныптағы барлық білім алушыларды оқу-тәрбие үдерісіне толық қатыстыру;

•Білім алушылардың сабаққа психологиялық дайындығын бақылау;

•Оқушылардың саны және сыныптың жабдықталуын тексеру;

•Тапсырмаларды орынндауға қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;

•Топтық жұмысқа арналған талқылаулар үшін нақты уақыт кестесі;

•Білім алушыларды шағын топтарға шеберлікпен біріктіру.

Төменде интербелсенді әдіс-тәсілдер атаулары мен олардың қысқаша сипаттамасы берілді:

Интербелсенді әдістер	**Әдіс-тәсілдердің атаулары**	**Сипаттамасы**
1.Түсініктерді талдау, зерттеу жүргізу және жүйелеу	Кластер	Түсініктер туралы толығырақ мәліметтер беру.
	Адасқан логикалық тізбек	Ұқсас түініктерді жалпылау, уақытша реттілік.
	Синквейн	Ақпараттарды жинақтау, түсініктерді нақтылау.
2. Пікірлерді	Бумеранг	Сұрақтардың алмасынуы
	Айна сұрақтары	Мағынасын айтып беру
	Авторға сұрақтар	Мазмұнды айқындау

белсендендіретін сұрақтар мен әдістер	Мұғалімге сұрақтар	Жан- жақтылық
	Проблемалық сұрақтар	Пікірлерді белсендендіру
	Фокустайтын сұрақтар	Нақтылау
3.Бірлестік оқу	Аквариум	Әртүрлі көріністер
	Бірлестік оқыту	Іс- әрекетті бірлесе ұйымдастыру
	Зиг-заг	Мұғалім ролінде бірлесе оқу
	Дөңгелек үстел	Бірлесе шығармашылық жұмыс жасау
	Кубизм	6 түрлі көзқарастар
	Шағын топтар	Барлық топ мүшелері бірге жұмыс жасау
	Ойлан- жұптас- бөліс	Жұптықта жұмыс жасау

Қорытындылар мен ұсыныстар. Кез келген оқыту үдерісінің негізгі мақсаты – оны тәжірибеде пайдалана алатын білім мен дағдыларды қалыптастыра алу, жеке тұлғаның қажетті қасиеттерін дамытуға қол жеткізу және қажетті әдістемелік нұсқауларды дайындау. Сондықтан да интербелсенді оқыту технологияларын химия сабақтарында қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттыруда, оқушылардың терең теориялық білімдерін, белсенділіктерін, дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыруда, олардың кәсіби дағдыға айналуын қамтамасыз етуде зор маңызға ие. Интербелсенді білім беру технологиясының дәстүрлі оқыту технологияларынан артықшылықтары:

- Оқыту үдерісінде білім алушы үнемі белсенді ойлау үрдісінде болып, уақыты тиімді пайдалана алады;
- Оқушының не білетінін, нені білмейтінін, не нәрсеге күмәнмен қарайтынын өздігінен айқындайды, бұл оның сыни ойлау қабілетін дамытуға оң әсер етеді;
- Білім алушыларды еркін пікірталасқа кіріп, өз көзқарасын байсалдылықпен жеткізуге және пікір алмасу мәдениетіне үйретеді. Өзгелердің пікірін тыңдауға және сыйластыққа бағыттайды;
- Оқушы берілген ақпаратты талдауға, өз пікірін ашық айтуға, мәліметтерді салыстыруға, нақты және жалпы жақтарын талдауға, сонымен бірге туындаған мәселені терең түсініп,оны шешуге дағдыланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы». Астана, 2010 жыл

2. Асхат Әлімов Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орнында қолдану.-Алматы, 2014.– 27б.

3. Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. – Алматы, 2018. – 137 бет.

4. Мұтанов Ғ.Білім. Ғылым. Инновациялар.–Алматы:«Қазақ университеті»,2013.– 3б.

5. Назарбаев Н. А. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. – Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр.

ӘОЖ 37.016

КӨШБАСШЫ МҰҒАЛІМ БЕЙНЕСІ

Саудабаева Маржан- информатика пәнінің мұғалімі
"М. Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернаты", Шардара қ.

Резюме

В статье рассматривается сущность лидерства и то, как сегодня каждый учитель может быть лидером в своем сообществе. Говорят, что чем изобретательнее и гибче лидер, тем больше знаний ему нужно. Был дан ответ на вопрос, какой я учитель как руководитель.

Summary.

The article examines the essence of leadership and how today each teacher can be a leader in his community. It is said that the more inventive and flexible the leader, the more knowledge he needs. An answer was given to the question of what kind of teacher I am as a leader.

Көшбасшылықтың мәні – әрекет субъектісінің орындаушыларды мақсатқа жетелеу арқылы оларға мақсатты әсер етуді жүзеге асыру.

Қоғамдағы рөлі тұрғысынан алып қарасақ, басшы – жетекшілік ете алатын, іске қызығушылықты оята алатын жетекші тұлға. Ол ортақ мақсатқа жету үшін бар күшін салуға тырысады, басқаларға белсенді түрде әсер етеді, көпшіліктің мүдделерін барынша түсінеді. Қиын уақытта ол ақылдасуға, қуанышты бөлісуге, әрқашан көмектесуге дайын, ол басқаларды «тартуға» қабілетті.

Көшбасшы-бастамашылар идеяларды алға шығару кезеңіндегі іс-әрекетте, ұжым қызметінің жаңа бағыттарын іздеуде көзге түседі. Шебер – белгілі бір қызмет түріне (мысалы, жорықта – ең тәжірибелі турист) ұжымның ең дайындалған мүшесі. Эмоционалды көшбасшылардың рөлі негізінен ұжымдағы, білім беру мекемесіндегі топтағы тұлғааралық қарым-қатынас сферасына байланысты әрекеттермен байланысты.

Жалпы көшбасшы, Herts Cam желілік қамқоршылар кеңесінің мүшесі, доктор Дэвид Фросттың пікірінше, бұл әлеуетті ашатын және ортақ мақсаттарға жетуге жеке пайдалы үлес қосатын мұғалімдердің позициялық емес көшбасшылығын дамыту: «Позициялық емес көшбасшылық әрбір адамға мүмкіндік беретін пайдалы. өз позициясынан асып, жақсы жаққа өзгерістер енгізу үшін әрекет ету. Мұғалімдердің позициялық емес басшылығын жүзеге асыру адамдарды жай қызметке тағайындаудан әлдеқайда қиын. Біріншіден, ол мектеп басшылығынан белгілі бір мұғалімге өкілеттіктерді сеніп тапсыруды және оны жеңілдету арқылы қолдауды талап етеді. Біз позициялық емес көшбасшылықты дамытудың үш маңызды тармағы бар деген қорытындыға келдік: жоғары басшылық басқа педагогтарға өз мектептерінде мұғалімдерді шабыттандыратын және олардың мүмкіндіктерін кеңейтетін ерекше ортаны құруға көмектесе алады; мұғалімдердің өзі жетістіктерімен бөлісу және қолдау, білім беру арқылы бір-бірін шабыттандыра алады; Сырттан көмек алған мұғалімдер де өз мектептеріне жеңілдетудің тамаша әдістерін енгізе алады», - деп түсіндіреді ол.

Көшбасшылық таныта алатын кез келген мектеп мұғалімі болуы керек, яғни жас ұстаздың өзі еңбек өтілі мен лауазымына қарамастан үлгі, жетекші әріптес бола алады.

Көшбасшылық- қай заманда да өзінің құнын жоймаған ұғым. Жаңа заманның дамуына байланысты көшбасшылықтың мәні мен формасы түрленіп отыр. Әр саланың өз көшбасшысы болады десек, мектептегі көшбасшылық бүгінгі таңда мектеп табысын еселеуде ролі зор қағида болып отыр. Соның ішінде мұғалім көшбасшылығы нені білдіреді?

Көшбасшы мұғалім әрдайым бастамашы, қашанда жаңашылдығымен ерекше және көпшілікті керемет идеялары мен қабілеттерімен соңына ерте алуымен қоғам үшін өте маңызды. Көшбасшылықтың белгілері қалай байқалады дегенге келсек, олардың ой-көзқарастары орта үшін қашан да маңызды және сенімді. Көшбасшы тұлғалар кешегі билер мен батырлардың, азулы хандардың бейнесін елестетсе, бүгінгі көшбасшылар осы қасиеттердің өзінде бар-жоғын зерттей отырып, қай бағытта көшбасшылығы дамығандығын бақылауы керек сияқты. Көшбасшы мұғалім әріптестерін де, шәкірттерін де, қала берсе ұжымды көшбасшылыққа үйретеді. Қазіргі оқушы белсенділігінен көшбасшылықты қалай қалыптастыруға болады деген мәселеге ойланып, оның қадамдарын анықтау, сол бойынша әрекет ету көшбасшы мұғалімге тән нәрсе.

Мен көшбасшы ретінде қандай мұғаліммін деген сауалға өзімнің сабақ үдерістерім мен ұжым жетістігіне қатысты барлық еңбектерімді саралай отырып жауап беру керек деп есептеймін. Пәнімді оқытудың ерекше әдістерін ұсыну, сол ұсыныстардың іске асуы мен нәтижесіне бағалар беру арқылы өзімнің көшбасшылығыма ой жүгірте аламын. Сонымен, мен қандай көшбасшымын?

Мектептегі менеджерлік, көшбасшылық қызметтер кейде қатар атқарылып кететін тұстары болады. Менің оқыту кезіндегі ұстанымым оқушыларды болашақ өмірге асықпай дайындау. Яғни, әр қадам сайын кішкене бір жетістікке жету арқылы көшбасшылықтың қыр-сырын жетілдіре беру де рухани дамуға бастайды. Меніңше, көшбасшы қаншалықты креативті, икемді болса, оған соншалық білім де керек. Мен сабақтарымның білім алушылар үшін әрі маңызды, әрі жағымды болуын қарастырғанда, әрдайым жаңашылықтың өзімнен шыққанына көңіл бөлемін. Менің жаңашылдығым сабағыма мән беріп, балалардың шығармашылығын оятса, мұны мен екі жақты жетістік деп қабылдаймын. Көшбасшылықтың мәні де сонда секілді. Көшбасшыға қоғам сенім артады. Өзіңе артылған сенім ауыр. Сондықтан күнделікті, сабақ сайын көшбасшылықтың жаңа қырларымен тану және оны жетілдіру қажет. Біздің қоғамға қазіргі таңда көшбасшылар, өте қажет. Өзіме тән артықшылықты көшбасшылықта сынап көрген шығармын. Дегенмен, көшбасшыларға қатысты қоғамда пайда болған сын-пікірлерге дәлелді, нақты қадамдармен жауап беретін кез келді. Атап айтар болсақ, оқушыларым Облыстық, Республикалық олимпиадаларға қатысып жүр. Информатика пәнінен авторлық жоба жазып, ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталып, Облыстық «Үздік авторлық жоба» жинағына еніп, 14.10.2021 жылы облыстық семинар сабақ өттім. Сондықтан

көшбасшы болсаң, көптің жүгін арқалап, көш бастай алатындығыңды көрсету маңызды. Мен балалардың бойында көшбасшылықты дамытамын деп тәуекелге бел буған адам күнделікті өзінің артықшылығын дамыту қажеттігі ол-заңдылық.

ӘОЖ 371.134

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Адылбекова Э.Т. – п.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Мырзахметова Б.Ш. – т.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Когенбаев Т.Т. - магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме.

В статье рассматриваются понятия и виды электронных образовательных ресурсов и коммуникативные компетенций бідущих учителей, способы использования и ээфективность метода. Пути создания и преимущества использования электронных образовательных ресурсов в обучений, эффективность ее использования в открытой системе обучения.

Summary.

The article discusses the concepts and types of electronic educational resources and communicative competencies of future teachers, ways of using and effectiveness of the method. Ways of creation and advantages of using electronic educational resources in training, the effectiveness of its use in an open learning system.

Қазіргі уақытта білім беру процесі өскелең ұрпақты ғаламдық ақпараттық қоғамның өзіндік өмір сүру және кәсіби қызмет талаптарына алдын ала дайындауы қажет. Жалпы білім беру жүйесін кешенді түрде дамыту басты басым бағыт болып саналады, себебі әлемде ашық білім беру платформасына ауысу және электрондық оқыту құралдары мен электрондық ақпарат ресурстары көбеюі сынды процес қарқынды түрде жүріп жатыр.

Біздің заманымызда білім беру процесінде көптеген өзгерістердің әсерінен, білім беруші мұғалімдердің құзыреттілігіне де қойылатын талаптар айқын өзгеруде. Жаңа коммуникация құралдарының пайда болуы, ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты, педагогикалық іс-әрекеттің барынша табысты болуы үшін, оқытушының қарым-қатынаста қолданатын әдеттегі коммуникативті дағдылары жеткіліксіз. Мұғалімнің өз оқушыларымен аутентикалық тілдік ортада, компьютер шеңберінде қашықтықтан қарым-қатынас орната білуі де өте маңызды. Бұл адамның коммуникативті дағдыларын қалыптастыру процесіне белгілі бір ерекшеліктерді енгізеді [1].

Ақпараттық қоғам жағдайында кез келген білім берушінің барынша тиімді кәсіби қызметі сабақ басталғанға дейін және сабақ барысында, сабақтан кейін электронды оқыту ресурстарын қолдануды көздейді десек те болады. Жаңа

заманауи ақпараттық электрондық ресурстар мен коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесіне керекті оқу материалдарын қарастыруға, жинақтауға, сақтауға және өңдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімдердің өз студенттерімен сабақтан кейін де байланыс орната білуі өте маңызды. Сол себепті ақпараттық қоғамға қатысты мұғалімнің негізгі құзыреттіліктерінің ішінде коммуникативті қасиеті маңызды.

Оқытушының кәсіби коммуникативтілігін дамытудың бір жолы – электронды білім беру ресурстарын қолдану. Электронды білім беру ресурсы дегеніміз – электронды цифрлық формада ұсынылған, пәннің мазмұнын және құрылымы туралы деректерді қамтитын білім беру көзі болып табылады. Электронды білім беру ресурсы білім алу процесі барысында ақпараттық бағдарламалық құралдарды қамтуы мүмкін. Электронды білім беру ресурстарын ақпаратты қолдану және оны көрсету мақсатына қарай бірнеше топтарға бөліп көрсетуге болады:

- Мультимедиялық өнімдер;
- Программалық өнімдер;
- Аудио форматтағы материалдар;
- Мәтіндік форматтаға материалдар;
- Баспа басылымдарының электронды түп нұсқалары;
- Медиа өнімдері.

Мұғалімнің білім беру процесін барынша жоғары деңгейде өткізу үшін барлық сабаққа қатысты материалдар электрондық ақпарат көздерінде бар. Қазіргі таңда электронды ақпарат көздері кез келген оқытушының ең маңызды құрамдас бөлігі ретінде саналады. Себебі оқу процесі мен сабақтан тыс қандай да бір іс-шараларды біріктіруге және оңтайландыруға өз ықпалын тигізеді.

Электронды ақпарат көздерін қолдану білім беру барысын барынша тиімді және нәтижелі өткізілуін қамтамасыз етеді. Оқу процесіндегі компьютерлік элементтердің нақтылығы, жаңашылдығы басқа әдістемелік әдістермен ұштастыра отырып, сабақты оқытушының өзі үшін де, оның оқушылары үшін де қызықты, әрі пайдалы етеді. Заманауи қоғамда тек белсенді өмірлік ұстаным, кәсіби шеберлікті барынша дамыту мұғалімге, студенттердің маңызды құқықтарының бірі – сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуге себепші бола алады. Жалпы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды тек жаңа білім беру жүйесі қойып жатқан жоқ, сонымен қатар біз өмір сүріп жатқан қоғам да қойып отыр десек болады.

Электронды оқыту ресурстары білім берушіге көптеген артықшылықтар береді [2]:

- Білім алушыларға керекті материалдарын кеңейту және жүйелеу;
- Оқу-тәрбие процесінің әдістемелік деңгейін арттыру;
- Пәндік дағдалырды қалыптастыру үдерісін қарқынды ету;
- Білім алу процесіне жаңа ақпараттарды органикалық түрде енгізу технологиясы;
- Белсенді қызығушылықты қолдана отырып, жас өспірімдердің жаңа технологияларға деген ынтасын арттыру;

•Сабақтың кең ауқымын қолдана отырып, сабақ өткізу үшін әзірлемелер мен көрнекі материалдар болуы;

•Оқу ақпараттарын, тапсырмаларды, тесттерді деңгейлік саралау есебінен студенттердің жеке оқу траекториясын қамтамасыз ету;

•Жүйелі түрде тиімді бақылау.

Ресейлік ғалым И.Н.Розина, мұғалімдерге компьютерлік салада және оқушылармен коммуникативті байланыс орнатуға деген сұраныстың пайда болуы әр түрлі қызмет салаларын ақпараттандырудың дамуымен байланыстырады. Ғалымның пікірінше, кез келген мұғалімге білім беру процесінде жазбаша және ауызша сауатты сөйлеу, көптеген электрондық ақпарат көздерімен және электронды ақпараттармен тиімді түрде жұмыс жасай білу, оларға сыни көзқарасапен қарай білу, бағалау, сонымен қатар желілік этикет ережелерін сақтай білу, жалпы мұғалім мен оқушы арасында коммуникативті байланыс орнатуға үлкен септігін тигізеді. Онымен қоса, бұл білім берушіге оқыту процесінде оқушылармен өзара түсіністік, білім беру ортасындағы коммуникативті үдерісті басқаруға мүмкіндік береді [3].

Оқытылатын пәнге байланысты бір немесе басқа да білім берудің ақпараттық электрондық оқыту ресурсын таңдау төмендегі факторларға байланысты:

•Оқытылатын материалдың сипаты мен күрделілік деңгейімен;

•Мұғалімдерді даярлауға қатысты жалпы материалдың ойнайтын рөлімен;

•Факультеттің өзіндік ерекшеліктерімен;

•Оқушылардың ақпараттарды қабылдай білу және дайындық деңгейімен.

Мұғалімдердің коммуникативті құзіреттілігін арттыруға, студенттер арасындағы туындаған коммуникация процесін басқаруға, оны түзетіп отыруға электрондық оқу ресурстары айрықша үлкен әсерін тигізеді. Мәселен, электрондық ресурстарды пайдалана отырып, онлайн чаттарда пікірталас жүргізу, телеконференциялар өткізу, әр түрлі сұрақтарды құрастыру және оларға жан-жақты жауаптар алу, әр студентке өз көзқарасын дәлелдеуге мүмкіндік беру немесе топтың ортақ көзқарасының қалыптасуы сынды процестермен мұғалім студенттермен байланыс орната отырып еркін жұмыс жасай алады. Сонымен бірге, оқушылардың психологиялық жағдайын ескере білу, эмоционалды қауіпсіздікті қамтамасыз ете білуге мүмкіндік береді. Әдістемелік тұрғыдан қарастыратын болсақ, мұғалімдегі коммуникативті дағдыларды қалыптастыру моделі шынайы қарым-қатынас шарттарына барынша ұқсас, әрі жақын оқу процесін құру құралы ретінде ақпараттық электронды ресурстарды қолдану болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Федоненкова И.В. «Методы использования электронных образовательных ресурсов в образовательном процессе»

2. Иванов Н.С, Макаренко Т.А. «Имидж учителя как основа его профессионализма»

3. Воронина И.В.«Использование информационных образовательных ресурсов на этапах формирования коммуникативных умений у будущих учителей»

ӘОЖ 371.134

ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ МЕН БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Адылбекова Э.Т. – п.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Мырзахметова Б.Ш. – т.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Исаханов Т.Р. - магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме. В статье рассматриваются эффективность применения электронных образовательных ресурсов в обучении и способы их использования. Также указаны пути и преимущества создания компьютерного обучения с помощью электронных образовательных ресурсов.

Summary. The article discusses the effectiveness of the use of electronic educational resources in teaching and how to use them. The ways and advantages of creating computer-based learning using electronic educational resources are also indicated

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында электронды технологиялар дамудың жоғары деңгейіне жетуде және қоғамның барлық салаларына, соның ішінде білім беру саласына көбірек енуде. Негізінде, адам өз өмірін интернет-технологиясыз елестете алмайды. Интернеттің арқасында электрондық ақпараттың көлемі бірнеше есе өсті, бірақ арзан компьютерлік жабдық пайдаланушының ақпаратты сақтау және өңдеу талаптарын әрдайым қанағаттандыра алмайды, яғни ол ақпараттық технологиялардың даму жылдамдығымен ғана емес, сонымен қатар қуатты компьютерлік жүйелердің құнымен де. Бұл мәселені шешу үшін қазіргі уақытта бұлтты есептеу деп аталатын технологияны қолдануға болады.

Бұлтты технологиялар – ақпаратты құру, сақтау, ұсыну, бөлісу және өңдеу үшін онлайн-ресурстарды пайдалануды қамтиды [1].

Қазіргі уақытта ғылым және білім саласында информатиканы оқыту кезінде болашақ мұғалімдердің жалпы дағдыларын қалыптастыруға байланысты мәселелерді шешудің белгілі бір теориялық алғышарттары жасалуда. Зерттеушілерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа коммуникативтік дағдылардың мазмұнын зерттейтін зерттеулер (Н.В.Белинова, М.Е.Виг, В.А.Кан-Калик, А.В.Мамедова және т.б.), педагогтардың оларды қалыптастыру заңдылықтарын (Б.А.Добрович, Г.А.Ковалев, Н.В.Кузьмин және т.б.), интернет-ресурстардың коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру процесіне (А.Е.Войскунский, И.Н.Розина, С.Морас, М. А. Варшауэр және т. б.). Екінші топ оқу процесінде электрондық білім беру ресурстарын (ESM) пайдалануға арналған зерттеулерден тұрады (О.Виштак, Е.В.Данильчук, М.И.Коваленко, М.П.Лапчик, И.В.Роберт және т.б.). Зерттеудің үшінші тобы жеке даму факторы ретінде ұсынылған (В.А.Чучко, А.Е.Воевунский және т.б.), білім беру және мәдениетаралық құзыреттілік (М.П.Алексеев, А.Ю.Муратов және т. б.), әлеуметтік құбылыс ретінде (А.Я.Креу Глов, И.Н.Розина және т. б.).

Электрондық білім беру ресурстарын пайдалану оқу процесіне үлкен мүмкіндіктер ашады. Олар білім беру жүйесінің тиімділігіне кепілдік беріп қана

қоймай, жалпы қоғамның дамуына да әсер етеді. Ақпараттық технологиялар білім беру жүйесінде белсенді қолданылады, олар «оқыту ақпараттық технологиялары» ұғымының мазмұнын дамытады. Ақпараттық технологиялар құралдары білім беру процестерін дамытудың жаңа сапалы деңгейіне көшуді анықтайды. Ақпараттық технологиялар Moderna systems-тің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оларға қатысты белгілі бір білім шеңберін қажет етеді. Компьютерлік технологияның жаңа модельдері қолданыстағы білім беру технологияларын толықтыруды немесе жаңа білім беру технологияларын дамытуды және оларды білім беру процесіне белсенді енгізуді білдіреді. Осылайша, moderna технологиялары білім беру технологияларының құрылымын толықтыра отырып, білім беру процесінің сапасын арттыру үшін жаңа перспективалар ашады.

Көптеген ғалымдардың осындай әдіснамалық көзқарастарын және ғылыми-практикалық жұмыстың жетістіктері мен нәтижелерін талдаудан, жалпы білім беретін мектептердің компьютерлік сыныптарындағы мүмкіндіктердің дамуына байланысты оқу процесін дұрыс ұйымдастырып, оқу процесін бақылауға арналған электронды оқулық құру қажет.

Әйгілі философ В.Г.Афанасьевтің, дарынды психологтар В.В.Давыдов, Г.Е.Журавлев, Е.И.Машбицтің, педагогтар С.И.Архангельский, Е.Ы.Бидайбеков, Ж.А.Қараев және т.б. еңбектері қоғамды ақпараттандырудың негізгі белгілері мен сипаттамаларын анықтауға арналған. Ал орыс ғалымдары С.Пейперт, Т.В.Габай, С.Вильямс, К.Маклин, Б.Хантер, И.В.Роберт секілді ғалымдар білім беруді ақпараттандыру мәселелерін өз жұмыстарында баяндаған.

Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы бұлтты есептеу технологияларын дамытуға бағытталған. Бұлтты технологиялар көптеген кәсіпқойлар мен компьютер пайдаланушылары үшін танымал және қол жетімді құралға айналуда. Бұлтты технологияның негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері айқын және түсінікті: бір жағынан, олар ақысыз және бағдарламалық жасақтама мен жабдықты үнемдейді, пайдаланушының географиялық ұтқырлығын қамтамасыз етеді, ақпараттың дұрыс сақталуы мен сенімділігін қамтамасыз етеді; екінші жағынан, Интернетке үнемі қол жетімділік қажет және бұлтта орналастырылған мазмұнның құпиялылығы толығымен жоғалады [2].

Бұлтты есептеу қызметтерімен практикалық жұмыста ақпараттық технологиялар саласындағы құзыреттілікке және жаңа интерфейске бейімделуге қатысты қызметкерлердің күшті саралануы байқалды. Жаңа интерфейске бейімделудің мұндай күрделілігін, әдетте, бұлтты зерттеушілер кемшілік ретінде қабылдамайды, дегенмен Microsoft Word сияқты кеңсе пакеттерін сенімді пайдаланушылар бұлтты қызметтермен жұмыс жасауда айтарлықтай қиындықтарға тап болады – олардың функционалдығы қарапайым бағдарламалардан мүлдем өзгеше. Бұлтты технологияны қолданудың басты артықшылығы – жобаның әр кезеңіне қажет уақытты едәуір көбейту арқылы жұмыстың күйзелістерін едәуір азайту; бір құжаты бар үлкен топтың өнімділігі

жасырылған. Сонымен қатар, бұлтты қызметтерді пайдалану бастапқы деректерді жинауға және сапасына кететін уақытты едәуір арттырады; іс жүзінде құжат алдымен электронды түрде жасалады.

Бірлескен білім беру қызметінде электронды технологиялар мен бұлтты технологияларды қалай қолдануға болатынын қарастырайық:

1. Қызметкерлер құжаттармен бірлесіп жұмыс жасауы. Мысалы, білім беру бағдарламасы немесе жылдық жоспар. Мұндай ауқымды құжатты әкімшілік пен мұғалім жасайды, олар педагог-психолог, әлеуметтік педагог немесе денсаулық сақтауға жауапты мұғалім сияқты белгілі бір бағытқа жауап береді. Әр адам құжаттың кез-келген бөлігі үшін жауап береді, бірақ басқа блоктардағы ақпаратқа түсініктеме бере алады немесе толықтыра алады. Тағы бір мысал – барлық сынып жетекшілері өз сыныптары туралы ақпаратпен толтыруы керек кесте. Жергілікті желіде ұқсас құжаттармен жұмыс істеуге тырысқанда, мәселе туындайды, өйткені әртүрлі компьютерлерде бір құжатпен бір уақытта жұмыс істеу мүмкін емес. Сол құжаттың көптеген көшірмелері пайда болады, содан кейін оларды біріктіру қажет болады.

2. Бұлтты технологиямен бірлесіп жұмыс істеу үшін құжат бұлтты қоймада жасалуы немесе орналастырылуы керек және сілтеме немесе электрондық пошта мекен-жайлары бар адамдарға қол жетімді болуы керек. Мысалы, студенттердің бірлескен жобалық жұмысы. Оның қызмет көрсету схемасы келесідей. Студенттер жоба тақырыптарын алып, топтарға бөлінеді. Тапсырмалар топқа бөлінеді. Содан кейін топ жетекшісі құжатты жасайды және оған басқа мүшелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (сілтемелер немесе электрондық пошта мекенжайлары арқылы). Студенттер үйде немесе мектепте жобамен жұмыс істейді, мазмұны бар құжаттарды толтырады. Жұмыстың соңында мұғалімге қол жетімділік беріледі. Мұғалім жобаны қорғаудан бұрын құжаттың кез-келген бөлігіне түсініктеме бере алады, осылайша студенттер оның мазмұнын реттей алады. Жобаны құруға қатысуды бағалау кезінде мұғалімнің өзгерістер хронологиясын бақылай алуы маңызды. Осы хронологияға сүйене отырып, сіз топтың әр мүшесінің қандай үлес қосқанын анықтай аласыз.

3. Қашықтықтан оқыту. Мұғалім студенттерге электронды күнделік арқылы тапсырма береді. Бұл кез-келген жазбаша тапсырма болуы мүмкін. Студент құжат жасауы немесе оқытушы жасаған құжатпен жұмыс істеуі керек (сұрақтарға жауап беру, мәселелерді шешу, кестені толтыру). Мұғалім өзгертілген құжатты қол жетімді түрде көре алады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда қоғамдағы әрбір мамандық иесі өз саласында ақпараттық, коммуникациялық және электрондық технологияларды қолдана білуі шарт. Ал болашақ педагог-мамандардың меңгерген білімі мен дағдылары қоғам дамуына тікелей ықпал ететіні белгілі. Информатиканы оқытуда электронды білім беру ресурстарын құру және бұлтты технологияларды қолдану бойынша жүргізілетін пәндердің оқу-әдістемелік кешенін, оқу құралдарын, электрондық оқу құралдарын және бейне-дәрістер мен бейне-сабақтарды, виртуалды зертханаларды, мультимедиалық

құралдарды, электрондық анықтамалықтарды, электрондық сөздіктерді, т.б. даярлау жіне қолдану білім беруде маңызды болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Прохоров А.В. Облачные технологии – эффективный инструмент для совместной работы над документами // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 4-3. – С. 644-644;
2. Гуриев М.А., Коссаковский В.В. Облачная проблематика в информационных технологиях и системах// Информационные ресурсы России. – 2013. – № 5. – С. 26-29.

ӘОЖ 371.134

АШЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МОДУЛЬДІК МУЛЬТИМЕДИА ЖҮЙЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Адылбекова Э.Т. – п.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Мырзахметова Б.Ш. – т.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Болысбаев Б.Ж. - магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме.

В статье рассматриваются поняти и принципы модульного обучения,, способы использования и ээфективность метода. Пути создания и преимущества использования модульной мультимедийной системы образования, эффективность ее использования в открытой системе обучения.

Summary.

The article discusses the concepts and principles of modular training, ways of using and the effectiveness of the method. Ways of creation and advantages of using a modular multimedia education system, the effectiveness of its use in an open learning system.

Бүгінгі таңда білім беруді барынша ақпараттандыру саласында тиімді электрондық білім беру көздерін құру сынды мәселе өзекті және өзіне үлкен назар аудартуда. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мәтіндік графикалық электронды өнімдер жоғары мультимедиялық, интерактивті қанықкан электронды ақпараттық ресурстармен алмастырылады.

Ақпарат көздерін ғаламторда тарату үшін бір жағынан, жоғары интерактивті, мультимедиялық бай электронды оқыту өнімдерінің жаңа архитектурасын жасау керек және де екінші тараптан әлемдік компьютерлік желілердің салыстырмалы түрде тар өткізу қабілеттілігі арасындағы қайшылықты шешу қажет болып табылады. Бұл мәселелер шешілгеннен кейін, өзекті шешілмеген өзге де мәселелер бар: кез келген уақытта, кез келген жерде қол жеткізуді және пайдалануды жүзеге асыру үшін, ақпараттарды біріктіріп сақтауды, жинақтауды, іздеуді қамтамасыз ету үшін форматтар мен интерфейстердің ерекшеліктерін, бағдарламалық компоненттер мен электронды ақпараттық ресурстарды дамыту технологияларын біріктіру керек. Сәйкесінше, контент индустриясын жасау, жергілікті мультимедиа басылымдарын әзірлеуден және әр түрлі өндірушілердің желілік мәтіндік ресурстарын

бірізділендіру және стандарттау негізінде білім беру мазмұнын құру бойынша кең ауқымды келісілген қызметке көшу міндеті бірінші орынға шығады.

Қазіргі уақытта педогогикалық тәжірибе мен ғылымның назарын аударып жатқан мәселе – ашық қашықтықтан білім беру. Ашық қашықтықтан оқытудың теориясы мен практикасында оқыту процесін барынша ақпараттандыру мәселелерінде айтарлықтай үлес қосқан – Е.С. Полат, В.П. Тихомирова, В.И.Солдаткина, С.Л.Каплан, С.Л.Лобачева, Ю.В.Исаева (пәнаралық аспектілері, тұжырымдамалық негіздері, виртуалды өкілдіктер қызметінің мазмұны, ашық оқу кешендері); Е.А.Ахромушкина, А.В.Белякова, В.Ф. Очкова (электрондық білім беру ресурстарын және білім беру мекемесін басқаруға көмекші құралдарды құру және пайдалану тәжірибесі) және С.А. Щенникова, А.Г.Теслинова, А.Г.Чернявская, А.А.Вербицкий (қашықтықтан оқыту жүйесіндегі тьютордың қызметі) және т.б. ашық қашықтықтан оқытудың педагогикалық теориясына елеулі үлес қосқан ғалымдар қатарына В.А.Сластенина, А.Г.Шабанова, В.Г.Кинелев, А.А.Скамницкий, А.Г.Краснова, Д.В. Чернилевского жатады.

Қазіргі таңда білім беру ісінің басты мақсаты - өз заманының дарынды, жан-жақты білімді, шығармашылық тұрғыда зерделі адамын қалыптастыру болып табылады. Біздің мемлекетіміз де өз дамуына ғылым мен білімнің әсері тиюі үшін дүниежүзілік стандарттарға сай білім беру кеңістігіне ену үшін, білім берудің оқу әдістемелік жүйесіне жаңа талаптар қоюда. Сол талаптардың бірі ретінде ашық модульдік мультимедиялық оқыту технологиясын енгізу және білім беру саласында пайдалану болып табылады.

Ең алдымен модульдік оқыту технологиясына тоқтала кетейік. Біз модульдік технологияның ғалым Б.Скинердің және шетелдік ғалым Дж.Расселланың еңбектерінен бастау алатынын білеміз. Сонымен қатар, модульдік технология М.Гольдшмид, Г.Оуенса, К.Курха сынды ғалымдардың ғылыми жұмыстарында теориялық негіздеме алған [1]. Алғаш рет модульдік технологияларды енгізуге себепші болған ЮНЕСКО конференциясы болды. Кейін модульдік оқытудың негіздерін зерттеген және барынша дамытқан ресейлік ғалымдар ғалымдар қатарына П.Юцевич және Т.И.Шамова жатады. Модульдік оқыту технологиясы бақылауды, талдауды, және де түзетуді қамтиды:

- ✓ модульдік оқыту жоспарын құрмас бұрын, алдын ала студенттердің білімі мен үлгеру дағыдысына бақылау жүргізіледі;
- ✓ егер де, білім алушылардың білім деңгейі жетпей жатса, түзету жүргізіледі;
- ✓ әрбір оқу элементінің соңына қарай өзіндік бақылау, өзара бақылау, алдыңғы үлгімен салыстыру, ағымдық және аралық бақылау алынады;
- ✓ қорытынды бақылау модульмен жұмыс аяқталғаннан кейін алынады.

Дәстүрлі білім беру жүйесін модульдік оқыту технологиясымен ұштастыру өте тиімді және кез келген білім беру жүйесінде осы технологияны қолдануға болады, сонымен қатар оқыту жүйесін барынша жақсартуға және тиімді нәтижелер алуға болады.

Ғалымдардың пікірінше модульдік оқыту технологиясын пайдалану оқыту жүйесін жаңғыртудың ең тиімді, әрі нәтижелі бағыт деп санайды. Бұл өз кезегінде оқыту процесінің жылдам дамуына, оны мазмұнды жобалау мүмкіндігіне, мақсатты жүйеге негізделген білім берудегі субъективті тарапты ұстануға көмектеседі. Бұндай технологияларды пайдалану және әзірлеумен байланысты өзекті мәселелерді өз еңбектерінде П.И.Третьяков, И.Б.Сенновский, Б.М. Игошев, М.Т.Студеникин сынды ғалымдар қарастырған болатын. Ашық модульдік технологияны білім саласында қолдану біздің қазіргі қоғамда өте өзекті мәселелердің бірі десек те болады.

В.В.Валетова өзінің жеке теориясына қарай модульдік оқыту технологиясына анықтама береді. Оның пікірінше, модульдік оқыту технологиясы – бұл оқу процесін әр элементтерге бөліп қарастыру, әрбір жеке элемент арнайы жасалған оқу сұрағын ұсынады.

Қазіргі таңда модульдік оқытудың жетекші қағидаттарына төмендегілер жатады [2]:

- Модуль қағидаты. Бұл қағидатқа сүйенетін болсақ, оқу процесі, білім беруді қызметі мен тақырыбына сай бірнеше жеке топтарға, модульдерге бөлу болып табылады. Әр жеке модуль білім берудің бірнеше формалары мен элементтерін қарастыратын толық блокпен негізделуі қажет.
- Білім беру процесін таңдалған пәнді оқыту мазмұнына сәйкес бірнеше оқшауланған элементтерге топтастыру қағидаты.
- Динамизм қағидаты. Әр модульдің мазмұны өзгеріп отыруы мүмкін. Бұл оқу материалының тұрақты және жаңаратын мазмұны арасындағы қайшылықты болдырмауға көмектеседі.
- Икемділік қағидаты. Оқу жоспарын жеңіл қабылданатын және де тез бейімделуді қамтамасыз ететін, сонымен қатар студенттердің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сай қолдану мүмкіндіктері болатындай етіп модуль құрылымын құрастыру.
- Саналы перспектива қағидаты. Білім беру процесінде оқушылардың алынған ақпаратты терең түсінуі үшін барлық оқу кезеңдеріне кешенді дидактикалық мақсат құру, маңызды күтілетін нәтижені айқындау.
- Әдістемелік кеңес беру мен тепе теңдік қағидаты. Бұл жерде білім беруші мен білім беруші арасындағы қарым қатынастарда сақталатын тепе теңдік қарастырылған. Кез келген студент жеке көзқарасқа негізделе отырып, модульдік оқыту процесіне қатысты пікірін айтып, сұрақтар қоя алады. Ал мұғалім өз кезегінде мүмкін болатын кеңестер мен жауаптарды жазбаша да және электронды форматта да бере алады.

Қандай да бір білім беру процесінде оқытушының білімді игеру логикасы сақталады. Ғалым В.А. Онищук олардың келесі ерекшеліктерін ажыратып көрсетеді [3]:

- Зерттеу обьектісін қабылдау реакцисы ретінде;
- Синтетикалық және аналитикалық қызмет барысында білімді түсіну;
- Есте сақтау;
- Білімді қолдану;

- Жалпылау;
- Жүйелеу.

Қорыта айтқанда, ашық білім берудегі мультимедиялық модульдік технология жүйесі әрбір оқушыға өз бетінше таңдау жасау мүмкіндігі, қызығушылыққа сәйкес келетін оқу формалары мен әдістері және білім алушылардың қажеттіліктеріне сай таңдау мүмкіндігін береді. Бұл әдіс соңғы ғылыми жетістіктер дәлелденген ақпаратты көрнекі қабылдау принципіне негізделген және ол оқушының алған білімін тереңірек түсіну мақсатында индуктивтік, дедуктивтік тәсілдерді пайдаланады және олардың әр түрлі танымдылық қасиеттерін екпінді түрде дамытуға танымдық үрдісін басқарудың түрлі-түрлі тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Ашық модульдік оқыту технологиясында білім алу процесінің барынша нәтижелі болуы мен тиімділігі, сонымен қатар оқу мотивациясын жоғарылату оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдері мен құралдарын үйлестіруді, оқытудың белсенді тәсілдерін пайдалануды және де өздігінен білім алуды мақсат етеді.

Әдебиеттер:

1. Осин А.В. Образовательные электронные издания и ресурсы // Современная учебная книга: подготовка и издание / Под ред. С.Г.Антоновой, А.А.Вахрушева. – М.: МГУП, 2004
2. Автореферат Куклев В.А. «Становление системы мобильного обучения в открытом дистанционном образовании» Автореф. дис. . докт. пед. наук: 13.00.01. Ульяновск, 2010. - 47 с.
3. Дербенова С.И. «Модульное обучение». Самарский государственный институт культуры (Самара). Профиль организации в SCIENCE INDEX. Список публикаций в РИНЦ. 2008 https://www.elibrary.ru/item.asp?id=26673242

ӘОЖ 371.134

SMART-ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДА МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Адылбекова Э.Т. – п.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Тұртай А.Қ. - магистарант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме.

В статье рассматриваются понятия и преимущества инноваций и смарт-технологий в системе образования и взгляды различных ученых. Теоретические основы профессионально-педагогических компетенций будущих учителей в области использования смарт-технологий и цифровых образовательных ресурсов; информационно-коммуникационные технологии и их компоненты.

Summary.

The article discusses the concepts and benefits of innovation and smart technologies in the education system and the views of various scientists. Theoretical foundations of professional and pedagogical competencies of future teachers in the field of using smart technologies and digital educational resources; information and communication technologies and their components.

Бүгінгі таңда қоғамдағы әрбір мамандық иесі өз саласында ақпараттық, коммуникациялық және смарт технологияларды қолдана білуі шарт. Ал

болашақ педагог-мамандардың меңгеретін білімдері мен дағдылары қоғамның дамуына тікелей ықпалын тигізетіні бәріне белгілі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында мұғалім кадрларды дайындау мәселесі ерекше орынға ие. Мұғалім маман өз кәсібінің беделі мен жұмысын және олардың сапалық құрамын арттыру педагогтың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда информатика пәні мұғалімдерін даярлау сапасын арттырудың маңызы зор. Бұл елдегі жылдам өзгеретін бейнесімен, жаппай жаһандану процесімен және білім берудің жылдам ақпараттандырумен, жаһандық білім беру кеңістігіне интеграциямен, мемлекет пен қазіргі қоғамның мұғалімнің жеке басына деген қажеттілігімен байланысты.

Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби дайындығы мәселесін зерттеуге отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген жұмыстары арналған: Г.Л.Абдулгалимов, М.М.Абдуразаков, Е.Ы.Бидайбеков, Е.В.Богомолова, В.В.Гриншкун, С.К.Дамекова, И.А.Деревянко, М.А.Ермағанбетов, О.Ю.Заславская, Л.М.Ивкина, Г.Б.Камалова, В.П.Линькова, Н.Я.Пак, Н.Я.Рыжова, М.А.Сурхаев.

Білім беру - Қазақстан Республикасының зияткерлік капиталын қалыптастыратын стратегиялық ресурс. Бұл білім беруді дамудың барлық стратегиялық құжаттарындағы мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі ретінде анықтайды. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты экономиканың инновациялық даму талаптарына, қоғамның және әрбір азаматтың қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келетін сапалы білімнің қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Соңғы жылдары Smart технологиясы ұғымын және басқа да Smart қала, Smart фон, Smart құрылғы, Smart қондырғы, Smart орта деген тіркестерді жиі естіп жүрміз. Яғни, білім саласында E-learning орнына SMART-learning келуі, ақпараттық қоғам орнына «smart қоғам» қалыптасуы орнап келеді.

Smart education - бұл жалпы стандарттар, келісімдер мен технологиялар негізінде Интернет желісінде бірлескен білім беру қызметін жүзеге асыру үшін оқу орындары мен профессор-оқытушы құрамның бірлестігі. Яғни, бұл мазмұнды бірлесіп құру және пайдалану, бірлесіп оқыту туралы болады.

Smart-оқытудың басты мақсаты – оқушылардың XXI ғасырдың қазіргі заманғы қоғамының білімі мен дағдыларын дамыту есебінен бәсекеге қабілетті білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін орта құру: ынтымақтастық, коммуникация, әлеуметтік жауапкершілік, сыни ойлау қабілеті, проблемаларды жедел және сапалы шешу. Жоғарыда аталған міндеттерді іске асыру барысында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарының алдында Smart-технологиялармен электронды ортада біліктілікті арттыру аясында заманауи педагогтарды қалай оқыту туралы мәселе де туындайды.

Өз кезегінде, оқушылардың XXI ғасырдың жоғарыда аталған дағдыларын қалыптастыру және дамыту толығымен мұғалімнің, оның ішінде информатика мұғалімінің жауапкершілігі арта түседі. Осылайша, информатика мұғалімдерін кәсіби даярлау процесінде осы жағдайларды ескеріп, оны болашақ

мұғалімдерге болашақ кәсіби іс-әрекетте студенттерге белгіленген дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететін әдістер мен құралдарды қолдануға үйрету керек. Адам қызметінің барлық салаларында ақпараттың рөлін күшейту, оның көлемін ұлғайту және ақпаратты үнемі жаңартып отыру, қоғамды қарқынды ақпараттандыру, АКТ құралдарының білім беру процесіне ену динамикасы, жаңа білім беру стандарттарының, бағдарламалардың пайда болуы, мемлекет пен қоғамның мұғалімдерге қойылатын заманауи талаптары, информатиканың ғылым ретіндегі және оқу пәні ретіндегі рөлінің өзгеруі болашақ информатика мұғалімінің кәсіби дайындығын қайта қарау және жетілдіру қажеттілігін тудырады, ол әлемдік тәжірибеде қоғамның дамуына қосқан үлесі шешуші деп танылды.

Информатика салыстырмалы түрде жас пән бола отырып, өте жылдам қарқынмен дамып келе жатқанын байқамау мүмкін емес. Бұл, ең алдымен, жоғарыда айтылғандай, қазіргі өркениеттің маңызды технологиялық жетістіктерінің бірі Смарт технологиялардың қарқынды дамуымен және олардың білім беру жүйесіне енуімен, сондай-ақ оларды қолдану саласының үнемі кеңеюімен байланысты. Бүгінгі күні электрондық, қашықтықтан, желілік, виртуалды, мобильді оқыту, бұлтты технологиялар, смарт технологиялар өзекті болып отыр, олардың пайда болуы мен дамуы интернет желісінің пайда болуымен және дамуымен және Смарт құралдарының мүмкіндіктер шеңберінің кеңеюімен тікелей байланысты. Өздеріңіз білетіндей, информатика жаңа технологияларға, оқыту әдістері мен формаларына тез бейімделуімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, информатикаға тән қасиеттері пәнаралық байланыстың болуы, практикаға бағдарлану, өмірге байланысты мәселелерді шешу, интегративтілік, смарт технологияларды тікелей оқу процесінде объект, оқу құралы және т. б. ретінде пайдалану болып саналады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мұғалімнің smart технологияларды қолдану арқылы қалыптастыру үшін әртүрлі нысандар бар:

- біліктілікті арттыру;
- мастер-класс өткізу;
- семинарлар;
- білім берудегі қызметте смарт технологияларды пайдалану арқылы дөңгелек үстелдер өткізу;
- «Google қызметін қолдана отырып веб-портфолио құру»;
- педагогтердің ғылыми-практикалық конференциясын өткізу;
- кәсіби конкурстарға қатысуды сүйемелдеу;
- онлайн форумдар мен педкеңестерге қатысу;
- смарт технологияны қолдану арқылы сабақ конкурстарына қатысуды сүйемелдеу;

Соңғы жылдары смарт білімге көп көңіл бөлініп және бүкіл әлемде смарт білім беруге бағытталған білім беру жобалары іске асырылуда. Смарт білім беру жайында ғалымдардың тұжырымдамасын мысалға келтіретін болсақ, Д.Гвак SMART оқыту тұжырымдамасын келесідей сипаттаған: біріншіден, ол студенттерге бағытталған және құрылғыларға қарағанда білім беру мазмұны;

екіншіден, бұл алдыңғы қатарлы IT инфрақұрылымына негізделген тиімді, зияткерлік, жеке оқыту [1]. Технология "ақылды оқытуды" қолдауда маңызды рөл атқарады, бірақ ақылды құрылғыларды қолдануға ғана емес, оқытуға да назар аудару керек .

Т.Ким, Дж.У.Ли әлеуметтік оқыту мен жалпы білім берудің артықшылықтарын біріктіретін интеллектуалды оқыту тек құрылғыларды қолдануға ғана емес, оқушыға және білімге бағытталған білім беру парадигмасы деп санайды [2]. Дж.Ли интеллектуалды оқыту функцияларына ресми және бейресми оқыту, әлеуметтік және бірлескен оқыту, жеке және ситуациялық оқыту, сонымен қатар қосымшалар мен мазмұнға назар аударуды ұсынған.

Smart оқыту тұжырымдамасы оқытуды даралау идеясына негізделген, бұл мұғалімнің белгілі бір тыңдаушыға бағытталған мазмұнды құруы арқылы ғана мүмкін болады. Бұған әр жаңа білім объектісі анықталған және сипатталған кезде академиялық білімді басқару арқылы ғана қол жеткізуге болады. Мұндай нысандар жиынтығы оларды біріктіруге және сол арқылы әр тыңдаушының қажеттіліктерін қанағаттандыратын ерекше мазмұн жасауға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімге курстың техникалық дамуына байланысты уақытты ысырап етпеуге мүмкіндік береді. Ол арнайы түрде сипатталған модульдер түрінде енгізілген бұрыннан бар мазмұнды пайдалана алады. Сонымен қатар, ол мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктер ашады: тәжірибе мен идеялармен бөлісу, ғылыммен көбірек айналысу, курсты оның міндеттері мен тыңдаушының құзіреттілігіне байланысты даралау, уақытты үнемдеу, қолда бар мазмұнды аяқтау және оны нөлден жасау емес. Мұғалімнің жұмысын барынша жеңілдететін және цифрлық білім беру ресурстарының өзіндік және тиімді бағдарламалық жасақтамасын жасауға көмектесетін жаңа технологиялық шешімдер қажет.

Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттер SMART-білім беруді дамыту бағытын ұстанып отыр. Жаңа SMART-қоғам моделі заманауи ақпараттық және ұйымдастырушылық жүйелердің көмегімен тұлға үшін қолайлы, жоғары технологиялық, интеллектуалдық, өмір сүру ортасын құруды білдіреді. Қазақстан ұлттық білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде білім беру қызметтерінің қолжетімділігі бойынша әлемдік көшбасшылардың қатарына кіреді, оның басты мақсаты сапалы білімге қол жеткізу болып табылады. Әлеуметтік ортадағы өзгерістер әртүрлі кезеңдердегі технологиялық үрдістердің өзгеруімен тығыз байланысты[3]:

1-кезең – индустриялық қоғам, онда аналогты ойлауға негізделген байланыстың адами ұйымы құрылды;

2-кезең – сандық ойлау негізінде байланыс байланысы компьютерлік ұйымымен ақпараттық қоғам;

3-кезең – байланыстың әлеуметтік ұйымы бар креативті қоғам және гибридті ойлау арқылы.

XXI ғасырдың қазіргі қоғамы технологиялық парадигманың өзгеру кезеңінде. Ғасырдың білім саласындағы айнасы ретінде мәнін анықтаған смарт

технологиялар смарт-экономикаға, смарт-білімге, смарт-қоғамдық ортаға дамудың жаңа жолын ашатын смарт-технологияларға жол ашады. Оқыту ортасының өзгеруі: сымсыз желіге көшу, ақылды терминалдардың таралуы, смарт технологиялық ресурстардың үдеуі, смарт жұмыстарының (мобильді кеңсенің) кеңеюі – бұл дайындалған адамдардың техникалық құралдарды, сервистерді және интернетті пайдалану жиынтығы субъектілердің өзара іс-қимылында жаңа әсерлер-жақсы өмір сүру үшін әлеуметтік, экономикалық және өзге де артықшылықтар алуға мүмкіндік беретін сапалы өзгерістерге әкелетін қоғамның жаңа сапасы.

Білім беру процесін байланыстыратын негізгі элемент – белсенді білім беру контенті болып табылады, оның негізінде уақыт пен кеңістік шектерін алып тастауға мүмкіндік беретін бірыңғай репозиториялар құрылады.

Қорытындылай келе, Smart Education барлық білім беру процестерін, сондай-ақ осы процестерде пайдаланылатын әдістер мен технологияларды кешенді жаңғыртуды көздейтін тұжырымдама ретінде қаралады. Білім беру бөлігіндегі Smart тұжырымдамасы «ақылды тақта», «ақылды экрандар», кез келген нүктеден Интернетке кіру сияқты технологиялардың пайда болуына әкеп соқты. Осы технологиялардың әрқайсысы контентті әзірлеу, оны жеткізу және өзектендіру процесін жаңаша құруға мүмкіндік береді. Оқыту тек сыныпта ғана емес, үйде де, кез-келген жерде де: мұражайлар немесе кафе сияқты қоғамдық орындарда мүмкін болады.

Әдебиеттер:

1. Gwak D. The meaning and predict of Smart Learning. Smart Learning Korea Proceeding. Korean e-Learning Industry Association, 112 p.

2. Lee J., Zo H., Lee H. Smart learning adoption in employees and HRD managers // British Journal of Educational Technology. 2014. Vol. 45. № 6. P. 1082-1096.

3. Революция в обучении : научить мир учиться по-новому : пер. с англ. / Гордон Драйден, Джаннетт Вос. - М. : Парвинэ.

УДК 81’373

THEORETICAL BASES FOR FORMING A COMPETENCE APPROACH IN TEACHING ENGLISH

Baryssova N.T.
South Kazakhstan State Pedagogical University,
Senior Lecturer, E-mail: nurbagym2015@mail.ru
Beisenbayeva A. A.
South Kazakhstan State Pedagogical University,
Senior Lecturer, E-mail: aiapa-61@mail.ru
Artykbayeva F.I
South Kazakhstan State Pedagogical University,
Senior Lecturer, E-mail: artykbaieva.fazila@mail.r

Түйін

Мақала ағылшын тілін оқыту процесінде құзыреттілік әдісін қолданудың заманауи технологияларына арналған. Автор бұл тәсілді қолдану ерекшеліктерін шет тілін оқытудағы тиімді тәсілдердің бірі ретінде ашады.

Резюме

Статья посвящена современным технологиям применения компетентностного подхода в поцессе обучения английскому языку. Автор раскрывает особенности применения данного подхода как одного из самых эффективных в обучении иностранного языка.

The objective aim of English teaching is to develop learners' communicative competence. But in the four crucial skills, speaking is obviously the poorest for most English learners in Kazakhstan. After so many years of English learning, our students found it hardly to speak and communicate with others in English. Evidently there is something is wrong with the old traditional methods of oral English teaching. In order to improve learners' communicative competence, some innovative ways and methods in this work are recommended for English teachers to build a welcoming English atmosphere and a lot of activities are presented for teachers to support learners to practice English both in and out of classroom.

In the methodology of teaching a foreign language, the problem of communicative competence is manifested in the teaching of speech activity - speaking, listening, reading and writing. Teaching a particular type of speech activity has its own specific tasks and makes its own, special requirements. For example, a student of the Faculty of Foreign Languages must master the following skills related to speaking: conduct a professional conversation (on linguistic, literary, social, socio-political, pedagogical, psychological and methodological topics); conduct a conversation on the topics of school and university life; on everyday topics; about the features of foreign language education; about fiction and achievements of science; various conversations on socio-political topics, make reports, messages, summaries, write essays and other types of modern written work.

The student must be able to listen to: lectures, voiced texts; speech in movies, TV shows, performances; speeches and explanations of the guide; any everyday, terminological, scientific and socio-political speech in a foreign language.

Also, it should be noted that in the formation of a competence-based approach in teaching English, the formation of reading skills plays an important role. The student must master reading skills: must be able to work with scientific, educational and reference literature in a foreign language in the field of foreign language education, linguistics, pedagogy, psychology, socio-political literature, newspapers and magazines, fiction.

The use of writing skills in the classroom is manifested in such types of work as taking notes of lectures and books, writing reports, term papers and theses, scientific articles, business letters and papers, essays.

In general, for the final development of a competency-based approach in teaching English, it is necessary to use speech activity. Thus, an analysis of the internal content of the process of listening shows that the skills and abilities of speaking are pivotal for him, and for listening they must be developed more than for speaking itself. And finally, the use of different types of speech activity for the formation of a competency-based approach ensures rapid progress in the study of educational material and the formation of skills. "... It has been repeatedly confirmed that pre-

spoken and written sentences are learned better than only spoken ones or those that were spoken and introduced only with the help of a series of drawings (without a written equivalent) .. [1].

Thus, the described trends reflect two different processes in mastering speech activity. The first process is the assimilation of the material and the main mechanisms of activity. It proceeds better with a complex, diverse presentation of material, and different plans are linked to a single logic of activity. Another process is the process of activating learning activities. It is carried out better if its mechanism of growth is one-dimensional and corresponds to the maximum extent to the nature of the activity itself. The complexity developed during assimilation becomes a brake in the activation process. Learning activities about the transformation of complex skills into simple ones are required. Therefore, the development of speech skills (whether it be speaking or listening, reading or writing) in the formation of a competence-based approach should take place in two stages - assimilation, which is worked out with the help of different types of speech activity.

Thus, the competency-based approach requires the teacher to have a clear understanding of what universal (key) and special (qualifying) personality traits are necessary for a graduate of a general education school in his future professional activities. This, in turn, implies the ability of the teacher to draw up an indicative basis of activity - a set of information about the activity, which includes a description of the subject, means, goals, products and results of activity. The teacher is required to teach children that knowledge, teach those skills and develop those skills that a modern student can use in his future life.

The competence-based approach does not imply the acquisition by the student of knowledge and skills that are separate from each other, but the mastery of them in a complex. In this regard, the system of teaching methods is changing, more precisely, the system of teaching methods is defined differently. The basis for the selection and design of teaching methods is the structure of the relevant competencies and the functions they perform in education [2].

Bibliography

1. Milson A,Demirci A.Kerski J.(Eds)(2012)International perspectives on teaching and learning with GIS in secondary schools,New York pp197-1999.
2. Кондурар, М. В. Понятия компетенция и компетентность в образовании / М. В. Кондурар // Вектор науки ТГУ. – 2012. - №1. – С. 189-192.

ӘОЖ 374.1

БІЛІМ БЕРУ МЕН БІЛІМДІ БАҒАЛАУДЫҢ ОЗЫҚ ЖҮЙЕСІ

Өмірзақ Т. Ө., а.ш.ғ.д., профессор
Айтбаева А.Е., а.ш.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Абилдаева Г. С.
А.С. Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия

Резюме

В статье обсуждаются особенности системы обучения и оценки знаний в университетах США.

Summary

The article discusses the features of the system of teaching and assessing knowledge in US universities.

Әлемдегі 252 мемлекеттің ішінде Америка Құрама Штаттарындағы жоғары білім ең абыройлы және сапалы деп саналады, яғни, мұнда алған білім әлемнің кез келген елінде мойындалады және жоғары бағаланады.

АҚШ-та жоғары білімді мемлекеттік немесе жекеменшік колледждер мен университеттер береді. Колледж бен университеттің басты айырмашылығы - колледжде студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу бөлімі жоқ және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берілмейді. Жалпы алғанда, Америка Құрама Штаттарында «жоғары оқу орны» деген ұғымның өзіндік нақты анықтамасы жоқ. Негізінде, орта мектепті бітіргеннен кейін қосымша дайындауды жүзеге асыратын кез-келген оқу орны «орта білімнен кейінгі білім беру мекемелері» деп аталатын әр түрлі кәсіптік мектептерді, мысалы, медбикелік мектептер, педагогикалық мектептер, механизатор курстары және т.б. біріктіретін кез-келген оқу орны бірдей дәрежеде «колледж», «мектеп», «институт» немесе тіпті «университет» деп аталуы да мүмкін.

Америка Құрама Штаттарындағы университеттер - бұл бакалаврдың, магистрдің, маманның немесе доктордың дәрежелерін беретін мекемелер. Кейбір университеттер кішісінен бастап докторантураға дейінгі барлық деңгейлерде бағдарламалар ұсынады. Осы жағынан олар, беретін ең жоғары дәрежесі ассоциацияланған диплом болып табылатын общиналық және кіші колледждерден ерекшеленеді.

Американдық жүйе әлдеқайда ашық. Мұнда мәселелерді талқылауға, идеяларға көбірек көңіл бөлінеді. Елде мамандарды жоспарлы түрде қабылдау және дайындап шығару деген жоқ. Университетке кез-келген жастағы адамдар қабылдана береді. Американдық жоғары білім беру жүйесінің бір ерекшелігі, егер сіз қаласаңыз, оқуды бітіргенше мамандығыңызды бірнеше рет өзгерте аласыз. Оқу мерзімі де шектелмеген, бұл, оқуға төлеу қажеттілігімен түсіндіріледі. Көптеген талапкерлер алғашқы екі жылдық қажетті курстарды аяқтау үшін қоғамдық колледждерге түседі. Олар онда Art Associate (AA) дәрежесін алады, содан кейін төрт жылдық университетке (колледжге) ауысады.

ЖОО-ға құжаттар қабылдау 31 желтоқсанда аяқталады және 1 сәуірге дейін барлық университеттер өз шешімдерін жібереді. Талапкерлер толтыруы қажет құжаттардың немесе онлайн нысандардың санын азайту үшін көптеген университеттер «Стандартты өтінішпен» қабылдайды. Әдетте, түсу емтихандарын (тестілеуді) мамандандырылған қызметтер (мысалы, білім беруді тестілеу қызметі, колледждің емтихан комиссиясы) өткізеді. Колледждер мен университеттер қандай тесттер ұсынатынын және оқуға түсу үшін қанша балл жинау керектігін алдын ала хабарлайды.

Талаптары мен бейімділігін, мектептегі үлгерімін, материалдық жағдайын ескере отырып, үміткерлер көбінесе бір оқу орнына түсіп кету үшін бір уақытта бірнеше университеттерге, кейде онға дейін, өтініш тапсырады, солардың біреуіне олар міндетті түрде қабылданады.

Үлкен университеттерде талапкер нақты бір факультетке түседі, ал көптеген басқа университеттерде жалпы университетке түсу тәртібі қалыптасқан. Факультетке түскен жағдайда факультеттен факультетке ауысудың бірнеше жолдары қарастырылған, бірақ кейбір факультеттерге ауысу шектелген немесе мүмкін емес. Тағы бір университеттерде студент бірінші, кейде екінші курстың соңында қандай мамандықты таңдау керектігін шешуі керек. Бұл арада, негізгі (major) мамандыққа бір немесе бірнеше қосымша (minor) мамандықтар қосуға болады, ал кей жағдайда екі немесе тіпті үш негізгі мамандықты таңдауға да болады. Егер студент оқуын аяқтамай тұрып басқа университетке түссе, бірінші оқу орынында алған кредиттерінің көпшілігі жаңа университетті бітіру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Білімді бағалау жалпы білім беру процесінің негізгі мәселесі болып табылады. Бірқатар американдық университеттер мен колледждер студенттерді орта мектепті бітіргені туралы сертификаттың нәтижелері бойынша қабылдайды. Алайда, ең беделді университеттер конкурстық іріктеу жүргізеді, себебі талапкерлердің саны оқу орынының мүмкіндіктерінен едәуір артық болады. Бұл жағдайда талапкерлер конкурстық емтихандар, әңгімелесу, тестілеу арқылы сараланады. Тестілеу ағылшын, математика және тағы бір пән бойынша жүзеге асырылады. Әдетте, талапкерлер екі жалпы емтихандардың біреуін - SAT Reasoning Test немесе ACT, ал кейбір жағдайларда - белгілі бір пәндер бойынша білімін тексеретін бір немесе бірнеше SAT пәндік тесттерін тапсыруы керек.

Қабылдау туралы өтініш берушіден тек мектептегі бағалары мен стандартты емтихандарды ғана емес, сонымен қатар, мектеп бағдарламасынан тыс, яғни спортта, өнерде, әлеуметтік жұмыстағы жетістіктері мен марапаттары есепке алынады. Жалпы, жоғары оқу орнына түсерде мынадай құжаттар талап етіледі: толық орта мектепті бітіргені туралы сертификат; мектепте өтілген пәндер тізімі және олар бойынша алынған бағалар; қабілеті және білімі бойынша тестілеу баллдарының жалпы саны; мектеп мұғалімдері мен әкімшілігінің ұсыныс-мінездемелері; оқуға қабылдау сұхбатының нәтижелері, қызығушылықтары туралы деректер. Сонымен қатар діни мекемелердің ұсыныс хаты, қоғамдық ұйымдардағы жұмыстан мінездеме, мектеп олимпиадаларына,

фестивальдарға, ғылыми-техникалық үйірмелерге, спорттық жарыстарға, көркемөнерпаздыққа және т.б. қатысқандығы туралы құжаттар маңызды рөл атқарады. Тағы бір талап - осы университетті, факультетті, болашақ мамандығын таңдауға түрткі болған себепке мән беріледі.

Advanced Placement (AP) - американдық мектептің жоғарғы сыныптарындағы күрделілігі жоғары курстар. Олар пәндерді университет деңгейінде оқуға және АҚШ-тың жетекші университеттеріне түсу мүмкіндігін арттырады. Жоғары сыныптардағы әр пән бірнеше қиындық деңгейлерінен тұрады. Бұл деңгейлердің атаулары әртүрлі штаттарда ғана емес, тіпті аудандарда да ерекшеленеді. Әдетте мынадай құрам жиі кездеседі: College Level немесе Advanced Placement (AP, Эй Пи); Accelerated немесе Honors; CPA немесе standard; CPB немесе essential. Соңғы екеуі «Колледжге дайындық» (College Preparation) A және B. «A» әдетте жиі кездесетін деңгей, «B» — одан төмендеу. Аттестатта бұл деңгейлер әртүрлі салмаққа ие. Егер CPA және CPB көрсеткіштеріндегі максимум 4 баллмен бағаланса, онда Accelerated (Honors) көрсеткішіндегі максимум 4,33, ал AP-да — 4,67 балл болады. Accelerated деңгейіне сұрыптау алдынғы бағалар бойынша жүргізіледі; AP деңгейіне сұрыптауда, бұған қосымша, оқуға түсу емтиханын тапсыру қажет.

Жоғары деңгейдегі көп пәндерді таңдау үшін бағадан басқа тағы міндетті шарттар (prerequisites) бар: озық алгебра 2–ні алу үшін алгебра 1-ді тапсыру керек, ал AP физикаға немесе AP статистикаға түсу үшін алгебра 2–ні аяқтау керек. Бұл, таңдауды ерте бастан жоспарлау қажет деген сөз.

Келесі жылы жеделдетілген деңгейде қалу үшін орташа B- ұпай жеткілікті, бірақ одан AP деңгейіне өту үшін жылдық A қажет, кейде олар A минуспен қабылдауы мүмкін. AP —бұл жоғары деңгей, университеттің бірінші курсына сәйкес келеді. AP -ның алғашқы үш курсын (еуропа тарихы, биология, өнер) 10-шы сыныпта алуға рұқсат етіледі, одан әрі - көбірек, ал кейбір курстар тек соңғы сыныпта мүмкін болады. Ең беделді университеттер орташа бағасы 4,25-тен төмен сертификаттарға аса мән бермейді, ал бұл қосымша жетістіктер құжатынсыз (honors) және AP курстарынсыз мүмкін емес. Бірақ, АҚШ-тағы университеттер мен колледждердің көпшілігі мектептік AP курсты университетте өтілген курс ретінде қабылдайды.

Университеттегі конкурс бірінші кезекте 10-11 сынып пен 12-сыныптың бірінші семестрінің орташа баллын қамтитын GPA (Grade Point Average) көрсеткішін есепке алады. Бұл көрсеткішке, дене тәрбиесі мен денсаулықты қоспағанда, басқа барлық пәндердің (соның ішінде өнер пәндерінің де) бағалары кіреді. Орташа балл (GPA) - бұл жоғары оқу орындарына түсу үшін өте маңызды, мектеп материалын игеру сапасының дәлелі (индикаторы), оқуға деген тұрақты қызығушылықтың көрсеткіші болып табылады.

Осыдан кейін екінші маңызды көрсеткіш - жекеменшік ұйымдар өткізген емтихандардың нәтижелері. Олардың мақсаты - оқушының оқуын колледжде жалғастыруға қаншалықты дайын екендігін анықтау, яғни жинақталған білім көлемін емес, оның қабілеттері мен жұмыс ептіліктерін бағалау. Олар үшін мектеп бос күні, орын және мұғалімдік бақылау ұсынады. Бұл емтихандар

ақылы және тек колледжге баратындар ғана алады, бірақ жақсы мектепте барлығы дерлік. Негізінде, мұндай екі емтихан бар: SAT (Sholastic Assessment Test) және ACT (American College Testing), дегенмен көп тараған SAT-те олардың қосымша түрлері бар. Олардың кез келген біреуін немесе екеуін де және кез-келген сыныпта тапсыруға болады. SAT-ті AP емтихандарын тексеретін және бағалайтын College Board ұйымы жүргізеді.

Кәдімгі SAT (химия, физика, экономика, тіл және т.б. білімін бағалайтын пәндік SAT немесе SAT II де бар) үш бөліктен тұрады, олардың әрқайсысы ең көбі 800 баллды құрайды: бұл сыни тұрғыдан оқу, ол оқушының мәтіндерді талдау қабілеттілігін, атап айтқанда ұқсас тақырыптағы әр түрлі авторлардың екі мәтінін салыстыру қабілетін тексеруді қамтиды; жазу - ойды жеткізудің дұрыс әдісін таңдау мүмкіндігі, атап айтқанда, 25 минут ішінде эссе жазу керек, бес абзацта кіріспе мен қорытынды және математика негіздері болуы керек.

Әрине, мұндай жүйеге сәйкес, тез тапқырлықты тексеру жылдамдық мәселелерін шешуге арналған жаттығуға ұқсайды, сондықтан бұл терең ойлануды қажет етпейтін мәселелерді шешу қабілеттілігін ғана бағалайды. Мұндай емтихан оқушыларды лайықты, бірақ онша беделді емес ЖОО-ға түсуге жарамды. Ол жылына бірнеше рет өткізіледі, оны қайта тапсыруға болады.

Сонымен, түлек екі маңызды құжатты алады: сертификаттың бағасын GPA және SAT және / немесе ACT нәтижелері. Оқуға түсудің сәтті болуының үшінші шарты – бұл, мінездеме сияқты ұсыныстар, соның ішіндегі ең маңыздысы мектептік мінездеме. Бұл мүмкіндікті жазатын кеңесшілер (нұсқаушы кеңесші) мектеп өмірінде маңызды рөл атқарады. Олар бітірушілерге мектептегі мінез-құлық, жыл тақырыбын таңдау, жеке кестесіндегі өзгерістер туралы кеңес береді.

Университеттерде оқу жылы әдетте 9 айға созылады - тамыздың соңы немесе қыркүйек айынан мамыр немесе маусымға дейін (15-16 апталық семестрдегі университеттердің көпшілігінде немесе 10-11 апталық үш семестрлік жекеменшік университеттерде).

Әрбір курс белгілі бір кредит (несие) сағаттарынан, әдетте үш-бес кредиттен, тұрады. Бұл сан шамамен білім алушының бір аптада осы пәннің сабақтарына кеткен сағаттармен бірдей болады. Көптеген оқу орындарында күндізгі оқу бағдарламасы 12 немесе 15 кредиттік сағатты құрайды және оқу бітіру үшін белгілі бір кредиттер саны орындалуы керек.

Дипломдық курстар - бұл төрт жылдық пәндер циклы. Дипломдық деңгейде оқытылатын дәстүрлі пәндер жалпы ғылыми пәндер, «негізгі» немесе жалпы кәсіптік, сонымен қатар элективті пәндер болып табылады. Әдетте, алты айда бір рет студенттер куратормен (эдвайзермен) кездеседі, ол осы мамандық бойынша қай пәндерді таңдауға кеңес береді, сабақтың қай жерде өтетіні туралы хабарлайды. Әр семестрдің соңында студенттер емтихан тапсырады: мұғалім олардың өткізілу формасын таңдайды. Егер студент семестр бойы өте жақсы оқыса, ол «автомат», яғни емтихансыз оң

баға ала алады. Емтихандар мен тестілеуді бірнеше рет тапсыруға болады (студенттер оқудан шығарылмайды).

Американдық жоғары оқу орындарындағы оқытушылар мен студенттер санының арақатынасы шамамен 1:7,5 құрайды (сәйкесінше 2 және 15 миллион). Бакалаврды оқыту бағдарламасы 30 пән бойынша білім алуға мүмкіндік береді. Сабақтар бірнеше жүздеген студенттер қатысатын үлкен дәрістерден, кішігірім сыныптар мен бірнеше студенттермен өткізілетін семинарлардан (дискуссиялық сабақтардан) тұрады. Кейде мыңға жуық студенттерден тұратын ағымдық дәрістер жүргізіледі. Студенттер лекторды тыңдап, оларға таратылған мәтін бойынша жазбалар жасайды, нәтижесінде оқытушы студенттерге сызба, диаграмма, формула және т.б. жүктеместен техникалық оқу құралдарын, аудио және визуальды жабдықтарды кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. «Академиялық топ» деген ұғым жоқ, өйткені әркім жеке бағдарлама бойынша оқиды және өздері таңдаған дәрістерге қатысады. Әдетте, дәріс алдында әр студентке дәріс жазбалары беріледі. Дәріс 50 минуттан 2 сағатқа дейін, үзіліс - 10 минутқа созылады. Сабақтың басталуы таңертеңгі 8-де, сенбі және жексенбі - демалыс күндері.

Американдық университеттер, әдетте, кампустар деп аталатын білім беру кешендері болып табылады. Оларда оқу және зертханалық ғимараттар, кітапханалар, жатақханалар, оқытушыларға арналған тұрғын үй, тамақтану орындары, спорт және мәдени нысандар бар. Аудиториялар мен сыныптар заманауи техникалық құралдармен жабдықталған, Тілдік зертханалар кеңінен ұсынылған, өйткені шет тілдерін оқытуда сөйлеу деңгейіне баса назар аударылады. Ғылыми зертханалар заманауи зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін жабдықтармен үнемі толықтырылып отырады.

Әдебиеттер

1. Образование в США.https://prousa.info/education.
2. Система образования В США - Study.by https://scisne.net/a-1240.
3. https://edunews.ru/education-abroad/sistema-obrazovaniya/ssha.html https://prousa.info/us_higher_education.
4. https://www.studyusa.com/kz/a/58/understanding-the-american-education-system.
5. Өмірзақ Т. Ө., Абилдаева Г. С., Умурзакова Н. Т. АҚШ-тағы мектепкедейінгі және бастауыш білім. «Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми-әдеби әлемі» ХҒТК еңбектері.ОҚМПУ, 2020.
6. Өмірзақ Т. Ө., Абилдаева Г. С., Умурзакова Н. Т. Алпауыт елдің мектеп жүйесі. «Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми-әдеби әлемі» ХҒТК еңбектері.ОҚМПУ, 2020.
7. Тағы басқа Интернеттік ақпарат көздері.

ӘОЖ 37.01

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айнабек А.А. 4-курс, 129-18 тобының студенті
Қожабекова З.Е. г.ғ.к., доцент м.а., Турданова М.С. магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В соответсвии с требованиями общества стремящегося к современной цивилизации это подготовить учеников способных самостоятельно действовать, находить свое место в обществе для будущего страны и современного периода. Обновленное содержания образования – главное требование сегодняшнего дня не только в сфере образовании но и во всех отраслях. Обновленная образовательная программа – это возможность узнать все тонкости передовых технологии и активных методов обучения.

Summary

In accordance with the requirements of a society striving for modern civilization, this is to prepare students who are able to act independently, find their place in society for the future of the country and the modern period. The updated content of education is the main requirement of today in the field not only of education. The updated educational program is an opportunity to learn all the subtleties of advanced technologies and active learning methods.

Жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен әлемнің түбегейлі өзгеруі, білім беру саласындағы халықаралық үрдістер қазақстандық білім берудің мазмұнын жаңартуға өз әсерін тигізуден тыс қалмады. Білім беру елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия. Жаһандану ең алдымен жоғары сапалы білімді қажет етеді. Қазіргі таңда экономикалық өсу және азаматтардың әлеуметтік жағдайының жақсаруы үшін білімнің маңызы бар екені бүкіл әлем мойындауда. Осы орайда осы мәселелерді шешу мақсатында өзгеріс енгізу үдерісіне қатысатын жүйелердің саны артып, білім беруді реформалаудың қарқыны артып келе жатқанын атап көрсетуге болады.

Заман келбеті көз ілеспес жылдамдықпен өзгеруде, әрбір жаңа күннің бізге берер жаңалығы да аз емес. Бұл тұста білім беру саласы да заман талабына сай жаңарып, мектеп бағдарламасының жаңартылған нұсқасы ел назарына ұсынылған болатын. Жаңа бағдарламаның басты мақсаты - сауатты, білімді қару етіп біліктілігімен ерекшеленетін, заманауи нарыққа барынша бейімделген тұлға тәрбиелеп шығару. Бұл мақсатқа қол жеткізу критериалды бағалау жүйесін енгізу, мұғалімдердің педагогикалық біліктілігінің, оқытудың озық технологиялары мен белсенді оқу әдістерін енгізу, сабақта пайдалана алуы, мәселенің шешімін шығармашылық тұрғыда шешуге ынталандыру арқылы мүмкін болмақ.

Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесіне арналған орта білім мазмұнын жаңартудың маңызын, білім беру саласындағы өзгерістер және алғышарттарды, білім беру мазмұнын жаңартуға негіз болатын теориялық алғышарттарды айқындауды қажет етеді.

XXI ғасыр мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек» [1, 15б.]. Бұл - ЭЫДҰ Бас хатшысының білім беру саясаты бойынша арнайы кеңесшісі міндетін атқарушы Андреас Шлейхердің (2014) тұжырымы.

Жоғарыда келтірілген тұжырым Қазақстанда білім беру саласына өзгеріс қажет екенін анық көрсетеді. Технология, коммуникация мен ғылыми салалардағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, XXI ғасырда табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты.

Жаһандану тек жұмыс орындарына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, оның қолжетімді жұмыс түрлеріне және сәйкесінше, жұмыс табу үшін қажетті білім мен дағдыға да әсері артып келеді. Экономикасы дамыған елдерде өнеркәсіптік өндірістен ақпараттық қызмет көрсету және байланыс қызметін көрсетуге ауысып жатқаны байқалуда. Білім беру жүйесін жаңартуға бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі XXI ғасырда басқа да негіздер бар:

- әлеуметтік өзгерістер;
- өзара қарым-қатынасты арттыру;
- бүкіл әлемдегі халық санының қарқынды өсуі;
- шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі;
- ауа райының өзгеруімен байланысты проблемалар;

Осылардың барлығы мектеп оқушылары қазіргі заманда және келешекте табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеруі қажет екенін көрсетеді.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе үнемі қайта қаралуда және жаңаруда.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес географиялық білімнің маңызын қарастырар болсақ, География - қоршаған ортадағы табиғи, қоғамдық және әлеуметтік нысандарды, құбылыстар мен үдерістерді бірлікте қарастыратын кешенді ғылым болып табылады. Географиялық білім дүниенің географиялық бейнесін қалыптастыру арқылы жеке тұлғаның дүниетанымын кеңейтуде маңызды рөл атқарады. Сол себепті Қазақстанда да барлық дүниежүзі елдеріндегі сияқты география жалпы білім беретін мектептерде міндетті оқу пәні ретінде оқытылады. Біртұтас географияның негізін қалаған танымал географтардың бірі Николай Баранский «Географиялық ойлау дегеніміз - біріншіден, білімді картаға түсіру арқылы аумаққа бекітілген, екіншіден, бір элементтің немесе саланың шеңберінде оқшауланып қалмайтын кешенді ойлау» деп жазған [3, 25б.]. Экономикалық географияның теориялық негізін жүйелеген Энрид Алаев географиялық ойлауды мынадай қағидалар түрінде тұжырымдап берген:

- кез келген феноменді картада көрсет, оны аумаққа «байла», оның элементтерін нақты кеңістіктегі орнына сәйкес орналастыр, нәтижесінде оның кеңістіктік ұйымдасуы анықталады, осы арқылы түсініксіз немесе кездейсоқ көрінгеннің барлығы барынша айқындалады.

- құбылысты оның айналасындағы қоршаған ортамен, басқа құбылыстармен қоса алып, кешенді зертте, кешенділік - зерттеліп отырған құбылыс үшін маңызды нәрсенің барлығын қамтуға мүмкіндік беретін айрықша зерттеу жүргізу қажет.

- жер шарындағы кез келген жер өзіндік бейнеге ие және географиялық орны тұрғысында қайталанбайды, бұл өзгешелікті зерттеу барысында практикалық іс әрекетте ескерілуі қажет.

- ғаламшардың географиялық қабығы біртұтас және бөлінбейді, оның жеке бөліктерінің адамзат әрекетінен болатын өзгерістері бүкіл қабықтың басқа бөліктеріне де ықпал етеді.

Қазіргі заманғы географияның танымдық ақпараты қоғамдағы кез келген азаматтың жеке тұлға ретінде қалыптасуын анықтайтын дүниетанымдық іргелі білімнің негізін салады. Өйткені жеке тұлға мемлекетті басқаруға қатысып, экономика мен саясатта, әлеуметтік салада шешімдер қабылдауы қажет. «География» пәні мазмұнының ерекшелілігі бұл «География» курсының жалғасы болып табылады. «География» курсын оқытудың мақсаты - географиялық ойлауды одан әрі дамыту және жетілдіру, қазіргі дүние туралы кешенді, жүйелі көзқарас қалыптастыру, география ғылымының салалары бойынша білімді өздігінен игеру және оларды күнделікті өмірде қолдана білу дағдыларын дамыту.

Жаңартылған оқу курсының География пәнінің мазмұны қазіргі заманғы география ғылымы мен оның зерттеу әдістері, картография және географиялық деректер базасы, физикалық, әлеуметтік, экономикалық география, елтану және саяси география негіздерін қамтиды. Бұл тақырыптардағы білім мазмұны 7-сыныпта игерілген материалдарды неғұрлым жоғары деңгейде толықтыра түседі. Негізгі мәтінмен қатар, оқулықта қосымша мәтіндер де қарастырылған. Олар өз бетімен оқып-үйренуге арналған және негізгі оқу материалын едәуір толықтырады. Оқулықта практикалық сабақтар мен шығармашылық тапсырмалар жүйесі қамтылған, олар алған теориялық білімдеріңді бекітуге мүмкіндік береді.

Мектептің адам өміріндегі рөлі өте зор. Себебі мектеп секілді ұзақ мерзімді оқу кезеңінде адамның тұлғалық қасиеттері қалыптасып, білім іргетасы қаланады. Сондықтан орта білім беруді анағұрлым сапалы әрі тиімді ету мәселесіне бүгінде үлкен көңіл бөлініп, аталған жүйе кемелденіп жаңарып келеді. Мұның бәрі үздіксіз өзгеру үстіндегі әлеммен иық тіресе алатын бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін жасалып жатыр. Жалпы деректер бойынша, республикада барлығы 7393 білім беру ұйымы бар, оларда 3 186 224 оқушы білім алуда [1, 1б.].

Бүгінде қазақстандық оқушылардың 95% жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алып отыр. Реформа елімізде 2016 жылдан бері

енгізілуде. 2016-2017 оқу жылы ол 1-сыныптарды қамтыса, келесі жылы 2, 5, 7-сыныптар, одан кейін 3, 6 және 8-сыныптарға енгізілді.

Жаңа оқу жылында жаңартылған білім беру жүйесіне 4, 9 және 10-сыныптар енді. Ал 2020-2021 оқу жылы 11-сыныптар жаңа жүйеге көшті. Осылайша білім берудің жаңа моделіне көшу толықтай аяқталады.

Жаңа оқу бағдарламалары оқушылардың сыни ойлау, ақпараттық коммуникативті технологияларды пайдалану, танымдық белсенділік пен өз бетінше пайымдау секілді қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған. Жаңартылған білім беру бағдарламаларының бұрынғысынан ерекшелігі - пән мазмұнын жоспарлаудағы спиральдық қағидасының пайдаланылуы. Оқушылардың бір сыныпта алған білімі мен түсініктерді келесі сыныпқа көшкенде қайталап отыруына аса мән беріледі. Бұдан бөлек, жаңартылған бағдарлама ортақ білім беру саласы мен пәнаралық байланыстарда өтпелі тақырыптар болуын қарастырады.

Осы орайда туындайтын бір сұрақ бұл Білім бағдарламаларының мазмұны не береді? Қажеттілігі қандай? Жаңартылған мектеп бағдарламасы білім мен білікті бірте-бірте арттыра отырып, оларды тақырыптар мен сыныптар бойынша күрделендіруді қарастырады. Тәрбие мен білімді үйлестіре жүзеге асыру және үштілді білім қағидасы бұл бағдарламалардың басты негізі болып отыр. Оқу бағдарламаларының жаңа мазмұны пәндік білімді қалыптастыруға, сан алуан өнер мен біліктілікті дамытуға бағытталған. Балалар алған білімін функционалды, сонымен бірге шығармашылық тұрғыда пайдалануды, сыни ойлауды, жобалық және зерттеу жұмыстарды жүргізуді, ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдалануды, командамен және жеке өзі жұмыс істеу секілді қабілеттерді үйренеді. Сондай-ақ олар шешім қабылдауға икемделіп, алда тұрған міндеттерді орындауға бейімделеді. Сонымен қатар жаңартылған бағдарламалар оқу үдерісі кезінде патриоттық, азаматтық жауапкершілік, сыйластық, серіктестік, еңбек, шығармашылық, ашықтық секілді бірқатар құндылықтарды оқушы бойына сіңіруге септігін тигізеді.

Жаңа оқыту жүйесінде оқушылардың коммуникативті қабілеттерін дамытуға үлкен көңіл бөлінеді. Сабақ барысында олар түрлі оқу жағдайында білім алмасып, ептілікке үйренеді. Осылайша тілдік және сөйлесу нормаларының жүйесін дұрыс қолдануды игереді. Мәселен, тілді оқыту тыңдалым, сөйлеу, оқу, жазу секілді төрт түрлі қабілетті дамыту арқылы жүзеге асып отырады. Ұстаз өмірлік жағдайларда өзара сөйлесу әдебін үйретіп, оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытуға сеп болады.

Сабақ форматы оқушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырып, олардың талқылау мен сараптауларға белсенді түрде қатысуы үшін арнайы лайықталып жасалған. Бүкіл бағдарлама бірінші сынып оқушысына деиін түсініктерді анықтап, қорытып, үйлестіруі, жіктеп, себеп пен салдар байланысын анықтап, логикалық тұрғыда ойлап, шешім - шығарып, өз бетінше ақпарат іздей алуы үшін жұмыс істейді. Мұндағы басты міндет - оқушыға білім алуды үйрету. Бұл тұста Назарбаев зияткерлік мектептері үлгі ретінде алынып,

олардың тәжірибелері орта білім беру жүйесіне енгізіліп жатқанын айта кету керек.

Жаңартылған бағдарламаның енгізілуіне қарай оқушылардың оқу жетістігін бағалауда өзгертіліп ел мектептерін жаңартылған білім беру мазмұнына көшіру аясында критериалды бағалау жүйесі енгізілді. Бұл - үлгерімді жақсарту үшін белгілі бір критерийлер арқылы бағалау. Осы арқылы әр оқушының жеке даму көрсеткішін бақылап отыруға мүмкіндік туады. Бүгінгі таңда Қазақстанның әрбір мектебінде критериалды бағалау үйлестірушілері жұмыс істеуде. Жаңа жүйе бойынша бағалау кезінде мұғалімдер әдіснамалық материалдар кешенін пайдаланады. Бұл материалдар мұғалімдерге ғана емес, оқушылар мен олардың ата-аналары үшін де көмек ретінде жасап шығарылған.

Бағалаудың жаңа жүйесі бойынша мұғалім бағаны оқушының жеке басына қарап емес, оның жұмысына ғана бере алады. Мұғалім өзі оқытатын білім деңгейіне ғана баға беруі тиіс. Бұл - ұстаз басты назарда ұстайтын қағидалардың бірі. Баға қоюдың айқын алгоритмі жасалған, осы арқылы әр оқушы өзінің деңгейі мен бағасын анықтай алады.

Әдіснамалық нұсқаулықтар, ұсыныстар, жинақтар мен өзге де материалдар мектеп кітапханаларында жасақталған және nao.kz, smk.edu.kz сайттарына орналастырылған. Сонымен бірге «Оқушыларды критериалды бағалау жүйесі» онлайн-курсы, бірқатар бейнероликтер, ақпараттық буклеттер жасап шығарылды. ЖӘК-де критериалды бағалау бойынша мұғалімдерге, өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған форумдар модерациясы қамтамасыз етілген. Жаңартылған мазмұндағы оқу құралдары пилоттық мектептерде сынақтан өткізіліп, қоғамдық бағалау мен педагогикалық сараптамадан өткен.

Көріп отырғаныңыздай, білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу алған білімін іс жүзінде пайдалана алатын тұлға тәрбиелеп шығару секілді ұзақ мерзімді мақсатты іске асыруға арналған. Дегенмен реформаның пайдасын қазірден бастап байқауға болады. Мәселен, оқу бағдарламаларын пилоттық режимде сынақтан өткізген пилоттық мектептердегі оқушылардың оқу үлгерімі екі есеге дейін өскен. Ал бұл жаңартылған мазмұндағы білім берудің маңызы мен тиімділігін дәлелдейтін көрнекі дәлелі болып отыр.

Әдебиеттер

6. Жоғарғы оқу орындарында Жаңартылған бағдарламамен оқытудың кейбір мәселелері. Кенжебай Р., Лабенова Р., Алімбаева А./Вестник АПН Казахстана. №1. 2020. 15-20б.
7. Білім берудің жаңартылған мазмұны Қазақстанға не береді? Тұлға тәрбиесі. Кенжебай Р. /Жас Алаш. 1 қазан. 2019.-1-2б.
8. География мен экологияны оқыту әдістемесі: оқу әдістемелік құрал / Ақашева Ә.С., Дүйсебаева К.Ж., Нүсіпова Г.Н. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2012.-166б.
9. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
10. Инновациялық технологияларды педагогикалық процессте пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері. Биомарова Г.А. /Менеджмент в образовании. №2, 2019.-81-84б.
11. Оқытудың жаңа технологияларын оқу үрдісінде қолданудың тиімділігі. Ақашева Ә.С., Дінәсілова А.Т., Зұлпыхаров Қ.Б. География в школе и Вузах Казахстана. Республиканский научно-методический журнал. 2015. Сентябрь-Октябрь. №5. 6 стр.

12. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. Бөрібеков Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж.-Алматы: 2014.-360б.

ӘОЖ 37.01

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сатынбай Д.А. 4-курс, 129-18 тобының студенті
Қожабекова З.Е. г.ғ.к., доцент м.а., **Турданова М.С.** магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Особенностью обновленного содержания образования является эффективность использования инновационных технологий и методов на занятиях. Сегодня процесс внедрения инновационных технологий завоевывает все сферы и развитие общества, в статье представлена информация о роли инновационных технологий в образовании, его уровень в обществе, применения, эффективности инновационных технологий. Одним из преимуществ современных технологий является то, что содержание темы раскрывается на занятиях за счет использования активных методов и ресурсов ИКТ в соответствии с передовыми технологиями.

Summary

A feature of the updated content of education is the effectiveness of the use of innovative technologies and methods in the classroom. Today, the process of introducing innovative technologies is conquering all spheres and the development of society, the article provides information on the role of innovative technologies in education, its level in society, the application, and effectiveness of innovative technologies. One of the advantages of modern technologies is that the content of the topic is revealed in the classroom through the use of active methods and ICT resources in accordance with advanced technologies.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінің жаңа моделі қалыптасып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт пен іс әрекет қарқынды түрде жүргізіліп келеді. Педагогика ғылымында жаңа көзқарастар пайда болып, ұғымдар мен түсініктер қалыптасты. Соның бірі заманауи ұғым XXI ғасырдың заман талабына сай инновациялық технология, XXI ғасыр – ақпарат заманы, технология ғасыры деп енгізілді. Білім беру үрдісі тақырыбында сөз қозғалса әрбір ұстаз үшін екі ұғым қалыптасады ол оқу мен тәрбие. Екеуі егіз қозыдай. Оқу мен тәрбие үрдісінде елеулі өзгерістерге байланысты: білім беру формасы өзгерді.

Қазіргі таңдағы сұраныс бұл білім алушының білім сапасын көтеру, пәнге деген қызығушылығын оята білу, білім алушының бойында бірнеше құзыреттілікті қалыптастыра отырып, қоғамның өркендеуіне байланысты дамыта отырып тұлға ретінде қалдыптасуына мүмкіндіктер жасау.

Біз XXI ғасырды адам ойының кемелді жетістіктерінің ғасырына, адамзат ұзақ жол ашқан дамыған технологиялар кезеңіне аяқ бастық. Заманауи мұғалім компьютерлік технологиялар жаңа мыңжылдықтың білім беру процесінің

болашағы екенін, бұл келесі ұрпақтарға сапалы білім алуға ғана емес, сонымен қатар ақпараттық қоғамда өзін жайлы сезінуге мүмкіндік беретін жаңа қайнар көз екенін нақты айтуға болады.

Өйткені зияткерлік технологиялардың әртүрлі инновациялардың, жаһанданудың қазіргі дәуірі білім деңгейіне жаңа талаптар мен жаңа құндылықтар қояды, қоғамның өмір сүру жағдайларын планетарлық масштабта талап етіледі.

Білім беруді дамытудың ұлттық доктринасына сәйкес білім беру үдерісінің сапасына тиімді әсер ететін барлық білім беру секторларына заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу басымдылық болып табылады.

Инновациялық технология бұл педагогикалық жаңалық пен білім беру инновациясына айналатын процесстер мен құралдардың жиынтығы.

Инновациялық процесс үш негізгі компоненттен тұрады: шығармашылық, игеру, инновацияларды қолдану.

Сонымен қатар инновациялық технология бұл қазіргі білім мен тәрбиенің жалпы тенденцияларын есте ұстаған жөн. Заманауи сабақта оқытудың инновациялық технологияларын тиімді пайдалана білу тиіс. Инновациялық технологиялар жасөспірімдердің даму ерекшеліктерін ескеру мен дамытуды қамтамасыз ететін гуманистік бағыттағы оқыту мен тәрбиелеу технологиялары болса, ал дәстүрлі педагогикалық технологиялар бұл процесс мынадай сипатта жүзеге асады «тақта-бор-мұғалім» түсіндірмелі және иллюстративті деп аталды. Дәстүрлі білім беру мазмұнында тәрбие процесі анық ұйымдастырылады, мұғалім жүргізуші ролінде, сабақта ТСО, нұсқаулықтар, кестелер, кітаптар пайдалынады.

Инновациялық процесс оқушыға бағытталған технологияларды қамтиды мысалы: бірлескен оқыту (интерактивті оқыту), оқыту мен тәрбиелеудегі сараланған тәсіл, ойын технологиясы, жоба әдісі, төңкерілген технология, ақпараттық-коммуникациялық оқыту технологиясы, проблемалық оқыту, диалогтік оқыту әдісі және т.б.

Бұл технологиялар гуманистік бағытта жүзеге асып, бірнеше түрлерге жіктеледі оның басты ерекшелігі - индивидуалдылыққа ерекше назар аудару. Сол технологиялардың бірі бұл ынтымақтастықта оқу технологиясы. Топта, жұпта, тұрақты және ауыспалы құрамда оқытудың ұжымдық тәсілдері болып табылады. Бұл технологияның көптеген жағымды жақтары бар, нәтижесінде есте сақтауды дамытады, ақыл - ой дағдыларын дамытады, барлық оқушылар жеке қарқынмен және ырғақпен жұмыс жасауды үйренеді, еңбектің ұжымдық нәтижесі үшін жауапкершілікке тәрбиеленеді, материалды ұсыну дағдылары қолданылады, оқушыны сөйлеуге ынталандырады. Бұл технологияны сабақта да, сабақтан тыс жұмыстарда да қолдануға болады. Сондай-ақ жұмысты жоспарлау және жобалау кезінде ұйымдастыруға тиімді технологияның бірі болып табылады.

Оқытудағы сараланған тәсіл бұл технология білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғалық сұраныстар,

баланың мүдделері, баланың мүмкіндіктерін дамытады. Бұл тәсіл білім алушылардың психологиялық диагностикасының нәтижелеріне, олардың мүмкіндіктері мен бейімділіктеріне негізделген. Білім алушының оқу жетістігін бағалауға, оның кемшіліктерін жоюға немесе түзетуге бағытталған.

Инновациялық технологиялардың бірі бұл ойын технологиясы. Оқыту процесінде сабақта ойын технологиясын қолдану барысында нақты белгіленген оқу мақсаты мен сәйкес нәтижесі белгіленеді. Ойын технологиясы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Сабақта қолдану үшін ойынның белгілі бір ережелері болады, жарыс элементі енгізіледі. Ойында білім алушы өзіне қандай да бір рөлді «ойнауға» тырысады, ол арқылы өмір сүреді, бірақ ол қорғалады, өйткені бұл ойын және сіз әрқашан қайталай аласыз, оны түзетуге де боладыз.

Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасының ерекшелігіне қарай оқулық жоғарыда айтып өткеніміздей бірнеше тараулардан тұрады. Тарауларды оқыту барысында осы инновациялық технологиялардың рөлі өор. Соның бірі дифференциалды оқыту. Дифференциалды тапсырмалар жүйесі деп бір немесе басқа білім алушыға олардың бойындағы қалыптасқан қабілетін, пәнге деген дайындығын, дайындық деңгейін, тұлғалық бағыттылығын ескере отырып қойылатын педагогикалық негізделген тапсырмалар кешенін айтамыз.

Сараланған тапсырмалар жүйесін білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және тұлғалық дамыту процесінің маңызды ішкі жүйесі ретінде қарастырамыз. Сонымен қатар, оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту үдерісіне тапсырмалар жүйесін енгізу олардың білімді өз бетінше кеңейту мен игеру қажеттілігін бірте-бірте дамытады, әрі дүниеге және іс-әрекетке құндылық көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Сараланған тапсырмалар жүйесі жеткілікті тиімді болуы үшін оған қойылатын бірқатар педагогикалық және әдістемелік талаптарды сақтау қажет. Бұл талаптар ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында анықталып, зерттеу барысында нақтыланады. Олар мынадай критериилерден тұрады:

- барлық сараланған тапсырмалар дидактикалық оқу мақсаттарына сәйкес болады және географиядан білім алушылардың білімдері мен дағдыларына қойылатын бағдарлама талаптарын ескеруі қажет;

- барлық тапсырмалар саралап оқыту жүйесінде жүзеге асуы қажет. Сараланған тапсырмалар жүйесі география пәні бойынша академиялық логикалық жүйесіне негізделген, ол географиядағы білімнің дамуымен бірге дамиды, сондықтан оның құрамдас міндеттері эмпирикалық деңгейден теориялық деңгейге дейін күрделене түсуі керек;

- тапсырмалар құрастырылғанда ұстаз білім алушының танымдық іс-әрекеттегі жеке-типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әр бір тапсырманы деңгейге қарай бағыттап құрастыруы қажет ол қарапайымнан күрделіге демек;

- берілетін тапсырмалар тым жеңіл болмауы қажет.

Сараланған тапсырмаларды құрастыру барысы педагогика ғылымында «проксимальды даму аймағын» ескеріп барып алға жылжуы қажет.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогика теориясы мен практикасында жаңа үрдіс пайда болды ол инновациялық технология деген атаумен енгізілді. Педагогика ғылымына үлес қосқан орыс ғалымдары педагогика ғылымы мен педагогикалық технологияға көптеген пікірлер мен көзқарастар қалыптасты. Солардың бірі В.А. Беспальконың зерттеуі «педагогикалық технология немесе технология бұл тәжірибеде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы» делінген.

Инновация латын сөзінен аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді. Жаңа мазмұнды ұйымдастыру, инновациялық мазмұнды процессты дамыту, жаңалық енгізу немесе ұйымдастыру, қалыптастыруды анықтау болып табылады. Инновация ұғымын алғаш болып ғылымға енгізген, қалаған неміс ғалымдары В.Зомбарт, В.Метчерлих және австриялық экономист И.Шумпетер. Олар бұл қағидаларды әлеуметтік-экономикалық және технологиялық процестерге байланысты қолданған [2, 35б.].

Әдебиеттер

13. Физикалық географияны оқыту әдістемесі. Оқу әдістемелік құралы / Абдикаримова Г.А.-Шымкент, 2012.-155б
14. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2017-2018 учебном году. (Из Инструктивно-методического письма. Министерство образования и науки Республики Казахстан, Национальная академия образования им.И.Алтынсарина). География в школе и Вузах Казахстана. Республиканский научно-методический журнал. 2017. Сентябрь-Октябрь. №1. 3 стр.
15. Педагогиканың ғылыми зерттеу әдістері. Оқу құралы / Асанов Ж., Әбдіхалықов Н.-Астана: Фолиант, 2015.-120б.
16. Использование современных инновационных технологий на уроках географии. Рыспаева Г.Е. География в школе и Вузах Казахстана. Республиканский научно-методический журнал. 2015. Январь-февраль №1. 28 стр.
17. Оқытудың жаңа технологияларын оқу үрдісінде қолданудың тиімділігі. Ақашева Ә.С., Дінәсілова А.Т., Зұлпыхаров Қ.Б. География в школе и Вузах Казахстана. Республиканский научно-методический журнал. 2015. Сентябрь-Октябрь. №5. 6 стр.
18. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. Бөрібеков Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж.-Алматы: 2014.-360б.

ӘОЖ 37.01

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС АКТ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Төленбек Б.Б. 4-курс, 129-18 тобының студенті
Қожабекова З.Е. г.ғ.к., доцент м.а., **Турданова М.С.** магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье определены цель и особенности обновленной образовательной программы. Описывается важность использования ресурсов ИКТ на уроках географии через развитие современной информационной грамотности. Роль и использование эффективности ресурсов ИКТ в соответствии с обновленным содержанием образования.

Summary

The article defines the purpose and features of the updated educational program. The importance of using ICT resources in geography lessons through the development of modern information literacy is described. The role and use of the efficiency of ICT resources in accordance with the updated content of education.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қарқынды өзгерістер реформалар мен бағдарламалардың, бастамалардың негізінде жүзеге асырылды. Жаңа форматтағы білім беру мазмұнына көшудің басты мақсаты бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына қосылу және ой өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан жақты қалыптасқан, бойында рухани құндылықтар мен дағдылар қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Әлемдегі көптеген технологиялық өзгерістердің нәтижесінде ақпараттардың қарқынды ағыны пайда болды, инновациялық технологиялар мен әзірлемелер тіпті қарапайым халықтың өмірін жан жақты салалар бойынша өзгертіп отыр, бұл өзгерістер білім беру саласында тыс қалдырмады. Сондықтан XXI бұл озық технологиялар ғасыры, заманауи инновация заманы, білім-ғылымның, ақпараттың дамыған ғасыры деп айтсақ қателеспейміз.

Білім мазмұнын жаңарту бұл оқушының ішкі әлемін түсіне алатын, тәжірибесі мол оқыту әдістерімен өзгелермен бөлісе алатын, үздіксіз шығармашылық ізденісте жүретін, кәсіби шеберлігі орныққан мұғалімнің көмегімен жүзеге асатын аса күрделі процесс. Қазіргі таңда мұғалім үшін өзекті мәселе бұл Оқушыны пәнге деген қызығушылығын қалай арттыруға болады? Пәнді оқытуда қандай әдіс-тәсіл нәтижеге жеткізеді? Оқушымен қарым қатынасты қалай орнатуға болады? Сабақты өту барысында қандай озық технологияны пайдалансам? Сабақта қандай ресурс қолдану тиімді? Оқушының ой өрісін қалай дамытамыз? деген сұрақтар әрбір бір мұғалімнің қиялында. Себебі заман ағымына қарай білім беру үдерісінде инновациялық технологиялар, әдіс – тәсілдер, ресурстардың саны аз емес.

Қазақстан Республикасының бірінші Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың білім саласына арналған реформаларының бірі «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» 2012 жылы 29 қантар айында жарияланған Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор делінген. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу» қажет делінген [1, 2б].

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты – білім мазмұның жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізі және оқытудың әдіс-тәсілдері мен инновициялық технологияларды, АКТ ресурстарын қолданудың тиімділігін арттыру және сабақта пайдалана алу, білімнің сапасын көтеру.

Бүгінгі таңда мектеп балаға жақсы теориялық білім мен дайындық береді, бірақ оқушының бүгінгі және болашақта нақты мәселелерді шешу үшін теориялық білімін практикада жүзеге асыру мәселесі дұрыс әлі де қойылмаған.

Мұғалімнің міндеті - әр оқушының теориялық білімін, дағдылары мен іс-әрекет тәсілдерін игеруіне жағдай жасай отырып, әр бір оқушыға өзінің белсеңділігі мен шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беретін оқыту әдістерін таңдау, оқытудың дәстүрлі емес әдістерін сабақта қолдана білу, сабақтарда танымдық белсенділікті арттыру, білімді байыту, жүйелеу және шоғырландыру. Қазіргі уақытта әлемде болып жатқан жағдайға байланысты оқу процесі қашықтықтан оқыту жүйесіне көшіп, оқыту процесі ғаламтор желісінің мүмкіндіктерін қолдану арқылы жүзеге асып, мұғалімдер мен оқушылар үшін нәтижелерге қол жеткізе алуға толық мүмкіндіктер жасалған.

Осыған орай білім беру саласында қолданылатын технологиялар, әдіс - тәсілдер білім беру талаптарына сай жаңартылды.

XXI ғасырдың басы қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерісімен ерекшеленеді, оған көшудің басталуы адам қызметінің әртүрлі салаларына және ең алдымен компьютерлік технологияларға ақпаратты өңдеудің және берудің заманауи құралдарын енгізу болды, яғни цифрландыру саясаты енгізілді. Осылайша, білім беру процесіне электронды және қашықтан оқыту технологияларын енгізу тәжірибесі ақпарат алмасу мүмкіндіктері туралы идея пайда болды.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы балаға ақпараттық білім негіздерін беру, фукционалдық сауаттылығын ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны дамыта отырып, оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, баланы ақпараттық қоғамға бейімдеу немесе АКТ сауттылығын дамыту.

Ақпараттық – коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үдерісіндегі фукнциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Ақпараттық – коммуникативтік және интерактивтік технология бойынша оқытудың негізгі бағыттарына электрондық оқулықтар, телекоммуникациялық технологиялар, мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар, қашықтықтан оқыту (басқару) интернет және т.б. жатады.

Ақпараттық – коммуникативтік технологияны дамыту ол білім берудің бір бөлігі болып табылады. Білім беру үдерісінде ақпараттық технология электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, онлайн сабақтар арқылы жүзеге асырылуда.

АКТ ресурстарын сабақта қолданудың тиімділігін анықтайтын болсақ:

- мұғалім уақытты үнемдейді;
- өз білімін жетілдіреді, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндіктер пайда болады;
- тәжірибе жинақтайды;
-бақылау мен бағалаудың обьективтілігін қамтамасыз етеді;
- оқушының қызығушылықтарын оятатын қазіргі таңдағы негізгі құрал ретінде;
- эстетикалық талғамы ескеріледі;
- кері байланыс орнатуға өте ынғайлы.

Ақпараттық технологиялардың дамуы білім алушылардың ғаламтор желісі арқылы компьютерлік технологияларға жаппай қол жеткізуін қамтамасыз етті. 2020 жылы оқу процесін ұйымдастыруға осы компьютерлік технологияларды енгізу қажеттігіне әкелді. Осыған байланысты оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі - қашықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту енгізілді.

Қашықтан оқыту - ұстаздар мен білім алушылар арасында қандай да бір қашықтықта ғаламтор желісі ресурстарының көмегімен өткізетін оқытудың жаңа формасы. Ғаламтор желісі арқылы белгілі бір арақашықтықта оқыту мүмкіндіктері, әрине бұл процесстің нәтижелі болуы үшін әрбір аймақта ең бастысы интернет жүйесі жақсы жетілуі қажет.

Қашықтықтан оқыту арқылы заманның ағымына ілесуге жолы ашылды. Оқушыға өздігінен өз оқу үдерісін қадағалауға, мұғалім жедел жұмыс жасап, жан-жақты үлгеруге мүмкіндік берді. Онлайн оқу арқылы заманауи бағдарламаларды игеру міндеттілігі тұрды және осы орайда компьютерлік сауаттылығы дамып, Zoom, Google, Glassroom секілді көбіне таныс емес платформалармен жұмыс істеуге қолайлы сәт туды [3, 24б]. Неліктен қолайлы? Өйткені XXI ғасырдың әрбір мұғалімі өз тәжрибесінен өткізуі керек жаңа бағдарламалар уақыт тиімділігін ұтуға арналған болатын. Олармен жұмыс жасау арқылы сабақты барынша тиімді әрі оқушыларды қызықтыра өткізуге жол ашылды. Қашықтықтан оқытудың әр мұғалімге берген пайдасын төмендегідей саралауға болады:

- IT дағдыларын арттырды, техниканың қыр-сырын игерді;
- Білім ресурсын жіберу, кері байланысты ұсыну бойынша әр түрлі әдістерді тәжірибеден өткізді;
- Инстаграм, Zoom, Google платформалары арқылы синхронды оқыту түрлерін меңгерді;
-Уақытты үнемдед, кері байланыстың міндеттілігін қамтамасыз етті, әр оқушымен жеке жұмыс жасау күшейтілді.

Бүгінгі күнгі инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Мультимедия – жаңа бағыт, бұл компьютердің ақпарттың көптеген түрімен жұмысы, оған жоғары деңгейлі түсті графика, жүгіртпе және аққыш түстері бар динамикалық эффектілер, дауыстардың дыбысталуы және синтезделген әуеннің дыбыстары, толық түсті видеоклиптер мен видеофильмдер кіреді[4, 30б.]. Сонымен, мультимедияның оқу үрдісіндегі орны ерекше деп айтуға болады. Бұл ұғымды кең мағынада қарастырсақ, білім алушыға аса тиімді ықпал ету мақсатымен әртүрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар құрамын білдіреді. Белгілі бір ортада әркімнің ақпаратты қабылдауы әртүрлі жүзеге асатыны баршамызға мәлім: бірі - тікелей оқығанда, енді бірі тікелей тыңдағанда, ал үшіншісі бейнені қарағанда қаласа, кейбіреулер тыңдау және

көру арқылы қабылдайды. Білім алушы ауызша баяндау кезінде бір минутта ақпараттың бір мың шартты бірлігін, ал көру мүшелерін «іске қосқанда» осындай жүз мың бірлікті қабылдауға және қайта өңдеуге қабілетті екендігі тәжірибе жүзінде анықталынған. Мультимедия құралдары мен технологиялары көмегімен аудиокөріністің ақпаратты өңдеудің қазіргі заманғы тәсілдерін қолдану арқылы білім алушылардың үйрену құлшынысын арттыру мен оқыту қарқындылығын күшейту мүмкіндігін қамтамасыз етуге болады.

Мультимедия технологиялары ақпараттың көптеген түрін мағыналы да үйлесімді кіріктіруге мүмкіндік туғызады. Ал география пәнін жүргізуде компьютердің көмегімен ақпаратты мынадай әртүрлі формада ұсынуға мүмкіндік бар: пән бойынша электронды оқу құралдардар, электронды карталар, сканерлеген бейнесуреттер, сызбалар, диаграммалар, географиялық модельдер, слайдтарды қамтитын кескіндер және т.б.

В.А. Сластенин педагогика ғылымының докторы, профессор Орыс және Кеңес өкіметінің атақта ғалымы, педагогика ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымнің пікірі бойынша болашақ мұғалім жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға бейімділігі, кәсіби даярлық деңгейі жоғары болуы тиіс деп жазды. Жаңа заманның бағытына ілесу бұл ғаламның талабы.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан – 29.01.2012.-2-6б.
2. Қазақстан республикасының «Білім туралы» заңы. Астана. 2004.-63б.
3. Инновациялық білім беру талаптарына сай электрондық оқу құралдарын жасау технологияларын пайдалану. Б.Бөрібаев, Е.Меңдібаев. Қаз ҰУ хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар». №1 (35). 2012. 24-26б.
4. Мультимедиялық технологияны пайдалану арқылы оқыту үрдісін жетілдіру жолдарын зерттеу. Кульшарова К.Б. Педагогика мәселелері. 2021.№2.30б.
5. Қашықтықтан оқыту технологиясы: оқу-әдістемелік құралы/Т.Хакимова.-Алматы: Қазақ университеті, 2015, 196б.

УДК 81’373.21

TRAINING SECONDARY SCHOOL CHILDREN TO BUILD WRITING SKILLS BY MEANS OF WIKI TECHNOLOGY

Taiteliyeva M.A
South Kazakhstan State Pedagogical University, Kazakhstan
AidarkulovaA.
Primary school “Min bala” ,Kazakhstan
Issakhova L.T
South Kazakhstan State Pedagogical University, Kazakhstan

Түйін

Мақалада орта мектеп оқушыларын Wiki технологиясы арқылы жазу дағдыларын қалыптастыруға үйрету қарастырылған.

Резюме

В статье рассматривается некоторые методы обучения учащихся средних школ навыкам письма с помощью вики-технологий

One of the objectives of foreign language teaching in secondary school is the development of foreign language communicative competence in the complex unity of its components (language, speech, compensatory, socio-cultural, educational and cognitive). Writing is one of the productive speech skills, which can be taught on the basis of modern ICT.

In accordance with the analysis of scientific studies we may add that FLT on the basis of ICT has its own peculiarities, which requires both the study and the development of new language teaching methods based on various social services and Internet services of the new generation (Web 2.0).

Both qualitative and quantitative non-experimental research methods were used to detect differences, over time, in writing ability of secondary school English learners who were taught to write using the Wiki technology. These students received instruction in English during the experimental training. They were taught to read and write only in Kazakh until they came to secondary school and began to learn to write in English for the first time through interactive writing on the basis of Wiki technology. No samples of their independent writing were collected prior to interactive writing on the basis of Wiki technology as students showed worry and anxiety when they were asked to write in English prior to this study. The students received interactive writing instruction via Wiki two times per week for 45 minutes over a 4 week period of time, while samples of their independent writing were collected throughout.

This study investigated how interactive writing on the basis of Wiki technology affected the writing ability of English Learners who were taught to write in English for the first time. During interactive writing, students had the opportunity to learn about conventions, sentence fluency, word choice, and organization and ideas; this

instruction took place through dialogue between the teacher and students and the teacher probing of the students' thoughts.

Participants in this study included 34 secondary school students of 46 School-lyceum, Shymkent, Kazakhstan. All participants made up the researcher's class composed of 20 girls and 14 boys. All were English learners whose primary language was Kazakh and all were from low Socioeconomic Status families.

Although students were fairly balanced in academic skills and abilities, they were at different overall English proficiency levels ranging from Beginning to Pre-intermediate at the time they entered 5grade.

All 34 students received instruction in the regular curriculum in Kazakh on Mondays, Wednesdays, and Fridays and in English on Tuesdays and Thursdays, and, in addition, students received an approximately 45 minute interactive writing lesson on the basis of Wiki technology every Tuesday and Thursday for a month.

Students stayed at their desks during interactive writing lessons. Interactive writing lessons included several steps, which were part of the normal routine of every lesson. The first step took approximately five minutes. The teacher wanted students to

learn about the different purposes for writing. Students discussed with their partners ideas for writing based on daily literature, events, and interests, then shared them when called on (they were allowed to pass). The teacher created a list while she also provided feedback and explained to them the importance for writing about each of the topics. Once the topic list was finished, usually containing three to five topics, the students were asked to vote on one to be used for the lesson (e.g.; writing a summary, possible solution, or different ending for a particular story, telling the principal why it is important to continue having a particular school event, describing school activities they enjoy, summarizing a science experiment, inviting parents to a school event, giving thanks to community members who have visited our classroom, etc.).

The second step took about two to three minutes and involved coming up with a sentence to write. The teacher prompted students to think about the type of sentence they needed (e.g.; a main idea, a detail, a conclusion sentence, etc.) and then randomly selected a student to provide a sentence by pulling a popsicle stick with student's name on it. Random selection provided equal opportunity for participation and created a sense of responsibility among students. Students were allowed to pass if they did not feel ready to provide a sentence. Through dialogue and probing, the teacher encouraged students to alter the sentence that had been presented with the purpose of correcting it and/or adding more details to it, students raised their hands when they had a suggestion to improve it and occasionally the teacher made suggestions as well. Finally, the teacher made certain that the sentence made sense and paraphrased it if necessary to assure correct grammar and sentence structure (e.g.; "Me and my friends…" to "My friends and I…", "We wanted everyone to see the project of our class." to "We wanted everyone to see our class project.", "They didn't saw the little dogs." to "They didn't see the puppies.").

The third step took about a minute and consisted of counting the words in the sentence, the purpose was for students to learn that sentences are composed of words and that there is space between them. The teacher said the sentence word by word as she counted the words on her fingers, then she repeated it one more time, this time the students followed along counting the words on their fingers as well. Immediately, the teacher drew an appropriately sized line on the whiteboard for each word in the sentence as she pronounced each word, then she pointed at the lines using a long pointer as both students and teacher repeated all the words in the sentence.

The fourth step took about five minutes and students were asked to write the words on the lines. The teacher pointed at the first line allowing students to recall the word to be written, the students were able to figure out what the first word was and the focus was now on the first word. The teacher stretched the word, meaning that she articulated the word slowly so that students could hear the individual phonemes that made up the word, hoping to enhance their phonemic awareness to facilitate the process of encoding words using letters. The teacher asked students to write the word on their dry-erase boards as they sounded it out allowing full participation. She gave them as much guidance as necessary by pointing to the Houghton Mifflin mnemonics (charts containing common and regular spellings for sounds) and prompting so students were successful writing each particular word (e.g.; "You will need five

letters to write this word." "Remember that the letters *th* make the /th/ sound." "Why do you need to add *s* at the end of *run*?" "The apostrophe will go after the third letter." "You will find this word at the word wall." "Why do you need to double the consonant?" "Is this word a proper noun? How do you know?" "This is the word *fly*, but to spell *flies* you get rid of the *y* and add *ies* because…). Once the students had correctly written the word on their dry-erase boards, the popsicle sticks helped decide who would come up to the whiteboard to write down the word (students were allowed to pass), the chosen student decided whether or not to bring his/her dry-erase board along. As the student wrote the word, classmates provided support when necessary (by quietly raising their hand and waiting to be called on) using their own knowledge, word walls, alphabet charts, and Houghton Mifflin mnemonics. When additional support was needed, the teacher supported as she did when all students wrote on their dry-erase boards. During this step the teacher expected all students to be engaged while practicing spelling and letter formation. Before writing the next word, the teacher pointed at the words already written as students read them, right immediately she pointed at the next empty line allowing students to recall the next word to be written, the students were able to figure out what the next word was and the focus was now on that particular word and so forth. The fourth step was to be repeated depending on the number of words in the sentence.

The fifth and last step took about three minutes. Students read the sentence just completed as the teacher pointed at each word. Finally the teacher allowed time for students to copy it onto their lined paper (she gave them the option to draw or not to draw the lines as their paper was already lined and students chose not to draw the lines). The steps were repeated from the second step on to continue with the next sentence. Once the whole writing was completed students read it a couple of times as the teacher pointed to the words.

The results of experimental training support the hypothesis of the research that runs that the development of students' writing skills through Wiki technology will be successful if it is based on the development and implementation of the following teaching model when

-while training the content of writing speech is used. The content covers lexical, grammatical, spelling, punctuation, stylistic, structural and organizational, informative, social and cultural components;

- the specific features of Wiki technology are taken into consideration (such as publicity, non-linearity, document history, multimediality, hypertext structure) as well as methodological settings necessary for successful writing skills building with secondary school children through Wiki technology;

- foreign language training is arranged in 3 stages (preparation, procedure, evaluation) and 10 steps.

Today's students who might be afraid of using English are getting to know an innovative teaching and learning method, mainly performed online with materials they have built in a Wiki: not only a device for cooperative writing, but also a base of knowledge and information. Accordingly, when using a Wiki to teach, the teacher's

role changes to facilitator who must support students with timely and effective strategies that allow them to enjoy this activity.

The emergence of the Wiki, which has introduced a new way of interacting on the Web has made it possible to create and share information and knowledge in a more authentic way than before. Not only does Wiki technology foster communication among participants through writing, but it also facilitates important activities such as collaboration, reflection, and critical thinking for knowledge creation.

Literature:

1 O'Shea, P., Baker, P., Allen, D., Curry-Corcoran, D. E., & Allen, D. (2007, Winter), New levels of student participatory learning: A WikiText for the introductory course in education, Journal of Interactive Online Learning, 6(3). Retrieved April 7, 2011, fromhttp://www.ncolr.org/jiol/issues/viewarticle.cfm?volID=6&IssueID=21&ArticleID=110 and http://www.ncolr.org/jiol/issues/pdf/6.3.5.pdf

2 Pedro, X., Rieradevall, M., Lopez, P., Sant, D., Pinol, J., Nunez, L., & Llobera, M. (2006). Writing documents collaboratively in higher education using traditional vs. wiki methodology (I): qualitative results from a 2-year project study. Retrieved February 17, 2008, from http:// uniwiki.ourproject.org/dl93.

3 Lin, C.-Y., Lee, L, & Bonk, C. J. (2009, June). Teaching Innovations on Wikis: Practices and Perspectives of Elementary School Teachers. Proceedings of the Ed-Media 2009—World Conference on Educational Multimedia, Hypermedia, and Telecommunications in Honolulu, Hawaii (pp. 1625-1630). Chesapeake, VA: Association for the Advancement of Computing in Education (AACE).

ӘӨЖ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ӘЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

Тиликбаева Г.Т. математика пәнінің мұғалімі
№130 жалпы орта білім беретін мектебі, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Учителю, у которого очевидны образовательные, воспитательные и развивающие цели преподавания темы, раскрываемые учителям через систему учебно-познавательных задач, не всегда необходимо самостоятельно придумывать, но обязательно переосмысливать и прочувствовать любой метод обучения. В этом отношении учителю важны конкретные педагогические идеи. Они навязывают ему выбор методов интуитивно или сознательно с учетом индивидуальных особенностей учащихся. необходимость проектирования выполняемых действий является главной особенностью современных новых технологий. Важнейшим узлом в проектировании действий является появление идеи решения возникшей проблемы и рассмотрение путей ее реализации.

Summary

A teacher who has obvious educational, educational and developmental goals of teaching topics revealed to teachers through a system of educational and cognitive tasks does not always need to invent independently, but it is necessary to rethink and experience any method of teaching. In this regard, specific pedagogical ideas are important to the teacher. They impose on him the choice of methods intuitively or consciously, taking into account the individual characteristics of the students. the need to design the actions performed is the main feature of modern new

technologies. The most important node in the design of actions is the emergence of the idea of solving the problem and considering ways to implement it.

Туған халқының ғылым – білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуына А.Байтұрсынұлының қосқан үлесі орасан зор. Ол өзінің еңбектерінің бірінде «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек»,-деп атап көрсетті. А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62 – санында «Мектеп керектері» деген мақаласында «...ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабарлар оқыта білетін мұғалім. Екінші – оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші – мектепке керегі белгіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оны үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс – солпы я артық, я кем шықпақшы...» деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш ғылыми тұрғыда нақтылап белгілеп берді.

Адамзат өзінің өмір тәжірибесінде айналадағы қоршаған дүние туралы бір-бірімен пікір алмасады және көрген білгендерін басқаларға айтып хабарлап отырады. Әңгімелесу, пікір алысу немесе пікірталас кезінде әрбір адам өзінің көзқарасын, ойын басқаларға сенімді түрде жеткізуге тырысады. Әрбір адам дәлелді негіздер келтіре отырып, өз ойының дұрыстығын немесе басқа біреулердің ойымен келіспейтін болса, оған қарсы дау айтып дұрыс еместігін көрсетіп жатады. Басқаша айтқанда, бір-бірімен пікір алмасу кезінде адамдар өздерінің түсініктерін, пайымдарын және ұғымдарының дұрыстығын негіздеп, дәлелдеп отырады. Адамдардың айтатын ойын, пікірін негіздей білуі және шүбәсіз дәлел келтіре алуы ойлаудың ең маңызды қасиеті болып табылады .

Мұғалімдерге оқу-танымдық есептер жүйесі арқылы ашылатын тақырыпты оқытудың білімділік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттары айқын болған кезде атқарылатын іс-әрекеттерді жобалаудың қажеттілігі қазіргі жаңа технологиялардың басты ерекшелігі. Іс-әрекеттерді жобалауда аса маңызды түйін пайда болған мәселені шешу идеясының пайда болуы және оны жүзеге асырудың жолдарын қарастыру болып табылады.

Идея оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру жолдарын ойлаудан тұрады. Бұлайша ойлау идеяны жүзеге асыру әдістерімен тікелей байланысты.

Сабақты өту идеясы және оны жүзеге асыру педагогтың жалпы идеяларымен, оны жүзеге асыруды ойлауымен тығыз байлынысады. Осындай «өтпелі» идеяның пайда болу мысалын талдау нәтижелері мен фактілерді жинақтау, олардың себеп – салдарлық байланысын анықтауды салыстыру түрінде қарастырады.

Мектеп тақырыптарына талдау жасауда мұғалімдер жақсы оқитын оқушылардың қойылған сұрақтарды алдын ала біліп отыратынын аңғарды. Мұғалім сұрақты толық берместен бұрын кейбір оқушылардың жауабы дайын тұрады. Бастапқыда кейбір оқушылардың тапқырлығы қанағаттанарлық болды. Сосын бұл жағдайдың себебін іздеу, ой елегінен өткізу басталды. Нәтижесінде

келесі жәйттер анықталды: мұғалімнің сәтті жауаптарға қолдау көрсететінін түсінген кейбір оқушылар жаңа тақырыппен жұмыс істеуде оқулық бойынша сыныпта талданатын мәселерді оқып үйренуге алдын-ала дайындық жасады. Бұл жағдай қабілетті оқушыларды дұрыс жауаптарымен ерекшеленуге, ал үлгерімі төмен оқушылардың өздеріне сенімсіздігін арттыра түсті. Осындай фактілерді талдаудан сабаққа алдын-ала даярлау түрлері мен тәсілдерін табу идеясы пайда болды. Бұл идеяның нақты жүзеге асуы – үлгерімі төмен оқушыларға материалды алдын-ала оқып үйренуді ұйымдастыру, оларға арнайы тапсырмалар ұсынудан тұрады. Алдын-ала дайындалу үлгерімі төмен оқушылардың белсенділігін арттыру мүмкіндігін берді және олардың қойылған сұрақтарға жауап берулері артып, өздері сұрақ қоя бастады. Бұл «Төңкерілген сынып» әдісі деген атпен көпшілігімізге мәлім. Тәжірибені талдау нәтижесі ойды жүзеге асыруды жаңа тақырыпты оқып үйрену қосымша алдын-ала дайындалу үрдісін ұйымдастырып және оны игеруге көмек беру керек екендігін көрсетті. В.И.Загвязинскийдің айтуынша, мұғалімдер «... «тесік жамау» жүйесінен» профилактикалық істерді жүзеге асыру жүйесіне жеке тұлғалық және топтық даярлауға ауысып, сәл кейінірек профилактика элементтерін жалпысыныптық сабаққа енгізген дұрыс. Бұлайша алдын-ала дайындалу әдістері жаңа технология элементтерін тиімді қолдану барысында жүзеге асуда.

Мұғалімге кез келген оқыту әдісін әрқашанда өзі ойлап табуы міндетті емес, бірақ міндетті түрде оларды ой елегінен өткізіп, сезінуі тиіс. Бұл жағынан мұғалімге нақты педагогикалық идеялар маңызды. Олар оған оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып интуитивті немесе саналы түрде әдістерді таңдауды жүктейді.

Оқып–үйрену үрдісін ұйымдастыруда «Төңкерілген сынып» әдісі идеясының маңызды методологиялық негізі бар екендігіне назар салайық. «Ең нашар архитектордың жақсы бал арасынан әу бастан айырмашылығы, ол желімнен өз ұясын тұрғызбас бұрын оны өз ойында салып алады. Еңбек үрдісінің соңында адам өз қиялындағы нәтижеге қол жеткізеді. Адам тек табиғат берген форманы өзгертіп қоймай, онымен бірлесе отырып өзінің саналы мақсатына жетуде туындаған заңдылықтарды меңгере отырып өз ықтиярын соған көндіреді».

Математика сабақтарында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану оқушыларды жаңа білімді қабылдауға, өз күшіне сенімін күшейтуге, жаңа білім алуға қызығушылығын арттырып, тап болған қиыншылықтарды өз күшімен жеңіп шығуына ынталандырып, оқылып отырған материалды кең түрде игеруіне ықпал етеді. Олар білімнің берік және тиянақты меңгерілуіне көмектеседі.

Бұл сияқты әдістемелік тәсілдер оқушылардың сабақта өткен материалды терең ұғынып және тиянақты игеруіне ықпал етеді, әр оқушы мұғалімнің өздері үшін қам жейтінін, жаңа тақырыпты меңгеруде оқушылардың кездестіретін қиыншылықтарын түсінетіндігін сезінеді.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. «Мектеп керектері» Қазақ газеті, №62 1914ж

2. Рахымбек Д. Оқушылардың логика–методологиялық білімдерін жетілдіру. – Алматы: РБК, 1998. - 255 бет.
3. Загвязинский В.И. Педагогические творчество учителя. – М.: Педагогика, 1987.- 160 с.
4. Маркс К. Капитал. Критика политической экономии. Т.1. Кн.1. Процесс производства капитала. Подготов. к печати А.И. Малыш / К.Маркс и Ф.Энгельс. Сочинения. В 30-ти тт. Изд. 2-е. Т.23. – М.: Госполитиздат, 1960. – 907 с.
5. Тиликбаева Г.Т. «Дәлелдеуге алдын-ала дайындау және оның дидактикалық мәні» «Uztaz tilegi» республикалық ғылыми-әдістемелік сайты 23.04.2020ж № MS-189787

УДК 621.395

УНИВЕРСИТЕТТІҢ САБАҚ КЕСТЕСІНІҢ МОБИЛЬДІ НҰСҚАСЫН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУ

Жарова А.А., 2 курс магистрант, информатика,
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау, Қазақстан.
Костангельдинова А.А., п.ғ.к, доценті,
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау, Қазақстан..
alma_a2006@mail.ru, zharova.altyngul@mail.ru

Summary

When using slow and inconvenient information resources on the internet, you can create a mobile version of the site that collects and classifies information correctly yourself, without wasting time. Already processed information will be available on any plane and with the required response. This article describes such an experience. With a practical example of creating a mobile version of the website of the schedule of classes of Kokshetau university named after sh.Ualikhanov.

Резюме

При использовании медленных и неудобных информационных ресурсов в Интернете, не теряя времени, можно самостоятельно создать мобильную версию сайта, которая правильно собирает и классифицирует информацию. Уже обработанная информация будет доступна в любой плоскости и с требуемым ответом. О таком опыте написано в этой статье. На практическом примере создания мобильной версии веб-сайта расписания занятий Кокшетауского университета им. Ш. Уалиханова.

Біз бір ұсқынсыз кестені басқа қасиеттері бар әдемі кестеге ауыстыру, суреттер мен жұмсақ түстерді қосу туралы айтпаймыз, мұның бәрі әрине керемет, бірақ мен суретші емеспін және ақпарат алуға келгенде, оқуға кедергі келтірмейтін болса, кесте стильдері арасындағы үлкен айырмашылықты көрмейсіз[1].

Басты мақсатымыз - мобильді құрылғылардан кестеге қол жеткізуді жеңілдету, сонымен қатар бет интерфейсін өңдеу және оны пайдаланушылардың, яғни оқытушылар мен студенттердің мобильді құрылғыларының өлшеміне бейімдеу. Бұнның бәрі ақпаратты қабылдауға тікелей әсер етеді. ҚМУ веб-сайтында қолжетімді бастапқы кестені мына жерден көруге болады: https://timetable.kgu.kz/ .



Сурет-1. Университеттің сабақ кестесі

Мобильді нұсқасы жоқ сайттағы көлемді кесте ұялы телефон экрандарының өлшеміне мүлдем бейімделмейді, бұл бет мазмұнын қарау процесін қиындатады және өте ыңғайсыз етеді. Университет сайтының сабақ кестесінің мобильді нұсқасын жасау осы мәселені шешуге бағытталған.

Сурет-2. Қолданушылардың кіру статистикасы

Жоғарыдағы суретте сайтқа кірген пайдаланушылардың статистикасын байқауға болады. Динамиканы зерделеу барысында сайтқа пайдаланушылардың 76,13%-ы мобильді құрылғылардан, ал қалған 23,87%-ы ДК арқылы кіретінін анықтадым.

Бейімделген веб-сайтты жасау үшін біз JS Angular қолдандық. Angular — сапалы клиенттік JavaScript веб-қосымшаларын әзірлеуге арналған MVW негізі.

Angular Google компаниясы жасаған және ол вебтің болашағына, оның біз үшін қандай жаңа мүмкіндіктер мен стандарттарға ие екеніне шолу жасайды. MVW «Model-View-Whatever» дегенді білдіреді (модель - көрініс - кез келген нәрсе), яғни қолданбаларды әзірлеу кезінде дизайн үлгілерін таңдаудағы икемділік. Біз MVC (Model-View-Controller) немесе MVVM (Model-View-ViewModel) үлгілерін таңдай аламыз.

AngularJS өзін HTML-ді жақсартатын құрылым ретінде көрсетеді. Ол JavaScript және серверлік сияқты әртүрлі бағдарламалау тілдерінен концепцияларды жинады және HTML-ден динамикалық нәрсені жасайды. Біз қолданбаларды әзірлеуге деректерге негізделген тәсілді аламыз. Модельді, DOM нұсқасын жаңартудың немесе браузер қателерін түзету сияқты уақытты қажет ететін кез келген басқа әрекеттерді орындаудың қажеті жоқ. Біз деректерге назар аударамыз, деректер HTML туралы қамқорлық жасайды және біз тек қолданбалы бағдарламалауды жасаймыз[2].



Сурет-3. Бағдарлама коды

Angular — TypeScript тілінде жазылған мобильді және жұмыс үстелі веб-қосымшаларын әзірлеуге арналған платформа. Бұрыштық платформаға мыналар кіреді:

- Масштабталатын веб-қосымшаларды құруға арналған құрамдасқа негізделген құрылым;
- Кең ауқымды функцияларды қамтитын жақсы біріктірілген кітапханалар жиынтығы: маршруттау, пішінді басқару, клиент пен сервердің әрекеттесуі және т.б.;
- Кодты әзірлеуге, құрастыруға, сынауға және жаңартуға көмектесетін әзірлеуші құралдарының жинағы.

Angular көмегімен қолданбаны құрастырған кезде сіз бір адамға арналған жобадан кәсіпорын деңгейіндегі қолданбаларға дейін масштабтауға болатын платформаның пайдасын көресіз. Angular мүмкіндігінше оңай жаңартуға арналған, сондықтан сіз ең аз күш жұмсай отырып, соңғы әзірлемелерді пайдалана аласыз. Ең бастысы, бұрыштық экожүйе 1,7 миллионнан астам

әзірлеушілерден, кітапхана авторларынан және мазмұн жасаушылардан тұратын үлкен қауымдастықтан тұрады[3].

Node.js және Angular CLI орнатылған және жер орнатылған болса, біз жаңа жоба жасай аламыз. Бұрыштық терминологиядағы жоба мыналардың жиынтығы болып табылады: сайттың бастапқы коды бар файлдар (TypeScript бағдарлама коды бар файлдар, HTML және CSS файлдары); сайтқа енгізілген барлық басқа файлдар (графикалық кескіндер, аудио және бейне файлдар және т.б.); сайттың жұмыс істеуі үшін қажетті барлық кітапханалар, соның ішінде бұрыштық шеңбердің өзі; Angular әзірлеу ортасын құрайтын бағдарламалар мен утилиталар (TypeScript компиляторы, жоба құрастырушы, жөндеу веб-сервері және т.б.); әзірлеу ортасынан жоба параметрлерін және жеке утилиталарды сақтайтын файлдар; қолдау файлдары (мысалы, Angular CLI утилитасын және ол қолдайтын кейбір пәрмендерді қысқаша сипаттайтын мәтінді қамтитын readme.md файлы). Қарапайымдылық үшін жобаны Angular негізінде жасап жатқан сайт деп болжауға болады. Барлық жоба файлдары мен қалталары жоба қалтасы деп аталатын бөлек қалтада сақталады. Жаңа жобаны жасау үшін Windows пәрмен жолын ашыңыз, жоба қалтасы орналасатын қалтаға өтіңіз (жоба қалтасын өзі жасаудың қажеті жоқ – оны Angular CLI өзі жасайды) және пішімді шығарыңыз. пәрмені: ng new <жоба атауы>[4, 83 б.].

Басқалар осы тәртіпті қайталамауы үшін мен ашық REST API жарияладым, ол екі үшінші тарап жобаларында қолданылған сияқты. API сұрауы іздеу жолын және сұралған кесте түрін қамтиды: күніне, аптасына және келесі жұп. Жауапта JSON пішіміндегі кесте немесе бірнеше кестелер берілген жолға сәйкес келетін кестелердің ықтимал атаулары мен мекенжайлары бар.



Сурет-4. Сабақ кестесін экран параметрлеріне сай келтіру

API - анықтау өте қиын. Техникалық тұрғыдан алғанда, API (айтпақшы, «Application Programming Interface» дегенді білдіреді) бағдарламалық құрал құрамдастарының бір-бірімен қалай әрекеттесетінін сипаттайды. Бұл клиент кітапханаларында және тіпті бағдарламалау тілдерінде API бар екенін білдіреді. HTTP үстіне API құрудың көптеген жолдары бар. RPC («қашықтағы процедураны шақыру») API, REST («өкілді күйді тасымалдау») API, SOAP («қарапайым нысанға кіру протоколы») API және IMTUAIG («Мен жылдам

ойлап табамын») API бар. . Біз ең танымалға тоқталамыз: REST. Өйткені REST қолданбайтын болсаңыз, қолданбауға жақсы себептеріңіз болуы керек. Техникалық тұрғыдан, API RESTful болуы үшін ол HATEOAS («Гипермедиа қолданбалы күй механизмі ретінде») қолдау көрсетуі керек. Бұл сіздің API өзін-өзі сипаттайтын болуы керек деп айтудың керемет тәсілі; жалғыз соңғы нүктеге ие және сіздің API туралы ештеңе білмесеңіз, клиент кітапханалары оның барлық функцияларына қол жеткізуі керек. Бұл Really HardTM және көптеген адамдар бұл туралы алаңдамайды. Бұл сонымен қатар өте жақсы API тәжірибесі, сондықтан оны сынап көруге уақытыңыз бен қызығушылығыңыз болса, міндетті түрде жасаңыз. Бірақ инклюзивтілік мүддесі үшін біз RESTful API ең көп таралған түрі туралы айтатын боламыз; яғни RESTful API қасиеттерінің 99%-ын пайдаланатын, бірақ HATEOAS-ты толығымен елемейтін API[5, 6б.].



Сурет-5. Университеттің сабақ кестесінің мобильді нұсқасы

Қазіргі кезде әрқайсымызда мобильді қосымшаларды орнату функциясымен жабдықталған ұялы телефон бар. Бұл әртүрлі қосымшалар мен санаттардың үлкен таңдауын ұсынады. Өткізілген зерттеу жұмысының нәтижесіне жүгінсек, сабақ кестесі орналасқан сайтқа қолданушылардың көбісі ұялы телефоннан кіретіні анықталды. Оған себеп ретінде, ұялы телефонның немесе планшеттің кішкентай экранындағы веб-бет компьютерге қарағанда басқаша көрінетінін айтуға болады. Осыны ескеріп, біз пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін сайттың мобильді құрылғыларға арналған нұсқасын ұсынамыз. Бұл жасалған веб-сайттың мобильді нұсқасы смартфондар мен планшеттердің кез-келген экран өлшемдеріне сай бейімделеді. Ұсынылып жатқан сайтты одан әрі түрлендіруге болады. Сондықтан да жобамызды әрі қарай жалғастырудамыз.

Әдебиеттер

1. Каким может быть расписание ВУЗа / Хабр (habr.com) [Электрондық ресурс] URL: https://habr.com/ru/post/194212/?
2. Server Statistics [Электрондық ресурс] URL:

C:\Users\Admin\Downloads\report.html.
3. AngularJS Tutorial: a comprehensive 10,000 word guide (airpair.com) [Электрондық ресурс] URL: https://www.airpair.com/angularjs .
4. Начало работы с Angular - Изучение веб-разработки | MDN (mozilla.org) [Электрондық ресурс] URL: https://developer.mozilla.org/ru/docs/Learn/Tools_and_testing/Client-side_JavaScript_frameworks/Angular_getting_started
5. Дронов В. А., Angular 4. Быстрая разработка сверхдинамических Web-сайтов на TypeScript и PHP. — СПб.: БХВ-Петербург, 2018. — 448 с.: ил. — (Профессиональное программирование) 83 с.
6. Paddy Foran, Your API Is Bad, 2014. 6 с.

ӘОЖ 372.8:504.75

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ

Мекенбай Ә.Б - 102-28 оқу тобыны4 студент3
Жетекшісі: Ақынова Л.А. б.ғ.к., аға оқытушы
ОҚМПУ, Шымкент қ., Қазақстан

Резюме

Рассматривается важность экологического образования и воспитания учащихся начальных классов, пути экологического образования и воспитания. Экологическое воспитание начинается в семье и продолжается на пороге школы.

Summary

The importance of environmental education and education of Primary School students, ways of environmental education and upbringing are considered. Environmental education begins in the family and continues on the threshold of school.

Бүгінгі таңда әрбір мұғалімнің басты міндеті-өскелең ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие беру. Білім берудің негізі мектепте қаланғандықтан, басты рөлді оқушының жеке күштерін дамыту атқарады. Осылайша, қазіргі педагогикалық қоғамдастықтың үлкен мақсаты-өмірдің барлық саласында белсенді, қабілетті, еркін және жан-жақты дамыған адамды тәрбиелеу.

Бастауыш мектеп кезеңіндегі білім баланың дүниетанымын қалыптастырудан басталады, оған қоршаған орта мен табиғат туралы қарапайым түсінік береді.

болады. Сонымен мұндай жұмыстар аудан әкімшілігінің қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану бөлімдеріне тапсырылуы мүмкін, негізделген басқару шешімдерін қабылдауға ғылыми негіз болады.

Ауданның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын студенттердің зерттеуіне байланысты ұзақ мерзімді жұмыс жоспарларын екі бағытта басшылыққа алуға болады: Ерекше қорғалатын аймақтың барлық табиғи аумақтарымен танысу, мүмкіндігінше үлкен ғылыми-зерттеу аймақтарын қамту, әртүрлі маршруттар бойынша биоәртүрлілікті салыстыру, жаңа бірегей табиғи объектілерді іздеу.

Табиғи аумақтардың бөлек алынған «демеушілік» қорғалатын ұзақ мерзімді мониторингі, жеткілікті егжей-тегжейлі паспорттар жасау, ұзақ мерзімді ғылыми бақылаулар жүргізу, қорғалатын объектілер туралы мәліметтерді толықтыру, таңдалған ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы күзет және қорғау режимін сақтау. [32,38]

Қазіргі география оқулықтарының классикалық желісінің жұмыс бағдарламасында курстың жалпы сипаттамасы, оқу жоспарындағы курстың алатын орны, бағдарлама мазмұны мен пәнді оқу нәтижелері, оқу-тәрбиелік жоспарлау және тәрбиелік сипаттама бар. Сонымен оқу процесін әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Негізі оқулықтар бірдей құрылымға ие, олар мұғалімге оқушының оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыруға көмектеседі. Яғни, әдістемелік аппарат оқытуда белсенділікке негізделген тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді: ақыл-ой белсенділігін арттыруға арналған материалдар, студентке білімді өз бетімен «алуға» көмектеседі. Дегенмен, күрделілігі мен бағдары әртүрлі деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмалар мектеп оқушыларының жетістіктерін бағалауға сараланған тәсілмен келуге көмектеседі. Яғни мультимедиялық материалға бай оқулықтардың электронды түрі баспа басылымына толық сәйкес келеді және пәнді оқуда жұмыс істеуге ыңғайлы болу үшін көптеген қосымша мүмкіндіктермен жабдықталған. Ал, әдістемелік құралда курстың негізгі тақырыптарын зерделеуге және оқу процесін ұйымдастыруға шығармашылық көзқарасқа арналған әдістемелік ұсыныстар берілген. Сондай-ақ жұмыс дәптері оқулықпен және атласпен жұмыс істеуге бағытталған курстың барлық тақырыптарын қамтитын тапсырмалардан тұрады және негізгі ұғымдар мен практикалық дағдыларды бекітуге көмектеседі. Географияны оқудың диагностикалық жұмыстары пәндік және метапәндік нәтижелерін енгізу, тақырыптық және қорытынды бақылауды ұйымдастыруға арналған, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу мониторингінің бағдарламасын құруға мүмкіндік береді. Мұндай оқу-әдістемелік кешендегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды зерттеу тек 8-сыныпта берілген, «Табиғатты қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» тармағында анықтама берілген. [3]

Онда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, олардың негізгі міндеттері, маңызы мен түрлері көрсетілген және Қазақстанда қорлардың мысалдары толығырақ сипатталған және келтірілген, «Қазақстан қорықтары мен ұлттық саябақтары» картасы бар. Елімізде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың

сандық көрсеткіштері берілген және параграфтың соңындағы сұрақтар сабақта алынған ақпаратты қорытындылауға және жүйелеуге көмектеседі. Дегенмен география пәні бойынша оқу материалдарын ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың бар-жоғын толық талдау үшін, бұл тақырыптардың мектептегі дамуын түсіну үшін ескі шыққан жылғы оқулықтарды қарастыру қажет. Қазір осылайша, мектептегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды зерттеу үстірт жүргізіліп жатыр деген қорытынды жасауға болады. Мектепте бастауыш сынып оқушылары табиғатқа, оны сақтау қажеттілігіне деген көзқарастары енді ғана қалыптаса бастады. Сонымен қорықтардың, ұлттық саябақтардың және т.б. нақты мысалдар аз және олардың шағын Отанының табиғат ескерткіштерін зерттеуге қолдау жоқ. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды студенттердің өз бетінше оқуы бар, бірақ олардың саны аз. Бұрынғы шығарылған жылғы оқулықтарға талдау жасағанда, бұрын да, қазір де ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды зерттеу аз мөлшерде көрінетіні, оқулықта осы тақырыптарды қарастыруға бір абзац бөлінгені анықталды. Сондықтан мектепте тақырыптарының болуын талдай отырып, мектептегі оқу сағаттарын көбейту, оқытудың әртүрлі нысандарын, әдістері мен құралдарын пайдалана отырып, жергілікті маңызы бар оқуды қосу қажет екендігі анықталды: факультативтік сабақтар мен факультативтік курстар, үйірмелер, балалардың өз бетімен оқуын қарастырады.

Әдебиеттер:

1. Иванов А. Н., Чижова В.П. Охраняемые природные территории: учеб. пособие для вузов. М.: Изд-во Моск. ун-та, 2003. 119 с.
2. Ивченкова Г.Г., Попов И.В. Окружающий мир: 1-й кл.: учебник – М.:АСТ: Астрель, 2011.- 143 с
3. Савричевская З.А. Геоморфология Казахстана и Средней Азий – Л: 1965. – С.120 – 132.

ӘОЖ 378.147

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТІЛ МАМАНДАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ БАСТЫ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ

Д.К. Абдимоминова аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,Қостанай,
Қазақстан

Резюме

Актуальность исследования объясняется наличием проблем в использовании педагогами информационно-цифровых технологий в процессе обучения казахскому языку и литературе в режиме реального и дистанционного обучения. Статья направлена на раскрытие потенциала обучения школьников новым цифровым технологиям, в том числе телекоммуникационным проектам и цифровым гуманитарным наукам. Авторы обосновывают необходимость освоения данных технологий в процессе повышения квалификации учителей филологии, что позволит повысить качество профессиональной подготовки учителей казахского языка и литературы.

summary

The relevance of the study is explained by the presence of problems in the use of information and digital technologies by teachers in the process of teaching the Kazakh language and literature in real and distance learning. The article is aimed at unlocking the potential of teaching schoolchildren new digital technologies, including telecommunications projects and digital humanities. The authors substantiate the need to master these technologies in the process of professional development of teachers of philology, which will improve the quality of professional training of teachers of the Kazakh language and literature.

Жоғары білім беру жүйесінің басты мақсаты – заманауи компьютерлік және ақпараттық технологиялар негізінде жоғары сапалы кәсіби білім беру арқылы күшті бәсекелестік күштеріне төтеп бере алатын жоғары білікті мамандарды дайындау үдерісін жеделдетуболып табылады .Қазіргі әлеуметтік өзгерістердің қарқындылығы маманның жаңа түрін қажет етеді. Бұл мамандар үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық процестерді талдап, нарық жағдайына сәйкес шешім қабылдап, жүзеге асыра білуі керек.

Қазіргі білім беруде ақпараттық технологияларды оқытуда қолдану – бұл орындалмайтын мәселе немесе сұрақ тудырмайды.Мұғалімнің қазіргі АКТ саласында және оларды оқытуда оқу-әдістемелік аспектіде де, оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалауды жүзеге асыруда қолдану әдістемесі бойынша арнайы кәсіби құзыреттілік болуы қажет. Қазіргі АКТ құралдарының мүмкіндіктерін оқу іс-әрекетінде толық пайдалану үшін мұғалім оқу процесінде осы технологияларды қолданудың дидактикалық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік принциптерін білуі қажет.

Сандық технологиялар қазіргі мектептегі білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оқу-тәрбие процесіне қатысушылар оларды сол немесе басқа деңгейде меңгереді деп айтуға болады.Сонымен қатар оқушылар ақпараттық ортада еркін бағдарланса, мұғалімдер бұл салада белгілі бір қиындықтарды бастан кешіреді. Осы орайда қазіргі білім беру кеңістігіндегі сандық технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың ерекше бағыты ретінде қарастырған жөн.

Ковид-19-ның таралуына байланысты соңғы айлардағы оқиғалар педагогикалық ұжымның жаңа жағдайларда оқуға жеткіліксіз дайындығын көрсетті. Қазіргі уақытта қашықтан оқыту жоғарғы оқу орны студенттері мен мектеп оқушыларын оқытудың негізгі түрі болып табылады, ал қашықтықтан оқыту технологиялары оқу үдерісінде ең сұранысқа ие.

Қашықтықтан білім беру – бұл компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялар негізінде білім берудің дәстүрлі және нақты әдістері, құралдары мен нысандары қолданылатын (күндізгі, сырттай-қашықтықтан) білім алу үрдісі [1.65].

Компьютерлік және телекоммуникациялық желілердің өзара енуі қазіргі уақытта қашықтықтан да, нақты оқу процесінде де ақпараттық технологиялардың белсенді дамып жатқан бағыттарының негізі болып табылады. Мақалада зерттеудің мақсаты – нақты және қашықтықтан оқыту процесінде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде мұғалімдердің ақпараттық-сандық технологияларды пайдалануындағы проблемаларды

анықтау, сонымен қатар АКТ-ның оңтайлы кешенін анықтау, мектеп оқушыларының оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал ететін және оны мұғалімдер еңбек тәжірибесіне енгізу жолдарын қарастыру.

Білім беруде АКТ-ны толық пайдаланған жағдайда, танымның сапалы жаңа құралы бола алады. Бұл мәселені зерттеуде жүйелік әдіс, теориялық, мазмұндық талдау және социологиялық әдісті қамтитын бірқатар әдістер қолданылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің оқу іс-әрекетінің нәтижелерін зерделеу, бақылау, сұрақ қою, негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқу-тәрбие үдерісіндегі рөлі талданып, оларды қолдану тәжірибесіндегі проблемалар мен шешу жолдары анықталды.

Зерттеу нәтижесінде мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық игермейтінін, оларды ретсіз және фрагментті түрде қолданатынын анықтауға мүмкіндік берді. Студенттердің АКТ бойынша мұғалімдерге қарағанда жақсы болуы, сабаққа дайындалу үшін желілік ресурстарды кеңінен қолдануы, алған ақпаратының сапасын есепке алмау жеткілікті типтік жағдай екені анықталды. Осындай құбылыстармен бетпе-бет келген мұғалім студенттердің іс-әрекетінің нәтижелерін әрқашан адекватты түрде бағалай алмайды, өйткені оларда тиісті білім мен соңғы ақпараттық технологиялары тиісті деңгейде болмайды.

Қазіргі заманда балалар мен жасөспірімдердің жаңа сандық технологияларды меңгеруге үлкен қызығушылық танытатынын ескере отырып, мұғалім өз пәніне қатысты сандық ресурстарды меңгеруде оларға көмекші бола алады, бірақ бұл үшін ол бұл мәселені жақсы білуі керек. Осылайша, филология ғылымындағы сандық гуманитарлық (digital humanities) ғылымдар сияқты белсенді дамып келе жатқан саланың жетістіктері оқу-тәрбиелік әлеуеті ең бай болғанымен, мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда іс жүзінде аз қолданылады.

Заманауи оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылатын жобалық іс-шараларды ұйымдастыру кезінде ақпаратты қашықтықтан берумен байланысты телекоммуникациялық технологиялар (телекоммуникациялық жоба) іс жүзінде қолданылмайды.Сонымен қатар қашықтықтан оқыту контекстіндегі телекоммуникациялық жоба оқу процесін ұйымдастыруда және жалпы білім берудің ақпараттық технологияларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

«Телекоммуникация» (грек тілінен аударғанда tele – қашықтық, алыс, лат. communicatio – байланыс) – жалпы алғанда ақпаратты қашықтықтан тасымалдаудың барлық құралдары.

Оқу іс-әрекетіне келетін болсақ, бұл телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен белгілі бір мәселені зерттеуге және ортақ нәтижеге жетуге бағытталған бірлескен оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастыру. Профессор Е.С. Полат телекоммуникациялық жоба (ТЖ)оқыту әдісі ретінде, оның еңбектерінде жобаны қолданудағы негізгі талаптар, олардың типологиясы мен ерекшеліктері тұжырымдалған [2.67б].

Бірлескен зерттеуге бағытталған қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы телекоммуникациялық жоба тек зерттелетін пән саласында коммуникативті

дағдыларды қалыптастыруда ғана емес, сонымен қатар қазіргі көп ұлтты қоғам жағдайында интеграцияланған білімді қажет етеді және де психология негіздерін білу, ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерін түсіну. Осылайша, білім беру телекоммуникациялық жобасымен жұмыс істеу процесінде оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативті дағдыларын қалыптастыру туралы ғана емес, сонымен қатар сөйлесу мәдениетін де жүзеге асыру туралы айтуға болады, өйткені ТЖ бір-бірін жақсы түсінуге мүмкіндік береді [3.98б].

Оқу үрдісінде ТЖ технологияларын қолдану жолындағы негізгі мәселе оларды қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың мектеп тәжірибесінде тікелей қолдануға мүмкіндік беретін әдістемелік аппараттың жоқтығы болып табылады. Бұл маңызды білім беру ресурсына сұраныстың болмауының тағы бір себебі – оқытушылардың онымен нашар танысуы, бұл ЖОО-ның оқу үдерісіне және педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесіне тиісті курстарды енгізу қажеттігін көрсетеді. ТЖ технологияларымен байланысты ресурстардың аз бөлігі қазіргі уақытта кем дегенде ішінара тәжірибеде қолданылады.

Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі ТЖ кең көлемдегі мүмкіндіктеріне назар аударуы керек. Оны жүзеге асырудың бір формасына ғана тоқталайық.

Еліміздегі әр қалада дерлік көшелер, саябақтар және басқа да есте қалатын орындар әдебиет саласының көрнекті қайраткерлерінің есімімен аталады.Осыған байланысты оқушыларға әдеби картаны құру жобасын ұсынуға болады.Әдеби картаны құру кезінде жобаның міндеті осы нысандардың атауларының тарихы туралы мәліметтерді іздеу болады. Сыныптағы оқушылардың күш-жігері біріктірілсе, карта толық әрі қызықты болады. Ал жазушының әдеби картасын жасау бір аймақтың шеңберінен шығуға мүмкіндік береді.

Әдеби карта жобасының нәтижесінде, орындаушылардың техникалық мүмкіндіктеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Ол терезелері бөлек-бөлек ашылатын интерактивті болса, жақсы, олардың әрқайсысында жазушының белгілі бір жерде болғаны туралы бейнероликтер немесе презентация көруге болады. Бірлескен жобадағы жұмыс нәтижесінде әдеби журнал да бола алады, оның әр тарауында жазушының әдеби картасында белгіленген ауылда болғаны туралы әңгіме болады.

Елде және бүкіл әлемде індеттің таралуына байланысты туындаған қазіргі заманның қиындықтары қашықтықтан білім беру процесінде білім беру тәжірибесінде кеңінен танымал сандық білім беру ресурстарын ғана емес, сонымен қатар ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесін алға қойды. Сонымен қатар мектеп оқушыларымен тікелей жұмыс істеуге арналмаған түрлі сандық технологияларды қолдану оқу сапасын қашықтықтан тиімді басқаруға үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Сонымен бірге, қазіргі заманғы ақпараттық жобалық-технологиялар сияқты маңызды білім беру ресурсының бай әлеуетін пайдалану үшін педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері мен мұғалімдердің

біліктілігін арттыру курстарында осы жұмыстың әдістемесіне мақсатты оқыту ретінде іске асырылуы тиіс.

Сонымен, зерттеу білім алушылардың қазақ тілі мен әдебиетін оқыту өз бетінше оқу белсенділігін арттыру, оларды оқуға баулу, жалпы филологиялық білім беру сапасын арттыру үшін оқу процесінде ақпараттық технологияларды белсенді және жүйелі түрде қолдану орынды деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. АКТ-ны оқу-тәрбиелік мақсатта пайдалану үшін мұғалімде белгілі бір білім мен дағдылар жиынтығы болуы керек, ол үшін жүйелі түрде кәсіби дамуы қажет.

Әдебиеттер

1.Азимов Е.Г., Щукин А.Н. Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігі (тілдерді оқытудың теориясы мен тәжірибесі). – М.: ИКАР баспасы, 2009. – 448 б.

2.Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар: оқу құралы. пед. мандығы студенттеріне және пед.кадрлардың біліктілігін арттыруға арналған / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров; Ред. Е.С. Полат. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2002. – 272 б.

3.Ж.Н.Критарова.Көпмәдениетті білім беру жағдайында әдебиет бойынша телекоммуникациялық жоба // Көптілді білім беру адамзаттың тілдік мұрасы мен мәдени әртүрлілігін сақтаудың негізі ретінде. - СОГПИ баспасы, Владикавказ. - 2016. - №6. –102 б.

ӘОЖ 17.035.3

КӘСІПТІК БАҒДАР ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕГІ МӘНІ

Орал Есімхан Қасымханұлы 2 курс магистраты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Маханов Турсынхан Шалабаевич п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Жаңбыршиев Сұлтанбек Наханұлы п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются профориентационные работы школьников в общеобразовательных школах Республики Казахстан. Затронуты проблемы выборов профессий в учебных заведениях. Были приведены примеры проведение профориентационных работ с учащимся в развитых странах.

Summary

This article discusses the career guidance work of schoolchildren in secondary schools of the Republic of Kazakhstan. The problems of choosing professions in educational institutions are touched upon. Examples were given of conducting career guidance work with a student in developed countries.

Келешек ұрпақ жасөспірімдердің өздеріне болашақ мамандығын саналы тұрғыда таңдауы олардың болашақ өмірлік стратегиясын анықтайтын маңызды шешімдерінің бірі болып саналады. Жаһандану, қоғамдағы еңбек нарығындағы бәсекелестік деңгейінің артауы, үнемді емес мамандықтардың жойылуы және

қазіргі таңдағы қоғамға қажетті мамандықтардың пайда болуы – бұл бағдарлау үшін тиісті білім, іскерлік және дағдыларды керек ететін шындық. Әлемдегі көптеген елдердің тәжірибесінің көрсеткеніндей, жалпы білім беру жүйесінің барлық деңгейінде сапалы кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу қызметін көрсету еліміздің ажырамас функцияларының бірі болып саналады.[1]

Әлемнің дамыған елдерінде жасөспірімдерге кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу саласына көп көңіл бөлінеді. Көбінесе оқушыларға кәсіптік бағдар жұмыстары мектепте орта буын білім алушыларынан бастап жүргізіледі. Талданған үлгілердің көпшілігі жүйелі әдіс-тәсілдерді пайдаланады, бұл жерде кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу және тиісті жұмыс орнына орналастыру жалпы білім беру кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады, сонымен қатар ел азаматының өзіне деген мамандығын дұрыс таңдауына көмектесуге бағытталады. Өзге елдерде мансаптық бағдар жүргізу қызметтеріне ақпарат, кеңес беру, тиісті жұмыс таңдау мен тестілеу, сонымен қатар мамандыққа сәйкес жұмысқа орналасу мен жоғарғы және орта білім беру мекемелерін таңдау және тиісті мамандығына оқуға түсу уақытында көмектесу жұмысы болып табылады.[2]

Жоғарыда көрсетілген кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу үлгілерінің ортақ жұмысы, бұл жалпы білім беру жүйесінің түрлі мекемелері, мемлекеттік және жеке жұмыспен қамтамасыз ететін қызметтерінің желісімен біріге отырып кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу саясатын жүзеге асырудың негізгі элементтерін құрайды. Осыған байланысты кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізудің айымдық құрылымы көбінде төмендегідей етіліп көрсетіледі:

1 Кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу жөніндегі ұлттық/бюро/агенттік:

• оқу мен кәсіптік ақпарат, кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу және кәсіптік-техникалық оқыту бойынша жалпы әдістемелік ұсыныстарды, оқу құралдарын дайындауға жауапты;

• мемлекет бойынша жалпы әдістемелік жұмыс пен үйлестіруді жүзеге асырады;

• аналитикалық шолуларды дайындайды;

• мамандықтар жөніндегі ақпараттарды қалыптастыру мақсатында зерттеулер ұйымдастырады және оны жүзеге асуына ықпал етеді.

Бұл функцияларды орындауға жергілікті деңгейде кәсіптік ақпараттарды жинау мен тарату аймақтық ұйымдарға жүктеледі.

2 Кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу орталықтары:

•жалпы білім беретін мектептердегі кәсіптік бағдар жұмыстарын ұйымдастырады;

• білім алушыларға кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу үшін мектеп бағдарламаларын әзірлейді;

• мектеп ұстаздары мен ата-аналар ұйымының жұмысын басқарады;

• кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу іс-шараларына қатысады.

Бұл жердегі негізгі жұмыс болып кәсіптік кеңес жүргізу саналады, ал кейбір елдерде оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін анықтауға

психологиялық тұрғыдан тесттер және арнайы құрал-жабдықтарды пайдалану арқылы кәсіптік диагностика жүргізіледі.

3 Еңбек нарығының және жұмыспен қамтудың ұлттық агенттіктерінің өкілдері:

• іс-тәжірибеден өтуді ұйымдастыруға қызмет көрсетеді;

• тиісті әдістемелік материалдарды дайындауға көмектеседі;

• оқушыларға кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу іс-шараларына қатысады;

• жұмыспен қамту орталықтарының міндеті оқушыларға жалпы еңбек нарығында, сонымен қатар мемлекетіміздің белгілі бір аймақтарында болып жатқан оқиғаларды түсіндіру болып саналады.

Адамның бойында кәсіби шеберлік қасиеті оның бүкіл өмір сүру кезінде қалыптасады, бірақ тұлғаның кәсіби шеберлігінің жетілуінің басталуы білім беру жүйесіндегі мұғалімнің басты міндетінде.

Жасөспірімнің мектеп бітіргеннен кейінгі таңдаған бірінші мамандығы көбінде таңдауы дұрыс болмай шығу пайызы жоғары көрсеткішті көрсетеді.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының негізгі мәселесі болып олардың жалпы мамандықтар әлемін, тіпті өздеріне белгілі болған кәсіптік қызмет түрлерінің нақты мазмұнын білмеуі болып саналады. Оқушылар «мамандық», «лауазымдылық», «қызмет» ұғымдарын ажырата алмайды. Олар бастапқы мамандық таңдауда тек қана қоғамда кездесетін беделді мамандықтарды таңдауды қарастырады. Кәсіби және мансаптық ұмтылыстар, сонымен қатар оларды жүзеге асыру үшін қол жетімді ресурстар өзара байланысты емес, өздігінен болуы мүмкін, сондай-ақ мүмкіндіктері мен қабілеттері (мен аламын) және еңбек нарығының талаптарын ескеру арқылы негізделуі қажет (маған тура келеді).

Осыған орай оқушыларды мамандықтар әлемімен қалай таныстыруға болады деген сұрақ туындайды. Таңдауды қалай дұрыс жасау керек?, Мамандық таңдау барысында қалай кателеспеу керек? Сіздің қабілеттеріңізді қалай зерттеуге және белгілі бір кәсіпке бейімділіктерді анықтауға болады? және т.б.

Осы мәселелерді шешуге кәсіптік бағдар жұмыстары көп көмегін тигізеді

Кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу, мамандық таңдау немесе мамандыққа кәсіптік бағдар беру (лат. professio – кәсіп және фран. orientation орындау) – бітіруші түлектердің мамандық таңдауына көмектесуге бағытталған шаралар жүйесі.

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу өзектілігі

Біріншіден, мектептің ең маңызды міндеті – өз елінің толыққанды азаматын қалыптастыру және бұл көп жағдайда бұрынғы жекеленген мектеп оқушыларының қандай іспен айналысатынына, қазіргі экономиканың және қоғамға керекті мамандықты таңдауына, өмірде қандай жұмыс жасайтынына байланысты болады.[3]

Екіншіден, дұрыс құрылымдалған кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу мәселесі мектептегі оқу үрдісінде, әсіресе жалпы орта мектепте көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Өмірге оптимистік көзқарас (ең

алдымен, шынайы және тартымды кәсіби көзқарас) көптеген жасөспірімдерді мектепте оқып жүрген уақытында бөгде қадамдардан құтқаратыны бұрыннан белгілі.

Болашақ мамандықты таңдау – әрбір адамның өміріндегі дайындық пен білімді қажет ететін салмақты да жауапты қадам. Адамның бүкіл өмірі мамандықтың қаншалықты дұрыс таңдалғанына байланысты болады.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешудің тиімді жолдарын анықтау мектепте және балаларға қосымша арнайы кәсіптік бағдар жұмыстарымен айналысатын мекемелерінде кәсіптік бағдар жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тиісті тәжірибелер мен арнайы әдебиеттерді зерттеу қажеттілігін талап етеді.

Тиісті әдеби дерек көздерді талдау қарастырылып отырған мәселе бойынша орындалып жатқан кәсіптік бағдар жұмыстарының біршама жақсы зерттелгенін және практикалық тұрғыда кеңінен қолданылғанын көрсетеді, бұл жағдаят жиі жарияланымдарда дәлелденіп көрсетілгені баршаға аян.

Жоғарыда көрсетілген кәсіптік бағдар жүргізу жұмыстары жалпы білім беретін мектептер мен қосымша ұйымдастырылған білім беру мекемелерінің мамандарын қайта даярлау орталықтарының жұмысы аясында кеңінен қамтылады.

Қазіргі таңда біздің мемлекетіміздің жалпы білім беру мекемелерінде оқушылармен кәсіптік бағдар жұмыстарын жүйелі тұрғыда жүргізуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар және жобалар жоқ. Көп жағдайда оқушы өзінің болашақ мамандығын таңдау жауапкершілігі оқушының өзіне, олардың отбасына, одан қала берсе туыс-таныстарына жүктеледі. Негізінде мектепті бітіруші түлек өз таңдауында ата-анасының, достарының, сондай-ақ мұғалімдердің кеңестерін басшылыққа алады. Дегенмен, мектеп бітіруші түлектерін кәсіптік бағдарлаудағы мемлекеттің рөлі мамандық таңдауда мамандандырылған көмекті жекеленген жеке орталықтар, үкіметтік емес ұйымдар, қорлар көрсетеді.

Біздің жүргізіп жатқан зерттеудегі «кәсіби бағдар» термині олардың білім және болашақ кәсібін басқару жөніндегі шешімін қабылдауға жәрдем беру мақсаты болып саналады және ол өзара байланысты іс-шара кешенін көрсету үшін пайдаланылады.

Кеңес Одағы кезіндегі білім ошақтарындағы кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу жүйесінің өркендеуіне қарамастан, осы бағыттағы белсенді жұмыс КСРО-ның тарауының арқасында мүлдем тоқтады. Білім беру саласындағы жұмысшы мамандарын дайындайтын кәсіптік техникалық колледждерінің жаппай жабылуы, оның үстіне жекеменшік жоғары оқу орындарының көптеп ашылуы, онда дайындалатын мамандықтарының қоғамға көп мөлшерде қажет емес екенінің арқасында қоғамда жұмыссыздық көбейді. Сонымен қатар мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар жұмыстарының жеткіліксіз көңіл бөлінуі еңбек парадоксына әкеліп соқтырды.

Дегенмен, қазіргі уақытта мектептегі білім беру саласы, негізінен болашақ мамандығына қатысы жоқ жоғары оқу орындарына түсу үшін талап

етілетін емтихандарды жаттап алуды талап етеді. Ал шындап келгенде адам өзіне мамандық таңдауда бұрмалайтын жайт – «беделге бағдарлау» мемлекеттік саясат дәрежесін көтеру.

Мектептегі бітіруші түлектер өз мамандығы бойынша жұмыс таппай басқа жұмыс іздеуге мәжбүр болады деп болжау қиын емес. Ал, бұл, олардың мамандық таңдаудағы армандары болуы мүмкін емес.

Сонымен, білім алушыларға кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу – көп еңбек пен уақытты керек ететін үрдіс болып саналады. Дегенмен, сауатты көзқарас, ұстаздар және жаңұя мүшелерінен шыдамдылық көрсету жастарға дұрыс таңдау жасауға көмектеседі, кейбір жағдайларда мүлдем мүмкін емес қателіктерді жіберуге мүмкіндік беріп қояды. Кәсіби қызмет адам өмірінің үлкен бөлігін алады, яғни оған деген көзқарас байыпты және салмақты болуы қажет.[4]

Әдебиеттер

1 Сыздыкова Қ. Қазақстан Республикасында кәсіптік бағдар беру жүйесін дамыту. Алматы.:2018г.-56с.

2 Мухамедова Э.В. Профессионально-педагогическая орентация старших школьников в РФ и США: дис. К.п.н., 13.00.01/ Мухамедова, Э. В.-Пятигорск. 2005г.-С.45.

3 Овсянникова С.К. Организация профориентационной работы в школе: метод. Пособие.-Нижневартовск. Изд-во Нижневарт. гос. ун-та. 2013г.-362с.

4 Дзитоев Г.Р., Бигаева И.М. Профориентационная работа вузов со школьниками. Современные наукоемкие технологии.-2014г.-№7.-С.87.

ГЕОГРАФИЯДАН ОҚУ ТОПСЕРУЕНДЕРІ

Тунгишбаева Кенжекул Темирбековна
Түркістан қаласы, №27 Ө.Жәнібеков атындағы ІТ –мектеп лицейінің георафия пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматриваются проведение экскурсионных работ на уроках географии

Summary

This article discusses the conduct of excursion work in geography lessons

Мектепте өтілетін топсеруен - оқу тәрбие жұмысының бір түрі. Топсеруен бағдарлама бойынша жүргізіледі. Мұғалім алдын-ала топсеруеннің тақырыбын, өтілетін орнын, мерзімін анықтап, өзінің жылдық жоспарына енгізеді. Топсеруен оқу тәрбие жұмысының бір түрі болғандықтан, оқушылар іс-әрекеттерді табиғатта жайлы жағдайда, далада, мұражайларда, өзен аңғарында т.б. өткізеді.

Топсеруеннің маңызы:

1. Топсеруен оқушылардың білімін тереңдетіп, ой-өрісін кеңейтеді.
2. Оқушылырды іздемпаздыққа талпындырады.
3. Оқушылардың іздемпаздығын арттырады.
4. Өлкесін тануға, табиғатты зерттеуге талпындырады.

5. Оқушылар заттарға дұрыс қарауға, адамның еңбегін бағалауға дағдыланады. Топсеруен кезінде оқушылар табиғат туралы, оның дамуы және шаруашылықта пайдалануы туралы білім алып қана қоймай, сонымен қатар, болашақтағы еңбек жолын және политехникалық оқытудың міндеттерін шешу үшін зор маңызы болатын өздігінен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

Топсеруенге шығудың бірнеше түрлері бар:

1. Табиғатқа топсеруенге шығу.
2. Мұражайға, ботаникалық баққа, зоологиялық паркке, географиялық кешенге.
3. Табиғи – аймақтық кешендерге.

Тақырып бойынша жұмыс істей отырып, мына ережелерді есте сақтау керек.

1. Нақты физикалық-географиялық кешендерді таныстырып, тәрбиелеу.
2. Табиғи-әкімшілік кешенді оқып үйренуді бірте-бірте - кезеңдер бойынша жүзеге асыру.
3. Топсеруенде бақылау жасау, географиялық қабықта болып жатқан оқушыларға әлі белгісіз, құбылыстар мен процестерді түсіндіру кезінде салыстыру қажет.
4. Табиғатты зерттеудің практикалық маңызы бар, ол балаларды табиғатқа мұқият қарап, оның байлықтарын қорғауға тәрбиелейді.

Топсеруен кезінде оқушылар табиғат туралы, оның дамуы және шаруашылықта пайдалануы туралы білім алып қана қоймайды, сонымен бірге болашақтағы еңбек жолы және политехникалық оқудың міндеттерін шешу үшін зор маңызы болатын өздігінен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

Топсеруеннің әдістемелік жоспарын мынандай үш кезеңге бөліп жасайды:

1. Әзірлік
2. Оқушылардың қатысуымен әдістемелік жоспар бойынша топсеруен өткізу.
3. Топсеруенге қатысушылардың қорытынды есебін дайындау.

Әр түрлі тақырыптарға және жергілікті жерлерге топсеруен өткізуге арналған әдістемелік талдауларды жасаған кезде табиғи кешендерді зерттегенде географиялық ғылымның логикасымен анықталатын белгілі бір дәйектілікті сақтау қажет.

ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕГІ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.

1. Онда жергілікті жердің геологиялық құрылымына, тау жыныстарының орналасуы мен құрамының сипатына, олардың құрылу жағдайына, жер бедерінің формаларына ықпалына тоқталған жөн.
2. Минералогиялық коллекцияны жинауды және қалай ресми қағаздандыруды көрсету.
3. Жергілікті жерді геологиялық зерттеуден кейін, оқушылар қорытынды жасауы тиіс.
4. Оқушылардың есебіне қандай материалдар керектігін қарастыру.
5. Топсеруен алдында қажетті жабдықтың тізімін әзірлеу.

ЖЕР БЕДЕРІНІҢ ФОРМАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ.

1. Зерттелетін жердің жалпы суреттемесін, нақты мысалдар арқылы жер бедерінің қалыптасуына, осы заманғы факторлардың ықпалын атап өту.
2. Жер бедерінің жиі кездесетін формаларын атап өту және оларды баяндап

жазу (биіктігі, төбелері, олардың ұзындығы, бағыты т.б.)
ӨЗЕН АҢҒАРЫН ЗЕРТТЕП ҮЙРЕНУ.
1. Өзен туралы қысқаша мәлімет әзірлеу (ағып шығуы, сағасы, ағыс сипаты), өзен аңғарының пайда болуы туралы айтып беру.
2. Эклиметр мен рулетканың, барометр, анероид, нивелирдің көмегімен өзен аңғарының кесе көлденең профилін салуды үйрету.
3. Өзен аңғарын зерттеп үйрену нәтижесінде қорытынды жазуға үйрену.
ӨЗЕН АҢҒАРЫН ЗЕРТТЕП ҮЙРЕНУ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ.
1. Өзендегі өлшеу жұмыстарын жасату (ені тереңдігі, ағыстың беткі жылдамдығы).
ӨСІМДІК ДҮНИЕСІН ЗЕРТТЕП ҮЙРЕНУ.
1. Зерттеліп отырған жердің өсімдік дүниесінің сипатын, оның топыраққа, климатқа әсерін зерттеу.
2. Гербарийдің жасалу жолын үйрету.
3. Өсімдіктерді оқыту нәтижесінде оқушылар қандай қорытынды шығарады.
ТОПЫРАҚТЫ ЗЕРТТЕП ҮЙРЕНУ.
1. Топырақтың түзілуіндегі климаттың, жер бедерінің, өсімдіктердің ықпалы.
2. Топырақ қиындысын жасап, зерттеу.
3. Жүргізілген жұмыс нәтижесіне қорытынды жазу.
ТОПСЕРУЕНДЕ ЖОЛ-ЖӨНЕКЕЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ.
1. Топсеруеннің басы мен аяғындағы күннің биіктігі.
2. Күн тәулігінің уақытына қарай ауа температурасының өзгеруі.
3. Ылғалдылығына, түсіне, механикалық құрамына қарай топырақ температурасының ылғалдылығын анықтау.
4. Өзендегі, ескі арнадағы жылғадағы, су қоймаларындағы температура өзгерісін өзара ауаның температурасымен салыстыру.
5. Салыстыру кезінде және түрлі табиғат обьектілерінің үстіндегі батпақ, орман т.б. бұлттылық өзгерісін бақылау.
ТОПОГРАФИЯ ЖӨНІНДЕГІ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.
1. Топографиялық жұмыстарды қайталау.
2. Көзбен өлшеп түсіруді үйрету.
3. Есеп беруге материалдар дайындау.
Топсеруенді жүргізу әдістемесі мынандай болады:
Алдымен топсеруенге қатысушылар жота – қырдың үстінен зерттеп үйреніп, белгіленген жерді қарайды, мұғалімнің кіріспе әңгімесінің көмегімен, әрі өзінің байқауларында осы жер және табиғат компоненттерінің өзара шатастығы туралы жалпы ұғым алады. Шағын маршрутта - 1км-ден аспайтын экскурсияға барлық қатысушылар оны бастапқы нүктесінен соңғы нүктесіне дейін жүріп өтеді, жол бойы мұғалім түсінік береді, әр бригаданың жұмыс орнын көрсетеді, әр маршрут бойынша орналасқан нақтылы табиғат обьектілеріне көңіл аударуды ұсынады.

Маршрутпен бара жатқан жолда топсеруенге қатынасушылардың барлығы тау жыныстарының үлгілерін, өсімдіктерді жинайды, ауа, су, топырақ температурасын өлшейді. Суреттеме, фотосуреттер жасайды. Топсеруеннің соңында қорытынды конференция – көрмелер өткізіп, басқа оқушылар қатысуын қарастырады.

Әдебиеттер:

1. Методика преподования экономической географии. Н.И. Баранский. М. Просвещение. 1990 г.
2. Географияны оқыту методикасы. Практикалық жұмыстар. Под ред. И.В. Белевич. Алматы. Мектеп. 1976 ж.

ӘӨЖ

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАЛАРДЫ БІЛІМНІҢ КӨЗІ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Жуманов Ержан Калдарбекович
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушысы
Асқар Мейрамкүл Асанқызы
№2 А.Бөкейханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматриваются карта как основной источник географических знаний

Summary

In this artiche is given information the mar as the main source of geographical knowledge

География сабағын оқытуда оқушыға ең бірінші картамен жұмыс жасай білуіне үлкен мән берілуі керек. Өйткені, оқушының пәнге деген қызығушылығын, географиялық ұғымдарды терең меңгеруіне жол ашу үшін осы бастапқы курста географиялық білім беруде картамен жұмыс жасауына баса назар аударуды қажет етеді.

Бұл мақсатқа жету үшін оқушыны тек білім көзімен ғана қаруландыру емес, сонымен бірге картамен жұмыс жасай білуін практика жүзінде іске асыру. Географиялық карталардың атқаратын рөлі:

1. Карта географиялық ұғымдардың басы мен аяғы. Картасыз кішігірім экскурсия, экспедицияға да шығу мүмкін емес.
2. Карта - саяхат, жорықтарда көмекші құралдың рөлін атқарып қана қоймай, сонымен бірге географиялық білімді тереңдетуге және кеңейтуге өз үлесін қосады.
3. Карта - географиялық ұғымдар арасындағы байланысты меңгерудің көмекші құралы.
4. Карта — географиялық заңдылықтарды жоғары дәрежеде анықтауға мүмкіндік береді, яғни кеңістікте орналасу заңдылықтарын және жер шары бетіндегі құбылыстардың арақатынасын, жиынтығын және байланысын

анықтайды. Яғни, карта географияның тілі.
Қорыта айтқанда, карта оқушының ойы мен көзқарасын ары қарай дамытып жетілдіретін көмекші құрал болуы тиіс.
Қартамен жұмыс жасаудың төмендегі негізгі әдістерін атауға болады:
1. Картаны оқу (географиялық жағдайын, шекарасын анықтау, әр елдер бойынша табиғат жағдайын сипаттау).
2. Бірнеше карта түрлерін алып салыстырмалы анализ жасау. Оларды глобуспен салыстыру.
3. Кескін картамен жұмыс жасау. (Кескін картаға түсіру техникасын меңгеру.)
4. Жазбаша берілген географиялық ұғымдарды өз бетімен карта сызба құрастыру дағдысында қалыптастыру.
Міне, сонда ғана оқушының география пәніне деген қызығушылығы артып, өз бетінше терең білім алуына жол ашылады.
Енді "Карталарды мазмұнына және масштабына қарай жіктеу" тақырыбын оқытудың әдістемелік үлгісіне тоқталайық.
Сабақтың мақсаты.
Картаға түсірілетін әрбір құбылыстар, нақты нысандар оның мазмұнын құрайтынын, масштабына қарай бірнеше топқа бөлінетіні жөнінде түсінік беру. Пландар мен карталарды құрастыруда ғарыштан түсірілетін суреттің кеңінен қолданылатынын, олардың жер бетін егжей-тегжей бейнелейтінін түсіндіру.
Оқушыға өз бетімен карта сызба жасату арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту. Оқушының картамен, кескін картамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.
Құрал-жабдықтар: глобус, топографиялық, тақырыптық карталар.
Сабақтың барысы.
Үй тапсырмасын сұрау.
1-сәті. 1-2 оқушы тақтада сызылған тапсырмаларды орындайды.
1-оқушы:
а) берілген градус торының (бірнеше карталардың градус торлары беріледі) қандай карталарға қатысты екенін анықтайды;
ә) жарты шарлар картасынан немесе глобустан Астана қаласының координатын анықтайды.
2-оқушы:
а) өзіңді жер жағдайына сипаттама беретін маман ретінде сана. Құрылысшылар қайда бағыт алып барады? Саған тек сол жердің градус торы ғана берілген
50° с. е-73° с. е 47° с. е-75° с. е.
ә) Физикалық картасымен глобустың меридиандары мен параллельдері қандай градус сайын жүргізілетінін салыстыр.
Сыныптан сұрақ-жауап алу.
1. Меридиан және параллель сызықтары деген не? (Мұғалім апельсинді шамамен мысалға алып аршып меридиан сызығының бейнеленуін көрсетеді. Ал параллель сызықтарын апельсинге жіп тарту арқылы көрсетеді. Бұны олар параллель мен меридиан сызықтарының қиылысуынан пайда болған тор градус торы екенін оқушылар айтады.)

2. Жер бетіндегі әрбір нүктенің географиялық жағдайы (ендік және бойлық) қандай географиялық координаталармен белгіленеді?
3. Меридиан және параллель сызықтарының көмегімен картадан географиялық координаттарды қалай анықтауға болады?
4. Қазақстан аумағы қандай ендік пен бойлықтың аралығында орналасқан?
5. Мына аталған елдер: Қазақстан, Қытай, Жапония, Бразилия, Аустралия, Ұлыбритания қандай ендікте орналасқан?
2-сәті. Оқушылардың білімін бағалау (ауызша және жазбаша тақтада жауап берген оқушылар біліміне баға қойылады).
Оқушылар бір-біріне баға беріп, қажетті жерін өздері толықтырады. Оқушылардан кейін ұстаз өз пікірін айтады.
Жаңа материалды игеру.
Мұғалім әңгімесі. Картаға түсірілген жер бетіндегі нысандар мен құбылыстар оның мазмұнын құрайды.
Мазмұнына қарай карталар 2 топқа бөлінеді. Олар: жалпы географиялық карталар және тақырыптық карталар. Карталардың 2-3 түр тақтаға ілініп өзіндік ерекшелігіне тоқталады.
Оқушылар географиялық карталарды дұрыс оқи алуы үшін қажет деген бірнеше ережелерді дәптерге жазады:
- картаның тақырыбын оқи білу;
- масштабын анықтау;
- шартты белгілерімен танысу;
- шартты белгісі арқылы картаның мазмұнын анықтау.
Енді карталар масштабына қарай қалай жіктелетіні жөнінде әңгімелейді. Масштаб барлық карталарда керсетіледі. Енді тақтадағы мына сызбаға көңіл аударайық. Оқушылар тыңдай отырып сызбаны дәптерлеріне көшіреді.
Оқушыларды оқыту барысында олардың білімдерін бір жүйеге келтіруте қажетті шарттар — мұғалімнің оқу материалын жүйелендіруі мен оқушылардың өтілген материалды өз бетінше жүйелендіре білуі.
Географиядан оқушылардың білімін кестелер мен сызбалар арқылы жүйеге келтіру қолайлырақ. Кестелер мен сызбалар арқылы оқушылардың білімін жүйеге келтіру әдісін, мүмкіндігінше, өтілген материалды жалпы қайталауға арналған арнайы сабақтарда пайдаланған жөн.

Кестелер мен сызбалар арқылы жұмысты мұғалім әр түрлі әдістермен жүргізе алады. Кейбір кестелер мен сызбаларды дайын түрінде беруге болады, ал кейбіреулерін оқушылармен бірігіп толтырған пайдалы. Бұл жағдайда бүкіл сыныптың оқуға деген белсенділігі артады.
Географиялық карта және оның мектеп географиясындағы элементтері.

Әдебиеттер:
1. “Материктер мен мұхиттар географиясы” курсы оқыту әдістемесі. Алматы “Атамұра” 2003ж.
3. А.М.Бейсенбаев, Н.Ә.Бейсенбаева 6-10 сыныптар – «Арман» баспасы, 2004ж.
3. Даринский А. В. Методика преподавания географии. М.: Просвещение. 1975ж.

ӘӨЖ

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Ибрагим Индира
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалының әдіскері
Курбанкулов Хамиджон Ирисматович
Шымкент қаласы, №107 Ю.Сарими мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі

Резюме
В статье рассматриваются значение практических работ на уроках географии
Summary
The article discusses the importance of practical work in geography lessons

Мектептегі өмірмен байланысып нығайту мақсаттарының бірі сыныптан және мектептен тыс жүргізілетін өлкетану жұмысының сапасына байланыстылығы.

Мектептегі өлкетану жұмысының мазмұны және оны жүргізудің тәсілдері өмір талабына сәйкес түрлі практикалық жұмыстарды шешуде оқушылардың

мүмкіндігін арттырады. Ғылым – білімнің әр түрлі тарауларынан ақпарат беріп, практикалық жұмыстарды шешуге араластырып, оқушының дүниетанымын кеңейтіп, өмірге қажетті іскерлікпен қаруландыру. Сонымен қатар, оқушыларға жан-жақты оқу-тәрбие беру міндетін тиімді шешуде географиялық өлкетану үйірмесі де өнімді жұмыс атқарып келеді.

Мектептен алған географиялық білімдерін оқушылар өлкетану жұмысында кеңінен пайдаланып, тереңдетіп отырады. Мысалы, табиғатқа саяхатқа шыққанда түрлі практикалық жұмыстар жасап, өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын кеңейтіп, дамыта түседі. Әр түрлі практикалық жұмыстарды жүргізу арқылы олардың іскерлігі жетіле түседі, теориялық білімдерін іс жүзінде асыруға үйренеді. Мұның өзі географиялық білімін тереңдете түсуіне, географиялық құралдарды пайдалана білуді үйретеді. Ал, кейбір қарапайым құралдарды өздері жасап алуға үйренеді. Біз бұл мақалада, өлкетану жұмысында географиядан жүргізілетін практикалық жұмыстардың кейбір түріне тоқталамыз. Бұлар мектепте жүргізілетін жұмыстардың жалғасы болып табылады. Ал, кейбіреулерін өлке зерттеу кезінде жүргізетін болады. Қалай болғанда да географиялық білімді іс жүзіне, тәжірибеге асыру болып табылады.

Келген жерінің географиялық адресін анықтау

Картадан кез келген нүктенің координатын табуға болады. Бұл туралы 5-сыныпта “Физикалық география курсында” толық өтіледі. Ал, саяхатқа шыққанда келіп тоқтаған жеріміздің адресін радио арқылы хабарлау керек болса қалай хабарласуымыз керек? Ол үшін, ең алдымен, тұрған жеріміздің жергілікті ендігін табу керек. Оны “Темірқазық” жұлдызы арқылы табамыз. Осы жерде “Темірқазық” жұлдызы жайында қосымша мәлімет келтіруге болады. Мысалы, қазақ атаулының күллісіне мәшһүр “Темірқазық” жұлдызы ғылым тілінде Кіші Аюдағы “а” дейтін жұлдыз. Дүние полюсіне жақын (1°-тай) тұрғандықтан оны, көбінесе, “Полярная звезда” деп атайды. Арабша-орысша сөздіктен оның арабша аты Құтыб екенін көреміз. “Темірқазық” аты тіпті ертеден келеді. Махмұд Қашқари 1072-1074 жылдарда шығарған “Диуани луғат ат-түрік” деген кітабында “Темірқазық” аспанның кіндігі, яғни темір шеге, аспан әлемі сол шегені айналып тұрады, деп жазған.

Сонымен, “Темірқазық” жұлдызының солтүстік жартышарда жақсы көрінетінін оқушылар жақсы біледі. Ол солтүстік полюсте тас төбеден көрінеді, оның биіктігі 90°-қа тең, олай болса солтүстік полюстің ендігі де 90°-қа тең болады. Ал біз тұрған жерде ол горизонт үстінде тұрады, ал экваторда горизонт сызығының жиегінде көрінеді. Яғни “Темірқазық” жұлдызы солтүстікке жүрген сайын биіктей береді, оңтүстікке қарай жүрген сайын төмендей береді. “Темірқазық” жұлдызының көкжиектен биіктігі градус арқылы белгіленеді. Оны *эклиметр* деп аталатын бұрыш өлшеуіш құрал арқылы өлшейді. Бұл кәдімгі мектеп транспортирінен жасалған қарапайым құрал. Транспортирдің ортасына 0° белгіленіп, оның екі жағына 90°-қа дейін цифрлар қойылады. Транспортирдің табанының қақ ортасынан жіп тартылып оның ұшына жүкше тағылады. Бұл транспортирді тік ұстау үшін қажет.

(Эклиметрді солтүстік полюсте, экваторда қалай ұстауды көрсету керек). Солтүстік полюсте транспортирдің жібі 90°-ты көрсетеді, демек бұл солтүстік полюстің ендігі 90°-қа тең деген сөз. Ал, экваторда 0°-қа тең болады. Енді өзіміздің тұрған жердің ендігін табуға кірісеміз.

Кеш түскенде "Темірқазық" жұлдызына қарата транспортирді көздеп тауып аламыз (ол үшін алдын ала эклиметрді (транспортирді) дәл көздеп жаттығу керек. Эклиметрдің жібінің көрсеткен градус мөлшері тұрған жеріміздің ендігі болып шығады. Сөйтіп тұрған жердің ендігін эклиметр арқылы оңай табуға болатынын білдік. Жергілікті ендікті бұдан басқа құрылысы күрделілеу трубкалы эклиметр деп аталатын құралмен де білуге болады. Бірақ жолға алып шығуға өте ыңғайлы және құрылысы өте қарапайым болғандықтан эклиметрдің алғашқы түрін пайдаланған жөн.

Енді тұрған жеріміздің бойлығын табу керек. Ол үшін сыныпта өткен географиялық білімді еске түсірейік. Оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады:

күн мен түннің ауысуы не себепті болады?

жер өз бөлігін неше сағатта толық бір айналып шығады?

жер бір сағатта неше градусқа айналады?

бір минутта, төрт минутта, отыз минутта неше градусқа айналады?

Жауап: Жер 24 сағаттың ішінде 36°-қа айналады. Бір сағатта неше градусқа айналатынын білу үшін 360°: 24=15°, яғни бір сағатта 15°-қа айналады. Бір минутта бір градустың 1/4-не, яғни 15′-ке айналады. Төрт минутта бір градусқа айналады. 24 сағат =1440 м:360°=4 минут. Отыз минутта -7° 30/-ке айналады. Сөйтіп, жер шары батыстан шығысқа қарай 1°-ты 4 минутта айналып өтеді. Сондықтан біздің тұрған жерімізде талтус (12) болғанда , бізден 1° батыста жатқан жерде төрт минуты кем 12 болады да, бізден 1° шығыста жатқан жерде 12-ден 4 минут кетеді. Бұдан мынадай қорытынды шығарамыз. Жер бетіндегі екі нүктенің арасы 1°-қа тең болса, олардың уақытының айырмасы 4 минутке тең. Жер бетіндегі екі нүктенің арасы 15°-қа тең болса, олардың уақытының айырмасы бір сағатқа тең. Жер шары батыстан шығысқа қарай айналғандықтан, Мәскеудің шығыс жағында жатқан қалалар мен ауылдардың уақыты Мәскеу уақытынан алда болады да, батысында жатқан қалалар мен ауылдардың уақыты артта болады.

Радио арқылы Мәскеу ауқыты 12 деп хабарлағанда 30° шығыс бойлықта декреттік уақыт 12 болады да, күн арқылы белгіленген дәл уақыт 11 болады. Мұның мәнісі 1930 жылы маусымның 16 күні КСРО-да уақыт бір сағат алға жылжиды (сағаттың стрелкасы бір сағат алға жылжыды). Сондықтан **дектреттік** уақыт бойынша сағат жергілікті уақыттан әр уақыт бір сағат алдан есептелінеді. Сонымен жергілікті уақыт пен декреттік уақыттың айырмасын білдік.

Тағы да мынадай сұрақтар қойылады. Мәскеу уақыты бойынша сағат 12 болғанда 15°, 45°, 60° шығыс бойлықтарда сағат неше болады?

Жауап: 15° ш.б.- сағат 11; 45° ш.б. – сағат 13; 60° ш.б. – сағат 14.

Себебі, әрбір 15 градуста бір сағат айырма жасайды, Мәскеу30° шығыс бойлықта жатыр. (Дәлірек алғанда 37,5° ш.б.) Ал, осы кезде біздің тұрған

жерімізде шамамен сағат 15 болады десек, қандай меридианда тұрған болып шығамыз?

75° шығыс бойлық болып шығады. (Мәскеу уақытымен есептегенде). Бұған мынадай қорытынды шығарамыз. Тұрған жеріміздің бойлығын уақыттың айырмашылығы арқылы табады. Демек, Мәскеудің (37,5° ш.б.) не Санкт-Петербургтегі (Ленинградтағы) Пулков меридианының (30° ш.б.) уақытымен өзіміздің тұрған жеріміздің дәл күн уақытын білуіміз керек. Мәскеу уақытын радио арқылы қадағалап білеміз де, оны шын күн уақытына айналдырамыз. Осы екі уақыттың айырмасын табу арқылы жергілікті жердің бойлығын анықтаймыз.

Енді тұрған жердің талтүстегі дәл күн уақытын табу керек. Ол үшін мектеп жанындағы географиялық алаңда жергілікті меридианның бағытын қалай тапқанымызды еске түсірейік. Енді біз тұрған жеріміздің жергілікті меридианың табуға кірісеміз. Өйткені сол тапқан жергілікті меридиан арқылы талтүстегі дәл күн уақытын, яғни күннің горизонттан жоғары ең биікке көтерілген кезін, талтүстегі оңай біле аламыз.

Тұрған жеріміздің жергілікті меридианын оқушыларға бұрыннан таныс, құрылысы өте қарапайым *гномон* деген құрал арқылы табамыз *(гномон-көлеңке арқылы бағытты көрсететін қазық немесе қада).* Оқушылардың назарын сағатқа аудармау керек себебі, біздің елімізде күндізгі сағат 12-де түс болып жетпейді (декреттік уақыт бойынша).

Бұдан әрі жетекші, күннің горизонт үстіндегі биіктігінің күн ұзағына өзгеріп отыратындығы туралы оқушылардың біліміне сүйеніп, гномонды қалай бақылау керектігін айтуға тиіс.

Гномон биіктігі 1,5м болатын қада. Қаданы жіп арқылы тіктеп алып жерге қағады да, одан түскен көлеңкеден сәл кішірек етіп айналасына шеңбер сызады. Таңертең қаданың көлеңкесі ұзын болады да, ол сызылған шеңберден шығып кетеді (ОА).

Күн неғұрлым биікке көтерілген сайын, көлеңке де соғұрлым қысқара береді. Көлеңкенің шеті шеңбердің сызығына дәл келетін мезгілді мұқият байқау керек ($ОА^1$), сол жерге қазықша қағылады. Күн барған сайын биікке көтеріле береді де, қаданың көленкесі шеңбердің ішіне кіреді ($ОА^2$). Бұдан кейін көлеңке қайтадан ұзара бастайды, түс қайтады. Көленкенің шеті шеңбердің сызығына дәл келетін мезгілді тағы да мұқият байқау керек ($ОА^3$). Бұл бізге қажетті екінші байқау болады. Демек, түс кезінде көлеңкенің $А^1$ және $А^3$ нүктелерінің аралығында бір жерде болғандығы көрінеді. Талтүстегі көлеңкенің бағытын табу үшін $А^1$ $А^3$ нүктелерінің арасын түзу сызықпен қосып, ол түзу сызықты дәл етіп екіге бөлу керек. Дәл бөлінген нүктеден түзу сызық, не болмаса жіп тарту керек. Сол жіп бойынша ақ сырға боялған рейка қойса да болады. Осы сызық талтүстегі ең қысқа көлеңкенің бағытын көрсетеді. Ол әр уақытта солтүстікке бағытталады. Демек, біздің жергілікті жеріміздің меридианы осы болып шығады, яғни солтүстікті көрсететін бағыт.

Мұны бағыттарды айыру үшін де қолданады.

Онан кейін қол сағатты радиомен белгілеп алып оны бір сағат кейін шегереміз. Сонда біздің сағатымыз 30-меридианның дәл күн уақытын көрсетіп тұрады. Талтүс жақындаған кезде гномон арқылы көлеңкенің жергілікті меридианға жақындап келе жатқанын байқаймыз. Көлеңке жергілікті меридианға тура түскенде бізде талтүстегі уақытты көрсетеді. Дәл осы кезде сағат бойынша уақытты белгілейміз. Уақыт бұл кезде 11 сағат 52 минут көрсетті дейік. Бұл тұрған жеріміздің жергілікті талтүстік күн уақыты. Ал Мәскеу уақытымен белгілеп алған сағат 9-ды көрсетіп тұр, айырма 2 сағат 52 минут. Бұдан мынадай қорытынды жасаймыз. Бізде талтүс Мәскеуге қарағанда 2 сағат 52 минут бұрын болады. Бір сағатта 15º айырма барын, 4 минутта 1° айырма жасайтынын еске алып градустық шаманы табамыз.

(2 сағат х15º=30º; 52 м: 4=13 градустық шама 43º.) Сонда біздің тұрған жеріміз 30º меридианда жатқан Мәскеуден 43º шығыста жатқанын білеміз. 30º+43º=73º шығыс бойлық, яғни біз 73º ш.б. тұрмыз.

Сонымен жергілікті жердің бойлығын табу үшін Мәскеудің дәл уақытымен жергілікті дәл уақытын біліп, оның арасындағы айырманы табамыз. Ол үшін кәдімгі сағатпен гномон қажет болды.

Жергілікті дәл уақытты, қолдан оңай жасап алатын күн сағаты арқылы білген анағұрлым жеңіл болады. Күн сағатын пайдалағанда гномон арқылы талтүстік көлеңкені қадағалап жатпай-ақ, кез келген уақытты пайдалана беруге болады.

Енді күн сағатының құрылысына тоқтайық. Экваториалды күн сағаты, көлемі 30 см х 20 см болатын кішкене екі тақтаны ақ сырмен бояп алып екі топса арқылы бірімен-бірін бекітеді. Беткі жағына диаметрі 25 см болатын шеңбер сызылады да оны 24 бөлікке бөліп сағаттың циферблатын жасайды. Қақ ортасына ұзындығы 20-25 см-дей таяқша орнатады (бұл гномонтаяқша). Таяқша Темірқазық жұлдызына қаратылып орнатылады да, 12 цифры солтүстік бағытқа қарсы жазылады. Цифрларға таяқшадан түскен көлеңке бағдарша есебінде болады да, көлеңкенің көрсеткен уақыты жергілікті уақыт болып табылады. Циферблатты тақтайшаның бетін 90º-тан жергілікті жердің ендігін көрсететін бұрышты алып тастағандағы шама градусымен орнату керек. Сағат биіктігі бір метр таяққа орнатылады. Күн сағатының екінші түрі горизонталды күн сағаты.

Енді күн сағаты арқылы кез келген уақыт бойынша жергілікті жердің бойлығын оңай табуға болады. Радио арқылы қол сағатты дұрыстап алып оны бір сағат кейінге шегереміз. Күн сағатының көрсеткен уақытына қарап, біздің қолымыздағы сағат пен күн сағатының уақытының бірдей емес екенін байқаймыз. Екеуінің арасындағы айырманы табамыз да оны 15-ке көбейтеміз, не төртке бөлеміз. Сөйтіп, тұрған жеріміздің Мәскеуден градус бойынша қанша қашықтықта жатқанын табамыз. Егер тұрған жеріміз Мәскеуден шығыста жатса оған Мәскеу меридианын қосамыз, ал батыста жатса Мәскеудің меридианынан тапқан градус шаманы алып тастаймыз. Мысалы, уақытымен күн сағаты 11 болғанда (декреттік уақыты 12 болғанда) біздің тұрған жерімізде күн сағаты 1 сағат 30 минутты көрсетті дейік. Тұрған жеріміздің бойлығын

табу керек. Уақыттың айырмасы 2 сағат 30 минут. Бір сағатта 15º айырма барын білеміз, Мәскеуден қашықтық градустық шама 37,5º градус. (2 сағат х 15º=30º; 30:4=7,5.) Біз Мәскеуден шығыста жатырмыз, олай болса, Мәскеудің бойлығына қосамыз. Сонда 75ºшығыс бойлықта тұрған болып шығамыз.

Мұндай жұмыстар жүргізу арқылы оқушылыр сыныпта географиялық координат бойынша өткен практикалық жұмыстарды бекіте түседі және алған білімдерін іс жүзінде пайдалануға үйренеді. Осы әдістер арқылы әркім өзінің келген жерінің жергілікті географиялық координаттарын тауып алуға болады.

Әдебиеттер:

1. Ұ.Ә.Есназарова. Қазақстанның физикалық географиясын оқыту. Әдістемелік құрал. Алматы – 2004.
2. Ә.Бейсенова, Қ.Карпеков. Қазақстанның физикалық географиясы. Оқулық 8 – сынып. Алматы «Атамұра» 2004.
3.Т.М.Бенькович, Д.Л Бенькович. Опорные Конспекты в обучении географии России. Москва. «Просвещение» 1997.
4. А.В Егорина, Ю.К Зинченко, Е.С Зинченко. Физическая география Восточного Казахстана.Альфа- ПРЕСС Усть Каменогорск 2002.
5. И.В Душина, Е.А.Таможняя, В.Б Пятунин. Методика и технология обучения географии в школе. АСТ «Астрель» Москва 2002.

ӘӨЖ

ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Турекулова Дана Мухтарбековна
№15 Д.И.Менделеев атындағы мектеп-лицейінің
тарих-география пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматриваются использование познавательных игр и пути развития экологического образования и воспитания учащихся через народную педагогику

Summary

In this article is given information to use of cognitive games and the ways of development of environmental education and training of students through folk pedagogy.

Қоршаған ортаны және табиғатты білікті түрде пайдалана білу біздің дәуіріміздің ең басты мәселелерінің бірі болып отыр. Табиғатсыз адамның күні қараң. Адамзаттың тарихы, дамуы техникалық прогрестің жеделдеуі қоғам мен табиғат арасындағы өзара қатынасты барынша шиеленістіре түсетінін ескерте отырып К. Маркс «Мәдениет егер ол стихиялы дамыса, саналы бағытталмаса өзінен кейін шөл даланы ғана қалддырады» дейді. Бұл пікірдің айтылғанана сан жылдар өтсе де, ол сөз өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, қазіргі кезде адамзаттың өмір сүруі үшін аса маңызды мәнге ие болып отыр. Бүгінгі жер тағдыры – ел тағдыры болып отырған табиғатта болып жатқан дағдарыстан туған зардаптар әбден асқынған уақытта біз өзіміз қаласақ та, қаламасақта ата – бабаларымыздың атамекен, туған жер топырағы туралы түсініктеріне таным –

талғамдарына ой жүгіртетініміз сөзсіз. Ендеше ата – бабаларымыздың табиғатты қорғау туралы айтып кеткендерін еске түсіріп, терең ойлап, өз өмірімізде бұлжытпай орындап, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде пәрменді құралдардың бірі өсиеттерді білгеніміз жөн. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көзінің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі ұрпаққа үлгі - өнеге боларлық дана ұғымдар, мақал –мәтелдер, нақыл сөз, аңыз-әңгімелер арқылы жетіп отырған. Сондықтан әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педагогиканың асыл маржанына үнемі көңіл бөліп, оны тиімді пайдалана білуі тиіс. «Көзіңді қалдыр – бұлақ көзін ашып жүр,
өзіңді қалдыр – бақша өсіріп жаса нұр» деген ата –баба өсиетінде не деген көрегенділік, ақылдылық бар десеңші. Атамыз қазақ жол жүріп келе жатып, аға алмай жатқан бұлақ көрсе, атынан түсіп, көзін ашқан, сонда талайдан бұлқынып жер тепкілеп жатқан бұлақ көзі кеңіп, арна алып, қуана жар салып аға жөнелген. Қазіргі уақытта жас жеткіншектерге осындай ата – баба өсиеттерін жеткізіп, оларды ұғындыру бүгінгі мұғалімдердің басты мақсаты болу керек. Қай заман, қай ғасырда болсын қазақ халқы дәстүрінде табиғатқа тағылылықпен қарау деген болған емес. Қайта аң, құстардан бастап өсімдіктерге дейін жанашырлықпен қарап, табиғат тұнығын шайқауды обал, өсіп -өнуіне әсер етуді сауап санады. Мысалы ұлы ақын атамыз Абай 18 - қара сөзіндегі табиғат туралы философиялық ой – пікірлері, табиғат заңдылығын пайымдау алумен бірге оған байланысты ғылыми көзқарастарын да танытады. Ол табиғаттың бар байлығы адам баласына азық болып отырғандығын көрсете келіп, өскелең ұрпақты табиғат – ананы аялап, сүйе білуге шақырады. Халықтық педагогикада тәрбие құралдары болып табылатын мақал – мәтелдер, өсиет, нақыл сөздер, ырымдар мен тыйымдарды жүйелі түрде пайдалану баланы ағаттық жасаудан сақтандырып, адамгершілік қасиетке тәрбиелейді. Табиғатты қорғауға байланысты мәнді мақал – мәтелдерді орынды пайдаланған ұстаз – баланы табиғатты сүюге тәрбиелейді.

Мысалы өсімдіктер туралы: *«Қыз елдің көркі, орман-тоғай жердің көркі», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бір тал кессең, он тал ек», «Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады», «Көкті себепсіз жұлма, көктей соларсың», «Қыз елдің көркі, гүл жердің көркі», «Тау бұлағымен көрікті, бұлақ құрағымен көрікті»*, ал су қадірі туралы: *«Судың да сұрауы бар», «Су-тіршілік тіregі», «Сулы жер, нулы жер», «Су бар жерде өмір бар», «Су бергеннің сауабы бар, су төккенің жауабы бар», «Су анасы – бұлақ», ал жер қадірі туралы: «Жері байдың елі бай», «Туған жердің топырағы да ыстық», «Ер жігіт туған жеріне, ит тойған жеріне»,* табиғат туралы: *«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ», «Қара жерге не ексең соны орасың, табиғаттан алсаң- қарыз боласың»* деген өсиет сөздерді сабақта кеңінен қолдану керек. Табиғатты қорғау, күту туралы: *«Бұлақ көрсең көзін аш», «Жылап тұрып арық қазсаң, күліп жүріп су ішерсің», «Күте білсең – жер жомарт», «Қара жер қарыз арқаламайды», «Бір тал ағаш өсірсең,еңбегіңнің жанғаны, абзал перзент өсірсең басыңа бақ қонғаны»,*

«Сауаптың ең үлкені- шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған және жолға ағаш еккен» деген сияқты мақал- мәтелдерді жаттату, ел жинау, оларды түрлі сынып сағаттары мен кештерде, түрлі жарыстарда қолдана білуге үйрету, мұғалімдердің міндеті. Бұл міндетті шешу табиғатты қорғау ісіне өз көмегін тигізеді. Сонымен қатар экологиялық тәрбие беруде ойын элементтерін де қолдану керек. Ойын баланың ой-өрісін дамытады. Көптеген ойын түрлері баланы шынықтырып, жылдамдығын арттыруға, табиғатпен сырласуға шақырады. Табиғат аясына шыққан кезде мынадай ойынды ойнатуға болады: 1.әріптерді таратып береміз де сол әріптен басталатын табиғи заттарды тез тауып келіңдер деген тапсырма беру керек. Мысалы: а-ағаш, алма, б-бұтақ, ж-жапырақ, жусан, жалбыз, г-гүл, т-тас, топырақ т.б. Енді тапқан затыңа сипаттама бер, оның адамзатқа тигізер пайдасы мен оны қорғау шаралары туралы айтып бер немесе жазып кел деп үйге тапсырма беруге болады. 2. Мақал- мәтел жарысы: оқушыларды топқа бөліп, табиғатқа оны қорғауға байланысты мақал- мәтел айтудан жарыстырамыз бірінші топ бір шумағын, ал келесі топ екінші шумағын айтуы керек. 3. Бұл ойынды қыз қуу ойыны ретінде бір ұл мен бір қызды ортаға шығарып жарыстырып ойнатуға да болады. 4. Жұмбақ жарысы: оқушыларды топқа бөліп, бір-біріне жұмбақ жасырып ойнатамыз. Жоғарғы сынып оқушыларына адамзаттың ғаламдық проблемаларының негізгісі экологиялық проблемаларға байланысты рефераттар дайындап келуге тапсырма беру керек. Рефераттың тақырыбын оқушы өзі таңдауына да, мұғалім беруіне де болады. Экологиялық ойлай білу жүйесін оқушыларда қалыптастыру мұғалімнің міндеті болып табылады. Осы міндетті орындау үшін мұғалім жыл бойы жоспарлы түрде экологиялық танымдық ойын сабақтарын, экологиялық тақырыптарға арналған конференция, семинар сабақтарын, эколог мамандарды шақырып кездесу өткізіп, өндіріс орындарына экскурция ұйымдастырып, оны қорытындылап тұру керек. Міне, осындай жұмыстар жас ұрпақтың бойында экологиялық білім жүйесі мен мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді. Өзімен бірге жүз мыңдаған құрбандық әкеткен алапат жер сілкіністері мен су тасқындары орта ғасырлар мен салыстырған кезде, соңғы уақытта 5-7 есе жиілепті. Табиғаттың мұндай тосын мінезі адамдардың аяусыз қатігездігі мен тойымсыз ашқарақтығына қарсылығы секілді. Сондықтан, өзімізді қоршаған табиғат байлығын қалыпты жағдайда ұстау - әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз. Біз бұл міндетті жас ұрпаққа жеткізе білуіміз керек.

Әдебиеттер:

1. К.Ж.Бұзаубақова.Мектептік экология негіздері. Тараз 2000. М.Х. Дулати атындағы Тар МУ баспаханасы
2. География және табиғат журналы 2008 №3
3. География және табиғат журналы 2007 №1
4. М. Шаханов. Ш Айтматов. Құз басындағы аңшының зары.1999. Алматы.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚСТАН ТАБИҒАТЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Дауренбекова Есенкүл Молдашқызы
№78 жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме
Данная работа всесторонно изучает и анализирует экологическую обстановку Казахстана.
Summary
The work points out and analyze ecological conditions of Kazakhstan

Табиғат - адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас қазынасы. Адам табиғаттың туындысы ретінде біте қайнасып, өміріне қажетті азық қорын осыдан алады. Биологиялық түр ретінде алғашқы адамдар табиғат ресурстарын тұрпайы күйінде пайдаланып келді. Бертін келе, саналы түрде үй шаруашылығымен айналысып, өсімдіктерді баптап өсіріп, жануарлардың кейбір түрлерін қолға үйретті.

Адам баласының саны артқан сайын табиғат байлықтарын пайдалану еселеп өсті. Енді бос жатқан жердің, судың иесі табылып одан әрі жер мен оның байлығы үшін талас-тартыс өрбіді. Осының бәрі табиғатқа бұрын-соңды болмаған шығын әкелді. Алғашында табиғат қорлары сарқылмайтын сияқты көрінгенімен, бірте-бірте оның қоры *таусыла* бастағанын адам баласы сезінді. Мысалы, дүние жүзіндегі орман қоры 40 млн., км^2 деп есептесек, оның соңғы 150 жыл ішінде 35 %- ы кесілген екен. Соңғы ғасырда өмір сүрген адамзат қауымдастығы табиғатты қорғау қажет екенін түсіне бастады. Ол үшін табиғат қорларын есепке алып, оны тиімді пайдалану керектігін ұғынды. Табиғат қорғау туралы маңызды құжаттар қабылданып, оның ғылыми негіздері қаланды.

Табиғат корғау дегеніміз табиғат ресурстарын пайдалану барысында оның тиімді жолдарын іздеу, қайта түлету, сол сияқты бүліну, ластану жолдарына қарсы бағытталған халықаралық мемлекеттік және қоғамдық ауқымдағы іс-шаралар жатады.

Әрбір мемлекеттің ұлттың табиғат қорғау барысында ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлері бар. Олардың негізін қалаушы ата-бабаларымыздың ой-өрісінен туындаған аңыздар мен ақиқаттар - өмір тәжірибелері.

Сондықтан да түз тағысы киікті киелі, жер мен суын қасиетті деп, жас ұрпағына түсіндірген ата-бабамыз табиғаттың қадіріне жете білген. Шұрайлы жайылымын, орман-тоғайын, өзен-көлін пайдаланып әрі оны қорғауды мақсат еткен.

Табиғат қорғаудағы негізгі мақсат - оның байлығын тиімді пайдалана отырып, болашақ ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу. Ол үшін біз табиғат қорларын жете білуіміз қажет.

Табиғат қорлары сарқылмайтын жәнс сарқылатын болып екіге бөлінеді. Сарқылмайтын қорлар адам баласына тәуелсіз болып келеді. Соның бірі - су.

Жер шарындағы судың үлесі барлық жердің 2/3 алып жатыр. Сондықтан оның қоры үздіксіз айналымға түсіп, қалпына келіп отырады. Ал экожүйелердің таралуы уақыт пен кеңістікке қатысты салыстырмалы түрдегі айлағаны объектілер.

Сарқылатын қорлар өз кезегінде қалпына келетін және қалпына келмейтін деп жіктеледі. Мысалы, қазба байлықтар, мұнай, көмір қорлары қалпына келмейтін байлық көзіне жатады. Сарқылатын қорларды адам баласының өте ұқыпты түрде пайдалануы болашақ ұрпақтың қамын ойлағаны.

Қалпына келетін қорлар да адамның ақыл-ойына тәуелді болады. Олар - топырақ, өсімдік пен жануарлар әлемі. Аталған қорларды барынша пайдалану, біржола жойып жіберуге апарады. Мысалы, адам баласының теріс іс-әрекетінен жер бетіндегі аңдардың 106, құстардың 139 түрі бір жола құрып кеткен. Тіптен, қазақ даласында тіршілік еткен жабайы түйе, құлан, жабайы жылқы, жолбарыстар бүгінде жоқ. Ал өсімдіктер мен жануарларды, топырақты ұзақ уақыт сақтап қалуға мүмкіндік бар. Ол үшін табиғат қорларын қорғаудың барлық шараларын қолдану керек. Топырақ қарашіріндісінің түзілуі өте ұзақ - мыңдаған жылдарға созылады, ал оның бүлінуі әп-сәтте. Осыған орай адам баласы топырақтың құнарлығын сақтау үшін агротехникалық шараларды дұрыс қолданып, қосымша органикалық минералды тыңайтқыштар беріп отырады. Топырақтың тозуы көптеген антропогендік факторларға байланысты. Соның негізгілері - тонырақ эрозиясы, тозуы, шөлге айналу және ластану. Осының бәріне де адамның іс-әрекеті себепші.

Соңғы жылдары жер шарындағы барлық табиғат қорлары бұрын-соңды болмаған антропогендік өзгерістерге ұшырап отыр. Олардың ең бастысы - әлемдік климаттағы өзгерістер. Күн мен жел энергиясы сарқылмайтын қор болғанымен, өнеркәсіптің қарқындап дамуына байланысты ауаға зиянды газдар, шаңдар көтеріп, адамдардың денсаулығына қауіп төндіруде. Бұл апатты құбылыстар өнеркәсібі шоғырланған ірі қалаларда өріс алып отыр. Ауа кеңістігінің ластануы дүниежүзілік мұхиттар мен теңіздерге де өз ықпалын тигізуде.

Өркениетті елдер сияқты біздің республикамызда да табиғат қорғауға көп көңіл бөлініп отыр. 1997 жылы "Қоршаған ортаны қорғау туралы заң" қабылданды. Заңның негізгі мақсаты еліміздің табиғатын қорғау мен оның байлығын халық қазынасы ретінде болашақ ұрпақтардың салтанатты өмірі үшін сақтау.

Табиғат қорғау заңын орындау негізгі ұстанымдары мен ережелеріне негізделген.

Табиғат қорғаудың бірінші ұстанымы. Табиғат байлықтарын пайдалануды тұтынушылардың мақсатын ескере отырып жүзеге асыру. Мысалы, орман тек құрылыс материалы емес, ол ауа райын реттеуші, ылғал көзі, дәрі-дәрмек, аң мен құстың мекені, топырақты қорғаушы және адам үшін денсаулық кепілі екенін ескеру қажет.

Табиғат қорғаудың екінші ұстанымы. Табиғат байлықтарын пайдалану барысында оның жергілікті жер үшін маңызы мен қорын қатаң есепке алу. Бұл

әсіресе орман, су қоры үшін қажет. Мысалы, Әмудария мен Сырдария өзендерін ауыл шаруашылығына барынша пайдаланып, оның Арал теңізі үшін маңызы ескерілмеді. Нәтижесінде Арал теңізінің біржола құрып кету қаупі төніп тұр.

Табиғат қорғаудың үшінші ұстанымы. Табиғат қорларын пайдаланғанда олардың бір-бірімен байланысты екендігін есте сақтау керек. Яғни, табиғаттың тарихи-табиғи байланысын, тепе-теңдік процесін бұзбау деген сөз. Мысалы, Семей өңіріндегі Шыңғыстау ормандарының құрылыс үшін кесілуі - осы өңірді аң-құсы мен шұрайлы жайылымынан айырды.

Қорыта айтқанда, адам баласы табиғат қорларын пайдаланбай өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан табиғат қорларын ғылыми негізде, қайта түлете отырып пайдалану және қорғау мақсат етіліп қойылуы тиіс. Табиғат заңдарында көрсетілген ұстанымдар мен ережелерді орындау әрбір азаматтың міндетті борышы.

Экология мен табиғат қорғау ғылымдары бірін-бірі толықтырып отырады. Экология ғылымы табиғатты тиімді пайдалану мен қорғаудың ғылыми-теориялық негізін жасайды. Сонымен бірге табиғат ресурстары мен оның құраушыларында экологиялық факторларды қоршаған ортамен және адамның іс-әрекетімен байлалыстыра отырып зерттеп, оны жүзеге асырудың негізгі тұжырымдары бекітіледі. Ал табиғат қорғау ғылымы -экология ғылымының негізгі тұжырымдарын жүзеге асыратын мемлекеттік немесе қоғамдық игі істер жиынтығы. Экология мен табиғат қорғау ғылымдары бір-бірімен үйлесімді әрекет еткенде ғана табиғат апаттарына жол бермейді. Нәтижесінде, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен оны қорғаудың жоспары жүзеге асады. Сондықтан "табиғат қорғау" ұғымының мәні зор. "Табиғат қорғау" ұғымына жақын "қоршаған ортаны қорғау" ұғымы да жиі қолданылады. Ол адам баласының қоршаған табиғи ортаны әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қорғаудың жиынтығы. Адам баласы табиғат қорғауды жүзеге асыру үшін табиғатты тиімді пайдалану жүйесі бойынша жұмыстар атқарады. Ал табиғатты тиімді пайдалану - табиғат ресурстарын пайдалану мен оны қайта түлетудің ең ұтымды әрі адамға пайдалы технологиясы.

Адам баласы табиғатты қорғау үшін оның заңдылықтары мен негізгі ұстанымдарын білуге міндетті:

1. Биосфера шегінде барлық тірі организмдер бір-бірімен байланысты және қарым-қатынас жағдайында ғана тіршілік етуге бейімделген. Бұл байланыстардың біреуінің бұзылуы табиғаттағы тепе-теңдікке өзгерістер әкелуі мүмкін. Сондықтан адам баласы әрбір табиғат құрауыштарының орта мен табиғи экожүйедегі рөлін білуі тиіс.
2. Табиғатта ешбір зат жоғалып кетпейді. Егер адам баласы жаңа бір затты дүниеге әкелсе оны жоюдың да жолын ойлауы керек. Ол зат табиғи айналымға түсуі тиіс. Мысалы, адам полиэтиленді ойлап тапты. Полиэтилен табиғатта айналымға түспейді. Себебі, оны ыдыратын редуцент (бактерия) жоқ. Осыдан барып жер бетінде қоқсықтар көбеюде.

3. Заттардағы барлық өзгерістер энергия жұмсаумен жүзеге асады. Яғни, энергияның сақталу заңы бойынша жұмыс істейді. Сол үшін адам баласы табиғатты пайдаланған кезде оны өндіру мен қайта түлетуді үйлестіре отырып, адам мен табиғаттың қауіпсіздігін сақтауы керек.
4. Табиғаттағы экожүйелер мен ондағы қарым-қатынастар ұзақ жылғы тұрақты даму эволюциясының жемісі. Сондықтан адам баласы оны бұзбауы керек. Ал бұзған жағдайда қайтымсыз экологиялық апаттарға алып келуі мүмкін. Осыған орай табиғат қорғау ғылымы алдында бірнеше маңызды міндеттер тұр:
а) өндірісті, өнеркәсіпті және агрокешендерді игеру кезінде табиғатқа түсетін салмақ ең аз мөлшерде болуы керек;
ә) өндіріс пен өнеркәсіп салаларын ұйымдастыру кезінде адам баласы мен табиғат арасында экологиялық қауіпсіздік сақталуы тиіс;
б) табиғат, ресурстарын игеру кезінде оның қоршаған ортаға пайдалы әсеріне көңіл бөлінуі керек;
в) табиғат ресурстарын сол қалпында сақтау үшін қорықтар, қорыққорлар, ұлттық саябақтар мен басқа да ерекше қорғалатын объектілерді көбейту қажет;
г) қоршаған орта мен адам баласының денсаулығын сақтау үшін экологиялық қауіпсіздік шаралары қадағаланып отырады.

Табиғат міндеттері мен ұстанымдарын жүзеге асыру алдын ала ескерту және нақты шешім қабылдау арқылы анықталады.

Алдын ала ескерту шаралары белгілі бір аймақтағы табиғат объектілерін анықтап, оны қорғау мен қалпына келтіруді жоспарлап отырады.

Нақты шешім қабылдау шаралары - табиғаттағы адамның іс-әрекетінен бүлінген немесе ластанған, жарамсызданған объектіні қалпына келтіру немесе жою жұмыстары. Мысалы, ауаның ластануы, топырақ эрозиясы, орманның қырқылуы, т.б.

Табиғатты қорғаудың тағы бір мақсаты - экологиялық кауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ол қазіргі және болашақ ұрпақтың салауатты өмір сүруі үшін адамның теріс іс-әрекеттерін шектеу және табиғаттағы төтенше апаттарды болдырмау. Оны жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Конституциясы және табиғат қорғау заңдары.

Табиғатты қорғауды жүзеге асырудың негізгі бағыттары. Табиғат қорғаудың негізгі бағыттарын білу әрбір азаматтың міндеті болып саналады. Олардың негізгілерін қарастырамыз.
1. Жекелеген өндіріс орындары мен өнеркәсіптерді, агроэкологиялық кешендерді игеруде қазіргі заманғы ғылым мен техника жаңалықтарын пайдалану. Өндіріске аз қалдықты немесе қалдықсыз технологияны енгізу.
2. Экологиялық заңдардың орындалуын үнемі қадағалау.
3. Ірі құрылыстарды, өнеркәсіп кешендерін т.б. объектілерді салуда экологиялық сараптама жасау.
4. Табиғи биоценоздарды сақтап қалу үшін қорықтар, корыққорлар, ұлттық саябақтар, табиғат ескерткіштері, т.б. ұйымдастыру.
5. Табиғат қорғау мәселелері бойынша халықаралық, мемлекеттік деңгейлерде ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумдар ұйымдастыру.

6. Көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру және экологиялық әдеп пен мәдениетті қалыптастыру.
7. Табиғат қорғау мәселелерін шешу жолдары, оның барысы туралы үнемі үгіт-насихат және ақпарат жүйесін ұйымдастыру.
8. Жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру әрбір азаматтың міндеті мен борышы болып саналады. Сонда ғана біз туған өлкеміздің табиғатын өз қалпында сақтап қалуға немесе қайта түлетуге үлес қоса аламыз.

Қорыта айтқанда, табиғат қорғау және экология ғылымдарының түпкі мақсаты - табиғатты қорғау. Табиғат қорғаудың алдына қойған мақсаты мен міндеттері айқын. Табиғат қорғауды жүзеге асыру үшін оның негізгі бағыттарын, заңдарын, ұстанымдарын білу әрбір азаматтың борышы болып саналады. Біздің елімізде табиғат қорғау мемлекеттік заңдармен қорғалады.

Әдебиеттер:

1. Иманберлиева С. Экологиялық білім беру. Қазақстан мектебі 1993, №6.
2. Табиғатты қорғау. Қазақ Совет энциклопедиясы 10 т.
3. Қазақстан жерінің географиялық зерттеу тарихы. Қазақ Совет энциклопедиясы. Энциклопедиялық анықтама.
4. Экология негіздері: оқу құралы. Ә.Бейсенова., Ж.Шілдебаев.
5. Экология және табиғат қорғау 8-сынып. Алматы 2001. Г.Б.Бейсеева., Ж.Шілдебаев., Т.Е.Қозыбаева., Б.Қ.Қозыханова., Ә.Бейсенова.

ӘӨЖ

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БІЛІМ АЛУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Дуйсебаева Галия Сламхановна

Шымкент қаласы, №4 Х.Досмұхамедов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме

В статье рассматриваются роль практических работ на уроках географии

Summary

The article discusses the role of practical work in teaching geography in education

Қазақстан Республикасы егемендіктен соң тарихи тамыры бір, тілі мен діні және ұлттық санасы мен тілі бір Орталық Азия елдерінің ішінде, тіпті ТМД құрамындағы елдер арасында экономикалық өркендеудің жаңа үлгісін көрсете білді. Бұл өркендеу тек қана экономикалық жақтан ғана емес, мәдени, рухани, әлеуметтік және дінаралық, сондай-ақ халықаралық саяси деңгейден де көрініс тапты. Ел ішіндегі халықтар достығы жақсы сақталды.

Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер — тарихи объективті процестер. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат - білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады.

География ғылымы өзінің даму жолында үш кезеңнен өтті.

1. Баяндаушы (описательный) кезең.

2. Түсіндірмелі (объяснительный) кезең.

3. Қазіргі конструктивті өзгертуші (конструкгивно-преобразовательный) кезең.

Конструктивті география — табиғат пен қоғам арасындағы әрекетті түсіндіретін, табиғатты ұтымды пайдалану жолдарын қарастыратын бағыты. Географияның бұл бағытын зерттеген ғалымдарға И.Г.Герасимов, В.С. Преображенский, В.В. Максаковский, В.М. Лаппо, т.б. жатады. Конструктивті географияның зерттеу сферасы бүгінгі танда кешеңді физикалық географиямен тығыз байланысты. бұл дәстүрлі жоспарлау алдындағы картографиялау және табиғи ландшафтардың инвентаризациясы (тізімге алу), олардың қайта өзгеруі, қолданылуы, сақталынуы, территориялық жіктелу іс-шаралар сияқты негіздері.

Кейінгі кезде географтар тораптар, қалалар, рекреациялық аудандар, табиғатты қорғауға бағытталған іс-шаралар жүйесін жобалауға арналған көптеген әдістемелер, нұсқаулар, кепілдемелер, нормалар және ережелер әзірлеуге кірісті. Мұндай жобалаудың мысалы ретінде табиғатты қорғаудың аймақтық кешенді сызбанұсқаларын қарастыруға болады.

Конструктивті географиялық зерттеулерде маңызды орынды бағалау алады. Кез келген шаруашылық іс-әрекеті үшін геожүйенің пайдалылық дәрежесін анықтауды технологиялық бағалау деп атайды. Мұндай бағалау географиялық жоспарлау мен жобалауда кеңінен қолданылады.

Антропогеңді әсер етудің салдарына қатысты экономикалық және экономикадан тыс бағалау бар. Экономикалық бағалау деп экономикалық іс-әрекет ауқымындағы салдарды бағалауды, сондай-ақ түрлі салдардың бүтіндей айқындалуын (мысалы, шығынның алдын алу немссс орнын толтыру, адам денсаулығын, табиғатты қорғау іс-шараларына жұмсалған шығын) түсінеміз. Түрлі әрекеттерде пайда болатын салдардың экономикадан тыс бағамы бағалаудан басқа (аурудың көбеюі немесе азаюы) кез келген түрде анықталады. Ол әлеуметтік, медициналық, биологиялық және биоэкологиялық салдарды қамтиды.

Географиялық жоспарлау мен жобалаудың барлық кезендері үшін географиялық болжаудың рөлі зор.

Болжау — географиялық жүйелердің болашағы, олардың негізгі қасиеттері мен ауыспалы күйлері туралы ғылыми ұсыныстар. Болжау болжанатын геожүйелердің тарихын білу мен оның болашақ даму тенденцияларының сараптамасына негізделген.

Қазір болжау тәжірибесі гидрология, метеорология және климатология сияқты гсографиялық ғылымдарда кеңінен тараған. Олар геофизикалық үрдістерді сандық анализге негізделген әдістер жүйесін құрайды. Географиялық болжау практикасына аса қажет кешенді болжау әдістері, яғни болашақ табиғи кешендер, аймақтық өндірістік кешендер, аймақтық жүйелердің даму болашағын алдын ала айту.

Болжауды құруда жалпы географиялық зерттеулер мен (салыстырмалы, тарихи және т.б.) қатар жеке әдістер де қолданылады, мысалы аналогиялар

(ұқсастық) әдісі мен экстраполяциялық әдісі. Математикалық модельдеудің жаңа әдістері маңызды болып келеді. Болжау жасау үшін кең әрі нақты ақпарат қажет. Сондай-ақ болжанатын геожүйелердің элементтерінің арасындағы байланысты жетік білу, олардың өзгеру зандылықтарын да жақсы білу қажет.

Соңғы жылдары географтардың айрықша зейіні мониторинг жүйесін жасауға, яғни, геожүйелердің жағдайларын бақылау мен бағдарлауға бағытталып отыр. Мониторинг деректері жобаланған, жоспарланған сипаттамалардың даму жүйесінің қатты ауытқуларын уақытында байқауды немесе оның қызмет ету режиміндегі қауіпті бұзылуларды дер кезінде анықтауға арналған. Жүйеге әсер ететін факторлар деректері мұндай ауытқулардың себебін табуға немесе ұсыныс жасауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі танда жер бетіндегі болып жатқан өзгерістерге, экологиялық апаттарға әсер етуші басты фактор — антропогендік фактор. Ландшафтқа антропогендік әсердің артуына байланысты ландшафтанушылардың алдында тек теориялық-методологиялық жағынан емес, табиғатты дұрыс пайдалану мәселесі қойылып отыр.

Қазақстан жерінде антропогендік әсерлер салдарынан ландшафтың табиғи келбеті түбегейлі өзгеріп, ландшафтаралық ішкі байланыстар бұзылуда. Ландшафтаралық байланыстардың бұзылуы адам өміріне, оның денсаулығына, жергілікті жер климатының өзгеруіне әкеліп, экологиялық проблемаларды туғызып отыр. Бұл өз кезегінде қоршаған ортадағы табиғи кері әсерлердің күрт өсуіне, топырақ эрозиясына құм көшуіне, олардың тұздалуына, жайылымдардағы өсімдіктер жамылғысының күрт нашарлауына және т.б.жағдайларға әкелді. Мұндай ауыр экологиялық жағдайдың қалыптасуы, негізінен, бұл жерлерде антропогендік әсерлердің шамадан тыс дамуының нәтижесінде, соны мен қатар табиғатты үнемді пайдаланудың ғылыми тұрғыдан қарастырылмауы, ауыл шаруашылығының күрделі де тез дамып отырған салаларына және де кен өндіруде интенсивті жолдың дамуын дұрыс баға берілмеуінен болып отыр. Сондықтан біз жер ресурстарын бағалаудың ландшафтық-экологиялық тәсіліне көңіл бөлуіміз керек.

Әдебиеттер:

1. Қожахмет М. «Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы»: Оқу Құралы. Қарағанды, 2006ж.

2. Қожахмет М. «Экономикалық және әлеуметтік географияға кіріспе»: Оқу құралы. Қарағанды: Қарму баспасы, 1997ж.

ӘӨЖ

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оразымбетова Акнур Ерболовна
Шымкент қаласы, №137 жалпы орта білім беретін мектебінің
география пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы охраны природы.

Summary

This article deals with the problems of nature concervation

Экологияның практикалық нәтижесі, ең алдымен табиғатты пайдалану мәселелерін шешуден бастау алады.

Экология қарастыратын басты мәселелерді айқындап алғаннан соң, оның қоршаған ортаны қорғауын, бүлдірмаей сақтауды қалай жүзеге асыратындығын әңгіме етелік.

Табиғат деген ұғымды, біз өзімізді қоршаған орта – тау-тас, өзен-көл, жан-жануар, өсімдіктер және т.б. заттардан тұратын дүниелер деп түсінеміз. Ал енді, бұған өзгеше бір кең мағынада анықтама берсек, *табиғат* дегеніміз – адамзат қоғамы тіршілік ететін материалды-энергетикалық және бүкіләлемдік информациялық дүниелер жиыны. Берілген анықтамалардан табиғат дегеніміз – тек жер мекендейтін адамзат, жан-жануарлар, өсімдіктер дүниесі ғана емес, сонымен қатар, жансыз дүниелер де, оның ішінде – литосфера, энергетикалық қор, пайдалы кен қазбалары кіретін дүние әлемі екендігі көрінеді.

Бұл мәселеде айтылғандармен қатар, екінші дүние (вторая природа) деген де түсінік бар. Бұл ұғым боынша, адамзат жолымен, еңбегімен жасалған дүниеліктердің бәрі – соңғы түсінікке жатады. Яғни, жайқалған, егістік алқабынан бастап, қаламсапқа дейін «екінші дүниелік» заттары болып табылады. « Екінші дүние » заттары да табиғат еншісі болып табылғандықтан, олардың табиғат ұғымына кіретініне ешкім шек келтіре қоймас.

Адамдардың табиғатқа тигізетін әсерлері және олардың салдары әртүрлі болады. Олардың кейбіреулері шағын аумақты алуы мүмкін. Мысалы, өзендерге салынған плотина, кішкене көлшік-тердің пайда болуына, сол аумақта су деңгейінің жоғарылауына, ал кейбір шұрайлы аймақтың тіптен су астында қалып қоюына әкеліп соғады.

Орман ағаштардың көптеп кесілуі, сол аумақтағы су көздерінің жойылып кетуіне әкеліп соғады, ал үлкен су қоймаларын жасау сол жердің ауа-райының өзгеруіне әсер етеді. (ол судың үлкен ау-мақта буланuынан болады).

Түптеп келгенде, адамдардың іс-әрекетінің әсерінен биосферада көптеген өзгерістер болады, олар: өсімдіктер және жануарлар әлемінің

өзгеруі, топырақтың және ауаның құрамының өзгеруі, су қорларының өзгеруі, ауа райының өзгеруі, жер рельефінің өзгеруі.

Экология қамтитын проблемалар өте күрделі әрі көп қырлы. Дұрыс шешімін табу үшін – жаратылыстану, техникалық, қоғамтану және т.б. ғылым салалары қатысуы қажет. Осы күнге дейін, әр ғылым өзіне таныс, түсінікті прблеманы бөліп алып, жеке зерттеп келді. Осылайша біртұтас, бір жүйеге жататын үлкен мәселе еріксіз бөлшектеніп, жан-жақты зерттелмей, ғылыми тұрғыдан негізделмей, ұштастырылмаған жұмыстар жиыны болып келді. Қоршаған ортаға байланысты емес, әрі жекедара зерттелгендіктен, ғалымдардың ұсыныстары-қайшылықтары көп және ортаның бір бөлігіне пайдалы болса, басқасына зиянды болып жатты. Сол себептен, табиғи ортаның жағдайы жақсару орнына, күннен күнге нашарлауы орын алып отыр.

Өндірістік мекемелер және жылу энергетикалық қондырғылар, тасымал машиналар т.б. қоршаған ортамен өзара үйлеспеуі, табиғатқа жан-жақты әсерін тигізіп, түрлі зиянды өзгерістер туғызады. Олар: әртүрлі химиялық заттар мен қосылыстардың, радияцияның, әртүрлі шулардың табиғи ортаға тарауы. Басқаша айтқанда, ақыл-ойдың құдіреті дүниеге келтірген ғажайып техникалық құралдыр – табиғатты бүлдірмей, қайта оны сақтауға, гүлдендіре түсуге тиіс. Ал, нақты өмірде солай болып отыр ма? Өндірістің құрал-жабдықтарын әбден жетілдіріп, табиғат байлықтарын игерген адам, енді сол табиғаттың өзін жүдетіп жібергенін де байқамай қалды. Қазір атмосфера ластанған, топырақ тозған, өзендердің өзегі талып, суы тартылған, әрі уланған. «Табиғатты бас игіздік, жеңдік» деп даурығып жүріп, өзімізге өзіміз қастық жасадық. Соның бір куәсі – Арал апаты Аралдың алтын өзегі Амударияның Сырдариянның суын жырымдап, «мақта суарамыз, күріш өсіреміз» – деп бұра тартып жүріп, табиғатқа қиянат жасадық. Жауапсыздықтың, қырсыздықтың неге әкеліп соққанын қараңыз: теңіз деңгейі ондаған метрге төмендеп, суы тартылған, жағалауы құлазыған. Суы кепкен теңіз түбінен, бүгінгі күні тұзды құйын көтерілген, ол тек Арал өңірі ғана емес, мыңдаған шақырым жерлерге жетіп, тұз жаудыратын халге жетті. Арал аймағында өлім-жітім екі есеге дейін көтерілді. Жаңа туған нәрестелердің 80-90%-і дімкәс болып туатын болды. Бұл өңірде, сүзектен ауыратындар отыз есе, сарыауруға шалдыққандар саны жетпіс есе көбейіп кетті.

Адам әсерінен болған табиғаттағы зиянды өзгерістер, өте алыс жерлерге де әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы, Ұлыбритания заводтарының газдары мен түтіндері Швейциядағы орман ағаштарының жойылуына, көлдері мен өзендерінің ластануына, жеміс-жидектердің сапасының төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

Чернобыльда болған апатты шет мемлекеттің ғалымдары әлемге бірінші болып хабарлаған. Олар, ауадағы радиация фонының кенеттен өсіп кетуін арнай аспаптарда тіркеп, атом электростанциясында

болған апатты жария етті. Бұл жағдай 26 сәірде болса, ал біздің елімізде ол туралы хабарды, тек 6 мамыр күні айтуға мәжбүр болған.

Ащы болса да, шындық солай. Сондықтан, табиғатты қорғау, сақтап қалу міндеті – ғаламдық мәселелерге айналып отыр.

Дүниеге құдіретімізді жүргіземіз, олдан теңіз жасаймыз деп жүріп Іленің суын шаштық, Балқашты шөліркеттік. Ақыл-ойымыздың жаңсақ басқан мұндай мысалдары өте көп.

Қорыта келгенде, жан ашымастық пен қырсыздықтың салдары – *аймақтық және глобальдық* экологиялық проблемаларға шалдықтыратыны аян.

Сондықтан, табиғат қорғау, қоршаған орта тазалығы үшін күрес, табиғат байлығын ұқыпты пайдалану мәселелері мемлекеттік саясат деңгейінде қаралып отырғаны әбден заңды. Сондықтан да, экологиялық мәдениетке ие болып, табиғатқа туған ансындай аяулы сезіммен қарау – әрбір азаматтың абыройлы борышы.

Соңғы кезде, “ инженерлік экология ”, “ өнеркәсіп экологиясы ”, “техникалық экология” деген ұғымдар кең айтылып жүр. Мысалы,“инженерлік экология ” деп – қоршаған орта сапасын өндіріс дамуына тәуелсіз, жақсы қалпында сақтап қалуға арналған инженерлі-техникалық шаралар жүйесі айтылады. Алайда, әңгіме екі түрлі мәселелер туралы болады. Демек мәселе экологияның жаңа бір саласы туралы емес, бар болғаны қоршаған табиғи ортаны инженерлік ілім жетістіктерін пайдаланып қорғау немесе оның сол сапалы күйін сақтап қалу туралы болғаны. Олай болса, экология ғылымының, негізінен, техникалық сипатынан гөрі пәнаралық мәні басым және экологиялық мәселелерді сол тұрғыдан қарағанда ғана оны дұрыс шешуге болады. Басқаша айтсақ, әрбір адамға экологиялық ойлау қабілеті қажет.

Адамзат қоғамы тіршілік ету барысында, өзін қоршаған табиғи орта дүниеліктерін пайдаланып, оларды кәдесіне жаратады; әртүрлі өңдеу орындары болып табылатын фабрика өнеркәсіп мекемелерін салады. Жер қойнауындағы шикізаттарда және кен-қазбалардан керекті заттар өндіру барысында қажетсіз өндіріс қалдықтары пайда болады және бұларды *ксенобиотиктер* (грек тілінен “ксенос” – бөтен өзге; “биос” – тіршілік, өмір) деп атайды.

Жер бетінде тіршілік иелерінің даму эволюциясы кезінде аталған заттар болмаған және ксенобиотиктер өнеркәсіп өндіріс нәтижесінде ғана пайда болған. Мысалы, металлургия өнеркәсібі пайда болғанға дейін табиғатта таза металдар ұшыраспаған. Химия өнеркәсібінің нәтижесінде фреондар, пестицидтер, органикалық заттар алу барысында пайда болатын өндіріс қалдықтары қаншама. Табиғатта ұшырасатын кейбір заттар ксенобиотиктер қатарына жатпағанымен, олардың су қоймаларында, ауада топырақ құрамында артық мөлшерде кездесуі

зиянды болып табылады. Мысалы, озон, фенол, көмір қышқыл газы, күкіртті ангидрид және т.б. қосылыстар. Бұларға іштен жану двигательдерінде бензин жану барысында түзілген газының (CO) ауаны ластайды. Осы ксенобиотиктер тірі организм клеткаларына түссе, ондағы метаболизм құрылысы бұзылады, нәтижесінде организм жағдайын нашарлатады.

Әдебиеттер:

1. Бейсенова Ә.С. Экология Алматы 2001.
2. Мамбетқазиев Е.,Сыбанбеков Қ.Табиғатты қорғау. - Алматы. Қайнар,1990
3. Реймерс Н.Ф. Экология.М. 1994
4. Жатканбаев Ж.Ж. Экология негіздері. 2003

ӘӨЖ

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Бекбосынов Орынхан Усенович

№55 Жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается формирование познавательной деятельности учащихся на уроках географии в условиях обновленного содержания образования

Summary

In this article is given information about the formation of cognitive activity of learnerss in geography lessons in Updated Curriculum

География пәні – өзіндік ерекшелігі бар пән. Ол жалпы құрлық – жер бетін, планетамызды, ондағы тіршілік ететін өсімдік – жануарлар дүниесін, жер бедерін, байлығын және өмір сүріп отырған бірнеше мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың тіршілігін зерттеп үйретететін ғылым. Сондықтан, география пәні мұғалімі болу деген сөз – кең көлемді, терең білімді, есте сақтау қабілеті күшті, мазмұн – табиғаты терең ұстаз мұғалімдерді талап етуі, әрі осыны қажет етеді.

Әрбір пән мұғалімінің мақсаты – оқушыларға сапалы білім беру. Сабақта қолданылған оқытудың әр түрлі әдістері оқушылардың білім сапасын арттыруда және пәнге қызығушылығын, сонымен қатар әр баланың іскерлігін, ізденімпаздығын, байкау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сабақта қай тақырыпта болса да ғылыми – теориялық әдебиеттер, оқу- әдістемелік құралдар, көрнекіліктер, электронды материалдар, т.б. пайдалануға болады.

Басқа пәндерге қоса географиядан да тиянақты білім берудің негізі – географиялық білім түрлерін жүйелі оқыту. Географиялық білім түрлерін атап айтар болсақ: геологиялық, климаттық, картографиялық, номенклатуралық, топонимикалық, тарихи, экологиялық және экономикалық білім деп бөлуге болады.

1. Геологиялық білім арқылы оқушылар жер қыртысының тұрақты және тұрақсыз түрлерімен танысып, соған байланысты табиғаттың бірнеше ғасыр

бойы табиғи жолмен даму тарихынан білім алады. Бұл теориялық білімдерін танымжорық кезінде өз өлкесінен жинап алған тау жыныстарының түрлерін анықтауға тапсырма беру арқылы практикалық дағдыларымен ұштастыра аламыз.

2. Климаттық білім жер бетіндегі климаттың климат туғызушы факторларына тәуелділігін, ауа-райы құбылыстарының шаруашылықты ұйымдастыруға әсерін үйрете отырып, картаны пайдалану және оны оқи білуге баулу, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру арқылы беріледі.

3.Картографиялық білім оқушылар картамен жұмыс істеу кезінде беріледі. География сабағында жер бедерінің формасын анықтауда, масштабты қолдана отырып қашықтықты есептеуде, климаттық картаның көмегімен әр материктің климатын оқи біліп, климатты қалыптастырушы факторларды анықтауда, елдердің физикалық – географиялық жағдайын сипаттауда және экономикалық географиясына, т.б. сипаттама беруде географиялық картаның маңызы зор.

4.Номенклатуралық білім оқушы картамен жұмыс істеп, географиялық атауларды меңгеріп отырса беріледі.

5.Экологиялық білім табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеуде, туған жерге деген перзенттік адамгершілік борышын сезінуге көмектеседі. Түрлі экологиялық тапсырмалар, яғни өз ауылындағы бұлақтар немесе өзеннің табиғат компоненттерінің ерекшеліктерін сипаттау, жыл мезгілдері бойынша өзгерістерін бақылау, ауыл халқының тұрмысы мен шаруашылығында алатын орнын анықтау, адам әрекеті нәтижесінде болатын табиғаттағы өзгерістердің себебі мен оны жою жолдарын табуда оқушыларға тапсырма беру арқылы экологиялық білімдерін өз беттерінше арттыруларына көмектесе аламыз.

6.Экономикалық білім де экономикалық білім жүйесін игеру барысында,экономикалық есептеуде, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, өндірістегі ісәрекет экономикасын талдау арқылы меңгеріледі.Оқушыларға нарықтың құрылымы мен кәсіпкерлік жүйесін ұғындыруда, нарықтық білім берудің бағыттары мен кәсіпкерлікке баулудың әлеуметтік педагогикалық қажеттілігін түсіндіреді. Сонымен қатар, оқушыларға нарықтық ұғымдарды оқыту барысында экономикалық білімдерін қалыптастырады. Оқушыларға ауыл халқының өсу динамикасын анықтау, әр шаруа қожалықтарының шаруашылықты ұйымдастыру ерекшеліктерімен танысу, қорытынды жасау, өнімнен түсетін қаржыны болжау жұмыстарын үйрету арқылы экономикалық білім беруге болады.

Мұғалім жоғарыдағы білім түрлері арқылы география пәндерін оқытуда оқушылардың танымдық деңгейін арттырады. Яғни, оқушылар өз беттерімен тапсырма орындап, оқу материалдарының мазмұнын жақсы меңгеріп, өз ойларын толық және дәлелді жеткізуге төселеді. Олардың ойлау және сөйлеу қабілеттері артады. Өз беттерімен керекті материалды тауып, тапсырмаларды дұрыс орындауға үйренеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап

тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, оқушылардың ақыл – ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б.

Әдебиеттер

1. А.Әбілқасымова, Р.Омарова. Мұғалімдердің танымдық изденімпаздығын қалыптастыру негіздері. Алматы., 2016 ж.

ӘӨЖ

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІҢ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Рысбаева Нургул Тураповна
№66 жалпы орта білім беретін мектебінің
география пәні мұғалімі

Резюме

В статье рассматривается использование эффективных форм и методов обучения предмета географии

Summary

The article discusses the use of effective forms and methods of teaching the subject of geography

Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру көп жағдайда сабақ барысында оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын және оқу үдерісін күшейтетін оқыту түрлері мен тәсілдеріне байланысты.

География оқыту тәжірибесінде сабақ, дәріс, практикум, экскурсия, конференция, қосымша факультативтік сабақтар арқылы оқыту түрлері және келесі тәсілдер кеңінен қолданылады: әңгімелесу, сұхбат, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, эксперимент, экрандық оқу құралдарын пайдалану, тәжірибелік жұмыс, жоба жұмысы. Сонымен қатар, қазіргі кезде сабақтарда модельдеу әдістері, ойша модель құрастыру, математикалық модельдеу әдістері де кеінен қолданылады.

Сабақ – сыныпта оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі үлгісі болып табылады. География сабақтарында сабақтың келесі түрлері қолданылады: жаңа білімді игеру сабағы, білімді тәжірибеде қолдану сабағы, өткен тақырыпты пысықтау және қайталау сабағы, білімді бақылау және жинақтау сабағы, аралас сабағы. Сабақтың түрі сабақтың дидактикалық мақсаттарына байланысты таңдалады. Жеке, жұптық, топтық, және қайталау сабағы, білімді бақылау және жинақтау сабағы, аралас сабақ. Сабақтың түрі сабақтың дидактикалық мақсаттарына байланысты таңдалады. Жеке, жұптық, топтық

және ұжымдық оқу жұмысы арқылы оқыту түрлері сабақтың барлық түрлеріне ортақ болып табылады:

- жеке – оқушының тапсырманы өздігінен орындауы;
- жұптық – «оқушы-оқушы», «мұғалім-оқушы» режиміндегі жұмыс;
- топтық – топ мүшелерінің санына қарай шағын топтағы (3-5адам) жұмыс және жалпы сыныптық жұмыс (бүкіл сынып) түрінде өтуі мүмкін, мұнда барлық оқушы бір тапсырманы (тақырыпты) немесе оның бір бөлігін орындайды;
- ұжымдық, яғни құрамы ауысып отыратын жұптардағы жұмыс, мұнда әр оқушы жеке тақырыпты немесе тапсырманы орындайды және әр серітесіне оны түсіндіреді.

Пәндерді оқытуда ***әңгімелеу әдісі*** кеңінен қолданылады. Әңгімелеу мазмұндаудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Мұғалім әңгімелеу арқылы материалдың мазмұнын түсіндіреді. Географияны оқытуда әңгімелеу арқылы материалдың мазмұның түсіндіреді. Географияны оқытуда әңгімелеу сабақ уақытының аз бөлігін алып, әдістемелік талаптарға сай келуі тиіс:

1) әңгіме қысқа болуы керек (5-15минут);
2) әңгімелеу барысында жаңа терминдерге арнайы тоқталып, тақтаға жазу және қажет жағдайда оқушылардың дәптеріне жазып алуларына мүмкіндік беру керек;
3) сабақта қолданылатын көрнекіліктер мен карталарды алдын ала дайындап, көрінетін жерге іліп қойған дұрыс;
4) мұғалімнің сөздері түсінікті және сөздрді орынсыз қайталау, бұрмалау болмауы керек;
5) мұғалімнің әңгімелеуі эмоционалдық тұрғыда әсерлі юолуы тиіс;
6) мұғалім оқулықта берілген мәтінді сол күйінде қайталап айтуына болмайды.

Семинар. Оқушылар сұрақтарға алдына ала дайындалған жоспар бойынша, әрртүрлі әдебиеттермен және дереккөздермен жұмыс істеу арқылы дайындалады. География пәні бойынша семинар сабағында оқушылар берілген сұрақтарды жан-жақты талдап, өздерінің көзқарастарын білдіреді. Бұл оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытып, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде мұғалім семинарға оқушылармен бірге қатысады, ол әртүрлі жолдармен және тәсілдермен олардың оқу- танымдық қызметін ұйымдастырады.

«География» пәндерін оқытуда төмендегідей әдістер қолданылады:

1) Білім берудің ауызша және жазбаша түрі. Оған; ауызша баяндау, сұхбат, оқулық және материалдармен жұмыс істеу жатады.

2) Көрнекілік әдісіне оқушының өз бетінше бақылау, тәжірибе жүргізуі мен көрнекі құралдар жасауы жатады. Сонымен қатар, карталарды және басқа да картографиялық құралдармен жұмыс істеуді жатқызуға болады.

3) Тәжірибелік оқытуға оқушылардың өздері орындайтын оқу әрекеттерін жатқызуға болады. Географияны оқытуда жиі қолданылатын тәжірибелік жұмыстарға жергілікті жерді түсіруде жүргізілетін тәжірибелік жұмыстар,

жергілікті жердің жоспарын сызу, белгілі бір нысанды суретке түсіру, абсолюттік биіктіктікті анықтау, өзеннің ені мен тереңдігін анықтау
т.б. Географияны оқытуда әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан мұғалім сабақ өтуде бұл әдістерді қажеттілігіне қарай қолданып отырады. Мысалы, сабақ өткенде ауызша баяндау, сұхбат және картамен жұмыс істеу әдістерін бірге қолданған орынды.

Географияны оқытудағы тәжірибелік және көрнекілік әдістер

Географиялық бақылау. Географияны оқытуда бақылау әдісін қолданудың маңызы зор. Географиялық бақылауды қолдану арқылы оқушылардың іскерлігі мен дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, бақылау оқушылардың табиғат құбылыстары мен шаруашылық сипаттары жөніндегі білімдерін де тереңдетуге көмектеседі. Әдетте, географиялық бақылаулар сыныптан тыс уақытта өткізіледі. Көп жағдайда географиялық бақылау экскурсия кезінде орындалады және топтық сипатта жүргізіледі. Экскурсия кезіндегі топтық бақылау барысында төмендегідей мәселелерге назар аударылады: өзен режимі; құдықтағы судың деңгейі; таудағы топырақ түрлері; ауыл шаруашылық жұмыстары т.б.

Мектеп жанындағы географиялық алаңдарда: ауа райын бақылау; күннің биіктігін анықтау; күннің шығысы мен батысын белгілеу; поляр жұлдызының орнын анықтау т.б. бақылаулар жүргізіледі.

Бақылаудың кейбіреулері оқу бағдарламасына енгізіліп, оқушылар оларды кезекпен орындайды. Ал басқалары сыныптан тыс уақытқа жоспарланып өткізіледі. Оқушылар географиялық бақылауды мұғалімнің тапсырмасы бойынша орындайды. Әр бақылаудың өзіндік бағыты мен мақсаты болады. Бақылау жүргізу барысында жинақталған материалдарды өңдеп, сабақтарда пайдалануға болады.

Географиялық иллюстрация және олармен жұмыс істеу әдістері

Географияны оқытуда қолданылатын көрнекі құралдарға суреттер, карталар, көріністер,әртүрлі пейзаждар жатады. География оқулықтарында иллюстрациялық материалдар өте көп беріледі. Көбінесе көркем суреттер тақырып мазмұнына орайластырылып беріледі. Мысалы:

- саяхатшылар мен зерттеушілердің жүрген саяхаттары;
- әр материктің ашылу тарихы;
- материк бедерлері;
- өсімдіктер;
- жануарлар;
- мұхит ағыстары;
- вулкандар және т.б.

Жергілікті жердегі тәжірибелік жұмыстар

Тәжірибелік сабақтардың мазмұны ілгеріде игерген білімді бекіту, меңгерген білімін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытуды қамтиды. Мұндай сабақтарда оқушылар әртүрлі географиялық көрнекі құралдармен жұмыс істеу арқылы тақырыпты меңгереді. Мұғалім сабақты жоспарлау барысында

оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен талаптарына сәйкес тапсырмаларды іріктеуді ойластыру керек.

Оқушылар оқуда жоғары жетістіктерге жетуі үшін мұғалімдер сабақта белсенді оқуды қолдайтын тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады.

Географияны оқытуда тәжірибелік жұмыстар жиі қолданылады. Көп жағдайда бұл тәжірибелер физикалық күй мен биологиялық бағытқа қатысты өткізіледі. Табиғатта болатын үдерістер мен оқиғаларды зерттеуде география пәніндегі тәжірибелердің маңызы зор.

Мәселен, мектеп географиясында кең тараған тәжірибелердің бірқатары төмендегідей:

1. Ауаның құрамын анықтау;
2. Ауаның ылғалдылығын білу т.б.
3. Судың жылдамдығын өлшеу;
4. Судың шаю уақыты мен процесін анықтау;
5. Сарқырамалардың пайда болуын білу;

«География» пәнін оқытуда физикалық география пәніне қатысты әртүрлі тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі. Мұндай тәжірибелік жұмыстарды орындау барысында оқушылардың бойында білім мен іскерлік дағдылары қалыптасады. Географияны оқу барысында оқушылар топографиялық тәжірибелік жұмыстарды орындайды: тұсбағар, поляр жұлдызы, жергілікті
жердің белгілі бір нысандары арқылы бағыттарды анықтау, арақашықтықты көз мөлшермен және рулетканың көмегімен өлшеу, төбелердің абсолюттік биіктігін өлшеу, жергілікті жердің планын сызу, жергілікті жердің географиялық ендігі мен бойлығын өлшеу т.б. жатады.

География сабағында картамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту

Оқушының география сабағында оқу мақсатына жету үшін өзін-өзі реттеу арқылы ойлау және іс-әрекетін жоспарлау дағдыларын дамытудың маңызы зор.

Оқу барысында географиялық картамен жұмыс істеу үшін оқушылардың бірқатар білім, дағдылары қалыптасуы керек:

- бағдарламаға сәйкес географиялық номенклатураны және нақты картографиялық түсініктерді білу;
- картада бейнеленген нысандар мен құбылыстарды түсіне білу;
-географиялық нысандарды картадан көрсете білу.

Картаны оқи білу оқушылардың төмендегідей дағдыларын қамтиды:

- шартты белгілер мен таңбаларды ажырата біліп, сол арқылы нысандар мен құбылыстарды оқи білу;
- карта арқылы түспеген жерлерді анықтай алу.

Экскурсия сабағы оқу әдісі және сабақты ұйымдастыру үлгісі ретінде география мен жаратылыстануды оқытуда маңызды орын алады. Экскурсия мектептің немесе сыныптың аумағынан тыс, табиғи немесе өндірістік нысандарға саяхат арқылы жүзеге асырылатын оқыту тәсілі және оқу үдерісін ұйымдастыру түрі болып табылады. География мен жаратылыстануды оқытуда экскурсия оқу-тәрбие жұмысының бір түрі болғандықтан, оқушылар топтық

экскурсияны табиғат аясында, далада, мұражайларда, өзен аңғарында т.б. өткізеді.

Экскурсия алдын ала белгіленген тақырып бойынша және белгіленген мерзімде бағдарлама бойынша өткізіледі. Мазмұнына байланысты тақырыптық экскурсия, кешендік экскурсия, кіріспе экскурсия, қорытынды экскурсия түрінде болуы мүмкін.

Тақырыптық экскурсия география не жаратылыстану пәнінің нақты бір тақырыбына арналады. Кешенді экскурсия мазмұндық жағынан ұқсас тақырыптар бойынша бірнеше пән көлемінде ұйымдастырылады, мысалы, география, жаратылыстану, биология. Бұл пәнаралық байланысты көрнекі көрсетуге мүмкіндік береді. Кіріспе экскурсия тақырыпқа кіріспе жасау мақсатында ұйымдастырылады; қарастырылатын тақырыптың тәжірибелік маңызын көрсетіп, оқушыларды сабаққа қызықтыруды көздейді. Қорытынды экскурсия оқушылардың белгілі бір сала бойынша оқып үйренгендерін қорыту, өмірмен байланыстыру мақсатында ұйымдастырылады.

Экскурсия теориялық білімді тәжірибемен байланыстырумен қатар белгілі бір сала мамандарының жұмысымен танысуға да мүмкіндік береді. Оқушыларға экскурсиядан соң танысып-білгендері бойынша таныстырылым дайындау, баяндама жасау, т.б. түрінде ойтүйіндеу тапсырмаларын беруге болады. Экскурсияны қорыту үшін саяхаттан алған білімдері мен орындаған жұмыстарын бағалауға мүмкіндік беретін пікір алмасу, талқылау түрінде қорыту сабағын өткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Алимов А.К. Использование активных форм обучения. Методическое пособие /АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. – 188 с.
2. Бартенева Т.П, Ремонтова А.П. Использование информационных компьютерных технологий на уроках естественных наук /ИТО-2003. mht
3. Каратабанов Р. Методические рекомендации и сборник заданий по развитию функциональной грамотности на уроках географии. Учебное пособие//АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр образовательных программ, 2014.-58с

ӘӨЖ

КАРТА ҚҰРАСТЫРУДА ГАЖ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСІ МЕН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Адилаева Алма

«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушысы

Налибаев Патсахан Мыктыбекович

№72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ КММ география пәні мұғалімі

Қазір өнеркәсібі дамыған елдерде мыңдаған ГАЖ бар: олар геодезия және картографияда, кадастрда, ресурстарды басқаруда, табиғат пен экологияны қорғауда, экономикада, тіпті саясатта да қолданылады. ГАЖ- бұл кеңістіктік –

үйлестіруші деректерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, кіруді, бейнелеуді және таратуды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе. ГАЖ-дың мәні- қалай болғанда да деректерді жинауға, деректер қорын құруға, оларды компьютерлік жүйелерге енгізуге, сақтауға, өңдеуге, түрлендіруге болады. Пайдаланушы сұранысы бойынша ол мәліметті көбінесе картографиялық пішінде беруге, сонымен қатар кесте, график, мәтіндер (текст) түрінде шығаруға да мүмкіндік береді. Геоақпараттық жүйелер бірнеше ғылымдардың тоғысуынан, әдетте сандық картографиялау мен автоматты басқару жүйелерінен, жоспарлау мен ғылым салалары бойынша ғылыми -зерттеулерден құралады. ГАЖ-жалпы географиялық карталар мен экологиялық, кадастрлы және ГАЖ-дың құрылуына байланысты көптеген басқа да деректерден құралған ақпаратты біріктіреді. ГАЖ-дың функциялары: картографиялық және тақырыптық ақпараттардыжинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, талдау, түрлендіру, тарату. ГАЖ-ды пайдалану мақсаттары: жерді инвентаризациялау, талдау, модельдеу, басқару, болжам жасау, жоспарлау, мониторинг, картаға түсіру, тұтынушыға қызмет көрсету.

Геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) және технологиялар бүгінгі күні ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік-экономикалық, саяси және экологиялық дамуда, өндірістік және еңбек әлеуеті салаларында ерекше орынға ие. Олар көптеген дамыған шетел мемлекеттерінде кеңістіктік (географиялық) мәліметтерді жинау, сақтау, талдау және графикалық бейнелеу үшін қолданылады. Геоақпараттық жобаларды (GIS project) іске асыру бірнеше кезеңдерден құрылады. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарда ГАЖ жердің бедері туралы нақты және сенімді мәліметтер алу үшін, сонымен қатар жолдар, су қоймалары, орман алабтары, ғимараттар мен құрылыстар сияқты нақты нысандарды сипаттау үшін, және құрылыс аумағында бедер күйінің өзгеруін белгілеп қою үшін қолданылады.

Қазіргі уақытта ғылымдар жүйесінде ГАЖ технологиясы өзіне лайықты орнын алуда. Оны географиялық зерттеулерді информатизациялаудың мақсаты мен міндеттерінен көруге болады. ГАЖ-дың маңызды міндеттерінің бірі - географиялық ақпараттардың синтезі мен талдауының көптеген нұсқаларының орындалуына көмектесетін алгоритмдер мен бағдарламалық құрал құрудағы географиялық зерттеулердің автоматтандырылуы.

Соңғы жылдары интернет-технологиялардың дамуы пайдаланушылар үшін ақпарат алудың жаңа құралдарын қолдануға үлкен мүмкіндіктер ашуда, оның ішінде кеңістіктік мәліметтер де бар. XXI ғасыр - ақпараттық технологиялардың даму кезеңі, ол қоғамның әр саласында көрініс табуда. Оның айқын дәлелі ретінде геоақпараттық технологияларды айтуға болады. Қазіргі кезде ақпараттардың 80-90% геомәліметтер. Олардың негізінде геоақпараттық жүйелердің әртүрлі салаларда қолдануы байқалады. ГАЖ технологиялардың карта құрастырудағы ерекше орны бар. Карталарды дәстүрлі түрде құрастырудан гөрі ГАЖ технологияларын қолдану арқылы жасаған тиімді. Электронды карталарға деген сұраныс күннен күнге артуда. Ол өзінің қолданыс ыңғайлылығымен, мәліметтерді шұғыл түрде өзгерту мүмкіншілігімен, карта

құрастыруда қолданылған мәліметтер базасының ең сонғы жаңа мәліметтермен қамтылуы ГАЖ технологияларын қолданып, карта құрастыруды тиімді әрі ынғайлы етеді.

ГАЖ жүйе ретінде географияны, информатиканы, ақпараттар жүйесінің теориясын біріктіре отырып, картография және басқа ғылымдар теориясының тоғысқан жерінде пайда болды. Ол таным әдісі ретінде жүйелік тұрғыдан электронды есептеу техникаларының ең жаңа жетістіктерін қолданып құрылған жүйе. Сондықтан қазіргі уақытта ГАЖ технологиясының пайдалануы табиғи және әлеуметтік, экономикалық үрдістер мен құбылыстарды үлгілейтін, олардың байланысын, қарым-қатынасын, болашақта дамуын болжайтын және шешім қабылдап басқаруға арналған жүйе ретінде маңызды болып отыр. Геоақпараттық жүйелер - бұл ақпараттарды өңдеуде қағазсыз технологияға көшудегі прогресс, ақпаратты басқаруға жаңа мүмкіндіктер беретін заманауи технологияның жетістігі. ГАЖ нақтылы болып жатқан ақпаратты тақырыптық қабат ретінде сақтап, географиялық жағдай негізінде біріктіреді. Қарапайым тілде ГАЖ мәліметтер базасы мен электрондық картаның байланысы болып табылады. Оны мәліметтер базасының кеңейтілген концепциясы, өзінше жаңа деңгей мен интеграциялық әдіс, ақпараттардың құрылымдастырылуы деп қарастыруға болады.

Геоақпараттық жоба - кеңістіктік мәліметтерге байланысты объектілер туралы ақпараттармен толықтыратын геоақпараттық жүйе. Жоба белгілі бір шығарылымды геоақпараттық жүйемен іске асуы мүмкін, немесе мұндай жүйе арнайы геоақпараттық жоба үшін құрастырылуы мүмкін. Геоақпараттық жобаның қарапайым сатылары:

- Жоба алдындағы зерттеу, функционалды талаптарды бірге қарастыратын, геоақпараттық жүйенің функционалдық мүмкіндіктеріне баға беретін технико-экономикалық дәлелдеу;
- Жүйелік жобалау, жобаның ұшу сатысын қоса қарастыратын, қажет жағдайда геоақпараттық жүйенің құрастыруын немесе кеңейтілуән қарастыру;
- Кішігірім территориялды бөлігін тестілеу, прототиптеу немесе тәжірибелі үлгіні немесе прототипын құру (prototype);
- Енгізу;
- Пайдалану.

Географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ), кеңістік базасының құрастырушысы және әркелкі мәліметтер мен ақпараттарды біріктірудің негізі ретінде аумақтық басқармалардағы шешімдерді қабылдаудың басты элементі болып саналады. Әлемдік тәжірибе табиғи ресурстарды, инфрақұрылымдарды, қоршаған ортаның ахуалын, жалпы аумақты тиімді басқару ГАЖ-дың ықпалына қатысты екенін көрсетіп отыр. ГАЖ өз бағытын дамыта отырып, ақпараттық технологиялармен шешілетін көптұрғыдағы мәселелерді шешуде қолданылуда. Бұл технология негізгі үш рөлді атқарады- геоақпараттық қосымшалар үшін қолданбалы технологиялық тұғыр ретінде, геокеңістіктік мәліметтерді ақпараттық жүйеде басқару және кеңістіктік мәліметтер базасындаға әр түрлі ақпараттарды біріктіру ортасы ГАЖ-дың технологиялық

ортасы басқару шешімдеріне ықпал ете отырып, жан-жақтан тоғысқан талдауларға қолдау көрсетеді. ГАЖ-дың web ортаға ықпалы ГАЖ-дың кәсіби жабдықтарына қолы жете бермейтін көптеген пайдаланушылар үшін кеңістіктік мәліметтерді шолу жүргізіп оны талдауға жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Казіргі кезде ГАЖ - бұл бүкіл әлемдегі миллиондаған адамдар қатыстырылған ірі өнеркәсіп. Dataquest компаниясының мәліметтері бойынша, 1997 жылы ГАЖ бағдарламалық қамтамасыз етудің жалпы сатылымы 1 млрд. АҚШ долларынан артты, ал ілеспелі бағдарламалы және ақпараттық құралдарды қосқанда, 10 млд. жуық. ГАЖ географиялық орналасқан жер негізінде біріктірілген тақырыптық қабаттар жиынтығы түріндегі ақиқат өмір жөнінде ақпаратты сақтайды. Бұл қарапайым, бірақ иілгіш тәсіл,әр түрлі ақиқат есептерді шешу кезінде өзінің құндылығын дәлелдеді: көлік құралдары мен материалдардың қозғалысын бақылау, ақиқат жағдайдың және жоспарланатын шаралардың толық көрінісі, атмосфераның айналымын үлгілеу. Қазіргі таңда геоақпараттық технологиялар Қазақстан Республикасында да келесі себептер бойынша қарқынды даму кезеңінде:

- еліміздің үлкен аумағына тарайтын ұйымдардың көп болуы;
- геоақпараттық технологиялар нарығында қуатты ГАЖ функционалы бар бағдарламалық қамтамасыз етулер пайда болды;
- желілік технологиялардың тез дамуы жинақтауға, талдау жасауға және геомәліметтерді дамытуға мүмкіндік береді;
- көптеген компаниялардың басшылары бәсекелі ортада геоақпараттық жүйені қолданудың тиімділігін мойындайды.

Белгілі бір ұйымда ГАЖ-ды қолданудың ұтымдылығы үлкен аумақта орналасқан көптеген объектілермен анықталады. Сол объектілер жайындағы ақпараттар жинақтаулы, өңдеулі және қолданушыға оперативті түрде таныстырылуы тиіс. Геоақпараттық жүйелер сол ақпаратты біріктіруге, ол өз кезегінде ұйымға басқаруды тиімді етеді.

Шет елдік жүйелерден Ресейде танымал болғандары: ESRI компаниясының бағдарламалық өнімі ArcGIS, Pitney Bowes MapInfo компаниясының Intergraph және MapInfo Professional корпорацияларының өнімі GeoMedia.

Отандық өнімдерден кең танымал болғаны ГАЖ Карта 2008 ЗАО КБ «Панорама» компаниясының.

Сонымен қатар басқа да бағдарламалық өнімдер қолданылады: ГАЖ ИНТЕГРО, MGE корпорациясының Intergraph (MicroStation графикалық ядро негізінде қолданады), IndorGIS, STAR APIC, ДубльГИС, Mappl, ГеоГраф ГИС, 4geo және т.б [2].

Ақпараттық жүйе - бұл сандық форматқа айналған үлкен бір сандық деректер қоры. Олар географиялық қасиеттері бойынша біріктірілген жіктер. Кез-келген болып жатқан жағдай сәтті түрде осындай деректер қорымен бақыланады. Бұған қоса, оның көмегімен жер шарының кез келген нүктесін, кез келген объектінің қозғалысын көруге болады. ГАЖ-дың деректер қоры бес түрлі есепті орындай алады. Сіз деректер қорына маңызды мәліметті енгізе аламыз және бұл көбінесе сканер көмегімен автоматты түрде іске асады. Сіз

мәліметтерді бақылауға, өз қалауыңызша өзгертуге, есепті шешу үшін қажеттілерді жинақтауға мүмкіндік аламыз. Қарапайым деректер қоры секілді ГАЖ-ды басқаруға болады. Бұл интеграцияланған қосымшалардың көмегімен жасалынады. Қорда сақталған мәліметтердің көбі әртүрлі параметрлерге талдауға мүмкіндік береді. Сіз үй салуға қажетті бос жер телімін, тиімді түрде көлік қозғалысын, әртүрлі объектілердің ара қашықтығын таба аламыз (мысалыға, сіздің дүкеніңізден аз ғана ара қашықтықта тұратын адамдар санын анықтай аламыз), бір-бірімізге әртүрлі көрсеткіштер салып содан шыққан суретті талдау. ГАЖ жасайтын соңғы есеп бұл берілгендерді көру. Сіз өзіңізді қызықтыратын жердің картасын, графикасын, кестесін тіпті суреттерін ала аламыз. Бұл мәліметтер ғылыми зерттеулерде де, жеке компания немесе ұйым жұмысында да үлкен орынға ие.

Қорытындылай келе, геоақпараттық жүйелер бірнеше ғылымдардың тоғысуынан, әдетте сандық картографиялау мен автоматты басқару жүйелерінен, жоспарлау мен ғылым салалары бойынша ғылыми-зерттеулерден құралады. ГАЖ-жалпы географиялық карталар мен экологиялық, кадастрлы және ГАЖ-дың құрылуына байланысты көптеген басқа да деректерден құралған ақпаратты біріктіреді. Геоақпараттық жүйелердегі деректер, өздерінің географиялық жағдайының негізінде біріктірілген тақырыптық қабаттардың жинағы түрінде сақталады. Геоақпараттық жүйелердің векторлы және растрлы дерек модельдерімен жұмыс істеу тәсілі мен мүмкіндігі - кеңістіктік ақпараттарға қатысты кез келген міндеттерді шешуге өте тиімді. Геоақпараттық жүйелер басқа ақпараттық жүйелермен тығыз байланысты, әрі деректерін, объектілерді талдау үшін қолданады. ГАЖ үлкен көлемді деректерді дұрыс, тез басқара алады.

Әдебиеттер:

1. Капралов Е.Г., Кошкарев А.В. Основы геоинформатики: В 2-х кн. Кн. 1: учеб.пособие для студ. вузов // - М.:«Академия» баспасы, 2004.
2. Майкл де Мерс. Географические информационные системы. - М.: 2005.
3. Журкин И. Г., Шайтура С. В. Геоинформационные системы. - Москва: Кудиц-пресс, 2008. - 272 б.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ ҚҰРАМЫ

Абашева Перизат Алпысбаевна

«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалының кафедра меңгерушісі

Жусупбаева Жанар Есенгалиевна

Шымкент қаласы, №52 мектеп – лицейінің георафия пәні мұғалімі

Резюме

В статье рассматривается численность и этнический состав населения Казахстана

Summary

The article discusses the number and ethnic composition of the population of Kazakhstan

Қазақстанның халқы — көптеген ұлттардың бірлестігі. Халық сөзі көп мағынаны білдіреді (көп халық келді, халық айтады, қазақ халқы, біз Қазақстан халкымыз...).

Сондықтан, ғалымдар *этнос*, жеке халық (ұлт) түсінігін қолданады. Ал онымен байланыстының бәрін этникалық (ұлттық) деген терминмен атайды (мысалы, этникалық (ұлттық) аумақ). Әрбір ұлттың өз тарихы, тілі, мәдениеті, тарихи отаны болады. Ұлттың бір бөлігі өз елінен басқа жерде тұруы да мүмкін. Оны - *диаспора* (гр. - «шашылған») деп атайды.

Халықтардың шығу тегін, әркелкі орналасуын, мәдениеті мен тұрмыс жағдайын жеке ғылым - *этнография* немесе этнология зерттейді.

Халықтың ұлттық (этникалық) құрамы. Қазақстан әлемдегі көп ұлтты мемлекеттердің бірі. Онда тегі, тілі, мәдениеті әр түрлі, бірақ тарихи тағдыры ортақ 130 ұлт пен ұлыстың өкілі (этностар) тұрады. Олар:

1) еліміздің негізгі халқы қазақтар;

2) бұрынғы КСРО республикаларында тұратын адамдар тобы (орыстар, украиндар, белорустар мен молдавандар);

3) алыс шет елдерде тұратын адамдар тобы (немістер, поляктар, еврейлер, корейлер, гректер).

Қазақтар - елдің байырғы тұрғындары және мемлекетті қалыптастырушы этнос, ал қалған халықтардың өкілдері Қазақстанға әр түрлі себептермен және белгілі бір тарихи кезеңдерде көшіп келгендер. Осыған байланысты, республика халқының көп ұлтты (полиэтностық) құрамы - жаппай көші-қонның нәтижесі.

Мемлекетіміздің негізін қалаушы этнос - қазақтар. Екінші орында орыстар. Халқы 100 мыңнан асатын 6 этнос бар. Осы 8 ұлт бірігіп Қазақстан халқының 96%-ын құрайды.

Халықтардың арғы тегін анықтау үшін ғалымдар әр түрлі классификациялар жасайды. Қазақстанда халықтарды тілдік ұқсастықтарына байланысты классификациялау қабылданған. Этнологтар ондай ұқсастықтың олардың шығу тегінің ортақтығын көрсететінін айтады. Сондықтан тілдік классификация (лингвистикалық) этникалық топ болып табылады.

Бұл классификация 3 сатыдан тұрады. Алғашқы (теменгі) сатысы - жеке халықтар. Екінші (орташа) сатыны тіл бойынша жақын туыстас халықтар тобы құрайды. Үшінші (жоғарғы) саты - әулет — тілдері бойынша туыстас халықтар тобын біріктіреді.

Қазақстан халқының негізгі бөлігі бес тілдік әулеттің - алтай (халықтың 69%), үндіеуропа (30%), Солтүстік Кавказ (0,4%), синотибет (0,3%) жөне орал-юкагир (0,2%) әулеттер құрамына кіреді. Алтай тіл әулетіндегі ең ірісі - түркі тобы, ал қазақтар - елдегі түркі халықтарының ішіндегі ең саны көбі болып есептеледі. Үндіеуропа әулетіндегі саны бойынша біріншісі - славян тобы, ал ең ірі славян халқы — орыстар.

Дүние жүзіндегі қазақ этносының саны 13,5 млн адам , оның 9,2 млн-нан астам адамы Қазақстанда тұрады. Тағы да 4,3 млн адам қазақ этносы (диаспора), шет елдерде 44 мемлекетте тұрады.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бастап шетелдегі қандастарды тарихи отанына қайтару туралы бағдарлама жүргізілуде. Соңғы 20 жылда дәл осындай кең көлемді репатрияцияны 3 мемлекет жүргізеді. Репатрияция Қазақстаннан көшіп кеткен халықтардың орнын толтыруға және қазақтардың үлес салмағын кебейту үшін өте қажет үрдіс. Соңғы сайлау бойынша мемлекетіміздің 2/3 бөлігін солар құрайды. Еліміздегі қазақтардың 1/2 бөлігіне жуығы Түркістан, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында тұрады.

Қазақстанда барлық халықтардың мәдениетін, әдет-ғұрпын, тілін, ұлттық құндылығын қалпына келтіруге және дамытуға жағдай жасалған. Елдің конституциясы оларды тең құқыққа үндеп, ешқандай қысымшылық түрін жасауға тыйым салады. Әр түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы достық қарым-қатынастың дамуы - мемлекет саясатының құрамдас бөлігі болып табылады.

Біздің еліміздегі барлық халықтар өздерінің ұлттық тұрмыс ерекшеліктерін сақтайды. Бірақ оларды мәдени-саяси және әлеуметтік-экономикалық біртұтастық байланыстырады.

Қазіргі кезде Қазақстан халқында өзіндік қазақстандық рух, қазақстандық мінез, жалпы қазақстандық мәдениет қалыптасуда. Оның негізгі сипаттары - ұлттар арасындағы достық пен діндер арасындағы келісім болып табылады.

Халықтың діни құрамы. Халықтың ұлттық құрамы мен діни сенімі тығыз байланысты. Олар саяси және әлеуметтік өмірге, тұрмысқа, адамдардың мәдениеті мен әдет-ғұрпына, демографиялық және этнографиялық процестерге әсерін тигізеді.

Әлемдік, яғни Жер бетінде таралған үш дін бар, олар - ислам, христиан және будда діндері.

Көшпенді халықты ислам дініне енгізуде Қожа Ахмет Яссаидің рөлі аса зор. Түрік халықтары оны Мұхаммед пайғамбардан кейінгі қасиетті адам ретінде санайды. XIV ғасыр Өмір Темірдің бұйрығымен Яссаидің кабіріне сәулетті кесене тұрғызылған. Ол Қазақстанда бірінші болып Дүниежүзілік *«ЮНЕСКО»* мәдени мұралар тізіміне алынды.

Ресейге қосылғаннан кейін православиялық христиан діні пайда болды. Кеңес өкіметі жылдарында Қазақстанға ондаған басқа халық өкілдері келіп қоныстанды. Дәстүрлі түрде олар әр түрлі діндерді ұстанды.

Қазақстан Республикасы - *зайырлы мемлекет*. Конституция ар-ұждан еркіндігін дәріптейді: азаматтардың кез келген дінді ұстануға немесе мүлдем ұстанбауға құқы бар.

Қазақстан халқы мен өсімі. Ұлттық статистика бюросы 2021 жылдың қаңтар-тамызындағы Қазақстандағы демографиялық ахуал туралы жаңа деректерді жариялады, деп хабарлайды Egemen.kz.

«2021 жылы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 19 миллион 42,1 мың адам, оның ішінде қала халқы - 11 миллион 287,4 мың (59,3 пайыз), ауыл халқы - 7 миллион 754,7 мың адам (40,7 пайыз). 2020 жылдың 1 қыркүйегімен салыстырғанда халық саны 257,1 мың адамға немесе 1,4 пайызға өсті», деп хабарлады.

2021 жылғы қаңтар-тамызда халықтың табиғи өсімі 2020 жылғы қаңтар-тамызбен (162,5 мың адам) салыстырғанда 10,1 пайызға өсті және 178,9 мың адам болды. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 14,14 пайыз болады.

Туғандар мен қайтыс болғандар саны

2021 жылғы қаңтар-тамызда дүниеге келгендер саны 296,5 мың адам болса, бұл 2020 жылға қарағанда 8,4 пайызға артық (273,4 мың адам). Туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға 23,44-ке сай келеді.

Осы кезеңде қайтыс болғандардың саны 117,6 мың адам, бұл 2020 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 6 пайызға артық (111 мың адам). Өлімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 9,3-ке сай келеді.

2021 жылдың қаңтар-тамыз айларында бір жасқа дейінгі 2345 нәресте қайтыс болды. 2020 жылдың осы кезеңінде 2129 нәресте қайтыс болды. Өлім-жітім 10,1 пайызға артты. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 дүниеге келген адамға 7,91 болады.

Көшіп келгендердің саны

Көші-қон қызметі органдарының деректері бойынша, 2021 жылғы қаңтар-тамызда елге келгендер саны - 6339 адам, елден кеткендер саны - 22685 адам, көші-қон тепе-теңдігі 16346 адам болады.

ТМД елдерінен келгендердің үлесі 84,1 пайызды, көшіп кеткендердің үлесі мигранттардың жалпы санының 86,1 пайызын құрады.

Республика шегінде көшіп келгендер саны 7,3 пайызға ұлғайды.

Қазақстан ішінде азаматтар Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент және Маңғыстау облыстары арасында ауысады.

Әдебиеттер:

1. Ахмедов К. Экономическая и социальная география Казахстана. А. 1996
2. Сиротенко Н.Г. Менделеев В.А. , Малая энциклопедия стран, М. 2002
3. Холина В.Н. География человеческой деятельности. М. Просвещение 2000
4. Семивенний В.Н. Введение в экономическую географию. Ленинград 1986

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдукаримова Актолкын Абдиманаповна
№14Айбек атындағы ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Резюме

В статье рассматривается применение интерактивных методов обучения на уроках казакской литературы

Summary

The article discusses the use of interactive teaching methods in the lessons of Cossack literature

Бүгінгі Әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында.

Бүгінгі таңда нәтижеге бағытталған білім оқу үрдісінде оқушыны бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал, бұл ұстаным әрбір мұғалімге оқушыларды белсенділендіретін оқу\оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді,өйткені бүгінгі күні оқу үрдісі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды ықпалды білдіретін етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдардан тұрады. Оқу үрдісі оқушыға бағытталып, түрлі идеяларды ұстанғандықтан үйрену/ үйрету әрекеттері қоян-қолтық қарым-қатынастан тұруы керек. Бұл қарым-қатынас мұғалім мен оқушы, оқушы мен басқа оқушы, оқушылардың шағын топтары арасында өтеді. Оқу мен оқыту, үйрену мен үйрету мұндай қарым-қатынаста біртұтас қалыпта болып, олардың нәтижесі мен маңызы да осындай қарым-қатынасқа тәуелді болады. Басқаша сөзбен айтқанда, бүгінгі күні білім беру жүйесінде мәселені былайша төтесінен қоюға болады «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге/үйретуге болады».

Білім беру философиясы мен танымдық психология адамның өз қолымен жасағанын есте сақтайтындығын, практикалық әрекеттер арқылы үйренетіндігін, оған өзі жасағаны «қызық» екендігін дәлелдеді. Халық даналығы да осыны растап отыр. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас!» Екі жарым мың жыл бұрын қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен:«Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең - есімде сақтаймын,өзіме жасатсаң - үйренемін!»

Ж.Аймауытов айтқандай «Мұғалімнің айналысатыны - үнемі қозғалып, өзгеріп өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аудармай шектеліп қалуға болмайды....Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол-үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер».

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Өзін- өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасына мұғалімдердің өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануына мүмкіндік береді. Қазіргі кезде әрбір педагог баланың ойынан шығып, қажеттілігін қанағаттандыра білуге дайын болуы тиіс.

Қазіргі мектеп жасындағы балалар қай сыныпта оқыса да, қай жаста болса да кім болатынын, қандай адам болатынын армандайды және өмірден өз орнын табуды басты мақсат деп санайды, сондай-ақ айналасындағылардан дұрыс бағыт беретін ақыл- кеңес күтеді. Міне, осы себептерге байланысты мектепте сабақ үрдісінің негізін интербелсенді әдістер құрауы керек, әрбір

мұғалім интербелсенді құралдар мен тәсілдерді өзінің әдістемесінің төрінен көруі қажет.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін технологияландыруда интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланудың маңызы зор. Ол- өнімді білім беру іс-әрекетінде, оқушылардың белсенділігін арттырып, өз бетінше, топтық, ұжымдық жұмыс істеуіне пайдалы. Ең бастысы, қандай тәсілді сабақтың қай кезеңінде қалай қолдану керектігіне баса назар аудару.

Интербелсенді оқу/оқыту көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның) ізденіс, зерттеу жұмыстары, рөлдік ойындар, ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, мұражай) шығармашылық жұмыстар.

Интербелсенді оқуда /үйренуде білім алушылар мынандай білім, білік, дағды, құзырлылық машықтарды үйренеді.

- терең және жүйелі ойлану;
- ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу;
- жан-жақты талдау;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірлерін дәлелдеу;
- шешім қабылдау;
- өз біліміне, өміріне деген жауапкершілікті тереңінен сезіну;
- басқалармен қарым-қатынас құру.

Бұл дағдылар мен құзыреттіліктер болашақта білім алушыларды бүгінгі күні тіпті де болжауға мүмкін емес проблемалардың шешімдерін табуға жетелейді

«Интербелсенді оқыту» терминінің ортақ түбірі ағылшын тілінің «inter» - аралық, «akt»- әрекет ету деген сөздерінен енген.

Интербелсенді әдістер оқушылардың өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын әдістер деп түсінуге болады.Сондықтан, олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекет етуіне, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды.

Үстіміздегі ғасыр- жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Олай болса, мұғалімдердің алдында тұрған бірден- бір мақсат оқушылар алған білімдерін пайдаға асырып, өзара әрекет ете алатын азаматтың ұлттық құндылықтарды меңгерген жеке тұлға тәрбиелеу. Жеке тұлға қалыптастыруда мектеп оқушыларында негізгі үш құзыреттілікті дамыту басты назарда ұсталады. Жаңа білім жүйесіндегі басты назар аударылатын мәселелердің бастысы әр оқушының құзыреттіліктер жиынтығы білім нәтижелері ретінде игеруіне бағдарланған. Құзыреттілікті игерудің үш деңгейі білім берудің үш деңгейіне сәйкес енгізілген. Осы құзыреттіліктерді оқушы бойында қалыптастыру бұл -оқушыларда тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру дегені.

Негізгі құзыреттіліктерді бала бойында қалыптастыруда итербелсенді оқытудың берері мол.

Интербелсенді оқытудың дәстүрлі оқытудан ерекшелігі оқушыны қозғалысқа түсіру. Интербелсенді оқытуды пайдалануда сыныптағы тыныштық бұзылады, ол тәртіпсіздікке алып барады деген пікір айтылады. Мысалы, шетел тіпті орыс халқы мен қазақ балаларын салыстырмалы түрде қарасақ, екі ұлттың балаларына қарағанда қазақ балалары жасқаншақ. Ал орыс, шетел балалары өз ойын ашық айтып, дәлел келтіре, белсенділік танытады.

Ендеше, неге қазақ балалары да осындай болмасқа. Бүгінгі таңда басты мәселе де бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиелеу керек емес пе?

Міне, осы тұрғыда интербелсенді оқытуды пайдаланып, оқушыларды жан- жақты дамуына үлес қосу керек. Ол үшін интербелсенді оқытудың негізгі қағидалары мен мақсаттарын меңгеру қажет және біршама табыстарға қол жеткізеді. Атап айтсам;

- оқушылар басқалармен қарым- қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдай білуге, кез-келген жауапқа сыйластықпен және түсіністікпен қарауға үйренеді;
- өз ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге баулиды;
- керек кезінде өз көзқарасын дұрыс өзгерте білуге үйретеді,оның дамуын қамтамасыз етеді.

Ең бастысы –оқу мотивациясы өзгереді,өз бетінше ізденуге ұмтылады, сабаққа қызығушылығы артып ,балалардың белсенділігі өте жоғары болады.

«Қазіргі білім мен ғылымның түрлі инновациялық технологиялар мен дүниежүзілік интернет жүйесінің дамыған заманында бүкіл әлемде ақпарат ағымының шектен тыс көбеюі байқалуда. Сондықтан ұстаздарға жүктелетін міндет те өте ауыр. Сонымен қатар, мұғалім өзінің әрбір ісінде әйтеуір жаңалықты пайдалану осы екен деп, бейберекет пайдаланбай, оқыту мен тәрбиелеуде оның орнын білуі керек. Яғни, ұлттық тәрбиені білім негіздерімен ұштастыра, сабақтастыра отырып баланың жеке қабілеті мен дарынын ояту, шығармашылыққа баулып, танымдық қабілеттерін арттырып, құзыреттілігін қалыптастыру көзделуі тиіс.

Ұстаздық жолымда, оқыту мен тәрбие беру барысында алдыма қойған мақсатым – танымдық, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру, яғни оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіріп, белсенділіктерін арттырып, шығармашылыққа жол салу.

Міне, осы мақсатқа жету жолында қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологияларын меңгеріп, тиімдісін орынды қолданып келемін. Әсіресе, жоғарыда аталған «Интербелсенді оқыту» әдісінің маған берген ұтымды жақтары мол.

Интербелсенді оқытуды пайдалану кезінде оқушының істі ұйымдастыра білу қабілеті де көрінеді. Интербелсенді оқытумен сабақ өткізу кезінде мұғалім тек кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Мұғалім жаңа біліммен бірге оқушыларды өз беттерінше ізденуге жетелейді. Мұғалім белсенділігі белсенділікті қамтамасыз ететін оңтайлы жағдай тудыру ғана болып қалады.

Сонымен қатар, мұғалім ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде ғана көрінеді де, оқушы белсенділігі сабақта арта түседі.

Тәжірибемде ұлттық тәрбиені білім негіздерімен ұштастыру, оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақ кезеңдерінде интербелсенді әдіс-тәсілдерді жүргізу арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатындығын байқадым. Ең бастысы, оқушылардың сабаққа деген көзқарасы, қызығушылықтары, өз ойларын еркін жеткізу дағдылары қалыптаса бастады. Ал , өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығы отыратын оқушылар өз ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта бастады.

Сабақ кезеңдерінде интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолданудың сапалық нәтижелері:

- берілген ақпаратты қарастыра отырып, ондағы көрсетілмеген жақтарын анықтады;
- үйренген білімді дереу қолдана білді;
- әр тұтас бөлшектердің ішкі құрылысын білу үшін бөліктерге бөліп, оны қайтадан тұтасқа айналдыру қабілеттері артты;
- шығармашылық қабілеттері шыңдалып, өмірмен байланысы күшейді
- оқушының дербестігі, өз-өзіне сенімі, өзін ұстай білу, өз ойын өзгенің ойымен салыстыру, толықтыру дағдылары , құзіреттіліктері қалыптасты[5]

Қорыта келе, айтарым, интербелсенді әдістемесін өз орнымен ұйымдастырылған сабақтар оқушының зерттеушілік, шығармашылық ізденістерін, қарапайым нәрседен ой тұтатып, қиял әлеміне шомылып, сабақ барысында белсенділіктерін арттырып, кез-келген нәрсеге өз ұсынысын еркін жеткізе білетін қабілеттерін дамытып, құзіреттіліктерін қалыптастыра алады және әр педагог өзі таңдаған әдістемелік жолын тың идеяларға негіздей білсе жаңашыл педагогтың саны арта түсер еді. Сөзімді ұлы ғұлама Летурно сөзімен қорытқым келіп отыр: «Егер сен тәнді шынықтыру, ерік- жігерді шыңдау, жүректі ізгілендіру, ақыл-ойды жетілдіру және сана –сезімді теңестіру әдістерін білетін болсаң –онда сен нағыз ҰСТАЗ, ТӘРБИЕШІСІҢ!».

Әдебиеттер:

1. А.Әлімов «Интербелсенді әдістемені колледждерде қолдану тәжірибесі». Оқу-әдістемелік құрал. Алматы-2010 жыл[-95б]
2. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы»,2002 жыл [5-12,25].
3. А.Әлімов «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Алматы-2009 жыл [-328б].

ӘӨЖ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРУЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айдарбек Бәкіржан
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» филиалының әдіскері
Алимжанова Назира Бериковна
Созак ауданы, Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі

Резюме
В даннной статье рассматриваются особенности развития детей преддошкольных возрастов
Summary
This article discusses the features of the development of children of pre-preschool age

Білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында сабақтастықты қамтамасыз ету механизмдері. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Мектепалды даярлық тобына түрлі ақпараттар, ойлар мен талқылауларды жеткізу тәсілі.

Баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және күтілетін нәтижелер .

Мектепалды даярлық тобына түрлі ақпараттар, ойлар мен талқылауларды жеткізу тәсілі.

Бұл жаста баланың зейіні тұрақты бола бастайды, өз еркімен есте сақтау қабілеті пайда болады, қабылдау, қиялдау жетіледі, көркем-бейнелік ойлаудың жоғары түрлері дамиды: талқылай білу, ойша тұжырымдар құру, жіктеу қабілеті жетіледі. Түрлі ақпараттар, ойлар мен талқылауларды жеткізу тәсілі ретінде сөйлеудің маңыздылығы артады. Әңгіме практикалық бақылау мен экспериментеумен қатар балалардың дүниетанымын кеңейтудің тиімді тәсілі болады. Бұрын соңды болмаған жаңа қабілет пайда болады: ойдан шығарылған кейіпкермен бірге мазасыздану, яғни балаларға басқа адамдардың ішкі өмірі қолжетімді болады.

Балалар ересектерге олармен қарым-қатынасты қолдауға бағытталған көптеген сұрақтар қояды. 4-5 жастағы балалардың сұрақтары мен хабарламалары заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты анықтауға және түсінгенін ересектерге көрсетуге бағытталады.

Ересектерге деген сенімділік қатынасы және оның эмоциялық жағдайын сезіну қабілетінің қажеттілігі дамиды. Ересектермен қарым-қатынастың жаңа түрі - танымдық тақырыптарға қатынас пайда болады және дамиды. Баланың ересектермен қарым-қатынасына қажеттіліктің қанағаттандырылмауы олардың арасындағы эмоционалдық жатырқаушылыққа апарады. Ол түрлі жағдайларда байқалады: біреулері тұйықталып қалады, біреулері мазасызданып, сәл нәрсеге жылауға дайын тұрады; кейбіреулерінде теріс әрекет, агрессия байқатады.

Балаларда құрбыларымен қарым-қатынасқа қажеттілік кенет артатын болады. Бірлескен ойындар негізінде балалық қоғам пайда болады, бала құрбыларының ортасында өзінің орнын тани бастайды. Коммуникативтік біліктіліктер дамиды: ілтипатпен амандасады және қоштасады, басқаны өз есімімен атайды.

Баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынасы өзінің «Менін» сезінуге мүмкіндік береді. Қарым-қатынаста ғана «Мен» бейнесі құрылады. Ересектер және құрбылары балаға ізгі тілекпен қарайтын тәрбиелеудің жағымды жағдайы кезінде оның мақұлдауға, оң бағаға, мойындауға деген қажеттілігі қанағаттандырылады. Қарым-қатынастың теріс тәжірибесі агрессияға, өзіне-өзі сенімсіздікке, тұйықтыққа әкеледі.

Жасы өскен сайын балада өзінің сөздері мен қылықтарына, сонымен бірге қызметтің әр түріндегі (ойын, бейнелеу, музыкалық, театралдық және т.б.) жеке мүмкіндіктері мен жетістіктеріне балама бағалау дамиды.

5 жасқа қарай өзіндік қарым-қатынас жүйесі, топтық ынтымақтастыққа сыни бағалар қалыптасады, балада достар пайда болады.

5 жастағы бала ұзақ әңгімелерді, түсіндірмелерді қабылдайды, себебі бұл балада белгілік-символикалық функция (әріптерге, цифрларға қызығушылық) пайда болады.

Баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру

Бағдарламаны іске асыру және игеру бойынша ересектер мен балалар әрекеті білім беру үдерісін ұйымдасырудың екі басты үлгісінде жүзеге асырылады:

- ересектер мен балалардың бірлескен әрекеті;
- балалардың өз бетінше әрекеті.

Бірінші үлгі аясында білім беру міндеттерін шешу - ересектер мен балалардың бірлескен әрекеті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті түрінде де, режимдік сәттер барысында жүзеге асырылатын білім беру іс-әрекеті түрінде де іске асырылады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті балалық әрекеттердің әртүрлі түрлерін ұйымдастыру немесе жұмыстың түрлері мен әдістерін қолданып, оларды кіріктіру арқылы балалар контингентіне, бағдарламаны меңгеру деңгейі мен нақты білім беретін міндеттерді шешуге байланысты таңдауды педагог өзі жүзеге асырады.

Тәрбиеші балалар әрекетін ұйымдастыруда ойын арқылы бейімдеуді белсенді қолданады. Дамытушы білім беретін жағдаяттардың барлық түрлері ойын түрінде өткізіледі немесе ойындық тәсілдер мен әрекеттерден құрылады. Орта жастағы мектепке дейінгі тәрбиеленушінің көрнекі-бейнелі ойлауының ерекшелігіне қарап, оның көрнекі, ойын және практикалық әдістеріне мән беріледі, педагогтың сөзі көрнекіліктің түрлері және балалардың практикалық қызметімен бірге жүреді.

Балалардың өз бетінше ойын әрекеті тәрбиешінің бақылауында болады, ол балаларды бағыттайды, ал кейде ойындарға тікелей қатысады. Жалығып кетуге жол бермей түрлі қимылдағы ойындарды мақсатты кезектестіріп, тәрбиеленушілерді ойынның бір түрінен екінші түріне уақтылы ауыстырып

отыру керек. Тәрбиешінің міндеті – вариативті ойын әрекетіне сәйкес пәндік-дамытушы орта: түрлі бейнелі ойыншықтар, алмастырушы-заттық, ойын шығармашылығына материалдар, ойын жабдықтарын тиімді орналастыру арқылы мүмкіндіктер құру.

Кішкентай бала үшін жақын қоршаған заттар қызығушылықтың қайнар көзі және әлемді танудың бірінші баспалдағы болып табылады, сондықтан баланың сезімдік тәжірибесі белсенді түрде жинақталатын толықтырылған заттық орта құру қажет. Ортаңғы топтағы ойыншықтар мен заттардың қасиеттері өте бай және алуан түрлі, қызығушылық пен белсенділікке ынталандырады. Ойын, бейнелеу, музыкалық, театрлық-орындаушы әрекеттерде шығармашылық қабілеттерді дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Тәрбиешінің балаларға деген мұқият, мейірімді қарым-қатынасы, олардың танымдық белсенділігін қолдай білуі және өзіндігін дамыту, түрлі әрекеттерді ұйымдастыру балабақшаның ортаңғы тобындағы балаларды дұрыс тәрбиелеу мен толыққанды дамытудың негізін құрайды.

Әдебиеттер:

1) Савенков А.И. Маленкий исследователь. Как научить младшего школьника приобретать знания – Ярославль: Академия развития. Академия Холдинг, 2002.
2) Танникова Е.Б. Монтессори-группы В ДОУ.– М.:ТЦ Сфера, 2007.–80 с.
3) Баденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша сөйлеу тілін дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2012. – 153 бет.

ӘӨЖ

БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛ КЕМІСТІГІНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ

Шанбаева Айгуль Шамшибековна
Шымкент қаласы, №21 «Ертарғын» бөбекжай балабақшасының логопеді

Түйін

Мақалада балалар тіліндегі кемістіктіктің себептерін болдырмау әне түзету жолдары қарастырылған.

Логопедия – сөйлеу тілі кемістіктерін, оның бұзылу себептерін болдырмау жолдарын, сонымен бірге осындай кемістіктерді әр түрлі жолдармен түзетіп, жоюдың тәсілдерін зерттейтін ғылым. Логопедия пәні сөйлеу тілінің бұзылуы және сөйлеу тілі кемістігі бар тұлғаларды оқыту және тәрбиелеу үрдісі болып табылады.

Логопедияның зерттеу нысаны – сөйлеу тілінің бұзылуынан зардап шеккен адам. Логопедияның негізгі мақсаты сөйлеу тілі бұзылған адамды оқытуды, тіл кемістіктерінің алдын алу жолдарын ғылыми негізде жете зерттеу болып табылады. Тіл кемістігі деп – сөйлеу қабілетінің психофизиологиялық механизмінің бұзылу салдарынан сөйлеушінің сөйлеу тілінің қоршаған ортаға

тән мөлшерден ауытқуын айтамыз. Қатынас теориясының көзқарасында тіл кемістігі ауызша сөйлеу қатынасының бұзылуы болып есептеледі.

Сонымен сөйлеу тілінің бұзылуы төмендегіше сипатталады: өз бетінше пайда болады, жоғалмайды, қайта бекиді; сөйлеушінің жас мөлшеріне сәйкес келмейді; оның ерекшелігіне байланысты нақты логопедиялық ықпал жасауды талап етеді; баланың одан әрі дамуына жағымсыз әсерін жиі тигізеді; тіл білмейтіндік-диалектизм-тіл кемістігі болып саналмайды; сөйлеу тілінің психофизиологиялық механизмінің ақаулықтарымен байланысты. Аталған ерекшеліктер тіл кемістіктерінің айырмашылығын көрсетеді.

Логопедияда «сөйлеу тілінің жетілмеуі», «сөйлеу тілінің бұзылуы», «тіл кемістігі» деген ұғымдар кездеседі. Сөйлеу қабілетінің немесе сөйлеу жүйесінің құрамдарының төмен деңгейде қалыптасуы сөйлеу тілінің жетілмеуі деп саналады. Сөйлеу тілі құрамының әртүрлі бөлімдерінің сөздік қоры, грамматикалық құрылысының мөлшерден ауытқуы және тілдің негізгі функциялары – қарымқатынас, ойлау қабілеттерін атқара алмауы тіл кемістіктері деп саналады. Әрине, ол ауытқулар әрқалай және әртүрлі мөлшерде кездесуі мүмкін. Сөйлеуші кейде тек бір дыбысты бұзып айтуы немесе мүлдем айта алмауы мүмкін. Мысалы, «қарға-қааға», «қарға-қалға». Әрине, мұндай жағдайда тіл өзінің негізгі функциясын жоғалтпайды, дегенмен кейбір жағдайда ыңғайсыздық туғызуы мүмкін. Жеңіл тіл кемістіктері бар адамдар актер, диктор, мұғалім, т.б. мамандықтары бойынша жұмыс істеуіне бөгет келтіреді. Тіл кемістіктерінің себебі сыртқы және ішкі зияндық факторлардың немесе екеуінің бірдей организмге әсер етуі деп түсінеміз.

Баланың сөйлеу тілі паталогиясының негізгі себептері: 1. әртүрлі ішқұрсақ патологиясы іштегі нәрестенің дамуына зиянын тигізеді, сөйлеу тілінің ең ауыр кемістіктері іштегі нәрестенің 4 апталық пен 4 айлық аралығындағы дамуының бұзылуынан пайда болады. Іштегі нәрестенің дамуының бұзылуына анасының екіқабат кезіндегі токсикоз, вирусты және эндокринді аурулар, жарақаттар, резус-фактор бойынша қанның сыйымсыздығы және басқалар әсер етуі мүмкін; 2. босану кезіндегі жарақаттану және босану кезіндегі асфиксия (оттектің жетіспеуі); 3. өмірінің алғашқы жылдарындағы әртүрлі аурулар; 4. бас сүйегінің жарақаттануы; 5. тұқым қуалаушылық факторлар; 6. әлеуметтік тұрмыстық жағдайларының қолайсыздығы. Жоғарыда атап өтілген себептер өзгешеліктеріне қарай табиғи функционалды болып екі түрге бөлінуі мүмкін. Табиғи себеп – деп шеттегі немесе орталық бөлімдеріндегі тіл механизмдері анатомо-физиология құрылысының қатты бұзылуынан болатын себепті айтады. Функционалды себептерге анатомо-физиология құрылысы әдеттегі күйінше сақталып, тек қана тіл механизмінің бұзылуы жатады.

Сонымен барлық тіл кемістіктерін, оларды туғызатын себептерге байланысты екі топқа бөлуге болады. А) табиғи тіл кемістіктері (органикалық); Б) функционалды тіл кемістіктері. Табиғи тіл кемістіктері зақымды жайылтпайтындығына байланысты: а) тілінің табиғи бұзылуы орталықтан пайда болуы және б) тілдің табиғи бұзылуы шеткеріден пайда болуы деп бөлінеді. Біріншісіне, бас ми қабығында орналасқан тіл механизмдерінің

орталық тарауларының табиғи бұзылуының нәтижесінде пайда болған кемістік жатады. Тілдің табиғи бұзылуының орталықтан пайда болуына алалия, афазия, сонымен бірге тіл мүкістіктерінің кейбір түрлері жатады.

Логопедия ғылымында осы уақытқа дейін шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі жүйелі ғылыми тұрғыдан тіл кемістіктерін топтастыру болып табылады.Оған бөгет болатын жағдайлар,өбіріншіден тіл кемістіктерінің коптеген түрлерінің кездесуі және олардың нағыз күйінде кездеспей, күрделі түрде кездесуі. Осының бәрі тіл кемістіктерін ғылым жүзінде дәлелдеп топтастыруды қиындатады. Бұның қиындығы сол, егер тіл кемістігінің бір түрі бірнеше себептердің салдарынан болса, тіл кемістігінің бірнеше түрі пайда болуы мүмкін.Сонда тіл кемістіктері жеке түрде немесе басқа тіл кемістіктерімен қисындасып, тіркесіп кездесуі мүмкін.Соған байланысты олар логопедияда өзіндік белгілеріне байланысты белгілі терминдермен нақты белгілінеді. Сөйлеу тілінің бұзылу түрлері мынадай:

- Дислалия– есту қабілеті мен сөйлеу мүшелерінің инервациясы дұрыс сақталғанда кездесетін тілдік дыбыстардың бұзылып айтылуы. Синонимдері: тіл мүкістігі, тіл дыбыстарын айту кемістігі, фонетикалық кемістік.
- Ринолалия– сөйлеу мүшелерінің анатомиялық–функционалдық кемістіктерінің салдарынан дауыс әуезділігнің, тембрінің, дыбыстардың айтылуының бұзылуы.Синонимдері мұрынмен сөйлеу.
- Дизартрия– жүйке тамырларының сөйлеу мүшелерінің жұмысын толық қамтамасыз ете алмауына байланысты сөйлеу қабілетінің бұзылуы Дизартрияның ауыр түрі анартрия деп аталады .Ондай жағдайда адам дыбыс айту мүмкіншілігінен айрылады.
- Тұтықпа- сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерінің тартылу салдарынан сөйлеудің ырғақтығының, жылдамдығының бұзылуы.Синонимдері: логоневроз.
- Алалия- бас ми қабығындағы тіл аймақтары (зонасының) жастайынан зақымдануының әсерінен балада сөйлеу тілінің жетілмеуі немесе мүлдем дамымауы.Синонимі: мылқау.
- Афазия- бұл сөйлеу тілінің толық немесе жартылай жоғалуы, жойылуы.Ми қорабының жарақаттануы, нейроинфекция, мидағы ісіктің салдарынан адамның сөйлеу қабілетінен айырылуы.
- Брадилалия –сөйлеу жылдамдығының қалыптан тыс баяулауы.Тахилалия- сөйлеу жылдамдығының қалыптан тыс жылдам болуы.
- Дисфония –дауыс шығару мүшелерінің(күші, биіктігі, тембрі) қалыптан тыс өзгеру себептерінен дауыстың жартылай бұзылуы.Афония-дауыстың толықтай жойылуы.
- Дислексия –оқу процесінің жартылай бұзылуы. Алексия оқу процесінің мүлдем қалыптаспауы.
- Дисграфия –жазу процесінің жартылай бұзылуы. Аграфия –жазу процесінің мүлдем қалыптаспауы.

Жалпы тіл кемістігі– есту қабілеті мен ой–өрісі әдеттегідей дамыған балалардың мағыналық жеке қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын күрделі тіл кемістектері. ЖТК үш деңгейі бар (1-2-3). Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы алалия, афазия, ринолалия, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологиялардың түрлерінде де байқалады. Баланың сөйлеу тілінің бұзылуын анықтап, зерттеп отырып онымен түзету – тәрбие жұмысы жүргізген дұрыс. Дәл уақытында қолайлы жағдай жасай отырып баланың тілінің дұрыс дамуына бағыт берген жөн.

Баланың тамаша сезімімнің дамуын тек қана дыбыс үндестігін айтуды пайдалана білуімен шектестіріп қоймай, оны мәнерлі сөйлеуге үйретіп отырған жөн. Тіл кемістігі көбінесе мектеп жасына дейінгі балаларда кездеседі. Тіл кемістігін уақытында жоймаса, ол барған сайын ұлғайып, нығаяды да баланың дұрыс сөйлеуіне кесірін тигізеді.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде сөйлеу тілі өте –мөте қарқынды дамиды. Бала 2 жастан бастап енжар және белсенді сөздіктерді тез жинайды, дыбыстарды айтуды және грамматикалық құрылымдағы сөйлемдерде меңгереді.

- 2 жасында -300-400
- 3 жасында -1000-1500
- 4 жасында -1600-1800
- 5 жасында-2000-2300
- 6 жасында-3000-3500 дейін сөздік қоры болады.

Бала дүниеге келісімен оны көптеген дыбыстар қоршайды. Олар ән – әуендер, құстардың дыбысы, иттің үруі, ыдыстың салдыры, адамдардың сөйлеуі. Бала түрлі дыбыстарды естісе де ең бастысы сөйлеу тілі қарым-қатынас үшін қажет.

Сөздерді түсініп айтуы үшін бала интонацияға мән береді. Егер балаға сүйсіне қарап, жылы сөздер айтсақ, ол сөздерге мән беріп күлімсірейді. Егер айғайлап, қатты сөйлесек бала қорқады, ренжиді. Біртіндеп бала сөздерді тыңдап, салыстырып, оларды қайталауға тырысады, сөздердің дыбыстық құрамына көңіл бөле бастайды, дыбыстарды қайталап, ойнайды.

Кейбір кезеңдерде бала үндемейді, дұрыс сөйлемейді. Бұл жағдайда ата-аналар әртүрлі көзқараспен қарайды. Бала сәби кезден бастап ана тілінде еркін сөйлей бастауға дағдыланады. Ал тіл мүкістігі бар бала еркін сөйлей алмай, айналамен қарым-қатынаста көптеген қиыншылықтарға кез келеді. Тіл мүкістігін түзету қазіргі таңда ең үлкен мәселе болып отыр. Оның пайда болу себептері әртүрлі. Егер тіл кемістігін уақытында мектепке дейін түземесе, баланың айналамен қарым-қатынасы қиынға түседі. Көп жылдық тәжірибе бойынша мектепке дейінгі тіл кемістігі бар баламен күнделікті тұрақты жұмыс жасалса, сөйлеу тілінің жақсаратыны дәлілденген. Сондықтан дер кезінде логопедиялық көмек көрсету қажет.

Сөйлеу тілінің бұзылуы төмендегідей сипатталады:

1. өз бетінше пайда болады, жоғалмайды, қайта бекиді.
2. сөйлеушінің жас мөлшеріне сәйкес келмейді.
3. баланың одан әрі дамуына жағымсыз әсер тигізеді.
4. тіл білмейтіндік – диалектизм тіл кемістігі болып саналмайды.

Дыбыстарды дұрыс, анық айту үшін алдымен түрлі дайындық жұмыстары, артикуляциялық жаттығулар, ауа ағымын дұрыс шығару үшін арнайы жаттығулар орындалады. Дыбысты дұрыс айтқызғаннан кейін, дыбыстың айтылу артикуляциясы еске түсіріледі. Дыбысты бекіту жұмыстары сөздер, сөйлемдер, өлең жолдары, мақал – мәтелдер , шағын әңгімелер қолдану арқылы жүргізіледі.

Әдебиеттер:

1. Борякова Н.Ю. Дамуында кедергілері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде педагогикалық жүйелер. Студенттерге арналған оқу құралы.АСТ, Астрель", М., 2008 ж.
2. Глухов В.П. Түзету педагогикасы мен арнайы психология негіздері: Пед.және гуманит. ЖОО арналған оқу-әдістемелік құрал. (Авт.-құраст. В.П. Глухов) - М.: МГТУ им. М.А. Шолохова, 2007. - 312 б.
3. Түзетім педагогикасының негіздері: курс дәрістері / авт.-құраст. С.В. Лауткина. – Витебск : УО «ВГУ им. П.М. Машерова», 2008. – 211 б. ISBN 978-985-425-989-5.

ӘӨЖ

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Пулатова Меруерт Мамадиярқызы
Жетысай ауданы, №3 Гагарин атындағы жалпы орта мектебінің физика және математика пәні мұғалімі

Резюме

В данной статья рассматривается применение интерактивных методов обучение на уроках математики

Summary

This article discusses the use of interactive teaching methods in mathematics lessons

Оқудың белсенді әдістері - студенттердің оқу үдерісіне қатысуының жоғары деңгейімен сипатталады, олар берілген тапсырмаларды шешу үшін қойылған міндеттерді орындауда танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері:

1) студенттің ерікінен тыс белсенді болуға итермелейтін мақсатты түрде ойлау;

2) студенттердің оқу үдерісіне қатысуына жеткілікті ұзақ уақыт кетеді, олардың белсенділігі қысқа мерзімді немесе эпизодтық болмауы керек, тұрақты және ұзаққа созылуы тиіс (яғни бүкіл сабақ бойы);

3) білім алушының іс-әрекетін және ынтасын жоғарылату үшін шығармашылығын дамытуға өзіндік шешім қабылдауы;

4) білім беру мекемелерінде (тыңдаушылар мен оқытушылар) өз ара интерактивті сипатта қарым-қатынас жасауы, нақты проблеманы шешу жолында үнемі тікелей және кері байланыс арқылы еркін пікір алмасуы.

Қазіргі кезеңде оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі талаптарының бірі білім алушылардың белсенділігін арттыру және өз бетінше білім алу. Әлеуметтік және коммуникативтік дағдылар пәндік білімдерін дамытып қана қоймай, болашақта өз мүдделерін іске асыру үшін сындарлы ойлауға, шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Білім алушылардың белсенді танымдық қасиеттерінің дамуы шығармашылығының жоғарылауына мүмкіндік береді, мұғалімге көмекші ретінде қолдау жасай алады.

В.П. Чечет оқытуда белсенді әдістердің тиімділігін келесі шарттарға байланысты көрсетеді:

1) белсенді оқыту әдістерін қолдану үшін оқытушы психологиялық - технологиялық дайындығы оңтайлы деңгейде қалыптасады;

2) дәстүрліге қарағанда оқытудың белсенді әдістерінің мүмкіндігі басым (құзыреттілігі);

3) білім алушыларға бір сабақта пәннің мазмұнын нақты және толық түсінетіндей әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану; бір әдісті қолдана беру белсенділігін жояды;

4) дәстүрлі мен белсенді әдістердің икемділігі: уақытты ұтымды пайдалануға және оқыту қызметінде арнайы пәндік білім алу үшін қарастырылған, дәстүрліге қарағанда белсенді әдістерге көп уақыт жұмсалады;

5) оқу үшін бөлінген уақыт пен шарттары оқытылатын тақырыптың мазмұнына, оқу мүмкіндігіне және сабақтағы белсенді әдістер оқыту мақсаттарына сәйкес қолданылады;

6) дамытуға немесе аттестациялауға негізделген мақсаттар мен міндеттерге жету үшін белсенді әдістерді пайдалану өз үлесін қосады;

7) білім беру үрдісінді бағалау жүйесінің ашықтығы;

8) техникалық жабдықтар, қажетті мекемелермен қамтамасыз ету.

Сондықтан, осы дәріс өзін-өзі дамытуға арналған «Математика сабақтарында қолданылатын белсенді және интерактивті әдістер» оқытушы белсенді оқыту әдістерін, олардың алуан түрлілігін және олардың артықшылықтарын дәстүрлі және жалпы әдіснамалық дайындықты байыту туралы хабардарлығын арттыруға көмектеседі.

Белсенді және интерактивті оқыту әдістерінің нақты шекарасы жоқ екендігін көрсетеді, олардың өзара қарым-қатынасы айқын және бірдей әдістер қолданылады.

Дәстүрлі түрде оқытудың белсенді әдістері «пдагог-білім алушы» өзара әрекеттесуі жүзеге асырылса, интерактивті әдістер «оқытушы-студент» және «студент-студент» өзара әрекеттесуіне негізделген. Сондықтан, бірінші кезекте педагог пен студент оқу үрдісіне тең қатысуы, ал екіншіден – оқытушы студенттерді оқу үдерісіне тартпай-ақ, олар өзара әрекеттесе отырып бір – бірінің ынтасына әсер етеді. Сабақ барысында студенттер бір-бірімен өзара әрекеттеседі.

Математикалық сабақтарда командалық жұмыс істеу үшін белсенді оқыту әдістері

Санды және әріптік өрнектер. Өрнектерді салыстыру

Мақсаты: Алфавиттік және сандық өрнектерді тану және салыстыру болып табылады.
- Сандар (жалған) әріптік өрнектерде пайдаланылмайды.
- 10 + x алфавиттік өрнек (шындық).
- Математикалық өрнектер сандық және әріптік (шындық) болып табылады.
- 5 + 3 - сандық өрнек (шындық).
- Әріптік өрнектегі хат бір нөмірмен (жалған) көрсетілуі мүмкін.
- a + 0 = c (жалған)
- x + 7 <x + 8 (шындық)
- 5 + 6 = 6 + 4 (жалған)
- 4 + 2 = 2 + 4 (шындық)
- x + 3> 8, егер x = 5 (жалған)

ДОМИНО

Мақсаты: Зерттелген материалды қайталау, есептеу дағдыларын дамыту.
Педагог тапсырмалары бар карталарды дайындайды. Карталар екі бөліктен тұрады: әр картаның оң жағында өрнек, мәселе, тұжырымдама жазылады, сол жақта - сөздің мағынасы, сұраққа жауап, тұжырымдаманың анықтамасы.
2. Опциялар:
- Білім алушылар карточкаларын алады.
- Алғашқы студент тақтаға шығып, карточкасын іледі де оны оқиды, сұраққа жауап береді, картаның оң жағындағы бөлігіне тұжырымдама жасайды.
- Содан кейін карточканың екінші бөлігін алған студент шығып сұраққа жауап береді, дұрыс тұжырымын айтады.

Математика сабағында әдісті қолданудың мысалдары:
Геометриялық фигуралар және оларды жіктеу. Геометриялық пішіндер
Мақсаты: геометриялық пішіндерді тануға және атауы үшін: нүкте, сызық, қисық, көпбұрышты, жабық және ашық сызықтар, сегмент, рентген бұрыштар.

Мұғалім геометриялық фигуралар бар карточкалар дайындайды.
Студенттер 4-5 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Әрбір топ бірдей карточкалар жиынтығын алады. Топтағы әрбір студент 2 карточканы алады.
Кез келген студент карточкасын партаға қойып, оң жағындағыға түсініктеме береді. Бұл карточка бірінші болғандықтан, сол жағындағы назар аудармайды, себебі ол соңғы картаның жауабы болады.

Мысалы, оқушы билеті «· / түзу сызықты» қояды да былай дейді: «Түзу сызық басы немесе аяғы жоқ. Оны сызғыштың көмегімен орындауға болады. « Келесі студент түзу сызық бар карточкасын бірінші студенттің корточкасымен қатар қойып сөйлейді: қисық – бұл тегіс қисық сызық, сызғыштың көмегінсіз сызылады. Қисық сызық - бұл жол бұрылысы, төбе сызық, созылған лента және т.б.

	прямая
	кривая
	ломаная
	замкнутая кривая
	отрезок
	луч
	угол
	замкнутая ломаная
	точка

Математикалық сабақтарда жұппен жұмыс істеу кезінде оқытудың белсенді әдістері

ӨЗ ОЙЫНЫ

Мақсаты: сұрақ құрастыру жолдарын және қалыптастырушы бағалауды дамыту.

1. Сұрақтарға жұп жұптар жауап береді. Мысалы, жауап 5.

2. Жұппен сұрақ құрастырады және жауаптарын жазады. **Мысалы**, 1 мен 4-тің көбейтіндісі? 8 бен 3 –тің айырмашылығы? Жеке сан 20 және 4? 5 және 1 сандары не құрастырады? Қанша 100 –ден 95 –ті алсақ қанша ? 10-ы 2-ке бөлсек қанша болады? Және т.б.

Берілген уақыттан кейін, жұптар жұмыстарына түсініктеме береді.

Математика сабағында әдісті қолданудың мысалдары:

Сандар бойынша әдістер. Қалдықпен бөлу.

Мақсаты: Бөлуді орындағанда белгілі бір сандық қалдық .

Жауап № 1: 7 (қалдық 1), № 2: 7 (қалдық 2), № 3: 7 (қалдық 3), № 4: 7 (қалдық 4), № 5: 7 (қалдық 5), № 6: 7 (қалдық 6), № 7: 8 (қалдық 1), № 8: 8 (қалдық 2), № 9: 8 (қалдық 3) № 10: 8 (қалдық 4), № 11: 8 (қалдық 5), № 12: 8 (қалдық 6), № 2: 8 (қалдық 7).

Тапсырмалар мен математикалық модель. Бірнеше бірліктерді көбейтуде қарапайым тапсырмаларды шешу.

Мақсаты: Қарапайым және күрделі тапсырмаларды шеші және моделдеу.

Жұптасқан студенттерге тапсырмалардың мазмұны, жауаптары мен шешімі беріледі.

Студенттер жауапқа сәйкес келетін сұрақ дайындайды.

1-мысал: Шаруа қожалығында 48 қой және 9 дан көп жылқы болды.

Жауап: 57 жылқы.

2-мысал: Шаруа қожалығында 48 қой және 9 дан көп жылқы болды.

Жауап: 105 жануарлар.

Жауаптың орнына, студенттерден осы мәселені шешуге арналған өрнек туралы сұрақ дайындауды тапсырыңыз:

Шаруа қожалығында 48 қой және 9 дан көп жылқы болды.

48 + (48 + 9)

Егер мәселе жауап берсе немесе жауап берілсе, мақсат қойылған деп есептеуге болады.

Әдебиеттер:

1. Букатов В.М., Ершова А.П. Я иду на урок: Хрестоматия игровых приемов обучения: Книга для учителя. – М.: Издательство «Первое сентября», 2000. – 224 с.
2. Гин А.А. Приемы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность: Пособие для учителя. – М.: ВИТА-ПРЕСС, 2013. – 112 с.
3. Зарукина Е.В. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению: учеб.-метод. пособие. – СПб.: СПбГИЭУ, 2010. – 59 с.
4. Кашлев С.С. Интерактивные методы обучения: учебно-метод.пособие. – Минск: ТетраСистемс, 2013. – 224 с.

ӘӨЖ

РАЗВИТИЕ УМСТВЕННЫХ И ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ

Аймаганбетова Раушан Туленовна
Созақ ауданы, Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебінің
орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

Түйін

Мақалада автор орыс тілі сабағында балалардың ақыл-ой және танымдық қабілеттерін ойын арқылы дамыту жолдарын қарастырады

Summary

In the article, the author is considered the ways of development of mental and cognitive abilities of children in the Russian language lessons

В Казахстане идет большая работа по развитию и становлению национальной модели образования, где важнейшей составляющей становится личностно – ориентированное взаимодействие субъектов учебной деятельности учителья и учеников.

Новая модель образования выдвигает на первое место личность ребенка и ее развитие умственных и познавательных способностей путем образования. Развитие умственных и познавательных способностей личностеи рассматривает следующие цели: различные виды памяти (слуховая, зрительная, моторная), мышление, внимание, восприятие, самоактуализация, самоутверждение. Продуманнаая конструкция учебного процесса, которая ориентирована на вышеперечисленнные цели позволяет повысить качество знаний учащихся. Строится таким образом, чтобы каждый ученик на каждом уроке имел возможность слушать, записывать, видеть и проговаривать учебный материал. А обязательным условием обучения является использование учебно –педагогической игры.

Для получения положитель ного результата от самой познавательной деятельности учителью необходимо создать на уроке атмосферу психологического комфорта.

Учебная игра являеться игрой по форме, учением по содержанию.

Учебная игра - это игровая организация учения. Иследование многих психологов показываеть, что ученики, включаясь в игровые ситуации, а наоборот, в большей степени испытывают положительные эмоции.

При всем разнообразии видов учебных игр можно отметить рыд общих моментов.

- Завуалированность обучающих целей, которые решаются незаметно для детей, что помогает снять напряжение и усталость, накапливающейся в течение урока, позволяеть преодалеть пассивность учащихся, вовлечь в работу весь класс.
- Элемент соревнования или перевоплощения.
- Занимательность.

Понятие обучающей игры шире. Содержанием обучающей игры является учебный труд ребенка. В игре ребенок действует не по принуждению, а по в по внутреннему побуждению.

Целью обучающей игры – помочь учащимся сделать сереьзный и напряженный труд занимательным и интересным. В процессе обучениея русскому языку можно выделить следующие виды игр- фонетические, лексические, грамматические, разговорные.

Игры –упражнения развивают память детей, внимание, сообразительность общий кругозор, такие игры – упражнения можно использовать при изучении тем «Лексика», «Фонетика», «Фразеологизмы».

- Кто найдет в тесте больше глаголов?
- Кто больше всех найдет собственные имена существительные.
- Укажите цифры, которые используются в тексте.
- Кто больше всех найдет в тексте определения вместе с определяемыми словами.
- Кто быстрее всех составит схему- кластер опорных слов.

Эти задания выполняются парами устно и проверяется по эталону ответов, заранее подготовленому учителем.

1. Глаголы: стоит, можно проследить, надо провести посмотреть, создать, понадобиться занимает, является, находиться, установить, перечислить, пройти, теряются, знают, смотреть, попал.
2. имена собственные Нева, Санк –Петербург, Эрмитаж, Рафаэль, Рембрандт, Рубене, Колыванская ваза, «Книга рекордов Гиннеса»
3. Цифры 43, XVI – XVIII6 19 тонн, 770 рабочих, 24 километра, 3 миллиона 1988 год
4. Определения с определенными словами: набержная Невы, большое и красивое здание, человеческая культура, первобытнообщинный строй, бесценные сокровища, прекрасные статуи и картины, узорчатые ковры, известные мастера, французкое искусство, серебряные изделия, испанская живопись, подлинная картина, грандиозная чаша, знаменитая Колыванская ваза, красивый камень яшма, самая большая картинная галерея.

Игра «Переводчик»

1. Кто быстрее заменит больше слов, кроме служебных, синонимами
2. Кто найдет иноязычные слова и заменит их русскими.
3. Кто быстрее поменяет местами слова, при этом сохранив смысл.

1. Ребенок подбежал к матери малыш подбежал к маме, наука о небесных светилах возникла в древности. Наука о звездах возникла в давние времена.
2. Возле нашего дома остановился новый автомобиль. Возле нашего дома остановилась новая легковая машина. (Нужно обратить вниманиие на согласованность замененных слов), Николай Ильич Толстой имел большую виллу под городом Тулой.
3. Самый первый календарь придумали древние египтяне. Древние египтяне придумали самый первый календарь. Подумаешь- ответишь правильно. Ответишь правильно, если подумаешь. Некоторые ученики попытались перестройть стихотворения.

Ветер

Осторожно ветер
Из калитка вышел,
Постучал в окошко,
Пробежал по крыше,
Поиграл немного
Ветками черемух
Пожурил за что –то
Воробьев знакомых
И, расправив бодро
Молодые крылья,
Полетел куда –то
Вперегонку с пылью **(**М. Исаковский.)

Выполнение таких заданий помагает учащимся развивать познавательную и уметвенную деятельность. Они получают массу положительных эмоций от преодоления трудностей, открытий. «Кто возьмет миллион» Нужно отметить, что вместо денег – баллы. Это игра проводится внекласса. Как и в телевизионный версий, здесь у игрока три вида подсказки «50-50», «Звонок другу», «Помощь зала».

1. Первая подсказка -«50-50» Два неверных варианта убирает учитель.
2. Вторая подсказка «Звонок другу». Здесь игрок может выбрать любого человека из зала и попросить его ответить на вопрос

Литература:

1. Жанпеисова М.М. Модульная технология обучения как средство развития ученика. Алматы, 2002 г
2. Капионос В.И. Сергеева Н.Н, Соловейчик М.С. Развитие речи. Теория и практика обучения. Москва, «Просвещение», 1991 г.
3. Жанпейсова У.А. Кожакеева Ш.Т. Русский язык Алматы «Атамура», 2001 г.

ӘӨЖ

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

Байдулла Марина Сабыржанқызы
Шымкент қаласы, №55 «Самал» бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі

Резюме

В данной статье рассматривается развитие речи детей дошкольных возрастов

Summary

This article discusses the current state, problems of use, protection and quality of land resources in Kazakhstan

Тіл арқылы адамзат тілдесудің үлкен мүмкіндіктеріне қол жеткізеді, қарым - қатынасын біріктіреді, және көзқарастарын қалыптастырады. Сондықтан, тілдің дамуына, әсіресе мектеп жасына дейінгі бала тілінің дұрыс қалыптасуына ерте бастан ерекше мән берген жөн.

Халық байлығының сарқылмас мұрасы, келер ұрпақтың рухани азығы, тәрбие тірегі – ана тілі. Осындай халық қазынасын меңгерту бесік тәрбиесінен, ана әлдиінен басталатыны белгілі. Тіл үйрету мектепке дейінгі, тәрбие мен білім беру жұмыстарының негізі болып табылады. Бала ана тілінде сөйлеуге үйренеді, табиғат тамашаларын танып, қабылдайды және көрген – білгенін басқаларға сөз арқылы жеткізіп, тілдеседі. Осының өзі оның білім-дағдысының молайып, күнделікті өмірден алған әсері нығая түсуіне себепші болады.

Балабақшада тәрбиеленіп жүрген баланың тілі де, ой - өрісі де үйде жалғыз жүріп өскен баладан анағұрлым жақсы дамиды. Онда баланың тілін жаттықтырып, ой - өрісін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Әсіресе, баланың жас ерекшелігіне қарай айтылатын қызықты тартымды өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар бала ұғымын кеңейтумен бірге, дыбыстарды дұрыс айтып үйретуге баулиды, сөздік қорын байытады.

Тілдің грамматикалық сөйлеу мәдениетін игеруде баланың сәби шағынан басталып, біртіндеп жетілетін кезең. Сондықтан баланы балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында белгіленген оқу іс - әрекеттің көп уақыты балалардың тілдерінің дамуына, көркем сөз өнеріне баулуға, мәнерлеп сөйлеуге, тіл мәдениетіне жұмсалады.

Балабақшада өткізілетін оқу іс - әрекеттерінің барлығы осы салаға сабақтасып жатады. Балабақшадағы оқыту - тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану.

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттар:

• Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

• Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

• Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал мәтелдер, жаңылтпаштарды

айта білуге үйрету

Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызекі сөйлеуін қалыптастыруда жеті түрлі міндет қойылады:

1. Сөздік қорын дамыту. Мектепке дейінгі кезеңде балалар негізгі сөздерді айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста қоршаған ортаға байланысты. Әсіресе қоршаған орта.

2. Грамматикалық дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қор – тілдің құрылымдық материалы болып табылады. Грамматика – сөйлемдегі сөздердің өзгеруін қалыптастырады. Сонымен бірге, тілдің сындарлы үлгісін анықтайды. Бала айналадағы адамдардан грамматикалық дұрыс құрылған сөйлемдерді естілді, осы арқылы ол тілдегі сөздердің үлгісін менгереді. Тәрбиеші баланың өмірден алған сөйлеу қабілетін, оқыту арқылы адам әрі жаттықтырады. Сонымен бірге, балаларға жаңа сөздер үйретеді, грамматикалық дұрыс байланыстқан сөйлемдер құрып сөйлеуге тәрбиелейді.

3. Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу. Бала дыбыстарды дұрыс дыбыстауды керек. Сөйлем сөздегі дыбыстардың дұрыстығымен жұмыс жасауда, тәрбиеші фонетика мен орфоэпияның заңдылықтарына сүйенеді. Бала озінің ана тілінде сөйлеп, сөйлемдердегі екпінді айыра білуге тиіс. Баланы бір-бірімен сөйлескенде, әдепті, тәртіпті бояуға үйретудің маңызы зор. Оған: амандасу, сөйлесіп тұрған адамына жылы қабақпен қарау назар аудару көпшілік жерде өзін-өзі ұстай білу жатады. Баланы мәнерлер сөйлеуге үйрету керек.

4. Диалог түрінде, әңгімелесу дағдысын қалыптастыру. Бұған баланың тыңдау қабілеті мен түсінуі, әңгімеге араласуы, сұраққа жауап беруі мен сұрақ қоя білуі жатады. Бұдан, баланың қаншалықты грамматикалық сөздерді дұрыс сөйлегені, сөздік қорының молайғанын білүге болады. Әңгімелесу кезінде, бала өзін-өзі мәдениетті түрде ұстай білу керек.

5. Әңгімелеп сөйлеуге үйрету – монолог түрінде. Баланың өзінің көрген-білгенін әңгімелеп беруі – мектепке барғанында өте қажет. Мектепте осы қабілеті одан әрі қалай бекиді. Баланың әңгімесінен біз сөйлем немесе сөз құрап сөйлей алуын, сөзінің мазмұнын сөздік қорын қаншалықты меңгергенен анықтаймыз. Балаларды ауызша әңгімелерді таңдай білуге, оны сосын қайталап айтып беруге үйретеміз. Сонымен қатар, әңгіме құрап айтуға, шығармашылық белсенділігін қалыптастырамыз. Баланың бұл белсенділігі – бала бақшадағы мейрамдарда, үлкендердің алдына шығып тақпақ айтуға немесе басқа топтың алдына шығып сөйлеуіне деген қабілетін арттырады.

6. Көркем әдебиетпен таныстыру. Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда балалар әдебиетіндегі ең үздік шығармалар оқылып, топтастырылады. Тәрбиеші балаларды көркем шығарманы тыңдауға түсінуге, шығармадағы кейіпкерлерді суреттеп айтуға үйретеді. Балалар жатталатын тақпақтың мазмұнын ұғып, оны мәнерлеп айта білу керек. Олардың оқуға деген қызығушылықтарын, кітаптың ішіндегі түрлі – түсті суреттерді қарап шығуын, кітаппен жұмысты ұқыпты да дұрыс қолдануларын қадағалау маңызды болып табылады.

7. Балаларды сауат ашуға дайындау. Балабақшадағы тіл дамыту жұмысы – баланы мектепке әзірлейді, бала ауызекі жақсы сөйлеуі тиіс, басқа адамды тыңдай білуі қажет. Тіл дамыту әдістемесі психологиямен тығыз байланысты. Психология – психикалық құбылыстарды атап айтқанда түйсік пен қабылдау, елес пен ой, сезім мен тілек, бейімділік пен қабілет, ерік сапалары мен мінез белгілерін зерттейді.Осы аталған құбылыстардың, мысалы түйсік пен қабылдаудың, елес пен ойдың сөйлеу процесіне тікелей қатысы бар. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасау, пікір алмасу, басқаның сөзін ұғыну психологияның жәрдемін керек етеді.Өйткенітілдік жүйе адамның санасында сақталады. Адам ауызекі тіл арқылы қарым-қатынас жасағанда да немесе жазба тіл арқылы қатынас жасағанда да белгілі бір мазмұнды білдіріп қана қоймай, сонымен бірге сол мазмұнға өзінің қатынасын да білдіреді.

Тіл дамыту әдістемесі адам анатомиясы және физиологиясымен тығыз байланысты. Сөйлеу әдетте тіл дыбыстарынсыз және олардың айтылуы, қабылдау қабылдау процестерінен тыс болуы мүмкін емес.

Тіл дамыту әдістемесі мектепке дейінгі педагогикамен тығыз байланысты. Мектепке дейінгі педагогика мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, білім беру, дамыту туралы және оның негізгі заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Тіл дамытудан ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде балаларда үйретілетін көркем шығармалардың әрқайсысының тәрбиелік мәні бар. Сол көркем туындылар арқылы берілетін тәрбие мектепке дейінгі педагогика қамтитын тәрбиенің түрлеріне байланысты болады.

Тіл дамыту әдістемесі көркем әдебиетпен тығыз бірлікте дамиды. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің барлығы көркем әдебиет мысалдары арқылы жүргізіледі. Яғни тәрбиеші қай топта болмасын тіл дамытудан ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізгенде негізгі құрал ретінде сабақ мазмұнына сай ертегілерді, әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды, тақпақтарды кеңінен пайдаланады. Балабақшада сөздік қоры дамыған, байлансытырып сөйлеуге үйренген, дағдыланған, әріптер мен буындарды ажыратуға үйренген бала мектепке келгеннен кейін сол аған түсініктерін ережелер арқылы толықтырып, әрі қарай кеңейтеді.

Балаға айналадағы өмір тіршілігін танытып, бағдарлай, қабылдай білуге үйрету арқылы, ана баланың сөздік қорын молайтуға болады. Осы мәселелерді ескере отырып, баланың сөздік қорын байыту, іс - әрекеттерді білдіретін сөз тіркестерін айтуға жаттықтыру және тілдің грамматикалық құрылысын меңгерту, сөздерді байланыстырып айтуға, сөйлеуге үйретуді басты назарда ұстау керек.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты. Астана
2. Тіл дамыту әдістемесі
3. Отбасы және балабақша журналы №2 2012 ж

ӘӨЖ

ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Камалова Жанар Жарылкаповна
Шымкент қаласы, №55 «Самал» бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі

Резюме
В статье рассматриваются аспекты и проблемы использования современных технологий в дошкольных учреждениях

Summary
The article deals wih aspects and problems of using modern pedagogical technologies in teaching computer science

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жас шамасын және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке адам ретінде қалыптасуы мен дамуына жағдай жасайтын Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің бірінші деңгейі.

Тәрбиенің кілті халық педагогикасында деуге толық негізі бар. Өйткені халқымыздың тәлім тәрбиелік мұрасы адамгершілікті, қайрымдылықты, мейірбандылықты дәріптейді. Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген, ешқандай жоғары білімсіз-ақ дана халқымыз тәрбиенің небір оңтайлы әдістерін бесіктен бастаған. Әңгімелер, ертегілер баламен қатынасының ең нәтижелі құралы болып табылады. Атақты педагог Ы.Алтынсарин: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады»,- деп атап айтқан.

Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін білім салаларының өзара байланысы арқылы қалыптастыру ды мақсат еткен бұл ғылыми жұмысымның негізгі міндеттері: ертегілерді іріктеу және айлық оқу іс-әрекеті тақырыптарына сай ертегі кейіпкерлерімен дамытушы ортаны жабдықтау; ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалану; ертегіні 5 білім беру саласы мазмұнына сай бөлімдерге бөлу, балалармен бірлесе отырып тақырыптар қою; білім салаларының байланысы негізінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде СТО стратегияларын тиімді қолдану; ертегілер арқылы балалардың құзыреттілігін қалыптастырудың білім салалары бойынша нәтиже көрсеткіштерін шығару.

Алдымен «Ертегі дегеніміз не, оның құрылымы қандай?» - деп, ертегінің пайда болу тарихына талдау жасап көрейік.

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза.

Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Солардың бірі – миф жанры. Мифтің ертегіге айналу процесі бірнеше кезеңнен өткен

Құзыреттілік – балалардың іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білімнің нәтижесі, оны өмірде қолдана алу қасиеті. Құзыреттілік

адамдардың қарым-қатынас жүйесін игеріп, өзара іс-әрекетке қосылу барысында қалыптасады. Сонымен қатар, құзыреттіліктер арқылы жеке тұлғаның өмір байлығы, ақыл тереңдігі, күйіну-сүйіну қалпы, қиялдауы, ерік-жігері, икемділігі мен мінез-құлық сипаты ашылады.

Жалпы құзыреттіліктердің негізі мектепке дейінгі жаста қалыптасатын болғандықтан, тәрбиешілердің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі – тұлғаның танымдылық құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық, практикалық шарттарын негіздеу болып табылады.

Танымдық құзыреттілік – бұл жеке басына маңызы бар және әлеуметті қажетті танымдық мәселелерді шешудегі баланың өзі басқара алатын, сол мәселені шешу барысында бала белгілі бір білім, білік дағдыларға ие болу.

Танымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруда ертегілердің алатын орны ерекше.

Тәрбиеші еңбегінің объектісі – бала, ол табиғаттың бір бөлігі, бір жүрегі. Баланың да өзіндік пікірі, көзқарасы, психологиялық ерекшеліктері бар, олар педагогикалық ықпалды өзінше қабылдайды. Сондықтан да, ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда жаңа педагогикалық технологиялардың атқаратын орны бөлек.

Ғалым академик В.М.Монаховтың пікірінше «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі»

Педагогикалық технология – педагогтің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – баланың оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Мен «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы 1990 жылдан мектеп тәжірибелеріне ене бастаған «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» халықаралық жобасы технологиясын қолданып келемін. Тәжірибені жүйеге келтірген: Джинни Стилл, С.Мередит, Чарльз Темпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

«Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» технологиясының мақсаты: мектеп жасындағы балаларға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарымнан бір пікірдің біреуін таңдап, саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Бол жобаның ерекшелігі сабақ барысында қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінде, көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретететін стратегиялар бойынша ұйымдастырылады. Негізінен, стратегиялар мектеп оқушыларының жас кезеңдеріне арналған, ал оларды мектепке дайындық тобы балаларының жас ерекшеліктеріне бейімдеп қолдану тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді.

Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру бағытында СТО стратегияларын қолдана жүргізіп отырған жұмыстарға талдау жасасам:

1. Ертегілерді іріктеу және айлық оқу іс-әрекеті тақырыптарына сай ертегі кейіпкерлерімен дамытушы ортаны жабдықтау.

Пәндік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптарында орта көп функционалды, вариативті, қарқынды, жасына сай дамуының ерекшелігін және мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің ауысып отыратындығын есепке алып құрылуға тиіс. Сондықтан да, дамытушы ортаны ертегілер кейіпкерлері арқылы жасақтау балаларға қуанышты көңіл-күй сыйлап, өздерін ертегі әлемінде жүргендей сезіндіреді.

Дамытушы ортаны ұйымдастыруда театр түрлері ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

2. Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалану.

Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби "Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік" деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, ертегілермен балаларды таныстыру, олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі ертегі кейіпкерлерін табиғи күйінде қабылдайды.

Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануда «Егер де мен…» стратегиясын қолдандым. Бұл стратегия бойынша көрнекілік ретінде алынған ертегі кейіпкерлерінің орнына өздерін қойып «Егер де мен «Алтын балық болсам …» деп, ертегінің соңын өз еркінше аяқтау баланы қиял әлеміне самғатып ойлануына мүмкіндік береді, шығармашылыққа жетелейді.

3. Ертегіні 5 білім беру саласы мазмұнына сай бөлімдерге бөлу, балалармен бірлесе отырып тақырыптар қою.

Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, оқиғаның өрбуі, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс-әрекет өткір сықақ-мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала кейіпкердің жағымсыз әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу тәрбиешінің шынайы шеберлігіне тікелей байланысты.

«Бауырсақ» ертегісі мазмұны бойынша бөлімдерге бөліп, тақырыптар қоюда «Ой шақыру» стратегиясында ертегі мазмұны суреттері бойынша сұрақ-жауап қолдану арқылы ертегінің баяу басталып, оқиға желісі күрделене түсетінін, яғни ертегіде оқиға желісінің басталуы, оқиғаның өрбуі, аяқталуы, өзіндік шешімі болатынын түсініп ажырата алады.

Әдебиеттер:
1. Ғабдуллин. М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы., 2011
2. Әбілова З. «Этнопедагогика».-Алматы, 1997
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» Базарбек Төтенаев, Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж.

ӘӨЖ

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ!

Жезтаев Талғат Әлібекұлы
Отырар ауданы, М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің
география пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается влияние хозяйственной деятельности человека на природу

Summary

This article discusses the impact of human economic activity on In this article, the impact of human economic activity on nature

Экологияның практикалық нәтижесі, ең алдымен табиғатты пайдалану мәселелерін шешуден бастау алады.

Экология қарастыратын басты мәселелерді айқындап алғаннан соң, оның қоршаған ортаны қорғауын, бүлдірмей сақтауды қалай жүзеге асыратындығын әңгіме етелік.

Табиғат деген ұғымды, біз өзімізді қоршаған орта – тау-тас, өзен-көл, жан-жануар, өсімдіктер және т.б. заттардан тұратын дүниелер деп түсінеміз. Ал енді, бұған өзгеше бір кең мағынада анықтама берсек, *табиғат* дегеніміз – *адамзат қоғамы тіршілік ететін материалды-энергетикалық және бүкіләлемдік информациялық дүниелер жиыны.* Берілген анықтамалардан *табиғат* дегеніміз – *тек жер мекендейтін адамзат, жан-жануарлар, өсімдіктер дүниесі ғана емес, сонымен қатар, жансыз дүниелер де, оның ішінде – литосфера, энергетикалық қор, пайдалы кен қазбалары кіретін дүние әлемі* екендігі көрінеді.

Бұл мәселеде айтылғандармен қатар, *екінші дүние* (вторая природа) деген де түсінік бар. Бұл ұғым бойынша, адамзат жолымен, еңбегімен жасалған дүниеліктердің бәрі – соңғы түсінікке жатады. Яғни, жайқалған, егістік алқабынан бастап, қаламсапқа дейін «екінші дүниелік» заттары болып табылады. « Екінші дүние» заттары да табиғат еншісі болып табылғандықтан, олардың табиғат ұғымына кіретініне ешкім шек келтіре қоймас.

Адамдардың табиғатқа тигізетін әсерлері және олардың салдары әртүрлі болады. Олардың кейбіреулері шағын аумақты алуы мүмкін. Мысалы, өзендерге салынған плотина, кішкене көлшік-тердің пайда болуына, сол аумақта су деңгейінің жоғарылауына, ал кейбір шұрайлы аймақтың тіптен су астында қалып қоюына

әкеліп соғады.

Орман ағаштардың көптеп кесілуі, сол аумақтағы су көздерінің жойылып кетуіне әкеліп соғады, ал үлкен су қоймаларын жасау сол жердің ауа-райының өзгеруіне әсер етеді. (ол судың үлкен аумақта буланuынан болады).

Түптеп келгенде, адамдардың іс-әрекетінің әсерінен биосферада көптеген өзгерістер болады, олар: өсімдіктер және жануарлар әлемінің өзгеруі, топырақтың және ауаның құрамының өзгеруі, су қорларының өзгеруі, ауа райының өзгеруі, жер рельефінің өзгеруі.

Экология қамтитын проблемалар өте күрделі әрі көп қырлы. Дұрыс шешімін табу үшін – жаратылыстану, техникалық, қоғамтану және т.б. ғылым салалары қатысуы қажет. Осы күнге дейін, әр ғылым өзіне таныс, түсінікті прблеманы бөліп алып, жеке зерттеп келді. Осылайша біртұтас, бір жүйеге жататын үлкен мәселе еріксіз бөлшектеніп, жан-жақты зерттелмей, ғылыми тұрғыдан негізделмей, ұштастырылмаған жұмыстар жиыны болып келді. Қоршаған ортаға байланысты емес, әрі жекедара зерттелгендіктен, ғалымдардың ұсыныстары-қайшылықтары көп және ортаның бір бөлігіне пайдалы болса, басқасына зиянды болып жатты. Сол себептен, табиғи ортаның жағдайы жақсару орнына, күннен күнге нашарлауы орын алып отыр.

Өндірістік мекемелер және жылу энергетикалық қондырғылар, тасымал машиналар т.б. қоршаған ортамен өзара үйлеспеуі, табиғатқа жан-жақты әсерін тигізіп, түрлі зиянды өзгерістер туғызады. Олар: әртүрлі химиялық заттар мен қосылыстардың, радияцияның, әртүрлі шулардың табиғи ортаға тарауы. Басқаша айтқанда, ақыл-ойдың құдіреті дүниеге келтірген ғажайып техникалық құралдыр – табиғатты бүлдірмей, қайта оны сақтауға, гүлдендіре түсуге тиіс. Ал, нақты өмірде солай болып отыр ма? Өндірістің құрал-жабдықтарын әбден жетілдіріп, табиғат байлықтарын игерген адам, енді сол табиғаттың өзін жүдетіп жібергенін де байқамай қалды. Қазір атмосфера ластанған, топырақ тозған, өзендердің өзегі талып, суы тартылған, әрі уланған. «Табиғатты бас игіздік, жеңдік» деп даурығып жүріп, өзімізге өзіміз қастық жасадық. Соның бір куәсі – Арал апаты Аралдың алтын өзегі Амудария мен Сырдарияның суын жырымдап, «мақта суарамыз, күріш өсіреміз» – деп бұра тартып жүріп, табиғатқа қиянат жасадық. Жауапсыздықтың, қырсыздықтың неге әкеліп соққанын қараңыз: теңіз деңгейі ондаған метрге төмендеп, суы тартылған, жағалауы құлазыған. Суы кепкен теңіз түбінен, бүгінгі күні тұзды құйын көтерілген, ол тек Арал өңірі ғана емес, мыңдаған шақырым жерлерге жетіп, тұз жаудыратын халге жетті. Арал аймағында өлімжітім екі есеге дейін көтерілді. Жаңа туған нәрестелердің 80-90%-і дімкәс болып туатын болды. Бұл өңірде, сүзектен ауыратындар отыз есе, сарыауруға шалдыққандар саны жетпіс есе көбейіп кетті.

Адам әсерінен болған табиғаттағы зиянды өзгерістер, өте алыс

жерлерге де әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы, Ұлыбритания заводтарының газдары мен түтіндері Швейциядағы орман ағаштарының жойылуына, көлдері мен өзендерінің ластануына, жеміс-жидектердің сапасының төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

Чернобыльда болған апатты шет мемлекеттің ғалымдары әлемге бірінші болып хабарлаған. Олар, ауадағы радиация фонының кенеттен өсіп кетуін арнай аспаптарда тіркеп, атом электростанциясында болған апатты жария етті. Бұл жағдай 26 сәірде болса, ал біздің елімізде ол туралы хабарды, тек 6 мамыр күні айтуға мәжбүр болған.

Ащы болса да, шындық солай. Сондықтан, табиғатты қорғау, сақтап қалу міндеті – ғаламдық мәселелерге айналып отыр.

Дүниеге құдіретімізді жүргіземіз, қолдан теңіз жасаймыз деп жүріп Іленің суын шаштық, Балқашты шөліркеттік. Ақыл-ойымыздың жаңсақ басқан мұндай мысалдары өте көп.

Қорыта келгенде, жан ашымастық пен қырсыздықтың салдары – *аймақтық және глобальдық* экологиялық проблемаларға шалдықтыратыны аян.

Сондықтан, табиғат қорғау, қоршаған орта тазалығы үшін күрес, табиғат байлығын ұқыпты пайдалану мәселелері мемлекеттік саясат деңгейінде қаралып отырғаны әбден заңды. Сондықтан да, экологиялық мәдениетке ие болып, табиғатқа туған анасындай аяулы сезіммен қарау – әрбір азаматтың абыройлы борышы.

Соңғы кезде, “ инженерлік экология ”, “ өнеркәсіп экологиясы ”, “техникалық экология” деген ұғымдар кең айтылып жүр. Мысалы,“инженерлік экология ” деп – қоршаған орта сапасын өндіріс дамуына тәуелсіз, жақсы қалпында сақтап қалуға арналған инженерлі-техникалық шаралар жүйесі айтылады. Алайда, әңгіме екі түрлі мәселелер туралы болады. Демек мәселе экологияның жаңа бір саласы туралы емес, бар болғаны қоршаған табиғи ортаны инженерлік ілім жетістіктерін пайдаланып қорғау немесе оның сол сапалы күйін сақтап қалу туралы болғаны. Олай болса, экология ғылымының, негізінен, техникалық сипатынан гөрі пәнаралық мәні басым және экологиялық мәселелерді сол тұрғыдан қарағанда ғана оны дұрыс шешуге болады. Басқаша айтсақ, әрбір адамға экологиялық ойлау қабілеті қажет.

Адамзат қоғамы тіршілік ету барысында, өзін қоршаған табиғи орта дүниеліктерін пайдаланып, оларды кәдесіне жаратады; әртүрлі өңдеу орындары болып табылатын фабрика өнеркәсіп мекемелерін салады. Жер қойнауындағы шикізаттарда және кен-қазбалардан керекті заттар өндіру барысында қажетсіз өндіріс қалдықтары пайда болады және бұларды *ксенобиотиктер* (грек тілінен “ксенос” – бөтен өзге; “биос” – тіршілік, өмір) деп атайды.

Жер бетінде тіршілік иелерінің даму эволюциясы кезінде аталған

заттар болмаған және ксенобиотиктер өнеркәсіп өндіріс нәтижесінде ғана апйда болған. Мысалы, металлургия өнеркәсібі пайда болғанға дейін табиғатта таза металдар ұшыраспаған. Химия өнеркәсібінің нәтижесінде фреондар, пестицидтер, органикалық заттар алу барысында пайда болатын өндіріс қалдықтары қаншама. Табиғатта ұшырасатын кейбір заттар ксенобиотиктер қатарына жатпағанымен, олардың су қоймаларында, ауада топырақ құрамында артық мөлшерде кездесуі зиянды болып табылады. Мысалы, озон, фенол, көмір қышқыл газы, күкіртті ангидрид және т.б. қосылыстар. Бұларға ішten жану двигательдерінде бензин жану барысында түзілген газының (CO) ауаны ластайды. Осы ксенобиотиктер тірі организм клеткаларына түссе, ондағы метаболизм құрылысы бұзылады, нәтижесінде организм жағдайын нашарлатады.

Әдебиеттер:

1.Астанин Л.П. Благосклонов К.Н. Охрана природы. М.,1984
2.Банников А.Г.и др. Охрана природы. М., 1985
3.Вернадский В.Н. Биосфера. М.1975.
4.Гладков Н.А. и др Охрана природы.М.1975.
5.Голубаев И.В. Новиков Ю.В. Окружающая среда и ее охрана. М., 1985.
6.Дакучаев В.В. К изменению о зонах природы.М.1954.
7.Захлебный А.Н. Школа и проблемы охраны природы. М. 1981.
8.Красная книга Казахской ССР Алма-Ата,1978.1982.
9.Лептев Н.П. Охрана природы. Томск, 1964.
10.Лаптев Н.П. Теоритические основы охраны природы.Томск,1976.
11.Мамбетқазиев Е.,Сыбанбеков Қ.Табиғатты қорғау.Алматы.Қайнар,1990
12.Бекенов А.и др Заповедники Қазақстана Алматы,1982.
13.Кавшарь А.Ф. Аксу-Джабаглы.Алматы 1963.

ӘӨЖ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Дулғаева Әсел Колбайқызы
Түркістан облысы, Созақ ауданы, «Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается пути обучения художественному письму учащихся начальных классов

Summary

In this article is considered the ways of teaching artistic writing to primary school students

Әрине көркем және әдемі жазу – бір өнер. Өйткені ол әркімнің қолынан келе бермейтіні белгілі. Бастауыш сынып мұғалімінің ең негізгі проблемасы да баланы көркем жазуға үйрету болып табылады.

Қандай мұғалім болмасын, ол үшін ең өзекті мәселе – бұл каллиграфия. Неге екені белгісіз бастауыш сыныпты бітіріп шыққан балалардың көпшілігінің

жазуы нашарлайды, сыныптарда тіпті әріптерді бір біріне байланыстырып жазуды да ұмытып қалады. Балаларды көркем жазуға үйретудің дәстүрлі түрінен пайдаланып, әдемі жазуға үйретуге болады. Бірақ бұнда көп күш талап етіледі. Әрбір мұғалім әріптердің элементтерін жаздыру, олардың психологиялық процесстерін төмендететінін өте жақсы біледі.

Оқыту барысында әріп элементтерін жазу балаларды көп шаршатады, олардың қызығушылықтарын төмендетеді. Негізінен әрбір пәннің, сол сияқты жазудың да мақсаты, балалардың қабілеттерін дамыту болып табылады.Осылардың барлығын дұрыстауға болады, бірақ қалай?

- Жұмысты неден бастау керек?

- Қандай жолмен бұл қиындықты шешуге болады?

- Балалардың көркем жазуға болған қызығушылықтарын ояту, жақсырақ нәтижеге жету үшін не істеу қажет?

Көркем жазу алдымен сұлулыққа, әдемілікке болған қызығушылықтан пайда болады. Сондықтан да олардың сұлулыққа деген қызығушылықтарын ояту үшін бірнеше психологиялық тренингтер өткізуге болады. Бұл тренингтер арқылы балаларда «Менің де қолымнан келеді», «Мен де әдемі жаза аламын» деген пікір қалыптасты.

Балаларды әдемі, көркем жазуға үйретуден алдын, олардың жазуы неге жақсы (әдемі) еместігінің себептерін анықтауым қажет. Жазудың әдемі болмауының басты себебі, әріп элементтерінің дұрыс жайғаспауы, әріп (конфигурациясының) дұрыс болмауы, әріп арасындағы аралықтар (интервал), әріптер биіктігінің бірдей болмауынан.

Бұл кезде оқушыға қандай жәрдем беру мүмкін?

Балалардың жұмысын бақылағанда, тек қана орфографиялық қателеріне ғана емес, каллиграфиялық қателеріне де назар аудару қажет. Мұғалімге бала жазуындағы қателерді табуда мынадай кесте көмектеседі. Қазіргі кезде қателердің негізгісі әріптер ылдиының (наклон) дұрыс сақталмауы, әріп және әріп элементтері арасындағы аралықтың бірдей болмауы, әріп элементтерінің биіктігі бірдей болмағанында болып табылады. Бұл қателер негізінен әріптердің жазылуы ережелерін ескермегендіктен келіп шығады. Балалардың әріп арасындағы аралықты тең алалмағаны қаламды дұрыс ұстамағандықтан. Жазу ережелерін үйрену барысында жұмыс жазуды үйренуден басталады. Мысалы: Әріптерді жазуды үйреніп жатқан бала, айталық ол «у» әрпін жазуға әрекет жасап жатыр, бірақ оның жазғаны әріпке ұқсамайды, бала тырысады, әрекет жасайды, бірақ әріп элементтерін ұқсата алмайды. Баланың әріп элементтерін ұқсата алмауының себебі, бала қолдары күшсіз және әлсіз. Ол әлі қаламды қалай ұстауды, оның ережелерін жақсы білмейді. Бұндай уақытта балаға қалай көмектесуге болады?

Бұл баланың бармақтарының қалам ұстауын машықтандыру, дамыту қажет. Сондықтан да мен Потапованың «Сызық түсіру» (Штриховка) әдісін қолдануға болады.

Сызық түсіру – баланың қолдарының қалам ұстауын қалыптастырып қана қоймайды, ол арқылы баланың ауызша және жазбаша дағдысы дамиды,

логикалық ойлауы, шығармашылық қабілеті қалыптасады. Сызық түсіру қай кезде жүргізіледі?

Сызық түсіру әдісін бірінші сабақтан бастап, әріптерді үйретіп болғанға дейін жалғастыруға болады. Бұл үшін қандай құралдар қажет?

Бұл үшін әрбір балада альбом, қалам (қара, түрлі - түсті) геометриялық пішіндер сызылған трафареттер, жануарлар суреті салынған трафарет және даяр үлгілер (лекало) қажет. Трафарет және даяр үлгімен қай тәртіпте істеу керек?

Ең алдымен жіңішке сызық түсіру үшін геометриялық пішінді трафареттерден пайдалану керек. Бұнда олар геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажыратуды, сызықтар түсіруды, сол сызықтар аралығын шамалауды үйренеді. Балалар пішіндерді сызықтап бояумен бірге олардан түрлі композициялар жасауды да үйренеді. Балалар бара-бара тек қана тура сызықтар ғана емес, бәлкім ылди сызықтар, көлбеу және қармақ пішінінді сызықтар сызуды да үйренеді.

Оқушылар трафарет және даяр үлгімен қалай жұмыс жасайды?

Балалар трафаретті ақ қағаз үстіне қояды және қара қаламмен айналдырып сызып алады. Кейін трафаретті алып тастайды және әрбір дайын болған пішінді бөлектерге бөледі. Мұнда ең алдымен төмендегіше сызық түсіру әдістері алып барылады.

1. Жоғарыдан төменге қарай параллель сызықтар.
2. Төменнен жоғарыға қарай параллель сызықтар.
3. Сол жақтан оң жаққа қарай параллель сызықтар.

Бірақ, оң жақтан сол жаққа қарай сызылмайды. Әрбір сызық аралығы бірдей болуы керек. Сонда балалар көзмен шамалауды да үйреніп барады. Сызық түсіру әдісін төмендегідей жеңілінен күрделісіне қарай барамыз

Дәл осындай суреттерден әр түрлі композициялар дайындап, оларды сызықтап барамыз. Жазуға үйретудің тағы да бір жолы каллиграфия ережелеріне сәйкес жаттығулар жасау болып есептеледі. Әдетте балалардың жазу ережелерін ескермеуі, әріп конфигурациясының дұрыс сақталмауы көп кездеседі.

Бұл уақытта не істеу қажет?

Бұндай уақытта әр сабақтың басында 2-3 минут әр түрлі әріп элементтерінің жазылуын көрсету және машықтандыру жақсы жәрдем береді. Бұл үшін сөз басында атап өткен кестемізге назар аударамыз. Оқушылар қай элементті жазуда қай жерінен қате жібергенін анықтаймыз. Кестемізді әр аптаның соңында толтырып отырамыз және соған қарай жазу жаттығуларын алып барамыз.

Бұдан кейінгі жаттығулар – әріптердің биіктігін қалыптастыратын жаттығулар. Сызық үстінде бірдей биіктікте әріп элементтерін жазуды машықтандыру үшін мынадай жаттығулар ұсынылады .

Әріп элементтерінің сызық астындағы бірдей ұзындықта болуына үйретететін жаттығулар:

Бұл жаттығуларды орындауда біз және «модульдік сетка» дан пайдаланамыз. Модульдік сеткаларды қара тушпен ақ параққа сызып қоямыз. Балалар жазатын парақтарының астына сол сеткаларды қояды, сол арқылы қолдарды жаттықтырады.

Модульдік сеткамен жұмыс істегенде балалар әрбір әріптің «үйі» және «үйшігі» бар екенін білулері қажет. Мысалы, әрбір алынған бес баға үшін «жұлдызша» жапсырып беруге. Көркем жазу стендіне әдемі жазған балалардың дәптерлерін іліп қояға болады. Айына бір рет ата-аналар жиналысын өткізіп, «Ең әдемі дәптер» көрмесін ұйымдастыруға болады. Осындай жолдар арқылы балаларды әдемі, көркем жазуға үйретіп қана қоймай, олардың пікірлеуін, көзбен шамалауын, қолдар әрекетін, шығармашылық қабілетін дамытамыз.

«Білім негізі бастауыш сыныптарда қаланады. Бастауыш мектеп негіздердің негізі» деген қағидалық сөздерді жиі естиміз. Сол себепті де балаларның жазу дағдысын мынадай тәсілдермен кішкентай кезінен олар санасына сіңдіре алсақ, тіпті үлкейген кездерінде де олар әдемі, көркем жаза алады деп сенемін

Қай елдің болсын өсіп өркендеуі оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты болмақ. Сондықтан, бұл мақсатты жүзеге асыру, ең алдымен ұстаздарға байланысты, ол үшін мұғалім жан жақты және кәсіптік даярлығы мол болуы керек. Әрқандай жұмыс өз нәтижесін беретіні белгілі.

Әдебиеттер:

1. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж, № 4 2008 ж.
2. «Өзіндік таным» № 2 2007 № 5-6 2006 ж.
3. Бастауыш мектепте оқыту № 4 2007 ж.
4. Баймұратова Б. Отбасындағы баланы мектепке дайындау, — Алматы: Шартарап, — 2000 ж.

ӘӨЖ

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТӘРТІБІНІҢ БҰЗЫЛУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Пірімбетов Жанеділ Әділханұлы

Түркістан облысы, Созақ ауданы, «Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебінің әлеуметтік педагог маманы

Резюме

В данной статье рассматриваются причины нарушения подростковой дисциплины.

Summary

The article is shown the causes of violations of teenage discipline

Жасөспірім кезінде балалардың организмі әсіресе жыныстық жетілуі кезінде биологиялық жағынан болсын, әлеуметтік жағынан болсын өте әлсіз болып келеді. Бұл кезеңге түрлі сыртқы әсерлерге жауап беру өзіндік ерекшеліктері мен тәртіп бұзылулары тән. Мұндай реакцияны орнын алған психикалық аурудың көрінісі деп білуге болады, сонымен қатар аталмыш

жауаптар психикалық аурулармен ауырмайтын балаларда да кездеседі. Жиі мұндай жас өспірімдерге тән бұзылуларды мінез акцентуациясы немесе екпін белгісі деп біледі. Ол патологияға жатпайтын мінездің басым болған кейбір жекеленген ерекшеліктері. Жалпы мінездің екпін белгілері психопатияларға тән (қозғыштық, истериялық, психастениялық, астениялық т.б.), бірақ олар кенет білінбейді және де акцентуация қалпында психопатиядағыдай әлеуметтік дезадаптация (бейімдеусіздік) байқалмайды.

Жасөспірімдерде кездесетін тәртіп пен мінез – құлықтарының бұзылуларына келесі реакцияларды жатқызуға болады:

Бас тарту реакциясы

Егерда ата – аналар өз балаларына үйренген, бірақ сонымен қатар жағымсыз әсер ететін құрбы – жолдастарымен қарам – қатынасқа қарсы болса, онда оларда тілдесуден, ойыннан, тамақтанудан, үй міндеттері мен оқу тапсырмаларын атқарудан бас тарттыру байқалады. Мұндай тәртіп көрінісі бала өз үйінен, сүйіп – мәпелеп өсірген жағдайлардан айрықша және қатыгез ортаға түскенде өте айқын байқалады. Егер аталмыш жағдайлар келешекте де орын алатын болса және бала тәртібі өзгермесе, онда психика ауруы немесе кемақыл деген күмән пайда болады.

Наразылық немесе оппозиция реакциясы

Бұл таңдаулығымен беталысымен сипатталатын тұрақсыз және ауыспалы реакция. Жасөспірімдерде мұндай назарлық сияқты тәртіп бұзылуы өкпе – ренішке, тиген намысына, сол сияқты жақындар талаптары мен қатынасын жақтырмауына жауап ретінде белгіленеді. Оның себебі ата – ана арасындағы ұрыс - керістер немесе олардың балаға деген селкос көзқарастары, сонымен қатар бала үшін маңызды бір нәрсеге тиым салу немесе оларды жазалау болып табылады.

Наразылық реакциясының белсенді немесе активті және енжар немесе пассивті түрлерін ажыратады. Активті наразылық тыңдамау, дөрекілік әдепсіздік, ашушаң, басқыншылық тәртіп жауап ретінде теріс тәрбие әдістеріне, жазалауға, сөгіске, қорлыққа қарсы пайда болады. Ал пассивті наразылық – ал аталмыш реакцияны туғызған ересек адамдарға деген жасырылған қастық, өкпе.

Еліктеу немесе имитация реакциясы

Имитация деген біреуге барлық жағынан еліктеу. Егер жасөспірім кумир ретінде «жағымды» немесе «оң» кейіпкерді талғап алса және де өз еліктеушілігімен артыққа бармаса, онда ешбір патология жоқ деп білуге болады және ол жас келген соң өз бетімен кетеді.

Ал егер еліктеу объектісі болып «теріс», «жағымсыз» кейіпкер алынса, онда ата – аналар түрлі жарасымсыз жағдайларға дайын болуы қажет. Еліктеу барысында жас өспірімдер өз жасына тән максимализммен «теріс» кейіпкерлеріне барлық жағынан ұқсас болғылары келеді, кейбірде олардан асып түскілері де келеді. Егер жас - өспірімдер еліктеу объектісі ретінде арақ ішетін немесе ерте кезде сотталған құрбысын немесе ересек адамды таңдап алса, онда ата – аналар өте қиын жағдайға түседі.

Құрбылармен топтасу реакциясы

Аталмыш реакция өз көріністерімен жоғарыда көрсетілген реакцияға ұқсас, бірақ та мұнда ересек жағымсыз кейіпкер жоқ.

Осындай жетекші болып топ арасынан жасы үлкендеу, біраз күші бар, арақ сияқты ішімдік ішу тәжірибесі бар бір бала тағайындалады.

Егер басшы немесе лидерде криминал тәжірибесі мол болса, онда жас- өспірімдер тобы банда, қарақшы тобына айналып басқа да өздері сияқты топтармен қарсы төбелес – күреске шығуы мүмкін.

Тағайындалған басшы нақты беделді лидер, авторитет, әрі келген мезетте басқамен өз тобы үшін төбелеске баратын болады.

Бір - бірімен бас қосқанда аталмыш жасөспірімдер түрлі криминалды әрекетке баруы мүмкін, мысалы зорлық, ұрлық, тонау, төбелес т.б. сонымен қатар топтасу реакциясы жасөспірімдерді басқа да ықылас – ынталармен біріктіреді, мысалы спортпен шұғылдану сияқты.

Делинквентті тәртіп

«Делинквентті» тәртіп деген терминмен түрлі айып кінәләрді, жүйелі сабақ босатуды, қауымдық тәртіп нормалардың бұзылуларын, ұсақ бұзықылық пен ұрлықты белгілейді.

Криминалды әрекеттерден делинквентті тәртіп құқық бұзылулардың шағындығымен ажыратылады және оған қылмысты жаза бермейді.

Көбінесе соның себебі тәрбиенің жетіспеушілігі деп біледі. Ата – аналардың қараусыздығы, бақылаусыздығы және олардың балаға деген назарларының аздығы жасөспірім жасындағы делинкветті тәртіптің негізі болып табылады.

Эмансипация реакциясы

Эмансипация реакциясы – ол жасөспірімнің өз дербестігіне, тәуелсіздігіне талас, күрес. Қалай болса да ол ересек адамдардың бақылауынан шығуды қажет етеді.

Аталмыш реакцияны асқынған түрлері: ата – аналар балаларға дұрыс тәрбие бермегенде, тым артық немесе кем тәрбиелегенде.

Компенсация және гиперкомпенсация реакциясы

Компенсация және гиперкомпенсация реакциясы – ол жасөспірімнің кейбір өзіндік тәртіптік көріністерімен өзінің нашар, әлсіз мінездерін немесе қасиеттерін жасыру. Жасөспірімдерге аталымыш реакция ата – анасының назарының аздығынан психологиялық қорғаныс ретінде тән. Мұндай реакция толық емес жанұяда өсетін немесе физикалық, психикалық, сөйлеу кемістігі бар, сол сияқты басқа да кемтар немесе невроздармен сырқаттанған балаларда жиі кездеседі.

Дромомания

Дромомания ол кезбелікке бейімделік. Психиатрлар бұл реакцияны импульсивті ниеттерді бақылау бұзылуларының бір түрі деп есептейді. Қалыпты жағдайда аталымыш реакцияны алыс саяхаттарға деген өте қатты құштарлық деп санауға болады.

Нәпсіқұмарлық реакциясы

Осындай реакцияларға жасөспірімдер онанизмнің (мастурбацияның) түрлі көріністері, сонымен қатар топты және бірге мастурбацияны, ретсіз тәртіпсіз жыныстық байланыстарды жатқызады.

Мектеп тәртібін бұзуымен (шыдамсыздық, ашушаңдық, мұғалімдермен және сыныптастарымен тіл табысбаушылық әрдайым сабақтан қалу) қатар аталмыш жасөспірімдерде қоғамға қарсы тәртіп (ерте маскүнемдік, ұрлық, қаңғыру нашақорлық пен токсикоманияға әуесқойшылық, жыныстық бұзылулар) байқалады. Алайда, бұл балалар кәмелетке толмаған балалар бойынша комиссияның тіркеуінде тұрады. Олардың тәтібінде сезімдік – жігерлі тұрақсыздық, жетілмегендік байқалады. Артық балалық инфантилизмі ойсыз көтеріңкі көңіл – күймен және беймазалыққа, әбігершілікке бейімділікпен көз тартады. Қанағаттанарлық олардың тәртіптерінің ең негізгі қозғаушы күші. Сонымен қатар, оңай тапсырмалардан бет бұрып қашады. Сабақ барысында мылжың, сөзшең, дөрекі, алаңдап отырады. Қандай да әрекетпен шұғылданбаса да, өте шыдамсыз, импульсивті болып келеді. Жоғары иландырудан мұндай балалар қақтығысқа тез тартылып, түрлі қылмыстарға душар болады. Қорқақтыққа қарамастан олар белсенді тәртіп бұзушылардың жетегіне тез көнеді.

Әдебиеттер:

1. Коррекционная педагогика Основы обучения и воспитания детей с отклонениями в развитии: Учебное пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. Под ред. Б.И.Пузанова. М., 1998.
2. Лапшин В.А., Пузанов Б.И. Основы дефектологии. Учебное пособие для студ. пед инст. М., 1990.
3. Леонтьев А.И. Принципы психического развития ребенка и проблема умственной недостаточности // Проблемы развития психики. – М., 1972.

Мастюкова Е.М. Лечебная педагогика 1997.

ӘӨЖ

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ПӘНІН ҮЙРЕТУДЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Болысбек Ұлбосын Оразалықызы

Жетысай ауданы, №3 Ю.Гагарин атындағы жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Резюме

В данной статья рассматривается использование игровых элементов на уроках английского языка

Summary

The use of game elements in English lessons is considered

Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру.

Мектептерде жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты - шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым - қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, өз сабағымда интербелсенді оқытуды пайдалана отырып, ойын әдіс-тәсілін қолданамын. Ойын арқылы ұстаз қойған мақсаттарына жетеді деп ойлаймын. Ойынға қатысушы оқушылар мұғалімдермен өзара қарым-қатынастарын көтереді, әрі өздерінің қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады, сонымен қатар ұйымдастыру қабілеттерін арта отырып сабақ кезінде қуаныш сезімін оятады. Оқу үрдісінде тиімді ойындардың бірі төмендегідей:

1. Рөлдік ойындар.
2. Іскерлік ойындар.

А) Іскерлік оқу ойындары: саяхат ойындары; блиц ойындары.

Ә) Өндірістік ойындар.

Рөлдік ойындар - интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі. Рөлдік ойындар екіге бөлінеді:

1. Әрбір оқушы рөлде ойнайды.
2. Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды.

Іскерлік оқу ойындарға келсек, мысалы, сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау.Ал саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады.Блиц оқу ойындары туралы айта кетсек, олар шағын ойындар, оқушылардың нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады.мынадай түрлері болады:фотосуреттерді баяндау(отбасы мүшелерін, достарын, өз үйіңді, бөлмеңді), сұхбат алу (мерекелер тақырыбы бойынша), шындық детекторы (дұрыс, қате), т.б. Өндірісті ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге болады. Мысалы, «Қоршаған орта немесе қоқысты қайта жіберуге болады.»деген тақырыптарда.

Мектептегі шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша ойындарды екі түрге бөлуге болады. Олар: дайындық ойындары және шығармашылық ойындары. Дайындық ойындарына грамматикалық, лексикалық, фонетикалық және орфографикалық ойындар жатады. Грамматикалық құрылымдарды есте сақтау қиындау және оқушыны жалықтырып жібереді. Сол себептен ойын бұл тапсырманы жеңілдетеді. Мысалы, затты тығып қойып, ағылшын тілінде «Менің көзілдірігім қайда?» немесе «Мынау не?» деп сұрақ қою. Сөз орын да есте сақтау оңай емес болғандықтан, ойын ойнатқан жөн деп есептеймін. Мысалы, «Домино», «Бинго»ойындары, қызықты геометриялық фигураларды сызып, оның әр бұрышына сандарды немесе әріптерді эстетикаға сай, ретсіз жазып қойып, атап беру. Фонетикалық ойындар сөзді дұрыс айтуға арналған. Ал орфографикалық ойындардың мақсаты сөзді қатесіз жазу.

Әдеттегідей ойынға оқушылар 2-3 топқа бөлінеді. Бұл ойындарға дайындықтың қажеті жоқ, тек қана оқушыларды ойынның шарттарымен таныстырамын. Бұл ойындарды шығармашылық ойындардың қатарына қосуға болады.

Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі - сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады.Оқушының сөздік қорын тексеру әдістері бар. Олар мыналар.

1.Әңгімелесу, әңгіме құрату - өзін қоршаған орта туралы: үй іші, мектебі, сыныбы, ата-анасы, оқу-құралдары, т.б.

2. Оқушының күнделікті жиі пайдаланатын заттарын көрсету арқылы оны атату (киім-кешек, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары т.б.).

3. Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру (таныс емес заттарды көрсету, т.б.).

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы - оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптастыруды жүзеге асырамын.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын біліп алу қажет. Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдың - тақырыптық негізінде сөз ірітіледі. Ағылшын тіліндегі сөздер тек лексикалық түрінде ғана оқушыға меңгеріп қоймай, ол лексика-грамматикалық бірлікте іске асырылу қажет. Мысалы, «оқушы, оқы, кітап»деген сөздерді жеке бермей, оны сөз тіркесімен берген жөн. Бұл сөздік жүргізудің бір қағидасы болып саналады.

Ұстаз жан-жақты ізденісті қажет етеді». Орта мектепте шетел тілін оқытудың басты мақсаты коммуникативтік мақсат болуға тиіс, яғни орта мектепті бітіруші бағдарламада белгіленген көлемде оқыған шетел тілін қатынас құралы ретінде меңгеруге тиіс. Демек сөз әрекетінің негізгі түрлерін: монолог және диалог түрінде сөйлеу ауызша айтылған сөзі тыңдап, түсіну, жазбаша мәтіндерді оқып, ондағы ақпаратты қабылдай білу іскерліктерін меңгеруге тиіс.

Шетел тілін оқытуда қолданылатын әдістердің ішінде ойын элементтері маңызды роль атқарады. Оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда, жаңа сөздерді меңгеруде, тілге деген қызығушылығын арттыруда, білім деңгейін тексеруде ойын элементтерін пайдаланған жөн. Мұғалім ойындардың сабақ кезінде қолдануға ыңғайлы, өткізілуі жағынан қарапайым түрлерін таңдап алғаны жөн. Таңдап алынған ойындар оқушылардың жас ерекшелігіне, сөз байлығына, білім деңгейіне сай болуы керек. Сабақ барысында ойын элементтерін пайдалану үшін мұғалім алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Жоспар әдістемелік тұрғыдан қарағанда мынандай шарттарға жауап беруі тиіс:

-ойынның өтілетін сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес болуы;

-ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;

-ойынның ойналу түрінің нақтылануы (топпен ойын немесе жекелей ойын);

-ойынға қажетті материалдардың дайындалуы;

-қолданылатын сөздер, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, тақпақтардың таңдалынып алынуы;

-пысықталатын грамматикалық, лексикалық, фонетикалық материалдардың анықталуы;

-ойынның өту барысының жоспары жасалуы.

Сабақта қолданылатын ойындар алуан түрлі. Олар оқу ойындары және коммуникативтік ойындар болып екіге бөлінеді. Бұл ойындардың шетел тілі сабақтарында әрқайсысының пайдалану орны, мақсаты, атқаратын қызметі жағынан айырмашылықтары бар. Шетел тілін оқытудың бастапқы сатысында оқу ойындарын немесе коммуникативтік ойындарды қолдану оқушылардың білім, білік дағдыларына байланысты шешіледі. Тілді жаңадан үйреніп жүрген оқушылар еркін қарым-қатынас жасап, сөйлесе алмайды, сондықтан мұғалім тек коммуникативтік ойындарды қолдана алады. Ойынды бастар алдында түсініктеме ана тілінде жүргізіледі. Ойын жарыс түрінде өткізілсе барлық оқушылар басынан аяғына дейін ықыласпен қатысады. Ойын элементтері оқушыларды жалықтырмайды, керісінше қызықтырады. Ойын соңынан оқушылардың пікірі, көзқарасы талданады, баға беріледі. Ойын арқылы оқушылар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қорытынды жасауға дағдыланады. Бастапқы және кейінгі этаптарда шетел тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ үрдісінде қандай ойын қолдануға болатынын сабақтың мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек.

Ойындар бес негізгі түрге бөлінеді:

1) стол үсті ойындары
2) дидактикалық ойындар
3) қозғалыс ойындары
4) іскерлік ойындар
5) интеллектуалдық ойындар

I. Стол үсті ойындары.

Оқушылардың зейінділігін дамытатын, ой-өрісін кеңейтетін құрал. Сыныпта стол үсті ойындарын топтық және дара жұмыста қолдануымызға болады. Бұған ребус, кроссвордтар жатады, оларды тақтада, ватман қағазында, қима қағаздарда немесе компьютерде орындауға болады. Бұл ойындарды қорытынды, білімді тиянақтайтын сабақтарда қолданған тиімді.

II. Дидактикалық ойындар.

Оқушылардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңілді күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Мысалы: «Алфавит ойыны». Бірінші оқушы: «Apple...» деп, «А» әрпінен басталатын сөзді айтады , келесі оқушы бірінші оқушының сөзін қайталап, «В» әрпінен басталатын сөз айтады (ex : box) т.с.с

III. Қозғалыс ойындары .

Бұл ойындар оқушылардың іс-әрекеттерін бір түрінен басқа түріне тез ауысуға көмектеседі және ешқандай арнайы дайындықты талап етпейді. Бұларды жабық бөлмеде немесе ашық аланда да өткізе аламыз.

IV. Іскерлік ойындар.

Оқушылардың оқу мазмұнын терең меңгеруге және пысықтауға ықпал етеді. Олар саяхат сабақтарда белсене қатысуымен, ауызша мәлімдеуімен, күйзелуімен білімдерін жандырады. Іскерлік ойындар оқушылардың қиялын дамытады, салыстыруға және дәлелдеуге үйретеді.

V.Интеллектуалдық ойындар.

Бұл ойындар оқушылардың зор белсендігін оятады. Бұл категорияға «ұғымталдыққа, жүйріктікке, зеректікке» бейімделген тапсырмалар – шарадалар, жұмбақтар, бас қатырғыштар жатады.

Кез келген ойынды қолданғанда келесі мәселелерді естен шығармау керек:

- әр-түрлі ойындарды ойнаған cneltyn шығармашылдыққа дайын;

-ойын, оның түрі, мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;

-жарқын көрнекілік ойынды талапқа сай өткізуге ықпал етеді;

-ойынның қызықты материалы тақырыппен тығыз байланыста болуы.

«Telephoning»ойыны. Бұл ойын сан есімдерді жаттап, жаттығуға арналған. Бір оқушы телефонмен сыныптағы оқушының телефон номерін теріп, сандарды ауызша айтады. Қоңырау шалған оқушы қоңырауға жауап беріп, қысқаша реплика құрып, диалог жасау керек. Нәтиже

1. Әр оқушының шығармашылығы артады.
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады
3. Оқушының жеке қабілеті анықталады
4. Оқушы топ жаруға ұмтылады.
5. Оқушының ойлау қабілеті дамиды
6. Әр оқушы өз деңгейімен бағаланады

Оқушыларға берілген анаграмманы шешуге ұсынамын:

woruyehaohellohowareyouIamfineseeyougoodbye

“Kim`s Game” ойыны. Оқушының сумкасындағы заттарды оқыту үшін бәрін партаның үстіне жинап қойып, оларды қайталату керек. Содан соң бір-бірден тығып, өздеріне таптыру керек. Мысалы: Close your eyes! Open your eyes! What“s missing?.Қорыта келе: Ойын арқылы оқушының:

өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;

сөздік қоры баийды, тілі дамиды;

зейіні қалыптасады;

байқампаздығы артады;

өзара сыйластыққа үйретеді;

ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;

бір-біріне деген оқушы сенімі артады;

сабаққа қызығушылығы артады.

Атақты американдық жазушы Е. Градин «You cannot effectively learn a foreign language until you make a million mistakes in that language. So hurry up and made

your million mistakes» деп айтқандай, кез-келген адам ағылшын тілін сөйлеу әрекетінде миллиондаған қателерді жіберу арқылы үйреніп, шыңдалады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан мектебі 2001 №7
2. Бастауыш мектебі №7-8 2008
3. Мектептегі шет тілі №1.2009

ӘӨЖ

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Фазылова Балнұр Азаматқызы
Жетісай ауданы, №3 Ю.Гагарин атындағы жалпы орта мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается использования игровых элементов на уроках английского языка

Summary

The article is considered to use of game elements in English lessons

Ағылшын тілі – қазақ елін әлемге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Сол себепті ағылшын тілін үйренудің маңызы зор. Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін қолдану оқушының тілді үйренуге деген ынтасын арттырады. Ағылшын тілін үйрету кезінде ойын элементтерін пайдалану оқушының шет тіліне деген қызығушылығын арттырып, жаңа тақырыпты жақсы түсінуге әсер етеді. Ойын арқылы балалар ағылшын тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және ойын кезінде оқушылар шаршағандығын сезбей, әсерлене, қызыға отырып ағылшын тілін тез үйренеді.

Егерде мұғалім ойынды тек балалардың көңілін көтеру, демалдыру үшін ойнатса, онда пайда болмайды. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп ойналған кезде ғана нәтижелі болады. Ойын дегеніміз:

- балалардың қарым-қатынас саласындағы маңызды іс –әрекеті;
- қызықтыра отырып үйрету;
- әр түрлі жастағы оқушылардың даму іс-әрекеттерінің өз бетінше жұмыс жасау түрі;
- баланың психикасын, ой-өрісін дамыту.

Ағылшын тілі сабағында әрбір оқушының сабаққа белсенді қатысуының, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, ағылшын тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады. Алайда, ойын әрекетін қандай мақсатта қолдануға болады? Қандай деңгейде? Сабақтың қай кезеңінде? Қай кезде жақсы нәтиже береді? деген сұрақтар әрбір мұғалімді толғандыратыны сөзсіз.

Ойынды мынадай *мақсаттар* қойып пайдалану керек: алфавитті және лексиканы меңгерту, қарым-қатынас жасай алуға үйрету, тілдік материалдарды

есте сақтау, белгілі бір тілдік білімді дамыту, қажетті психикалық қызметтер мен қабілеттілікті дамыту, білім беру. Сондай-ақ, ойын арқылы қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады. Ағылшын тілінде жұмбақтар, сөзжұмбақтар, лото, лингвистикалық ойындар, бөлмедегі жиһаздарды орнына қою, дүкендерді аралау, телефонмен сөйлесу, т.б. түрінде де ойналады.

Ойынның түрлері: лексикалық, орфографиялық, дидактикалық және грамматикалық, рөлдік болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілінде сөйлеуге және жазуға үйретететін арнайы ойындар да болады.Ойынды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Мысалы, ұйымдастыру бөлімі кезінде фонетикалық рифмовка алуға болады. Жарыс түрінде өткізсеңіз (Кім өлеңді бірінші жаттайды?), оқушылар өлеңді жарыса отырып қалай жаттап алғандарын байқамай қалады.

Ағылшын тілі сабағында қолданылатын ойындар:

1.«Let's draw a Rainbow!» ойыны.

Мақсаты: түстерді үйрету.

*Ойынға қажет құралдар:*түрлі –түсті қарандаштар, кемпірқосақ салынған сурет.

Ойын барысы: біріншіден мұғалім кемпірқосақ салынған суретті тақтаға іледі. Оқушылар 7 түрлі қарандашты партаның үстіне қояды.

Мұғалім: This is a rainbow. I can see red colour(суретті көрсетеді, балалар сол түсті қарандашты көтереді), orange colour, yellow colour, green colour, blue colour, dark blue colour, violet colour. The rainbow is colourful. It's beautiful. Let's draw a rainbow!

Сосын мұғалім балаларға кемпірқосақтағы түстерді реттілігімен есте сақтап алуларына уақыт береді де, суретті тақтадан алып тастайды.

Балалар кемпірқосақты салып болғаннан кейін, мұғалім суретті тақтаға іледі. Балалар өз суреттерімен салыстырады. Суреттер салынып, салыстырылғаннан кейін, мұғалім кемпірқосақтың түстерін көрсете отырып сұрайды. What colour is it? Балалар сұраққа жауап береді.

Ойынның ұзақтығы: 7-10 минут.

2. «At the Zoo» ойыны.

*Мақсаты:*can модальді етістігінің қолданылуын үйрету.

Ойынға қажет құралдар: әр түрлі партаға қойылған ойыншық аңдар.

Ойын барысы: оқушылардың біреуі – экскурсовод, қалғандары жануарлар саябағына келушілер. Мысалы, балалар аюдың қасына барады.

Экскурсовод: This is a bear. It can run and jump. It can swim and climb trees but it can't fly.

Келушілер: Can it hop?

*Экскурсовод:*No, it can't.

Сосын басқа оқушы экскурсовод болады да, ойын ары қарай жалғасады.

Ойынның ұзақтығы: 7-10 минут.

3. Жазуға үйрету ойыны.

Мұғалім тақтаға қандай да бір сөзді жазады, мысалы:schoolchildren. Осы сөздегі әріптерден сөз құрастыруы керек. Мәселен: schoolchildren: he, she, side, shoe,

nose, ill, red, doll, line, child, school және т.б. Қай топ көп сөз құраса, сол топ жеңіске жетеді.

4. «Whose birthday is today?» ойыны. Мұғалім оқушыларға “One of you has a birthday today. Guess who she is”.

Оқушылар: What colour is her hear?

What colour are her eyes?

What is her nose like?

What is she wearing?

What is her hobby? – деген сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар кімнің туған күні екенін табу керек. Бұл ойын оқушыларды ағылшын тілінде сөйлеуге үйретеді.

Тиімді қолдана білген ойын арқылы білім беру сапасын арттыруға болады:

- оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады;
- қиын грамматиканы оңай, әрі қызықты етіп түсіндіруге болады;
- оқушы белсенділігі артады;
- материалды меңгеруге түрткі болады

Ойын түрін пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты, нақты түсіндіруге, меңгеруге жағдай жасалып, ол оқушының санасында берік сақталған болады. Ойын түрін қолдану оқушыға ерекше әсер етеді, оны дұрыс жоспарлау қажет. Сынып оқушылары түгел қатынасуы шарт.

1. Алфавитті дұрыс меңгеру үшін барлық әріпке карточкалар жасалады. Ол карточкаларға сол әріптен басталатын аңдардың суретін салуға болады. Бұл ойында оқушылар әріптермен қатар аңдардың да аттарын қоса жаттап, әріптерді әліпби тәртібі, ретімен қойып үйренеді.

2. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру. Қазіргі мектептегі негізгі мәселелердің бірі - оқушыны өз бетімен оқуға үйрету. Сондай-ақ бұл мәселе өздігінен білім алуға да әсерін тигізеді. Ынта қойып оқуға жаттығу арқылы оқушы көп нәрселерді біліп, өздерінің білімін толықтырып, ой өрістері дамиды. Сонымен қатар дұрыс оқуға дағды алған оқушы мәтіннің ішінен өзіне қажетті деректі материалдарды таңдап алуға мүмкіндіктері болады. Мәтінді оқумен байланысты мақсаттар қойылады: мәтіннің негізгі идеясын анықтау, мәтін не жөнінде айтылған, оқиға қай жерде болған, шығармадағы басты бейнелер. Мәтіннің мазмұнын айту үшін оқылған мәтінге жоспар құрылады, оны бөлімдерге бөледі, ат қояды, оны анықтау мақсатында жоспар құрылады

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының:

- қисынды ой-қабілеті дамиды;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік қоры баийды, тілі дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- байқампаздығы артады;
- өзара сыйластыққа үйретеді;

- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;
- бір-біріне деген оқушы сенімі артады;
- сабаққа қызығушылығы артады.

Сабақ барысында оқушы зейінін сабаққа аудару, ауызша сөйлей алу және жазу дағдысын қалыптастыру, пәнге деген қызығушылығымен өз бетінше жұмыс жасай алу қабілетін дамытуда дидактикалық ойындардың үлесі зор десек болады. Мәтінді мазмұндауға үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға, мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету дидактикалық ойындарды ойнау барысында қалыптасады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білімін тыңдап, ой-өрісін кеңейте алады, білім алудағы қызығушылығы артады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол. Келешекте жаппай 12 жылдық білімге көшетіндіктен 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасын алып қарасақ та оқытудың ойын технологиясына үлкен мән берілген. «Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар білім алушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, көпшілік алдында сөйлеу қабілетін үйренуге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады.

Қорыта келгенде, ойын әрекетінсіз ағылшын тілі лексикасын оқушының есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқутыдың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсатына, міндетіне, шартына байланысты ойын түрі өзгертіліп отырылуы қажет. «Болашақтың баласында, данасында, ғылымында ұстаз өсіреді» деген Б.Момышұлының қанатты сөзімен аяқтағым келеді.

Әдебиеттер:

1. Ахмедиева А. «Шет тілі сабағында оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу» Ағылшын тілі мектепте 01.2011ж.[32бет]
2. Бөлекбаева Ү. «Ұстаздық ізденістер» Алматы 2007ж [125-126]
3. Жолдасова А «Ізденген жетер мұратқа» Атырау 2006
4. Жолдыбаева Г. «Коммуникативті оқыту технологиясының теория және практика тұрғысынан жүзеге асыруы » Ағылшын тілі мектепте 03.2008ж [5-19]

ӘӨЖ

ИСЛАМНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Ташполатов Дилшод Эргашваевич
Шымкент қаласы, «Орта-Азиялық медициналық колледжінің»
тарих пәні оқытушісі

Резюме
В данной статье отражены существующие концепции о зарождении ислама
Summary
This article reflects the existing concept of the birth of Islam

Әлемде үш дін адамзаттың мәдени қазынасы деп танылады. Олар: будда діні, христиандық және ислам діні.

Ислам бұлардың қатарындағы жаңа әрі жас дін. Бүгінде жер жүзінде шамамен бір миллиард жүз жетпіс мыңдай адам осы дінді ұстанады. XX ғасырда ислам дінін тұтушылар саны екі есеге жуық өсті. Бұл біріншіден, ислам діні тараған региондардағы демографиялық жағдайларға байланысты болса, екіншіден басқа діндер тараған дәстүрлі аймақтарда адамдардың ислам жолына бет бұруынан болып отыр.

Ислам араб тілінен аударғанда *"бой ұсыну"* деген мағынаны береді. Ислам және мұсылман (муслимун - бой ұсынушы ерлер, муслиматун - бой ұсынушы әйелдер) сөздерінің түбірі бір.

Ислам - монотеистік дін. Ол мейірімді және қайырымды Аллаға ғана сенуді уағыздайды. Бүкіл әлемді - көк пен жерді жаратушы - Алла. Барша әлем тек соның хұзырында. Алла болмаса әлем сол сәтінде жоқ етілер еді. Адам баласының фани (жалған) дүниеде жасаған жақсылық-жамандығын таразылаушы, заманның ақырында оларға осы қылықтарына қарай рахым жасаушы немесе жазалаушы бір Алла. Барлық өлгендер заманақырда қайта тіріліп, соның алдына жауапқа келеді.

Ислам - адам баласына аян жолымен келген дін. Қасиетті Құран аяттары жиырма үш жыл бойында Жебірейіл періште арқылы Мұхаммед пайғамбарға жеткізіліп тұрған.

Ислам діни ғұрыптарды және дүниелік мәселелерді шариғат жолымен реттеп отырады. Ол сөзсіз орындалуы тиіс мұсылмандық парыздарды және орындағаны қосымша сауап болатын *сунна* жолдарын айқындайды, жоғары адамшылыққа, еңбекке әрі білімге уағыздайды және *Құран-Каримдегі (Қасиетті Құран) аяттар мен пайғамбардың хадистері* арқылы соның ережелерін белгілейді.

Исламның өзге әлемдік діндерден айырмасы - оның айқын рәміздерінің болуы. Мұсылманшылық екі сенім негізі бойынша құрылған: біріншісі - *Алладан басқа құлшылық етілетін тәңірдің жоқтығына;* екінші - *Мұхаммедтің (ғалайһиссаламның) Алла тарапынан бүкіл адам баласына жіберілген пайғамбар екендігіне сену.* Сондықтан "Алладан басқа (тәңір) жоқ, Мұхаммед оның елшісі, араб тілінде "Ла илаһа иллаллаһ Мұхаммадүр-

Расулүллаһ," - деген мүбарак қағиданы тілімен айтып, көңілімен бекіткен адам ислам дінінде болып саналады. Бұл сенімді (символды) *Иман,* сенушіні *Мүһмин* деп атайды.

Нағыз ислам жоғары мәдениетті және гуманистік идеяларды насихаттайды. Мұхаммед пайғамбар өзінің хадисінде: "Дінде зорлық жоқ" - деген. Яғни, ислам дініне біреуді мұқтаж ету немесе пайдасын беріп, енгізуге жол жоқ. Әр пенде исламды өз еркімен, өзінің қалыбымен (жүрегімен) қабылдауы тиіс.

Біздің дәуіріміздің VII ғасырында Таяу Шығыстың жүрегі аталатын Араб шығанағында саяси және діни тұрақсыздық орын алды. Көшпелі және отырықшы араб тайпаларының бас араздығы салдарынан бір кездегі қуатты мемлекеттер ыдырап, аймақтағы ықпалынан айрылып қалды. Оның халқы теріскейінде негізінен христиандықты, оңтүстігінде иудаизм мен көпқұдайлықты уағыздады. Бүл жиі әскери қақтығыстарға соқтырып отырды.

Ол кездері Африка мен Йеменнен Палестинаға және Месопотамияға өтетін сауда жолы қуатты Византия империясы мен Сасанидтер Иранын, Химьярит және Аксум патшалықтарын байланыстырып тұратын. Осы сауда жолы бойында орналасқан Мекке қаласы араб жұртында біртіндеп алға оза бастады. Оның маңында жыл сайын өтетін сауда жәрмеңкесіне барлық араб тайпалары жиналып, бас қосатын болды.

Жәрмеңкеге жиналатын айда соғыс қимылдарына тыйым салынды. Бұл ай араб жұртының басты діни орталығы -Меккедегі Қағбаға құлшылық жасау мерзімімен орайластырылды. Бұл ай зуль-Хиджа, яғни *хажылык айы* деп аталды. Демек, оның әуел бастан дүниелік маңызынан діни маңызы айқынырақ болды. Араб тайпалары қай дін жолында болмасын осы айда Меккеге сапар шегуді өздеріне міндет санады. Ислам діні кейбір ғылыми орталарда "Ибраһим діні" деп те аталады.

Меккедегі қасиетті Қағба, Зәмзам құдығы, Сафа және Маруа таулары - бәрі осы Ибраһим есімімен байланысты. Осыдан хажылық сапарында Қағбаны жеті айналып шығады. Олар осымен қатар өзге де толып жатқан құдайларға тағзым етті. Мәселен біздерге Манат, Лат, Узза деген әйел құдайларының есімдері белгілі. Қағбада осылардың және басқа да құдайлардың мүсіндері қойылды. Сонымен қатар VI-VII ғасырда ханиф ілімі (жалғыз құдайға илану) кең тарай бастады. Мұны түптеп келгенде саралы діни ілім деуге де болмайтын еді. Одан араб тайпаларының монотеистік дінді орнықтыруға деген ұмтылысы басымырақ көрінді.

Ханифшілер иудейлік және христиандық үлгілерімен бір құдайға табынуды жақтады. Бірақ олар күмәнді болды. Әдетте басымдыққа ие болған тайпа көсемі немесе мемлекет басшысы бір дінді қалап, соны уағыздайтын. Яғни дін күшпен орнап, сол күштің, саясаттың қызметшісі болатын. Ал VII ғасырдағы Араб елінде оқиға мүлдем басқа жолға түсті: жаңа, хақ дінді саясатшы көсем емес, дін уағызшысы, Алланың елшісі насихаттап, Атлантикадан Үнді мұхитына дейін созылып жатқан аса қуатты мемлекет-Араб халифатын орнықтырды.

Адамзат тарихында осындай ересен бетбұрыс жасаған Меккедегі аса беделді құрайыш тайпасының Әшім әулетінен шыққан Мұхаммед пайғамбар еді.

Ислам "Мұхаммед пайғамбарлардың мөрі"- деп атайды. Өйткені ислам діні адамзат баласына келген және келетін ең соңғы хақ дін, Мұхаммед Алланың соңғы елшісі саналады. Осыдан соң пайғамбарлық тынады, халифтер (ізбасарлар) келеді.

Мұхаммедтің өмірі: ақиқат пен аңыз. Әшім, одан соң, оның баласы Әбд-әл-Мүталлиб Қағбаның шырақшылары, аса беделді, саликалы адамдар болды. Әбд-әл-Мүталлибтен Әбу-Тәліп, Әбу-Лахаб, Ғаббас, Хамзажәне Әбдаллаһ деген ұрпақтар өнді. Әбдаллаһ өте көркем еді, ол құрайыш тайпасынан Әмина атты қызбен некелескен, осы некеден Алланың рахымымен рабиғүл-әууәл айының он екінші кешінде, бейсенбі күні, (23 маусым) 571 миллард жылында Мұхаммед ғ.с. пайғамбар дүниеге келді. – Мұхаммед ғалайһисаламның дүниеге келуі туралы ақиқат пен аңыздың арасы пышақ жүзіндей, ажырату өте қиын. Тіптен оның туған айы-күнінде шүбә болмаса, жылы кейбір деректерде 570 деп көрсетіледі. Бұл мынадай оқиғаға байланысты: 570 жылы (миллард немесе жаңа жыл санау бойынша) заратуштралық Иранмен соғыстағы христиандық Византияға Аксум патшалығы жәрдемге келді. Ол Хиджаз жазығы арқылы өтіп, жолында Мекке қаласын қоршауға алды. Меккеліктер Аксум әскерінің жауынгер пілдерінен түршікті. Бұл олардың бұрын көрмеген хайуаны еді. Осыдан Меккенің қоршалған жылын арабтар "піл жылы" деп атап кетті.

Меккені қамауға алған бірінші түнде-ақ аксумдықтар арасында апат ауру тарап, әскері қырыла бастады, қорыққан дұшпан Меккені тастап қашты. Иран шахы шаттануы тиіс еді. Бірақ осы түні оның сарайында кереметтер болды: Заратуштра құрметіне жағылған мәңгілік шырақ кенет өшіп қалды, ал парсының бас қазысының түсіне ноқта көрмеген атанды бір арабтың мұрындықтағаны кірді. Түн күндей жарық болды. Осы түнде дүниеге Мұхаммед келді. Осы аңызды негізге алсақ, Мұхаммед 571 жылы дүниеге келген болады. Мұхаммедтің бірінші әйелі - Хадишаның жасы туралы да дерек екі түрлі.

Ислам кітаптарында Мұхаммед жиырма бес жасында үйленді, әйелі он бес жас үлкен, бай саудагердің жесірі еді десе, европалық дінтанушылар Хадишаның осы некеден бес бала көтергенін алға тартып, оның жасын жиырма сегізде еді деп көрсетеді. Шындық сол - Хадиша төрт қыз және Қасым атты бір ұл бала көтерді. Осыған қарап кейде Мұхамедті Әбу-Қасым - Қасымның әкесі деп те атайтын. Бірақ, пайғамбардың көзі тірісінде Фатимадан өзге балалары тегіс дүние салды. Қалай болғанда да ақиқаты -пайғамбарымыз бен Хадишаның некесі үйлесімді, абыройлы болды, араб дәстүрі рұқсат етуіне қарамастан Мұхаммед Хадишаның көзі тірісінде оның үстінен әйел алған жоқ.

Пайғамбардың туылуынан екі ай бұрын әкесі, туғаннан кейін алты жасында шешесі дүниеден қайтты. Сегіз жасына дейін атасы Ғабүл-Мүтәліптің, одан соң немере ағасы, төрт шын абзал халифтің бірі - хазірет Әлінің әкесі Әбу-

Тәліптің қолында тәрбиеленді. Ол балалық шағынан адал, шыншыл еді. Осыдан оны көбіне "Мұхаммадүл-Әмин", "Сенімді Мұхаммед" деп атайтын.

Мұхаммедтің балалық шағы туралы діни аңыздар былай дейді: ол замандарда қала тұрғындарының жас нәрестенің таза ауамен тыныстанып, табиғат ортасында еркін өсуі үшін қала сыртын мекендейтін тайпалардың әйелдерінен сүт-ана тауып, кесімді мерзімге соған табыстау салты болатын. Мұндай әйелдер Меккеге келіп, емшек сүтімен асырайтын нәрестені өздері таңдап алар еді.

Келушілердің көбінің назары Әминәнің перзентіне тоқтамады. Солардың ішінен Халима есімді әйел ғана кеңілін Мұхаммедке бөлді. Оның тұрмысы төмен еді. Бірақ, Мұхаммедті бауырына алғаннан ризығы артты, құдығы суалмады, жері көктеп тұрды, ақ мол болды. Бала үш айында аяғын басатын болды, жеті айлығында жүгіріп кетті, тоғыз айында адам таң-тамаша боларлықтай есті сөздер айтар еді. Үш жасына келгенде далада ойнап жүрген жерінен екі періште адам кейпінде келіп оның кеудесін ашып, жүрегін ұйыған қаннан, Адам-Атадан бермен келе жаткан бастапқы күнәдан тазартгы, оған иман нұрын салды.

Діни кітаптарда Мұхаммедке пайғамбарлық қырық жасында келді, деп жазылады. Оған дейін ол Дамшаққа дейін керуен тартып, көп жерлерді көрді, көп адамдармен дидарласты.

Ол Хира тауына оңашаланып, терең ойларға берілді. Осындай оңаша сәттерінің бірінде оған үн келді. Ол "оқы" деп әмір етті. "Мен нені оқимын?" деді. Сонда құлағына Құранның беташар аяты келді. Мұхаммед ғажаптанып жан-жағына қарады. Қайда мойын бұрса да, алдында адам бейнесіндегі Жебірейіл періште тұрды. "Мұхаммед! Сен Алланың елшісісің? - деді ол. Осыдан кейін де, ол бірталай уақыт күмәнді болды. Бірақ, Жебірейіл арқылы Алладан тағы аяттар аян болды. Хадиша оны мұның бәрі жаратушы хақ тағаланың әмірінен екендігіне сендірді. Өзі мұсылман болды. Мұхаммедтің пайғамбарлығы осылай басталып, адам баласын адамшылық нәрімен сусындатты, қияметке дейін сөнбейтін ғылым, білім, мәдениет күнінің шырағы бүкіл дүниені нұрландырды.

Ол ислам дінін үш жыл құпия таратты. Кейін Алланың әмірімен халықты тура жолға ашық шақыра бастады. Бірақ, рухтары дүниялық пиғылдармен қарайып қалған дін дұшпандары пайғамбарға қиянат жасап, қастандық ойлады. Бұл кезде оның сүйікті зайыбы - Хадиша мен қамқор ағасы Әбутәліп дүниеден озған еді. Осы уақытында ол Йасрибтің (Медина) хазрадж тайпасынан өзіне жақтастар тапты. Олар Мұхаммедті жаңа дінді таратып, қауымға басшы болуға шақырды. Бұл қауым кейінде ансарилер (көмекшілер) деп аталып, дін жолында қарымды істер жасады. Осылайша Мұхаммед Алланың әмірімен он үш жылдан соң ол ізгі жолға түсушілерді бастап, Медина қаласына көшті. Бірақ, көш алдында "Исраһа-л-миғраж" аталатын ерекше оқиғаны бастан өткерді. Қағбаның маңында тыныстап жатқан Мұхаммедке Жебірейіл періште келді. Ол әл-Барақ атаған бір жануарды келтіріп, соған отыруға бұйырды. Көзді ашып-жұмғанша Хебронда, Вифлеем мен Иерусалимде болды. Осында Ибраһим,

Мұса, Ғайса пайғамбарлармен мінажат етті. Содан соң көкке ұшып, Алланың дәргейінде болды. Оқиғаның жылдам болғаны соншалық еді - ол қайтып оралғанда, төсегі де суымаған, қисайып құлаған құмырадан сүт тамшылап үлгермеген...

622-жылы жиырмасыншы қыркүйекте (бір деректерде он алтыншы шілдеде) Мұхаммед пайғамбар Йасриб қаласына көшті. Осымен ислам тарихының жаңа беті ашылды. Мұсылмандық жыл санау — *хиджра* басталды. Йасриб қаласы Мадинат ан-наби - Пайғамбар қаласы деген ат алды.

Бертін келе, ол жай Медина, яғни "қала" аталып кетті. Хиджраның екінші жылында тұңғыш мешіт (масджид) -Пайғамбар мешіті тұрғызылды. Мұхаммед пайғамбарға Меккеден көшкенде жүз жиырма адам ере келген еді. Бас-аяғы сегіз жылдан соң, ол Меккеге он мың қол бастап аттанды.

Әдебиеттер:

1. Мехмет Соймен. Ислам дінінің негіздері. - Анкара, 1999 ж. - 144 бет.
2. Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері. - Алматы "Жазушы" - 1993.- 64 бет.
3. Ислам. Энциклопедия. /Бас редактор Р. Нұрғалиев. -Алматы "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 285 бет.
4. Әбсаттар Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). - Алматы "Рауан" - 1995-238 бет.
5. Тәуелсіздік және мұсылмандық.// Ғ. Есім. Сана болмысы. - Алматы: Ғылым, 1996-1998

ӘӨЖ

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БОЙЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Эрметова Гавхарай Тажимуратовна
Шымкент қаласы, №107 мектеп лицейінің биология пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается формирование здорового образа жизни среди подростков с целью укрепления здоровья учащихся

Summary

In this article is given information about the formation of a healthy lifestyle among teenagers in order to improve the health of students

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың мақсаты - қазіргі кезеңдегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында орын алып отырған қиындықтарға қарамастан, салауатты өмір сүрудің мемлекеттік жүйесі түпкілікті, жалпы адамзаттық рухани байлықтарға негізделуі тиіс. Ол жеке бастың үйлесімді дамуына, денсаулықты нығайтуға, адамдардың тіршілік үшін белсенділігін арттыруға ықпал жасауды өзінің басты мақсаты етіп алуы керек.

Салауатты өмір салты тұлғаның дамуы мен тәрбиесінде маңызды рөл атқара келе, қалыпты өмір салтының басты құрамдас бөлігі болып табылады.

Салауаттылық ұғымы – қазақ халқының салт-дәстүрін, көнеден келе жатқан мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын жас ұрпаққа ұғындыру. Бір сөзбен айтқанда, өз ұлтының дінін ұстануға үйрету.

Салауаттылық – ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті, қарапайым түрде айтсақ, адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өмір заңдылығы сауатсыздықты кешірмейді, оғаш қылықтар түбінде опық жегізеді.

Жасөспірімдердің салауаттылық өмірге ұмтылысы, зиянды әдеттерді жек көрушілігі олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына, яғни, әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір заңдылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу мектеп жүйесіне жүктелген мыңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады.

Денсаулық дегеніміз - адамның ең ұзақ ғұмыры бойындағы әлеуметтік белсенділігі мен тиімді еңбекке қабілеттілік дәрежесін, биологиялық, физиологиялық және психологиялық қызметін сақтауы мен дамыту үрдісі. Ендеше, жас ұрпақтың дені сау, білімді азамат болып ер жетуі, ең алдымен, ата-анасына, одан соң білім нәрімен сусындыратын мектепке және қоршаған ортаға байланысты.

Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, білім мен салауатты өмір салтын қалыптастыру – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дені сау бала оқу процесіне белсене араласады, әрдайым жайдары, көңіл күйі жоғары болады. Сондықтан да мектептің негізгі міндеті - әр оқушының денсаулығына нұқсан келтірмей, нығайта отырып, оқуға деген құштарлығын ояту, әрбір баланың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, бала бойындағы қасиеттерін дамыту. Осы мәселені ескере отырып, оқушылармен тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел, конференция, пікір-талас, сайыстар және ата-аналармен іс-шаралар өткізілді. Егер мектеп жасындағы бала өз өмірінде кімнің жанында көп уақыт болатынына көңіл аударсақ, әрине ата-анасымен және мұғаліммен бірге болатыны баршаға аян. Сондықтан сабақтың дұрыс ұйымдастырылуы мен өткізілуі мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етері сөзсіз.

Ауру – бұл медициналық категория. Ал денсаулық – генетикалық потенциалдарды іске асырудың өлшемі. Тәрбие үрдісінде келесі потенциалдар дамиды – психикалық, тәндік және рухани-құлықты. Адамның отбасында, мектептегі тәрбие барысында денсаулығы дамып, нығаяды немесе тозады. Бұл жағдайда оқушының шығармашылық қабілеті шектеліп қалуы мүмкін.

Оқушылардың денсаулығы қалыпты болуы үшін төмендегі шарттарды орындау қажет:

- дене еңбегі;
- дұрыс тамақтану;
- уақытты дұрыс пайдалану;
- шынығу және демала білу;
- бақытты өмір сүру;
- гигиеналық талаптардың орындалуы.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуін мектеп пен ата-аналар бақылау жүргізу арқылы ұйымдастырады. Оларды зиянды әдеттерден аулақтату мақсатында іс-шаралар өткізіліп, төмендегі мағлұматтар берілді.

Зиянды әдеттердің адам денсаулығына тигізер әсері.

Біздің қоғамда темекі шегу мен ішімдік өлімнің бірден- бір себепкері болып табылады. Темекі шегушілер шылым шекпейтіндерге қарағанда жүрек ауруларына жиі шалдығады. Жыл сайын темекі шегуге байланысты туындаған жүрек ауруынан 170 000 адам көз жұмады. Өкпе, кеңірдек, қуық рагы, панкреатит және бүйрек рагы темекі шегушілер арасында жоғары көрсеткіште. Рактан өлгендердің 30 % -ы (жыл сайын 130 000) темекі шегуге байланысты. Эмфизема, созылмалы бронхит сияқты өкпенің созылмалы ауруы темекі шегушілер мен маскүнемдер арасында 10 есе көп. Темекі құра-мындағы ең қауіпті зат-*никотин*. Ол адам ағзасында жүрек ауруы мен рактың өршуіне ықпал етіп қана қоймай, ең қауіптісі-оның темекі шегуге деген ынтасын арттырады. Никотинге тез үйір болған соң, темекіні тастау қиынға соғады.

Темекі шегушілер үшін күніне тарқан 1 қорап темекі 10 жыл өткен соң жүрек ауруына шалдығу қаупін тудырады. Сондай-ақ темекі шегу салдарынан болған өкпе рагының қаупі темекі шегуді тоқтатқанда біршама төмендеуі ықтимал.

Алкаголь - созылмалы аурулардың асқынуына алып келетін қауіпті фактор. Ішімдік- онкологиялық ауруларға, жүрек - тамыр ауруларына және артериялы гипертензияға, ми инсульті мен мезгілсіз өлімге әкеп соқтырады. Сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдердің ішкі дене мүшелерінің ауруы, кемістік, жарымжандық, денесі мен ақыл-есінің кем дамуына әсер етеді.

Оқушылардың барлығы бірдей салауатты өмір салтын сақтап өмір сүруі үшін не істеу керек? Тәжірибе дәлелдегендей, спирттік ішімдікке, маскүнемдікке қарсы жүргізілетін үгіт-насихат, алдын алу шаралары анда-санда емес, мақсат көздей отырып, жүйелі жүргізілген жағдайда ғана өз нәтижесін береді. Бұл жұмысты жоспарлаған кезде балалардың психологиялық, жас ерекшеліктерін ескеру керек. Жұмыстың ең алдымен ата-аналар арасында үгіт жүргізуден бастаған абзал.

Әдебиеттер

1. Г.Икіманова. Саулық пен сымбат. - Алматы: Қайнар, 1991.
2. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. //Ізденіс-Поиск. 2009. № 2(2) -Б.262-264.
3. Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. - Алматы: Санат, 2000ж.

ӘӨЖ

БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕРДІ АНЫҚТАУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

Шарипбайқызы Наргиза
Шымкент қаласы, ПМПК 4 логопеді

Резюме

В данной статье рассматривается методы определения дефектов речи детей

Summary

This article discusses methods for determining speech defects in children.

Сөйлеу тіліндегі ақаулықтарды дұрыс түсініп және тиімді ықпал жасау үшін оны жоюдың ең ұтымды және үнемді жолын таңдау керек. Сөйлеу тіліндегі мүкістіктің ішкі сырының ерекшелігін және оның ауқымдылығын анықтай білу қажет. Сөйлеу тіл жүйелерінің қайсы бөлігінің ақауланғанын талдай білу қажет. Сөйлеу тілнің мүкістерінің ерекшелігі мен оның күрделілігіне байланысты әрбір нақтылы жағдайға сәйкес тапсырмаларды пайдаланып тексеру ішінара жекеленген болу керек. Бірақ қандай жағдай болмасын кейбір негізгі талаптарды естен шығармау қажет.

Мүкістіктер сөйлеу тілінің фонематикалық, лексикалық және грамматикалық жақтарын да қамтитыны белгілі. Бұл сөйлеу тілінің фонематикалық барысын, сөздік қорын, грамматикалық құрылысын жан-жақты тексеру деген сөз. Сонымен бірге мектеп оқушыларының оқуы мен жазуын да тексеру қажет.

Сөйлеу тілінің мүкістерін талдауға жүйелі тәсілді қолданудың, сөйлеу тілінің қайсы бөлігінің бұзылғанын анықтап қана қоймай, сонымен бірге оның басқа бөлімдерімен де қандай байланысының бар екенін шамалауға мүмкіншілік беретін ерекшелігімен маңызды. Мысалы, сөйлеу тіліндегі дыбыстардың бұзылуы өз бетімен дербес болып келуі белгілі, бірақ ол көп жағдайларда сөйлеу тілінің фонетикалық жағын, ал кейде, тіпті фонетика-фонематикалық және лексика-грамматикалық жақтары сияқты жалпы дамуын да қамтитын бұзылудың күрделі нышанын білдіретін ақаулықтарға сай келуі мүмкін. Осының барлығы тексеру барысында ашылуы керек.

Бірақ, логопедиялық жұмыста бұл әрдайым ескеріле бермейді, осы уакытқа дейін ақаулыққа қолданылатын әрекеттер оның ең жиі көрінетін сыртқы белгісіне қарап белгіленеді, оның басқа бөлімдерімен байланысы ашылмайды, нәтижесінің қандай болатыны, қандай зардапқа әкеліп соғуы мүмкін екені ескерілмейді. Мысалы, сөйлеу тілі дыбыстарын естіп қабылдауының, ажыратуының жеткіліксіз дамуы жекелеген дыбыстардың айтылуындағы бұзылуына және баланың фонематикалық түсінігінің кешеуілдеп қалуына себепші болуы мумкін. Сондай-ақ ол сөйлеу тіліндегі дыбыстардың талдауының қалыптаспауына, демек оқуы мен жазуын менгеруіне де әсер етуі мүмкін. Жоғарыда көрсетілгендей, сөйлеу тілі бұзылуының әрбір көрінісі бір мезгілде басқа да бұзылулардың шығуына себепші болуы мүмкін. Бұл жағдай сөйлеу тілі мүшелерінің қайсы бөлігінің бұзылғанын анықтағаннан кейін, соған қатысты басқа мүшелері қандай жағдайда екенін байқап көріп, тексерген кезде назарда болу қажет.

Сөйлеу тілі құрамын, дыбыстардың айтылуын, сөздік қорын, грамматикалық құрылысын, жазуы мен оқуын тексерген кезде қолданылатын тәсілдерге және нақтылы әдістерге тоқталамыз. Тәсілдің немесе әдістің қайсысын болмасын әйтеуір біреуін қолданғанымен сөйлеу тілі бұзылуының ерекшелігі туралы бірден қорытынды жасауға болмайды. Тек тексерудің нәтижесін салыстыру және талдау арқылы сөйлеу тілінің ақаулығы туралы анық айтуға болады.

Сөйлеу тілін тексермес бұрын ата-аналармен әңгіме өткізу қажет. Әңгімелесу барысында баланың қандай аурумен ауырғаны, жарақаттанғандығы және сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына зиянын тигізетін тәрбие жағдайы анықталады (анамнез жинақтау). Ата-аналардың берген мәлімдемелері баланың сөйлеу тілі бұзылуының көрінісін түсінуге жәрдемін тигізеді.

Сөйлеу тілі ақаулықтарының шығу себептерін дұрыс анықтау үшін, логопед баланың сөйлеу тілінің қалай дамығандығын көз алдына келтіру керек. Сондықтан, баланың тілі қай жасынан бастап шыққаны, бірінші сөзді қашан айтқаны және сөздің басын құрап сөйлеуді қашан бастағаны, одан ары қарай сөйлеу тілінің қалай дамығандығы, мектепке барардың алдында оның сөздік қорының және грамматикалық құрылысының шамасы қалай қалыптасқандығы туралы мәліметтерді ата-аналардан сұрай отырып жинау қажет.

Ата-аналармен әңгімелесу кезінде баламен күнделікті қатысып, араласып жүрген адамдардың тілдерінің дамуындағы деңгей шамалары туралы, олардың арасында сақаулары және бірнеше ұлттың тілдерін араластырып сөйлейтіндерінің бар-жоктығын, сонымен бірге, баланың сөйлеу тілінің дұрыс дамып қалыптасуына ортаның қандай ықпал тигізгендігін анықтайды. Ең маңыздысы, бала өзінің сөйлеу тілінің ақаулығын түсіне ме және оған баланың көзқарасы қандай, яғни уайымдайма соны білу керек. Сонымен бірге ата-ананың логопедтен бұрын кеңес алғанын және қандай нәтиже бергенін анықтау керек. Егер бала бұған дейін балалар мекемелерінің қайсы біреуінде тәрбиеленген болса, онда ата-ананың берген мәліметтері педагогикалық мінездемемен толықтырылады.

Сөйлеу тілінің бұзылуы есту қабілетінің нашарлауына көп байланысты. Бұл екі келеңсіздіктің бірімен-бірі тығыз байланысты екеніне ата-аналар көңіл аудармайды, сондықтан да логопедтің алдына өтінішпен барған кезде баланың нашар еститінін көбінесе ескертпейді. Сондықтан сөйлеу тілін тексермес бұрын оның есту қабілетінің дұрыстығына көз жеткізіп алу керек. Егер баланың есту қабілеті жөнінде отоларингологтан анықтама болмаса, онда оны логопед өзі тексереді. Есту қабілетін сыбырлап сөйлегенді ұғынуын талдау арқылы тексереді. Жеке сөзді немесе қысқа сөйлемді баланың құлағының түбінен бастап бірде қатты, бірде ақырын, бірде сыбыр дауыспен кезек-кезек біртіндеп алыстатып айта отырып есту қабілетінің шамасын әр түрлі қашықтықтан тексереді.

Тексеруге кірісерде логопед ең алдымен баланың сөйлеу тілінің толықтығы, анықтылығы, ырғақтығы, жатықтығын толығымен түсініп алуы керек.

Мектеп жасына дейінгі немесе мектеп жастағы балалардың сөйлеу тілінің жалпы жағдайынан түсінік алу үшін қарапайым жеңіл әңгімесу өткізіледі. Атың кім? Әкеңнің аты кім? Анаңның аты кім? Қайда тұрасың? Әпкең, қарындасың, сіңлің, інің, ағаң бар ма? Олар туралы айтып бер. Мектепте кіммен достасып жүрсің? Бұл жерге немен келдің? Тағы қандай

көлікті білесің? Сен хайуанаттар паркінде болдың ба? Қандай аңдарды көрдің? Солардың ішінде саған көбірек ұнағаны қандай аң болды? және т.б.

Әңгімені тек қана сұрақ-жауаппен шектеп жүргізуге болмайды. Балаға бейнелі сурет бойынша қысқа әңгімені ауызекі айтып беруді ұсынады. Берілетін тапсырманың түрі мынандай болуы керек. «Мына бейнедегі суреттелген көріністерді айтып бер». Бала окиға желісін еркін әңгімелей алатындай етіп сюжетті суреттер баланың жас ерекшелігіне сай арнайы іріктеліп алынады.

Тексеру құралдарына сонымен бірге нақты бір оқиғаның желісіне құрылған жалғаскан бірнеше сюжетті сурет болуы керек. Әрбір сюжетті сурет оқиға желісінің үзіндісін көрсетеді. Ілеспелі сюжетті суреттер баланың алдына рет-ретімен жайып салынады немесе қалай болса солай ретсіз тасталынады. Бала оларды оқиға желісіне лайықтап реттейді де тізіп жаяды, сосын оларға қарап отырып өз сөзімен қиыстырып, бүтін бір әңгіме құрастырып айтып шығады. Жалғасқан бейнелі суреттерді окиға желісінен реттеп тізіп жаюына қарап, олардан салихалы әңгіме құрап, жатык тілмен айтып беруіне карап, баланың ақыл-ойының деңгейін шамалауға болады.

Сюжетті сурет бойынша әңгімелеумен бірге, ертегі немесе бала өзі күнделікті естіп жүрген қарапайымдылығымен ерекшеленетін жеңіл әңгімені айтқызу тәсілін қолдану қажет.

Сұраққа жауап беру, бейнелі сурет бойынша әңгімелеу, ойға токыған әңгімесін еркін сөйлеп беру кездерінде логопед баланың сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуында ақаулықтың бар-жоқтығын және сөйлеу тілінің жалпы анықтылығын, оның шапшандығын, жатыктығын, естіген әңгімесін өз сөзімен қайталап айтып бере алатындығын, әңгімелеу кезінде сөйлемнің қандай түрлерін пайдаланатындығын, сөйлем құрастыруда, сөз тандауда оларды орнымен қалай дұрыс пайдаланатындығын, сөйлемнің грамматикалық құрылысында сараланбаушылықтың (аграмматизм) бар жоғын, сонымен қатар баланың ой-өрісінің дамуы туралы да, мағлұмат алынып, болжау жасалады.

Баламен алдын-ала әңгімелесу кезінде оның дыбыстарды айтуын қаншалықты меңгергенін және қандай ақаулықтардын бар екенін алдын ала білуге мүмкіндік береді. Бірақ сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуындағы ақаулар ерекшеліктерін дәл анықтау үшін оларды арнайы және егжей-тегжейлі тексеру қажет.

Дыбыстардың айтылуын зерттемес бұрын баланың сөйлеу тілі мүшелерінің жағдайын тексеріп алу керек. Сөйлеу тілі мүшелерінің құрылысындағы немесе козғалту қызметіндегі болмашы ақаулықтардың өзі сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуын тежеуі мүмкін. Кейде бұл бұзылулар басқа жағдайларда онша білінбейді, олар негізінде сөйлеу мүшелерінің құрылысын және қимылдарын мұқият тексергенде анықталады.

Әдебиеттер:
1. Нуркежанова А. Балалардағы сөйлеу тіл бұзылымдарының себептері /А. Нуркежанова // Дефектология . – 2014 . . – № 10
2. Өмірбекова Қ. Логопедия: оқу құралы /Қ. Өмірбекова, Қ. Серкебаев . – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996
3. Шогельбаева Г. Логопедтің жеке түзету жұмысының технологиялық картасы / Г.Шогельбаева // Дефектология. – 2013 . – № 3

ӘӨЖ

ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІНЕ АЙМАҚТЫҚ ШОЛУ

Разахова Айгерим Рахматиллаевна
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, №14 Алыбай батыр атындағы жалпы орта мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме
В даннной статье рассматривается краткый обзор региональных стран мира
Summary
This article discusses a brief overview of the regional countries of the world

Дүниежүзі елдерін даму деңгейі бойынша топтастыру. Елдердің даму деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер.

Қазіргі кезде жекелеген елдер мен аймақтар әлемдік экономикада алатын орны жөнінен бір-бірінен үлкен айырмашылық жасайды. Сондықтан елдердің нақты әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін салыстырып, сипаттауда сандық көрсеткіштер жүйесі кеңінен пайдаланылады. Жеке елдің дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін сипаттауда:

1) ел экономикасының типі;
2) жерінің ауданы және оның игерілу деңгейі;
3) халқының саны мен еңбек ресурстарының құрылымы;
4) жалпы жиынтық өнімнің (ЖЖӨ) келемі мен құрылымы;
5) халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы;
6) елдің халықаралық еңбек белінісіндегі орны сияқты маңызды көрсеткіштердің жиынтығы пайдаланылады.

Аталған көрсеткіштердің біріне қарап, елдің типін анықтау жаңсақтық болады, сондықтан еларалық салыстырулар жүргізуде өте көп мөлшерде сандық деректер ескеріледі. Ел экономикасының ауқымы, ең алдымен, жалпы жиынтық өнім көлемімен анықталады. Жиынтық өнімнің екі түрі бар: жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ) және жиынтық ұлттық өнім (ЖҰӨ). ЖІӨ жыл ішінде белгілі бір аумақта өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтің жалпы құнын көрсетсе, ЖҰӨ көлемін анықтауда аумақтағы шетелдік кәсіпорындар үлесі есептелмейді. Әдетте, географтар салыстырулар жүргізгенде ЖІӨ көлемін ғана есепке алады. Әртүрлі елдердегі ЖІӨ көлемінің көрсеткйптері алшақтық жасамас үшін бірыңғай бірлік — АҚШ доллары пайдаланылады. XX ғасырдың

соңына қарай дүниежүзі елдері арасында ЖІӨ көлемі жөнінен АҚШ жетекші орынға ие болды.

Елдің экономикалық даму деңгейін анықтауда жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші де ескеріледі. Бұл көрсеткіш бойынша дүниежүзі елдері арасында үлкен алшақтық байқалады.

Шаруашылық құрылымының аумақтық айырмашылықтары

Ресей географтары дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейіне, әлемдік экономикадағы орнына қарай экономикасы дамыған елдер, өтпелі экономика тән елдер және дамушы елдер деп үлкен үш топқа бөледі. Дамыған елдер тобына нарықтық экономика тән, Экономнкалық ынтымақтастық пен даму ұйымына ("Париж клубы") мүше елдер енеді. Бұл елдерге жиынтық ішкі өнімнің және энергияны тұтынудың жан басына шаққандағы көрсеткішінің жоғары болуы, адамның өмір жасының ұзақтығы, қызмет көрсету саласының басымдылығы, экономикасының "ашықтығы", ауыл шаруашылығы үлесінің төмендігі тән. Аталған елдер экономикалық дамудың постиндустриялық кезеңіне аяқ басқан; олардың үлесіне дүниежүзілік жиынтық өнімнің жартысынан астамы тиесілі. Постиндустриялық елдердің экономикасының ашық сипатта болуына "көрінбейтін экспорт" (көлік және қаржы қызметі, туризм, байланыс, ақпараттық қызмет көрсету) әсерін тигізеді. Бұл елдерде байланыс жүйелерінің күшті дамуы ірі фирмалардың қызметкерлерінің үйінде жұмыс істеуіне (АҚШ-та олардың саны 4 млн адамға, ал Ұлыбританияда 1,3 млн адамға жетті), жеке филиалдардың жұмысын үйлестіру мақсатында бейнеконференциялар ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Кейбір ғалымдар постиндустриялық елдер тобына халықаралық мамандану ерекшелігіне байланысты экономикасында қызмет көрсету саласы басым болатын дамушы елдерді (Панама, Либерия, Джибути және т.б.) де енгізеді. Дегенмен бұл елдердің жалпы әлеуметгік-экономикалық даму деңгейі дамыған елдерден әлдеқайда төмен екендігі ескерілуі қажет.

Экономикасы дамыған елдер тобын: жоғары дамыған елдер Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері және "қоныс аударған капитализм" елдері деп жіктейді. Жоғары дамыған АҚШ, Жапония, ГФР, Франция, Италия, Ұлыбритания және Канада әлемдік экономиканың басты үш орталығын (еуропалық, американдық және азиялық) қалыптастырады. Бұл елдер арасында соңғы жылдары, әсіресе Жапонияның даму қарқыны айрықша көзге түседі, ол қазіргі кезде аса ірі халықаралық қаржы және өнеркәсіп орталығына айналған. Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері экономикасының даму деңгейінің ғана емес, халықтың әл-ауқатының да жоғары болуымен және саяси жағдайдың тұрақтылығымен ерекшеленеді. Әлемдік экономикада өзіндік орны бар бұл елдердің ЖІӨ құрылымында банк қызметі мен туризмнің үлесі едәуір жоғары.

Бұрын Ұлыбританияның отары болған Аустралия Одағы, Израиль, Жаңа Зеландия және Оңтүстік Африка Республикасы "қоныс аударған капитализм" елдері болып табылады. Экономикасының даму ерекшелігіне байланысты бұл топқа жоғары дамыған елдер қатарына енетін Канаданы да жатқызуға болады. Аталған елдердің экономикасында әлемдік деңгейдегі экономика алпауыттары

жетекші рөл атқарады. Басқа дамыған елдерге қарағанда бұл елдерде тау-кен өнеркәсібінің үлесі жоғары, экспортында шикізат пен ауылшаруашылық өнімдері басым.

Өтпелі экономика тән елдер тобын кезінде социалистік даму жолында болған елдер (Шығыс Еуропадағы және бұрын КСРО құрамында болған елдер, Қытай, Моңғолия, Вьетнам, Лаос, Куба) құрайды. Экономиканың өтпелі сипаты бұл елдерде айқын көрінеді; оларда орталықтан жоспарланатын социалистік экономикадан нарықтық экономикаға өту жүзеге асырылуда.

Дамушы елдер тобын саны жағынан көп, өте ала-құлалығымен ерекшеленетін елдер құрайды, олардың барлығы дерлік Азияда, Африка мен Латын Америкасында орналасқан. Бұл елдерге экономиканың көпсалалылығы, әлеуметтік және аумақтық айырмашылықтар, халықаралық еңбек бөлінісінде шикізатты өндіру мен сыртқа шығаруға мамандануы, отарлық экономика сарқыншақтарының сақталып қалуы тән. Дамушы елдер экономикасының ала-құлалығы, әсіресе қазіргі заманғы индустриялық елдер мен әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан артта қалған мешеу елдер экономикасындағы айырмашылықтардан айқын көрінеді. Дамушы елдерді экономикасының ауқымына, халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнына, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне байланысты алты топшаға жіктейді.

Кейбір алдыңғы қатарлы дамушы еддер жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші мен әлеуметтік даму деңгейі, өнеркәсіптің даму қарқыны жөнінен жоғары дамыған елдерге жақындайды. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен дамушы елдердің көпшілігінде демографиялық, экологиялық жағдайдың асқынуы байқалып, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге қатысты проблемалар туындауда.

Соңғы жылдары алдыңғы қатарлы елдерде ақпараттық экономиканың басым бола бастауыдамығанелдер мен дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтарды одан әрі тереңдете түсті. Дамушы елдердің басты артықшылығы болып есептелетін шикізат қоры мен арзан еңбек ресурстарына сұраныс азаюда; бұл дамыған елдерде шикізатты аз қажетсінетін және ақыл-ой еңбегіне негізделген экономиканы дамыту мен байланысты түсіндіріледі.

Сонымен, қазіргі заманғы дүниежүзілік шаруашылық қай елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің әр түрлілігінен айқын көрінетін аумақтық айырмашылықтар тән болады.

Әдебиеттер:

1. География: Дүниежүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/ Ө. Бейсенова, К. Каймулдинова, С. Әбілмажінова, т.б. — Өңд., толықт. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2010. — 304 б.,
2. «Казахстан - 2030». Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы:

ӘӨЖ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫ

Спабеков Уалихан Ганиевич
Бәйдібек ауданы, Ө.Жолдасбеков атындағы жалпы орта білім мектебінің
география пәні мұғалімі

Резюме

В даннной статье рассматривается рациональное использование водных ресурсов Казахстана

Summary

This article discusses the rational use of water resources in Kazakhstan

Қазақстанның су ресурстарына төмендегілер жатады:

- өзендер, көлдер, тоғандар, су қоймалары, жер бетіндегі су ресурстары т.б.
- жер астындағы сулар
- мұздықтар
- Қазақстанның шекарасы шетіндегі Каспий және Арал теңіздердің сулары

Халық шаруашылығында су пайдаланудың негізгі екі тәсілі бар:

- суды пайдалануды
- суды тұтыну

Бірінші жағдайда су суаттардан алынбайды да шаруашылық мұқтаждығын шешуге пайдаланады. Суды пайдаланушыларға гидроэнергетика, су транспорты, ауыл және балық шаруашылықтары т.б. жатады. Суды тұтыну – су суаттардан алынып, судың бір бөлігі технологиялық процестерге пайдаланып, ал қалған бөлігі қайтарымсыз жоғалады.

Республикамызда сумен жабдықтаудың ек жүйесі бар

1. Тура ағатын
2. Айнала ағатын

Сумен жабдықтаудың тура ағатын жүйесі – суды су көздерінен алып, пайдаланғаннан кейін және оны тазалаудан өткізген соң суды суаттарға жіберу, ал сумен айналма жабдықтау пайдаланып біткен суды тазалаудан өткізіп, оны өндірістік циклдерге қайтадан қолдану.

Су ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану Қазақстан үшін өте маңызды. Себебі Республика бойынша сумен қамтамасыз етілу деңгейі бір шаршы метрге шаққанда орта есеппен 30 мы текше метрден келеді. Бұл көрсеткіш Украинаға қарағанда 4 есе, Ресейден – 3 есе, ал Грузиядан – 30 есе кем.

Республикамыздың сумен қамтамасыз етілуі әр аудандарда әртүрлі. Мысалы таулы аудандарда бір шаршы метрге шаққанда жылына 24-тен 212 мың текше метр аралығында, ал жазықтықтарда тарының көздері – көлдер. Олардан жылына орта есеппен 100 текше километрден астам су ағады, ал оның жартысына жуығы Қытайдан, Өзбекстаннан, Қырғыстан және Ресей ден келеді. 1997 жылдың басында Республика бойынша жер асты суынын қоры 15824,1

млн текше метр болды.

Алайда, Республикамызда қолда бар су ресурстары әлі де болса өз дәрежесінде ұтымды пайдаланылмай келеді. Халық шаруашылығында жер сулардың пайдалану не бәрі 34-40% ал жер аты суларын пайдалану 5-10% тен аспайды. Су мәсілесі жөнінде өте қиын жағдай басқа республикалармен шегералас Сырдария, Орал, Іле, Шу, және Талас өзендерінде болып отыр. Тек Солтүстік Қазақстанда соңғы 10-15 жыл ішінде өзендердің көлемі 10-12% - ке қысқарған.

Су ресурстарын пайдалану ауыл шаруашылығы өндірсімен тығыз байланысты. Су шаруашылығы мен ауыл шаруашылығының бірлігі ғана суды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ал су шаруашылығы – бұл су қорын зерттеу, есепке алу, оларды кешенді түрде пайдалануды жоспарлау, болжамдау, жер беті мен жер асты суларын ластанудан сақтау, суды тұтынушыларға жеткізіп беру т.б. мәселелерімен айналысатын халық шаруашылығының бір саласы.

Су ресурстары пайдаланудың экономикалық дәрежесіне көптегн факторлар әсер етеді. Мұнда ең алдымен ирригациялық жуйелердің техникалық деңгейін суару әдістері техникасын, суары режимін т.б. атауға болады. Республика бойынша суармалы жерлердің мелиорациялық жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстр баяу жүргізіліп келеді, мелиорациялық жүйелерді жақсартаты кешенді шаралардың орындалуын көздейді. Ол ушін ескі жүйелер қайта құрылып, жаңа жүйелер ішінара жақсартылуы және қосымша жабдықтармен жарақтандырылуы қажет.

Су ресурстарының шығынын анықтау ҚР су кодексімен (1995ж.) қалыптастырылыды. Су ресурстарының шығынан есептеу 2 тәсілмен жүргізілуі мүмкін;

1. Су суаттарынан пайдаланудағы шығын
2. Су ресурстарын қалпына келтірудегі және қорғаудағы шығын

Қазіргі кезде ішкі сулардың ластану дәрежесі өте қауіпті жағдайға соқтырып отыр. Әсіресе Ертіс өзенінің жағдайы ерекше қауіп-қатерде болып отыр. Ол Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарын сумен қамтамасыз етеді. Онда 900-ден астам су тұтынушылары бар. Өзенге жылма жыл жалпы судың 60 % ағын сулары келіп түседі. Ал, осы суларды ластаушылар – мыс, цинк, азот нитраттары т. б. Орал өзенін Ресейдің өндіріс кәсіпорындары ластауда. Сырдария, Іле, Шу, Талас өзендеріне басқа республикалардан ағым келетін сулар сол жақтан келсе, екіншіден оған өзіміздегі ластар қосылады. Соңғы 40 жылдың ішінде Арал теңізінің суы бес есе азайды, су деңгейі бір жарым есе төмен түскен. Мұның барлығы Арал өңіріне үлкен зиян келтіріп экологиялық дағдарысқа ұшырап отыр. Каспий теңізі суынын жоғарғы көтерілуі және көптеген мұнай кәсіптерінің су басып кетуі жағадағы сулардың ластануына әкеліп сақтаруда.

Соңғы кездерде Репубикада суды ластанудан қорғауды күшейтуге байланысты біршама маңызды шаралар қабылданды. Еліміздің көптегін ірі қалаларындағы ірі су тазалайтын құрылыстар салынды. Өнеркәсіп салаларында

суларды екінші қайтара пайдалану жұмыс тарына көніл бөліне бастайды және өнеркәсіп мұхтаждарын қанағаттандыру үшін таза суларды жұмсау азайды. Алайда бұл мәіселелер жөнінде кемшіліктер баршылық. Сондықтанда тұшы ауыз суларды таза ұстау, оларды ластамау, орынды пайдалану, үнемдеп жұмсау жұмыстары бүкіл халықтық көкейтесті мәселеге, актуалды проблемаға айналып отыр. Осыған орай су ресурстарын қорғауға бағытталған бірқатар іс шаралар, қаулы – қарарларда қабылданды. Су ресурстарын пайдалану және оларды қорғаудағы заңды құжаттардың бірі - ол 1993 жылдың 31 науызында қабылданған «Су кодексі»

Әдебиеттер:

1.Ерофеев Б.Н.«Как устроены и чем богаты наши недры»
Москва 1981г.
2. Ердаулетов «Экономика географических полезных ископаемых»
3. Алматы 1991г. 3.Рейнерс Н.Ф. «Природопользование»
4. Москва 1990г. 4.Романова Э.П. и др. «Природные ресурсы мира»
5. Москва 1993г. б.Фурсина Г.А. и др. «Природные ресурсы мира

ӘӨЖ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫ

Спабеков Уалихан Ганиевич
Бәйдібек ауданы, Ө.Жолдасбеков атындағы жалпы орта білім мектебінің
география пәні мұғалімі

Резюме

В даннной статье рассматривается рациональное использование водных ресурсов Казахстана

Summary

This article discusses the rational use of water resources in Kazakhstan

Қазақстанның су ресурстарына төмөнгілер жатады:

- өзендер, көлдер, тоғандар, су қоймалары, жер бетіндегі су ресурстары т.б.
- жер астындағы сулар
- мұздықтар
- Қазақстанның шекарасы шетіндегі Каспий және Арал теңіздердін сулары

Халық шаруашылығында су пайдаланудың негізгі екі тәсілі бар:

- суды пайдалануды
- суды тұтыну

Бірінші жағдайда су суаттардан алынбайды да шаруашылық мұқтаждығын шешуге пайдаланады. Суды пайдаланушыларға гидроэнергетика, су транспорты, ауыл және балық шаруашылықтары т.б. жатады. Суды тұтыну – су суаттардан алынып, судың бір бөлігі технологиялық процестерге пайдаланып, ал қалған бөлігі қайтарымсыз жоғалады.

Республикамызда сумен жабдықтаудың ек жүйесі бар

3. Тура ағатын

4. Айнала ағатын

Сумен жабдықтаудың тура ағатын жүйесі – суды су көздерінен алып, пайдаланғаннан кейін және оны тазалаудан өткізген соң суды суаттарға жіберу, ал сумен айналма жабдықтау пайдаланып біткен суды тазалаудан өткізіп, оны өндірістік циклдерге қайтадан қолдану.

Су ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану Қазақстан үшін өте маңызды. Себебі Республика бойынша сумен қамтамасыз етілу деңгейі бір шаршы метрге шаққанда орта есеппен 30 мы текше метрден келеді. Бұл көрсеткіш Украинаға қарағанда 4 есе, Ресейден – 3 есе, ал Грузиядан – 30 есе кем.

Республикамыздың сумен қамтамасыз етілуі әр аудандарда әртүрлі. Мысалы таулы аудандарда бір шаршы метрге шаққанда жылына 24-тен 212 мың текше метр аралығында, ал жазықтықтарда тарының көздері – көлдер. Олардан жылына орта есеппен 100 текше километрден астам су ағады, ал оның жартысына жуығы Қытайдан, Өзбекстаннан, Қырғыстан және Ресей ден келеді. 1997 жылдың басында Республика бойынша жер асты суынын қоры 15824,1 млн текше метр болды.

Алайда, Республикамызда қолда бар су ресурстары әлі де болса өз дәрежесінде ұтымды пайдаланылмай келеді. Халық шаруашылығында жер сулардың пайдалану не бәрі 34-40% ал жер аты суларын пайдалану 5-10% тен аспайды. Су мәсілесі жөнінде өте қиын жағдай басқа республикалармен шегералас Сырдария, Орал, Іле, Шу, және Талас өзендерінде болып отыр. Тек Солтүстік Қазақстанда соңғы 10-15 жыл ішінде өзендердің көлемі 10-12% - ке қысқарған.

Су ресурстарын пайдалану ауыл шаруашылығы өндірсімен тығыз байланысты. Су шаруашылығы мен ауыл шаруашылығының бірлігі ғана суды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ал су шаруашылығы – бұл су қорын зерттеу, есепке алу, оларды кешенді түрде пайдалануды жоспарлау, болжамдау, жер беті мен жер асты суларын ластанудан сақтау, суды тұтынушыларға жеткізіп беру т.б. мәселелерімен айналысатын халық шаруашылығының бір саласы.

Су ресурстары пайдаланудың экономикалық дәрежесіне көптегн факторлар әсер етеді. Мұнда ең алдымен ирригациялық жуйелердің техникалық деңгейін суару әдістері техникасын, суары режимін т.б. атауға болады. Республика бойынша суармалы жерлердің мелиорациялық жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстр баяу жүргізіліп келеді, мелиорациялық жүйелерді жақсартаты кешенді шаралардың орындалуын көздейді. Ол ушін ескі жүйелер қайта құрылып, жаңа жүйелер ішінара жақсартылуы және қосымша жабдықтармен жарақтандырылуы қажет.

Су ресурстарының шығынын анықтау ҚР су кодексімен (1995ж.) қалыптастырылыды. Су ресурстарының шығынан есептеу 2 тәсілмен жүргізілуі мүмкін;

3. Су суаттарынан пайдаланудағы шығын

4. Су ресурстарын қалпына келтірудегі және қорғаудағы шығын

Қазіргі кезде ішкі сулардың ластану дәрежесі өте қауіпті жағдайға соқтырып отыр. Әсіресе Ертіс өзенінің жағдайы ерекше қауіп-қатерде болып отыр. Ол Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарын сумен қамтамасыз етеді. Онда 900-ден астам су тұтынушылары бар. Өзенге жылма жыл жалпы судың 60 % ағын сулары келіп түседі. Ал, осы суларды ластаушылар – мыс, цинк, азот нитраттары т. б. Орал өзенін Ресейдің өндіріс кәсіпорындары ластауда. Сырдария, Іле, Шу, Талас өзендеріне басқа республикалардан ағым келетін сулар сол жақтан келсе, екіншіден оған өзіміздегі ластар қосылады. Соңғы 40 жылдың ішінде Арал теңізінің суы бес есе азайды, су деңгейі бір жарым есе төмен түскен. Мұның барлығы Арал өңіріне үлкен зиян келтіріп экологиялық дағдарысқа ұшырап отыр. Каспий теңізі суының жоғарғы көтерілуі және көптеген мұнай кәсіптерінің су басып кетуі жағадағы сулардың ластануына әкеліп сақтаруда.

Соңғы кездерде Республикада суды ластанудан қорғауды күшейтуге байланысты біршама маңызды шаралар қабылданды. Еліміздің көптегін ірі қалаларындағы ірі су тазалайтын құрылыстар салынды. Өнеркәсіп салаларында суларды екінші қайтара пайдалану жұмыс тарына көніл бөліне бастайды және өнеркәсіп мұхтаждарын қанағаттандыру үшін таза суларды жұмсау азайды. Алайда бұл мәіселелер жөнінде кемшіліктер баршылық. Сондықтанда тұшы ауыз суларды таза ұстау, оларды ластамау, орынды пайдалану, үнемдеп жұмсау жұмыстары бүкіл халықтық көкейтесті мәселеге, актуалды проблемаға айналып отыр. Осыған орай су ресурстарын қорғауға бағытталған бірқатар іс шаралар, қаулы – қарарларда қабылданды. Су ресурстарын пайдалану және оларды қорғаудағы заңды құжаттардың бірі - ол 1993 жылдың 31 науызында қабылданған «Су кодексі»

Әдебиеттер:

1.Ерофеев Б.Н.«Как устроены и чем богаты наши недры»
Москва 1981г.
2. Ердаулетов «Экономика географических полезных ископаемых»
3. Алматы 1991г. 3.Рейнерс Н.Ф. «Природопользование»
4. Москва 1990г. 4.Романова Э.П. и др. «Природные ресурсы мира»
5. Москва 1993г. б.Фурсина Г.А. и др. «Природные ресурсы мира

ӘӨЖ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР РЕСУРСТАРЫ, ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ОСЫ ЗАМАНҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Касымбаева Куралай Мейрбековна
Жетісай ауданы "№ 8 Алпамыс батыр атындағы ЖОМ"
география пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается современное состояние, проблемы использования, охраны и качества земельных ресурсов Казахстана

Summary

This article discusses the current state, problems of use, protection and quality of land resources in Kazakhstan

Қазақстанның барлық жер көлемі 2724,9 мың км². Жер қорымыздың көлемі өте үлкен болғанымен оның сапасы соңғы жылдары күрт нашарлап отыр. Жерді дұрыс пайдаланбау салдарынан топырақ дегредацияға ұшырап, құнарсыздану, шөлге айналу процестері күшейе түсуде. Соңғы мәліметтер бойынша Республика жерінің 180 млн. га немесе 60 % шөлге айналған. Барлық жердің 235 млн га жазық жерлер, 185 млн га жайылым және 34 млн га таулы аймақтар алып жатыр.

Жоғарыда аталған 235 млн га құнарлы жердің 180 млн га жері жарамсыз жерлерге ұшырап, оның 30 млн га топырақ эрозиясы, 60 млн. га тұздану, 10 млн га химиялық және радиоактивті заттармен ластанған. Республиканың 30 млн.га жерлерін өнеркәсіп, көлік, байланыс, елді-мекендер алып жатыр.

Солтүстік облыстарда тың игеру науқанына байланысты және бірегей бидай дақылын егу топырақ қарашірігінің 25-30 % жоғалтты.

Батыс Қазақстан аймағында мұнай-газ өнеркәсібінің қарқындап дамуы 1000 га астам жерді қамтыса, топырақтың техногенді бұлінуі 2,5 млн.га, ал тозған жайлым 3 млн.га жерді алып жатыр. Сол сияқты Азғыр мен Тайсойған сынақ полигондарының игілігіне 1,4 млн га жер бұйырған. Оның үстіне Каспий теңізінің көтерілуі болашақта осы аймақтың шамамен 2,8 млн га жерін су басуы мүмкін.

Экологиялық қиын жағдай Орталық Қазақстан жерлерін де қамтып отыр. Мұнда жердің техногенді бұлінуі, өнеркәсіптік қалдықтарымен ластану, ауыр металдардың жинақталуы, радиоактивті элементтердің және ракета-ғарыштық қоқыстардың (Бетпақ дала) шоғырлануы тұрақты жағдайға айналаған.

Кейбір аймақтарда топырақтың тозуы, бұлінуі және шөлге айналуы Ертіс, Амудария, Сырдария өзендерінің су бассенінің азаюы, Арал теңізінің тартылуымен тікелей байланысты болып отыр. Мәселен, Арал аймағының экологиясына байланысты 2 млн.га жер шөлейттеніп кеткен және Жаңадария өңіріндегі 3 мың га қара сексеуіл орманы біржола жойылу үстінде. Арал өңірі мен Сырдария өзенінің аңғары бойынша топырақтың химиялық улы заттармен және радионуклидпен ластануы жылдам жүруде.

Балқаш – Алакөл және Шу – Мойынқұм аймақтарындағы өзгерістер, Іле өзеніне Қапшағай су қоймасының салынып, судың жасанды реттелуі табиғатқа көп зардаптар әкелді. Су деңгейінің 1,5-2,0 метрге төмендеуі Іле атырабы бойынша топырақтың құрғап, бұлініп, сорланып, тозып кетуіне жол берді. Әсіресе, Іле – Балхаш бассейіні жер жанаты аталған Жетісу өңіріне экологиялық

апатты ала келді. Іле бойындағы ит тұмсығы өтпейтін тоғай, тораңғы орманы, Шарын өзенінің қайталанбас сұлу табиғаты мен каньондары тозып, жағалаудағы шұрайлы жайылымдар құлазыған сары далаға, шөлге айналып бара жатыр.

Қазақстан егістікке пайдаланатын жерлердің экологиялық жағдайы нашар. Ол республика бойынша 26610,7 мың га жерді алып жатыр.

Соңғы жылдары байқалып отырған әлемдік климаттың өзгеруі Қазақстанның шөл, шөлейтті белдемдеріне әсерін тигізіп, ондағы егіс алқаптарының сапасын төмендетіп жіберді. Бұл жерлерде топырақтың құнарсыздануы, бұлінуі және шөлге айналуы прогрессивті түрде жүруде. Оның үстіне топырақты қорғаудың агротехникалық шаралары, қар тоқтату, органикалық және минералды тыңайтқыштар беру, гербицидтер мен пестицидтерді қолданбаудан арам шөптердің қаулап өсуі, шегіртке тәрізді зиянкестердің шексіз көбеюіне жол беріліп, жердің сапасын төмендетті.

Топырақтың ауыр металдармен ластануының қалалар мен аймақтар бойынша көрсеткіші

Аймақ немесе елді мекен	Ластағыш заттар	РЗШ	Себептері
Орталық немесе Батыс Қазақстан	Фтор,бром,темір, қорғасын,нитрат, пестицид	100	өндіріс орындарының химиялық заттармен ластануы
Теміртау қаласы	сынап	8-14	өндіріс орындарының қалдықтармен ластануы
Екібастұз	Темір, хром, никель,қорғасын	2	өндіріс орындарының қалдықтармен ластануы
Тараз	қорғасын, фтор	21	өндіріс орындарының қалдықтармен ластануы
Ақтөбе	Хром, никель, канадий	100-50	өндіріс орындарының химиялық заттармен ластануы
Шымкент	Қорғасын, мырыш, темір	15	өндіріс орындарының химиялық заттармен ластануы
Жезқазған	Қорғасын, мырыш, темір	15	өндіріс орындарының химиялық заттармен ластануы

Семей	Цезий, кобальт, европия,стронций	50	Ядролық жарылыс нәтижесі

Қазақстанда қалыптасқан экологиялық апаттар, оның тигізетін зардаптары және қорғану жолдары

Экологиялық апат түрлері	Апаттың зардаптары	Апаттан қорғану жолдары
Ортаның ластануы	1.Адамдардың ауруға ұшырауы	1.Ластанудың себептерін табу
Техногенді апат	2.Қаншама миллиондаған адамдардың қырылуы	2.Адамдарға үгіт-насихат жүргізу керек, ондай обьектілерді қаладан алыс жерде орналастыру
Ресурстардың таусылуы	3.Ел экономикасының төмендеуі	3.Тиімді пайдалану керек
Топырақ эрозиясы	4.Өнімнің жетіспеуі	4.Тыңайтқыштар беру керек
Озон қабатының жұқаруы	5.Ультракүлгін сәулелердің зардаптары	5.Ауаға зиян газдарды жібермеу керек
Табиғат апаттары (жер сілкіну,сел, цунами,циклон,жұт, вулкандар атқылауы теңіздер мен мұхиттар деңгейінің көтерілуі немесе түсуі)	6.Адамдар шығынының, көптігі, экономикалы шығындар	6.Алдын ала Дайындық жүргізу және олардың болуын алдын ала хабарлау керек

Жер ресурстары – қоғамның маңызды байлығы, сондықтан оның құндылығы ақшалай бағаланып, ұлттық байлықтың құрамында есептеледі.

Әдебиеттер:

1.Ерофеев Б.Н.«Как устроены и чем богаты наши недры»
Москва 1981г.
2.Ердаулетов «Экономика географических полезных ископаемых»
3. Алматы 1991г. 3.Рейнерс Н.Ф. «Природопользование»
4. Москва 1990г. 4.Романова Э.П. и др. «Природные ресурсы мира»
5. Москва 1993г. б.Фурсина Г.А. и др. «Природные ресурсы мира

ӘӨЖ

БЕТКІ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құрманбай Бақыт Әнешұлы
Созақ ауданы, Панфилов атындағы жалпы орта мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме
В данной статье рассматривается качество поверхностных вод
Summary
This article discusses the quality of surface water

Қазір адам әр түрлі су көздерінен алып, тұщы судың табиғи қорының 0,1-0,15%-ын пайдаланады. Судың болмашы мөлшерінің алынуы сырт көзге судың жетіспеуін туғызбау керек сияқты. Оның үстіне ол сарқылмайтын ресурс ретінде зат алмасуға қатысып, қайтадан су көздеріне қайтып келеді. Бүкіл гидросфера аумағында судың таусылуы мүмкін емес, бірақ бұл мәселе аймақтық тұрғыда болуы мүмкін.

35 млн. км^3 тұщы судың шамамен 70%-ы мәңгі мұздықтар мен мәңгі қар түрінде болады. Бұл суды адам іс жүзінде пайдаланбайды. Олар «өлі» су қорын түзеді. Сонымен қатар топырақтағы су, атмосфералық су мен тірі ағзалардағы су пайдаланылмайды. Батпақтардың суын пайдалану шектелген. Жердің терең қабаттарындағы суды игеру қиын. Тұтас алғанда адамзат шамамен 3 млн. км^л суды пайдалана алады. Бұл қоғамның техникалық мүмкіндіктеріне байланысты. Табиғи су көздерін пайдаланғанда су ресурстарының қайта қалпына келу жылдамдығын есепке алу қажет.

Көл сулары орташа шамамен 17 жылда, жерасты сулары тек 1400 жылдан соң қалпына келеді. Жер астының терең қабаттарындағы су қоры тіпті қалпына келмейді. Себебі атмосфера — жауын-шашын — құрлық — зат жүйесіндегі зат алмасуға қатыспайды. Қазіргі кезде ең таза болып есептелетін жер асты сулары олардың қорының көп болуына қарамай тез таусылуы мүмкін.

Техникалық және экологиялық жағынан ең тиімдісі — жылдам қайта келуі, жеңіл алынуы, территорияда салыстырмалы бірқалыпты орналасуы, жоғары дәрежеде өздігінен тазаруға қабілетіне байланысты өзен сулары болып табылады. Қазіргі кездегі суды пайдалану негізінен өзен көздерінен алынады.

Қазіргі дүние жүзі бойынша пайдаланылатын судың жалпы мөлшері 4000 км (4 трлн. м^л) жақын. Судың негізгі бөлігі өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және басқа да салаларда қолданылады.

Қайтымсыз суды қолдану негізінен суармалы егістікке тән. Бұл жерде ол 60-70% және одан да жоғары. Бұл кезде суды пайдаланудың негізгі мақсаты судың максималды буланuымен байланысты және ол судың берілген аймақтың су алмасуынан шығарылуына әкеледі.

Судың жетіспеуі өзен ағыстарының біртекті болмауы нәтижесінде де орын алады. Оның негізгі көлемі су тасу кезінде байқалады (қоңыржай белдеудің жазық аудандарында - көктемде, тауда - мұздықтардың еруі кезінде, жазда, экватор маңында — жауынды кезеңде) Ағыстың уақытында әртектілігін

нейтралдау үшін су қоймаларына су қорын жинайды. Бірақ бұл кезде де өзіндік теріс әсері болады. Олар ылғал айналымның бұзылуымен, жерлерді алу, су қоймасының бетінен судың көтерілуі булануы және т.б. құбылыстармен байланысты. Олай болса Жердегі тұщы су қорының көп болуына қарамай, адам мен көптеген экожүйе үшін судың жетіспеуі мүмкін. Ол судың жекеленген категорияларының баяу қалпына келуіне, кеңістікте біртекті емес таралуына, уақыт бойынша су қорының динамикалығына (өзен суы үшін), қайтымсыз пайдалану және т.б. құбылыстармен байланысты болады. Уақыт өте келе судың жетіспеуін болдырмау жолдарын іздеу қажет.

Судың ластану мәселесі. Ластануға судың барлық категориялары: мұхит, континенттік, жерасты, әр түрлі дәрежеде ұшырайды.

Судың, әсіресе ауыз судың сапасы халықтың денсаулығын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша судың сапасының төмен болуы себепті шамамен 5 млн. адам (негізінен балалар) өледі де, әр түрлі дәрежеде уланған немесе ауырған адамдардың саны 500 млн.-нан 1 млрд.-қа дейін жетеді.

Барлық сулардың құрамында еріген заттар болады. Судағы көп кездесетін элементтерге кальций, натрий, хлор, калий жатады.

Судағы химиялық элементтердің жиынтығы жануарлар мен адамның қанының құрамына жақын болады. Бұл өмірдің суда пайда болғандығының дәлелі бола алады.

Гидросфераның әр түрлі категориялы суларының қалпына келу жылдамдығы

Сулардың категориясы	Қалыпа келу жылдамдығы
Озон	16 күн (басқа мәліметтер бойынша 11-12 жыл)
Атмосфера	8 күн
Топырақ грунты	1 Жыл
Батпақ	5 жыл
Көп	17 жыл
Әртүрлі горизонттардың	1400 жыл
Әлемдік мұхит	2500 жыл (араласу 615 жыл)

Су қоймаларына түскен қышқыл жауын-шашын судың қышқылдығы мен кермектігін арттырады. Көптеген гидробионттар аталған көрсеткіштердің өзгеруіне өте сезімтал болады.

Әдебиеттер:

1.Ерофеев Б.Н.«Как устроены и чем богаты наши недры»
Москва 1981г.
2.Ердаулетов «Экономика географических полезных ископаемых»
3. Алматы 1991г. 3.Рейнерс Н.Ф. «Природопользование»
4. Москва 1990г. 4.Романова Э.П. и др. «Природные ресурсы мира»
5. Москва 1993г. б.Фурсина Г.А. и др. «Природные ресурсы мира

ӘӨЖ

ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК МҰХИТТЫҢ ЛАСТАНУЫ

Жунисбекова Бахтыгул Андасовна
Жетісай ауданы, "БА.Байтұрсынов атындағы № 5 ЖОМ" геграфия пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается экологическая обстановка водных ресурсов мирового океана

Summary

This article discusses the ecological situation of the water resources of the oceans

Адам қаны мен әлемдік мұхит суының химиялық құрамы

Химиялық элемент	Еріген заттардың жиынтығынан %	
	мұхит суы	адам қаны
Хлор	49,3	55,0
Натрий	30,0	30,6
Оттегі	9,9	5,6
Калий	1,8	1,1
Кальций	0,8	1,2

тұщы су — 1 г/л дейін;
тұздылау — 1—3 г/л;
аз тұзды — 3—10 г/л;
тұзды және өте тұзды — 10-50 г/л;
рапа — 50 г/л артық.

Мұхит суында шамамен 35 г/л тұз (3,5% немесе 35‰ — промилле) болады. Суларда органикалық заттар мен әр түрлі жүзіп жүрген заттар, сонымен қатар патогенді ағзалар да болады.

Адам суды оны пайдалану мақсатына байланысты бағалайды: ауыз су, техникалық қажеттіліктер үшін, ауыл шаруашылық қажеттілігі үшін және т.б.

Мұхит суын ластаушы заттар. Мұхит сулардың ластануы ең бірінші рет су қоймаларына әр түрлі ластаушы заттардың келіп түсуіне байланысты болады. Екінші ретті ластану бірінші ретті ластаушылардың әр түрлі тізбекті реакцияларға түсуі арқылы жүреді. Ластаушы заттарға негізінен топырақ эрозиясының өнімдері, минералдық тыңайтқыштар, ульт химикаттар және т.б. заттар жатады (азот, фосфор және басқа биогенді элементтер мен олардың қосылыстары, органикалық заттар, тұрмыстық қалдық, мұнай және мұнай өнімдері).

Ластаушы заттардың басым бөлігін атмосфералық жауын-шашын әкеледі. Сулардың канализация ағысымен, тұрмыстық қалдықтармен, өнеркәсіп орындарының қалдықтарымен, су транспорттарымен ластану үлесі де жоғары.

Су жүйелеріне жылулық ластану айтарлықтай зиян келтіреді. Ол ыстық су төгу немесе басқа да факторлардың әсерінен температураның өзгеруі нәтижесінде орын алады.

Қазір бүкіл планетада іс жүзінде қандай да бір дәрежеде адам қызметі

нәтижесінде ластанбаған беттік тұщы су көзі жоқ деуге болады. Солтүстік суларының тазалығы туралы түсінік тек алдамшы. Бұл сулардың аз ластануы олардың олиготрофтылығынан (тіршіліктің кедейлігі), өздігінен тазару қабілетінің әлсіз болуы мен төмен температурамен теңеседі. Осы уақытқа дейін мұхиттың шексіз өздігінен тазаруға қабілеті туралы түсінік қалыптасқан. Қазір бүкіл адамзат мұхиттың дүниежүзілік қоқыс төгетін жер еместігіне көз жетіп отыр.

Атақты француздың мұхит зерттеушісі Жак Кусто егер оны уландыру тоқталмаса оның тіршілігі жойылуы мүмкін деген қауіпт айтады. Қазір кең таралын отырған, қауіпті ластаушы заттарға мұнай мен мұнай өнімдері жатады. Белгілі мәліметтер бойынша қазір мұхиттың суына жыл сайын 30-дан 50 млн. тоннаға дейін мұнай төгіледі. Ал оның әр тоннасы 12 км^2 суды қабықшамен жаба алады. 0,05 мг/л мұнай су құрамында болса, су ішуге жарамсыз, ал концентрациясы 0,5 мг/л болганда көптеген су ортасымен байланысты ағзалар тіршілігін жояды. Иістік құбылыстардың әсерінен балықтар мен т.б. ағзалардың миграциялық жолдары өзгереді. Мұнаймен және басқа ластануға, әсіресе планктон сезімтал. Оның жойылуы көптеген басқа ағзалардың тіршілік етуінің мүмкін болмауына әкеледі.

Мұнайлы қабықша су бетінің шағылыстыру қабілетін (альбедо) өзгертеді. Ол жылу балансының өзгеруіне және ғаламдық жылу мен ылғалды тасымалдау құбылыстарына әкеледі. Мұнайдың айтарлықтай мөлшері жағалауға атқаратын жағалаулық экожүйелерді жояды. Бұзылған экожүйелердің қалттына келуіне өте көті уақыт керек. Мұнайдың бір бөлігі грунтқа сіңе отырып, грунт суларына, одан су айналымы арқылы қайтадан қазба көзіне қайтып келеді. Қиын ыдырайтын мұнай өнімдері мұхит ағыстарына түседі де, үлкен ара қашықтыққа таралады.

Егіншілікпен айналысатын аудандарда ауыл шаруашылығы судың негізгі ластаушысы болып табылады. Су топырақтың бұзылу өнімдерімен, тыңайтқыштармен, ультхимикаттармен, мал шаруашылық кешендерінен шайылған сулармен ластанады.

Мал шаруашылық кешендері кейбір аймақтарда негізгі мәселе болып табылады. Мысалы, ФРГ-де мал шаруашылығының шайынды суларының қалдықтары тұрмыстық сумен салыстырғанда 5 есе көп. 100 мың ірі қара мал басы бар кешен қоршаған ортаны миллион халық бар қаламен бірдей ластандырады.

Ластануға судың барлық категориялары: мұхит, континенттік, жерасты, әр түрлі дәрежеде ұшырайды.

Судың, әсіресе ауыз судың сапасы халықтың денсаулығын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша судың сапасының төмен болуы себепті шамамен 5 млн. адам (негізінен балалар) өледі де, әр түрлі дәрежеде уланған немесе ауырған адамдардың саны 500 млн.-нан 1 млрд.-қа дейін жетеді.

Барлық сулардың құрамында еріген заттар болады. Судағы көп кездесетін элементтерге кальций, натрий, хлор, калий жатады.

Әдебиеттер:
Ерофеев Б.Н.«Как устроены и чем богаты наши недры»
Москва 1981г.
Ердаулетов «Экономика географических полезных ископаемых»
Алматы 1991г. 3.Рейнерс Н.Ф. «Природопользование»
Москва 1990г. 4.Романова Э.П. и др. «Природные ресурсы мира»
Москва 1993г. б.Фурсина Г.А. и др. «Природные ресурсы мира

ӘӨЖ

Ы. АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЫСАЛЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Медеева Гульзат Рахметовна
Шымкент қаласы, №23 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Резюме

В этой статье рассматривается, использование активных методов обучения в изучение произведения Ы.Алтынсарина

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқыту бағдарламасының мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алады.

Білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың түрлі құралдарды қолдану арқылы сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсуі және қазақ тілін сауатты пайдалануы ынталандырылады. Оқушыларға Ы.Алтынсариннің шығармашылығы бойынша тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым тапсырмалары ұсынылады. Сол арқылы оқушының деңгейі анықталып, білімін тереңдетіліп, белсенділігі күшейеді. Төрт дағдыға бағытталған тапсырмаларды дайындап, оқушылармен жұмыс жүргізудегі негізгі мақсат: баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру. **«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен Ы.Алтынсарин шығармашылығы негізінде жүзеге асырылатын тыңдалым мен айтылым сөйлеу әрекеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:**

- әңгіме идеясы аясында және таңдау тақырыбына байланысты: белгілі бір уақыт ішінде (қысқа) еркін сөйлесу;
- ауызша тілдесімді түсіне білу және оны қысқаша мазмұндай білу, оны жалғастыру;
- әңгімедегі негізгі байланысты анықтай білу және оны жүйелі баяндау;
- әңгіме мәтінін түсіне білу және бағалау;
- тыңдауға, мазмұнын түсінуге әртүрлі тақырыптағы мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталап тыңдатып, негізгі ойға назар аударту;

- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
-мәтін бойынша жоспар құру;
-тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;
- жоспарланған тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру (мысалы «Надандық деген не?» - ауызша айтылғанды түсіну және сұрақтарға жауап бере білу;
- берілген тақырып бойынша диалог құрастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен Ы.Алтынсарин шығармашылығы негізінде оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- әңгіме бойынша оқылым материалдарын меңгеру;
- көз жүгіртіп оқу, жалпы мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты табу үшін оқу, ақпараттарды алу үшін оқу, көркем шығармаларды оқу, автор көзқарасын табу үшін оқу;
- кітапқа ауызша және жазбаша шолу жасау;
-интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау);
- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;
- әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау);
- көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;
- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
- ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен Ы.Алтынсарин шығармашылығы негізінде жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- тыңдалған және оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнынан алған әсерлерін жазу;
- оқушыларға таныс болған әңгіменің қысқаша мазмұнын жазу;
- әдеби шығармадан алынған көркем, бейнелі сөздерді жаздыру;
- әдеби шығармадағы жаңа сөздерден сөздік құрастыру;
- газетке шағын хабарлама/мақала жазу;
- белгілі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;
- әдеби шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;
- ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беру;
- сұхбатқа сұрақтар дайындау.

Әдебиеттер:

1. Ы.Алтынсарин. «Әңгімелер жинағы», Алматы, «Рауан»,1995ж.
2. «Қазақ тілі және әдебиеті (Т2)» «Орыс тілі және әдебиеті (Я2)», «Көркемеңбек» кіріктірілген пәндерді оқыту бойынша әдістемелік құрал. Әдістемелік құрал. - Астана:Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.
3. Блум таксономиясын оқу үрдісінде пайдалану әдістемесі Әдістемелік құрал, Орал қаласы 2013ж
4. Жаңа тұрпатты мұғалімнің кәсіби іскерлік сапалары Қазақстан мектебі журналы, №9 2011ж,24-бет

5. «Өзгеріс. Тәжірибе.Ойтолғау» облыстық деңгейдегі идеялар жәрмеңкесі Жинақ, 2014 ж 21-ақпан

ІӨЖ

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫНЫҢ БІРІ

Жакипова Акерке Кайратовна
Шымкент қаласы, №49 жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматриваются задачи с экономическим содержанием на уроках математики, как средство формирования функциональной грамотности

Summary

This article discusses tasks with economic content in mathematics lessons as a means of developing functional literacy

Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар, экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар, тәжірбиеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады. Оқушыларды күнделікті өмірдегі экономикалық түсініктерді ұғынуға, математика сабақтарында алған білім, дағдыларын өмірде тиімді қолдануға үйрету арқылы қалыптасатын оқушылардың математикалық функционалдық сауаттылығы күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге мүмкіндік жасайды. Оқушылардың математикалық функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін білім беру деңгейлеріндегі математика пәнінің мазмұнына әрекеттік сипаттағы келесідегідей білімдерді кіріктіру қажет: – қажет жағдайда анықтамалық материалдарды және қарапайым есептеу құралдарын пайдаланып дәрежелерді, радикалдарды, логарифмдер мен тригонометриялық функцияларды қамтитын формулалар бойынша практикалық есептеулерді шешу; – қарапайым математикалық моделдерді құрастыру және зерттеу; – нақтылы тәуелділіктерді функцияның көмегімен сипаттау және зерттеу, геометриялық, физикалық, экономикалық және басқадай қолданбалы сипаттағы математикалық есептерді шешу.

Еліміздің экономикалық жүйесі шаруашылықты жүргізудің жаңа формалары мен әдістерін стандартты емес экономикалық сипаттар мен арақатынастарды енгізу, қолданбалы экономикалық ойлаудың пайда болуы мен қалыптасуына байланысты сапалы өзгерістерді басынан кешіруде. Кәсіпкерлік, бизнес, банктік несие, депозит, пайыздық өсім, қайта қаржыландыру т.с.с. терминдер үлкен экономикадан алшақ қарапайым адамдардың да өміріне дендеп енді. Математика сабақтарында экономикалық мазмұнды есептерді қолдану оқушыларға экономикалық білім және тәрбие берудің маңызды жолдарының бірі.

Математика оқулықтарында өзіндік құн, түсім, тиімді пайдалану нәтижесі, өндірістің техникалық ерекшеліктері тәрізді экономикалық ұғымдарды пайдаланатын экономикалық мазмұнды есептер бар. Бірақ бұл есептердің саны өте аз. Мектеп математика курсында қолданылатын қолданбалы экономикалық сипаттағы есептердің мазмұнын экономикалық ұғымдар мен факторлардың себеп-салдарлық байланысын айқындайтын тақырыптық есептерді енгізу арқылы байытуға болады. Республика көлемінде шығатын газет-журнал беттерінде жарияланатын есептердің экономикалық хал – ахуалын белгілейтін таблицаларға шолу жасап,түсіне білулері қажет, әсіресе, белгілі материалдарды, диаграммалар мен таблицаларды, мазмұнды есептерді оқушылар шеше білгендері жөн. Өзім сабақтарда қолданатын осындай есептерді мысалға келтіре кетейін.

1. Сызықтық теңдеулер, теңдеулер жүйесі

2. Жеке кәсіпкер екі жылыжайдан 130 тонна қияр жинайтын еді. Агротехникалық жаңа технологияларды қолданған соң, бірінші жылыжайдың шығымдылығы 40%-ке, ал екінші жылыжайдың шығымдылығы 30%-ке артқан. Сондықтан да кәсіпкер осы жылыжайлардан 175 тонна өнім алған. Агротехникалық шаралардан соң әр жылыжайдан қанша қияр жиналған?

Шешуі: Бұрын бірінші жылыжайдан – х тонна, екінші жылыжайдан у тонна қияр жинаған деп есептесек, агротехникалық шаралардан соң бірінші жылыжайдан – 1,4х, екінші жылыжайдан – 1,3у тонна өнім алған. Жүйе құрамыз:х=130–у

Теңдеулер жүйесін шешкенде бірінші жылыжайдан – 84 тонна, екінші жылыжайдан 91 тонна қияр жиналғандығы шығады.

2. Жүкті теміржолмен тасымалдаудағы артықшылықты формуласымен, ал сол жүкті су транспортымен тасымалдағанда формуласымен есептейді, мұндағы х- жүз километрмен өлшенетін тасымалдау арақашықтығы. Қанша қашықтықтан бастап су транспортымен тасымалдаған тиімді болатынын есептеп табыңдар.

2.Диаграммалар.

1. Берілген кестедегі мәліметтер бойынша Мақтарал ауданы мен аудан тұрғындары санының өзгеру диаграммасын салыңдар.(нақты мәлімет емес)

Жыл	Халық саны
2000	152 000
2003	256 900
2006	343 897
2011	436 800
2015	546 839

2. Күнделікті өмірде кездесетін төмендегідей есептерді сабақтарымда қолданамын:

1.Пиццерияда қалыңдықтары бірдей, бірақ өлшемдері әр түрлі екі дөңгелек пицца сатылады. Кішісінің диаметрі 30 см және 300 теңге тұрады. Үлкенінің диаметрі 40 см және 400 теңге тұрады. Осы екі пиццаның қайсысын сатып алған тиімді?

3. Мақсат автобуста жүретін айлық билет сатып алды. Ол бір айда автобуспен 108 рет жол жүрді. Егер айлық билет 4500 теңге, ал Екібастұз қаласында 1 рет қатынау билеті 55 теңге тұратын болса Мақсат неше теңге үнемдеді? (1440 теңге)

4. Проценттер.

1. Пәтерге жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Мараттың анасы 300 000 теңге несиені бір жылға 12%-тік өсіммен алды. Осы несиені төлеу барысында Мараттың анасы банкке өзі алғаннан қанша артық ақша төлейді?

300000*0,12=36 000теңге. Яғни Мараттың анасы банкке өзі алғаннан 36 000 теңге артық төлейді.

2. Жұмыс орнындағы бухгалтер ай сайын анамның айлығының 10%-ын, яғни 15 000 теңгені міндетті зейнетақы қорына жібереді. Сонда анама жұмыс орнынан қанша еңбекақы тағайындалған? (150 000 тг)

3. Квадраттық теңдеулер, квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеулер

4. Бірдей процентке 2 рет қымбаттағаннан кейін 1 м матаның бағасы 1620 теңгеден 2000 теңгеге дейін өсті. 1 м матаның бағасы әрбір қымбаттағанда қанша процентке артты? 1 м матаның бағасы екі рет қымбаттаудан кейін қанша процентке өсті?

5. Прогрессиялар.

6. Фермер ауылдық жерде құдық қазғаны үшін жұмыскерлерге тереңдіктің бірінші метріне 150 теңге, ал әрбір келесі метріне 100 теңге артық төлеймін деп келісім жасады. Егер су 10 метрлік тереңдіктен шығатын болса осы құдықты қазған жұмысшыларға фермер қанша ақша төлейді?

Математика сабағында жоғарыдағыдай мазмұнды экономикалық есептер шығарудағы басты мақсат - математиканы оқытуда тиімді шешімдерді табуға арналған есептерді қарастыру; оқушыларға өмірге байланысты қарапайым экономикалық терминдердің (еңбек өнімділігі,сұраныс, ұсыныс, шығыс, өнімнің өзіндік құны, пайда, өсім) математикалық мазмұнын ашу болып табылады. Күнделікті өмірге қатысты практикалық есептерді шешу барысында оқушы математикалық білімін өмірде қолдануды үйренеді. Қазіргі экономикалық жағдайларға байланысты мектептерде математика сабағында экономикалық білім беру мәселесіне, алған теориялық білімін өмірде қолдана білуіне аса назар аудару қажет.Бүгін мектепте оқып жүрген жасөспірімдер ертең-ақ маман жұмысшы, жеке кәсіпкер иесі болады. Олар қажетті практикалық дағдылар мен теориялық білімді мектептен оқып үйренгендері тиімді.

Қорыта келгенде, экономикалық мазмұнды математикалық есептерді шығарудың практикалық мәні зор. Осы арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, алған білімдерін өмірде, кез келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрете аламыз. Олардың жеке бас қабілеттерін, әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамыта отырып, өзгермелі өмірге бейімдей аламыз. Ұстаздар қауымы оқушыларымыздың белгілі бір білік, дағдыларды ғана иемденіп қоймай, алған білімдерін елінің ұлттық байлығын ұқыпты, үнемді пайдалана білуге, математикалық әдістерді күнделікті өмірде, тұрмыста, отбасы экономикасында қолдана білуге тәрбиелеу маңызды екендігін естен шығармауымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР БҒМ ҰБА «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда 12 жылдық білім беру мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығы» әдістемелік құрал, Астана, 2015 ж.
2. Я.Әубәкіров, К.Нәрібаев, М.Есқалиев Экономикалық теория негіздері, Алматы, 2004ж.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Нурходжаева Лазат Калыбековна
№23 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Резюме

В данной статье рассматриваются применение инновационных технологий на уроках казахского языка и литературы

Summary

This article discusses the use of innovative technologies in the lessons of the Kazakh language and literature

Ана тілі – барлық ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің асыл қазынасы. Өйткені, оқушыларға ғылыми негіздерінен жан-жақты білім беретін, сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеуге үйретіп, тіл материалын меңгертетін де қазақ тілі.

Қай замандарда да мектеп қоғамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларындағы өзгерістерге икемделіп отырған. Әр кезеңге сай оқыту технологиялары, оқыту үрдісін ұйымдастыру мәселелелері де өзгеріп, жаңа сұраныстарға жауап берердей бейімделген.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып, саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді.

«Технология» гректің «teche»-өнер, шеберлік және «logos»-ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?» «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Жас мемелкетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қазіргі оқыту үрдісінде түрлі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттыруыдың кепілі. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін қазақ тілі мен әдебиеті

сабақтарында Бітібаеваның «Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиялары», сын тұрғысанан ойлау, бес жолды өлең, семантикалық карта, деңгейлеп оқыту технологиясы, Венн диаграммасы, топтастыру стратегиясымен жұмыс істеуге болады.

Бұл технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни, тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қана қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерн бекітуге, өз бетімен білім алуға жетелейді.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыруда «Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» бағдарламасының орны ерекше. Бұл бағдарлама әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Бұл тәжірибені жүйеге келтіргендер: Джинни Ситл, Куртис С, Мередит, Чарльз Тэмпл. Мақсаты – барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарымға пікірдің біреуін таңдап саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғамы институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибесіне еніп отыр.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес шыңдалған ойлау. Оқушы ұтымды әдістерді пайдалану арқылы өзінің білімге деген ынтасын ұштайды, таным – білім көкжиегін кеңейтеді. Бірте-бірте ұстаз дәрісін жалыға тыңдаушыдан белсенді ойлаушы, ізденімпаз шәкіртке айналады. Бұл бағдарламаның ерекшілігі – сол, егер адам бойында шын талант болса, оның көрінуіне, бірден-бір жол ашады.

Бұл бағдарлама бойынша сабақты үш фазаға бөліп қарауға болады: I фаза барысында қолданылатын әдістердің бірі – ой қозғау. Бұл әдіс бойынша оқушылар «мәселе» төңірегінде қалыптан тыс ойланады, бір қарағанда бір-біріне еш қатысы жоқ идеяларды байланыстырады. Ол дайын белгілі оймен шектелмей, жаңа жолдар іздеуге шешім қабылдауға әрекеттенеді. «Мәселеге» қатысты ассоцияларды тізу ойлаудың икемділігін қамтамасыз етіп, кенеттен жаңа идеяның табылуына әкеледі. Сондықтан тізім арасынан шығармашыл, қалыптан тыс идеяны табу үшін қиынға соқпайды. Шығармашылық теориясын зерттеуші ғалымдар бұл жағдайды шығармашылықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі деп есептейді.

Л.В.Занков, Д.Б.Элконин, В.В.Давыдовтың бірлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесі» бір-бірімен тығыз байланысты мынандай ұстанымдардан құралады.

1. Жоғары деңгейдегі қиындықты оқыту;
2. Теориялық білімнің жетекші рөлі;
3. Оқу материалын жеделдете оқыту;
4. Оқу үрдісін оқушының сезінуі;
5. Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.
6. Л.В.Занковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін емін-еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы

жүйеде оқушымен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді.

Д.Б.Элконин мен В.В Давыдовтың зерттеулері оқу әрекеті және оның субьектісін қаыптастыруға бағытталған.

Ж.Караевтың деңгейлеп оқыту технологиясының негізіне әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, оқушыларды әр түрлі топтардың ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау жатады.

Дейгейлеп оқыту технолгиясының ерекшеліктері:

- күштілер өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі де, әлсіздер өзін-өзі сынап қарауға мүмкіндік алып, өзіне сенімсіздіктен арылады;

-әлсіз топтарда оқуға деген ынта артады;

- білім дәрежесі деңгейлес оқу топтарында аздап жеңілдейді.

Міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлеп оқыту технологиясы төмендегі ерекшеліктерімен сипатталады:

- Білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі;
- Оқушыларға берілген тапсырманың сараланууы; тапсырма оқушының күші жететіндей және қолайлы болуы шарт
- Оқушыға оқу деңгейін таңдауға ерік беру;

Деңгейлік оқыту ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. «Топтастыру» қарастырып отырған мәселе жайлы ойдағы бар мәліметті қағазға түсіру. Оның үстіне тоқтаусыз, шектелмей жаза беру, содан кейін жиналған мәліметтерді іріктеп, негізгі желіні табу стратегиясы. «Кубизм» әдісі – тақырыптың немесе күрделі тарауды қорытындылауда қолданылады: кубиктің 7 жағы нөмірленіп, сұрақтар мен тарсырмалар белгіленеді. Топ арасында немесе жеке оқушыға осы әдіспен тасталған кубиктің бет жағындағы нөмір бойынша келген сұрақ бойынша жауап алынады.

«ВЕНН» диаграмасы – кейіпкерлерге мінездеме беруде немесе мәселенің түрлі жақтарын салыстыруда қолданылатын әдіс.

Мысалы:

INSERT (түртіп алу) жүйесі – мағынаны тану барысында қолданылатын әдіс. Бұл әдіс бойынша, мәтінді оқу барысында қарындашпен төмендегідей белгілерді қойып отыру ескертіледі.

«V» - білемін;

«+» - жаңа сөз мен үшін жаңалық;

«-» - білмеймін

«?» - таңқалдым, зерттеймін, түсіндіруді қажет етемін.

«Түртіп алу әдісі» - сөздік жұмысын жүргізудің тиімді әдісі. Оқушы сөз мағынасын түсіну үшін өз бетінше ізденіс жасайды.

Ұлт болашағы үшін жастарымыздың білімі мен біліктілігіне, санасы мен тәрбиелігіне байланысты. Кемеңгер халқымыз «сана берсін!» деген тілекті текке айтпаса керек. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннның «Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре

алмай отырған өзін кінәлауға тиіс» деген қанатты сөзі еріксіз ойға оралады. Бұл біздің ағарту саласы мамандарына аз жүк артпайтынын аңғартады.

Ғұлама ғалым Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деп, ең алдымен, балаға тәрбие беру керектігін алға тартады. Демек, тәрбие мен оқыту – біртұтас үрдіс. Олай болса, бүгінгі таңда біздің алдымызға қоятын басты міндетіміз оқушыларды тәрбиелей отырып, сапалы білім беру. СТО әдісі бойынша 5 сыныптарда әдебиет пәнінен өткен сабақ үлгісі. Өтірік туралы қызықтар мұнымен шектелмейді. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам», «Өтіріктің өрісі тар» Демек, жақсы әдет емес. Психологтардың зерттеулері бойынша бұндай әдетке адам бала кезінде үйір болады екен. Кейін басы «тасқа» соғылған соң қойып кетуге мәжбүр болады. Ал кейбіреулер оны өміріне жолдас етіп алады. Өтіріктің зияны қыруар. Қолайсыз жағдайға ұшырайсың. Абыройдан айырыласың. Қысқасы, ең жақсысы қолдан келгенше өтірік айтпауға тырысқан жөн.

Әрине, өтіріктің адамға залалсыздары да кездеседі. Оған мысал «Алдар көсенің бастан кешкендері» мен «Қырық өтірік» ертегісі. Олар қажет болған соң амалсыз айтылған өтіріктер. Күлкіге қарық боласың. Риза боласың.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан мектебі» 3/2007
2. «Дауыс пен көрініс» журналдары №2, 2001ж., №4, 2000 ж.
3. «Қазақстан мектебі» 5/2011
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдары №1,2,3/2001 ж.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Теңізбай Сафура Базарбайқызы

Шымкент қаласы, №23 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматриваются эффективные методы обучения казахскому языку.

Summary

In this article is given information effective methods of teaching the Kazakh language.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, білім беруді одан әрі түрлендіру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Қай кезеңде, қай заманда болмасын мектептегі басты тұлға мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тірестіре алатын алған білім мен тәрбиелік қазынасын туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын қазақтың ой-

танымының иесі, саналы азаматты жетілдіруге үлес қосатын қазақ тілін оқыту барысы, оны ұйымдастырушы мұғалімге жауапты міндет жүктеледі. Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру—үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол—жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен.

Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу—оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.Мақсат—баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай жасау. Оның бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу барысында бірлесе әрекет ету.

Мақсатқа жету оқушының өзі, яғни іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Мұғалім—ұйымдастырушы, бағыт беруші.Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның бұрынғы белгілі дәстүрлі оқыту технологиясынан айрықша ерекшелігі мынадай:

- оқушының интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;
- оқушы мен мұғалімнің белсенділігінің сайма-сай болуы;
- мұғалім мен шәкірттің өзара қарым-қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Оқытудың дамыту функциясы оқушы тұлғасын жетілдіруге бағытталған арнайы дайындалған кейбір оқыту технологиясында, әдістемелік жүйелері мен әдістерде жүзеге асырылады. Оларға бүгінгі өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы мектептер меңгерген жаңа технологияларды жатқызуға болады. Олар «Бастауыш мектепке арналған дамыта оқу жүйесі» (Знаков, Эльконин, Давыдов), «Ақыл-ой іс-әрекетінің кезең бойынша қалыптасу теориясы» (Гальцерин), «Танымдық іс-әрекетті жандандырудың тәсілдері» (Шамова, Шукина), Қазақстандағы «Сорос-Қазақстан» жәрдемімен жүзеге асырылып отырған оқытудың американдық үлгілері (дебат, сын тұрғысынан ойлауды дамыту), т.б.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дамыту (СТО)» бағдарламасының қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау, қорытындыға келу, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясының дамытпалы оқумен үндес екендігін көрінеді. Сын тұрғысынан ойлау мен дамытпалы оқытудың мақсаттары, міндеттері, әдістері, алынатын нәтиже бойынша ұқсас екендігін байқауға болады. Сын тұрғысынан ойлаудың нәтижелері:

- әдіс түрлері;
- белсенді практикалық іс-әрекетте болу;
- басқалармен қарым-қатынас жасай білу;
- басқаларды тыңдай білу;

- қажет болса өз көзқарасын өзгерту;
- топтық тұжырымға келе білу;
- топ алдына шығып, өз тұжырымын айта білу, қорғай білу.

Осының бәрі өздігінен білім ала білуін, сын тұрғысынан ойлау іскерлігін, кейбір әдістемелік тәсілдерді дағдыға айналдыруын қалыптастырады. Жаңа сабақ өткенде ғана емес, кез келген жаттығуды түрлі әдіс-тәсілдермен орындауға болады. Жаңа әдістердің бірі – «Өзара бөліп жазу». Қазақ тіліндегі суретпен берілген жаттығуларға қарай отырып, әр оқушы 5 минутта суретте не бейнеленгенін өз ойымен жазады да, қасындағы оқушыға береді. Ол оқушы екеуі алмастырып алған соң, бір-бірінің ойын толықтырып, басқа оқушыларға оқып береді. Жаттығуларды орындауға, өткен сабақты қайталауда *«Бес жолды өлең»* әдісімен оқушыларға тапсырмалар орындатамын.

1. Зат есім	1. Көктем
2. Сын есім	2. жасыл, әдемі
3. Етістік	3. құлпырады, көктейді, жылид
4. Бір мағыналы сөйлем	4. Көктем – жаңа жыл басы
5. Антоним	5. Күз

Осының тапсырмаларын өзгертіп, былай да орындатуға болады. Оқушыларға алдымен дыбыстарды беремін.

Мыс.: т, р, ш, і, к, л.

1. дыбыстар	1.т, р, ш, і, к, л.
2. дауысты. дауыссыздар	2. тірлік, тіршілік
3. сөздер құра	3. і, т, р, ш, к, л.
4. буынға бөл	4. тір – лік, тір –ші - лік
5. тасымалда	5. тір-лік, тір-шілік, тірші-лік

Әрбір өтілетін жаңа сабақ жаңаша мазмұнымен, әдіс-тәсілдерімен түсіндіре білгенде ғана қызықты. Олай болса, осындай жаңа әдістердің бірі – *«Білемін, білгім келеді, үйрендім»* Б.Б.Ү. Алдымен 3 бөлікке бөліп плакат дайындайды. Үшеуіне 3 түрлі сиямен жазамыз. Бұрын бастауыш сыныпта өтілген тақырып болса, соны әрі қарай жетілдіру, толығырақ таныстыру үшін балаларға жаңа тақырып бойынша сұрақтар бере отырып, естеріне түсіреді.

Қайталау – оқу анасы. Олай болса баланың ойлау, есте сақтау, қайталауы арқасында көп нәрселерді үйренеді. Өткен тақырыптар бойынша қайталауға берілген сабақта қолданып жүрген әдістердің бірі – *«Үш қадамды сұхбат»* әдісі.

Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Бірінші топтағылар – интервью алушы. Әрбір бала өзіне сұхбат беретін екінші топтың оқушысына сұрақ береді. Мұны үш-төрт оқушыға дейін жүргізуге болады. Екінші топтағылар – интервьюге жауап беруші, ал үшінші топтағылар ақпаратты жинап, реттеуші. Бұл әдістен бала сұрақ қоя білуді, жауап беруді, біреудің айтқанын жүйелеп жаза білуді үйренеді.

Ал *«Кубизм»* әдісін дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталауда пайдаланудың тиімділігі мол. Оқушыларды 6 топқа бөліп, кубикті алдына тастау арқылы қалай тапсырма орындайтыны ескертіледі.

1. *Салыстырыңыз.* Дауысты, дауыссыз дыбыстарды салыстыр.
2. *Талқылаңыз.* Дауысты, дауыссыз дыбыстар дегеніміз не? Түрлерін ата.
3. *Ажыратыңыз.* Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырат.
4. *Мысал келтір.* Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратып айта отырып, мысал келтіру.
5. *Қолданыңыз.* Өлеңге қос, не өлең, не әңгіме, не мысалдар жаз.
6. *Зерттеңіз.* Дауысты, дауыссыз дыбыстарды зертте.

Сабақты түрлендіріп, оқушыларды қызықтыру үшін бұдан да басқа алуан түрлі әдістер қолдануға болады. Оқу барысында модульдік жүйені пайдалану қазіргі таңда оқушыларға ұсынылып отырған кейбір көлемді материалдарды қысқартуға және жеделдетуге жол ашады. Модульді оқыту жүйесі модульдерге негізделеді. Әр модуль әр бағыттағы жұмыс жүйесі, оқыту мазмұны мпен оқушылардың білімінің сапасын айқындайтын әр түрлі бақылау жүйесінен тұрады. Сабақты қызықты, тартымды өткізе білу мұғалімнен көп ізденушілікті, білімділікті, қабілеттілікті, тапқырлықты қажет етеді. Осы мақсатты мұғалім әр түрлі оқыту әдістерін пайдаланып, тіл дамыту жаттығуларын, ойын элементтерін және тартымды көрнекіліктерді қолданады.

Қазақ тілі сабағында дидактикалық оқу ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге, оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық тойлау қабілетін дамытады. Мәселен, «Оң қол, соң қол» ойынын сабақты өткеннен кейін қайталау, пысықтау үшін қолдануға болады. Көнерген сөздер мен жаңа сөздерді, кәсіби сөздер мен термин сөздерді араластырып айтып тұрғанда көнерген сөз оң қол, жаңа сөз болса сол қол көтеріп айыра білу қажет.

«Тізбектен шығып қалма» ойынын буынды, буын түрлерін өткенде пайдаланып ойнаттым. Бастаушы бір сөзді айтады, екінші оқушы сол сөздің соңғы буынынан әрі қарай жалғастырады.

Мысалы: кітап – таптыр – тырма – масақ- сақшы – шылау – ауыр, т.б.

Мұнда көбіне ойын түрінде өтудің мұғалім үшін де көп пайдасы бар, мұғалім:

1) күнделікті барлық сабаққа үлкен даярлықпен келеді;

2) сол жолда ізденеді, ізденіс үстінде көптеген жаңа материалдарға кезігіп, өзінің даму көкжиегін кеңейтеді;

3) оқушы мен мұғалімнің арасында өте жақсы ынтымақтастық орнайды;

4) оқушы даму психологиясын, әр баланың сабаққа қатысуын, ынтасын да бақылай алады.

Қазақ тілін оқыту барысында туған тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден орнын таба алатын өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу – бүгінгі таңның басты мәселесі.

Әдебиеттер:

1. Халперн Дайана. Сыни тұрғыдан ойлаудың психологиясы. - Санкт-Петербург, 2002.
2. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алма-Ата, 1985.

3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы студентті дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алма-Ата, 1992.

ӘӨЖ

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Кошкарова Баян Рисмуханбетовна
Жетісай ауданы, №3 Ю.Гагарин атындағы жалпы орта мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме
В данной статья рассматривается применение методов проекта на уроках географии
Summary
This article discusses the application of project methods in geography lessons

Жоба әдісі әрқашан *белгілі бір білім беру проблемасын шешуді қарастырады,* ал оны шешу, бір жағынан, *оқытудың әртүрлі әдістері мен құралдарының жиынтығын қолдануды,* екінші жағынан, *білім мен дағдыларды ғылымның, техниканың, технологияның, шығармашылық салалардың әр түрлі салаларынан біріктіру қажеттілігін қарастырады.*
Жобалық оқытудың мақсаты оқушылар үшін келесі жағдайларды жасау болып табылады:

- олар әр түрлі көздерден жетіспейтін білімді өз бетінше және ықыласпен алады;
- олар алған білімдерін танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін пайдалануды үйренеді;
- әр түрлі топтарда жұмыс істей отырып коммуникациялық іскерліктерді иемденеді;
- өздерінде зерттеу дағдыларын дамытады (проблемаларды анықтау, ақпарат жинау, бақылау, эксперимент жүргізу, талдау, гипотезаларды құру, жалпылау дағдылары);
- жүйелік ойлауды дамыту.

И.С. Сергеевтің пікірінше, жоба - «Бес ұғымнан» тұрады:
Проблема - Жобалау (жоспарлау) - Ақпарат іздеу – Өнім-– Презентация.
Маңызды ереже: *жобамен жұмыс істеудің әр кезеңінде өзінің нақты өнімі болуы керек.* Оқу жобасы *ұйымдастырылған мақсатқа бағытталған қызмет-ретінде анықталады*. Мұғалімнің басшылығымен оқушылардың жобалық іс-әрекетінің *нәтижесі жаңа білім болып табылады.*
Е. С. Полат жоба әдісін қолдануға қойылатын *негізгі талаптарды* анықтайды:

1. Зерттеу жоспарында интеграцияланған білімді қажет ететін проблема/тапсырманың, оны шешу үшін зерттеудің болуы (мысалы, әлемнің әртүрлі аймақтарында демографиялық проблеманы зерттеу, қышқыл жаңбырдың қоршаған ортаға әсері және т.б.).
2. Ұсынылған нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы.

3. Оқушылардың өзіндік (жеке, жұптық, топтық) қызметі.
4. Жобаның мазмұндық бөлімін құрылымдау (кезеңдік нәтижелерді көрсете отырып). Белгілі бір әрекеттер тізбегін қарастыратын зерттеу әдістерін қолдану:

- проблеманы және одан туындайтын зерттеу міндеттерін анықтау: бірлескен зерттеубарысында «ой талқы», «дөңгелек үстел» әдістерін қолдану;
- оларды шешу гипотезасын ұсыну;
- соңғы нәтижелерді рәсімдеу тәсілдерін талқылау (презентациялар, қорғаулар,шығармашылық есептер, көріністер және т. б);
- алынған мәліметтерді жинау, жүйелеу және талдау;
- қорытындылау, нәтижелерді рәсімдеу, оларды презентациялау;
- қорытындылар, жаңа зерттеу мәселелерін ұсыну;

Жоба типологиясы.

Жоба типологиясы үшін келесі нышандар ұсынылады:

1. Жобада басымдылыққа ие *қызмет:* зерттеу, іздестіру, шығармашылық, рөлдік,қолданбалы (практикаға бағытталған), таныстыру-бағдарлы;
2. Пәндік-мазмұндық сала: моножоба (білімнің бір саласы шеңберінде); пәнаралықжоба.
3. Жобаға қатысушылар саны (топтық немесе жеке).

- Жобаның ұзақтығы
- мини-жобалар - бір сабақ немесе тіпті оның бір бөлігі түрінде (мысалы, елдіңвизиткасы);
- қысқамерзімдік - 4-6 сабаққа;
- апталық, 30-40 сағатты қажет ететіндер;
- жұмыстың сыныптық және сыныптан тыс түрлерінің үйлесімі болуы мүмкін;
- жеке және топтық ұзақ мерзімді (жылдық) жобалар;
- сабақтан тыс уақытта да өткізілуі мүмкін;

Мини жобалар: 5 және 6-сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне байланысты жобамен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінде мұғалімнің оқыту және ынталандыру секілді қолдауын қажет етеді, себебі олар ұзақ уақыт бойы бірге жұмыстар жасағанда қиындықтарға тап болады. Жетінші сынып оқушылары проблеманы және жобаның мақсатын өз бетінше тұжырымдай алады, оларда жеткілікті білім мен тәжірибе бар. *Осы жастағы оқушылар үшін проблема бұл іс-әрекет мотиві - бұл жасөспірімдердің әлсіз жері.* 5-7 сынып оқушыларының осы жас ерекшеліктеріне байланысты *қысқа мерзімді шығармашылық топтық жобаларды* ұзақтығы 1-2 сабақ болатын, яғни мини жобаларды қолданған жөн.

Мини жобалардың міндеттері:

- жоспарлауды оқыту;
- ақпаратты, материалдарды жинау және өңдеу дағдыларын қалыптастыру;

• талдай білу;
• оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
• пәнге оң көзқарас қалыптастыру;
• өз жұмысын бағалай білу;

Жобаны құрылымдаудың жалпы тәсілдері:

1. Жоба тақырыбын таңдауды, оның түрін, қатысушылар санын анықтаңыз.
2. Жоспарланған тақырып аясында зерттеу маңызды проблемалардың мүмкін нұсқаларын қарастырыңыз.
3. Проблемаларды оқушылар мұғалімге жетекші сұрақтар, проблемаларды анықтауға ықпал ететін жағдайлар, сол мақсаттағы бейнетізбекті ұсыну және т. б. арқылы «ой талқы» стратегиясын қолдана отырып, топтық талқылаумен ұсынады.
4. Тапсырмаларды топтарға бөлу, мүмкін зерттеу әдістерін талқылау, ақпаратты іздеу, шығармашылық шешімдер.
5. Жоба қатысушыларының жеке немесе топтық зерттеу, шығармашылық міндеттері бойынша өзіндік жұмыстары.
6. Топтарда алынған деректерді аралық талқылау
7. Жобаларды қорғау, оппонент болу.
8. Ұжымдық талқылау, сараптама, сыртқы бағалау нәтижелері, қорытындылар.

Команданың жоба бойынша жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін ынтымақтастықта

оқытудың келесі негізгі принциптерін ұстану қажет:

- позитивті өзара тәуелділік;
- әрбір оқушының өз жетістігі үшін жеке жауапкершілігі;
- әрбір оқушының табысқа жетудегі тең мүмкіндіктері.

Оқу процесіне зерттеу жобаларын енгізудегі ең қиын сәт бұл қызметті ұйымдастыру, *әсіресе дайындық кезеңін*. Мұндай жобалар жақсы ойластырылған құрылымды, айқындалған мақсаттарды, барлық қатысушылар үшін зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеуді, ақпарат көздерін, ойластырылған әдістерді, нәтижелерді белгілеуді талап етеді.

Зерттеу шынайы ғылыми зерттеуге жақын немесе оған толық сәйкес келетін құрылымға ие болуы керек. Бүкіл жобаның жетістігі көбінесе *жеке кезеңдерде дұрыс ұйымдастырылған жұмысқа байланысты.* Сондықтан, оқушылар қызметін кезең-кезеңмен бағалай отырып қолдап отырған дұрыс.

Жоба жұмыстары басында әрдайым *мотивация проблемасы* туындайды, яғни оқушылар оқылатын материалдан «сабақ алу» процесіне қызығушылықпен қатысуы үшін оқу тапсырмалары қандай болуы керек. Ол үшін келесі тәсілдер ұсынылады:

1. Жауаптары оқушылардың пән мазмұнын нақты түсінуін және оның басқа психологиялық әдістердің бірін қолдана отырып тұжырымдайды.

Мысалы, негізгі сұрақтар: Қарағанды облысының шағын өзендерінде бөгеттер қажет пе?

2. Проблеманы анықтағаннан кейін оны жақсы түсіну және оны шешу мүмкіндіктері үшін фактілерді іздестіру жүргізіледі. Оқушылар Интернет желісінің түрлі басылымдары менақпараттық ресурстарын талқылайды және пайдаланады. Бұл кезеңде зерттеу әдісін таңдау/саралау жүреді.

Ескертпе: мұғалім әртүрлі ресурстарды алдын-ала дайындай алады, оқушылар ұсынылған ресурстардан таңдай алады.

3. Келесі кезеңде оқушылар көрсетілген мәселелерді шешудің мүмкін нұсқалары ретінде пайда болатын гипотезаларды тұжырымдайды. Содан кейін олар зерттеу барысында тексеріледі.

4. Жоба бойынша жұмыстың негізгі бөлігі бұл оқушылардың топтардағы өзіндік жұмысы, топтағы әр адамның тапсырмасын талқылау: талқылаудың нәтижесі кім не үшін жауап беретінін және орындау мерзімін нақты көрсетілген жоспар болуы керек. Мұғалім топтарды аралап кеңес береді, талқылау барысын мұқият қадағалайды

5. 7 сынып оқушылары үшін мұғалім топтағы рөлдерді алдын-ала жоспарлай болады. Әр қатысушының тапсырмалары проблемалық сұрақтың жауабына әкелуі керек.

6. Орындалған жұмыс туралы есепті оқушылар мультимедиялық презентациялар, буклеттер, постерлер, сайттар түрінде ұсынады. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты алынғандеректерді жүйелеу және зерттеу логикасын ескерңп оларды көрнекі және қол жетімді түрде ұсыну. Зерттеу нәтижелерін ұсыну тақырыпты зерттеуде соңғы оқу сабағында немесе жобаның ұзақтығына байланысты сабақтың соңында жүргізіледі.

7. Мектеп оқушылары мен мұғалімнің жоба нәтижелерін бағалауы − жұмыстың өте маңызды кезеңі (рефлексия). Топтар әр қатысушының жұмысын бағалайды (өзін өзі бағалау және өзара бағалау). Мұғалім топтардың жұмысын тұтастай бағалайды. Мұнда әрқайсысыңтиімділігі жоба тақырыптары бойынша жаңа зерттеулердің тұғыры болып табылады. Оқушылардың шығармашылық, эвристикалық іс-әрекетін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету өте маңызды.

Жобалық қызметтің оң факторларына мыналарды жатқызуға болады:

• оқушылардың ынтасын арттыру;

• белсенді практикалық іс-әрекет қабілетін дамыту;

• мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастыққа, оқу-тәрбие процесін демократияландыруға ықпал ететін мұғалім мен оқушылардың бірлескен шығармашылық қызметіне жағдай жасау.

Жоба әдісі мен зерттеу әдісін практикада қолдану *мұғалімнің ұстанымының өзгеруіне* әкеледі. Дайын білім тасымалдаушысынан ол өз оқушыларының *танымдық, зерттеу қызметін ұйымдастырушысына* айналады. Сыныптағы психологиялық климат өзгереді, себебі мұғалім өзінің оқу жұмысы мен оқушылардың жұмысын оқушылардың өзіндік іс- әрекетінің түрлеріне, зерттеу, іздеу, шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттің басымдығына

бағыттауға мәжбүр болады.

Шығармашылық жоба - бұл оқушылардың сабақтарда алған білімдері, дағдылары мен дағдыларының қаншалықты берік екенін көрсететін өзіндік шығармашылық жұмыс. Оны

жүзеге асыру мен нәтижелерді көрсетудің ең еркін және дәстүрлі емес тәсілі ұсынылады. Бұл альманахтар, театрландырылған көріністер, бейнефильмдер, бейне-теле-репортаждар, газет мақалалары болуы мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Метод проектов в образовании https://urok.1sept.ru/articles/648795
2. Метод проектов в преподавании географии (из опыта работы)»https://multiurok.ru/files/tiema-mietod-proiektov-v-priepodavanii-ghieoghrafii-iz-opyta- raboty.html
3. Мини-проекты на уроках географии https://urok.1sept.ru/articles/675245

УДК 911.9

ПОЧВЕННЫЕ РЕСУРСЫ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ И ИХ РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ

Отарбаева Сулушаш Махсатқызы – магистрантка группы МПИ 20-15нк

Научный руководитель: Тажекова А.Д. – к.г.н., доцент

Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада Түркістан облысының топырақ ресурстары және оларды тиімді пайдалану қарастырылады.

Summary

This article discusses the soil resources of the Turkestan region and their effective use.

Большинство земель Туркестанской области занято пустынями. Особенностью пустынной земли является очень небольшое количество осадков (не более 300 мм в год) и жаркое лето (температура июля выше +30°), что негативно сказывается на росте и зрелости растений. В пустынной зоне растительность не густа, как в степной, растет редко, местами. Это происходит из-за нехватки воды.

Почва - очень сложное природное образование. Формирование почвы начинается с разрушения и рыхления горных пород. На формирование почвы, ее свойства влияют различные факторы. В природе растения начинают расти над породами, разрушенными действием тепла и холода, влаги и живых насекомых. К осени органическое вещество подается в почву из засохшей травы, растений, листьев деревьев. Органические остатки разлагаются бактериями, превращая их в новое вещество - чернозем.

В Северной пустынной зоне (Бетпак-дала) преобладают бурые и бурые почвы с содержанием гумуса 1%. К югу пустынная зона переходит в зону горного склона. В таких почвах доля чернозема составляет 3-4%. Почвы этих мест серые, бурые, красные луговые степи.

В пустынной и полупустынной зонах Туркестанской области распространены песчаные и супесчаные почвы. Почвы большинства земель засоленные. На кызылкумских и мойынкумских почвах наблюдается снижение

содержания всего гумуса более чем на 1%. Из-за высокого подъема минеральных солей подземных вод и из-за неправильного использования водных ресурсов в почве образуется засоленная зона. Особенно ярко это проявляется в нижнем притоке реки Шу, где поверхность почвы покрыта тонкими слоями соли в объеме 1-1,5%. В долинах рек Сырдарья, Арысь, Шу распространены лугово-аллювиальные почвы, образованные под влиянием водных режимов рек [1].

В предгорьях Туркестанской области почвенный покров меняется в зависимости от высотной поясности. В этих районах поясная граница почвенного покрова разделяется с природными зонами на абсолютную высоту, орографические особенности и по влажности почвы на территории:

1. Полупустынный пояс предгорий и подножия гор.
2. Горный засушливый лугово-бурый почвенный пояс.
3. Высокогорный альпийский и субальпийский горно-луговый почвенный пояс.

В засушливых районах Туркестана встречаются солончаки. Самый нижний ярус высотной поясности Тянь-Шаня - равнинные светло-коричневые почвы. Они менее распространены по всему Казахстану. В этой почве гумус составляет 0,7-1,5%. Бурые почвы распространены у подножия Каратау, у подножия Таласского Алатау. Эти почвы распространяются до 600-700 м абсолютной высоты. В них содержится большое количество органических веществ, чернозема. Такие почвы ценны в посевах, являются плодородными. В западной части Таласского Алатау, на хребтах Угам, Пскем встречаются серые, бурые почвы.

Роль и значение почвы в жизни человека очень велики. Плодородный слой почвы - богатство нации. Чтобы почва не изнашивалась, необходимо постоянно обогащать и повышать ее плодородие, сажать деревья и сеять переменный урожай, чтобы сохранить почву от эрозии.

Проблемы рационального использования почвенных ресурсов

Деградация сельскохозяйственных земель стала одной из главных причин ухудшения качества природной среды на большинстве земель. В области эта проблема связана с тем, что большая часть нашей территории находится в пустынной и полупустынной зоне, с дефицитом воды. Кроме того, сельское хозяйство страдает от многих изменений, действия людей. Добыча и транспортировка, переработка руды открытым способом, отходы производства и городов загрязняют земли сельскохозяйственного назначения [2].

Основные вопросы рационального использования земельных ресурсов:

Восстановление производительности. С момента появления человечества на земле и по сей день его кормит Земля. Земля - основной источник блага. Независимо от того, насколько развито производство, наука и техника, земля остается основой существования. Важную роль в обеспечении людей продовольствием и другими жизненными потребностями играет продуктивность земли, плодородие ее почвы. Различают природную продуктивность и экономическую продуктивность земли. Естественная

продуктивность является результатом давно сложившихся геологических, климатических, почвообразующих процессов. Естественная продуктивность почвы, содержание в ней питательных веществ, влажность, воздухопроницаемость – основные факторы, влияющие на урожайность земли. Рациональное использование естественной продуктивности почвы зависит от действий людей: аграрной культуры, развития производительных сил. Они позволяют значительно повысить первоначальную урожайность земли. В результате можно увеличить урожай, улучшить их качество. Дополнительная производительность называется искусственной производительностью.

Первый вид восстановления естественного плодородия почв приходится на техногенное производство, второй, третий - на стадию устойчивого развития.

Сейчас во всех странах основной упор делается на восстановление экономической продуктивности почв. Однако затраты и результаты восстановления экономической и естественной производительности имеют существенные различия. Постоянно поддерживать курс на восстановление (повышение) экономической производительности, создавать экологически благоприятные условия. Это показал мировой опыт. Первый рост производительности, последующая стабилизация и даже снижение требуют постоянного увеличения затрат. Таким образом, эффективность замещения естественной убыли искусственно всегда снижается. Например, в СССР с 50-х по 90-е годы в 110 раз увеличивались затраты на повышение производительности в сельском хозяйстве в 2 раза (механизация, химизация и т.д.).

Пределы снижения естественной производительности имеют объективную величину, при приближении к которой снижается искусственная техническая мощность людей, эффективность производственных сил.

Распределение уровня "экологического предела" позволяет избежать потерь и неблагоприятных условий. Сейчас многие ученые в области почвоведения считают, что меры по повышению искусственной продуктивности не маскируют и не компенсируют снижение естественной продуктивности. Некоторые специалисты утверждают, что внесение удобрений не следует рассматривать как средство сегодняшнего дня, как долгосрочную меру, она не улучшает качество почвы, а лишь скрывает снижение ее урожайности, свидетельством чего является уменьшение гумуса посевов.

Ухудшилось качество значительной части земельного фонда из-за нерациональной организации сельского хозяйства, в том числе поднятия целины, вспашки пахотных земель, изменения русла рек, воздействия человеческой деятельности на землю, испытательных и военных полигонов, пусков ракет, засоления и размывания. По неполным данным, засолено 75 млн га земель, размыто 77 млн га земель, 69% пастбищ находятся в пустынной и полупустынной зоне, из них 60% имеют ухудшенные кормовые запасы, 22% - заросли колючек, 15% - эрозии, значительная часть пашни не обеспечена водой в опасной зоне. 23% орошаемых земель засолены, 3% заболочены и 5%

вымыты. В результате вспашки, изменения русла реки естественные сенокосы сократились на 30 процентов [3].

Данные условия требуют рационального землепользования в Туркестанской области, экологизации сельского хозяйства. На основе таких требований в области определены принципы землепользования. Это: 1) целостность и неделимость территории Туркестанской области; 2) сохранение земель как природного ресурса, основы жизни и деятельности населения; 3) рациональное использование земель, воспроизводство плодородия почв; 4) обеспечение экологической безопасности; 5) объектное использование земель; 6) приоритет земель сельскохозяйственного назначения; 7) обеспечение информацией о состоянии земель; 8) государственная поддержка мер рационального использования и охраны земель; 9)предотвращение ущерба Земле, устранение ее последствий; 10) платное использование земель.

Литература:

1. Дюсенбеков З.Д. Проблемы рационального использования потенциала земельных ресурсов Республики Казахстан и его охраны // Земельные ресурсы Казахстана №5 (44), - С.4-10.
2. Рассказова А. Опыт управления земельными ресурсами в зарубежных странах // Земельные ресурсы Казахстана №6 (45), 2017.- С.16-21.
3. Сейтхамзина Г.Ж. Рациональное использование и охрана сельскохозяйственных земель в рыночных условиях: методические аспекты и экономический механизм // Автореферат на соискание ученой степени кандидата экономических наук – Алматы, -31с.

ӘӨЖ

А. БАЙТҰРСЫНОВ – ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Пошаев Д.Қ., Рысқұлов А.Қ.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ. Қазақстан

Резюме

Предмет "Методы исследования и академические письма" развивает навыки письма у студентов в высшей школе и учит их писать письменные работы в соответствии с требованиями. В статье основное внимание уделяется роли научных работ А. Байтурсынова в развитии основных принципов академического письма

Summary

The subject "Research Methods and Academic Writing" develops the writing skills of students in high school and teaches them to write written papers in accordance with the requirements. The article focuses on the role of A. Baitursynov's scientific works in the development of the basic principles of academic writing.

А.Байтұрсынов өзінің саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның жоғары бағаланып, қалаптаса бастаған кезде бастады. Олай дейтініміз, оның «аңдату» деген ұғымына берген түсінігі дүниенің біртұтастығын және оны зерделеу мен ондағыларды өзгерту адам өнерінің жемісі, яғни ғылыми таным жемісі екендігіне саяды. Ал, мұндай танымның өнерге қатысты екі түрі

болатынын зерделей келіп, оның бірі тіршілік үшін, екіншісі көркемшілік үшін жасалатынын алға тартады.

Соңғы өнер түрі сәндік - қолданбалы өнер жайлы пікір болып табылады. Сөз өнері туралы айтылған ойлары мен тұжырымдары, кез-келген академиялық хат ретіндегі жазылым үшін нормативтік акт деуімізге болады. Себебі, ол: ақылға – нәрсенің жайын ұғу, тану, ойлау, қиялға - меңзеу, ойдағыны белгілі нәрселерге ұқсату, көңілге – түйіндеу, талғауға негізделеді. Айтылған сөз болсын, жазылған сөз болсын – бәрі шығарма болып саналады. Олай болса, шығарма жазылым түрінде оның мазмұнынан тыс : тақырыбы; жоспары; мазмұны мен түрінен [1.142] байқалады. Тақырып – не нәрсе жөнінде пікір айтпақ болсаң сол жазылым тақырыбы, жоспар – пікір неден бастап, неден соң нені айтып, немен аяқтайтынын белгілеп алу, мазмұн – айтуға жұмсаған бүкіл сөзіміз, түрі – біздің жағдайымызда, хат (жазылым) болып келеді.

А.Байтұрсынов мысалға келтіретін Балғожаның баласына жазған өлеңінің жоспарын, төмендегіше көрсетуге болады:

1 Оқудағы баласына ата-анасының амандығын білдіруі,

2. Баласына айтқан ақылы,

3. Оқымаған қазақ балалары не істейтінін көрсетуі.

Ал, мазмұнға келетін болсақ, «аңдату» арқылы, яғни қазіргі оқытудың психологиялық негізі болып саналатын – «әрекеттің бағдарлық негізі» (ориентировочные основы деятельности) болып табылады. Шығарма түріне келсек, ғалымның сипаттайтын төрт түрдің ішіндегі «хат түрі мен сөйлестірген түр» зерттеу жұмыстарында қолданылатын анкеталау мен интервью әдістері жайла айтылған пікірі деуге болады.

Айтылған мысалдардың барлығы өнерді, ал, өнер ғылымды керек етеді. Олай болса, біз қарастыратын академиялық хат ғылыми тілде, яғни ғылыми стильде орындалуды талап етеді.

Ғылыми стиль тіл тазалығын [1.151] алға тартады. Бұл, ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жазу немесе оны әдеби көркемдеуде пайдаланылады. Зерттеу жұмысы нәтижелерін баяндау немесе жазба түрінде орындауда олардың мәтінінің дұрыстығы, оның стилистикасы мен тыныс белгілері ережелерінің дұрыс орындалуына байланысты екеніне шүбә келтіруге болмайды [2.20].

«Стиль» - деп белгілі жалпыхалықтық тілдің ауқымындағы тілдік құралдарының қолданылу, сұрыпталу және тіркесу тәсілдерінің қоғамдық айқындалған, қызмет жағынан сәйкестендірілген, іштей топтасқан жиынтығын айтамыз [3.35].

Ғылыми стиль – ғылыми еңбектер, лекция, баяндамаларда қолданылады.

Мұнда тағы бір назар аударарлық жайт, тіл тәсілдері болып саналады. Олар, жалпы және дерексіз мәндегі бейтарап кітаби сөздер, ғылыми терминдер.

Осыған байланысты, А.Байтұрсыновтың тіл тазалығы - дегенде білім беру саласында, терминдерге аса көңіл бөлуді меңзеген болар. Себебі, қазіргі кезде терминдерді аудармалауда нақтылық бой көрсете бермейтіні бәрімізге мәлім. Сондықтан, терминдердің қазақша аудармасының қалыптасуында,

бірінші кезекте, олардың өміршеңдігіне, екінші кезекте, халықаралық (жалпыхалықтық) терминдерді сол қалпында қолдануына, үшінші кезекте, «...ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарланбауын» [1.151] қадағалау керек. Өйткені, әсіресе, бастауыш сынып оқушылары, «жазылмаған ақ қағаз» іспетті, оған не жазылса, ол, сол күйінде оқылады, қабылданады (Бұл жерде, оны өшіріп қайта жазуға болады ғой – деген пікірде болуы мүмкін, дегенмен, ол қағаз «былғанған қағаз» болатынын ескеру керек).

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. –Алматы: жазушы, 1998. – 320б
2. Пошаев Д.Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. Оқу құралы, Шымкент, Нұрлыбейне,- 2011. -116 б
3. Оралбаева И., Абылаева Ә. Қазақ тілі, Алматы , ана тілі, - 1992.-144б
4. Оспанов Е.Т. академиялық жазылым .Оқу құралы, Алматы: «Экономика» баспасы, 2018,- 120б

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адилбекова Райхан Алимсаковна
Шымкент қаласы, №80 ІТ мектеп-лицейінің дефектологі

Резюме

В данной статье рассматриваются психолого-педагогические особенности детей с нарушениями слуха

Summary

This article discusses the psychological and pedagogical features of children with hearing impairments

Есту – ол есту анализаторы арқылы организмнің дыбысты, дабылды (толқындарды) қабылдауы және ажыратуы. Есту анализаторы 3 бөлімнен: дыбыс қабылдаушы рецептордан (сыртқы, ортаңғы және ішкі құлақ), өткізгіш нервтік жолдары және орталық бөлімнен тұрады (ми жасушасынан, бас миының үлкен жарты қабығының самай бөлігінде орналасқан).

Есту қызметі бұзылған балалар.

Естудің сақталуы бала дамуына өте қажет, өйткені қоршаған өмір жайында көп мөлшерлі хабарды ол есту анализаторы арқылы алады. Әсіресе ең маңыздысы, ол баланың сөзінің қалыптасуы тікелей дыбыс қабылдауына сүйенеді. Естудің бұзылуы бірінші кемшілік болып саналады, оның танымдық іскерлігі мен жекеленіп көрінуінің байқалуы, баланың дамуының екінші ауытқуын ескертеді.

Есту қызметінің терең және тұрақты зақымдануы деп, даму процесінің кемшілік негізінде зақымданған есту қызметінің белгілерінің жақсаруының байқалмауын, ал емдеу әрекетінің тиімді еместігін айтады.

Естудің бұзылу себептері: туа біткен және жүре пайда болғандар.

Туа біткендер: жүре пайда болғандарға қарағанда мейлінше аз кездеседі және шамамен балалардың 25%-н нашар естітіндер құрайды. Туа біткендердің естуінің бұзылуы:

1) Генетикалық келісілген ерекшелігі бар, осыдан барып тұқым қуалаудың себебі болып келетін ішкі құлақтың толық және жартылай аплазиясы (шала дамуы) түріндегі құрсақ ішінде есту мүшесінің дұрыс дамымауы, дабыл қуысы және сыртқы құлақ түтігінің атрезиясы (бітеліп қалуы) түрінде ортаңғы және сыртқы құлақ дамуының бұзылуы. Сондай-ақ естудің ауыр бұзылуына генетикалық бейімділік мұра болып қала береді.

2) Ана ағзасының жүкті кезінде құрсаққа түрліше зиянды, ауру тудырғыш әсерлердің шақырылуынан болады. Оларға: жұқпалы аурулар (қызылша, тұмау), әсіресе бірінші үш айлық жүктілікте, химиялық, дәрілік заттармен (стрептомицин, хинин), ішімдікпен құрсақтың улануы жатады.

3) Құрсақ ішіндегі ұрықтың түрліше жарақат алуынан болады. Оның алғашқы дамуында зақымданудың ауыр түрі ерекше біліне бастайды, өйткені есту анализаторының ұрықтануы бұл кезеңде өте сезімтал болып келеді.

Жүре пайда болған естудің бұзылуы туа біткенге қарағанда көп кездеседі және соның салдары болып келесі жағдайлар табылады.

1) Жұқпалы инфекциялық аурулар - менингит, қызылша, қызамық, скарлатина, эпидемиялық паротит, пневмония.

2) Қабыну процесі. Бұзылу дәрежесі дыбыс есту аппаратының зақымданған жеріне байланысты. Есту нерві және ішкі құлақ зақымдануына қарағанда, ортаңғы құлақ отиті (қабынуы) естуге аздап ауыр зардабын тигізеді. Құлақтың әртүрлі бөлімдері қабынып ауырғанда уақытша немесе мүлде естімей қалады. Мұрын мен мұрын-тамақ жолдары ауруға шалдыққанда евстахиев түтігі қабынып, соның салдарының дабыл қуысына ауаның келуі қиындап, дыбыс өткізгіштер бұзылады. Евстахиев түтігі ұзақ уақыт бойы қабынып ауырғанда ортаңғы құлақта жапсырма және тыртық пайда болып, соның салдарынан көмескі естуі мүмкін. Сондықтан да созылмалы тұмауға шалдыққанда, не мұрын-тамақ жолдары қабынғанда міндетті түрде дәрігерге қаралып, құлақтың есту қабілетіне ұзақты көз салып отыру қажет.

3) Қан құйылу, ісік шалу, энцефалиттер есту анализаторының орталық бөлігінің зақымдануын тудыруы мүмкін, яғни бас миы қабығының есту орталығының.

4) Ерте жастағы түрліше мұрын және жұтқыншақ аурулары (созылмалы тұмау, бездердің аденоидты өсулері және т.б.) ортаңғы құлақ мүшесінің өткізбеуіне, евстахиев түтігінің және естудің жеткіліксіздігінің қалыптасуына себеп болады. Әсіресе, бала құлағына өте сақ болған жөн, көп жағдайда бала құлағының мүкістігі аденоидтерге (тамақ-мұрын бездерінің ұлғаюына) байланысты.

5) Есту нервінің невриттері. Бұлар есту нервінің нервті жасушалардың аурулары, улану мен бактериялы токсиндерге ерекше сезгіш, есту қызметінің толық немесе жартылай зақымдануына әкеледі.

6) Есту анализаторларына улы әсерін тигізуші химиялық заттар: түрліше дәрі-дәрмектер (хинин, стрептомицин және т.б.) және өндірістік улар (сынап, мышьяк, қорғасын).
7) Қатты шудың ұзақ уақыт әсер етуі, соның салдарынан құлақта қысым сезімнің немесе аурудың пайда болуы.
8) Бастың түрліше жарақаттары (туу кезінде немесе жүре пайда болғандар.)

9) Кейбір жағдайда, мәселен, құлаққа құлық қатып, тесігін мүлдем бітеп тастағанда есту нашарлайды, ол тазалау арқылы ашылады. Құлақ ішіне заттар, тірі құрт-жәндіктер, құлақты тазалағанда мақта т.б. тұрып қалады. Балалар ойнап жүріп, құлағына күнбағыс дәнін, қағаз, түйме, моншақ секілді ұсақ заттарды кіргізіп алады. Мұндайда дереу дәрігерге қаралған жөн, өйткені құлақтағы затты дұрыс алмаудың салдарынан оның есту жасы мен дыбыс жарғағы жарақаттанып ортаңғы құлақ ауруға шалдығуы мүмкін.

Баланың қай жасында естуінің бұзылғаны анықталғанына, сондай-ақ осы кемшіліктің дәрежесінің айқындылығына байланысты, естуі нашар балаларды естімейтіндер (саңырау) кеш естімей қалғандар және нашар еститіндер деп бөледі.

Естуі нашар кезінде естудің қатты бұзылуын 4 дәрежеге бөлуге болады - *жеңіл, орташа, айрықша, ауыр.* Жеңіл дәрежедегі естімеушілікке 3-6 м қашықтықтан сыбырлап сөйлеуді, ал 6-8 м-ден әңгімелеуді қабылдау жатады. Орташа кезінде сыбырлап сөйлеу 1-3 м, ал әңгімелеу -4-6 м қашықтықтан қабылданады. Нашар естудің айрықша дәрежесінде, сыбырлау-1 м-ден аспайтын, ал орта дыбыста әңгімелеу - 2-4 м қашықтықта естіледі. Нашар естудің ауыр дәрежесінде сыбырлап сөйлеуді ажырату 0,5 м, ал әңгімелеуде 1 м-ден артық емес. Сөздерді айтудың бұзылуы естудің төмендеу дәрежесіне байланысты. Естудің қатты бұзылуы, сөзді қатты бұрмалауға әкеп соғады.

Әдебиеттер:

1. Боскис Р.М. Учителю о детях с нарушениями слуха. М., 1987
2. Дефектологический словарь. М.,1970
3. Лапшин В.А., Пузанов Б.И. Основы дефектологии. Учебное пособие для студ. пед инст. М., 1990.
4. Боскис Р.М. Учителю о детях с нарушениями слуха. М., 1987.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН МӘТІН ЖӘНЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Усербаев Мурат Сарсенбекович

Жетысай ауданы, Ю.Гагарин атындағы №3 жалпы орта мектебіқазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается развитие познавательной деятельности школьников посредством элементов текста и игры

Summary

This article discusses the development of cognitive activity of schoolchildren through the elements of text and games

Қазір Қазақстандағы білім беру саласының алдында оқыту және тәрбие жұмысын әлі де жетілдіру, жандандыра түсу міндеті тұр. Анығында, бұл талап қай уақытта болмасын күн тәртібінен түскен емес. Ал, аталмыш мәселені шешуде педагогика ғылымының алдына қойып отырған мақсатының бірі – оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға үйретудің түрлі әдістемелік жолдарын табу. Сол арқылы жаңа білімді игертіп, оны болашақ өмірде қолдануға жағдай жасау.

Қазақстан күн сайын қарқынды дамып келеді және ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға батыл қадам жасап отыр. Елдің білім беру жүйесіне тереңдеп, сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде. Оқушылардың функционалдық сауатылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады.

Жеткіншек ұрпақты өз бетінше ізденуге, кітаппен жұмыс істеп, білімін толықтыруға қабілетті, байқағыштық қасиеті мол және көрген-білгенінен өздігінен ой қорытындысын жасауға дағдыландыру- мектептің оның ішінде мұғалімнің басты міндеті. Оқу процесінде баланың өз беттілігін дамытудың қажеттілігі қоғам талабынан туындайды. Қазіргі кезеңде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықты бұра білу қабілеттігін қажет етеді.

